

ШЕРИАЗДАН ЕЛЕУКЕНОВ



КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

Тоғызыншы
ТОМ



Алматы
КАЗЫҒҰРТ
2022

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Каз.)

Е 45

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

ЕЛЕУКЕНОВ Ш.

Е 45 Көп томдық шығармалар жинағы. 9-том / Ш. Елеуқенов. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2022. – 488 б.

ISBN 978-9965-22-624-3

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты жазушы-ғалым Шериаздан Елеуқеновтің шығармалар жинағының 9-ыншы томына «Ғасырмен сырласу» атты (2004) ел тәуелсіздігімен қатар ой тәуелсіздігін ала келген жылдары жазған еңбектері, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Ілияс Есенберлин, Әбдіжамил Нұрпейісов, т.б. жазушыларымыз туралы очерк, эссе, сыни зерттеулері енгізілген.

Бұл томнан сонымен бірге «Азамат... Кемел Тоқаев: өмірі мен тағдыры» атты кітап авторының қаламынан туған «Аты да, таланты да Кемел» деген естелігін оқуға болады.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Каз.)

ISBN 978-9965-22-624-3

© Елеуқенов Ш., 2022

© «Қазығұрт» баспасы, 2022

АВТОРДАН

Әуелі ғасырмен сырласу тақырыбы хақында бірер сөз.

Сырласқан кісі көңілінде бүккен әлдене құпияны ақтарды деседі. Тірі адам болған соң көкейдің арғы түкпірінде бұған дейін жасырын жүрген ондайлық әңгіме осы жолдардың авторынан да азын-аулақ табылып қалуы. Кітаптағы кейбір игі жақсыларымызға арналған эсселерде күні кеше ауызға алуға болмайтын біраз жайлар еске алынады. Мысалға өзін «солақай большевиктердің» бірінен санайтын Сәбеңнің (Сәбит Мұқановтың) дүниетанымына уақыт енгізген қайсыбір өзгерістер туралы байқағанымызды бүгін өздері де бірқатар бағамдарын қайта қарауға кіріскен оқырмандардың біліп жүргендері артықтық етпес деп ойладық.

XX ғасыр біздің ежелден көксеген арманымызды жүзеге асырды. Ел көгінде желбіреп тұрған көк байрақ бейнесінде тәуелсіздік бақытын сыйлады. Және бір кереметі, бұл тәуелсіздік ой тәуелсіздігін қоса ала келді. Азат ойдың әдебиетімізге тигізген шарапаты айтып жеткісіз.

Кешегі әдебиет бүгінгі көзқарас тұрғысынан қайта қаралуда. Соңғы жетпіс жылда қазақ әдебиеті социалистік реализм ықпалында дамыды. Қазір қаншама сын соққысына ұшырап жатса да, бұл көркем әдіс арнасында туған әдеби қазынамыз нешеме заман өтсе де азбайтын, тозбайтын талай асыл дүниелерге молықты. Грек мифологиясы бойынша феникс деген алтын қауырсынды бүркіт іспеттес құс бес жүз жыл өмір сүріп, ажал сағаты тақағанын сезгенде хош иісті шөптен жасалған ұясымен өзін бірге өртеп, күлге айналған мезетте қайта туып жасайды екен. Сол секілді туған әдебиетіміздің жауһарлары да жаңа қырынан жарқырап көрініп, тәуелсіз Отанына қызмет ету міндетіне жегілуде. Кітаптағы Ғабит Мүсірепов туралы сөз, иә, болмаса, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Илияс Есенберлин,

Әбдіжәмил Нұрпейісов, т.б. XX, енді бір буыны ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған жазушыларымыз туралы жазылған очерк-портреттер, эссе, мақалалар, әдебиетімізде тоталитаризм кінәраттарына елеулі соққы берген (кеңестік жүйеден қол үзіп кетпесе де) 60–80 жылдары дүниеге келген шығармаларға шолу әдебиетіміздің сол феникстей қайта өсіп түлегенін көрсетуге талпыныс жасайды.

Үлкен жетістігіміз, соңғы он жылдан астам уақыт бедерінде әдеби мұрамыз ақтаңдақ атаулыдан арылды. Философиялық ұстанымы, көркем принциптері мүлде өзгеше бұл қазынаны әдеби айналымға қайта енгізудің өз шарты бар. Мысалға Мағжан символизмін алайық. Оны талдауға соцреализм тісі батпайды. Автор қазақ әдебиетіндегі бұл оқшау әдеби ағымды фрейдизм танымы тұрғысынан тексеруді қажет деп тапты.

Айта берсе, мәселе көп. Әдебиетіміздің негізгі көркем объектісі – адам, ел, жер тағдыры. Осыдан туындайтын маңызды тақырыптың бірі ел тізгінін ұстайтын мықтылар хақында. Көп уақытқа дейін: өзге елдердің патшалары жақсы аталғанда біздің хандарымыз шетінен жаман аталып мансұқтала беретіні сан айтылды. Бұл мәселеде бізде әлі күнге бірауыздылық жоқ.

Ханның да ханы бар. Мағжан ақын: «Арқада Бурабайға жер жетпесе..., қазақта хан Кенеге ер жетпейді» деп дауылдатқан. Бірақ ондай хандардың аз екенін былай қойғанда, қазақты тек бір ғана ақ сүйек тұқымы басқаруы тиіс дейтін зәрлі идеологияны таратушы хан, төрелер аз болмағанын естен шығармауға тиістіміз. «Төре қазақтың әрекесін тілейді, берекесін тілемейді» деген сөз қазақ арасында төре мен қараның жігі ашылғанда туған деп, Мұхтар Әуезовтің де ескерткені ұмытылмауға керек.

Көтерген мәселелері шешімін таппаған, жұртшылық назарын қаратуды әлі де керексінетін бірқатар мәселелер қойылған кей материал да кітапқа азын-аулақ енгізілді.

Кітап болашақ ізденістерге, әдеби зерттеулерге ой түрткі бола алса, автор еңбегінің зая кетпегендігі.

Бірінші бөлім

КЕШЕГІ ӘДЕБИЕТКЕ БҮГІНГІ КӨЗҚАРАС

1960–1980 жылдардағы қазақ романы

ОСЫ ЗАМАН ТАҚЫРЫБЫ

Қазақ романы дамуының 1960–1990 жылдардағы үлкен бір ерекшелігі, ағымдағы заман тақырыбына шұғыл ойысқандығы. Сан жағынан да, сапа жағынан да өсіп нығайған жетекші жанрдың негізгі күштері ат басын тарихи кешегіден енді өздері өмір сүріп отырған кезеңнің зәрулі проблемаларына қарай бұрды. Қазіргі заман тақырыбын игеруге білек сыбанып кіріскен кейінгі буын өкілдері қатарына осының алдында ғана «Абай жолы» атты роман-эпопея туғызып, қазақ әдебиетінің даңқын әлемге жайған Мұхтар Әуезовтей көркем сөз алыбының қосылуы, әдебиетіміздің зымыран уақыт сырын танытатын шығармалар туғызу мүмкіндігін еселеп арттыратындай үмітке бөледі. Ұлы жазушы бүгінгі күн тақырыбынан бес кітап, роман-хамса жазуға кірісті. Осы шоғырдан «Өскен өркен» атты бірінші кітабының алғашқы нұсқасын алпысыншы жылдардың басында, дәлірек айтқанда, 1962 жылы жариялап та үлгерді.

Нәтижеде осы заман тақырыбы әдеби процестің алдыңғы шебіне шықты. Бұл кездейсоқ бұлтарыс, бұрылыстың ісі емес-ті. Сөз жүзінде социализмнен коммунизмге өтіп бара жатқан іс жүзінде кешегісі қан жоса, болашағы бұлыңғыр қоғамның жәй-жапсарын көркем роман секілді бесаспап

құралмен зерттеуге деген ынта-жігердің артуында бірқатар объективтік себептер бар еді.

Біріншіден, 1956 жылғы КОКП XX съезінің Сталин культін әшкерелегеннен бергі жерде қоғамның әлеуметтік-саяси бағыт-бағдары күрт өзгеріске ұшырады. Тоталитаризмге қарсы жігер-қайраты тасыған тың интеллектуалдық күштер оянды. Жеке адамға табыну зардаптарын әшкерелеп сынау кеңестік жүйенің кері кеткен тәртіптеріне қатты соққы боп тиді.

Осынау өзгерістер, екіншіден, ел өміріне елеулі жаңалықтар әкелді, рухани серпіліс туғызды. Ұлттық сана-сезім өсті. Көркем әдебиет көктемнің көріктеп бір құлпыратын шағы туғандай күй кешті. Социалистік реализмнің қасаң нормативтерін айналып өтуге деген бейіл пайда болды. Бүгінгі эпос туғызамыз, ерлердің ерен еңбегін көрсетеміз деп жар салғанмен, шығармагерлік ойда елдің күй-жайына санашыл сыни көзқарас белең ала бастады. Ұлт әдебиетінің жаңа беталысын, жалпы ұлттық жаңарып, жаңғыруды қызыл империя ұната қоймайтындай мінез танытты. КОКП Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында ұлттық мерейіміздің өскені астарлы сөзбен, қыжыртпа стильде сыналғаны сол шовинистік шеменнің жыны еспті болатын. Қаулы Сталин өлгеннен бері аздап толастаған қызыл танау саяси науқаншылық исін қайта көңірсіту мақсатында республика жұртшылығына қатаң айып тақты. «Қазақ ұлтшылдығы» деген шала-жансар, әлжуаз терминді ойлап тапты. Республикада «ұлттық өзімшілдік пен тоқмейілсушілік сезімі белең алды. Ғылыми еңбектерде, көркем әдебиет пен өнер туындыларында қазақ халқының өткені дәріптелді»¹, – деп жалауратты.

Қаулының көп өтірігі бірден ел көңіліне қаяу түсіріп, наразылық туғызды. КОКП басшылығы қазақ халқына ұлтшылсын деп таққан жаласын біраз уақыттан соң қай-

¹ «Правда» газеті. 1987 ж. 16 шілде.

тып алуға мәжбүр болды. Жалпы бұл партиялық қаулы ел шындығынан біраз сыр алдырып қойғанын айтуға керек. Ол шындықтың мәнісі Кеңес Одағында тоталитаризм мен шовинизмнің зорлық-зомбылығына қарсы наразылық күшейе түскені, ұлттық сана-сезім болып көрмеген дәрежеде өрістегені, оған ұлттық әдебиет шығармаларының айырықша ықпал еткені байқалады деген ақиқатта еді.

1960–1990 жылдар аралығындағы әдебиеттің өз уақытының ділгір проблемаларына ден қойып дiттеуiнде, үшiншiден, алдыңғы дәуiр әдебиетiнiң әсерi де аз болмағанын ұмытпауға керек. 1956 жылдан кейiнгi жылымықта әдебиет тақырыбы, проблематикасы, мазмұн, пiшiн жағынан да жаңарып түрлене бастағаны мәлiм. Ендiгi әдебиет өзiне дейiнгi кезеңнiң жалғасы да, қарсы беткейi де болды.

Алпысыншы–тоқсаныншы жылдар әдебиетi социалистiк реализм принциптерi арнасынан жырылып, басқа бағыттағы жылғаға мүлде бұрылып кете қойған жоқ. Өзiне дейiнгi кезеңнiң жалғасы болатыны осы себептi. «Шестидесятники» «Алпыскерлер» деген атпен тарихта қалғандар және олардан жазуды сәл бұрынырақ бастаған Юрий Трифонов, Василий Аксенов, Булат Окуджава, Шыңғыс Айтматов, бiзден Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсiрепов, Әнуар Әлiмжановтар тұтас бiр ұрпақтың пәк, нұрлы арманын таптап тұншықтырған Сталин культi деп есептедi. Кеңес құрылысын даттаған жоқ, қайта социализмге «адами рең» беруге жандарын салды.

Алпысыншы–тоқсаныншы жылдардың әдебиетi өзiне дейiнгi кезеңнiң қарсы беткейi дейтiн ұғымға келетiн болсақ, оның сыр-сипаты да белгiлi. Бұл жылдардың бiршама жазушылары сәулеттi коммунистiк болашақ туралы қияли арманнан түбегейлi айнымаса да, тоталитаризм құбылыстарына оппозициясын күшейте бердi, билiк басындағы режимге назырқану, наразылығын әртүрлi мәнeрде, пiшiнде бiлдiруге тырысты. Цензураның, партиялық бақылаудың қатаңдығына қарамастан, ұлттық сана-сезiмнiң өскенiн паш ететiн шығармалар үркердей шоғырланды. Бай мен кедейдiң, қанаушы мен қаналушының таптық күресiн,

қырқысып қанға боянуларын суреттейтін туындылар түп орнымен құрып кетпесе де, күрт азайды. Оның есесіне кеңестік құрылыстың өз кінәраттарын әшкерелейтін, пісуі жеткен, бірақ дер кезінде шешілмей асқынған проблемаларын ашына жазатын шығармалар қатары көбейді.

Жазушы-академик Мұхтар Әуезов Абайдай сүйікті кейіпкері «қазағым, қалың елім, қайран жұртым» деп жырлаған өлке енді қандай күйге енгенін үлкен дастан етіп жазбаққа ұмтылды. 1961 жылы жарық көрген «Қазіргі роман және оның қаһарманы» деген бағдарламалық мақаласында тарихи мұражайдан шыққандай әсердемін, бүгінгі көктем күнінің шуағына бөленген кең даңғыл көше бойындағы тізіліп самсаған ғимараттарды көріп, ішіне енгім келіп қызықтаумен бірге, жалпы көріністі бұзып тұрған әлдене келімсіз жәйттарға да көзім түседі!¹... – деп жазды.

Әдеттегідей жоспарлаған шығармасын жазуға көп даярланды, ізденді. Бай материал жинады. Оқығанымен, естіген-білгенімен қанағаттанбады. Сурет объектісі етіп алған Оңтүстік өлкеге әлденеше рет сапар шекті, болашақ кейіпкерлерінің прототиптерімен жолығып әңгімелесті, сырласты, роман жазуға кірісер алдында тақырыбына очерк жазу жолымен біршама барлау жасап та көрді. Ендігі қазақ буыны хақында көп ойланып толғанды. Сөйтіп «Өскен өркен» романы әуезовтік-эпостық стильде қанат жая бастады.

Ұлы суреткер бұрынғы жетістіктерін қайталамауға тырысты. «Абай жолы» романының бас қаһарманы Абай творчестволық тұлға болса, бұл жолғы романның бас кейіпкерін ел басқарған адамдар арасынан тапты. Роман-эпопея поэзия мен поэзия адамын бейнелесе, жаңа туынды ой мен ой адамын сурет нысанасы етіп алды. Сол нысана-лаған міндетті алымы күшті, қай саладан да хабары мол, пікірі жүйеленген Нил Карповтай білікті, парасатты кейіпкер мойнына жүктеді.

Қазақ романында бұрын орыс кейіпкерлер аз кездеспейтін. Бұл жолы орыс адамы қазақ шығармасының бас

¹ Современный роман и его герой. // Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 т. Алматы: Жазушы, 316-б.

қаһарманына айналды. Қазақстанды талай бөтен жұрт өкілдері басқарғаны тарихи факт. Бірақ Нил Карповтың сахнаға шығуы шындық «солай еді ғой» деген ойдан тумаған болуға керек. Жазушының ойлағаны өзге жұрттың тың көзімен Қазақ елі өмірін экономикасы ма, мәдениеті ме, тұрмыс-тірлігін түгел барлап, бағамдап шығу еді деп топшылауға толық негіз бар. «Өскен өркенде» характері өткір, айтқыш, аңғарғыш ғалым Асанов айтатындай, Нил Карпов жергілікті тұрғындардың үйреншікті болып кеткен, сынсыз қабылдайтын кей жәй-жағдайын оқыстан қапысыз дәл көріп отырады.

Қысқасы, Нил Карпов бейнесі ел тірлігіне, қоғам өміріне жаңа көзқарасқа мұқтаждықтан, елде, әйтеуір, бір түбірлі өзгеріс жасалуын аңсап сусағандықтан туған.

Нил Карповтың Қазақ еліне келген бетте көрген-түйгендері, романның бірінші кітабына қарағанда, ой мен бойды жылытатын нәрселер емес, өңшең сүреңсіздік. Әсем Алматыны «өсек-центрге» айналдырғысы келетіндер кездеседі. Ауыл дегенің малын жұтқа ұшыратып алған. Мұндағы өмір сарыны да бірыңғай жұпыны: тұрақтары ашық-тесігі көп киіз үйлер, жалаң қабат киіз жапқан қос. Мәдени ошақтармен, емхана, кітапханалармен байланысы айтуға да тұрмайды. Жазушы кеңестік өмірдің бұл кесепат-кінәраттарының шипасы табылмайды демейді. Қоғамды алға жетелейтін күшті замандастар арасынан іздейді.«Біздің замандасымыз барша қауымның бақытын тілейтін, жалпақ дүниенің жан лебін жүрегімен ұғатын адам»¹, – деген пікірін нақты көркем бейне жасау жолымен іске асырады. Карповпен ой ыңғайлары бір кейіпкерлер: өршілдігімен, ымырасыз турашылдығымен көрінетін дәрігер Жандос, білімді, биязы мінезді, сонымен бірге қатаң принциптің кісісі Әсия Әлімова өмірдің қақ ортасынан ойып алынған жандар. Алайда, романның бүгінгі оқылуынан ұлы ойшылдың сол кездердегі өмір аяқалысына қатты алаңдап уайымдағаны көзге ұрады. Қоғамның

¹ Аталған кітап. 319-б.

кәтерлі олқылықтарының ебеп-себепін түп тамырына дейін қопарып-білмекке тырысқаны сезіледі.

Мұхтар Әуезов қазақ елін кері кетіретін пәлелерді бұра тартқызбас дәлелмен әділ де қатал сынаушы Абай дәстүрін алға апаруды мақсат еткенін жаңа шығармасында тағы да аңғартты. Сондағы қолданған тәсілінің бірі осы замандық тақырыпқа ескі заман тақырыбын қаузайтын новелла енгізуі. Ол феодалдық-патриархалдық қоғамның дүлей, қапас ереже-тәртіптерінен зорлық-зомбылық көрген Алуадай ару жайлы хикая еді. Теңіне тимей у ішкен, күйеуі Қанай шалдың дүресі, топас Қоңқайдың арам құшағы аз болғандай, ерін өлтірді деген сұмдық жаламен Баба ата мешіт-медресесінің сотына түседі. Бұл қайғылы новелла ойдан шығарылмаған. Арғы-бергі қатынаған жолаушы күні бүгінге дейін сорлы қазақ қызы моласының қасынан өтіп бара жатып бетін сипайды...Бұл новелла не үшін жаңғыртылған? Үлкен суреткер осы тәсіл арқылы қазақ әйеліне көзқарас қаншалықты өзгерді? – деген сауал қоятындай.

Осы сауалға жауап іздеу барысында Айсұлу хикаясы енгізіледі. Сағит деген жетесіз жолмұрттың жас аруды алып қашам деп жүріп, қызға араша түскен қыршын жас Арманды өлтіріп кетуі шебер қалам тұрғысынан жиренішті оқиға. Алуа мен Айсұлу...Екеуі екі заманның қызы. Бірақ тағдырлары ұқсас. Неге бұлай? Сағит секілді оқығаны болғанмен, тоқығаны жоқ, дәлелін қара күш пен қанжардан табатын ауыл жігіттерін сүймелдейтіндер ше? Мұның бәр-бәрі жазушының жанынан қосқаны емес, ел аралағанда көрген ащы шындық. «Өскен өркенді» оқып шыққаныңда: «Осы бізге не боп барады?» деген сауал қаперіңде жүретіні содан болатын.

«Өскен өркен» романы енді-енді жазыла бастаса да, иірім қалтарыстары көп шығарма. Оқиғалары лықсыған теңіз толқындарындай бір проблемадан екінші проблемаға ауыса береді. Амал қанша, ұлы қаламның ұшына ілініп үлгірген, үлгірмеген сырлардың терең қарпылып шалқып ақтарылуына тағдыр шіркін тарлық етті.

Мұхтар Әуезовтің үстіміздегі жылдар ағысын, бүгінгі күн тақырыбын игеру тәжірибесі барша жазушылар қауымына сабақ болды. Мұхтар шығармасы алдымен өндірістік роман дегеннің кінәраттарынан сақтандырды. Бір техникалық жаңалықты өндіріске енгізу, енгізбеудің төңірегінде жөнсіз қиқу тартыс ұйымдастыруға құрылған шығармалардың дәурені ұзаққа бармайтынын ұқтырды. Роман білгенінді өзіңе қайта айтып беретін құрал емес. Өмірді өзіңше зерттеу. Көзге ілінгеннің бәрін сыдыртып жаза беру оның міндетіне жатпайды. Суреткер өткен мен бүгінгінің арасындағы байланысты, ерекшеліктерді ашады, жақсысын көріп, жаманынан жиренеді, соны ойларға, тың ізденістерге дем береді. Әуезов үшін осы замандық тақырып уақыт кілтін тапқыш жаңа адамдарды суреттеу, олардың жан әлемін ашу тәсілі.

Мұхтар Әуезов «Өскен өркеннің» жазылу барысына сын көзбен қарай отырып, қайнаған өмір проблемаларын көтеру жалаң публицистикаға апарып соқпас па екен деп қауіптенді. Одан қалай сақтануға керек? «Қазіргі роман және оның кейіпкері» деген мақаласында ойтолғақ жанрын көркемдік дәрежеге көтеру үшін психологиялық портретке, ішкі монологқа, кейіпкерлер «оңашада өзімен өзі» қабырғасымен кеңесуіне, ойға шомууына, толғанып тебіренуіне көбірек көңіл бөлу керек деп, кейіпкерлердің іс-әрекетін психологиялық тәсілдермен уәждеу қажеттілігіне назар аударады.

Шығарма поэтикасын жаңа мазмұнға үйлестіру жөніндегі жол-жобасының жаңа романында жүзеге асуына ғұмыры жетпесін сезгендей, Мұхтар Әуезов қаламдас шәкірттеріне хат жазды. «Біз жәрмеңкеден қайту бетіндегі жандарға қосылдық, енді әдебиет болашағын ойламай болмайды, сендерді сол болашағымыз деймін. Болашақты, үдей басатын, алғыдан асатын болашақты ойламасақ кім боламыз?»¹.

Көркем шығарманың психологизм айдынын кеңейту, тереңдете түсу идеясын ұлы жазушының сол хатта аттары аталған, аталмаған жас әріптестері, шәкірттері жүзеге асырды.

¹ «Қазақ әдебиеті» газеті. 1961. № 27.

Алпысыншы жылдардың басында Зейін Шашкиннің «Теміртау» (1960), «Доктор Дарханов» (1962), «Сенім» (1966), Тәкен Әлімқұловтың «Ақбоз ат» (1962), Тахауи Ахтановтың романға бергісіз, кейін осы жанр көлемінде «Боран» (1968) деген атпен қайта өңделген «Дала сыры» повесі (1963), т.б. жарық көрді.

Аталған шығармалар осы заман тақырыбына арналуымен бірге, жазылып жарияланған уақытының рухына, арман-аңсарына да бөленді. Бұлардың ең таңдаулы дегендерінде енді оқиға қуалаудан гөрі, сол оқиға негізінде іштей қайнап өрістеп ілгерілейтін рухани ұждан, құлықтылық өзгерістерге ден қойылды.

Алпысыншы жылдары өткен мен бүгінгіні салыстыра жазу ендігі жеткен жеріміздің жай-жапсарын саралау тәсіліне айналғанын көреміз. Тәкен Әлімқұлов «Ақбоз ат» романында елдің атам заманғы тірлігіндегі ең бағалы дейтін, бүгінгінің әжетіне жарайтын ұлттық дәстүрлерге баса назар аударды. Оның бүгінгі өмірмен астасқан жайларын жіті бақылады. Бұл тақырыбын атбегі Біркімбай бейнесі арқылы ашуға тырысты. Біркімбай талай саңлақты баптап бәйгеге қосқан кісі. Өзі де бір ерен жүйрікті қолға түсіріп, ел аузында есімін қалдыруды аңсайды. Бірақ, кедейлік қырсық қол байлау. Сөйтіп, қиналып не істерге білмей жүргенде арманын жүзеге асырудың сәті түседі. Өзінің қызы Гүлнашты атақты сәйгүлік Ақбоз атқа айырбастап жібереді. Қалың мал алу бұрынғы заманда елге сіңісті әдет болған. Сондықтан жазушы бұл айырбасқа, жаңа уақыт тұрғысынан қарағанда кешірілмес күнә саналатын Біркімбай қылығына шұқшия бермейді. Тек бір көріністе ғана бұл мәселеге қайта оралады. Республика басшыларының бірі Бондалетов жиналыс үстінде сөйлеп тұрып қалың мал туралы сөз қозғай бергенде, Біркімбай жиынды тастап жылыстап шыға береді.

Осы мағыналы деталь арқылы жазушы Әлімқұлов зор әлеуметтік құбылысқа назар аударады. Ел өміріндегі биік өрелі өзгерістерді өзінің аянышты халіне төзбеген қайсар жан Гүлнаш, жылқы мәселесін шұқшия зерттеп жүр-

ген журналист жігіт Елеусіз, Мәскеу институтын бітірген Шынар бейнелерінен ғана емес, ескінің жұрнағы саналатын Біркімбай тұлғасынан да тауып көрсетеді. Ақбоз аттың ұрпағын мәпелеп өсіріп жүрген, өзін сол себепті «мемлекет адамы» санайтын Біркімбай бір кездегі адамды малға айырбастаған қылығын енді мына заманда сөкет қылыққа балап ұялады. Іштей жуылу, санадағы өзгеріс құбылыстарын тәжірибелі қаламгер айғайлатпай, емеурін, мезгеу жолымен суреттейді.

«Ат – ер қанаты», – дейді қазақ. Ерттеп мінсең жел, жеңсең – дәмі тіл үйіретін азық, шөлдесең сусын. Қазақ әдебиетінде қыл құйрық жануар дүниеде көрер қызығындай, сұлулық символындай суреттелетін дәстүрді Тәкен жаңа жағдайда жаңғырту мақсатын көздеген.

Алпысыншы жылдары техниканың қаптаған уақытында жылқы асырап қаржы шығындап керегі не деп, бұл түлікті масыл етіп көрсеткісі келетіндер құлақтан қиқу кетірмеді. «Ақбоз ат» шығармасының бұл қиқуды аюдай ақырған Хрущев кезінде жарық көруінің өзі де тоталитаризм өктемдігіне жарықшақ түсе бастағанының белгісі еді.

Алпысыншы жылдары кеңестік қоғамның, партиялық басшылықтың қожырай бастаған шындығына көз ашатын шығарманың бірі – Тахауи Ахтановтың «Боран» романы. Ол «Дала сыры» аталған повесть күйінде аударылып, Александр Твардовскийдің тұсындағы оппозициялық «Новый мир» журналында басылды. Соғыстың от-жалынына шарпылған солдат, жаратылысында адал, ақ жүрек, еңбекқор, тәуекелі мен адамгершілігі бір басына жететін қойшы Қоспан әлденеше күн толастамай соққан алай-түлей боранда алдындағы малынан айырылып қалады. Ұйтқыған ақ түтекпен бірге Қоспанның ішкі жан дүниесі қоса ұйтқиды. Мына масқара халге қалай ұшырағанын ызаға булыққан ой өз бетімен қазбалап шарқ ұрады. Бар пәле көзбояушылықта, қоғамдық малға жаны ашымайтын жүйенің аудандағы өкілі – райкомның бірінші хатшысы Қасболаттың жауырды жаба тоқитын мінезінде екенін оқушы ретроспектива, өткенге оймен оралу суреттері тізбегін оқи отыра түсініп жетеді.

«Боран» романы шаруашылық мәселенің дұрыс шешілуі үшін қоғамдық мал үшін жем-шөп базасын жасамаудың кесірі деген мәселеге саяды. Ал бүгінгі биіктен бұл жәйт басқаша оқылады. Істің жай-жапсары бірыңғай шаруашылық олқылығында ғана ма еді дегізеді. «Өскен өркендегі» жұт енді мына «Боран» романында қайта соғып, қоғамдық мал шаруашылығын тұралатып тастаса, бұл типтілік жағдай дегізеді. Жеке басшылардың керенаулығы түптеп келгенде олардың жауапсыздығымен ғана шектелмейтініне көз жеткізеді. Кеңес жүйесінің өмірге бейімділігі, бейімсіздігі проблемасын алға тартады.

Алпысыншы–тоқсаныншы жылдардың әдеби процесінде көрнекті рөл атқаратын «Боран» романы сын тезінен өтпей қалмады. Мақталды, сыналды. Айтыс барысында типтік жағдай дейтін ескі проблема қайта көтерілді. Ахтанов кеңестік өмірдің кездейсоқ фактілерін тілге тиек етеді. Кей шопан Қоспанның кебін киіп, алдындағы малынан айырылуы кездесуін кездесер. Бірақ жалқыны жалпыға айналдырудың қанша қажеті бар? Өміріміздің үлкен шындығы қайда қалған? Оқырман үшін бұл түсініксіз. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші тың игерушілерінің ерлік істері неге көрсетілмеген, партиялық басшылық қайда? – деген мәселе төтелей қойылды.

Тіпті социалистік реализм әдісі тұрғысынан қарағанда да бұл сынның ұшқарылығы, тұрпайылығы сезілмей қалмайды. Көркем шығарма шындықтың дұрыс-бұрыстығын статистиканың, қай жылы қандай мал шетінеген мәліметтеріне қарай тексеретін зоотехникалық зерттеу емес қой. «Боран» романы болған, не болуға тиісті белгілі бір өмір шындығының негізінде замандас характерін сомдаған. Ол характер іштей опыну, күйіну нәтижесінде үлкен шындықты – жүйенің жөнсіздіктерін, сол кездің ақиқатын айтуға аузыңды ашқызбайтын тоталитаризм жаныштаған рухани әлемнің уайым-қайғысын көз алдыға алып келеді. Осы өзін де, өзгені де қопарыла сынаудың нәтижесінде кейіпкер іштей түлейді. Романның бас кезіндегі Қоспан мен алдындағы малынан айырылған Қоспан бірдей емес.

Бұрын озат шопан ретінде үлкен жиналыстарда сөйлеген сөздерінде ол жоғары бастықтардың жазып берген цифрларын шұбыртып оқудан бас көтермейтін. Үстем жүйенің «өз артықшылықтарым» деп есептейтінін бірыңғай бөстіре беретін мақамына басатын. Шындықты айтуға жүрегі дауаламайтын. Сол сорлылығы үшін өзгерген Қоспан өзін ғана кінәлімін деп есептемейді.

Азынаған суыққа, қойны-қонышына енген қарға, қамаған қасқырға қарамастан, Қоспан малын тастап кеткен жоқ. Қолынан келгеннің бәрін істеді. Ал, боранға дейін ше? Жұтқа ұрынарын біле тұра, қолынан келетін шарасын неге істемеді? Аудан, колхоз басшыларының жоғарыға көпіртіп жазған ақпарлар бойынша пішен қораға үюлі, баздар жөнделді, бәрі керемет деп жазғандарына амалсыз бас шұлғи бергені қалай? Қасболаттың кәрінен жасқанам деп, шындыққа көзін шарта жұмды. Қоғамдық мал қыста ұдайы азықсыз қалдырылып келді. Күндердің күнінде қыс қатты болған жағдайда мал ойсыраған шығынға ұшырайтынын біле тұра жұмған аузын ашпады. Батылы жетпеді.

Қоспан неге жігерсіз, қорқақ? Кеңес жүйесінің дыңдай өкілі Қасболат Қоспанның аузын неге тұмшалайды? Қоспанның жанын осы сауалдар мына алай-түлей боранмен қосыла қинайды. Осы ахуал енді роман психологизмін пәрменді әрекетке бастайды. Ез характер ер характерге айналады. Кейіпкер қимыл-әрекетке бекінеді.

Алпысыншы жылдар прозасына жаңа, әрекетшіл психологизм реңін беру жолында жемісті еңбек еткен жазушылар қатары жиілей түсті.

Қазіргі заман тақырыбымен қызыға шұғылданып, әдебиетімізге жаңа мазмұнға жаңа поэтикалық түр әкелу ісіне көп қажыр жұмсаған жазушылардан Зейін Шашкин есімі бөлек аталуға тиіс. Шашкин замандас туралы шежірені сонау Кеңес өкіметінің орнауы, Азамат соғысы кезеңінен бастап, қазақ қауымының жаңа жолға түскендегі бірсыпыра белестерін тың игеру уақытына дейін қамтуға барын салды. Талай дау сын туғызып, керіқалаң баға алған¹

¹ Қараңыз. *Қаратаев М.* Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 3 т. Алматы: Жазушы, 1974. 238-б.

Зейін шежіресі алпысыншы жылдар әдебиетін тақырыбы мен материалын, проблематикасын әжептәуір сонылығымен байытты.

Жазушының сүбелі шығармасы «Теміртау» романының кейіпкерлері әрқайсысы жүрегін айқара ашып сыр төгеді. Шығарманың әр тарауын, не соның бір бөлімін жеке өзі «иеленіп» ішкі шерін тарқатады. Мемлекет, өндіріс шаруалары қамындағы нағыз азамат қырларынан танылады. Тілі тиген жерін тіліп түсетін ұстарадай қазақтың инженер қызы Дәмеш бейнесі – осы бейнені сомдаған автордың да, алпысыншы жылдардағы әдеби кезеңнің де бағалы табысы. «Завод баяғы атам заманғы техникамен әупірімдеп күн көріп отыр»¹ – деп мәселе көтеріп, романның бүкіл тартыс желісін қағатын бұл кейіпкер қазақ әйелдерінің образдық галереясын толықтырған сүйкімді тың тұлға.

Роман гитлерлік Маутхаузен лагеріндегі тозақты сталиндік дәуірдің жазықсыз адамдарды азапқа салатын қатыгездігімен қатар қойып суреттейді (Асқар). Қоғам ішіндегі бірталай мерезге де қатты шүйлігеді. Сол кездердегі қоғамдық өндіріске болсын демейтіндерді (Мүсілім), жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүрушілерді (Қайыр), рушылдық сияқты қазақ ішін жегідей жеген ауруларды шенейді. Қысқасы, уақыттың жақсылы-жаманды бар жай-жапсар проблемалары Дәмештің есті, ерке-назды, адам табиғатының нәзік сырларын аңдағыш жүрегінен өтеді. Жан дүниесі ізгілік іске жомарт, өзіне де, өзгелерге де талабы қатты Дәмеш туралы роман толғанысы не дейтіні айқын: тоқмейілсу мен тоғышарлық мекен-жайы араласқоралас. Жеттім, пістім дегенше, артта қалдым дей бер. Дәуір азаматтарының (Қайыр, Ораз, доктор Дарханов) қасиет-қадірі Дәмеш сұлудың биік сыни таразысында өлшенетіні үлкен заңдылық.

3. Шашкиннің «Ұядан ұшқанда», «Теміртау», «Доктор Дарханов» атты шығармалары бір-бірімен жалғасып, са-

¹ *Шашкин* 3. Таңдамалы шығармалар. Алты томдық. 3 т. Алматы: Жазушы, 1974. 9-б.

бақтасып жатады. Олар Дәмештің әкесі Сақа Сағатов, ағасы Асқар, әкесінің досы Құрышпай, т.т. Дәмеш соңғы екі романның да кейіпкері. «Доктор Дарханов» романында Дәмеш пен Қайырдың жұлдыздары ақыр соңында жараспағанын көреміз. Үйлену тойлары Дәмештің қатты сырқаттанғаны салдарынан өткізілмей қалса да, бұл кездейсоқ жағдайдың арғы жағында бір қажеттілік бүркемеленгендей көрінетін. «Теміртау» романының өзінде қыздың Қайырға деген көзқарасында әлдене секем-сенімсіздік анда-санда сес беріп қалатын. Қайыр көлденең жүріс жасап Дәмешті бір өкпелетсе, өндіріске енгізуге талаптанған ұсынысына қарсы Мүсілімді талай уақыт жақтап тағы ренжітеді. Дәмеш–Қайыр арасының көңілсіз аяқталуы көркемдік шешімі дұрыс табылған желі.

Зейін Шашкиннің тағы бір романы «Доктор Дарханов» та жарияланысымен қызу айтыс-тартыс отына түсті. Бұл жолы дау-дамай жағымды және жағымсыз кейіпкер проблемасына байланысты туды. Дәрігер Нияз Дарханов бір қарағанда жаңашыл, бір қарағанда қырыс, шәлкес мінезді көрінеді. Авторға социалистік реализм принципіне жат әдіске көшкен, бас кейіпкері жағымды ма, жағымсыз ба, түсініп жетпейсің деген мін тағылды. Айтыс қорытындысында адамдарды бірөңкей ақ не қара бояумен кескіндеу, оларды өмірдегі күрделі қалпында суреттеуге бөгесін екені дәлелденді. Сөйтіп қаһармандары ұнамды, ұнамсыз етіп жіктеп бөліп тастауға көнбейтін Шашкин поэтикасы әлдеқайда өміршең екені, көркемдік заңдарына қайшы келмейтіні анықталды.

Зейін Шашкин романдары, повестері алпысыншы жылдар әдебиетіне елеулі жаңалық қосты. Жаңалықтары туындыларының мазмұнына, проблемалығына, ішінара поэтикасына да қатысты. Соңғы «Сенім» романы қазақ жерінің тағдырына, экологиялық ахуалына жаны ауыратын, оны ел ырысы деп ұғатын белсенді, тегеуірінді, ақ жүрек замандасты алдыңғы сапқа шығарды.

«Сенім» романы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кездеспеген тың игеру тақырыбын осылай дамытты. «Дамыт-

ты» деген сөз бұл арада елуінші жылдардың аяғы, алпысыншы жылдардың басынан бастап «Көтерілген тыңның» жаңа кітабын жазамыз деп құлшынған бірқатар жазушылардың шабыттана жазған кітаптарын еске алғандай мағына білдіреді. Әдебиетімізде бұрын кездеспеген тың игеру ерлерінің эпопеясына Шашкиннің аталған туындысымен қабат, Сәкен Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» (1965), Рамазан Тоқтаровтың «Ғасыр наны» (1983) романдары қосылды.

Сәкен Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» романы қазақ даласын дүр сілкінткен оқиға – тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының себеп-салдарын өзінше суреттеген туынды. Өзінше дейтініміз, бұл роман тың айыруға Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен шұбырып келіп жатқан жүздеген мың келімсектердің іс-әрекетін тікелей суреттемейді. Осы оқиға уақыт дауылындай жапан даладағы бір жалғыз үйді қаңбақ құрлы көрмей ұшырып әкетеді. Үй иесі – келімді-кетімді жолаушылар тоқтайтын бекет қожайыны Қарасай деген социалистік қоғамда көзге шыққан сүйелдей селтиген жеке меншікшіл жан. Бір табын жылқы, басқа да малы жетіп артылады. Асырап алған Диканы, өз белінен шыққан балаларына дейін сол малын бақтырып қойған. Оңаша өмірдің осы қуысынан жаңа уақыт екпіні Қарасай ошағын төңкеріп тастайды. Халел, Дика, бұдан бұрын боранда адасып өлген Жәлелдің әйелі Ақбала жапырайған жалғыз үйден қашып құтылады. Қыл аяғы бәйбішесі Жәмішке дейін Қарасайдан безеді. Ол да Қарасайға өкпесін кешіргісі жоқ. Агафья Япишкина дейтін мәтүшкемен суық жүрісін сезіп қояды. Ақыр аяғында Қарасай Остап Бендердің кебін киеді. Бар малынан айырылады, асыл заттарын тығып қойған көмбесінен қазып алған Япишкина шу қара құйрық зым-зия жоғалады.

Кеңестік сын бұл оқиғаның суреттелуін ұжымшыл сезімнің жеке меншік пиғылды түпкілікті жеңгені деп бағалады. Ұлы оқиғаның жолдағы шөп-шөңгені жапырып кетуі – трагедия, бірақ бұл шындық, ал шындыққа қарсы тұру мүмкін емес, деп жазды. Бірақ былайғы өмірдің бет

алысы сынның роман қойған сұрақтарға жете жауап бермегенін көрсетеді. Күргерей дейтін кейіпкер әңгімесінен туындайтын сауалдар жер, ел тағдырына саятын. Адамды қаңбақ құрлы көрмей ұшырып әкететін заман бүйте берсе қайда апармақ? Мына жан-жақтан қаптаған келімсектер толқыны өз елінде азшылықта қалған халықты жапандағы жалғыз үйдің күйіне түсіріп жапырып кетпей ме? – деген сұрақтар шығарманың әлдене түкпірінен талып естілетін. Ең арғысы адамзат игілігі үшін де жеке адам құрбандыққа шалынбауы тиіс деген пәлсапа емеурін білдіреді.

Тың мәселесі қазақ романдарының беттеріне көшкенде кеңес кезеңінің рәсіміне бағып «бірауыздылық» танытқан жоқ. Қайсыбірі риясыз қолдаса, екінші біреулері «алайда» деген күмән туғызарлық сөз қашыртты.

Рамазан Тоқтаровтың «Ғасыр наны» романы тың игеру тақырыбына арналған. Осы науқан басталған уақыттан отыз шақты жыл кейін жазылса да, эпопеяның ілкі қадамдарын, «алғаш қазылған қазық», «алғаш тігілген палата» романтикасын жырлайды.

«1954 жылдың март айындағы Аққала бұдан отыз жеті жыл бұрын Петроград басынан кешірген Октябрь күндеріне ұқсайтын еді. Жұрттың бәрі көшеде, мереке өтетін алаңда лек-лек ағылған колонналар, ал қызыл тулар, транспоранттар...Айнала үн салған гудок, паравоз трубалары, дүрілдеген мотор. Үйде де, түзде де ереуіл. Жазға, күзге ұйғарылған той-думанның бәрі осы күндері атқарылуда. «Тың көтеріледі, телегей-теңіз астық өндіріледі» деген ұғымның өзі ел көңіліне тоқтық бітірген»¹.

Тың игеру кеңес халқының үлкен тарихи ерлігі саналғаны да, төңкерістей ұлы оқиғаға теңеліп әсіре бағаланғаны да рас. Кейіндер айқын сезілген осы сүреңді жылдардың қиқулы додасы Рамазан романынан құлаққа ұрып тұрады. Шығарманың публицистикалық прологында «ғасыр ұрлығын» (француз мемлекеттік банкінің тоналуы) миллиард пұт астық өндірген Қазақстанның «Ғасыр нанына» қарсы

¹ Тоқтаров Р. Ғасыр наны. Алматы: Жазушы, 1983. 245 б.

қойылуы капитализмнен социализмнің артықшылығын дәлелдейтін ұрымтал жер таптамауға бола жазылса да, дәл тауып айтылған сөзге бұрын да, қазір де жатпайтыны хақ.

Дегенмен, роман авторының тың игеру материалы негізінде, әсіресе Жетікөл ауданының бірінші секретары Жәми Шұғаев бейнесі арқылы қазақ халқының менталитеті, «ұрлық қылсаң өлесің, шөп жесең қақаласың» деген түсініктен ары бара алмай, бай өлкені иеленіп келсе де, малы жұтқа, өзі аштыққа ұшыраудан көз ашпағаны, орыс, қазақ халықтарының рухани жақындығы, туыстық түсіністіктері, достығы, тарихи үлкен оқиғалардың адам тағдырына ықпалы сияқты аса маңызды тақырыптарды талдап шешуінің ұтымды шыққанын айтпасақ болмайды.

Тыңға шабуыл жорығына Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен жүздеген мың адамдар қатысқаны мәлім. Олар жергілікті қазақ халқымен тізе қосып, жұмыла еңбектенді. Міне, осы ұйымшылдық негізінде достық сезімі жатқанын роман жаңа құрылған Есіл совхозының директоры Ястребцевтің, Ыстықмұрт Сыздықтың, кішкентай Любашаның, Жәмидің бейнелері арқылы әдемі жеткізе білген.

Ыстықмұрт Сыздық қарт жар дегенде жалғыз ұлынан айырылып, басына қара бұлт үйірілгенде Жәми Петруша деген ағасымен бірге тыңға еріп келген Любашаны бауырына салып береді. Әлимаш атанып кеткен бұл бүлдіршіндей қыз шал-кемпірдің бауырына еніп, екі жарты, бір бүтін боп, қазақ жерінен жылы ұя табады. Жәмидің Ястребцевпен жолыққанда: «ол – орыс, мен – қазақпын, бірақ қалайша ұқсаспыз?» – деп ойлауынан да аса бір жылылық, жарасымдылық сезіледі. Екеуінің Ленинградты дұшпан қоршауынан азат еткен 85-ші атқыштар дивизиясының құрамында болғаны да, бұл ғана емес, басқа да біраз кейіпкерлердің тағдыры Ленинградпен байланысты болып шыққаны да шығарма шырайын арттыруға қызмет етеді. Нева өзенінің алқабындағы атағы жер жарған қаланы қорғауда, азат етуде қаншама қазақ қаны төгілгенінен хабары бар адамдар мұны өтірік, жасанды нәрсе дей алмайды. Достық тамырлары тереңде, сонау соғыс күндерінде жау-

ға қарсы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып күрескен бауырлас сезімде ұялаған. Қазақ даласында «жер-көкті жұлған мотор үндерімен қоса жүздеген жүрек дүрсілдеп қатар соғып тұратын секілденеді»,¹ – дейді Рамазан Токтаров романы.

Роман кейіпкерлері достықты махаббаттан да жоғары қояды. Достық – адамның адамнан алатын рухани ләззаты. Махаббат адамды тудырады, достық оны қайта тудырады, – дейді.

Шығарма тақырыбының және бір ұшығы тың игерудей зор оқиға жолшыбай киліккен ескі-құсқы, кір-қоң атаулыны сұрапыл дариядай шайып әкетеді деген идеямен жалғасады. Қаны бұзық ұры Бапаға, колхоздың адуын әумесер бастығы Баспақовқа, мансапқор, топтастау Жетпісбаевтарға тың жаңалықтары ұнамайды. Ұнамайтыны, ұрлық-қарлығына жарық түсіріп, тығылуға тесік қалдырмайтындығынан. Тыңға аттаныс сонымен бірге соғыс ардагері Серіжан секілді теріс жолға түскендерді жөнге салып жібереді.

Құлақтағы суды атызға тарам-тарам етіп бөлгенде, қай қашыртқы су теріс ағады. Сол секілді тың эпопеясын аса жарқын үмітте қарсы алған «Ғасыр наны» романы реалистік шығарма болған соң қашыртқы пікірге де орын береді. Оны жағымсыз кейіпкер, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының екінші орынбасары Жетпісбаевтың аузына салады. «...Анау жатқан қазынаңды қақыратып жыртып тастағанда қой түгіл ешкі де қалмайды», – дейді.

Бір көңіл аударатын нәрсе, дәл осы пікір жоғарыда аталған «Сенім» романында қайталанатын. Тың игерілгеннен кейінгі уақытта «Егіс көлемі көбеюдің орнына жер шаңы аспанға шығып жылдан-жылға азайып барады»². Жайылым тарылып, пішендігі азайған мал саны барған сайын кемуде. Көп совхоз пайда берудің орнына, қарызға белшесінен батып отыр. Қысқасы, бір романның («Ғасыр наны») ұнамсыз кейіпкерінің айтқанын екінші бір автордың ұнам-

¹ Сонда, 346 б.

² *Шашкин З. Сенім.* Алматы: Жазушы, 172 б.

ды («Сенім») кейіпкері қайталайды. Жағымды-жағымсыздардың пікірі бір жерден шығатыны әдеби процесте сирек кездесетін қайшылық. Қай романдікі дұрыс, қайсынікі бұрыс? Оны тексерудің бұл арада қажеттілігі жоқ. Мәселе тағы да айналып келіп өндірістік роман дейтіннің батпақты ұйығына тіреледі. «Жаңалықты» қолдасаң жақсысың, қолдамасаң жамансың дейтін қарадүрсін тәсілден мүлде бас тарту қажеттігіне саяды.

Өндірістік романның осы тартпа ұйығына жоламауға тырысу әрекеті әдебиетімізде байқалмады емес. Алуандас, ағайындас әрекеттен Сайымжан Еркебаевтың «Жолдар мен шақырымдар» (1976) романын атауға болады.

Тың көтеру дүбіріне дүр көтеріліп атсалысқандар алдымен және негізінен жастар еді. Сайымжан романына осы шындықты арқау еткен. Барша оқиға жастар өмірі, бас кейіпкер жиырмалардағы жас өрен Балтақескен Боранбаевтың төңірегінде өрбиді. «Жас келсе іске» дейтін нақылдың нақты көріністері тартымды бейнеленеді. Балтақескен мұнайшы мамандығына даярлайтын оқуын тастап, тыңға тіленіп келген жерде, не қиындыққа көнбіс. Нешеме тәулік не ұйқыға, не тамаққа жарымай жүрсе де, шаршап-шалдығуды білмейді. «Аман болса басымыз, талай шығар шашымыз» деген пәлсәпа ұстанады. Өттегене, осылай тәп-тәуір басталған роман көздеген мәресіне жетпей аяқталады. Көктем егісі бітер-бітпес, Балтақескен кенет келген жағына кетеді. Жастар махаббатының да шиесі шешілмейді. Автор көркемдік пішін көрпесін келте пішкен. Сюжет дәйекті даму сипатынан, шығарма тұтастығынан айырылған.

Жаңа жер игеру жорығы Жайсаңбек Молдағалиевтің «Торғай толғауы» (1966), «Сарыарқаның сүйіктісі» (1968), Кәмен Оразалиннің «Аттаныс» (1985) романдарында ел тынысымен сабақтастырыла бейнеленген. Кезінде сын бұл туындылардың кейіпкер мінездеудегі жетістіктерімен қатар, кемшіліктерін, өз білгенін шама-шарқы дәлдір кейіпкер аузына салатын жайдақылығын да елеусіз қалдырмай атап көрсеткен болатын.

Алпысыншы–тоқсаныншы жылдар романдары өндірістік мәселелерді ар-инабат, мораль, құлықтылық проблемаларымен бір өрімде, жұптастыра суреттеуге ұмтылды. Мұндай туындылардың қатарын Ілияс Есенберлиннің «Айқас» (1966), «Ғашықтар» (1968), «Алтын құс» (1972), «Маңғыстау майданы», Қалихан Ысқақовтың «Тұйық» (1975), «Қараорман» (1980), Рамазан Тоқтаровтың «Сусамыр» (1985), Қабдеш Жұмаділовтың «Көкейкесті» (1969), «Атамекен» (1985), Зейнолла Қабдоловтың «Жалын» (1970), Кәрібай Ахметбековтың «Ақ дала» (1975), «Алқакөл» (1979), Шерхан Мұртазаның «Қара маржан»(1976), Медеу Сәрсекеевтің «Жаңғырық» (1979), «Көмбе» (1985), Ахат Жақсыбаевтың «Егес» (1975), «Бөгет» (1981), Роллан Сәрсенбаевтың «Өмір сүргің келсе» (1978), Дүкенбай Досжановтың «Дария»(1976), Сәуірбек Бакбергеневтың «Кентау» (1973), Қалмұқан Исабаевтың «Сұңқар самғауы» (1976), Өтебай Қанахиннің «Құдірет» (1979), Бексұлтан Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үміт» (1980), Бекділда Алдамжаровтың «Қара нөсер» (1981), «Жықпыл» (1985), Садықбек Адамбековтың «Атылған қыз туралы аңыз» (1980), (1983) романдары, т.б. толықтырды.

Өндірістік роман формасы сталиндік репрессияға ұшыраған боздақтардың тұлғасын «халық жауы» деген қарғыс атқан таңбадан аршып құтқарып алуға қызмет етті. Адам құқын аяққа таптау, заң атаулыны бұзу кеңестік жүйенің табиғатынан туындамайтынын, жеке адамға табынудың кесірі екенін көрсетуге тырысты. Мұның өзі қазіргі өлшем тұрғысынан көз жібергенде жаңсақ қорытынды көрінсе де, ол күндердің жағдайында әжептәуір ілгерілегендік сипат танытатын. Социалистік қоғамды ауруынан жазып жетілдіруге болады, ол үшін замандастың рухани, парасаттылық өрісін кеңейту қажет деген көркемдік идеяны алаулатқан романдардың бірі Ілияс Есенберлиннің «Айқасы». Роман кейіпкерлерінің рухани кенішін зерттеуге, ұждан, ар-инабат қасиетін дәріптеуге баса назар аударды. Дәріп-

тегенде оны тәрбиелік идеологиялық құрал есебінде ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық, тіпті таза өндірістік міндеттерді шешудің ең пәрменді факторы, амалы деп санаған.

«Айқас» романы замандас бейнесін оның қоғамдық һәм жеке мүдде-аңсарларын ұластыра сомдауымен ерекшеленеді. Оқиға Саят даласынан мыс кенін ашуға негізделеді де, ұстазы Дәурен Ержановтың неміс тұтқынында болған, айдауда жүріп о дүниеге аттанған деген сыбыс бойынша еңбегін пайдаланып кеткен Нұркен Әжімовтың қатесін мойындар-мойындамасы төңірегіндегі психологиялық үрдіспен ұштасады. Осы шиеленіс қазығына қарсылас екеуінің балалары жас мұғалім Дәмелі мен жас геолог Бекайдар арасындағы махаббат хикаясы және байланады. Күрес барысында жас ұлан үлкен ар-инабаттылық мектебінен өтіп шынығады.

Шығарма сюжеті мен композициясы жалаң оқиғаларды жіпке тізе бермейді. Оқиға керіқалаң характерлер айкасының өршуінен от алады. Қарт геолог Дәурен тұлғасы ұнамды кейіпкер үлгісі. Және өте иланымды құйылған. Оның: «Адам! Адамды түзейтін адам, Бұзатын да адам»¹ деген қағидасы өзі қара жұмысшыдан инженерге дейін баулып өсірген, кейін әрі геологиялық партияның бас инженеріне дейін жоғарылаған Нұркеннің қиянатына кешірімділігі, оны қалай да белшесінен батқан өзімшілдік батпағынан алып шығу үшін инфарктен жүрегі жарылғанша күресуі, жаңа ұжымда беделге ие болып сый-сияпатқа бөленіп ардақталуы – кейіпкердің осы тамаша тұғырда шебер көрсетілуі – романның ең жарқын, сәулелі беттеріне жатады.

Ақ жүректілігі жағынан ағасы Дәуренге тартқан інісі, тік мінезімен ерекшеленетін, біреудің арамдығын сезсе, бетің бар, жүзің бар демей жер-жебіріне жететін, сол үшін «өз пайдасын өзі білмейтін жынды, есуас» атанған Хасен-

¹ *Есенберлин И.* Он томдық шығармалар жинағы. 1 т. Алматы: Жазушы, 1984. 125-б.

нің, орталық кейіпкердің бірі, айласымен де, алғырлығымен де мансап биігіне шығып алып одан арын сатса да түскісі келмейтін Нұркеннің бейнелері де мықты соғылған. Ол Жантықты еске түсіретін бұрынғы бастығы, қазіргі жандайшабы Еламанға тәуелді. Екіжүзді Еламан шатыстырмағанда, ол баласы Дәуреннің алдында қарабет болмаған болар едім деп ойлайды. «Енді Дәурен екеуміздің арамызға кіріспе» – деп оған әмір береді де. Бірақ Еламан шырмауынан шығуға шамасы жоқ. Неге?

Дәурен Саят тағдыры шешілетін комиссия мәжілісінде Еламанға: «Мен сізді шын жүрегіммен жек көремін. Лағынет айтамын. Өзім үшін емес, Нұркен үшін. Мен бұл кісіні ауылдан әкеліп оқытып, адам еткен едім, ал сіз оны құртыңыз»¹, – дейді.

Міне, осы тұста Еламанның жантықтық рөлі тым асыра бағаланған, Нұркендей қайыспас характер тым жеңілейтіп жіберілген. Сонау жігіт кезінде Еламан ықпалына түсуі бір сәрі. Ал, өсіп есейгендегі Нұркенге аяғын сүртетін төсенішке дейін құлдыраған Еламанның бұрынғыдай ықпал жасауы сендіре бермейді. Нұркен – кеңестік бюрократия ортасының жемісі. Сол туралы, кейіпкердің қит етсе, адал коммунистерінің өздерін оққа байлай салудан, қолайы келсе, кімді де аяусыз тепкіге түсіруден шімірікпейтін, өтірікті судай сапыратын тоталитаризм жағдайында қалыптасып өскені жайында романда ләм-мим делінбейді. Бұл шындықтың көмескі қалуына авторды жазғыру, әлбетте, әділеттілікке жатпас еді. Ол кездің ауруын айтқызбай жасыратын, бір елі ауызға екі елі қақпақ қоятын тәртібі белгілі. Оның бер жағында Есенберлиннің өз уақытының перзенті екендігін де ұмытпауға тиістіміз.

Зейнолла Қабдоловтың «Жалын» романы өзінің композициялық жаңалығымен көзге түсті. Шығарма бірден оқиға шиеленісінің шырқау шегіне жеткен жерінен басталады. Бұрқ ете түскен жарылыс романның бас кейіпкері Қабенді анадай жерге тымақтай ұшырып түсіреді. Ол қатты жара-

¹ Сонда, 212-б.

қаттанады. Өміріне қауіп төнеді. Сюжет желісі ширыққан бойда мұндай ауыр халге, аварияға ұшыратқан қырсық неде? деген жайларға назар ауады. Сол жайлар жан әлемінде тарқатыла келе, өндірістік апаттардың астарындағы түп себептер ашылады, ескі мен жаңаның күресінен туындайтын тартыс барысында характерлер ұшқындайды.

Роман қозғайтын өндірістік проблема, сайып келгенде, өмір мән-мағынасы туралы ойларға жетектейді. Қабен бейнесінің тақырыбы: адам бақыты бықсық тірліктен жаратылмайды. Жайнап, оттай жанып, жалындап өскен адам ғана адамгершілік мұратқа жетпек. Қабен өзіне де, өзгеге де қатаң талап қойғыш. Ел-жұртқа сол мінезімен қадірлі.

Шерхан Мұртазаның «Қара маржан» романы да өндірістік апатты суреттейді. Ол апат кездейсоқтыққа жатпайды. Жарас секілді баққұмар, іші тар мерездердің арамдығы тұтас бір өндірістік ұжымның еңбегін рәсуа етеді. Романның тағы да бір жетістігі сюжет аясын уақыттың пісуі жеткен бірқатар мәселелерін енгізе отырып кеңейтуі. Және олары жамап жасқауға жатпайды, негізгі оқиғаларға табиғи өрілген.

Парасатты маман, бас инженер Нариман, зейнеткер қарт Ахан бейнелері – романның айтарлықтай жетістігі. Нариман жер қойнауындағы фосфорит кеніне де, жер үстін жайлаған адам көңілі кеніне де үңілгіш. Бұл өңірге қызметі ауысқан бойда Ахан шалмен достасады. Ақсақал бұл жердегі саялы Жалғыз талды мал аяғы құртып бара жатқанын шағынғанда, Нариман: мен жаңа келген бөгде адаммын ғой деп айтып қалады. Ахан бұған қатты ренжиді. Бөгдесі несі, өз жерінде жүріп бөтен болған не деген сұмдық?! – деп теріс айналады. Немесе мына бір эпизодқа көз салайық.

«Үйге Фатимат кірді. Бір тізерлеп бесікке асылып отыра беріп, іргеге қарап емізді. Бала қомағайланып, мамасын сорып жатып, тынышталды. Бесікте бала емізген ананың бір айтып болмас өз сұлулығы бар. Әйел әдемі ән тыңдағандай нұрланып, тебіреніп, сәби ернінің шолпылынан әдемі ән тыңдағандай еріп, елжіреп отырады...»¹

¹ Мұртаза Ш. Қара маржан. Алматы: Жазушы, 1976. 110-б.

Шерхан шығармасы осындай шағын-шағын детальдар арқылы өмір дегенің өндіріс технологиясымен шектелмейтінін сездіреді, қоршаған табиғат пен адамзат қатысы, келешек ұрпақты өсіру қамы сияқты биік өрелі ойларға бастайды. Өндірістің техникалық мәселелерінен ұзап шыға алмай малтыққан, оқырман жүрегіне жол таба алмайтын сырдаң шығармасымақтардан арыла алмаған сол кездің жағдайында бұл зор мәнді табыс еді.

Дүкенбай Досжановтың «Дария» романы заман еңбектікі, нанды да, жанды да көтеретін еңбек деген игі тақырыпты озғын дихан Батыр бейнесі арқылы ашуға тырысты. «Желкесіне жұмыс мініп алған», отыздан асқанша үйленуге мұршасы келмей, кей жасқа ұқсап шекітіп қалпақ киіп, сақал-мұртын босқа өсірмей, бар зейіні ақ тер, көк тер боп жер күтуге ауған осынау диханның фанатизмі, әсіре тақуалығы лайықты бояу тауып суреттелген.

Дүкенбай романы сонымен бірге кеңестік заманда кең етек алған атаққұмарлық, қоғамның көзін ала беріп оған қиянат жасау, жалғандық ұятсыздыққа белшесінен бата жүріп, даңққа бөлену кеселдерін айыптайды. Беласар секілді сырты жылтыр, іші сылдыр пенденің бейнесі осы мақсатта жасалған. Шығарманы тұтастай алғанда жазушы үшін еңбек деген қасиетті ұғымның ар-инабат, кісілікке, азаматтылыққа байланысты қырлары әсіресе қымбат екеніне көз жеткіземіз.

«Дария» романының кейіпкерлері қала мен ауыл проблемаларын қосып қозғауымен де ерекшеленеді. Табиғат ананы қорғау, жастар тәрбиесі, адамгершілік мәселелері қала, даланы алшақтатып, арасына су ағызбай-ақ шешетін мәселелер. Осынау шындықтарды «Дария» иланымды жинақтай білген.

Автор ауданның бірінші басшысы Ғайнекеңнің бейнесі арқылы еңбекші қауымның әрдайым ортасында болу, көңіл-күйімен санасу, халық қамын ойлау мәселелерін алға тартуға тырысқан. Ғайнекең ел аралап жүріп «Бірлік» совхозына соғады. Совхоз жұмысшыларының әдейі біреу желкелеп, еріксіз жұмыс істетіп жүргендей көңілсіз, ықы-

лас-ынтасы аз екені назарынан тыс қалмайды. Осы жайды түзету үшін не істесе рауа, «ақыл таразысына салып көрдіңіз бе?» – деп совхоздың сыңаржақ директоры Нағанайға қатты шүйлігеді.

Өттегене, Досжанов бұл тақырыпқа көп аялдамайды, зырғытып өте шығады. Роман кейіпкерлері өмірдің кертартпа құбылыстарымен жүрдім-бардым күреседі. Құнсыз құбылыстардың түп тамырына бойламай, бел шешіп айкаспайды. Ал мұның өзі адамдығы биіктеп, санасы өскен жандардың мінездерін суреттеуге көпе-көрнеу салқынын тигізген.

Ел көңілінің саулығына елгезектік жөнінен жазушы Кәрібай Ахметбековтің «Ақдала», «Алқакөл» романдарының кейіпкерлерінде бірсыпыра ілгерілегендік бар. Шығарма қоғамда бел алып асқындап бара жатқан парақорлық, мансапқорлық, іріп-шіру құбылыстарын, сорақы қылықтарды өзіне мінез етіп алған басшылардан жирендіреді. Соңғы уақыттарда басшы болдың екен, бар игілік сенің қолыңда шоғырлануы керек деген бір жазылмаған заң ойлап тауыпты, – дейді жаңадан құрылған Ақдала аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұрғазы Бекмаханов. Өзінің қамын ғана ойлағыш совхоз парткомының жетекшісі Қайыржанның өзіне салып алған үйін ауру шопан үйелменіне тартып әпереді.

Нұрғазы тұлғасы Ғайнекеңнен гөрі өмірге біртабан жақынырақ. Ғайнекеңдей оқушыға да әлдебір алыстан шырамытатын адамдай көрінбейді. Ғайнекең көбіне іс үстінде, ресми жүреді. Нұрғазы болса, оқушы оның жеке өміріне, жүрек сырына қанық. Бір бикешке өле ғашық екеніне дейін хабардар. Нұрғазы үшін әділдікке қиянаттың ауыр, жеңілі жоқ. Совхоз шофері аупарткомге түкке тұрмайтын, шаруашылық басшысы ілезде шешіп тастайтын мәселемен келеді. Осы бір кішкентай детальдің өзі-ақ ауданда бюрократизм, қағазбастылық ауруының қалай дендеп кеткеніне айғақ. Алайда хатшы жас директорға ұрсумен шектеледі. Осы ауруды қоздырып отырған не кесел? Соның түп тамырына үңілмейді. Жүйелі жұмысқа тәсілденбеген. Өзі-

нің мектепте бірге оқыған досы Зұлқарнай көзбояушылыққа салынып сотталып кетеді. Досын тым еркетотай қылып жіберген Нұрғазының өзі. Бірақ, Зұлқарнай тағдырының тығырыққа тірелуінде өзінің үлесім де бар-ау дегенді ол бұлығына да алмайды.

Өмірдегі нақтылы, шындық өрескелдіктерді тергілеу бар да, олардың қоясын шығару, жанды өмірдің аяусыз теңіне салып тәркілеу бар. Соңғылары романда тым көмескі көрінеді. Жазушы шығармасына, соңғы «Қасірет» романына да (1991) жетіспей тұрған нәрсе – кейіпкерлерінің өндірістік, әлеуметтік және ұжданлық (нравственность) келбеттерінің бір өрімде өрілмейтіндігі, композициялық тұтастығының толық қамтамасыз етілмегендігі. Комсорг Гүлжайсаң, жас шопан Айбосын және басқа бірсыпыра кейіпкерлер тағдырларының бас қаһарман тақырыбымен байланысы нашар.

Ахат Жақсыбаевтың «Егес» романы бас кейіпкері Батырбектің ортақ іске жаны ашығыш, қайраткер тұлғасын дәріптейді. Батырбек таскөмір разрезіндегі көп кемістік, олқылықтар адамдардың салғырттығында, мемлекеттік меншікке немқұрайды, енжар қарауында деп біледі. «Бөгет» романындағы бөгеттердің сыры да өндіріс пен сол өндірісті алып жүрушілердің қарым-қатынастары арасындағы байланысқа зер салу нәтижесінде ашылып отырады.

Өндірістік тартысты отбасылық тартыспен айқыш-ұйқыш астастыратын пайдалы тәжірибеден жазушы Қалмұқан Исабаевтың «Сұңқар самғауы» романы айрықша көзге түседі. Ерке өзенінен ең далаға тартылған канал құрылысының жобасын жүзеге асыруға кірісер-кіріспесте дұшарға айналады. Құрылыс бас инженері Қоблан Ардов жобаның нақтылы барлауға негізделмей, атүсті жасалғанын, қателікті дер кезінде түзетпеген жағдайда қыруар ақша бос шығындалатынын дәлелдейді. Жоба авторы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Доскей Қозғанбаев құжаттың қалай болса солай жүрдім-бардым жасалғанын біледі, біле тұра беделін салып, қалайда жас маман Қобланның сынын теріске шығаруға барын салады.

Осы тұста әдебиетте ежелден бері көтеріліп келе жатқан ескі проблема әкелер мен балалар арасындағы проблема дейтін көтеріледі. Оның өз қисыны бар. Қоблан – Доскейдің бел баласы. Алғашқы әйелі Әсиядан туған. Содан бері он жеті жылдың жүзі өтсе де, бұрынғы тастап кеткен үйелменінің бет-жүзін көрмеген Доскей, бұлар тұрған жерге арнайы ат басын бұрып, Қобланның Мәскеуге түсірген хатын қалайда қайтып алдыртпақ. Мәскеуде министрлік коллегиясында да өндіріштеп көк езуленеді. Негізінен инженерлік айтыс формасында шебер суреттелген бұл тартыс басынан аяғына дейін шиыршық атып тұрған сюжет соңында жас таланттың пайдасына шешіледі. Роман композициясы аптаның айналдырған жеті күні шеңберінде жаманшылықты жақсылыққа жеңгізіп үлгіреді. Ұтымды кесіп-пішілген шығарма құрылымына тілі де сай, ықшам, көңілге қонымды.

Шығарманың және бір ұтқан тұсы – Доскейдің баласынан жеңіліс табуына бір жағы күйінсе, бір жағы сүйінетін психологялық жай-күйін дәл басып суреттейтіндігі. Ақыры әке мен бала табысып тынады. Жазушы ұлттың отбасылық әдет-ғұрпын қайта жаңғырту керек, ел берекет-бірлігі сонда дегісі келеді.

«Сұңқар самғауы» романы қазақ даласын суландыру мәселесін ұлттық тағдыр деңгейіне көтеріп, «Өткелде» (1972), «Өрде» (1977), «Арна» (1984) трилогиясын жазуға ой салды. Трилогияға қазақ даласын Асанқайғы аңсаған жерұйыққа айналдыру арманы арқау етілген. Ол арманның іске асуы су мәселесінің қандай дәрежеде шешілуіне тіке байланысты. Сібір өзенін қазақ даласына қарай бұру – Қазақстанның да, Ресейдің де игі жақсыларының ежелден күйттеген идеясы.

Өндірістік романдар замандастың жұмыс орнындағы болмысын, технология мәселелерін шешуге байланысты тартыс үстіндегі мінез-құлықтарын шыншылдықпен ашуды көздейді. Медеу Сәрсекеевтің «Жаңғырық» романында осы жанр бар қасиетімен көрінеді. Ірі металлургиялық комбинаттың цех бастығы Таубаев бейнесінде ісіне творчестволықпен қарайтын, қандай қиындыққа да мойы-

майтын, жарқын жолдағы ары, жаны таза адамдардың сапа, сипаттары жинақталған.

Рафинация цехының пеші аварияға ұшырап жарылады. Осы жарылыс жаңғырығы талай жерге жетеді. Комбинат ұжымынан бастап отбасы адамдарының тағдырына дейін әсер етеді. Таубаев өзін өрт ішінде қалғандай сезінеді. Ортақ мүдде үшін белін бекем буып, комбинат директоры Варламовпен, керек жерінде «тойған бет» министрдің өзіне дегенін істете алатын алпауытпен айқасқа түсуіне тура келеді. Соның салдары: Таубаевтың басына қара бұлт үйіріледі. Әшейінде «сен тимесең мен тимен», – деп бұғып отырса да қызметі сатылап жоғарылай беретін бас инженер Жан Дәулетовичке дейін соңына шырақ алып түседі. Осының бәрі аздай отбасынан бықсық шала исі мүңкиді. Әйелі Қамқа дүниеқоңыздыққа салынып, ол кетіп тынады.

Ақыры бәрі орын орнына келеді. Бүлінген пеш қалыбына келтіріледі. Алғыр ойлы, көреген инженер Таубаевтың мерейі үстем болады. Цехтың толық сынақтан өтпей асығыс қабылданғанын әшкерелеп және бір қырынан ашылады. Роман идеясы айқын. Заман ғылыми-техникалық прогреске бет алса, осы бағыттың дұрыс жүргізілуі адамдардың саналығына, ар-ұжданына сынақ.

Шығарманың кемшілігі, кейіпкерін пеш аузына ұдайы телміре беруден көп босатпайды. Замана келбет-кескіні назардан тыс қалады. Адамды ісі арқылы көрсетуде біршама табысқа жеткен роман, қаһармандарының жан дүниесін ашуда сараңдық еткен.

Өндірістік роман түрінің олқылықтары замана тынысын тарылтып көрсететіндігінде ғана емес. Мәселені қойса болды, әділетін ғылым өзі айтады, түбінде шындық жеңеді деген дақпырт Медеудің «Көмбе» романы тартысын жеңілдетіп жіберген. Роман композициясы шебер құрылған деуге келмейді. Тартыс желісінен бас қаһарман Қазыбек Қазтуғанов қай кез жырақ қалады. Кейіпкер кен тағдыры шешілер буыннан комбинаттан сырттап жүреді, бел шешіп күресуден сырғақтайды, жергілікті кен басшыларымен мәмлеге келе алмай, істеп жүрген кәсіпорнын тастап, аста-

наға тайып отырады. Оқушы үшін оның өткен өмірін баяндайтын деректермен (Алжирде жүргенде сақасының алшы түсуі) хабарлануы роман жанры үшін жеткіліксіз екені ескерілмеген. Кейіпкер бұрынғы қызметінен күрт жоғарылағанымен, көркем тұлға ретінде жарқырап, бойында жаны бар адамдай көрінбейді, құр сұлба күйінде қалады.

Роллан Сейсенбаевтың «Өмір сүргің келсе» романында завод директоры Бекен Исакович кәсіпорын құрылысы аяқталмай жатып, оның бірінші кезегін іске қосу жөнінде ұсыныс жасайды. Соғыс кезіндегідей қауырт жағдай дейтін емес. Кәсіпорынды шала-пұла қалпында іске қосу қандай қажеттіліктен туындайтыны белгісіз. Әйтеуір ұнамды кейіпкер ойындағысын жүзеге асырып тынады. Сәрсекеев романында жағымсыз кейіпкерлер бітпеген шикі дүниені пістіге санап, шығынға ұшыратса, Сейсенбаев романы, керісінше, шаланы бүтінге балайды. Адам характерін белгілі бір өндірістік проблеманың дұрыс я бұрыс шешілуіне байлап қою бұл романға да көлеңке түсірген.

* * *

Қандай да роман махаббат тақырыбымен арқауланады. Бұл мәңгілік тақырып алпысыншы–тоқсаныншы жылдардың әдеби процесінде замандас тұлғасын, оның рухани элементінің сұлулығын, ізгі істерге жомарттығын көрсету мақсатын көздеді. Осындай шығармалардың бірі – Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» атты республика жұртшылығына кеңінен танымал, жарқын жамалды, ыстық сезімді романы.

Романның бас қаһарманы – Ұлы Отан соғысының қан майданынан оралып, университет босағасын жаңа аттаған жауынгер, болашақ журналист Ербол Есенов. Ербол тағы бір майдангер жазушы, публицист Баубек Бұлқышевтің бейнесін елестетеді. Баубек Бұлқышев соғыста толарсақтан қан кешіп жүріп, өлімді емес, өмірді көбірек жазды, қазақ сөз өнерін романтикалық ақ жүрек, асқақ ойларға бөленген жалынды публицистикамен байытты. Ербол да сондай

өмірге ғашық романтикалық сезімнің адамы. Блиндажға түскен снарядты құшақтай-мұшақтай сыртқа ала жүгіргенін есіне алуына қарағанда, ердің ері. Бірақ романның оқушысын баурап әкететін нәрсе бұл жолы ерлік романтикасы емес. Шығарманың атынан көрініп тұрғанындай, сүйіспеншілік, жастық дәурен қызықтары. «Үміт жақын, көңіл ақ, Болар ма сондай қызық шақ», – деп ұлы Абай армандайтын таза махаббат романтикасы.

«Қыздар! Сендер қандай ғажап жансыңдар, деп ойлайды ол ішінен. Жаудырай қадалған қап-қара көздерің мен жанды еріткен көмірдей шаштарың, иықтарыңдағы толқындай тулаған білектей бұрымдарың мен сол қос бұрым арасынан көрінген кіршіксіз аппақ желкелерің қандай әсем еді сендердің! Өзеннің құба талындай солқылдаған бойларың неткен көркем, апырау! Қыр жігітінің қанын қыздырып, құшақтауға, құшуға құмарттыратын қыпша белдерің мынау бұралған! Сендердің сымбаттарыңды суреттеуге соғыстан қайтқан солдаттың тілі жете алар ма екен...»¹

Өңшең леп белгісі. Лепті романтикаға тән сөздер. Өлең жолдарынан сарқыт. Солай десек те, бұл ішкі сыр, жан шындығы. Шығарманың көркем контекстінде қаны шыққан реализмдей қабылданады. Соғыстан аман-есен оралғанына, Жеңіс күйіне мас адамның аузынан шыққан лебіз өстіп шалқып, қорғасындай балқып шығуы тиіс.

Нұршайықов романы алысып-жұлысқан мың қат оқиғаларсыз-ақ, күнделікті тірліктің елеусізін елеуліге, көріксізін көріктіге, ұсақ күйкі-күйбеңін ірі құбылысқа айналдырады, сонысымен ұтады.

Меңтай арудың үстіндегі ақ свитеріне Ербол байқаусызда сия төгіп алады. Онда тұрған не тұр? Бірақ осы болмашы деталь романда үлкен оқиғаға айналады. Оны түсіну үшін соғыс кезіндегі ел ішінің жағдайын білу керек. Кей үйлердің кісісі киер лыпа болмаған соң сыртқа аттап шыға алмайтын да уақыт болған. Меңтай ауыстырып киері бол-

¹ Нұршайықов Ә. Махаббат, қызық мол жылдар. Алматы: Жазушы, 1970. 11-б.

са, үш күн бойы көк бүйрек болып жүрмес еді ғой. Меңтайдың биязы ұстамдылығы, ақылды, сүйкімділігі осы сәттерде ашылады. Сия төгілгенде үн шығармай, ештеңе болмағандай, артына бұрылып, Ерболдың алдына басқа сия сауыт қояды. Студент қыздардың келемежіне де қымсынбайды. Жер боп жүрген Ерболға ләм демей, ақыры свитерін көк бояуға бояп алады.

Кейбір тұстардағы сентиментализмі, афоризмге әуестігі демесек, роман тағлымы мол. Адамды биіктететін адамгершілік қасиеті. Ол Меңтайдан да, Меңтай бақытсыздыққа ұшырағанда қасынан табылған Ерболдың да жан сүйсінтер жақсы істерінен жарқырай көрінеді. Меңтайы опат болып, Ербол мұратына жетпесе де шын бақытын табады. Өйткені ол өмірдің мәні мен сәнін толық түсінген жан. Махаббат туралы роман адам деген атыңды ақырына дейін ақта дейтін үлкен қорытынды жасайды, көкірегіңе қонымды етіп жеткізеді, азғана хикаядан зор мән, мазмұн табады.

Ірілі-уақты оқиғалардың ара қатысынан махаббат хикаясын да, өмір сүріп жүрген қоғамыңның күй-жайын да шертуге әбден мүмкін. Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар» романының кейіпкері жас ғалым Едігенің бойынан осындай қасиет табылады. Едіге ресми насихат жарапазынан ерғашты болып, жүрегі айнығандықтан ба, сол кездердегі көп шындықтың әлдене шикілігін танығандай, әйтеуір шымшыма, қотыр тілімен былай деп есіле жөнеледі:

«Коммунизмге беттеген, ғарышқа қол созған осындай ғажайып заманда өмір сүріп отырмыз...Тың көтеріп, Отанға миллиардтаған астық беріп жатқан, өзгерген, өскен, жаңарған, азиялық тағылық пен жартылай тағылықтан европалық мәдениетке аяқ басқан өлке ұлымыз...Бұрын жазу-сызуды білмеген, тоқсан сегіз де бірдеңе бөлшек проценті сауатсыз болған, өнер-білімнен кенже емес, мүлде кенде қалған, енді жай сауаттылық қана емес, жалпыға бірдей он жылдық білім беруге көшкен, ғылымы мен өнері аршындай өскен елдің ұлымыз. Жыл сайын біздің республикамызда ғана қаншама көмір, қаншама темір, қаншама мыс, қаншама қорғасын өндіріледі...»

Былай қарағанда ресми насихат сөзімен сөйлейтін тәрізді. Шын мәнінде бұл сайқымазақ тіл. Кешегі тоталитаризм тұсында өткеннің бәрін тұқыртып, өзі үстемдік еткен дәуренін аспандатып даурықтыратын мәнерін әжуа етеді.

Жаңағы келемеж, ащы мысқылын Едіге: «пай-пай... бәрін білеміз. Көзбен көресің. Оймен танысың. «Сөйте тұра»... деп барып, сөзінің аяғын құрдымға жібереді. Романның соңында ғана көмейінде тірелген сөзге аздап ерік бергендей. «Рас, анау керек, мынау керек, анау жоқ, мынау жоқ...» деп дүкендегі жұтаңдықты манағы керемет өндірістік табыстарға әдейі қарсы қояды.

Едіге кеңес кезіндегі және бір келеңсіз жәйтті – сөз бостандығының, жариялылықтың аяққа басылуын эзопшылап мінейді. «Бір шаштараз иендегі құдыққа айғайлапты дейді. Бізде ондай құдық та жоқ. Жарылып өлетін шығармыз», – деп жүрегіндегі шын сөзін айтып қалады да: «Біздің болашағымыз тамаша»¹, – деп жалт береді.

Автор цензураның, партиялық, мемлекеттік бақылаудың қырағы көзін ала беріп, нағыз антисоветтік пиғыл білдіреді. Онысын Едігенің характерін қилы-қилы етіп бейнелеумен көлегейлейді. Едіге әдебиет зерттеушісі ретінде көп үміт күттіреді. Бәкен Тәңірбергенов деген жылмақай доценттің Едіге мақаласын өз пайдасына жарата қоюына қарағанда, талапты жас. Бір келіспейтін мінезі, енді тебіндей бастаған азды-көпті талант ұшқынын асыра бағалайды, менмені тасыған, өзіне өзі ғашық эгоист жан. Досы Кенжек Едігеге:

– Қорқақ! Қоян жүрек эгоист! – деп кінә тағады.

Сүйген қызы Гүлшаттан айырылады. Ғашығына да ірі сөйлеймін деп көңілін қалдырады. Сұйық жігіт Бердібектің арам құшағына өзі итергендей болады. Ғылымда тапқан жаңалығын біреу малданып кетті. Айналасы – толған пасықтық. Өзі кандидаттық қорғамаған Кенжек біреуге докторлық диссертация жазып береді. Ғалымдығынан залымдығы басым тоғышарлар туғызған қапырық ауаға шы-

¹ Мағауин М. Көк мұнар. Алматы: Жазушы, 1972. 14-б.

дамады ма, жас талант Едіге елінен безіп, сонау Чукоткадан бір-ақ шығады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар» романы алпысыншы–тоқсаныншы жылдардың уақытына, бар тірлік жүйесіне наразы шығарма. Қазіргі кеңес заманын жазғырып айтылып жүрген бірқатар сынның алдын алған туынды. Әрине, бұдан аталған кезеңнің романдары сол кездегі өмірдің бірыңғай теріскейін ғана суреттеді деген қорытынды тумайды.

Жазушы Әкім Таразидің «Кен» атты романының бір кейіпкері Гүлсім деген әйелдің өлімі төңірегінде ойлана келе, «заман бұзылып барады» деп асанқайғы соғатын қарттардың күрсінісіне салынуға болмайтынын ескертеді. Адамдардың пиғылы бұзылып барады ма? «Бірақ, олай дейін десен, жылдан жылға тұрмыс жақсарып, адамдардың пейілі кеңі түскен жоқ па? Мен бір жазушының кітабынан оқып едім: «Біздің ел жан басына шаққанда ең мейірімі мол ел!» – дегенді. Сол сөз менің көкейіме қона кетіп еді»¹.

Осы көтеріңкі көңіл, ақ жарқын әуен «Кен» романының алғашқы беттерінен соңғы беттеріне дейін тән. Роман эпиграфы: «Әр адамның жанында ашылмай жатқан кені бар»дейді. Шын мәнінде дәріптейтін кені қазақ отбасының құт-берекесі. Қараспан атты атаның бүгінгі үлкені Пірәліден тараған ұрпақтардың, олардың айналасындағы жұрттың тірлігі, өсіп-өну хикаясы. «Кеннің» қазір оқылғанда да жүрекке жылы тиетіні, сол кездердегі қазақ кеңес романдарынан өзгешелігі – қазақ ұлттық менталитеті. Діттейтіні қазақ отбасы, ұрпақ, нәсіл татулығы, кішінің үлкенді сыйлауы, үлкеннің өркеніне үздіккен ыстық мейіріммен қарауы. Автор өмірдің ащы-тұщыларын, жақсылықтың өзегіне жамандықтың дәні түскенін және керісінше, жамандық тамырына жақсылық ұрық тастайтынын өрнектей білген.

Бір-бірімен іштей тығыз байланысты бес қалың дәптерден тұратын Әкім шығармасы жеке-дара пішінде құйыл-

¹ Тарази Ә. Кен. Алматы: Жазушы, 1986. 389-б.

ған туынды. Шығарманың әр дәптері әулет мүшесінің ба-
сынан өткізген маңызды оқиғаны суреттеуге арналған. Бұл
композициялық тәсіл сан қайталанса да, ауыл, қала тұр-
мыс-тынысын жаңа бір қырынан көрсететіндіктен оқушы-
сын жалықтырмайды. Пірәли, Ақлима, Жан, Сағат, Ботабай
секілді бояуы қанық, ұлттық мінезге бай характерлер шы-
ғарма сюжетіне бастан аяқ қатысады. Жүз жиырмаға тарта
кейіпкер кинолента кадрындай қосылып та, қалып та жата-
ды. Көбінің есімін есте ұстап қалу қиын. Есесіне, бәрі кезін-
де бітеқайнасып өскен таныс адамдар секілді қабылданады.

«Кен» романының және бір ерекшелігі, бұл шығарма
бір атаның балалары туралы яки үйелмендік тақырыпқа ар-
налса да, қазан-ошақ қамын күйттейтін уақ-түйек көңірсі-
ген әңгіме төңірегінде қалып қоймайды. Қоғамдық орта, ел
тынысы кеңінен суреттеледі. Пірәли мен Ақлиманың отас-
қандарына елу жыл толған «алтын той» былай қарағанда
Қараспановтар әулетінің ғана шаруасы тәрізді көрінуі мүм-
кін. Іс жүзінде еліне, жұртына жатпай-тұрмай еңбек еткен,
зайыбымен бірге сайдың тасындай алты перзент өсіріп,
олардан немере, шөбереге дейін сүйіп отырған Пірәли-
Ақлиманың бұл тойы екі облыс басшылары қатысқан қо-
ғамдық мәнді үлкен оқиғаға айналады.

Кеңес өмірін жарқырата көрсете жазылған, той-тома-
лағы да тасқынды шығармалар қатарын Қабдеш Жұмаді-
ловтің «Атамекен» романы толықтырды. Қазан төңкерісі
нәтижесінде туған заманның жаттанды әләуләйларын қай-
таламай-ақ, жақсысын да жақсы, жаманын да жақсы деп
сылап-сыйпамай-ақ, шығарма кеңестік дәуірді ұлтымыз-
дың ұлы тарихының бір белесі ретінде суреттейді. Про-
фессор Ақжан Атаханов, оның досы, қарт мұғалім Қайрат,
қызыл белсенді, кейін Түркістан легионері Түктібаев, та-
ғы да бірқатар бейнелер арқылы кешегі кеңестің көлеңке-
лі жақтары (сталиндік нәубет) мен күнгейлері (мемлекеттің
ғылымға, оқымыстыларға, еңбек адамдарына деген ерек-
ше ықыласы) шұрайлы тілмен шынайы көрсетілген. Шы-
ғарманың басты тақырыбы атына сай дәл тұжырымдалған:
Атамекен, бар болмысымен, бар тыныс-тірлігімен. Әсіре-

се кіндік қаның тамған туған жердің орны бөлек. Осы ақиқатты тану поэзиясы романда өзінше бір сюжеттік өрнекке айналған.

«Сірә, мен өмір бойы жер сағыну үшін жаралған шығармын. Жарықтық жерде жазық жоқ қой: маған Тарбағатайдың екі беті бірдей ыстық. Күнгейінде жүрсем теріскейі, теріскейінде жүрсем күнгейі есімнен кетпейді... Шіркін, Тарбағатай бөлінбей бүтін тұрса...»¹ – дейді Қайрат ақсақал. Бұл жолдарға Шығыс Түркістан мен Қазақстанның төл жазушысы Қабдештің көкірегін кернеген өз сағыныштары бірге өрілгені даусыз.

Роман заманының бірқатар зәру мәселелерін толғайды. Қой тұқымын асылдандыруда зор ғылыми табыстарға жеткені үшін Еңбек Ері, академик атанған Ақжанның әрекеттері, прогресс өлшемдері, оны жалаң техника, зырлаған машиналар санымен бағалаудың жөн-жөнсіздігі, табиғатты аялау, т.б. мәселелер көтеріледі. Бірақ өндірістік проблемалар алабөтен шодырайып бөлектеніп тұрған жоқ. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінен табиғи уәжділік табады. Туған жер тақырыбын күйлеуге, осы ырыс, қазынаны сақтап қорғау, ұлт бойындағы парасатты, адами дәстүрлердің уақытқа лайық дәрежеде салтанат құруына жетісу мәселелеріне үстемелеп соғады.

Романда Ақжан бейнесі төңірегінде биология ғылымының бірсыпыра толғақты проблемалары сөз етіледі. Неше-мешет елдік және өзіміздің сан ғұламаларымыздың есімдері, бір кезде тежеуге ұшырап кенжелеп қалған күйінен босанып өрлеген генетика ғылымының мұқтаждығы айтылған тұстарда көркем сөз үйреншікті соқпағынан жаңылып, газетше сайрайтыны да бар. Сол жасық жолдардың генетика ғылымының даму тағдырын Мичурин ілімімен байланыстыруы қисынға келмейтінін айту керек.

«Биологияда геннің ашылуы, ғылыми маңыз жағынан, физикадағы атомның бөлшектенуінен бір де кем емес. Біздің елімізде бұл ғылым отызыншы жылдары әжептәуір

¹ Жұмаділов Қ. Атамекен. Алматы: Жалын, 1985. 186-187-бб.

етек алып, атақты Мичуриннің тұсында біраз дүрілдеп тұрды да, кейін ұзақ тежеуге ұшырады»¹, – делінген. Бұны оқығанда, «табиғаттан қайырым күтпейміз, бермегенін тартып аламыз» деген мичуриндік қағиданы бүгінгі экологтар қатаң сынайтыны, генетика ғылымының елде тыйым салынуына, сол себепті бұл саланың шет ел ғалымдарының қанжығасында кеткеніне мұрындық болған академик Трофим Лысенконың Мичурин есімін арам мақсатына оңды-солды пайдаланғаны еріксіз еске оралып бас шайқатады.

Ақжан бейнесінен нағыз ғалымға тән қасиеттер жарқырай көрінеді. Бағзы біреулер ғалымды лабораторияларда көбірек ұстап, микроскопқа төндіріп қою керек еді деген мағынада сыни пікір айтады. Кейіпкер тақырыбы: туған еліңді сүю туған жерді сүйуден басталады деген ойды таркату екенін ескере бермейді. Ақжан туған жерін әспеттегенде «Сүй еліңді үйіңдей, сүй үйіңді еліңдей» деген Қасым ақынша толғанады.

«Қайран Тарбағатай! Көзге де, көңілге де бірдей ыстық құтты мекенім менің! Кешір...Ұзақ жыл қиыр жайлап, шет қонып, саяқ жүрген тағы бір ұлың саяңа бүгін келіп тұр. Сені ұмытқандығымнан емес, алыс-қиыр жолдарды басып, қу тіршіліктен мойным босамай, көптен ат басын тіреп тұрғаным осы. Сен тау болып жаралғалы, құтты қоныс қойнауың мал мен жанға талай толып, талай солды ғой... Қазақ даласының қара шаңырағы Қаратаудан кейін тарих көшін басынан көш асырған шежіре тау – сен-ақ шығарсың, Тарбағатай!»² – деп естіледі. Ақжан ұзақ жылдардан соң туған өлке шетіне аяғы іліккенде.

Осы тақырып шалқыма публицистика арқылы да, ұтымды детальдар арқылы да өлең қайырмасындай шабыттана қайталанып отырады. Мейір-шапағатқа жомарт Ақжан туған жері Аршалының аршасын кешегі сатқын, еліне оралуға беті жоқ Түктібаевқа да хат ішіне салып жібереді. Түктібаев өлерінің соңғы сағаттарында қайран елінің ар-

¹ Сонда, 63-б.

² Сонда, 137-138-б.

шасын иіскеп жатып көз жұмады. Опасыз болсам да тілегімді орындағаныңа рақмет деп, хат жаздыртады. Туған жер, Атамекенге сүйіспеншілік идеясы сөйтіп күтпеген жаңа қырынан жырланады.

Кейіпкерлердің басынан өткізген махаббат романы тазалық, пәктік секілді адам қатынастарындағы асыл жоралғыларды дәріптейді. Туған жерге деген сүйіспеншілікпен әдемі үйлесім табады.

Махаббат тақырыбы ұшан-теңіз. Оның кей жазушы қаламында отбасылық тақырыпқа ауысатыны бар. Бұндай ауысулардың да драмасы жетіп артылады. Өтебай Қанахиннің «Құдірет» атты романына, міне, осындай драма тән.

Әп-әдемі бас құраған үйелмен күн оза сабындай бұзылады. Бұзылып тынса бірсәрі. Аяғы насырға шабады. Роман трагедиялық ахуалмен аяқталады. Гүлнұр сұлу өзіне қол салады. Роман кейіпкерлерінің бастапқыда қағанақтары қарқ, сағанақтары сарқ. Алдарынан бөгет, қиындық атаулы кезікпейді. Профессор Бекмырза Оразымбетов химия ғылымының әулиесі. Оның шәкірті Ернар да осал жігіт емес. Ақылы, таланты бір басына жетіп жатыр. Әрі спортсмен. Гүлнұр болса, сұлудың сұлуы. Ауылдан келген қыз қаланың сән-салтанатын оп-оңай игеріп кетеді. Жоғары білімге ие болады. Істеп жүрген қызметіне көңілі тоқ. Бұдан артық өмірден не тілеуге болады? Үшеуінің, керек десеңіз, сырттан іріткі салатын, айрандай ұйып отырған үй ішін бұзды дейтін дұшпандары да жоқ.

Ендеше, кілтипан неде? Бар кілтипан – осы жолы болғыштардың әрқайсысы өз өмірлерінің бір кезеңінде әлде не адами ережелерден аттап, бір күннің қызығына бола, алдағы мың күннің қамына көз жібермей, өздерінің болашағын өздері байлап-матап тастағандығында. Сол сәл-пәл осалдық үйелмен түбіне жетеді. Жеңіл-желпі қылықтары ауыр қылмысқа апарып соғады.

Профессор Оразымбетов жап-жас қызға үйленеді. Олай да емес, үйлене салады. «Ау, бұл қыздан бақандай отыз екі жас үлкенмін, арты неге апарып соғар», – деп секем

алу байғұс қарттың қаперіне кірмейді де. Осы қате екінші қатені балалайды. Кезегінде Ернарды сүйген Гүлнұр, қарт күйеуімен ажыраспайды. Қылмысын жасырып ашынасымен гөлайттай береді. «Өз ұстазымның төсегін былғадым-ау», – деген ұяттан Ернар да кенде. Профессор дүниеден озған соң Гүлнұрды тастап, қайқайып кете береді.

Қанахин шығармасы адамдардың мінездеріндегі бояма, жалған, екіжүзділік, беттің арын белге түйгендік атаулымен жауығады. Қиянат кісіліктен айырады, кісіліктен айырылу арты оңайға соқпайды дегісі келеді. Фәни жалғанда адам өмірі бір-біріне байланысты. Бәріміз бір-бірімізге тәуелдіміз. Ғашық адамдар бұл заңдылықтан тысқары қала алмайды, дейді.

Тағы да бір ауызға жиі алынып, жылы аталып жүрген отбасылық роман – жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үміт» шығармасы. Ғашық жастардың алғашқы махаббаты, ерлі-зайыптылардың жас отау кұру жайлары бұлардың бүкіл заузат, туыс, жегжат, дос айналасымен, қала берді ел тұрмыс-ахуалымен қоса қамтыла суреттеледі. Сөйте отырып, отбасы, ошақ қасы проблемалары тереңіне барынша, бар мүмкіндігінше бойлай түседі. Және солардың ең шешуші дегенін әу дегеннен-ақ алға тартады.

«Өз әйелімді сүйе тұрып, тағы басқаны ұмыта алмауым, тіпті, сағынуым, бала күннен бірге өскен досымды бар пейіліммен сыйлай тұрып, онымен қырғи қабақ жандармен де жылы сөйлесуім осының бәрі не қылық, адамгершілік пе, екіжүзділік пе?»¹ – деп бірден ойға кетеді роман әңгімешісі рөлін мойнына алған бас кейіпкер, болашақ жазушы Шеген Сәтімөв. Бөтен біреуге сыр шашпай, өзін ғана құпия қоймаңда сары майдай сақтайтын «сұмдық-сұмдық ойларға кетесің, соның көбін басына су құйып өз ішінде өлтіресің. Өйтпесең, қандай масқара. Адамның сыр сақтай білуі қандай абырой!» – деп бір кетеді. Әйткенмен, ішінде бүккенін тарқатуға мәжбүр. Кейіпкерінің ішкі әлемжәлем ойларына, жүрегінің бар жасырын түкпірлеріне сәуле тү-

¹ Нұржекеев Б. Бір өкініш, бір үміт. Алматы: Жалын, 1980. 3-б.

сірмеген, ағынан жарылмаған соң, роман жазуға отырудың қажеті жоқ екенін түсініп, бастан кешкен оқиғаны бүге-шігесіне дейін жайратып ашып салады.

Романның «Балаң сезім», «Бүбіш» атты бөлімдерінің арқауы – кешегі Ұлы Отан соғысының шындығы. Сәтімдей қан майданда хабар-ошарсыз кеткен боздақтың асқақ бейнесі шығарма драмасына тікелей араласпаса да, әр тұстан жалт етіп, жарқырай көрінеді. Елде жүргенінде жігіттің нағыз сойы болған, алғыр, дос-жолдасына қарайласқыш, әнші, өлеңші, сері Сәтім майдан шебінен жазған сәлемін кіл өлеңмен селдетеді екен.

*«– Ақжазық, аманбысың, туған аулым,
Кіндік кесіп, кірімді жуған аулым.
Аталар мен апалар, үлкен-кіші,
Аманбысың, қарындас, іні-бауырым?!
Әкеміз аман ба екен Мәмет деген?
Алдынан қия басып жан өтпеген.»*

– Құлыным! – Мәмет дауыс сап қоя берді. Біз сені сағынбады деймісің, құлын-ем!

Пыр-пыр етіп үйдегілердің бәрі жылады...»¹

Қайғы-қасірет мұнымен бітсе ғой. Соғыс бітеу жараның бетін тырналап, енді отбасының берекесін алады. Шегеннің шешесі, Сәтімнің жесірі Жәмиханның көңілі күпті. Мұқыш деген жігітке тұрмысқа шықпақшы. Өзі кете барса бірсәрі, Мәмет шал мен Бәтжан әженің бауырына басқан «жалғыздың жалғызын» қоса әкетпек. Әйтеуір әупіріммен Шеген атасы мен апасының (әжесін апа дейді) қолында тәрбиеленеді.

Роман аспанын айырықша биіктетіп тұрған сол шындық ендігі жер басып жүргендердің әділ сыншы көзіне айналған. Ауыл қандай күй кешуде? Жасөспірім қылтанақ қалай өсіп келеді? Болашақ жазушы Шеген соғыстан кейінгі ауыл шындығын осы сауалдар төңірегінен қорытады. Көр-

¹ Сонда, 133-б.

ген-білгенін түгін қалдырмай қан-жынымен араластыра, шешіле ақтарады. Кәмештей асыл жандардың соғыс түсірген жарақаттан ашынып айналасын қуырдақтай қуыруы, балалары Сәтімді не өлділердің, не тірілердің санатына жатқыза алмай дүниеден көшкен тентек шал Мәмет пен кешірімі шексіз Бәтжан кемпірдің зая ғұмыр кешкендей болуы, соғыстан бүлінген елдің ішегін сүйретіп ойнайтын баладай қайта еңсесін көтеруге талпынуы, онымен қоймай жас буынды оқытуға өлерменденіп барын салуы, – бәрі де кешегі ауыл ақиқаты.

Шеген ата-әженің мәпесінде бұла боп өсті. Көрмеген солдат әкесіне тартқысы келетін есті ерке, өзін қатаң ұстайды. Ережесі – әділдік, ақ жүректілік. Жалғандыққа жаны қас. Сол талабында ақыры жүрегіне жақын, жанын ұққыш Шәзияға үйленеді. Мұратқа жеттім деп санағанмен, бала кезінен сүйіп өскен Бүбішті есінен шығара алмайды. Шығарма өзегінен жалын ататын шер негізінен жастық шақтың сол уыз, уытты шақтарын толғайды.

Бүбіш өзге тәсілмен, Шегеннің, басқа кейіпкерлердің көзімен бейнеленеді. Оқушы бұл аруды сырттай бақылайды. Байғұс қыздың қалың өсек отына түскенін қынжыла қадағалайды. Бір көңіл аударатын нәрсе, бұл бейне Антуан Превоның «Кавалер Дегрие мен Манон Лесконың тарихы» (1731) атты әлемге әйгілі романының Манон деген кейіпкерін еске түсіреді. Дегрие мен Манон, екі ғашық мұраттарына жете алмайды. Жете алмауының бір себебі, көне наным-сенім, сүйреңдеген еріндер болса, тағы бір себебі қыздың өзі басының жұмбақ характері екені мәлім. Манонның тұрақсыздығы, беталды жеңіл-жеңсікке құштарлығы, түлкі бұлаң, жасырын қылықтары, бірде олай, бірде бұлай құбылғыш ала құйын мінезі енді қазақ қызына жұққан ба дерсің. Сырт ел қауесеті, өсек аяңы бұл романда да екі жастың некесі қиылмауына аз зардабын тигізбеуі өз алдына. Шегенді бар жан-тәнімен сүйе тұра, Бүбіш те Манон секілді жұмбақ жан.

Сорлы Дегрие секілді, мүскін Шеген де шын ғашығы Бүбішінің жұмбағын шеше алмай дал. Орақпен жақындасып қойған дей ме, Таңат деген және біреумен суретке түс-

кен дей ме...Осының рас-өтірігін айыра алмай бас қатырумен болады. Сенейін десе ғашығын ондай қаңқу сөзге қимайды. «Қызда қырық есекке жүк болатындай айла бар» дейтін қағида бойынша Бүбіш Шегенмен оңаша кездескенінде ағынан жарылып ештеңе айтпайды. Жігіт Бүбіш қылықтарының анық-қанығына жете алмай қиналады. Тіпті араға жиырма жыл салып барып жазған романында да бір тоқтамға келе алмайды. Романды әу деп бастағанда қойған сауалына айқын жауап таппайды. Жұмбақ жұмбақ күйінде қалып қояды. Дегрие болса, ашынасының «қорлық пен мазағына» көнген жан. Шегеннің одан айырмасы – тәуекелі жоқ, көңіліне сенімсіздік құрты ұялаған. Іске, әрекетке батылдығы жетіңкіремейді. Бүбішпен, сүйген қызымен айлап, жылдап кездеспейтіні бар. Қыз әлденеше рет сырқаттанып ауруханаға түскенінде де көңілін сұрап баруға жүрегі дауаламайды. Әрі-беріден соң қыздың өзі неге келмейдіге шығады. Бүбіш Шегенмен жолыққан соң Ораққа тимей қойғаннан кейін де күдігін баса алмай әуре-сарсаңға түседі. Ақыры: Алматыға оқуға барамын, адал болсаң бес жыл күтесің деп шіренеді. Бүбіштің Талдықорған жақтағы біреуге тұрмысқа шығып кетуіне Шегеннің өзі итермелегендей әсер аласың. Әлі жетпеген жұмбағының шешуін оқырманға қалдырады.

Әрине, Шеген характеріндегі қайшылықты роман қайшылығы деп түсінбеуге керек. Шәзияны шын сүйіп, бұрынғы ыстық тынысты, балғын сезімді қымбат күндерді ұмыта алмаған кейіпкер, әдебиетімізде бұрын кезікпеген характер. Бексұлтан махаббат туын көкке көтеріп желбіреткен шығарма туғыза алған дейміз.

Алпысыншы–тоқсаныншы жылдардың романдары Бексұлтан туындысына қарағанда тек сүйіспеншілік маңайында қалып қоймай, өмірдің салиқалы мәселелерін қоюға атсалысатыны аңдалады. Сол уақытта жарық көрген Ілияс Есенберлиннің «Ғашықтар» романы махаббат пен творчество құштарлықтарын астастырады. Сүйіспендік хикаятымен тұйықталмайды. Мұндағы бас қаһарман мүсінші Жантас Ұлбосын деген әйелмен біраз көңілдес боп жүріп,

Аяужан деген қраншы қызға үйленеді. Әкесі соғыста, шешесі одан сәл ұзамай ауырып өлген Жантас әжесінің бауырында өсіп жетіледі.

Романның ең ұтымды тұстары Жантастың іші қандай сұлу болса, сырты да сондай сұлу Ұлбосын бейнесін тасқа қашап түсіруі. Осы шабыт үстінде өнер асқарынан табылуы. Шығарманың ұлттық мәдениет дәстүрлерін сонау Жаңғыру, Ренессанс дәуірімен жанастыруы да көңілге қонымды. Ұлбосынның алғашқы нақсүйері хирург Шерубай өзі сүйген әйелдің жалаңаш бейнесін сомдап құюға үзілді-кесілді қарсы.

– Білем, білем не дау айтарыңызды...Итальян Ренессансы...импрессионистер...Бірақ сіз қазақ дәстүрін ұмытқансыз. Жалаңаш дене – сіз бен екеуміз үшін – өнер туындысы. Ал көпшілік қазақ бұны әбестікке, ар-ұяттан кешкен бейбастақтыққа жатқызады. Ұлбосынның абыройын да ойлауға тиістісіз, – дейді.

Оған қарсы Жантас орынды дау айтады.

– Шәке, сіз дәрігерсіз, мен скульптормын. Екеуміз де адам денесіне күнәкар көзімен қарамауымыз керек. Адам денесі – ой мен рух ұясы. Табиғат шебердің ұлы туындысы. Егер мен Ұлбосын туралы не айтқым келгенін мүсіндей алсам, бұл әйелдің пәктігіне, сұлулығына жұрт бас иеді. Оған шәк келтіретін бір жан табылмайды.

Жаны нәзік, ұшқыр Ұлбосын өнер нақтыдан жалпыға көтеріліп философия тауын қиялайтынын түсінгендіктен де, қаңқу сөздерге құлақ аспай, денесінің әсемдігіне шабыттанған өнер адамының тінткілеген көзіне шыдап бағады.

«Ғашықтар» романы сюжетінің қай тұстарының ілгешектеріне (социалистік жарыстың газеттер бетінен түспейтін жауыр суреттемелерінің келсе, келмесе де тықпалануы, сүйкімді, терең парасатты Ұлбосынды рақ ауруына шалдықтырып, сахнадан тайдыруы, Аяужанның омыртқасы зақымданып төсек тартып жатуы, сондай халде ұзақ жатып, сұңғыла суреткердің жан алып, жан берердей сүюіне сену үшін өзін аша алмауы) қарамастан, алған тақырыбын оқылатындай етіп игерген.

Оқылатын шығарма ойға ой қосса, – деп армандайды Дулат Исабековтың «Қарғын» (1980) романының кейіпкері жазушы Жасын Мәдиев. Тосын жаңалығы болмаса, ешкім ойламаған жерден келмесе, жазу-сызумен әуреленіп қажеті жоқ дейтін роман, өзі мәңгі тақырып махаббат ауылын сағалайды.

Несі бар, әр махаббаттың өзгелерге ұқсамайтын жеке дара тарихы болады. Үйлі-баранды Жасынға Бағила атты орта мектепті аяқтап, жоғары оқу орнына түскен студент қыз өле ғашық. Жасын да бара-бара сүйіспеншілік сезімге беріле бастайды. Екі ғашықтың екеуі де тым жақындасып кетуден тартынады. Бірақ жүрекке ұрық тастаған тентек сезім ақыл бұғалығына көнбей бұлқынады. Роман жаңалығы – оқиғаны соңына жеткізбей орта жолда қалдыратындығы. Ерінге ерін бірлі-екілі қомағайлана жабысса да, киелі белдеудің осы тұсында кілт тоқтайды. «Мен екінің бірі сияқты ғашық болғым келмейді, екінің бірі болу деген сөз, түптеп келгенде төсекпен біту деген сөз ғой», – дейді Бағила. Оқиға екі ғашықтың мұратына жетуімен аяқталмаса да, есесіне оқиғаға негізделетін психологиялық құбылыс шегіне жетеді. Бағила өз шешімінен өз жүрегі ұстап төсек тартады. Қара нөсерден соң сай-сала табанының қорыс-қопасын шығарып аққан қарғындайын бұл махаббат екі жастың жүрегін тілім-тілім етеді... Сюжет түйіні нәу-мез күйдегі оқушының қияли әлемінде шешілуі тиіс.

Роман кейіпкері жазушы болғандықтан ба, көркем әдебиет хақында көп ойларға кетеді. Ойлары, көркем туындыға қоятын талабы, жас өркен Бағиланың аузымен айтылады. Ару қыздың ұнататыны – Жасын кітабы. Жасын кітабын әлденеше рет оқығанда «Оның өмірге көзқарасына, кейіпкерлерінің терең түсінігіне, парасатына, жан-жақты білімділігіне, оқиғаларының тартымды боп шиеленісіп жататынына, автордың биік мәдениетіне таң қалушы еді»¹.

Оқиғалары тым шиеленісіп жатпағанымен, басқа шарттары Дулаттың өз романында негізінен орындалған. Қай

¹ *Исабеков Д. Қарғын. 64-б.*

тұстары тым ұзақ, дәріске ұқсап кететініне қарамастан, кейіпкерлерінің диалогтарынан қаламы төселген ыспар драматургтің қолтаңбасы сезіліп тұрады. Роман оқиғасы қыз балаға тән сұңғылалығы ерекше жаратылған Бағила ару, орақ тілді, ізгі жүректі Жасын, барабаншы жігітке тұрмысқа шығып, одан опа таппай барабаншы атаулыны жек көретін, кейінгі күйеуі «арамдығы адалды арам ететін» Сәргелдіні де жақтырмайтын, бағы ашылмаған Мәлике келіншек характерлерінің арақатынастарына сай өрістейді. Бір ғана кейіпкер характері әрі-сәрі. Өңгіме адал, арам екені айырғысыз екіұшты, аупарткомның бірінші хатшысы Қаратай бейнесі туралы болып отыр. Роман жүзінен анда-санда көрінетін бұл кейіпкердің басты міндеті туысқаны Сәргелді жарылқау. Совхоз директоры кезінде Мәлике екеуінің үйлену тойын көтереді. Таныстық жолмен Сәргелдің татымсыз докторлығын қорғатуға қол ұшын береді. Доктор дипломын алғанда көрімдігіне мың сом тастай салады. Роман бел ортасынан асқанда осы Қаратайды шопандар арасынан көреміз.

«Қаратай малдың қырылуында жалғыз шопанның ғана емес, совхоз басшыларының да кінәсы мол екенін, сол себептердің бәрін қазір аша алмасын, ауданға барған соң шаруашылықтары салақсып кеткен совхоз басшыларын шақырып, ашық сөйлесу керек екенін түсінді»¹.

Совхоз директорлығынан ауданның білдей басшысына дейін көтерілген, облысты қойып, республикада беделді аупартком секретарының жем-шөп қорын дер кезінде даярлаудың маңызын енді түсініп жетуі, қыстың жуан ортасында шопан сөзінен аңдауы тіптен нанғысыз. Шындық заңына томпақ. Сәргелді жерлеп, мұқап отыратын, басқа да кейіпкерлеріне бағасы анық авторлық позиция Қаратайға келгенде айқын емес. Қылықтары келісіп тұрмаса да, оған іш тартатыны сезіледі. Жалпы Қаратайдың басшылық қызметін сипаттайтын, қарауындағы адамдармен қарым-қатынасын суреттейтін эпизодтың роман мақсатынан көш алыс тұрғаны, осы тұстағы композициялық селкеулік байқал-

¹ Сонда, 148-б.

май қалмайды. Замана проблемаларына ашық болайыншы дейтін автор ниеті дұрыс. Кемістік – қиюластыру жағының жетіспеуінде.

Адамның адамгершілігі, ар-инабат кіршіксіздігі аспаннан түспейді, шын қасиеті басына сын, ауыртпалық түскенде, өсу, шынығу үстінде шыңдалмақ, – дейді Рамазан Тоқтаровтың «Сусамыр» романы.

Роман детектив, шырғалаң оқиғалы шығарманың тәсілі бойынша құрылған. Әңгіме өзегінде – тергеуші Мірханның Мұрын мен Үкі деген лақап аттары бар аса қауіпті қылмыскерлерді іздестіріп шарқ ұрған әрекеттері. Мірхан заң қызметкері және өзінше психолог. Қылмыстының ізіне түсуді бүгінгі уақыттың, заманның психологиясын зерттеумен пара-пар деп есептейді. Бұл – «Сусамыр» шығармасының, ер адамдар арасындағы достықтың сырларын аршып ашуға бағытталған идеялық кілті де. Ұлан-асыр, астан-кестен оқиғалар, тағдырдың құпия белгілері, асыл ер, жаман қатын, жағымсыз, жұғымсыз кейіпкерлердің кенет аяқ астынан ұнамды кейіпкерге айналуы... сонымен бірге шындықтың қай тұстарының сыр-сипатын философиялық сүзгіден өткізу – осының бәрінің мақсаты шырғалаң оқиға жолымен, яғни детектив жанрының тәсілімен жаңа сапалы ұждан тәрбиесі романын туғызу айласы.

Қаншама әуреленсе де Үкі ұры-қарылармен ат құйрығын шорт үзген Балкенді қылмыстылар үйіріне қайырып қоса алмайды. Балкен өтірікті судай сапырып жүріп, әбден титықтап барып түзеледі. Айналасына нұр ашқан Бозжан бауыр еті баласынан айырылып, енді құрдым халінде жүргенінде кілт жаңғырады. Бозжанның ықпалымен іші тар, кеудесін қызғаныш құрты жайлаған Мерқадам нағыз бір адамшылығы құлдилаған мезетінде шұғыл серпіліп, адал достық биігінен табылады. Серігінің қыл үстінде тұрған өмірін сақтап қалады. Өзінің бір бүйрегін береді. Ал, адаммен арақатысын бақай есепке құрып үйренген Қайыр тұтқиыл жағдайда жан жолдасына қол ұшын беруге жарамай қалады. Досы Байсейітті сел тасқыны ағызып әкеткенде барып ары оянады. Бұл ояну «жау кеткен соң қылышыңды

боққа шаппен» бірдей еді. Өзінің күйеуі Бозжанның ақ жүректілігін, пәктігін теріс түсініп, оны ылғи жерлеп қорлайтын әйелі Анжелика Булатовна, ол да ақыр аяғында іштей жаңғырып, тазарып жуылады.

Рамазан романы күнбе күнгі сылпың тірліктен ірі, жоталы әрекет, елеусізден ерен қайрат табу мақсатында кейіпкерлерін өстіп қыл үстінде сынайды. Құйындай ұйтқыған оқиғалар кейіпкерлердің тез құбылып өзгеруіне ықпал етеді. Сезім тез пісіп, ой ілезде жанарады.

Рамазан шырғалаң оқиғалы жанрды ар-ұждан мәселелерін шапшаң шешудің оңтайлы тәсілі есепті қолданса, жазушы Кемел Тоқаев құлықтық қатынастар шырғалаңын шешу мүмкіндігін сол жанрдың өз қойнауынан тапқан. «Тапқан» деу оңай, табу қиын. Бөгде әңгіме шытырман оқиғалы шығарма заңына қайшы келеді, шиеленіскен жұмбақ жағдайлардың шешілу қарқынын бәсеңдетеді. Детектив шығарманың шеңбері қылмыстың жасалуы мен әшкереленуі шеңберінен аспауы тиіс. Сонда да Кемел апас-құпас оқиғалар шапшаң алмасып, тартысы қатты бұралған домбыра ішегіндей шертіп тұрған сюжеттен саңылау тауып, ұлы Абайдың: «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесен істің бәр бос» деген ойын дамытатын тақырыптың жаңа бір қырынан үлкен әңгіме қозғайды. Туындының соңына дейін қайталанып отыратын бұл әңгіме алпысыншы–тоқсаныншы жылдар үшін тосын тақырып еді. Ол кезде ұлт төңірегіндегі мәселе тек ұлы халықпен достық, ары кетсе интернационализм төңірегінде ғана ұйытылатын. Таптық принцип тіпті ұлттың бүгіні тұрсын, кешегісіне жолатқызбайтын. Ал, мына романда сол ұлт мәселесінің маңызды бір тармағы ағайын ала болмауы мәселесі өрісті әңгімеге беттеп, детектив құпиясының бетпердесін жыртуға атсалысып, өзінше бір амалға айналып, оқиғаның тұтас арқаулы сюжетін ширата түседі.

Шегебай дейтін сауда қызметшісі колхозшыларды таразыдан жеуі үстіне ішіне пышақ айналмайтын қызғаншақ. Қызғаншақ құрты жегідей жеген қара ниет, ақыры жақын туысқанына өсіп кетеді деп пышақ салуға дейін барады.

Сол Шегебай тағы да бір жақын туысының тойын тоз-тозын шығарам деп байбалам салады. Анасы Ләтифаға, әйелі Жаңылға тойға қатыспайсыңдар деп үзілді-кесілді тыйым салмақшы болады. Ләтифа тоқтау айтады:

«– Балам, мынауың білгеннің ісі емес, пейілі шикі, ақылы күйкі пәнденің бишаралығы дер ем. Бауырыңды, жақын жұрағатыңды жат тауып, ортаңнан, жұртыңнан алыстап қайда барасың? Кімнен тірек таппақсың? Ұясынан безген құс оңбайды...»¹.

Роман шытырман оқиғасынан бір сәт ауытқымай, көлденең соқпаққа бұра тартпай-ақ осы ойын жеріне жеткізе пісіреді.

Шегебай – күрделі характер. Қомағай, сумақай, сенің атың тоқтай тұрсын, менің атым жүре тұрсын ғана емес. Өзгеден сыбағам артық болсынды еппен істейтін айлакер, алаяқ. Айналасын арызбен де, өзге қулық-сұмдық істермен таптап, өшіріп құртуға дайын тұратын «таныс бейтаныс» ағайынның бірінен. Жаңадан алған әйелін жасытып алмақ ниетте өтірік мас боп, шөлмектесіне не бір ияуыз сөздермен былапыттатқанының өзі не тұрады. Ар-ұяттан ада зинақор да. Өзінің бала таппайсың деп тастап кеткен әйеліне тағы да аяғын артпақшы боп жан ұшырады. Шегебайдың ағайын ортасына сыймай саяқ жүргенде тапқаны маскүнем басшысы. Сонымен және кісі өлтіріп түрмеден қашқан Ноян Тайшықовпен ауыз жаласады. Ақырында қолы қан қылмыскерге айналады.

Қазақ ұямыз – таза, пәк ұя. Содан безсең – азғындайсың деген идеяға осы қылмысты ашып, жазықсыз Қаражанды түрмеден босаттырып, Шегебай мен Нояндардың жымын білдірмейтін жылан жүрістерінің бәрін әшкерелеген милиция қызметкерлері Тайжан мен Майралар да қатысты. Олар бар жұмысын халықтың ну ортасында жүріп атқарады. Не шаруасын тың тыңдау үшін емес, қазақ ұлтының пәк мораліне сүйеніп істейді.

¹ Тоқаев К. Солдат соғысқа кетті. Романдар. Алматы: Жазушы, 1983. 307-б.

Шолу жасалып отырған әдеби кезеңнің тағы да бір жаңалығы, шытырман жанрдан – сатиралық роман туғызуы. Осы айдармен тіл-тұрқы құйып қойған әпенді, атақты сатирик жазушы Садықбек Адамбековтың «Атылған қыз турал аңыз» атты шығармасы дүниеге келді.

Дем салдырып, тұмар жаздыртайын деп келген Тасби-ке деген жесір әйелдің омырауына қол жүгіртіп бас салған сәлделі күнәкар Сыбан молданың жігітшілдік әрекетін суреттеп езу жидыртпайтын беттерден басталатын роман, соңғы нүктесіне дейін күлкіге көміп тастайды. Осынау жалғанда өз жаназасына өзі қатысқан, ағайын-туыстың қалай өтірікті-шынды жоқтайтындарын көрген пенде өмірде тұрсын, ертегілерде кезікпеген. Ал, мына романның Жаманқара дейтін он жылға сотталып Магаданнан бір-ақ шыққан қазына жегіш, алаяқ қу кейіпкерінің қолынан ол да келетін боп шығады. Сөйтіп асына жиналған бауырмал батагөй жұрт есебінен мал жинап, бөтегесін томпайтады.

«Атылған қыз туралы аңыз» романының сатиралығы соншалық уытты деуге келмейді. Шығарма өңшең жеңіл, қалжыңы басым диалогқа құрылған. Бұл көбіне-көп комедияға тән қасиет. Онда қыл аяғы пейзаж да күлкі шақырады. Құйын екеш құйын да кәдуілгі шыр көбелек ұйтқуынан жаңылады. Жүк машинасының, тағы бір газиктің жүрістері өздері сияқты темір көліктердің жүрісіне ұқсамайды. «Өрмектей үзіліп, тарап бара жатқан шаң арасынан озып шыққан жүк машинасы мас адамдай теңселіп, көшедегі қаз-үйректі үркітіп, ит атаулыны соңына шұбатқан бойы Сыбан молданың есігінің алдына тоқтады»¹.

Осы стильде дамитын сюжет таза комедиялық көріністерін үсті-үстіне төпелейді: романда бір адам асылып, бірі атылып өлді деп хабарласақ та, ақтығында екеуі де дін аман боп шығады.

XVI–XVII ғасырлар бойы әлем әдебиетінде мұттайым деген роман (плутовской роман) жанры үстемдік еткен. Бұ-

¹ Адамбеков С. Атылған қыз туралы аңыз. Алматы: Жазушы, 1980. 7-б.

лардың прототиптері нешеме жылпос алаяқтар, тоғышарлар, кедейленген аксүйектер, бөтеннің есебінен тамақ асыраушы пысықайлар, шала оқыған студенттер, ұры-қарылар, жылпың сумақайлар болған. Оларды пикаро деп атаған. Садықбек романының кейіпкерлері: алаяқ Жаманқара, Сыбан деп өзіне ат қойып, аңқау елге арамза молда боп жүрген Мақаш, парақор тергеуші Тәнкей дәл сол пикародан айнымайды. Заңды айналып өтуге, не қулық-сұмдықты ойлап табуға келгенде алдарына жан салмайды.

Садықбек Адамбековтың «Атылған қыз туралы аңыз» атты туындысы ХХ ғасырдың екінші жартысындағы ғана емес, жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы сатиралық комедиялық прозаның тұла бойы тұңғышы да, үздік саңылағы да. Сайқымазақ қуақы тілі, алғыр, терең психологиялық мінездемелері, алаяқ жебірлердің сан типін жасаған шеберлігі, композициясының бас алдырмай оқылатындай етіп мінсіз құйылуы жағынан ұлтымыз мақтан тұтарлық елеулі шығарма деп мойындауымыз керек. Жанды образбен көмкерілген роман ойы, көркем идеясы Айбалта атты жаны таза, кестім болды, шештім бітті характердің сөзімен шығарма соңында қысқаша қайырылған: «Қайран, көрінгенге жем болған аңқау ел!»¹.

Сонау Алтай түпкіріндегі бір шөкім ұжым мүшелерінің тағдыр, тіршілігін бар парықты-парықсыз қалпында көз алдына жаудыратып алып келетін жазушы Қалихан Ысқақовтың «Қараорман» романы (1981) бұра сөйлеп күлкі шақыратын тілі, стилі жағынан сатиралық, комедиялық жанрларға біртабан жақын.

«Жын қаққандай шарқылдап сатал-сатал «техничка» қуып жетті. Тонқалаң асатындай лықсып барып кілт тоқтады да, қол көтерген Сан Санычқа дударбас шофер:

– Мерзавчик будет?! – деп бежірейе қалды»².

Садықбек романындағы мас адамдай теңселіп жүретін машинадан айнымайды, құдды сыңары... Машиналары ғана емес, кейіпкерлерінің қағытпа, қыршаңқы тілдері жағы-

¹ Сонда, 310-б.

² Ысқақов Қ. Қараорман. Алматы: Жазушы, 1981. 96-б.

нан да ұқсас. Ұқсамайтыны алып-жұлып бара жатқан оқиғаға сырдаңдау жылып қана ағатын қоңырқай сюжеті. Роман кеңестік заманның өткен ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарындағы сұрғылт сиқын кино лентадай жайлап көз алдыңнан сырғытып отырады. Кейіпкерлерінің кәсібі Алтайдың таулы ормандарынан ағаш кесу. Көпшілігінің мекен-жайлары қалада, ризық-нәпақа табатын жерлері далада яки сыртта. Өздерін «калымщиктер» деп атайды. Орысшасынан тәржімалағанда, мәні мақтан тұтарлықтай емес. Қоғамдық іске зиян келтіруден пайда табатындар солай аталады.

Бұлардың да тірлігі былай қарағанда тұйық тірлік. Жаз бойы жан аямай тер төгу, қойын-қонышты адал-арам ақшамен сықау. Өзгеде шаруасы жоқ сияқты. Әйтсе де қоғамнан бөлектеніп шет қалу қиын. «Қараорман» романындағылар, қалай дегенмен, ел, жер тағдырына байланысты әңгімеге, әсіресе, экологиялық мәселелерге еріксіз тартылады.

«...Жақтау терезеден қызыл иек кемпірдің бет-аузындай жырым-жырым Жындысайдың қапталы кетпей қойды. ...табандағы тас қорым, томар, түбіршіктерде қисап жоқ, кезінде едірейіп тұратын шоқылар орманынан айырылған соң арық түйенің өркешіндей мыжырайып қалыпты. Айналасы отыз-қырық шақырым арыстай тауды жұтып қойғандарына Бекет алғаш рет таңданып отыр»¹.

Бекет – Алматыда сырттай оқып, институт бітіріп келген бұрынғы балташы. Бала кезінде Қарашелек, кейіндернойыстығы мен бітеулігіне орай Тасқабақ атанып кеткен Жақыптың балташылар бригадасында «инкогнито» жүр. Жақып, әйелі Леся, суырып салма ақын Бескемпір, тырбық Мешелдер жасырын ағаш кесіп, заңсыз пайда тапқан. Жиырма мың текше метр ағашты жымқырған. «Жұтқыншақтың кең заманында бөрене де құйрық майдай жылмай өтеді»². Соның егжей-тегжейін жасырын тексеруге жіберілген. Жіберген лесхоз бастық, өзі палуан, әрі әнші-сері, қарташы, жомарт, әйел десе қырғидай тиетін сарыауыз Сіғат.

¹ Сонда, 88-б.

² Сонда, 59-б.

Бекет балташылардың шиін шығарам деп жүріп өлім тұзағына іліне жаздайды. Иығын жарақаттап, әйтеуір аман қалады. Кешегі серіктес балташылар жансыз рөлін атқарғаны үшін өлімге қиғаны ғой. Бекет өз тарапынан Лесяның қарнын қампитып қояды. Бір кереметі, бірі-бірінің жағасынан алып, аяғынан шалып жүріп осы кейіпкерлер ажырасып айырылып және кете алмайды. Адамдар қақтығысындағы әлі құпиясы беймәлім жаңалық. Ақ, қызыл боп жіктелетін психология бойынша бірі-бірін көрге тықпай басылмайтын қақтығысқа кереғар тартыс.

Роман өзге ел өкілін бөтенсіп жатырқамайтын қазақы мінезді табиғи көрсете алған. Саясат тілінде бұл халықтар достығы аталатын қымбат ұғым. Қазақ ішіне сіңіп кеткен кержақтар Сан Саныч, Осип қарт қазақша қидаласуға әбден шеберленіп алған. Бір жағынан жергілікті елмен сүйекшатыс. «Біз қанмен емес, жанмен достасқан елміз», – дейді Жақыптың әкесінің тамыры Осип шал. Жұрттың бір-біріне төзімділігі ерекше. Араларындағы арызды қардай боратып тыным таптыртпайтын Әбдіжапармен ат құйрығын кесісіп кеткен ешкім жоқ. Тіпті, аяғы ауыр Леся ақыры күйеуі екеуі (Жақыптың белі жоқ болса да) қайта қосылып тынады. «Дружба» достық деп аталатын бригада атын ақыр түбінде ақтайтындай.

Роман позициясы Жақып балташыларының күнкөріс үшін тірлігін айыпқа санамайды. Мыж-мыж кепкен шал айтатындай, бүгінде ит екеш ит те тезегін айналып бір иіскеп, тексеріп алмай далаға тастамайды. Бұлар, бірақ та, «білікті өмір» кешу керек екенін де бір кісідей сезінеді. Білікті, лайықты өмір сүрудің жолынан ең күйттелетіні ел-жұрт, орта татулығы үстіне табиғатқа қату болмау. Халықтың ту ортасында туған, тұмадан тынып аққан тұнық идея шығарманың адамгершілік аясын кеңейте түскен.

Автор Алатауды келістіріп суреттей алмаса да, Алтай пейзажын тамашалауға келгенде тіл байлығын таба білген. Әулие бұлақтың сұлулығына көзі тоймаған Бекеттің Сифатқа:

– Сәке, мынау жерде адам қартайып, кісі өледі-ау, ә?! – деуінің өзі еш нақтылаусыз-ақ жан толқытар нағыз тамыл-

жыған поэзия емес пе... Әрі қарай тіл безеп тәптіштеудің қажеті бар ма?

Жазушы бұл жолы орыс сөздерін алғашқы «Тұйық» (1975) романындағыдай аудармасыз оңды-солды келтіре бермеген. Орыс та қырғиша іліп түсетін тілге бай. Оны қазақ романында жеткізем деп әуреленуден пәлендей нәтиже шықпайды. Ал, әшейінгі машықты қарым-қатынасты, ара-тұра төтеншенің өзін кәдуілгі өмір ағысы етіп көрсету мәнерін автор сақтап қалған. Кейіпкерлер әртүрлі жағдайда характерлеріне сай әрекет ете отыра, үнемі ой арпалысында жүреді, іс-әрекеттері күнделікті күйбеңнен артылмаса да, айнала дүниеге оқыс, тың көзбен қарауға ұмтылады. Осы арада бір айтылуға тиісті нәрсе, автор оқушыны болған оқыс оқиғаның үстінен түсіріп, әңгімені жанды картиналарға айналдырып еліттіремін деп отырып, жан құбылыстарындағы туу, даму, сапалық өзгерістерге көшу жақтарын тасада калдырып қояды.

«Қараорман» романы 1989 жылы «Ақсу – жер жанны» деген атпен қайта өңделіп басылды. Жаңа нұсқа роман көкжиегін кеңейтуі үстіне алпысыншы жылдары басталған әдеби кезеңнің қорытындысы іспетті әсер қалдырады. Шығарма жаңалығы кеңестің азды-көпті тарихындағы қанды зобалаңның жаңа суреттері берілуінде ғана емес. Жаңалығы – Сапаұлы Сифаттай кейіпкерінің өмірлік тарихында. Еліне беріле қанша еңбектенгенімен бар әрекеті заяға шығады. Тоталитаризм жіберген ұлан-асыр қателіктерін талай рет мойындады. Бірақ өз табиғатын өзгертуге қауқары жоқ. Өзі отырған бұтақты өзі аралап кесіп тастайтын әдетінен тыйыла алмайды. Сифат – Ақсу шаруашылығын ұстап тұрған қайраткер. Осы адамға не түрлі бықсық пәле жабылады. Ақыры партияның оң көзі аупартком бюросы түбіне жетіп тынады. Романда суреттелетін не олай, не бұлай емес бұлдыр тірліктің мәніне ешкім түсініп жетпеген.

Бюродан қайтып келе жатқан Сифаттың ішкі монологы осы ойға еріксіз жетелейді.

« – Аупарткомның қақ маңдайына қағып тастаған қозы көш қызыл матаны тағы бір оқып шықты: «Каждый час,

каждый день, каждый год и всю пятилетку досрочно!» Соған сеніп жатқан, ұмтылып жатқан біреу бар ма?»¹.

Сиғатты қойған зират басында жігіттерді жағасынан сілкілеп өкіріп жылаған Мешел атты кейіпкер олай да емес, бұлай да емес кеңестің бұлыңғыр тірлігін түсініп жетпейді.

– Біз осы кімбіз?!. Кімбіз?! Кімбіз деймін?! – деп зар қағады.

Сиғаттан босаған орынға Алматыға шақыртылып кеткен Бекет отыруы мүмкін. Бірақ, оның да ұшпаққа шығуы екіталай. Екіталай болатыны, шүкірлікке тәубе ететін күн өткен сияқты.

Романның соңғы жолдарын тыңдап көрелік. «...Елдің амандығын, жұрттың тыныштығын түгендемеген Сиғат қана, оның Қоңқай баурайындағы жетім күмбезге көшіп қонғанына үш күн болған Халық айтса, қалпы айтпайды, жалғыз мола қашанда қасына қонсы шақыратыны рас шығар.

...Бетеге кетсе, бел қалар, бектер кетсе, ел қалар, берекен кетсе нең қалар?»².

Берекені кетіріп отырған кім, не?..

Алпысыншы–тоқсаныншы жылдардың романы мұндай сұрақтардың не түрлісін алға тартады.

Адам Мекебаевтың «Дауылды жер» (1988) романы экологиялық мәселені оқушысын бейжай қалдырмайтындай етіп көтерген. Шопан көмекшісі Азамат бейнесі арқылы Мекебаев адамзат тағдыры және ғылыми-техникалық прогресс тақырыбын алға тартады. Тескілеп, бұрғылап, снарядпен қопарып есін шығарып жатқан Жер байқұстың сорына енді ракета дейтін алапат шықты. Ғарышқа ракета ұшқан күннің ертеңіне айдалада көлден бақа суырып әкететін адам айтқысыз дауыл тұрады. Ақыры мизам ұшқан дала енді мәйегін емген малға жайылым болуға жарамсыз халге ұшырайды. Адамзатқа, тірлік атаулыға табиғат ана. Оның емшегі суалса, әне ақырзаманың сонда тұмақ. Ал, ға-

¹ Ысқақов Қ. Ақсу – жер жаннаты. Алматы: Жазушы, 1989. 519-б.

² Сонда, 523-б.

рысқа ұшпауға, әлем кеңістігін зерттемесең күнің және қараң. Ертегідегі екі жол айырық: біріне түссең, атың өледі, екіншісіне түссең, өзің өлесің. Азаматтың (жалғыз ол ғана емес қой) осы дилемманы шеше алмай басы қатады...

Қазақ романы қай тақырыпта қалам тербемесін, суреттеп отырған дәуірінің тарихи бейнесін алуан типті характер сомдау тәсілімен кескіндеуге тырысатынын байқаймыз. Қаһармандары бірде таудан түскендей ірі адамдар болса (Нил Карпов), бірде қарапайым тірлік иелері (Қоспан). Бірақ оған бола характерлері ірілі-уақтыға жіктелмейді. Бәрі кейіпкердің жеке-дара қасиеттерінің қалай қашалып ашылғандығына, әлеуметтік төркінінің қандайлық ауқымда көрсетілуіне тәуелді. Алпысыншы–тоқсаныншы жылдардың туындылары, айталық, жазушы Шәрбану Құмарованың «Әйел шырағы» романы (1985) осы ақиқаттың әлі күн тәртібінен түспей келе жатқанына айқын мысал. Шәрбанудың кейіпкер тағдырына уақыт таңбасын салуға құштарлығы, ұлттық бояу, айшықтарға ерекше зер салатын мәнері әбден құптарлық.

Ұлы Отан соғысы жылдарының келіншегі «Торталар «жоққа мәзірет, барға қанағат» деп өсті...Құлын-тайдай ойнақтап жүрер кезінде, жалын күзеп, құйрығын түйіп соқаға жегілген бесті сәйгүліктердей Торталар бұғанасы қатпай еңбекке араласты. Сәнді киім қайда, жамау түспеген шыт көйлек, ұлтандалмаған киіз байпақ кигенге шүкірлік етер, соның өзі баршылық саналар, қуырған жүгері мен масақтан терген бидай талқаны тоқшылық саналар кез-тұғын»¹.

Бұдан кейінгі ұрпақтың өмірге қоятын талабы әлдеқайда биік. Тортаның қызы Пәризат – «Еңбек ет те, міндет ет дейтін кең, молшылық кезеңнің», уақыты бөлек, бейбіт заманның бойжеткені. Әрине, соғыс жылдарымен салыстырғанда... Әйтпесе, роман суреттеуінде сушы геолог ғалым Ақтеңгеден өзгелерінің шекесі шылқып, мұрнынан есек құрт түсіп қалғандары жоқтың қасы. Бір романда екі әйел алып үлгеретін, Ақтеңгені күйеуінен айырып қосылып, ар-

¹ Құмарова Ш. Әйел шырағы. Алматы: Жазушы, 1985. 65-б.

тынан салақтығы, әйелдік сиқы жоқтығы үшін айырылып, ауылдан келген медбике Пәризатқа үйленетін аспирант Әбдіқайым кандидаттығы бекімеген күйде тыйын санаумен күн кешеді. Пәризаттың ағасы келеңсіздеу, сауыққұмарлау Алмастың табысы ішіп-жемнен артылып көрген емес. Бұрынғы майдангер, қазіргі орташа газетші Нақан да отбасын үлде мен бүлдеге бөлеп тастайтындай шен-шекпен киіп жүрген жоқ. Тапқаны тапқанына әрең-пәрең жететін Пәризаттың да жәйі белгілі...

Осы құлатөбел тұрмыс фонында автор үлкен проблемаға – қоғам мен отбасындағы әйел қауымының орнын тағайындауға күш салады. Отбасы идеалы Пәризат болса, қоғамдық істер үлгісі ретінде Ақтеңге тақырыбы ұсынылады. Екеуі қосылып махаббат бесігін тербейді. Ақтеңгенің ғылымға беріліп, ала жаз экспедицияларда сарқыла еңбектенуі оқушысын иландыратыны сөзсіз. Шешімді мінезі де сүйсінтеді. Кісіні мәңгіртіп жіберетін митың сұрғылт тұрмысқа көнбейтін, қайнардай атқылаған қызу тіршілікті аңсайтын Ақтеңгедей әйел асылына сүймей тиген күйеуінен ажырап, тәуекелге бел байлауы тұлға-тұрпатына жараспайды дей алмайсың. Жараспайтыны, бұл бейненің соғылуындағы олқы тұстары. Арзандатып отырып, кенет аспандатуға көшеді. Әбіқайымның қызметке түсуіне бөгет жасап биік бойын аласартып алған кейіпкердің іле-шала үлкен саясат мәселелеріне қол артуы оншалық нанымды емес. Оған шығарма композициясы қалануындағы ойқышойқылар кінәлі. Махаббат мазағына ұшырап жүрген әйел аяқ астынан пресс-конференцияға шығып, тоталитарлық жүйенің қайшылықтары жоқ деп шет ел өкілдерінің көзін жеткізуге көсіле көсемсіп озеурейді. Біреу-міреудің қалтасына түспей, ұтқыр, шешен, тапқыр сөйлейтін тілді роман осы тұста газет штаммына малтығып, қызыл сөзге ұрынады. Сол кездің күсініктерінде саясаттан жаңылып тұрған жоқ десең де, чсаттанды жарапазан шығарма сазын бұзып, құлаққа тосаң сстіледі. Эпизод характердің ішкі даму заңдылықтарынан туындамайды. Көзге шыққан сүйелдей.

Шолу, талдау жасалып отырған әдеби кезең романдарының табысы да, шалысы да қарайлас. Заманының қыр-сырын толымды, тереңінен қопара ашқан туындылар соңында малтығып, шаң жұтып, тезек теріп қалғандары да азшылық емес. Кезінде І. Есенберлиннің «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», С. Бақбергеновтың «Кентау», С. Алдабергеновтың «Мезгілсіз күз» атты романдары қатты сынға ұшырады. Көбіне көркемдік әлсіздіктері, ағаттықтары үшін.

Социалистік реализмнің саясатқұмарлығы, айқайшыл ұрандарды жоқ жерден құлағынан тартқылап әкеліп көркем мәтінге сыналап тықпалауы, тілдік, стильдік мүкістері «Алтын құс» романының көркемдік сапасына едәуір нұқсан келтірді. Шығарманың әңгімесін алып барушы әрі бас геройы Сабырдың тар шеңберлі дүниетанымы Ленин, Держинский, Гитлер есімдерін оңды-солды ауызға ала бергенінен кеңейіп тұрған жоқ. Төл сөз бұрмаланады. Ақын сөзін тырнақшаға алдың екен, сол күйінде беру керек қой. Сондықтан «Адамды өлді деме, артында өлместік ісі қалса» деп Абайды редакциялау келісіп тұрған жоқ. Неміс графинясы, әрі Винтер дейтін фашистің жұбайы халықаралық әйелдер күні 8 наурызды тойлайтыны кәдік... «Малдың аласы сыртында, адам аласы ішінде» дейтін тіркестің «жыланның қарасы», «адамның қарасы» деп түзетілуінің де қажеті шамалы.

Бас кейіпкер Социалистік Еңбек Ері Сабыр Ақбаян дейтін жеңіл жүрісті әйелдің опасыз жан екеніне, сырты ғана алтын секілді алдамшы, іші жез екеніне көз жеткізу үшін бүкіл ғұмырын сарп етеді. Ең соңғы ұшырасуларында Ақбаян бурыл бас Сабырды абыройсыз халде қалдырып кетеді.

Ал, роман идеясы «егер махаббатты тот баспайтын шын алтын болсын десең, жалған сезімнен аулақ боп шындықты арман ет»¹, – дейді. Дұрыс идея. Әсіресе жастарға пайдалы. Жалған махаббат көлеңкесінде бүкіл өмірін қор етіп, бармағын тістегендер қаншама...

¹ *Есенберлин І.* Алтын құс. Алматы: Жазушы, 1972. 181-б.

С. Бақбергенов «Кентау» романының алғашқы жартысын шахтер, көп жылдар стахановшы Қамбарбектің үй-іші болып майданда өлді дейтін баласын жоқтап қайғыруын суреттеуге арнаған. Сөйтсе баласы өлмеген, Құдайға шүкір, тірі жүрген болып шығады. Романның екінші жартысы Қамбарбектің Жайынбай деген жұмысшыны атып өлтіру хикаясын ұзақ сонар баяндайды. Автор кісі өлтірген қылмыстыны қалайда ақтап алуға тырысады. Кітап соңында Қамбарбек жазасының үш жылы кемітілгені куанышпен хабарланады. Осының бәрі: «Адамның тағдырын, ісін, оның мұң-мұқтажын, мұратын бірінші орынға қоятын уақыт жетті» деген қорытынды жасауға қажет болған. Бұл қорытынды Қамбарбек қылмысын ақтау ниетімен жанаспайды.

Жазушы-академик Ғабит Мүсірепов атап көрсеткендей, «толыққанды әдеби бейнелер тобының жұтаң көрінетін»¹ себебі, қай кейіпкердің нағыз замана қайшылықтарынан сырттап, уақ-түйек шаруашылық мәселелердің маңайынан күйбеңдеп шыға алмауынан еді. Амантай Байтанаевтың «Жаңбырлы дала» романында (1965) біздің замандасымыз жас инженер Досжан тым әрекетсіз. Әрекетсіздігінен характері ашылмай қалады. Жас қайрат алдындағы бар бөгет атаулыны автор жұлып алып тастап отырады. Институтты бітірген кейіпкер совхозға орналасады. Директордың көмегімен тракторшылар курсына ұйымдастырады. Курс тыңдаушыларынан Бибігүл атты қыз жас мұғалімге ғашық болады. Досжанның бұрынғы қалыңдығы Күнімжан тыңға аттанудан бас тартқандықтан, жігіт жүрегі оған тез суиды. Көктем туады. Бибігүл жарыста бірінші орынды жеңіп алады. Досжан Құдай қосқан жары озат тракторшы қыз екен деген түпкілікті шешімге келеді.

Көркем шығарманың бар мүшесі тең. Бір жері олқы соқса, басқасына салқыны тимей қоймайды. Роман осылай болуға тиісті-ау деген жорамал схемаға құрылғандықтан тілінде салақтық ұшырасады: кейде тым тәтті, әсірешіл

¹ Қазақ әдебиеті. 1966 ж. 18 наурыз.

сөзге үйір. Әлдебір майда шаруашылық табыс жәй қуанатса бір сәрі, «шексіз қуанышқа» бөлейді. Тракторының бір жері сынса, жүргізуші көңілінде аз-маз реніш тууы мүмкін. Ал, Бибігүлді, тракторы бірер сағат тоқтап қалса болды, «ауыр қайғы» басады.

Сыдық Алдабергеновтың «Ар алдында» (1960) т.б. кей туындыларын сын, тіпті жарық көретін шығарма емес деуге дейін барды. Жазып отырған объектісін автордың өзі тұспалдап орта есеппен мөлшерлейтіндіктен кейіпкерлерін де көзге елестету қиын. Ағымдағы сын Бекділда Алдамжаровтың «Жықпыл», Дүкенбай Досжановтың «Мұхтар жолы» (1988) романдарындағы әлеуметтік салмақтың жетіспеушілігіне, той-думан, дастарқан басы, «отырыстарға», ішіп-жеуге шамадан тыс көңіл бөлінгеніне наразылық білдіреді. Мұнды, шерлі, көп ғұмырын у ішіп өткізген Мұхаң бейнесін ылғи дерлік шат-шадыман қалыпта, ақыл соғушы абыз етіп көрсетуден шығарма ұтпаған, ұтылған¹.

* * *

Жалпы алғанда, алпысыншы–тоқсаныншы жылдар романдары ағымдағы заманды терең зерттеу нәтижесінде әдебиеттің тақырып аясын бұрынғыдан әлдеқайда кеңейтті. Проблемалығын барынша өрістетті. Өмірмен байланысын күшейте түсті. Қазақ әдебиетінің алпысыншы–тоқсаныншы жылдары әсіресе осы замандық тақырыпты қазақ романы үшін жомарт жылдар болды: көп егіні бітік шықты. Жаңа тақырып өрістерін жайлады. Заманының көкейтесті, зәру шындығын, ұлан-ғайыр құбылыстарын уақыт ағысына ілесе отырып суреттеп, идеялық-эстетикалық зор мәнді түйін түйде, өмір танытуда бағалы қызмет атқарды.

Замана ауанына қарай мазмұн өзгеріс тапты. Осыған сай бейнелеудің эстетикалық принциптері жаңаланды. Роман поэтикасы байыды, жанрлық бұтағы жайылып өсті. Ком-

¹ Қараңыз: «Жұлдыз» журналы. №9, 187-199-б., №11. 178-189-б. Серікқалиев З. Сын кітабы. Алматы: Жазушы, 1997. 244-б.

мунистік үстем идеология қаншама қақпайлап шаужайласа да, бұл кезеңде жанр тап майданы дейтіннің қан сасыған шептеріне бұрынғысындай ентелей бермеді. Тап-таптың қиян-кескі қырқысын суреттейтін әлеуметтік роман шаулап, халі азайған қалып көрсетті. Оған қарап роман түр-түрі көбеймесе, сиреген жоқ.

Романның эпикалық құлашы кең панорамалы түрі бүгінгі өмірді, қоғам тірлігін қатпар-қатпарымен түгел суреттеуге әрекеттенді. Жанарын, жүрек сәулесін адам тірлігінің не қиырына түсіруге мүдделі, жаны жомарт парасатты ой иесін замандастар арасынан тауып кескіндеді. Роман-эпопеядан панорамалық романның айырмасы, соңғысына өткір публицистика тән. Ол өмір ағысына ілесіп, жаңа болмыстың бар саласын қамти отырып, тірлік қайшылықтарының сыр-сипатын қуатты парасат иелерінің образдық жүйесі, көсемсөз дәрежесіне көтерілген айшық-өрнекті тілі арқылы талдап саралайды.

Көркем психологизмге бет бұрған роман түрлері өз алдына бір төбе. Ол кейде детектив жанр киімін киюге дейін барды. Өндірістік, отбасылық, адамгершілік ар-ұждандық жанрлар психологизм тереңіне бойлап, билік басындығылардың, қатардағы адамдардың, ғашықтардың жан әлеміне үңіліп, ішкі монологтарын ақтаруға ден қойды.

Қызыл империя тұсында әдебиет әсіресе ұлттық тақырып жағынан қатты шідерленді, көп жапа шекті. Сонда да қолайын тауып бұл қиынға да ат ізін салғанын көреміз. Ат ізін салғанда, дәстүр мәселелеріне біраз барғыштады.

Әдебиет өмір айнасы ғана емес, өз тарапынан жаңа әлемнің жасаушысы да. Болған істі көрсетуінен, болуға мүмкін істі көрсетуі басымырақ екені сонау Аристотель поэтикасынан бері белгілі ақиқат. Алпысыншы–тоқсаныншы жылдар романы жалаң идеология, науқаншыл саясатқа табынудан негізінен бас тартты.

Сонымен бірге жоғарыдағы талдауда айтылғандай, осы замандық роман кемшіліксіз де болған жоқ. Көркемдік сапасы төмен, тілі жасық, газеттің жаттанды тіркестерінен

қол үзе алмаған, оқиғалары жымдаспаған, бастаған идеясын аяғына апара алмай дөйдала кететін шығармалар да аз кезіккен жоқ.

Шолу, талдау жасалып отырған әдеби кезеңнің проблемалары тәуелсіздік заманы әдебиетімен табиғи жалғасады. Сөз еркіндігі там-тұм уақытта бар дауыспен ағынан жарылып айта алмаған, тақырып етуге мүмкіндігі, мұршасы келмеген, тәуекелі жетпеген өмір құбылыстарын саралап суреттеуді жаңа дәуір үлесіне қалдырады.

ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Ардақты әлеумет!

Достар!

Бүгінгі салтанатқа сіздердің алдарыңызда сөз сөйлеу үшін мына мәртебелі мінберге көтерілгенде мен, ұлы жазушымыздың ұлы мұрасы хақында мерейтойларда әдетке айналған алау-жалау мадақ санын көбейтпекке шығып тұрғаным жоқ. Менің тілегім – еліміздегі сыйымдылығы жағынан ең үлкен Республика сарайының кең залын кернеп жұмыла жиналған сіздерге, мына сахна төріндегі потретінен құрмет-қошеметтеріңіз үшін ағалық алғысын білдіргендей, мейірлене қараған Ғабеннің сағынышты келбетіне қоса оның биік рухы да бізбен бірге болса деген тілек. Ел тұлғасы бола аларлық жазушы қатары сирек, қазір тіптен сиреп барады. Бүгінгі қазақ арасында жаңа серпін, жаңа көзқарас, жаңа өрлеу әкелетін болашақ тұлғаны сарылып күту бір басқа да, терең, парасатты ойдың бар тұнбасын шайып тастамау екі басқа.

Осы мерейтой әу деп шеру тартқанда жазушының Алматыдағы мұражайы жөндеуден өтіп, қайта жарақтанып, кірсең шыққысыз қалыпқа енді. Сол мұражайдың ашылу салтанатында маған тұтқиылдан бір ой келді. Қандай ой? – дейсіздер ғой. Ол жазушының кітаптары, қолжазбалары, өзге де мүліктері көзге оттай басылады, рақмет,

үкіметімізге дей отырып, тек Мүсіреповтің өзін музей экспонатына айналдырып алмайықшы деген ой. Мүсіреповпен мақтана жүре, Мүсіреповті бүгін де ел-жұртына қызмет етіп келеді, бұрынғысындай ел тұтқасы, біздің мына тәуелсіздігіміздің Алатаудай арқа сүйейтін рухани тірегі екенін ұмытпайық деген ой еді.

XX ғасырдың бас шенінде Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» деген ұран тастады. Ғабен сол XX ғасырдың орта белінде қазақтың қалай оянғанын паш етті. Бас кітабы «Оянған өлке» романы сол қыран-топан өзгерістерді дәйектеді. Амал қанша, біз бұған дейін бұл оқиғаны жеріне жете түсінбеппіз. Ояну мәнісі – қазақ даласында гудоктың айқай салуымен, Бұланбай секілді жұмысшылардың, Игілік, Ушаков құралпас бай, капиталистердей жоталы типтердің тарих сахнасы төріне шығуы ғана деп түсініппіз.

Жұманның қара сабасының жарылуы, үлкен күміс самауырынның жынды Байжан оттығына салып жіберген тас көмір қуатына шыдай алмай, балқып, көгеріп, долырып, масқара күйге еніп, істен шығуы жаман шындық рәмізі болғанда, Игіліктің он екі қанат ақ үй тіккізіп, орыс капиталистерімен ауыз жаласуы жақсы шындық жоралғысы екені рас.

Бірақ нағыз ояну дегеніміз – осы шындықтардың қордалануын нәзік бояулармен, әуенді әсем айшықпен, тосын теңеулермен, сәулелі, зілсіз күлкімен, зор қуатты астарлы суретпен беретін Мүсіреповтей қайталанбас хас шебердің биік тұлғасының қазақ арасынан жарқ етіп көрінуі болса керек. Ол оянуды алдымен ұлттық һәм әлеуметтік санамыздың оянуы деп түсінуіміз керек.

Ұйқы басып, есінеп, керіліп-созылудан тез арылу қажеттігін көрсететін белгі тіпті Байжан бейнесінен, әсіресе осы ақ жүрек, аңқылдақ, қонақжай, бір шағым қулығы да жоқ емес, шақпа сөзге үйір, тұла бойы қазақы жаннан да молынан табылады. Қазақы дегенде мен бәрімізге болмаса да бірқатарымызға тән аңғалдықты, бейғамдықты қоса айтар едім. Қара танымайтын Байжан орыс капиталисі Ушаковке Қарағанды жерін не бары 240 рубльге сатса, енді мына замандағы экономикалық білімі ұлан-асыр, қай жа-

ғынан да кемелді бүгінгі байжандар талай өнеркәсіп орындарын, басқа да қазына-мүлікті су тегінге сатып жібергенін олай демесек, қалайша түсіндіреміз? Байжан тұлғасында *үлкен тақырып*, жер тағдыры – ел тағдыры екенін еске салып сақтандыратын асыл аға ақылы неге бір құлағымыздан кіріп, екінші құлағымыздан шығып кетеді? Құлақ аса білсек, жазушы туындыларының бүгінгімен өзектес тағылымы жетіп артылады.

...Ұмытпасам, 1972 жылдың алғашқы қаңтар айында Ғабең телефон шалды. Асығып-аптықпайтын маңғаз даусын соза сөйлеп:

– Кім, Шериаздан, саған бір жаңадан жазылған әңгімемді оқып берейін, машинанды жібертесің бе? – деді.

Кабинетте екеуден екеуміз. Әңгімесінің аты «Боранды түнде» екен. Қыстың боранды түніне сұңгіп кеткенімді, сүйетін қызын алып қашпақшы жігіттің, атқосшы баланың қолапайсыз әрекеттеріне күле отырып, шығарманың кенет күтпеген жерден сәтті аяқталғанына мәз болғанымды тәптіштемей-ақ қояйын.

Әңгімесінің қалай әсер еткенін менің бөлекше абдырап жадырай қалған бет-ажарымнан байқады ма, қалың шынылы көз әйнегінен жанарын тоқтатып жүзіме тесіле бір қарап алды да, шығармасына өзі сипаттама беруге кірісті. Зердемде қалған сөздері: «Бұрынғы өткен қазақ ауылының тірлігін қаралай, жерлей береміз, сол тойтық мінезден бұдан былай арылуға керек», – деді.

Енді ойласам, бұл әңгімеде көшпелілер өркениеті хақындағы кеңестік нигилистік көзқарастан арылу идеясы алғаш айтылған. Бүгінгі шындық өркені сол Ғабеңдей көріпкелі барлардан басталған. Жазушының «Болашаққа аманат» атты Сырым Датовқа арналған соңғы драмасын көріп отырғанда, туынды идеясының сонылығын, әттең Қазақ елі әрі дербес, әрі демократияшыл республика дәрежесіне жетер уақыт туар ма деп аңсаған асқақ қиялын біріміз түсінсек, біріміз түсінбеппіз. Айтпағым, жазушы Ғабит Мүсірепов даналығының оза шауып, қиыр болашаққа зер салатын қасиеттерін әлі тап басып жеріне жеткізе зерттей алмай келеміз.

Олай дейтінім, біз Мүсірепов шығармаларын жаңа тұрғыдан, тәуелсіздік белесінен оқуға олақпыз. Кешегі Ұлы Отан соғысы өртіне қазақ деген ұлт ерлігін әлемге әйгілеген «Қазақ солдаты», жазушының өзі «менің Джокондам» деп атайтын «Ұлпан» романдары, бас қаһарманы өмірде де, өлеңінде де сұлу Сәкен Сейфуллинді еске түсіретін «Кездеспей кеткен бір бейне», қойылғанынан бері сахнадан түспеуі жағынан Гиннес кітабына жазылуға лайық «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесалары, қазақ тарихындағы ескілік дәуірдің тұяқ серпуін суреттеген «Этнографиялық әңгімесі», сталиндік қаншелек құбылыстың ақырғы жиіркеніш таптанысына нүкте қойған «Сөз жоқ, соның іздері» деген әңгімесі, тағы да басқа жауһарлары бізге әлі де көп нәрсе айта алады.

«Қазақ солдаты» романы қазіргі ұлттық армиямыздың кітапханасынан табылса, одан жас сарбаз ерлік пен жанкештіліктің тағылымын алатынында сөз бар ма. Меніңше, «Ұлпанды» оқыған, «Қыз Жібек» операсын тыңдаған қыз Сайын көшесін жиектеген жезөкшелерден жиіркенеді. Әннен, таза өнерден жаралған Күләшқа еліктегісі келеді.

Ғабең бізге ғажайып творчестволық лабораториясын сыйлап кетті. Ол бүгіндер жұртшылық назары қатты ауған басылым Ғабеңнің «Күнделік» атты кітабы.

«Күнделік» кітабы, мен айтар едім, философиялық тереңдігі, қазақ ұлтының болашағын ойлауы жағынан XX ғасыр Ғақлиясы. Көзің түскен жеріне қадала қалатын, бас алдырмай оқитын бұл «қара сөзге көшірілген жыр» тебіренісінің өзекті тақырыбы тағы да сол қазақ қауымының болмысы, келешек тірлігі туралы сыршыл, парасатшыл жанның еркін әңгіме-дүкені болады.

Ғабеңнің көріпкелі Мағжан Жұмабаевтың көп ұзамай ақталатынын да сезген. Кемеңгер ұлттық ақынымыздың өлең жолдарының жадында қалғанын Күнделік блокнотына құйған да отырған. Тіпті Мағжан өмірі мен шығармагерлігі туралы болашақ жасалар баяндамаларының тақырыптарына дейін белгілепті: «Ақын мектебі – Блок, Фет, Абай, Брюсов», «Алаш пен ақын», «Ақын ұясы». Өттегене,

зерттеуі уақыт сараңдық етпегенде, мәселенің қойылысынан-ақ көрініп тұр, Жүсекеңнен, Жүсіпбек Аймауытовтан кейінгі мағжантанудағы бел-белесті еңбек боп шыға келетіні еш күмәнсіз еді.

Қайран Ғабел! Сіздің «Күнделігіңіздегі» көркем туындыларыңызға кіргендері де, кірмегендері де үзік-үзік пікірлер секілді көрінгенімен, тұтастай шолып қарағанда құрақ-құрақ әсер қалдырмайды, сом-бітім танытады, соған қайранмын. Ары ойланып, бері ойланғанда бұның сыры блокноттағы жазуларда Сіздің жеке өз басыңыздың тірлігі айтылмай, әлемдік өрісті тың ой қатпарлары орын тепкенінде ме деп түйдім. Тек кітаптың бірер бетінде ғана Райхандай ішіңізден шыққан құлыныңыз опат болғанда жылап отырып жазған, сондай жазмыш ісі басына түскендердің көзіне мөлтілдетіп жас келтіретін жан азабының азын-аулақ сілемдері бар. Өзгесінің бәрінен Ғабит Мүсірепов есімді ұлы азамат жүрегінің *елін, жерін* жаһандық өреден табылса деп армандаған дүрсілін естисіз. Иә, сол қазақ қауымының қуаныш-сүйінішінің, қайғы-мұңының, қиял-аңсарының жан дауысы боласыз.

«Күнделік» кітабындағы «Қазақ халқының тұтастығы жайында» деген шағын заметкаға көздеріңіз түскен болар? Мүсірепов үш жүз деп аталатын қауымның жігі айырылмайтын тұтастықтары бар дей келе, сол тұтастықтың шаруа ыңғайы, тілі, әні, күйі, аспаптары, т.б. он екі түрлі белгісін атайды. Сіздердің назарыңызды осы береке бірлік шартының ең маңыздысы – Ғабел ілкі орынға қойған тіл мәселесіне бір сәтке аударсам ба деймін.

Ғабелді жоқтайтын кезіміз аз емес. Әсіресе қазіргі қазақ тілінің үстемдігі үшін жанталас күрес барысында. Құқы сөз жүзінде таудай, іс жүзінде тоқымдай мемлекеттік тіліміздің бағы әлі күнге жанбай тұрған қазіргі жағдайда атышулы: «Ана тілін анамыздай қорғайық», «Авгийдің ат қорасынан бастайық» атты мақалалар авторының исі қазақты, барша елді аузына қарататын шешуші сөзі ара-тұра жетіңкіремейтіні қабырғаңа бататыны рас...

Осы жуықта ғана газеттен: үй іші әңгімеге ғана жарамды қазақ тілі шала-жансар күйде болса, аузына су тамызбай-ақ қоялық, жайымен жан тапсыра берсін деп көңірсіткенді де оқуға тура келді.

Бұған не дерсің? Мадқапыда жауап таба алмай Ғабенің мақаласына үңіліп едім, Абайдан келтірілген бір цитатаны көзім шалды. Сол сәтте ойлап отырғанымның үстінен түскендей екен. Абай: «Қайран тіл, қайран сөз наданға қадірсіз», – депті...

Тіл қадірі! Сол гауһарымыздың қадіріне жетіп болдык па? Ғабен: қазақ тілінің тарихи қайнарлары, будандаспаған, түп тамыры жаңа жыл қайырудың ар жағында, ой жетпес жерде әрі де жатыр, соны көбірек зерттейік деп еді. Тынған шаруа мардымсыз. Қазақтың сары даласы ұлан-байтақ. Тілі де кең, терең. Жас ұрпақ көзін осы ақиқатқа жеткізуіміз керек.

Ендеше, тілімізді Ғабенше аялай білейік дегім келеді. Ғабенше таудан аққан бұлақтай мөлдіретіп жазу, әрине, қиын. Бірақ Ғабенше жазу-сызуларымызға қатаң жауапкершілікпен қарауға, тілімізді қастерлеп құрметтеуге, ана сүтіндей ардақтауға үйрене аламыз және үйренуге міндеттіміз де.

Сөз соңында Ғабит Мүсіреповтің өзі іргесін қаласқан қазақтың ата буын әдебиетінің атынан ақырғы демі үзілерінде айтқан тілегін естеріңізге салғым бар. Жарықтық былай депті:

«...Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы...»

Өткен 2001 жылы тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына арналған «Отырар кітапханасы» сериясы бойынша жүзге жуық әдебиет туындылары жарық көрді. Аз уақыт бітеліп, суалып қалған тұманың көзі ашылды демесек, дәл қазіргі кезде Ғабит Мүсіреповтің халқымыздың нұрлы болашағын әдебиет ұлылығымен байланыстырған өсиетін орындауға белсене жұмылып кеттік деуімізге әлі ертерек.

«Тоты құс басына қарап сәнденеді де, аяғына қарап қорланады» деуші еді. Баспагерлік еңбек ардагері ретінде

мен көркем шығарма кітаптың мұқабасындағы тақырып, аталымына қарап қуанамын да, мұқабаны жабардағы тамтұм тиражына қарап күрсінемін. Жазушының туғанына 100 жыл толуына арналған шағын екі томдық жинағының тиражы бар-жоғы үш мың дана. Бір өлең жолын сәл өзгертіп айтқанда, аз емеспіз шет елдегілермен қосқанда он екі, он үш миллион қазақпыз. Осыған жаңағы тиражды көз дәрісі етіп тамшыға айналдырып тамызсаң да жетпейді ғой.

Бұдан 74 жыл бұрын, 1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне тираж мәселесі жөнінде жазған мақаласында 26 жасар Ғабит былай депті: «...Кітапты бастыру ғана мақсат емес, ел ішіне таратып, мәдениеттің құралы ету мақсат қой. Әдебиет елдің рухани өмірін тәрбиелеу үшін таралу керек дейміз. Осы «тарату» деген жағы бізде өте нашар...Бұл өнегелі іс емес. Таратпасақ, кітап басып керегі не?».

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2030» атты Бағдарламасында «тұтас ақпарат жүйесін жасау» міндетін алға қойды. Әлеуметтік қатынас құралы кітап – бұл жүйеден лайықты орын алатын уақыт жеткен тәрізді.

Қымбатты зиялы қауым!

Ғабит Мүсірепов шығармаларына үңілген сайын замана зәрулігімен байланысты проблемаларды суыртпақтап атай беруге болады. Жазушы үшін шығармасының өміршеңдігінен артық дүниеде не керек? Тілімізді, ділімізді келер дәуірлерде, туар заманаларда да амандап қалсақ, Ғабит Мүсіреповтей сөз ұстасының мұрасы талай қағаз мұхитынан Алатаудай асқақтап, кейінгі нәсілдерді, болашақ ұрпақтарды өнер сұлулығының небір мәйегімен тамсандыратынында шәк бар ма?

XX ғасыр перзенті Ғабит Мүсірепов басынан қилы-қилы заман өткізді. Соның бәрінде ол Мүсірепов боп қалды. Жүрек қаритын сұрапыл қиындықтарда жасымады. «Бейімбет жау болса, мен де жау!» деп айбын берген сөзді кешегі тоталитаризм аязы шаңытып қақап тұрған шағында қасқайып қарсы тұрып айтқан сабазға қазақ келешегінің талай ғасыры: «Пау, азаматым, жасай бер мәңгі!» дейтіні кәміл.

Мүсірепов қуанышқа, шаттық күндеріне, халқының алғауына да аз кезіккен жоқ. Сол алғау, марапат кеудесінде Алтын жұлдыз боп ұшқындап, Абай дәріптеген «Ер данасы» атанды. Соның бәрінде асып-тасымады. Өзінің сері мінезінен сексеннің сеңгірінде де айнымаған қалпында, өр кеудесін тік ұстап, бұл жалғаннан өтті.

ЮНЕСКО шешімімен бүкіл әлем назарына іліккен 100 жылдық ұлықтой жазушының өз тұлғасын да ұлықтай түсті. Бұл күндері біз Ғабит Мүсірепов рухына, Ғабит Мүсіреповтей перзентті дүниеге келтірген қазақ атты халқымызға иіліп тағзым етеміз.

ҒАБИТ СӨЗІ БҮГІН ДЕ КӨСЕМСӨЗ

Жаңа уақыт өзімен бірге жаңа сөз, соны тіркес ала келетіні мәлім. Кейде ескірген түсінік, терминдер жаңа мағынаға ие болады. Қазіргі демократия заманында тілімізге орныға бастаған сондай терминдердің бірі – көсемсөз.

Бұл термин қазақ ғұламасы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» алынып, бүгіндер ара-тұра «публицистика» деген халықаралық ұғымның баламасы есебінде қолданылып жүр. Осыған аздап күмәнім бар. Меніңше, мұндай түсінік Ахаңның пікірімен санаспай бұра тартудан туған. Публицистика дегеніміз – актуальды, көкейтесті қоғамдық-саяси проблемаларды қозғайтын жанр. Көсемсөз де – әлеуметтік жанр. Ол да бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық маңызы зор, толғағы жеткен өткір, зәрулі мәселелерге жұрт назарын аударып, көзін ашады. Бұл жағынан көсемсөз публицистикамен туыстас. Сонымен бірге айырмасы да елеулі. Ол айырмашылығы «Әдебиет танытқышта» тайға таңба басқандай етіп көрсетілген. Ахаң пікірі бойынша, бұл жанр екі негізгі шартқа жауап беруі тиіс. Біріншіден, «көсемсөз *әлеуметтік басшылық* есебінде айтылатын сөз» деген. Бұдан соң екінші шартын атаған. «Көсемсөз жазып, әлеуметке басшылық қылатын адам *көпті көрген көсем*, білімді адам боларға керек».

Сөздің қысқасы, публицистика жанрының өзге түрлері бір төбе де, оның көсемсөз атты түрі бір төбе. Атап айтқанда, көркем әдебиеттегі формасы, түрі, пішіні. Қалай болғанда да, мен «Ғабит Мүсірепов сөзі біз үшін бүгін де көсемсөз» деген тақырыпты осы Ахаңның өзі айтқан тұрғыдан қарастырған жөн болар деп ойладымыз.

Көсемсөз дербес жанр есебінде де ғұмыр сүреді. Көркем әдебиеттің қарымды құралы болып та қызмет етеді. Жазушы – өз заманының тамыршысы. Не туралы қалам тербесе де, өзі өмір сүрген уақыттың образы мен проблемаларын алға тартады. Ғабит Мүсірепов роман, повестерінде, әңгіме, эсселерінде, публицистикалық мақала деп аталып жүрген көсемсөздерінде – қазақ халқының былайғы тағдырларына байланысты өз уақыты күн тәртібіне қойған мәселелерді мейлінше өткір, өтімді, әр жүрекке жетерліктей етіп көтеріп отырды. Ол шығармалары – ұлттық дәулетіміз (Национальное достояние). Ешқашан ескірмейтін, тот шалмайтын құралымыз. Асыл алмаз тасындай көп қырлы болғандықтан, әр жаңа кезеңде ол жаңа қырынан жарқырайды.

Сондай туындылардың бірі – барша қазаққа аян «Оянған өлке» романы. Осы романның Н. Гордеева мен В. Дудинцев аударған нұсқасына мен бір кезде алғы сөз жазған едім.

1977 жылдың жаз айы. Мәскеудің «Художественная литература» атты талғамшыл, кірпияз, тек таңдаулылардың таңдаулысын ғана шығаратын одақтық баспадан телефон шалды.

– Осылай да осылай. Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке-сін» қайта басып шығармақпыз. Соның кіріспе сөзін жазуды сізге тапсырсақ деп ек. Қалай қарайсыз? Мақала бір ай көлемінде редактор столында жатуы керек.

Мен ат-тонымды ала қаштым. Баспа комитетінде істеп жүрген кезім болатын. «Сенім көрсеткендеріңізге рақмет. Бірақ уақыт тапшылық етеді. Сенсеңіздер, бұрыларға шама жоқ.»

– Сенеміз, әрине... Жазатын сыншы таппай отырғанымыз жоқ. Ғабит Махмудовичтің творчествосына жетіктер,

Құдайға шүкір, Мәскеуде де баршылық. Кіріспені сіз жазсын деп тілек қойған автордың өзі.

Мұны естігенде ойланып қалдым. Ау, күнде дерлік хабарласып тұратын Ғабең бұл жөнінде неғып жақ ашпады? – дейтін сұрақ басымның бір қиырынан жалт етті. Жә, оның жайын жата-жастана білерміз. Мәскеуліктерге не деуім керек? Жауап қысқаша қайтарылды.

– Жазушының өзі тілек білдірсе, амал не. Для нас просьба Габита Махмудовича все равно что для военного приказ вышестоящего начальства... – дедім.

Олай демеске амал қалмады. Ғабең ілуде бір тілек айтқан екен. Орындаудан бас тартсам, көңіліне келіп қалуы...

Демалыс күндерімді пайдаланып, көрсеткен бір ай мерзім ішінде мақаланы жазып бітіріп, баспаға телефон соқтым.

– Мақала ертең қолдарыңызға тиеді. Менен тілек: қалам тепкісіне ұшыратпай осы күйінде басасыздар.

Олай дейтінім, сол шақтардағы Мәскеудің құлағына жақпайтын бірер сөздер жазылған еді. Әсіресе мақаланың басталар тұсы күмән туғызуы мүмкін деп ойладым. Онда былай делінген еді.

«Өткен XIX ғасырдың орта тұсында, 1856 жылы орыс капиталистері Ушаков пен Рязанов Қарағанды көмір кенін сатып алады. Сауда-саттық ісіне кәнігі ку мүйіздер Қарағандыны су тегінге түсірді. 250-ақ сом ақша төледі. Қазақ даласына капитализм осылай ашкөзденіп, аранын аша келіп еді...»

Бұл сөздерді алып тастай ма деп қауіптенгенім, түсінікті болуға керек. Ашкөзденген капиталистердің қай ұлттан екені белгілі. Айтпағымның астарында орыс отаршылары, Ресей империализмі Қазақ елін күштеп те, алдап-сулап та әбден тонап бітті. Ен байлықтан жер иесі, кен иесі қазақ жарытып еш нәпақа тауып жатқан жоқ деген сияқты ой бар еді. Әйтеуір, бір тәуірі, секемшіл баспа бұл жолы мақалаға қалам тигізбепті...

Енді осы тарихты еске алуымның себебін айтайын. Себебі сол, соцреализм шығармасы дегеніңмен, «Оян-

ған өлке» романының көркем кестесіне жарасты өрілген көсемсөздері дәл бүгін басымыздан кешіп отырған уақытымыздың да ішіне тығып білдіргісі жоқ бірсыпыра дерттерін жария етеді.

«Оянған өлкенің» бас кейіпкерінің бірі Байжан Қарағанды кенін шет жұртқа су тегінге, 250 сомға сатса, аңғалдығынан, қараңғылығынан, еш нәрсенің нарқын, парқын білмегендігінен дейміз. Байжанды кінәлаймыз. Халық мүлкі сауда-саттыққа түсіп кеткен қазіргі жекешелендіру заманында одан да өткен сорақылықтар жасалып жатқан жоқ па? «Трактебель» дейтін аты шулы компания кідіріссіз жұмыс істеп тұрған 5 миллиард долларлық кешенді мың есе арзан бағаға, 5 миллион долларға сатып алып, міндеттемелерінің бірін орындамай пайдаға бөкті. Қазақстан үкіметі оған 100 миллион үстеме ақы төлеп әрең-пәрең құтылды. Шетелдік соттар бұл қарақшы компанияның ұрлығын әшкерелеп, 128 миллион доллар көлемінде айып салды. Тексеру барысында компания басшылары делдалдық қызметі үшін үш қазақстандық байжандарға 50 миллион доллар пара бергенін мойындады.

Айтты-айтпады. Жекешелендіру уақытының ақиқатын суреттейтін жаңа роман жазыла бастаса, ол бүкіл қазба байлықтарымызды, алып өнеркәсібімізді шет ел алпауыттарына тағы да су тегінге сатып жатқан геройын қалай бейнелеуі керек? Бұл кейіпкер Ғабең суреттеген Байжандан, әрине, қай жағынан да көш ілгері. Ендеше, көкірек көзі ояу, экономикалық ғылым-білімге жетік біздің заманымыздың байжандары неғып жер соқтырды? Неғып каниталисі бар, коммунисі бар ашқарақ дүниеқорлар қызыл кезеңдерінен тұтастай комбинаттарды құлатқан жемқорлардың оп-оңай алдай салатын жемтіктеріне айналды? деген сұрақтар бет қаратпай, боранды күнгі қиыршық қардай сабалайды.

Ғабең романының кереметтігі, халық өмірінің нелер ауқымды суреттерін көз алдыға келтіре отырып, осындай бүгінгінің пісуі жеткен мәселелеріне де еріксіз ден қойғызады. Ау, көзіңді ашсаңшы бір уақ, халайық. Мына малы,

жаны сиреп, барған сайын қаңырап құлазып бара жатқан далаңды да сатып жібермекшілер үні белең алып барады. Жердің асты-үсті бар қазынаңнан айырылып тотиып қалмайсың ба?..

Иә, күнделікті баспасөз, оппозициядағысы да, емесі де бұл жөнінде күнделікті құйылтып жазып жатады. «Шеврон» дейтін американ компаниясы Теңіз мұнайын өндіре отырып, алғашқы екі жылдың өзінде биржадағы құнды қағазының өсуінен ғана 2 миллиард доллар пайда тауыпты. Не керек, сол қыруар табысынан Қазақстан Республикасы бюджетіне соқыр тиын түсірмейті. Бүкіл Арқаның, Алтайдың, Атыраудың қазына байлығын сорып жатқан келісім-сектер тек өздерінің қалталарын қампайтуды ғана біледі. Әлеуметтік, экологиялық шараларға аттап баспайды, жол салып, үйлер тұрғызып әуре болмайды. Кей аудандарда қазір жиырмалап, отыздап саналатын кітапханалардан бір-ақ кітапхана істейді. Оның да кітап қоры жаңаланбағанына қаншама уақыт өтті. Міне, шет ел инвесторлары дейтіндер тым құрса соларға қол ұшын бермейді.

Бастапқыда шарасыздығымызды, тәжірибесіздігімізді пайдаланып, өздері мәжбүр еткен азын-аулақ салығымен ғана құтылғысы келеді. Азын-аулақ демей қалай дерсің, бұқаралық ақпарат құралдарынан мынандай сорақылықтарды оқығаныңда. Мысалға, «Испаткармет» дейтін акционерлік қоғам 2000 жылы 116,5 миллиард теңгенің өнім айналымын жасаған. Ал, төлейтін салығының коэффициенті 2,9 пайыздан аспайды. Енді осыны біздің отандық кәсіпорындардың салығымен салыстырып көріңіздер. Отандық бизнесмендердің салықтық жүгінің коэффициенті 15-тен 40 пайызға дейін барады. Осындай әділетсіздіктің боларын күні бұрын сезгендей-ақ, «Оянған өлке» романының шет ел концессионерлеріне пайдалануына берілген кезеңін суреттейтін екінші бөлімі «Жат қолында» деп аталған. Автордың романын не себепті олай деп атағанын енді түсінгендейсің. Ғабең «Жаны ашымастың қасында балтырың сыздамасынға» тағы да ұшырап қалмаңдар деп ескерткендей.Тек, әттегене, аға тағылымына құлақ асуға оншама

құлықсыздау, өзім білемдігім көбірек жұртпыз ғой. Әсіресе байтақ қазынамызды сату ісі сеніп тапсырылған бүгінгі Байжандар ...

Ондай опа таптырмайтын олқылығымызды кезінде ұлы Абай да мысқыл отымен қарыған. «Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбарып қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтындығы қалай?» – деп жауабы қайтарулы риторикалық сауал қойған. Сол себепті біз дағдарысқа ұшырап, мойны астына келген «Оңтүстік Азия жолбарыстарын» әлі күнге дейін үлгі тұтып, жер-көкке сыйғызбай мадақтап, тіпті бұрқыратып кітап та жазып тастадық. Оны көрсе, оны сақ, мұны көрсе, мұны сақ деген нақыл қайдан шыққан деп жүрсек, осындайдан шығады екен-ау. Иә, біреудің қаңсығын таңсық көруіміз бір бұл емес-ті.

Жазушының «Этнографиялық әңгімесі» бәріміздің есімізде. Осы әңгімеге тағы бір көз жүгіртіңіз де, бүгіндер айт-түйт жоқ Шыңғысхан культінен қоздырып, төре тұқымынан өнген хандардың, төрелердің кейде орынды, ал көп жағдайда орынсыз дәріптелетініне назар тігіп көріңіз. Суреткер ұзақ жылдар бойы ана туралы әңгімелер шоғырын, «Ұлпан» атты роман жазғанын, тіпті әр шығармасында осы ел көркі әйелдер жөнінде ұлы жүрегінің ең мөлдір тереңінен маржан теріп қалам тербегенін ойластырыңыз. Сол қазақ әйелінің де хал-ахуалы қазір қандай екені баршамызға аян.

Ғабен «Күнделігінде» әлсін-әлсін жоқтайтын, өлең-жырларын еске алып күрсінетін, ақталса екен деп тілейтін Мағжан Жұмабаев «Шойын жол» өлеңінде:

*Кешегі маңғаз бәйбіше
Қолында құрттай бір кесе,
Қатық сатып тұр ма екен?
Сорлының жанын жаралап,
Саудалап тұрған бір сар ит
Қалжыңдап шатып тұр ма екен?»*

*Алтыстағы аналық
Сатарына заты жоқ,
Көзін сатып жүр ме екен?
Көзін сатса, дариға,
Жанында бір қыз бала...
Қызын сатып жүр ме екен? –*

десе, бұл ақынның көріпкелі бар ма деп оқырман қауым не-ліктен таңырқайтынына түсініп жеткендейсің.

Ғабит Мүсіреповтың қандай шығармасын алсаңыз да оның күйлететін күйлерінен елім, жерім деген ұлы жүректің лүпілін естисіз. Тікелей жазылған көсемсөз мақалаларына дейін қазір де бас алдырмай оқылатыны сондықтан. Ондай көсемсөздерінің қалай аталғандарына дейін жадыңда қалады. Ұмытылмайды. Ұмытылмайтыны жұртшылық назарына ілігуге тиісті проблема көтерілетіні бірден сезіледі. «Желкелер неге қышиды?» деген көсемсөзі еске түседі. Мақала қоғамдық мал шаруашылығын салақсытқан басшыларға мірдің оғындай тиді. Ғабеннің «Авгейдің ат қорасынан бастайық», «Ана тілін анамыздай ардақтайық» деген актуальділігі еш кемімеген мақалаларын бүгін қайта жарияласаң жұрт бұрынғысындай жабыла оқыр еді. Тілдегі орашолақтықтар көбеймесе азайған жоқ. Жетпіс, сексен жыл бойы ел-жұрты бұл сөз зергерінің қаламынан туған жауһарларды соншама түйсініп, сүйсінумен оқып келеді. Қадірі күн өткен сайын арта түсуде. Өйткені Ғабен сөзі бүгін де, ертең де әрқашан исі қазақ үшін көсемсөз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Мүсіреповтану ғылымын – ұлттың дәулетін байыта берейік, кенжелетіп алмайық дегім келеді.

27 ақпан, 2002 жыл.

ҒАБИДЕН МҰСТАФИН

*Қазақта әзірінше Ғабиден бір,
Ғабиден шыға бермес әр үйден бір*
ҒАҒҰ.

Ғабиден Мұстафин – қазақ әдебиетінің «алыптар тобы» жасағындағы жазушы. Шығармагерлік жолы ертерек басталса да, бұл шоқ жұлдыз өресіне Ұлы Отан соғысы, соғыстан бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру жылдарында көтерілді. Оның «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды» атты сүйекті шығармалары қазақ көркем сөзінің осы аса бір бағы ашылған дәуренінде дүниеге келді. Мұхтар Әуезовтің Мемлекеттік Бірінші дәрежелі сыйлыққа ие болып, аты жер жарған «Абай», Сәбит Мұқановтың «Сырдария», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» атты романдарымен іркес-тіркес туып, солармен бірге Одақ көлемінде, қала берді әлем елдерінде аударылып, даңқы асты. Ғабиден Мұстафиннің бұл және басқа романдарының, повесть, әңгімелерінің, пьеса, публицистикасының қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны туралы академик-жазушы Мұхтар Әуезов:

«Ғабиденнің творчестволық жолына көз салып болжанда, көңілге жақсы жұбанышты ой салатын үлкен елеулі бір жай бар. Онысы, ең алдымен, бұл жазушының айнымас-тан, ұдайы бүгінгі күнгі үлкен өмірмен нық байланысты еңбек етуінде. Романнан романға, тақырыптан тақырыпқа ауысқан сайын Ғабиден сол үлкен арнасын сүйе түсіп, бар

жігерін сала түсіп, өсіре суреттеп келе жатқаны байқалады...Бұл жазушы, қай жағынан алғанда да, өнерінің өрінде, ұмтыла басып, биіктеп бара жатқан жазушы екенінде күмән жоқ»¹, – деген.

Мұстафин шығармалары әдебиетіміздің халықтық, реалистік дәстүрінде қанат қақты. Еңбекші халықтың аналық ырысты топырағынан нәр алып өркендеді. Елін, жұртын сүйіп өскен жазушы ауыр ахуал астында жатқан ұлтын алға сүйреу, жетектеу талабында өзге де замандас, қаламдас-тары секілді социалистік реализмнің, таптық принциптерін берік сенімді көңілмен қару етті. Өз заманының көркем шежіресін жасады. Әлбетте, бұл айтылғандардан жазушы шығармалары өз дәуіріне ғана қызмет етіп, мына нарық заманында бүгін-ертеңімізге жараудан қалды деген мағына тумасқа керек. Социалистік реализм жазушылары халқымыз қашанда мақтан ететін асыл дүниелерді аз жазбаған. Ғабиден прозасы қазақ халқы өмірінің күрт өрлеуін, ұлт бойындағы қасиеттердің жаңа сападағы үлгі-өнегелерін, жасампаздық рухын, келбетін реалистік мәнерде көрсетуімен қымбат. Ол заманның қазақты өркениетті елдердің қатарына қосқанын суреттейтін шығармаларын болашақ өмірге пайдасыз деу келте ойлағандық. Жазушының өзі бір кездерде ескерткендей: «...Өткеннің дұрысын да, бұрысын да өзгертпей айтсақ, соған қарап келешекке болжау айтуға болады»². Бұл – бір. Екіншіден, нағыз көркем шығарма қандайда көркемдік әдістің құндағында қалып қоймайтын, өз алдына тірлік ететін, рухы мен тілі шетсіз, шексіз бай дүние екенін де ұмытпауымыз керек.

* * *

Өмірі, кісілік тұлға-тұрнаты. Ғабиден Мұстафин 1902 жылы қараша айының 29 жұлдызы күні Қарағанды облысы Тельман ауданының Сарытөбе деген жерінде ту-

¹ Мұхтар Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1985. 18 т. 378-б.

² Мұстафин Ғ. Ой әуендері. Алматы: Жазушы, 1978. 3-б.

ған. Арғы тегі – Арғын, Қуандық, Алтай, Мұрат, Матай болып келеді. Соңғысынан Қыдыр, одан сары Мұстафа атанған болашақ жазушының әкесі. Мұстафа еліне сыйлы, көп сөйлемейтін біртоға, сөйте тұра қара сөзден есесін жібермейтін тура тілді, тәуекелшіл, қажырлы кісі болған. Қажырлылығының арқасында, дәулеті асып-тасып жатпаса да, екі рет қажыға барып қайтқан. Ғабиден түр-түсі, мінезі жағынан ақ көңіл шешесі Қадишадан гөрі әкесіне көп ұқсаған. Кескін-келбеті орыс өңді, шашы, кірпігі, ақшыл сары, қапсағай денелі, кесек мұрынның танау тұсы етектегі, сөзге сараң, не айтса да ойланып айтатын, алды-артын аңдағыш, қақ-соқта жұмысы жоқ адам боп өсті. Жиырмасыншы жылдары ҚазАПП, кейін Жазушылар одағына мүшелікке кіргенде бұл ұйымдардағы таптық, топтық күрестердің бәрінен абай жүруге, жікшілдік ауру-сырқаулардан бойын аулақ ұстауға тырысты.

Мұстафа қажы сары бала Ғабиденін ауыл молдасынан оқытады. Он жасқа жетер-жетпесте сәждеге басын тигізіп, бес уақ намазын қаза жібермеуге баулиды. Дегенмен, заман бетін түсініп, баласын Спасскі заводындағы Мұқажанның Жүсібі дегеннен бірер жыл орысша оқытып алады. Тағы да бір жылдай орыс-қазақ мектебіне беріп, енді қаратаныдың-ау дегенде ауылға қайтарады. Жас Ғабиден ауылында 1918 жылдан 1925 жылға дейін тұрады. Милиция қызметін атқарады. Жас өкіметтің барып кел, шауып кел жұмыстарын атқарысады. 1919 жылы Сейткемелдің Әубәкірі дейтін түбі өзбек, саудамен айналысып байыған кісінің Пәтима дейтін қызына үйленеді. Бір жылдан кейін Пәтима өкпе науқасына шалдығып, дүниеден озады.

1925 жылғы көктемде біраз уақыт қана бұрын бас қосқан келіншегі Зейнелмен Қазақстанның астанасы Қызылордаға қоныс аударады. Іздеген оқудың сәті түспей, кеңсе қызметіне жегіледі. Қазақстан Жоғарғы сотында қатынас қағаз тіркеуші боп істеп жүріп, газет оқуға ауызданады, жарияланған материалдардың ыңғайымен «Еңбекші қазақ» газетіне ұсақ хабар, кейіндер ірілеу жанрларға еліктеп очерк, фельетон, әңгіме жазып, қаламгерлік қабілетін сы-

нап көреді. Өз бетімен саяси білімін толықтыруға кіріседі. Сол әрекеті дағдыға айналады. Өмір бойы білімін өздігінен арттырумен шұғылданды.

Тұңғыш әңгімесі «Сәрсен мен Боқаш» деп аталады. 1927–1928 жылдары «Жыл құсы» деген жинақта басылып шықты. Жазушылық кәсіптің маңызын әлі жете түсіне қоймаса да, көрген-білгенін сол күйінде айнытпай хатқа түсіре жүріп «Ер Шойын» атты тырнақалды жинағын жариялады (1929). Алайда ойда-жоқта жазушылық ісінде іркіліс туды. Құдай дарытқан бұйығы мінезіне бағып тиыш жүрмей, айтыс-тартыстың ізденуге бастайтын қасиетіне қызығып, әліне қарамай Тоғжанов, Сейфуллиндермен пікір таластырды. Сондығынан ба, әлде не, жазу-сызулары баспа жүзін көрмей, қағажулана бастады. Оның үстіне арызқой қызылкөздер баяғы Пәтіманың бай саудагер әкесін бетіне салық қылып, өзін қажының баласысың деп кемсітіп, үстінен арыз жаудырып мазасын кетірді.

Міне, осы тұста жас Ғабиден кейін қуана еске алмаса, өкінбеген бір ұрт мінезге басты. Бар бұлдағаның жазу-сызуың болса, өзің-ақ езіп іш дегендейін, қызметін тастап Қарағандыға көшіп келіп, еңбекші адам атанып, үш жыл ұдайынан қара жұмысқа жегіледі. Ақыры токарь мамандығына ие болады. Сөйтіп жүргенде жергілікті ұйымдар төменнен жоғарылату деген жаңа ғұрып заңы бойынша «Қарағанды пролетариаты» газетіне жауапты секретарь қызметіне жоғарылатты. Одан бір жағы дәм айдап дегендейін, бір жағы өзі тіленіп, Ресейдің Новосибирь қаласынан бір-ақ шықты. 1933 жылдың мамыр айынан 1938 жылдың ақпанына дейін осында жаңадан ашылған «Қызыл ту» газетінде істейді. Өзінің айтуынша, орыс арасында болған бес-алты жыл уақыт білім жағынан оған университет сияқты болды. Газет жабылған соң осы жаққа әнеу бір әзірде соғып кеткен Сәбит Мұқановтың шақыруын еске алып Алматыға қайтады.

Астанада баспана тауқыметін тарта жүре, оншақты жыл бойы қол үзіп кеткен жазушылығына қайта кірісіп, журналдағы қызметіне қоса, «Өмір не өлім» (1941) атты романын жазады.

«Құлаған күз», «Тұтқын», «Күлмеген адам», «Қадірлі қонақ», «Шыныдан туған қозы» атты очерк, әңгімелері, колхоз-совхоз сахналарына арналған «Жарыс», «Диверсант», «Мазасыз мейман», «Алынған кек» сияқты шағын пьесалар да сол отызыншы–қырқыншы жылдардың сыбағасы. Бастапқы кезде «Әдебиет майданы» журналының (қазіргі «Жұлдыз») қатардағы әдеби қызметкері болса, 1940–1948 жылдары редакторлығына жоғарылайды.

Мұстафиннің шығармалары өмірмен біте қайнасып, ондағы өзгерістерді ойлы көзбен зерттеп бағалаудан, оның бер жағында бұрқаған әдеби процесті жіті бақылап, көркем сөз өрнегіне түсе қоймаған қайсыбір тақырыптардың орнын толтыру талабынан туған. Бұған дейін жазу түрeнi тимеген тың қыртыстарды көтеруге тырысқан. «Шығанақ» романы (1945) жазылғанға дейін әдебиетімізде ауылдағы түбірлі өзгерістерді бейнелейтін шығармалар жоқтың қасы болатын. «Миллионер» повесінде (1948) ауыл тірлігінің жаңалықтары қандай істерге алып баруы мүмкін деген сауалға жауап секілді. «Қарағанды» (1952) жаңа салынып жатқан қаланың бүгінгісімен қоса болашағын да қамтығысы келген талаптан туындады. «Дауылдан кейін» (1960) романында Қазақстандағы кеңес дәуірінің бұған дейін қаламға іліге қоймаған алғашқы қадамдары бейнеленеді.

Ғабиден Мұстафин 83 жас жасады. Өмірінің соңғы жылдары науқасы дендеп, жазу қарқынын бәсеңдетіп алды. Өзінің, замандастарының, тұтастай елінің басынан кешкен тарихи белестері хақында мемуарлық трилогия жазбақ жоспарын толық жүзеге асыра алмай, 1985 жылы бақиға аттанды. Оқырман қолына трилогияның «Көз көрген» атты алғашқы кітабы (1963) ғана тиді.

Қарапайым еңбек адамынан заманының белді қайраткеріне, үлкен жазушыға дейін өскен Ғабиден Мұстафин 1953–1957 және 1961–1964 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының председателі болып қызмет атқарды. Нағыз қоғам қайраткеріне тән әлеуметтік һәм мемлекеттік өреде ой толғайтын парасаттылықты, эстетикалық талғампаз білгірлікті қалайтын қызметтерін абыроймен атқа-

ра жүріп, әдебиетшілік, сыншылдық өнерін ұстартты. «Ой әуендері» атты кітабының (1978) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болуы, жазушының одан ертеректе Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденттігіне сайлануы (1958) жоғарыда айтылғанның айқын айғағы. Ғ. Мұстафин Бесінші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің және 6–9 сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, мемлекет қайраткерінің алуан жауапты істерін атқарысты. Кеудесіне екі Ленин орденін, екі Еңбек Қызыл Ту орденін, екінші дәрежелі Отан соғысы, «Халықтар достығы» ордендерін, көп медальдар тағып, елінің, ұлтының сый-құрметіне бөленді.

* * *

Жазушылыққа бет бұру. Әңгімелері. Әдебиеттегі алғашқы қаламгерлік адымдарын шағын суреттеме, очерк әңгімелерден бастаған Мұстафин, «өнер алды – қызыл тіл» десек, бастапқы шығармагерлік істерінде сол өнердің бойына дарыған ұшқындарын арқаланды. Газет редакцияларында еңбектенуі, өзі де бір кезде қалың елі қазағы арасында жүріп халық өмірінің қыр-сырына қанығуы, өз бетімен қазақ, орыс, әлем классикасына ден қоюы кеудесіндегі талант шоғын жыл санап маздата түсті. Көрген, білгенін айнытпай қағаз бетіне түсіруге тырысты.

Жазушының өзі, кеңес сыны жас Ғабиденнің алғашқы шағын жанрлы прозасын олқысынғанымен, қалай болғанда да ілкі тырнақалдыларынан болашақ сөз ұстасының қол таңбасы қылаң бермей қалмады дейтін емес. Тұжырымды, нақылға бейім орамды, көрікті тілі, аз сөзге терең мағына сыйғызатын сөйлемдер түзуі, қазақтың бұрынғы күйкі тұрмысының жүрек қалтыратар сілімтір, күйкі көріністерін, еркін тынысты, кең өрісті пейзаждарын суреттеуі осы қабілеттерінің бәрі қалам тербей бастаған бетте-ақ айқындалып ашыла берді.

Жас талапты ойландырған проблемалар, мысалға тап қырқысының зардаптары ол кезде тарихи өткен оқиға

емес, күнбе-күнгі тірліктің шындығы болатын. «Кітапшаның мазмұнын, – дейді автор «Ер Шойын» жинағына жазған алғы сөзінде ауылдың жалшы-кедейлері көрсетті. Мен соларды қорытып, көзге елестетуге тырыстым». Шойын атты кейіпкері комсомол інісінің көмегімен саналы тап күрескеріне айналып, қосшы ұйымын құрады. «Шағатайдың шатағы» әңгімесі де осы тақырыптың бір қырына сәуле түсіреді. Қанаушыларға қарсы жорыққа аттанғандар қара басының қамын емес, ортақ мүддені көздейді деген пікірді орнықтырмаққа ниеттенеді. Тап күресі тарихи процестен туындайды, төңкеріс жеке батырдың қолы емес, бұқара ісі. Ел өмірінің бағыт-бағдары, түптеп келгенде, халық дариясының тасқынды ағысы қалай бет алғанына байланысты деген сияқты әжептәуір құнарлы ой сілемдерін аңғартады.

«Қан» (1932) суреттемесінде автордың өзі куәсі болған бір барымтаның салдарынан екі бірдей азаматтың сойылға жығылып қатты жатқаны баяндалады. Әңгіме оқырманды бейтарап қалдырмайды. Оқырман да бас шайқап, «Байлардың малы үшін қырқысқан екі жалшыны аяп та, қарғап та келе жаттым...» деген авторлық қорытындыға қол қояды. Тап күресі тұрғысынан жазылған деп, қайсыбіреулер кемсітсе де, бұны бояусыз шындық ретінде мойындайсың. Мойындап қана қоймайсың. Шығарманың бүгінгі оқылуы оның бойындағы ой отының әлі сөнбегеніне көз жеткізеді. Сөнбегені сондай, осы заманның қайсыбір өткір проблемаларына назар тіктіреді. Бүгіндер бай мен кедей арасы тым алшақтап бара жатқан жағдайда 1917 жылғы төңкеріске әкеліп соққан әлеуметтік аурулар қайта соғып жүрмесе дегендей көңілінде күптігей ойлар оятады. «Қашқын» (1928) әңгімесін негізінен бұрын патша тұсында ұры, бұзық атанған кейіпкер Қуат өзі баян етеді. Кейіндер жазылған «Күлмеген адам» (1938) әңгімесінен күні кешелер қазақтың нашарлары дейтіндердің үмітсаңылаусыз сорлы халі бас кейіпкердің келіні Үндекейдің жоқтауында былайша түйінделеді:

*Бүйірі шығып көрмеген,
Бейнеттен өзгені білмеген,
Езу тартып күлмеген,
Келмеске кетті сорлы атам.*

Күлмеген адам, сары төсек сырқат Бейсекейдің аяғы қара лашықтың табалдырығына барып тірелетінін былай қойғанда, еті тірі қашқын Қуаттың тұрған үйшігі қандай жан ашырлық: «Үйдің іші жаңа таң атып келе жатқандай, ала сәуле беріп тұр. Жерден екі қарыстай көтеріңкі екі терезесі бар. Оның өзі төрт көзді, төртеуін де қоян терісінен салыпты...Төбесі майысқан соң әр жеріне тіреу қойған көрінеді. Соның өзінде, бойы ұзын кісі байқап жүрмесе басын соғып аларлық».

Ғабиденнің қазақ нашарларының бұрынғы сорлы тірлігі туралы әңгімелері отызыншы жылдар әдебиеті үшін пәлендей тосын тақырып әкеп қосты деп айта алмасақ керек. Жаман-жәутік туралы талай жазбалар бұрын да, кейін де жамырап жарыққа шығып жатты. Жас қалам иесі бұл тақырыптарда өзінен бұрын қалам тербегендердің шиырын шиырламаса да, машықты тақырып ауылынан оншама ұзап шыға алмады. Бұл тұстағы және бір кемшілігі – натурализмге бой алдырғандығы. «Көргенімді, сезгенімді сол күйінде жаза салатынымын» тәсілі пәлендей жемісті нәтиже бермегені былай тұрсын, кейде эстетикалық сұлулық заңдылықтарын аяқ асты етті. «Күлмеген адам» әңгімесіндегі «Шалқасынан жатып лықсытып жібергенде, босағаға барып былш ететін сары қақырық, бұл жолы сақалына жабыса түсті» деген сияқты дәл түсті дегенімен еріксіз тыжырындыратын, жиіркендіретін натуралистік тіркестердің, әрине, мәдениетті прозамен үндестігі шамалылау болатын.

Ғабиденнің жас шағындағы прозасының жаңалық нышандары болса, ол ескі тұрмысқа жаңа тірлікті қарсы қойған әңгіме, суреттеме, очерктер туғызға білгендігінде. 1927 жылдың өзінде-ақ «Еңбек бірлігі» атты әңгімесінде жас қаламның қазақ өміріндегі жақсылық жаңалық өркендерін

тез көргіштігі және соны дәмді етіп жеткізе білетіндігі байқалады. Кедей-кепшік тізе қосып қолдарындағы азын-аулақ дәндерін жерге сіңіреді. Осындай жасампаздық еңбек «Алыптың кереметтері» (1934), «Керуен» (1938), «Құлаған құз» (1940), «Туған жерде» (1945), «Жезқазған» (1946), «Шыныдан туған қозы» атты очерк, әңгімелерінде шабытты серпінмен жырланады. Жырланады деуге себеп жеткілікті. Бұл шығармалар қуанышты күйге, шат-шадыман әсерлерге толы. Одан очерк авторының көрген-білгендерін сәулелі өрнектерге түсіріп, ұлтының, жұртының мерейі үстем болғанынша мастанған өз бейнесі де төбе көрсетеді. Сібірдің бір металлургия зауытында үш-төрт мың қазақ жұмысшылары істеп жүргенін айтып сөз маржандарын аянбай төгеді. Бір орыс инженеріне өз айтқандарын растатып мойындатады да, қазақтар ат құлағында қандай ойнай білсе, техника құлағында да сондай ойнай алатынын танытып жүрген таланты, болашағы зор халық деген, ол кезде құлаққа сүйінші сұрайтындай қуанышты жаңалық боп естілетін қорытынды жасайды.

«...Қазақтарың өте жақсы, дейді орыс инженері, – бір эксплуатацияның өзінде жүз отыз қазақ бар, сексен тоғызы екпінді. Бір жылда Нұртазин сияқты қаһарман жасап шығардық. Мартендегі болат қорытушы Аманжолұлы Сағит, скрипдегі кран машинасында Убашұлы Сүлеймен, профорг Токжігітұлы...Арысқа салатын ерлеріміз. Бір заманда «қазақ жұмысқа жарамайды» деген антұрғандар болды-ау.

Мұстафин шағын прозасының өзінде халық бас қосқан мағыналы жиындардың динамикасын, қозғалысын, ортақ психологиясын бере білетін мүмкіншіліктері («Керуен») ұшан-теңіз жазушы екеніне өзінің де, әдеби жұртшылықтың да көзін жеткізді. Тағы бір елең еткізген жаңалығы – өндіріс технологиясын басынан аяғына дейін бір жалықтырмай, қазақ түсінігіне ыңғайлап шебер суреттей білетіндігі – «Алыптың кереметтері». Көркем шығармада өндіріс технологиясы емес, өндіріс адамдары суреттелуі тиіс. Бұл – бұлжымайтын ереже. Міне, тіпті сол қатаң ережені де айналып өтетін сәтті очерктер туғызды.

Ірі прозаға бет алу. Романдары. Сонымен, Ғабиден Мұстафин прозасының өзекті тақырыбы алғашқы жазушылық қадамдарынан-ақ айқындала бастады. Ол тақырыбының басыбайлы аты – еңбек және еңбек адамы болады.

Әңгімелерінің көбі қазақ қоғамы ділгір проблемаларды көтереді: ескі заман үшін еңбектің зейнетінен бейнеті басым. Жаңа заман: «ұйымдас, тізе қосып істендер, еңбекшілер. Сонда ғана еңбек бейнеттен зейнет табады», – дейді.

Жас қаламның сүрініп-қабынған тұстары болды. Характер сомдауға шеберлігі жетіспеді. Соның салдарынан Мұстафин әңгімелерінде есте қаларлықтай ірі бейнелер жасалмады дерлік. Әңгімелерінің қайсыбірі идеялық мазмұны жағынан сол кездегі саясат айқайының жаңғырығына құлақ түруден әрі аса алмады.

Жас талап көп ойланды, көп толғанды. Өзіндік оқуын, өзін-өзі шындауын үстей түсті. Новосибирьде орыс әдебиетімен аса бейіл қойып танысты. Ондағы әдеби ортамен мидай араласты. Оқыған-тоқығанын өмірден өзі көріп білгендерімен салғастырды. Осының бәрі арманын әуелетті, жаңа шығармаларды қалай жазсам деген ойларға жетеледі. Қалам қарымының мүмкіндігі артқанын сезінген ол, әңгіме жанрының кеңейтілген формасы – роман айдынында құлаштауға көшті. Сөйтіп 1941 жылы «Өмір не өлім» атты роман келді дүниеге.

Роман – күрделі жанр. Көргенінді, сезгенінді сол күйінде қағазға түсіретін хаттама (протокол) емес. Бұл жанр не себепті жаңа эпос деп аталған? Бұрынды-соңды суреткерлер не тақырыпта және қалай жазды? Әдебиет тарихынан хабардар болмасаң, қолға қалам алу бос әуре. Жазушылықтың осы қиямет қиын өнеріне қалай төселгенін Ғабиден кейіндер есіне алып қағазға түсірді.

«Бұрын жаңа жаза бастағанда үлгіні тек Сәбит, Бейімбеттерден алсам, енді Толстой мен Гюгодан алуға тырыстым»¹. Бұл тізімде сол кездегі кеңес шығармалары аталмай-

¹ Мұстафин Ғ. Ой әуендері. Алматы: Жазушы, 1978. 7-б.

ды. Отызыншы жылдары социалистік адамды қоғамдық-еңбек процесінде тәрбиелеу мәселелері кеңес әдебиетінде жетекші тақырыпқа айналғаны мәлім. Сол кездерде қалың еңбекші бұқараның жасампаздық еңбекке жұмылуы да ерекше болатын. Л. Леоновтың «Скутаревский», М. Шагинянның «Гидроцентральный», В. Катаевтың «Уақыт, алға!», Ф. Гладковтың «Энергия», М. Шолоховтың «Көтерілген тың» (бірінші кітабы) секілді атақты романдары – дәл осынау өрлеудің жемістері. Қазақ әдебиетінде еңбекші өмірінен үлкен суреттер жасап, сол орта шындығынан жарқын бейнелер туғызған шығармалар да белгілі: С. Сейфуллиннің «Жер қазғандар» повесі мен С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романы. Ғабиден Мұстафиннің еңбек және еңбек адамы туралы романға барар ұзақ жолында жоғарыда аталған және аталмаған тағы да бірқыдыру шығармалар оған рухани-эстетикалық мол азық болғаны еш күмәнсіз.

Рас, жұрт жылы шыраймен қабылдаған «Өмір не өлім» романына алдымен автордың өзінің көңілі толмады. Өмір көріністерін типтендіру, типтік характерлерді даралау, ішкі тартыстардың тарихпен, тарихи процестен бұқара қозғалысымен байланыстарын ашу өнеріне әлі жетіге қоймағанын сезіп, ақырында өзі жұмыс істеген шахта өмірін толығырақ, толымдырақ етіп қайта жазуға бекінді. Оншақты жылдан соң «Қарағанды» романы дүниеге келді.

Араға мұншама уақыт салудың да мәнісі бар еді. Өрі қымбатты досы, әрі ұлағатты ұстазы Сәбит Мұқанов інісіндей боп кеткен Ғабиденге қиылып өтініш айтады. Оның жайы былай болатын. Мәскеуге барған бір сапарында Сәбит Склифосовский атындағы ауруханада қылтамақ боп нашар жатқан атақты тарышы Шығанақ Берсиевтің көңілін сұрай барады. Сонда Шығанақ ақсақал өзі бастап тындырған шаруасын сыйпаттап жазатын кісі тауып беруін өтінеді. Науқас қарттың тілегі атағын шығарайын дегендіктен емес, азды-көпті ісінің құмға сіңгендей жоқ болмауын, халық қоржынында қалуын ойлаудан туған тілек екенін үлкен жазушымыз бірден түсінді. Шығанақ тарыдан әлденеше рет әлемдік рекорд өнімін алған халқымыздың мақтан

тұтатын перзенттерінің бірі. Сондай аруақты жанның аманатын «кім орындайдыға» келгенде Сәбиттің есіне еңбек адамының бейнесін жасауға шебер Мұстафин түседі. «...Ғабиденнің соңынан қалмай, ақыры көндірдім де, 1942 жылдың жазында, Ғабиденге шығармалық командировка бергізіп, Шығанақтың туған облысы – Ақтөбеге жөнелттік»¹.

Қысқасы, «Шығанақ» романы – тікелей әлеуметтік зақаз бойынша жазылған көркем шығарма. Авторы ойдағыдай табылған жерде ондай шығарманың жолы болатынына Мұстафиннің бұл туындысы тамаша дәлел. Мұнда деректі публицистика да, көркемдік заңы бойынша ішкі-тысқы қасиеті мінсіз сомдалған характер де баршылық. Бұлардың басы құрала келе, роман жанрының қазақ әдебиетіндегі және бір түрі жарық көрді.

«Шығанақ» атты өндірістік роман-зерттеудің сюжеті негізгі үш желіден тұрады. Әуелгісі – Шығанақ характерінің ашылу тарихы. Және бірі – махаббат әуендері. Тағы бір өрісі – патриотизм, Отанға сүйіспеншілік тақырыбы.

Романның бүкіл жүйесі ну орманда бұғып өсіп, басын күн шалып қолайлы жағдай туғанда шаншылып көкке бойлайтын нар бәйтерекке ұқсайтын Шығанақ характерінде тоғысады. Бұл бас қаһарманның халық даналығының жаңа сападағы дарағы есебінде суреттелуіне егінші прототиптің өзінің биік тұлғасы да аз әсер етпеген болуға керек. Бұл, шынында да, бөлекше жаратылған адам еді. Сәбит Мұқановтың сипаттауында, «Тары өсіруде дүниежүзілік рекорд жасаған бұл қарт адам (жасы сол кезде жетпістерді алқымдап қалған) өндірісте өнегелі адам болуы үстіне, аса ақылды, байсалды, құйма құлақ, әңгімешіл, кішіпейіл, адамгершілігі аса биік адам» болған².

Шығанақтың осы және басқа қасиеттері оның тары өнімін молайту жолындағы қажырлы күресі барысында ашылады. Нәтижеде дана қарттың асыл бейнесі оқырман жүрегінде берік орнайды.

¹ Мұқанов С. Өсу жылдарымыз. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. 601-б.

² Сонда.

Шығанаққа рекорд оңай түскен жоқ. Бір жағы су маманы Төкен аяқтан шалуын тоқтатпаса, дос, ниеттес дегендердің өздері Шығанақ бастаған іске сенімсіздік көрсетіп, аз кедергі болған жоқ. Білгір агроном Сергейдің де таусылмайтын күмәндары қолбайлау бола жаздайды. Әккі дихан қарт, міне, осындайда қайыспас қайсар, қайратты мінез көрсетеді. Сергейдің: «агротехниканы ескермегеніңіз бе, тіпті?» деген сұрағына дәлелді дау айтады.

– Сіздер кейде кітапты құшақтап қатып қаласыздар. Күн кітаптың айтқанымен жүре бермейді...Мен, күн қызуы жерге өте бастағанда себемін. Сонда іле көтеріледі.

Сергеймен осындай айтыстары қазақ диханының дана тұлғасын зорайта түседі. Роман беттерін оқуға ықылас күшейе береді. Сол оқу үстінде Шығанақтың әлемдік рекордының сырына қанығып үлгіресің. Құрыш характердің сөзіне де, ісіне де тәнті боласың.

Шығанақ даналығы өз дегеніне қатып қалмайтындығынан да көрінеді. Керекті жерінде ғылым тіліне де құлақ асады. Сергейдің ақыл қосуымен егіске минералдық тыңайтқыштар сіңіруді қолға алады.

Автор романдағы сюжеттік қатынастарға аса мұқият. Шығанақты кеңестік жүйеде қалыптасқан әр әлеуметтік иерархия сатыларынан көреміз. Мұның тиімді жері, Шығанақ бейнесі әр қырынан ашылып, айқындала түседі. Сондай сатылардың бір көрнектісі Шығанақ пен обком хатшысы Василий Антонов арасы. Басшы мен қарапайым адамдардың кездесуі әдебиетте аз көрсетілген жоқ. Мұстафин мұндай жолығысуды роман парасатын көтеретін кілт есебінде пайдаланады. Бірыңғай өндірістік тақырыпты істеп, есесіне шығарманы этикалық, құлықтылық проблемаларға бұра білген.

Василий Антонов бейнесі көз алдына басшы адамның үлгілі тұлғасын елестетеді. Автордың ұғымында обком секретары – саяси басшы болуға керек. Антоновты романының жағымды кейіпкері етуінің мәні осында. Автор өз геройын сол кездегі етек алған партиялық бюрократтық стильге қарсы қояды. Партия шенеуниктерінің майда-

шүйде шаруашылық істерге жөні жоқ араласып, қолсұға бергіштігін ондай сорақылықтардан аулақ жағымды партия қайраткері бейнесін жасау жолымен сынайды.

Егіс басында және Шығанақ ауылында болған аз уақыт ішінде Антонов көрген-білгендерінен алдымен саяси астар іздейді. Айтқан істері, сөйлеген сөздері халық бұқарасының, елдің, оның көксеркесі Шығанақтың ойынан шыға ма, міне, осы жағына көңіл бөлінді. Ауданға келіп өткізген бюро мәжілісінің қорытындысы Шығанақтың көкейінен шыққанына әжептәуір серпіліп, қуанып қалады.

Антоновтың жауапкершілігі зор лауазымын сыйлайтын Шығанақ, оны өз атымен атамайды. Жасы кіші болса да, оған арнаған сөзін «үлкен кісі» деп бастайды. Оның есесіне Василий Антонов та Шығанақты аса қадір тұтады. Оған шаң жуытқызбайды. Қарттың сөзін жерге қалдырмауға тырысады. Шығанақтың «бір малдың басын жегізбей жібермеймін» дегеніне, «Япырай, өте асығыс едім» деп қиналып қалады. Сонда Шығанақ тұрып:

– Е-е-ей, үлкен кісі-ай, өмір шіркін асықпасаң да өтеді ғой... Ауырып қалсаң қайтесің? Кеңшілікте әркімнің мұршасы бар. Таршылықта тап. Бүгінгі күн ертең қайтып келмейді, тегіс қамты бергенін, – деп тоқтатады.

Есесіне Антонов Шығанақтан оның кім екенін ауыл білмесін деген қолқа айтады. «Қалай жасырам сізді?» – деп қайран қалған Шығанақты бұл да төлеусіз сөзбен тоқтатады.

– «Кеңшілікте әркімнің мұршасы бар», – деді Василий Антонович, Шығанақтың өз сөзін өзіне қайталап – Кішкентайды әркім жасырады. Үлкенді жасыра білу керек. Үлкейіп барып сыпайыны көргенше, кішірейіп барып шынайыны көргім келеді, – дейді.

Антоновтың өзгеше бір мінезі адамды еркін сөйлетіп қойып, сабырмен тыңдайтындығы, жан-жағына ызғар шашып, әкірендемесе, не өзінен төмен санайтындарды әжуалап кемсіте сөйлемесе ішкен асы бойына жұқпайтын бағзы бір төрелерге ұқсамай, ұлық болсаң, кішік болды ұстанатындығы. Елеусіннің бәйбіше үстіне алған тоқалы екенін сезсе де, қартты ұялтпай сезбегенсиді. «Шығанақты еркіне

жібердіңдер» деп жөн-жосықсыз нұсқау беруге әуес жандайшаптарды алдын ала басып қоятындығы, ретті жерінде сөз қағысып қалжыңдасуды ұнататындығы – бұл басшыға ішінді жылытып қана қоймайды. Антонов бейнесінің тақырыбы кезінде барынша дәріптелген, бірақ көбіне-көп аяқасты етілген «партия мен халық біртұтас» деген үлкен идеяны меңзейді. Соның жүзеге асқаны іспеттес. Бүгіндер де өкімет орындары «демократия дегеніміз – халық билігі» деген қағиданы тіліне тиек етпей сөйлемейді. Бұдан бір ғана қорытынды туындайды: «Шығанақ» романының түп қазық идеялары қай қоғам тұсында да өлмек емес.

Роман-зерттеуде Шығанақ Берсиевтің тарыдан өнім алуда дүниежүзілік рекорд жасау хикаясының өзге де қырсырлары тексерілген. Бас кейіпкер жүрегінен тарайтын сәуленің молдығы қайран қалдырады. Атақты тарышының даналығы, тамам жұртты төңірегіне үйіріп алғыш сардарлық қабілеті көптеген көркем деталь арқылы жарқырап ашыла бастайды. Дуалы ауыздан шыққан сөздің шындығына бас имейтін жан жоқ. Шығанақтың игі мақсатқа жету жолындағы табандылығын аяқтан шалғыш мерез Төкен «нағыз самодур» деп көкиді. Көкуі Сергейдің құлағына шалынғанда орыс агрономы тыжырынып: «Түсінбегенсіз. Терең адам. Бойлау керек», – деп жауап қатады.

Шығанақ басқаруымен дөңді қашап, ішін шарбақпен тоқып, қолдан терең сай жасап, оған Ойылдың суын толтыру үшін колхозшылардың бригада-бригада болып жарысқа түсуі – бұл да өзінше бір тартыс. Жазушы осы өмір фактісі негізінде еңбек майданының тартымды көркем суретін туғызды. Жұрт бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ортақ іске жұмылған. Жазушы еңбек процесін, колхозшы ұжымның маңдайынан сорғалаған ащы терді, қажырлы қимылын бейнелеу үстіне халық жүрегінің лүпіліне құлақ тосады. Шабытты еңбектің лаулаған жалынын сүйсіне, рахаттана тамашалайды.

Адам баласының еркін еңбекке іңкәрлігін суреттеуде Ғабиден қазақ әдебиетінде алдына жан салмаған жазушы. Оған тең іздесек әлем әдебиеті беттерін парактауға ту-

ра келеді. Максим Горькийдің «Менің университеттерім» атты мемуарында баржадан жүк түсіргендегі жүкшілердің еңбегінің жасампаздық рухын суреттеген эпизодтары қандай әдемі өрнектелген. Тең-тең жүкті арқалап тасу жеңіл жұмыс деп ешкім де айта алмайды. Міне, осы ауыр еңбек орыс классигінің сиқырлы қаламының суреттеуінде кенет өзгеше реңк алып кетеді. Жүкшілер кенет жүздері нұрланып, шабытты еңбектің бір айырықша рухына бөленеді. Оқырманның жаны да жадырап, бәрекелдесін жаудырып, «иә сәт!» – деп жүкшілерге тілекші болып отырғанын бірақ сезеді.

Адам еңбегінің эстетикалық көркін, тартымдылығын жырлайтын мысалдарды, керек десеніз, сонау Гомерден де табуға болады. Ахиллес үшін бес қару соққан ұста құдай Гефестің темірді қалай жентектегені, тіпті әшекейлерін қалай қондырғанына дейін тәптіштеп суреттеледі. Даяр күйдегі қарудың бетіндегі өрнек-әшекейлерін сипаттағаннан гөрі, қару соғу үстіндегі осы жан алып, жан берген еңбек процесінің суреттелуі әлдеқайда тартымды оқылады.

Романның негізгі мазмұнын ашатын кілттің бірі махаббат тақырыбы. Мұстафин бұл ретте қазақ дастандарының эпостық дәстүріне бағады. Ғашық кейіпкерлерін бір-бірінен ұзақ уақытқа айырып, оқушысын бұлар қашан қосылады дегізіп ынтықтырып, сюжет желісіне «байлап тастайды». Олжабек пен Жамал, Амантай мен Жанбота секілді ғашықтар әлдебір бөгеттердің әлегінен ұзақ уақыт бойы көрісе алмай, бастарынан көп сағыныш күндерін өткізеді. Бір-бірінен жырақта жүрулері олардың шын сүйіспеншілігіне сын. Бір жағы шығарма оқиғасының немен тынатынына қызықтырады. Осы ұтымды композицияны Ғабиден мықтап пайдаланған. Романның алғашқы тарауы бас кейіпкерден емес, Олжабек пен Жамал хикаясынан басталады. Олар колхоздан құтыламыз деп қашып жүріп, ақыры қарақшылардың қолына түседі. Оқиғаны ширыққан тұсында кілт үзіп, екі ғашықты бір-бірінен «айырып», ақыр соңында аман-есен қауышуын жыр ету қазақ дастандарына ежелден сіңісті тәсіл. Осы тәсіл Жанбота мен Амантай

ғашықтардың тағдырын суреттеуде өте-мөте тиімді пайдаланылған. Бастапқы кезде шекісуден, жұмыс барысында жарысудағы егестен барып бекіскен жастар махаббаты ақыр аяғы тағы да Амантайдың соғысқа аттануына байланысты сынға түседі.

Ғашықтардың бірімен-бірі сағынысып көрісер күннің жақындауын ынтыға, асыға күтуіне негізделген композиция шығарманың ішкі жүйесінің тұтастығын, ажырамас бірлігін қамтамасыз еткен. Айналып келіп, бас кейіпкер Шығанақ бейнесінің өрнегіне тоқылатын ғашықнамалар рекордшы қарттың адами сапа қасиеттерін ашуға қызмет етеді. Шығанақтың досы Олжабек пен оның құдай қосқан жары Жамал тағдыры да осы реңкте бейнеленеді.

Уақыт – махаббатқа үлкен сын. Жамал мен Олжабек бір-біріне сыйластық, сүйіспеншілігі күшті ерлі-зайыптылар. Олардың баянды махаббаты талай жылдардың сынынан сүрінбей өтеді. Тарыдан болып көрмеген мол өнім алуға өзіннің оң қолы болған еңбекқор Олжабектің үйсіз-күйсіз жүргеніне жаны ашыған Шығанақ досына үйлен деген кеңес береді. Оған Олжабек: «үйлену онай, үйлесу қиын», – деп жауап береді.

– Жамалың сұлу ғой, сірә, қоймайсың?

– Әй, Шығанақ-ай, сыртын айтқанша, ішін айтсаңшы, – деп алады да, Жамалдың әйелдік қымбат қасиеттерін тізбелей жөнеледі. Қаншама жылдар өтсе де, ұмытпайтынын айта отырып, ақыры жылап жібереді. Бастапқыда сасып аңырып отырып қалған Шығанақ, аз сөйлеп көп істейтін досының жан жүрегінің басында тұрған, жүрек өлгенде бірге өлетін махаббатына басын иеді. Осы тұста роман Шығанақты тағы да бір биікке көтереді.

– Сүйсең осылай сүй! – дейді Шығанақ әлден уақытта. – Тауықша шапұр-шұпыр бола қалып, бетімен кете барса, сол тауықтан адамның несі артық...Ыстық-суыққа, аш-тоққа, қуаныш-қайғыға, ақылға ортақтаса білгенді айт. Сүйген жүрек соның бәріне көнеді. Жалған жүрек қит етсе айни қалады. Сен келгелі Айымкүл үш байға шықты... Тау бұзылады. Берік көңіл бұзылмайды...

Романның осы секілді адамгершілік тұғырынан сөйлейтін парасатты пайымдаулары біздің бүгінгі ой-толғақтарымызға да етене жақын. Шығарманың ондай тұстарын тебіренбей оқи алмайсың. Мұстафиннің афоризм іспеттес маржан сөздері старательдің руда жуған астауынан андасанда жалт етіп көрінетін алтын түйіршіктеріндей көңіліңде бұғып жатқан әлдебір ойларға жарқ еткізіп сәулесін түсіріп отырады. Романның: «Дүние деген шіркіннің тәт-тісіне түшіркеніп, ащысына ашырқанбаса, адам сорлы не көрдім деп кетеді» деген тәрізді толғаныстары қай заман философиясымен де үндес болса керек.

Егер бұл романда әлдебір уақыт жеп көнергендей ескі-құсқы ұшырасса, ол, әрине, социалистік реализмнің қасаң нормативтерінен байланған дерттер деуіміз керек. Туындының бүгінгі заман ұғымына дұрдараздылығы әсіресе, шығарманың патриотизм тақырыбын қаузайтын жүйесінен аңғарылады. Роман қай тұстарында саясатқа тізгінін біржолата беріп қояды. Сол сәттерде шығарма конъюнктуралық ұрандарды сағызша шайнайды. Қазіргі көзқарасымыздың биігінен біз Ұлы Отан соғысында қол жеткен Жеңісіміз ең әуелі кеңес халқының майданда да, елде де көрсеткен жан-қиярлық ерлігінің арқасы дейміз. Ақиқаты сол. Алайда роман бұны бір адамға Сталинге телиді. Кезінде генетика ғылымының басына су құйған сұмырай академик Лысенко да аз дәріптелмеген.

* * *

Суреткердің көрген-білгені, дүниетанымы толысып кемелденген сайын оның қаламына ілігетін өмір құбылыстарының ауқымы да кеңейе бермек. «Шығанақ» бір адамның әлемдік рекорд жасаған еңбек ерлігін жырлау жолымен қазақ халқының творчестволық қабілетінің қандайлық мол екенін, жер жүзінің қай халқынан да кем түспейтін жаңашыл рухын тамаша реалистік қуатпен суреттеп берсе, «Миллионер» романы ұлтының тағы бір қасиетін жарқыратып көрсетті. Ол – жаңа жағдайда қазақ халқы ішінен ел

басқаруға мүмкіндігі мол жететін парасатты басшы типінің тарих сахнасына шығуы еді.

Қазіргі уақыт идеологиясы Кеңес Одағының ыдырау себебінің бір факторы есебінде оның адамзат өркениеті дамуының күре жолынан қиғаш кетіп, жом жолға түскенін айырықша атайды. «Миллионер» романы сол жомға еріксіз түскендердің бірі – қазақтардың кеңестік өмір тарихын суреттеген.

Қазіргі әдеби процесс: «Миллионер» романы колхоз құрылысын тым әсірелеп суреттеген жоқ па екен? Шығарманың шындыққа сәйкестігі қандайлық? – деген сұрақтарды көлденең тартады. Міне, осыған ғылыми дәлелді жауап іздеуде туынды иесі Мұстафиннің өз пікірін тыңдау артықтық етпейді. «Өмір белестері» атты мақаласында ол «Миллионер» романының туу тарихын былайша баяндайды:

«Жазушының ойынан өмір әлдеқайда кең, шапшаң әрі әдемі. «Шығанақты» бітіріп, жарыққа шығарғанымша ауыл өмірі алға кетіп қалды. «Миллионер» романымда мен енді өмірдің алдын орамақ болдым. Шынымды айтайын, бұл романдағы миллионер колхозды, жоғары білімді председателді ол кезде көрген де, естіген де емеспін. Болжаумен жаздым.»¹

Ғабиден бұл жерде шындықтан жаза басып отырған жоқ. Кезіндегі «Кубан казактары» деген кинофильм сияқты, қазақ романы да «әдебиет болғанды айтумен тынбайды, болашақты да айта алады» деген қағидаға сүйеніп жазылды. Екеуі де мақталуымен қатар сыналды. «Миллионер» романының көркем уақыт ертегі жанрына ұқсас. Ал, ертегі жанры тарихи өлшемді уақыт шегінен үнемі шығып кететіні мәлім. «Миллионер» романында он айдың ішінде он жылдың ісі істеледі. Колхозда қас қағымда жылқыдан сүлікқара – Орлов, алшаңкер текежауміт, ғайыптан адам сенгісіз алуан игіліктер пайда болады. Ірі қарадан арыстан кеуде үш асыл тұқымды бұқа сатып алынады. Далада бір топ соқаны бір-ақ тіркеп, қыртысты қомақтай қопарған

¹ Мұстафин *Ғ.* Ой әуендері. Алматы: Жазушы, 1978. 8-б.

СТЗ, ЧТЗ-лер көрінеді. Тыңайтқыштардан гектарына сегіз тонна тұқым себіледі. Жергілікті скрипачтың «Күншуақ» сазы Үлкен театрда ойналады. Ұлы Сталиннің өзі оған қол соғып, гүл ұстатады. Әп-сәтте Теміртаудан электр линиясы тартылып, бар жұмыс электр тоғының қуатымен жұмыс істей бастайды. «Аманкелді» колхозының түні самаладай жарық, т.т. Аупартком хатшысы Сатан: «Айлар бойында бітетін іс, бес күнде біткелі тұр», – дейді. Қысқасы, «ескіден тек қаусаған шалдар ғана қалған, өзгенің бәрі жаңа»...

Бір ғажабы, кейіндер колхоздар ірілендіріліп, экономикалық жағынан мықталғанда ауыл, селода бұдан да зор өзгерістер жасалды. Колхоздарда әсем мәдениет сарайлары тұрғызылды, көшелері асфальтпен төселді, талай-талай артель мүшелерінің үйлеріне су өткізгіш, канализацияға дейін енгізілді. Тіпті ет комбинаты, сүт заводтарына, машина-трактор станцияларына дейін өздерінде болды. Өмірдің алдын орап жазылды дейтін «Миллионер» романында суреттелетін құрылыс қарқынын тағы да өмір шіркін басып озды. Ал, бұл романның нақ өзіне келсек, онда жасалатын түбірлі өзгерістер реализмге ауадай қажет нанымдылық аясына мүлде сыймайтын мерзімде жасалады. Көркем уақыт пен көркем кеңістік арасындағы қиюластық көрінеу бұзылады да, роман оқиғалары реализм орбитасынан ауытқиды, қияли қияндарды қармалайды.

Роман жетістігі – ауылдың гүлденуіне мұрындық болатын ұлт кадрларының қанаты қатайып өскендігін паш етуінде. Өмірге толық сәйкес сол шындық салмағы Жомарт, Жанат тәрізді үлкен экономикалық, әлеуметтік, адамгершілік, ар-инабат мұнарасынан ойлайтын, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, көздегені көк аспан характерлердің өмір сахнасына шығуымен өлшенбек.

Колхоз председателі Жомарттың бұл қасиеттері оның іске ұқыптылығынан, тәртіп, тазалық сүйгіштігінен ғана көрінбейді. Оның характері Жақып секілді көпті көрген, тәжірибелі, колхозды он бес жыл ойдағыдай басқарған, отыз үйін жүз елуге, отыз малын он мыңға, отыз гектарын екі мыңға жеткізген іскер адаммен айқаста басым түседі.

Жақыптың кемшілігі – «Кем өлшеп, қанағат қылады. Қанағаты кейін тартады». Өскелең тілекші кең өлшеп, алға тартатын жас жігіт Жомарт сол уақыттың жаңа тұлғасындай көрінді. Заман қоғамды ілгері бастыратын Жомарттай жаңа тұрпатты күшке зәру екені анықталды.

Басыңда жаңа идеяң болмаса, басшы болып әуреленбе, дейді ауыл шаруашылық артелін түбірінен өзгертіп құлпыртуды көздейтін Жомарт бейнесінің идеясы. Жас жігердің тәуекелшілдігі де бір бойына жетіп артылып жатыр. Облыс, аудан басшылары болып Ақымет ұстаның жеке меншік малымды колхоз белгілі шартқа отырып бағып берсін деген үлкен проблемалық астары бар тілегін қалай орындаудың жолын табудан тайсақтай береді. Жоғары жақтан сөгіс естіп жатса да, ұста тілегін көз жұмбай жасап орындайтын да осы алғыр характер. Қызметтегі іскерлік жағынан осылай көрінетін Жомартта басшыға тән және бір қасиет адам танығыштығы да бар. Айдар секілді қазына жегіш бухгалтердің ұрлығын оп-оңай тауып, бетіне басады. Тоғышар, мылжың Бейсеннің, асыра сілтегіш Баймақанның түзу жолға түсуіне де жас басшының ықпалы аз болмаған.

«Ойы алға ұшып, жүр-жүрлеп тұратын Жанат» романның және бір бейнесі. Сәтімен құйылған характерлерінің бірі. Жұрт тілін тапқыш, жаны таза, білімді, көкірек терезесі жарқын жас қыз педагогтік қызметке де, партия ұйымы хатшысына қажетті бар қасиеттерге ие ерекше сұңғыла жан. Сұңғылалығы – Жомарттың жоспарын үзілді-кесілді жақтап, ортақ іс үшін өз әкесінің қабағына қарап жалтақтамайды. Жас қыздың сана сезімінің биіктігін, халық мүддесін ойлайтын өреге көтерілгенін әкесіне қосқан ақылынан да аңғарылады. «Жомарт жоспары шытырмансыз көп, оқусыз адамды шатастыратын жоспар... Менімше, осы абыройлы күнде басқа жұмысқа ауысқан жөн болар», – дейді Жанат Жақыптай әкесіне.

Жанат – мұғалімдігі үстіне партия ұйымының хатшысы міндетін атқарушы. Бұл жұмыстың да қыр-сырын лезде игеріп, ел пікірінің тамырын ұстайтын тәсіл іздестіреді.

«Әр адамның басында не ойы бар?». Соны білгісі келеді. «Ұсыныстар жәшігі» дегенді ойлап табады. Міне, осы жалғыз детальдің құдіретімен-ақ жазушы роман панорамасын әжептәуір ұлғайтады. Колхозшылар «жәшікке» көп сырларын ақтарады. Қойылған сұрақтардың бағыт-бағдарынан кешегі көшпенді халықтың санасы қалай биіктеп кеткенін аңғарасың. Жұрт елдің, қала берді адамзаттың қамын өз қамындай ойлайды.

Жанат бейнесіне байланысты шығарма «күн тәртібіне» және бір өткір мәселе қойылады. Ол ықшам түрде болса да мұқият талданған мораль, ар-инабат проблемасы.

Жаңа эпос жанры табиғатында ғашықтар «романынсыз» күнелте алмайды. Қандай роман болсын бұл жанрда махаббат сазы тартылмай қалмайды. «Миллионерде» махаббат шығарма мәтінінің арқауы болмаса да, буын-буындарын іштей байланыстыратын дәнекер. Махаббат картиналары Жомарт–Алма–Жанат «үштігінің» моральдық, адами сапаларын безбенге сала отырып, шығарманың бір оқиғасын екінші жаңа оқиғаға ұластыратын өзінше бір поэтикалық құрал ретінде қызмет етеді.

Он екіде бір гүлі ашылмаған Жанат сорлағанда басы бос емес, үйлі-баранды Жомартқа ғашық. Бұл сезімін ол басқа жұрт тұрсын өзінен жасырғысы бар. Жанат ғашықтық дертін іште көп сақтай алмайды. Сөйтіп жүргенде лаулаған ыссы сезімі ішіне сыймай күнделік дәптеріне құйылады.

«Ел көздегіні ғана емес, – деп жазады Жанат күнделігіне, – көңілдегіні де біледі. Басқа түгіл өзімнен жасырған сырым бар...Бәріне, Жомарт, сен айыпты. Неге тудың, неге келдің, неге көрдім! Сенің терең көзіңнен, терең теңіз тайыздау. Сенің асқар ойыңнан, асқар тау да аласа. Егер тылсым бар болса, сол тылсым дәл сен дер едім. Аңдатпай алдың еркімді...Бірақ ақ бөпедей Алманы шырылдатып кете алман. Кете алман! Алтын сабыр мыс болмай, болат жігер бор болмай, берілме Жанат. Берілме!...»

Осы тұстарда автор қолайын тауып (дәптер бір кішкентай баланың қолына кездейсоқ түседі) күнделік дәптердегі құпия сырмен Алманы да, Жомартты да таныстырады. Со-

қыр бейшара Алма қайтсін, қызғаныш оты күйдіріп бара жатса да, әліптің артын бағуға мәжбүр. Жомарт бір сәт есі ауғандай соқыр сезімнің жетегінде кете жаздайды, Оқиғаның бар салмағы ғашық жүрек Жанатқа түседі. Бірақ көргенді қыз сезімін сабырға жеңдіреді. Соның нәтижесінде отбасы шайқалудан аман қалады. Алма–Жомарт–Жанат арасындағы сенім беки түседі. Ал сенім бар жерде достық пен махаббат іргесі сөгілмейтіні хақ.

Алма аварияға ұшырап, су қараңғы соқыр болып қалады. Мұны роман тартысын оңайлату, жасандылыққа ұрыну деп сөгушілер де табылды. Бұл сын автор ойын жете түсінбегендіктен туған секілді. Алма бейнесінің жүгі әлдеқайда ауыр. Оның діттейтін ендігі философиясы кездейсоқ айтқан тәрізді бір репликасынан байқалып қалады. «Медицина көз бере алмады. Искусство көңіл бере алады. Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек», – дейді Алма. Бұл үлкен пікірді психологиялық жүйеде өрістетуге басынан аяғына дейін өндірістік проблемаларды күйттейтін роман аясы тарлық етті. «Миллионер» романы бастапқыда өндіріс мәселелері бойынша кейіпкерлерінің арасында айтыстартыс туғызады да, қалған бөлегін сол шиеленіс-шекісуді бірте-бірте шешуге арнайды.

* * *

«Миллионер» романы кезінде көп мақталды. Және мақтаудың ең үлкені шет жұрт жақтан естіліп жатты. «Правда» газеті бастаған одақтық ақпарат құралдары, газет, журналдар жылы лебіздерін білдірді. Шығарма Одақ және шет елдер халықтарының тілдеріне аударылды. Социалистік реализмнің қанат жаюына Горькийден соң көп еңбек сіңірген Александр Фадеев қазақ романы «Миллионерді» Парижде бас қосқан кеңес әдебиетінің зор табыстарының бірі ретінде арнайы атап өтті.

Сонымен бірге «Миллионер» адресіне бірқатар сын да айтылды. Жомарт жеңісі тым оңайлатып жіберілген. Бұл тәсіл қай ретте қаһарманын сағат сайын өсіретін, тұлпа-

рына алты айлық жерді алты-ақ аттайтын, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын батырды дәріптейтін фольклор дәстүрінің сарқыты деген сияқты елеулі ескертпелер жасалды. Шынында да, Ғабиден әсіресе «Жаппарқан» атты әңгімесінде (1946) кейіпкерін талай от пен су тамұғынан не бір абырой-атақпен алып шығып, кеудесіне Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын тағып бір-ақ тынады. Бұл жалған романтизм сарқыты «Миллионер» романында да біраз шаң берді.

* * *

Жазушы шығармаларын тәжірибелі әріптестері сынай отырып, бірқатар пайдалы кеңес берді. Еңбек поэзиясын нақтылы, байыпты, терең суреттеу Ғабиденнің қолынан әбден келетінін, сол өнерін дамыта түсуін қалады. Сол салмақты, салиқалы сын, кеңестерді Ғабиден Мұстафин ілтифатпен қабылдап, «Қарағанды» романын нағыз реалистік тұрғыдан жазып шықты.

Ғ. Мұстафин адамды еңбек өсіреді, ірілендіреді деп есептеді. Және сол еңбек жолында оның қалай шыныққанын, ақылы, жүрегі, қайраты бірдей толық адам қатарына қосылуының құпия сырларын ойдағыдай меңгерді. Мұстафиннің жазушылық осы мәнерін әрі ақын, әрі сыншығалым Әбділда Тәжібаев «Қарағанды» романының мысалында терең саралады.

«Шахталар көбірек ашылып, көмір молайған сайын, еңбектің адамға берері де молаяды. Қара жұмыстан техниканы меңгеруге жеткен жұмысшы күн асқан сайын жоғарылап бара жатқанын сезінеді. Су жоқ еді, өзенді бұрып әкелді, барақ орнынан әсем үйге кірді, көмірді қолмен қауғалау орнына машинамен шығаруға үйренді. Осының бәрі жұмысшының жеке еңбегін, жеке тұрмысын қызықты етумен бірге оның әлеуметтік өмірін де қызықты етеді. Ол енді қауым мен өзінің, яғни жеке адам мен қоғам арасындағы жаңа гармонияға, әсем салтанатқа қызыға қарайды. Өзінің ұлы адам екенін таниды. Осы гармониядан – ғажайып ке-

лістіктен еңбек пафосы туады. Ғабиден шығармаларының бір қасиеттілігі осы пафосты жырлай білуінде»¹.

«Қарағанды» романы – өткен мен бүгінгінің парқын терең айырудың, тарихқа сын көзімен қарап, елдің жаңа тірлікке деген аңсауын еңбек поэзиясына айналдырудың қазақ әдебиеті мақтан тұтатын үлгілерінің бірі. Автор романдағы оқиғалардың тікелей куәсі. Ол қара лашығын түйесінің қомына артып, не ойбайшыл ағаш білікті арбасына тиіп келген қазақ кедей-кепшігімен тізе қосып өз қолымен жаңа қала салғандардың, өндіріс алыптарын көтергендердің саусақпен санағандай алғашқы тобын құрайтындардың бірі болды. Бастан кешірген осынау уақытын жазушы кейін әбден ризашылықпен есіне алады.

«Мен келгенде Қарағандыда ағылшындардан қалған бес-алты барақ пен отыз-қырық жұмысшы ғана бар еді. Олар көмірді қайламен қазып, сыртқа темір шелекпен қол бұран арқылы шығаратын. «Шахта» дегендері бір ғана құдық»².

«Қарағанды» романы суреткер көрген дәл осы отыз-қырық жұмысшының қара күшке сүйенетін ауыр қол еңбегін суреттеуден бас алады. Өзі куәсі болған бұл сурет Қарағандыны одақтық үшінші көмір кеніне айналдыруға келген Донбастың білікті шахтері Сергей Щербаковтың көзімен бейнеленеді. Қазақ даласын бөтен көзбен көру жазушыға өз даласына жаңаша қарап, қиял қуатын батылырақ қолдануға жол ашқан.

«Миллионер» романындағыдай жұмыс жаңа романда да үдемелі қарқынмен жүреді. Айырма да бар. Жеңіл-желпі емес, елеулі айырма. «Қарағанды» романына «бәрі оңайға түседі», «жаңалық жақсылықтар өздігінен болғандай оңай салады» деген мін таға алмайсың.

Алдыңғы талданған екі роман – «Шығанақ» пен «Миллионер» шығармаларында ауыл өмірінің жаңа белеске көтерілгені суреттелсе, «Қарағандының» жаңалығы тіптен

1 Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. Алматы: Жазушы, 1976. 294-б.

2 Мұстафин Ф. Ой әуендері. Алматы: Жазушы, 178. 6-7 бб.

ерекше. Мұнда тарихымыздың сахнасына тәугі рет шыққан әлеуметтік соны күш – өнеркәсіп жұмысшыларының қалыптасып дамуы бейнеленеді. Ен байтақ даламызда енді күшіне ене бастаған осы таптың қазақ атаулы халқының былайғы тағдырларына ықпал-әсері қандайлық? Рөлі неде? Ұлттың жаңғыруына қаруы тие ме, тисе қандай сипатта? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеу барысында әдебиетіміздің портреттік галереясына жаңа типтер – өндіріс командирлері, қалың ұжым жетекшілері (Мейрам, Щербаков), өнеркәсіп жұмысшылары тобы (Ермек, Жанәбіл, т.б.) келіп қосылады. Осы галереяға жаңа Қарағандының және бір ақиық түлегі, бұрынғы жұмысшы, қазіргі жазушы Ғабиден Мұстафиннің парасатты, шалқар ой-сезімді биік авторлық тұлғасын әкеп қоссаңыз, міне, сонда ғана «Қарағанды» романының кеніш-қойнаулары асыл, байлықтарын біртіндеп аша бастайды. Өз еңбегінің жемісін тата бастаған халық өмірді алға сүйрейтін зор жасампаздық күшке айналады.

Романда алдымен көзге түсетін көріністердің бірі – өзгермелі пейзажы. Қазақтың байтақ даласында жаңа, өндірістік пейзаждың пайда болуы. Және оның өзінің де сатылары бар.

1. Ескі Қарағанды пейзажы.

«Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түтінсіз темір тұрба биік дөңнің бетінде тұр. Оны төңіректтей, ертеде салынған бес-алты барак тым аласа, қайсыбірі жарылып құлауға бейімделген, сыртынан тіреп қойыпты. Барак маңы жота-жота көмір күлдері, жел үп етсе қара боран тұрады».

Тым сұрқайы, ұсқынсыз көрініске көктеммен бірге келген бір көш көрінгенде ғана бұл қораш, өлі дерлік табиғат бойына жан ене бастайды.

2. Жаңа Қарағанды пейзажы.

«Көп жылдар көкке қарап маңқиған қызыл тұрба қара түтінді лақ-лақ құса салды...

Қала күн санап өсуде. Шахта шурфтар, барлаушылардың вышкалары, тас, известь карьерлері, кірпіш заводта-

ры жан-жаққа шашырап кеткен...Қала шетіне қазір көз жетпейді. Бірнеше белдерден асты...».

Автор әңгімесін асығып-аптықпай байыпты, қоңыр үнмен өрістетеді. Ал, сол сабыр суы сепкен үннің бояуынан әңгімешінің жаны жаңа қала үстінде екені сезіліп отырады. Сондықтан ба, ол қала экологиясының бүлінгенін де елең қылмайды.Тіпті қызыл тұрбаның кара түтінді лақ-лақ құса салғаны бұл роман үшін ең сұлу, ең ыстық көрініс. Қара түтінді жүрекжарды ақ пейілмен суреттеуі автордың еліне, жұртына жақсылық аңсаудан туған сезімі болса керек. Қуаныш үстінде айнала қара дауыл соғып тұрса да, шіркін дүние сен үшін ашық күндей күлімдеп тұрмай ма? Ондай мезеттің эстетикалық тұрғыдан да ерсілігі жоқ. Сұлулық әлемі – объективтік дүние. Сонымен бірге оның адам санасында ғана әсемдік сыйпат алатын субъективтік жағы да бар. Горький: шөлдің қай жері сұлу? Ал, араб жүрегінде ол әсем күйдей тербеледі, – деген. («Нет красоты в пустыне, она в душе араба»). Романның жаңалық жақсылық көксеген пафосы алғашқы беттерінен соңғы беттеріне дейін бір толастамайды. Сол еліме болса екен дейтін жарқын тілек оқушы көңілін де баурап алады. Бүлінген дала пейзажының өзін жарқыратып көрсететін қызыл тілде, айтты-айтпады сүйек жоқ.

Ескі Қарағанды және осы заманғы индустриалды қалаға айналған жаңа Қарағанды пейзажы арасындағы айырма жер мен көктей. Осы өзгерістер жасалғанша айлар, жылдарда кешегі көшпендінің өз қолымен ірге тасынан бастап қалай көтерген өндіріс шаһары, онымен бірге өсіп толысқай жұмысшы табы – «Қарағанды» романының фабуласы дегеніміз, міне, осы. Қатардағы шахтер, горновойдан билік басындағы басшыға дейін бәрі осы қаланың ұста дүкенінде шыныққандар. Еті тірі, тас қайрат пысық жас жұмысшы Жанабілдің ескі мен жаңа Қарағанды аралығын да қала төреағаларының біріне дейін жоғарылауының пәлендей сенсация көрінбейтіні, замана заңдылығы есебінде қабылданатыны сондықтан болса керек.

Романда ерекше орын алатын кейіпкер – қала партия ұйымының жетекшісі Мейрам. Қарағандыға Мәскеуден оқып, үлкен даярлықпен келген жас қайрат. Ол да құрылыс жанталасында өз қызметінің биік талабы өресіне көтеріледі. Шығанақ, Жақыптар дана сөзді халық өкілі бейнесінде суреттелсе, осы екі қарт пен зиялы қауым өкілі Мейрамның арасында белгілі бір дәнекер, үзілмейтін сабақтастық бар. Ол – аталған кейіпкерлер секілді Мейрамның да аз сөзге көп мағына беріп айтатын айтқыштығы, білімдар, ойшылдығы. Саясат тізгінін ұстайтын адам лақылдатып, лапылдатып беталды сөйлей бермейді. Әріберіден соң оған уақыты да жоқ. Ел сөзін ұстайтын адам халқына айтарын терең, айқын жеткізуі тиіс. Мейрамның адами қасиеттері – халықтан үйренгіштігі, «адам көңілін көбінше жылы сөз, жылы мінезбен алатын әдеті», әр адаммен әңгімесінен ой түйгіштігі, нақты жағдайдың аласапыран өзгерістерін қағып алып, жаңа міндеттердің өркендерін жұрттан бұрын көргіштігі, алған шешімін іске асыруға бел байлағыштығы, кей сәтте трест бастығы Щербаковтың өзін дегеніне көндіре алатын қайраты – бәрі жиылып оны жұрттан ерек характер етеді.

Қарапайым, жігерлі жігіт Мейрам тек жеке басының шаруасына келгенде мүдіріп қалады. Сүйгені Ардаққа тиісті сөзін батып айта алмай әуре-сарсаңда жүреді. Оған дегенде «жүрегі жиірек соғып кетеді». Ақыры сылбырлығына шыдамаған достары, Майпа, Жанабилдер, трест бастығы Щербаковке дейін қол ұшын беруге мәжбүр болады. Жеке өмірінде осындай марғау көрінетін Мейрам қоғам, мемлекет істерінде әбден пісіп алған. Не қиыншылыққа да қасқайып қарсы тұрады. «Күрескен соң жығу керек»,– дейді ол. «Қарағанды ойдың да өндірісі» дейтін де сол Мейрам.

Ой демекші, романда замана идеологиясына, пікір-байламдарына байланысты мәселелерге айтарлықтай орын берілген. Ой өндірісінің бір танабы сол кездің айқай-шуға толы, қызыл танау саяси науқандарына тіреледі. Бір жағы сол әдетке бағып, бір жағы тартыс шиесінің шешілуін күрделендіру амалы есебінде автор романға «тап дұшпанда-

рын» енгізеді. «Халық жауы», «Шахта ісі», «Промпартия», «Алаш Орда» дейтін сол кездің әй кәпір сөздерін судай сапырады. Бірақ, бір кереметі, бұл жәйттер романға көлеңкесін түсіре алмаған (Қазіргі оқылуында да). Тым немқұрайды жазылғандықтан, көзге шыққан сүйел сияқты. Тіпті нанымдылығы да шамалы. Кешегі шынжыр балақ, шұбар төс Әлібек ақырында кісі өлтіруге дейін барған жалдамалы бандит сияқты бейнеленген. Жаппар, Ырымбек ұлтшылдардың да әрекеті тым сылбыр. Кеңес кезіндегі сын да Жаппар мен Ырымбек образдарының сәтсіз шыққанын, іс-әрекеттері шамалы екендігін атап көрсеткен. Алайда, кешелі-бүгінгі сын бұл бейнелерді жасаудағы жазушы түйген түйінін (замыселін) әлі жеріне жете шеше алмай жүрген сыңайлы.

Кеңес насихат машинасы идеологиялық дұшпандардың сөздерінен цитата алғанда не жай мазмұндағанда мейлінше сақтық жасайтын. Олардың сөздерін тура келтірмей, келтірсе келемеждеп, бұрмалап, әдейі берекесін келтіретін. Өйтпесе жау диірменіне су құйдың, «контрпропагандамен» айналыстың деген пәлеге ұшырайтын. Автор романында «халық жауы» саналатындардың кеңеске қарсы қисық сөздерін түзететін жауап іздеп әуре болмайды. С. Қирабаев кезінде: «Көп жерде жазушы жаулардың сөзіне сын да жасамайды. Сол себептен Жаппар, Ырымбектің көп сөздері романда теріс идеяны объективті түрде насихаттау болып шыққан»¹, – деп социалистік реализм талаптары тұрғысынан дұрыс ескертпе жасаған.

Енді «сын жасалмаған» сол сөздерді келтіріп көрелік.

Ырымбек сөзі: «Бұл қазақтың бар байлығы жер мен мал еді. Қырда колхоз, совхоз, ойда қала мен завод жұтып жатыр бәрін. Ұлттық нысана дегеннен ең ақыры бастағы тымақ та қалмай барады...».

Ұлтшыл атанған Бейсек пен Ырымбек ат үстінде әңгімедүкен құрады.

– Қазақ байлары, Әлібектей бірен-саран көзі ашық, өжеті болмаса, әуелден ештеме бітірген емес, – деді Бейсек

¹ Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. 375-б.

Қанауды білмейтін. Қозыға қызыққан қасқырша жеп тынды ғой, әйтеуір.

– Байлармен тынса не ғылсын! – дегенде Ырымбектің өңі құп-қу боп кетті.

Мұнда тоталитаризм идеологиясы бірнеше мәселелерден қатаң сыналған. Ырымбек ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезіндегі Қазақстанда мал санының күрт азайып кеткен шындығын астарлап көрсеткен. Тағы бірде ұлт өзінің ұлттық белгілерінен, діні, тілі, ділінен, киген киімінің пошымына дейін айырылып барады деген айып тағылады. Коммунистік идеология насихаты айтып жүргендей, таптық қанау қазақта соншама етек алмаған. Кеңес халықтың бетке шығары – байларды түгелімен жойды. Енді тағы да ел сөзін сөйлейтін қабілеті барлардың қанды қасапқа ұшырамауына кепілдік қайсы?.. – деп ашу шақырады.

Автор тоталитаризмге қарсы атылған осы идеялық оқтардың қай-қайсысына да қарсы қару жұмсамайды, идеялық күрестен қашпақтайды. Қалай ойласаң, олай ойла, шындығы сол, – дегендей оқушысын дұдамал жағдайда қалдырып, әңгімені кілт доғарады.

Неге өйтті? Міне, бұл арасы қараңғы. Сондықтан бірліксіз жорамал айтуға тура келеді.

Бірінші жорамал. Ғ. Мұстафиннің көркем шындық туралы социалистік реализм талаптарын жете түсінбеуі мүмкін. Мәселен, ол Ардақ атты кандидаттық диссертация қорғағалы жүрген білімді кейіпкерінің аузына әдебиет міндеті туралы мынадай сөз салады.

– Әдебиет өмірді тануға, жасауға көмектесуі керек. Жасалған өмірдің айнасы, қисығы емес, түзу айнасы болу керек.

Социалистік реализм болмысты революциялық даму үстінде толыққанды шындықты жаз дейді. Әдебиеттің – өмір айнасы болуы керектігіне шәк келтіре алмайсың. Алайда Мұстафин тоишылауында соцреализмнің және бір талабы: не жазсаң да оны иіп әкеліп «еңбекшілерді идеялық жөнінен қайта өзгертіп, социализм рухында тәрбиелеуі» керек-

тігі жайындағы талабы жайына қалған. Большевиктер социализм қоғамын құру барысында террор ұйымдастырып, қазақтың мал-жанын аяусыз қырып тастады деген тұжырымға бастайтын пікір расында да айнаға түсірілгендей шындық. Жазушы «жау сөзін» сол күйінде еш түсіндірмесіз бере салған. Яғни соцреализм әдісі дәстүрінен көрінеу кері шегінген. Түсінбей шегінген.

Екінші жорамал. Жазушы кеңестік қыздырма сөздерді бұрқырата жаза отырып, ара-тұра нағыз шындықты айтудан бой тасалап қалуды жөн таппайды. Бұлай жорамалдауға да негіз бар.

Ардақты шын көңілден сүйетін Мейрамның қызға жұғысудан тартқыншақтай беретіні, ол «Айналып келіп әкесіне тоқтала береді. «Табы кім?» – деген үлкен сұрақ тұр алдында...»

Әрине, Мейрам сұрағын қызға тікелей қоймайды. Ішінен ойлайды. Кеңестің мынау деген ортан қолдай қызметкері қалыңдығына: «Табың?...» деп ашық сұрақ қойса, әбестік болатынын түсінеді, неге түсінбесін. Автор да «сұрақ тұр алдында» дей салады. Қазір оқығаныңда тоталитарлық жүйенің тұмсығын сұқпайтын жері қалмағанын, жастар махаббатына дейін араласатын жүгенсіз тәртібін автор келемеж ететін тәрізді.

Мейрам – Ардақ бейнелері арқылы бірқатар идеологиялық мәселелерді мойнына жүктеген роман суреттеп отырған өмірдің тұрпайы тұстарын сынап-мінеп, қоясын шығаруға тырысқаны сезіледі. Заманының сұсты жүзінен тайсалмаған автор өстіп кейде батыл әрекеттерге барған.

Ардақ – Әлібек байдың қызы. Бірақ әкесінен жырақ, кеңес тәрбиесінде өскен. Яғни тап жауларына өшпенділік рухында тәрбиеленген. Әйтеуір әкесіне бүйрегі бұрылмайды. Павлик Морозов секілді әкесін ұстап бермегенімен, оған іштей жұлдызы қарсы. Әкесі ескіні көксейді. Бұл жаңа заман жағында. Әкесі туралы ойы нашар. «Желді күнде көл бетінде, толқынмен бір батып, бір шығып, жағаға шірік томар қалқып келе жататын. Қазір осы томар тәрізді көрінді әкесі».

Әлібек байдың кіндігінен Ардақтың туғаны – табиғат заңы. Балалық борышты атқару – адамгершілік заңы. «Дүниенің бәріне тап мақсатымен, тап қырағылығымен қарағым келеді» дейтін Ардақ бұл заңға сырт береді. Заманы солай...

Әлбетте, қай шығарманы да құлағынан тартқандай етіп бүгінгі талаптар тілінде сөйлетуге болмайды. Дегенмен, әр заман өткенде жасалған рухани дүниеден өз істеріне үндестік іздейтіні заңды нәрсе. Өнер атаулының сан қырлы табиғаты ол ізденістерге толық жол ашады. Бір қыры болмаса, бір қыры жаңа өркен жая бастаған дәуірмен үндестік табады. Пушкин, Абай творчествосы әр заманда да халқына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқаны баршаға аян.

Мұстафин прозасы туралы да осыны айту керек. Жазушы болғанды болған күйінде түсіре бермеген. Өз уақытының кей кінәраттарына ертеңгінің көзімен де қарай білген. Соның көп айғақтарының бірі – Ардақ арудың күрделі образы. Ең ұнамды көрінетін Ардақ бейнесі идеал қаһарман қатарына ілікпейді. Осы кейіпкердің кей істері тым әсіре қызыл, солақайлау. Еш жазығы жоқ бейбақтардың обалына қалған әпербақан солшылдардың кесапат мінезін еске салады.

Мұғалима Ардақ қазақ ауыз әдебиетін жаңа социалистік реализм әдебиетіне қарсы қойып, роман кейіпкерлерінің арасында әжептәуір әдеби айтыс туғызады. Бұрынғы шахтер, Мәскеуде партия мектебін бітіріп келген жас кадр Жанабіл идеологиялық тазалық дейтінді әдебиет тарихына оңды-солды бейберекет қолдануға қарсы. Ардақ дәріптейтін қайсыбір үздім – болды, кестім – бітті қағидаларды бойына дарытқысы келмейді. Ардақ Абайға арқасын гірей отырып (шын мәнінде, ҚАЗАПП көзқарасын қоздырып), Шортанбай, Дулат, Бұқар жырауларды ханшыл, шығысшыл ақындар деп жариялайды да, «Біз оларды дәріптеп, оқу құралдарына енгізіп жібердік. Менімше, мәдениет мұраларын бағалау бізде ұлтшылдыққа соғып жүр», – дейді.

Сөйтіп Ардақ жәй әдеби айтысты сол кездің әдеті бойынша ушықтыра келе, көрінеу қарсыласына саяси кінә

тағуға беттейді. Аузына «ұлтшылдық» дейтін сөз түседі. Қазақ жұмысшы табының ақырып тұрған өкілі, мейлінше, өткір жігіт Жанабілдің өзі бет қаратпайтын саяси үскірік сөзден ықтап, қолын көтереді.

– Қойдым, қойдым! Мынау мені бірдеңеге ұрындырғысы келеді, – деп орнынан тұрып кетеді.

Роман өз тұсындағы идеология ауа райының қытымыр, қысқы аяздай қыса беретінін, Азамат соғысы қашан бітсе де ызғарын бойына әлі толық сақтап келе жатқанын шет жағалап болса да сездіреді. Ел ішінде «Бай-кулактан жексұрын сөз жоқ. Біреуді біреу жамандап, ата-бабасынан болса да бір жуанды табуға, таба алмаса соның құйыршығы етуге тырысады. Біреуді біреу мақтаса, қалай да жұмысшы кедеймен жалғастырады». Осындай жағдайда өскен Ардақ үшін саяси қырағылық ауадай қажет. Өйтпесе, тегінің «шикілігіне» байланысты біреу-міреулердің қаламына ілінуі, ең жоқ дегенде күйеуі Мейрамның үстінен саяси сенімсіздік туғызатын домалақ арыздар қардай борауы оп-оңай...

Ардақ – әдебиеттанудан кандидаттық диссертация қорғамақ. Тиісті ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуде. Жұмысы тұрпайы социологиялық көзқарас тұрғысынан жазылып жатқаны әдебиет тарихын «ұлтшылдардан» тазарту керек деген пікірінен-ақ сезіледі. Ардақ бейнесі қазақ әдебиетіндегі қыздар галереясындағы ең күрделісі. Махаббат пен идеология секілді бір-бірімен қабысып табысуы қиын тақырыпты алып жүретін жүгі ауыр тұлға. Ардақтың жастығын, жастыққа тән өткірлігін, не күрделі саяси мәселені шұғыл шешкіштігін ескерсек, роман ойы да анықталып, айқындала береді. Ол ойы: «идеология құралы жүзі лыпып тұрған өткір ұстара тәрізді», – дейді. Байқас болмасаң өзінді не басқа біреулерді жарақаттап алуың мүмкін. Жас мұғалім Ардақтың солақайлықтары идеология мәселелерінде мейлінше абай болу керектігіне иландыра түсетіндей.

«Қарағанды» – эпикалық роман. Қайта, қайта оқуды, анықтап оқуды қажет ететін мол оқиғалы, мол тағдырлы шығарма. Басты қаһарманы – халық, жасампаз еңбекші бұқара.

Автор өз күшіне сенімі күшейген қалың бұқара қимыл-қозғалысын көрсетуге келгенде ерекше шалқып шабыттанып кетеді. Қарағандыға жаңа келген басшылар Сергей Щербаков пен Мейрам Омаровтың жаңа өндіріске жан-жақтан құйылған көшпен танысуын көрсету, тағы да басқа көпшілік бұқара қатысқан сценаларын келістіре суреттеу арқылы, түптеп келгенде, тарих халық қолымен жасалатынын тағылымдық дәрежеге көтереді. Нәтижеде романның эпикалық құлашы барынша кеңейіп, онда суреттелетін күнделікті қарабайыр өмірдің өзіне көрік кіреді. Қоңыр тірлік тарихи ерлік пафосына бөленеді.

Шығарманың кең құлашына геройлары да сай. Мейрам, Ардақ, Жанабілдер ендігі Қазақстанның тұтқасын ұстаушылар.

«Қарағандыға жан салған» орыс адамы Щербаков та осал характер емес. Үлкен денесіне үлкен жүрегі жарасып тұрған адам. Оның сөзінен, жүріс-тұрысынан әкімдіктен гөрі, әкелік мейірім көбірек сәуле шашады. Осы адамның асыл қасиеттерін жазушы айқайлатып көкке көтермей-ақ, қарапайым деталь күшімен ашады. Мәселен, Мейрам трест бастығы Щербаковтың жұпыны тұрмысын көрген жерде «большевик-подпольщиктердің бірі» – деп жорамалдайды. Әлеуметтік зор мағыналы құбылыстарды, тұтас картиналарды нақтылы, ұтымды бір көрініспен жеткізетін мұндай шеберлік мысалдарын көптеп келтіре беруге болады.

«Мейрам жер үстіне шыққанда арқасынан ауыр жүкті алып тастағандай, денесі сергіп сала берді. Кең, жарық дүниені, лезде сағынып қалған екен, төңірекке құныға қарап, тұнық ауаны сіміре жұтып келеді», – деген азын-аулақ сөз шахтерлер еңбегінің әрі ауыр, әрі қауіпті екенін санаң мен жүрегіңнің ең түкпіріне жеткізеді.

«Қарағанды» романы – қазақ әдебиетінің кең тынысты эпикалық жанрының үлгісі. Жазушының бұл шығармасы жалпы қазақ әдебиетінің іргелі туындыларының бірі саналады.

«Қарағандыдан» кейін Мұстафин тағы бір шұғыл іске кірісіп кетті. Тың тақырыпқа қалам тербететін машығы бойынша «Дауылдан кейін» деп ат қойған тағы да бір үлкен романды қолға алды. Оқиғасы өткен ХХ ғасырдың жиырма-масыншы жылдарын қамтитын туындыда Кеңес өкіметінің ел шаруашылығын күйзелістен, дағдарыстан шығаруға бағытталған жаңа экономикалық саясатының (НЭП) қазақ ауылында қандай дәрежеде жүзеге асқаны, Голощекиннің «Кіші Октябрінің» ауылдағы алғашқы қадамдары, осынау өтпелі кезеңнің тарихи міндеттерін мойнына алған типтер суреттеледі. Шынында да, бұл белестер Мұстафин романына дейін қазақ әдебиетінде тиісті көркемдік бейнесін таба қоймаған болатын.

Роман әңгімесі негізгі үш тақырып көлемінде ұйытылады. Бірі – Аман секілді жаңа өмірді өз қолымен жасауға, жаңа салтты, жаңа ақиқатты орнықтыруға білек сыбанып шыққан характерлер төңірегінде дамытылады. Жаңа жолға шыққандардың күресін қадағалау үстінде автор өзіне ерекше қымбат және бір тақырыпты қозғайды. Қазақ халқының тарихи тағдырларын, ұлттық жақсылы-жаманды қасиеттерін сөз етеді. Сонымен қабат, жалпы адамгершілік, моральдық мәселелерге ден қойып, әлемдік өреге қол артады. Роман ұлттың кешелі-бүгінгі проблемаларын қозғағындықтан, біздің бүгінгі өмір сүріп отырған нарық заманымен де үндес.

Тәуелсіз Қазақстан тікелей кеңес дәуірі қойнауынан шықты. Социализмге теріс айналғанымызбен, шындық солай. Мұның мәнісі егер біз алға басқымыз келсе, ол қоғамның жетістік, кемшіліктерін енді жаңа көзқарас тұрғысынан екшеп ел пайдасына жегуіміз қажет деген сөз.

Роман киіз үйде отырған ауыл үстінен нәсерлі дауылын бұрқатқан табиғат құбылысын бейнелеуден басталады. Бұл – рәміздік пейзаж. Аспан құлап жерге түскендей тосыннан келген алапатта ауыл жанын қайда қоярға білмей есеңгіреген хал кешеді. Мал екеш мал да ықтап бүрісіп

қалған. Дауыл атаулы социалистік реализм әдебиетінде, әлбетте, жайдан-жай соға салмайды. Шығарманың идеясын байытатын құрал есебінде қызмет етеді. Горькийдің «Дауылпазынан» («Буревестник») қалған дәстүр бойынша ескілікті жер бетінен аластап құртам деп ұрандайтын революция рәмізіне айналады. Мұстафинның романындағы ұйтқыған нөсер де әлдебір түбірлі өзгерістің хабаршысындай қабылданады. Атап айтқанда, қазақ жазушысының ұстанған идеялық-эстетикалық концепциясы Октябрь дауылы қоғамды іріп-шіріткен көне дерттерден тазартты деген қорытындыға саяды.

Ғ. Мұстафин – жаңалыққа жаны құштар жазушы. Ол ауылдағы революция әкелген жаңалық жақсылықтарды қуанышпен қарсы алды. Сол сезімі кеңестік жүйені алғауға ұласты. Алайда бұл Мұстафин шығармаларын жатырқауға негіз бола алмайды. Орыс зиялылары: біз жұртымызды «қызылдар» мен «ақтарға» жіктеуден тыйылдық деседі. Біз де кейбір неობольшевизм ауруына шалдыққан ұр да жықтар болмаса, бұрынғы бір-біріне қас дұшпандарды, мәселен, Мағжан мен Сәкеннің қай-қайсысын да алалап жүрген жоқпыз. Азамат соғысы ХХ ғасырмен бірге артта қалды, жауласушылар заманында өзара бітімге келмесе де, біздің дәуірімізде ол соғыс бейбіт бітіммен аяқталды деп есептеуіміз керек.

Тағы да бір ұмытылмауға тиісті нәрсе, өткенді білгендік – ертеңгіге өткел жасағандық. Кеңестің құлаған құзын да білмек болашақ сапарларымызға, көшімізге артықтық етпесе керек. Сонсоң, өзге де бірқатар кеңес жазушыларының шығармалары сияқты, Мұстафинның «Дауылдан кейін» романының соцреализм арнасын кемерлеп асып төгілетін қасиеті барын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Романның бас кейіпкері Аман, оның соңынан ерген Ізбасар, Таймастар арқылы біз жиырмасыншы жылдардың азаматтарын, солар арқылы қоғамды тебіrentкен көкейтесті талап-тілектерді тереңдеп түсінеміз. Күлпаш, Танакөз – жаңа тұрпатты қазақ әйелінің бейнесі. Күлпаш басқаратын Қызыл отаудың әділет шешімдерінің жапа көрген жұрт

көңілінен шығуы, ең бастысы сөзбұйдаға салынбай, үкімдерін қолма-қол орындатып отыратын игі істері бюрократизмнің зәбірінен запы шеккен бүгінгі уақыт адамдарын да ойландырмай қоймайды дер едік.

«Дауылдан кейін» – қатпары қалың туынды. Қосалқы тақырыптары қаншама. Бәрі жиылып келіп, жиырмасыншы жылдарың ауылын көз алдыңа тұтастай, бар қайшылықтарымен елестетеді.

Бір ғана Аманның өз басының қайшылықтары қаншама. Ол кейде тым солақай. Солақайлығы Кеңес тұсында қоғамның астан-кестенін шығарған асыра сілтеулер дертінен жұққан. Аман бейнесінің тақырыбы ескі ауылдың көп кіннәраттарына назар тіктіреді. Оның жалпы қазақ ұлтының тарихи тағдырларымен тамырластығы да байқалады. Ескі қазақ ауылын еске түсіріп суреттегенде Мұстафиндей ел ағасы бұрынғы таз кепешімізді жарбитып қайта кимеу керектігін алдымен есепке алады.

«Ең үлкен ауыл сайдың төменгі жағын ала отыр. Ішінде бірен-саран қоңыр үй, басқасы шоқпыт, қарақұрым үйлер. Қос жаппа, итарқаға дейін бар. Бұлар, қойлары болмаған соң, қотан қалдырмапты, біресе ұйыса, біресе шанжау кетіп, қалай болса солай қона салған...Бүкіл ауылда бір ғана самоход (бричка). Одан өзгесінің бірде-бірі сол күйінде жеге жөнелуге жарамайды...Қысқы күйлері тіпті көңілсіз»...

Неткен жадау, сұрқайы, сүреңсіз тірлік...Өткенде қазақ осыншама неге сорлады екен?

Бізге прогресшіл көрінген Ресей сол кезде әлемнің артта қалған мемлекеті саналатын. Арттағы елдің артында біз салпақтадық. Жазушы Мұстафин романы артта қалғанымыздың жауапкершілігін алдымен елді билеп-төстеушілердің мойнына жүктейді. Қымызшы әйел Ақтамақтың сөзімен айтқанда, балық басынан шіриді. «...Ел ағасы, жігіт ағасы деген қазақтың талайын көрдім. Шіркін-ай, тура жолға сермеген бірін көрсемші!» – деген қарапайым қазақ әйелінің сөзі артық айтылғандыққа жатпаса керек.

«Дауылдан кейін» романы елді ел еткізбей отырған кеселді өстіп қазақтың өз ішінен іздейді. Бас қаһарман Аман

жаңа тірлікке жол ашу мақсатында алдымен сол кеселге шүйіледі. «Қойын бір қағаз шайға, атын бір қапшық астыққа сатып, жайлаушыл қазақ не оңады? Ел деген атымыз бар? Елдік мұрамыз бар ма?! Бабаларымыз іс қалдырмай, сөз қалдырыпты. Оның өзі жиюсыз шашылып жатыр. Ұшан-теңіз жерге иеміз. Оның тек түгін сорып, суын ғана ішеміз. Ішін ақтарып, шырынын әлі ала алмадық», – дейді ол Жандос деген ескішіл оқығанмен сөз жарыстыруда.

Қазақты қабырғалы елдердің қатарына косудың және бір жолы, Аман пікірінше, рулық дәстүрлерді қиратуда. Қызыл отау көшін бастап келген пиджагінің жағасында «Каз ЦИК мүшесі» деген қызыл значегі бар Құлпаштың қай рудан екенін сұрағанда Аманның серіктерінің бірі Таймас тез өсіп шыныққан қазақ қызын мақтан тұтып:

«– Руы жоқ. Ұлты қазақ. Рудың қызы емес елдің қызы болғысы келеді», – деп жауап береді.

Роман зерттеуі жабайының аз-ақ алдындағы тірліктен тез арада құтылудың және бір амалы есебінде қазақ ағартушылары ежелден алға қойып келе жатқан оқу, еңбек мәселелеріне айырықша зер салады. Алдымен ұлы Абайға арқа тірейді. Ақан атты кейіпкеріне Абайды оқыттырып қояды. Ақынның: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылын оқығандағы кейіпкерінің айтқан пікірі – автордың өзінің де ішіне түйіп жүрген байламдарынан хабар береді.

– Паһ-паһ сабазым-ай, – дейді Ақан Абайдың қазақ ауруын аңғарғыштығына сүйсініп. – Ет аңдып, ел қыдырған талай қазақтың шапқан шөбі екі-үш қарасына, жиған азығы екі-үш баласына жетпейді. Оны тағы құдайдан көреді-ау!».

Еңбек – өмір мәні, дәні. Мұстафин нағыз өмір жасампаздақта, дейді. Еңбек етпеген адам ажалынан бұрын өлді дей бер. Ондай тірі өлік есептілердің ұлт ағзасының саушылығына да залалы аз болмауға керек.

Жазушы қазақ байларын да еңбекке көзқарасы тұрғысынан екі типке бөледі. Көпшілігін қазақнамай байлар атайды да, олардан тыс жаңа капиталистік қатынастардың қырсырын елден бұрын түсінген, сауда ісіне қанық Шәкен

байды даралап ерекшелеп көтере бейнелейді. Шәкен кетпен тимеген ту далаға соқа салып, арба-арба астық алады. Мал тұқымын асылдандырады. Сүттің нәрі – қаймағын сепаратормен сорып алып, одан да тыйын-тебен құрайды. Рулы елге бой бермеген Кеңқорықтың шөбін машинамен тақырлап жинап алады т.т. Осының бәрі қып-қызыл ақша. Ақшаның заманы туғанын қазақы байлардың бәрінен бұрын сезіп білген.

Шәкен мырзаның тоғыз қанатты ақшаңқан үйінің салтанаты да ерекше. «...Бұл үй тек байлықтың ордасы ғана емес, сонымен бірге қазақ қол өнерінің көрмесі сияқты».

Басқа сөзбен айтқанда, автор қазақ байларының басым көпшілігін (Шәкеннен басқасын) адамзат көшінің артында қалған, өмірге бейімсіз бейшара, дәрменсіз, болашағы жоқ тап етіп көрсеткен. Бұл – кең толғанудан туған пікір. Жазушы әңгіме бояуын қалыңдатайын деп отырған жоқ. Ние-ті ақ – нағыз қаны сорғалаған шындықты ауыр-жеңілдігіне қарамай бетке басу.

Роман діттейтін еңбек проблемасы тұрғысынан келгенде Шәкен секілді қолынан іс келетін байдың тарихи сахнадан шығарылуы, конфискацияланып, ел-жұртынан аласталуы, опасыздық жасаған әйелі Шолпанды өлтіргені үшін тұтқынға алынуы өкініш сезімін туғызатыны түсінікті нәрсе. Шәкендей шаруа қисынын тапқыш тұлғалар қазақ ішінде саусақпен санарлықтай. Алатаудай өркештеніп анадайдан көз тартып тұратын бейнелер. Ондай адамдар кеткенде орындары үңірейіп қалады. Автор «қанаушы тап» өкілі Шәкенді қаншама жерлесе де, еңбекті бірінші орынға қоятын роман пафосы көп ретте сын уытын қайтарып әлсіретеді. Шәкен «сен қазаққа керексің» дейтін азаматтардың сапынан. Романның Шәкен жөніндегі екіұшты позициясына ұқсас қайшылықтар «Дауылдан кейін» романында ұшыраса береді. Қайсыбір кейіпкерлердің аузынан шыққан сөздері социалистік реализм тұрғысынан теріс сөз саналады. Бірақ романның негізі кеңестік идеясына мүлде қиғаш сөздерге тиісінше «идеялық тойтарыс» берілмейді. Неге? Міне, бұл арасы – жұмбақ. Бір ғана мысал.

*Үлкен сынды, бәйгелі бұл бір майдан,
Нашар ұлы, жігерлен, жатпа сайлан!
Қорғалайтын күн өтті бауырларым,
Арам құлқын, арам қан, патша, байдан...—*

деген таныс әнді тыңдап отырып, Жақып атты бай жандайшабы мұрнынан бір мырс етіп:

– Бай не істеді екен бұларға? – деді. – Жазығы майға, ет пен қымызға тойғызғаны ма? Тойғызбаса тағы пәле. Тағы бір жағымсыз кейіпкер санатындағы Ермекбай: «Бәрін байға жапқанмен ақ – ақ, қара – қара емес пе? – дейді. Ол қалада өскен жұмысшы Жұмабекті едәуір тықсырып тастайды. «Сіз адамдардың тек таптық тегіне қарайсыз. Мен, сонымен қоса, құлық-мінезіне де, қолынан келетін ісіне де қарағым келеді. Адам тас емес, тас та өзгереді», – дейді. Бұлардың айтысын тыңдап отырған көккөз секретарь пәлендей ештеңе демейді. Ойымды бюрода айтармын, деп сырғақтайды. Көп жағдайларда кеңеске қарсы дұшпандықпен айтылған сөздерді жауапсыз қалдыру, – жалпы Мұстафин шығармагерлігінің өзінше бір тәсіліне ұқсайды.

«Дауылдан кейін» атты романында жазушы сөз өнерінде көп ілгерілеген. Ол енді бірыңғай керіқалаң бояуларды місе тұтпайды. Ақ пен қара, шымқай қызыл бояулар үстіне өзге де түстілерін, шұғыла бояуындай қызылды-жасылды түрлерін қолданып, жұмбағы табанда шешіле қоймайтын күрделі құбылыстарды суреттеуге ұмтылады.

Романда махаббат тақырыбы жазушының өзге шығармаларынан гөрі кеңірек орын алғаа Шолпан–Шөкен–Аман арасы шығарманың бүкіл сюжеттік қатынастарының іргетасы іспетті. Шолпан романның алғашқы беттерінде көрінісімен-ақ, бұл бейненің осал характер еместігі бірден көзге ұрады. Шолпан – Шәкеннің бәйбішесі о дүниелік боп кеткен соң қыздай алған жас тоқалы. Автор оның сырт сұлулығынан гөрі, ішкі жан иірімдерінің сыртқа тепкен құбылыстарын көбірек қызықтайды.

«Ортадағы шаңқан ақ үйдің екі ашпалы сырлы есігін бірден ашып, жұртты бастай мырза енгенде, шәлісі әлі түс-

пеген жас келіншек қарсы жүрді. Мырза шляпасын ұсына берді. Келіншек апарып, оюлы адалбақанның қошқар мүйіз дес көп тармағының ең жоғарғысына ілді. Тағы не бұйырарсыз дегендей сылаңдап тұр. Түлкідей қызыл, қозғалысы да түлкідей епті. Именген, қымсынған болады. Бірақ кішірек қара көзі қымсынар емес: үлкен сырға ұя боларлық терең, мөлдір, әрі өткір, әрі байыпты...»

Шолпан бейнесі шығарманың моральдық, ар-инабаттылық түйіндерін түйетін проблемаларды қозғауға түрткі болады.

Еркетотай тоқалдың сырты бүтін, іші түтін. Әрі оқыған, әрі ақылды, жігерлі жігіт Аманға ғашық. Нәресте сүйгісі келетін зары және жанын жегідей жейді. Қайшылығы бір басынан асады. Аманды құрған қапқанына түсіріп дегеніне жетсе де жаны жай таппайды. Шәкеннен айырыл, сонсоң қосылайық деген Аман ұсынысын бастапқыда құлағына да ілмейді. Аман екеуінің бірін-бірі сүйетініне көзі жетсе де, тәуекелі жетпей жатады. Не кием, не ішем дегізбейтін тәтті тұрмыстан көз жазу қиынның қиыны. Сөйтіп делсал күйде жүргенінде күйеуін өкімет жер аударғалы жатқанын біледі. Міне, осы кезде қызыл тоқал түлкі құйрығын бұлаң еткізеді. Әйелдің аяушылығы жоқ жауыз инстинкті оянады. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен» дегендей, ол жемі таусылған қолдан жалт береді. Әп-сәтте Құдай қосқан жарына опасыздық жасайды. Біреуден тапқан баласын сенің балаң деп күйеуіне бір опасыздық жасаса, мынауы – екіншісі. Екіжүзділігі ақыры түбіне жетеді. «Екі кемеңнің құйрығынан ұстаған суға кетедінің» кері келеді.

Шәкен өзі бәйтерек болса, бұтағына қондырған жас құсына шаттанып шалқудан әрі аса алмайды. Өзге бабын табуға дәрменсіз. Бірақ алдаусыратқан қыздырма сөзге бар сүйген жүрегімен сеніп жүреді. Өзін қудың қуымын деп сезінетін мырза жер соғып қалғанын бір-ақ біледі. Шолпанға қанжар ала жүгіргені де – жаза басқандығы. Шәкендей ақылды адам ондай жеңіл-желпілік қылыққа бармауы тиіс еді. Шын мәнінде ол қанжарын Шолпанның жүрегіне

емес, өз жүрегіне қадады ма дерсің. Шәкеннің ашу үстіндегі жазасы күйеуінің көзіне шөп салған Шолпанның күнәсін жуып-шайғандай әсер етеді. Ал, түлкі мінезі өз түбіне жеткен бұл бұрымды ақ жүрек, адал жар қазасына, не махаббат құрбанына татымайтын әйел-ді.

Осы мәселенің бүге-шігесін айырып үлгірмей жатып, роман мерзімінен бұрын соңына жетіп тынады.

Романның қан төгілуімен аяқталуы Кеңес өкіметінің, большевиктердің қазақ ауылында «кіші Октябрь» дауылын тұрғызамыз деген идеясын жарқын идея етіп көрсетпек болған авторлық нысанаға да дөп тиіп тұрған жоқ. Қайта дауылдан кейінгі тірлік жаңғырады, жаңарады деген үмітке, кеңестік Қазақстанның нұрлы болашағына деген сенімге жарықшақ түскендей.

* * *

Ғабиден Мұстафиннің соңғы ірі шығармасы – «Көз көрген» атты мемуарлық роман. «Алпыстан асқан ойлы адам Алатаудың басына өрмелеп шыққан тәрізді. Алысқа көз жібереді, жазықта көре алмағанын көреді. Байқамағанын енді байқайды, ұмытқанын еске түсіреді», – деп жазады ол «Автордан» деген романға берген шағын кіріспесінде¹.

Естелік мемуарлық прозаның барлық белгі-нышандарын бойына жинақтаған. Мазмұны тек автордың бастан кешкендерін ғана баяндайды. Жазылу мәнерінде субъективтілік үстем. Фактіні ғана сөйлетеді. «...Ерік фактыға бағынды, қисайтсаң қиянат», – деп жазады автор кітап кіріспесінде. Мұстафин бұл арада шығармасының тек шындыққа суарылғанын айтқысы келген. Десе де, автор еркі аз рөл атқарып тұрған жоқ. Жазушының фактіге бағындым дегені шартты түрде айтылған нәрсе. Әйтпесе ол мемуарға бар басынан кешкенін оңды-солды тізе бермеген. Фактілер іріктелген, сұрыпталған. Кейбіреулеріне, мәселен, Орынбек Бековқа байланысты фактілерге субъективтік бағасы

¹ *Мұстафин Ғ.* Таңдамалы шығармалар. 4-т. Алматы: Жазушы, 1973 ж.

тым біржақты берілген. Соның салдарынан роман баспадан шығысымен қып-қызыл дау-дамай өртіне шалдықты. Мұның жасамыс жазушының денсаулығына зардабы тимей қойған жоқ. Шығарма толық аяқталмай, 1925 жылға жетіп барып тоқтады. Ұлы Отан соғысына дейінгі, одан кейінгі уақыттарды қамтитын екінші, үшінші кітап жазылмай қалды.

Мемуарға кірісуіндегі жазушы мақсаты – «өзінің, өзімен қоса ұлтының іші-тысы қалай өзгергенін» айту болса, бұған дейін қаламынан өрбіген романдарын, «Ой әуендері» атты мақалалар жинағын есептегенде, ол ойына алғандары артығымен орындалды деп берік сеніммен айтуға болады.

Автор шығармасын көрген-білген фактілерге құрғанда оларды ойына түскен бойда шетінен жіпке тізе бермей, сындарлы, жүйелі композиция жасаған. Аяқталған бірінші кітап жиырма бес әңгімеден құралады. Әр әңгіме белгілі бір тақырып желісіне байланған. Шығарма автордың прототипі Сарыбаланың және ол туған аймақтың ширек ғасырлық өмірінің басты-басты белестерін қамтиды.

Бірінші әңгіме қазақтың ата-жұртынан, сулы, нулы шұрайлы қонысынан қу медиен, құла түзге қуылып босқан трагедиясын көз алдыға алып келеді. Бұл қасіретті оқиға бір романға татырлық проблема жүгін арқалап тұр. Автор кеңес кезіндегі партиялық бақылаудан, цензурадан ықтап, патша өкіметінің озбырлық саясатын ашына жазбаса да, айтайын дегенін шым-шымдап отырып аптықтырмай, күйдіріп-жандырып жалауратпай жайымен жеткізе білген. Қазақтың туған жерінен босып қаңғырғанын «Ақтабан шұбырындымен» салыстыру ол кездің жағдайында, Ресейге еркімізбен қосылып едік, аға халықтың қалтқысыз көмегі арқасында...деп даурыққан шақта, әрине, ерлікке парапар әрекет еді. Әңгіме барысында Құтыбай ақынның «кір жуып, кіндік кескен Қара Нұрадан» айырылып жүрегінің пәре-пәре болғанын шағынып жырлайтын өлеңдерінен ұзақ үзінді келтіріледі. Суы – сүт, шөбі – шекер жерлерін еміп өскен өлкесінен айырылған сорлы қазақтың еңіреп улап-шулаған даусы, жан айқайы

күні бүгінге дейін құлақ шыңылдатып, жүйке шымырлатып, көзге жас үйірілтеді.

Әрине, бұдан мемуарлық роман кеңеске дұшпандық ниетте жазылған деген мағына тумасқа керек. Мұстафин бұл мемуарында да социалистік реализм жетегінде. Кеңес өкіметінің саясатын бар жүрегімен қолдайтыны сондай, оның дұшпандарын: «етке қақалса да – Советтің кесірі» дейді деп қатаң сөгіп отырады. Дегенмен, әділетсіздікті бүгіп, жауырды жаба тоқымайды. «Смело, товарищи, в ногу», «Қиратамыз ескі жалғанды, Жаңа тұрмыс орнатамыз. Жарылқаймыз жарлы қалғанды» деген әсіре революцияшыл ұран өлеңдерді роман көркем мәтініне енгізе отырып, оның арасына қызыл цензура жариялауға тыйым салған Нармамбет ақын өлеңін сыналап енгізіп жіберуін және оны бас қаһарманы Сарыбала аузымен айтқызуын жазушының өзінше бір эзоптық айла-шарғысы екенін де айтуға керек. Ерекше әні бар, ел аузында кеңінен тарап кеткен бұл өлең күңіренісі күні бүгінге дейін төбе құйқаны шымырлатады.

*Сарыарқа сайран жерім-ай,
Салқын да самал белім-ай,
Сандықтай тауың тізілген
Өлкелі өзен, көлім-ай!
Сарыарқаны өрт алды...*

Өлең Құдайдан медет сұраумен аяқталады. Бұдан өзгеше, Құтыбайдың өлеңі публицистикалық жалын атып шырығады.

*Әміріне ақ патшаның амал қанша!
Алпыс үй айдалада жатыр аңша.
Дарига дес тиер күн келер ме екен,
Етер ек сан етіңді борша-борша!*

«Дес тиер күн» дегеніміз не? Дес тиді – ерік берілді, билік тиді, деген сөз. Мұстафин қаламы бұл сөздерді кездейсоқ туғызбаған-ды.

Қазақстан Кеңес Одағының «терезесі тең республикасы» деп сол кездерде қаншама өзеуресек те, іс жүзінде олай емес-ті. Іс жүзінде Қазақстан Кеңес өкіметі тұсында да бірсыпыра шұрайлы жерлерінен айырылып қалды. Етінен ет кесіп бергендей Бостандық ауданын Өзбекстанға «сыйлауға» мәжбүр болды. «Тың игеруші» келімсектер түбінде Ресейдікі болар деп иемденгені сондай, Арқадағы ата-бабаларымыздың жатқан жерлерін жермен жексен етіп айырып тастады. Суларды теріс ағызып, Аралдай айтулы теңізімізден айырды. Ойшыл жазушы «дес тиер күнді» аңсағанда бұл хал-ахуалды білмеді, көрмеді емес. Ол да «көз көргені», бірақ жаза алмай арманда кеткен, жүрегіне шемен боп қатқан шері еді. Жазушының «байқамағанымды енді байқадым» дейтіні осы болса керек. Жүрегіне байланған сол шеменді шет жағалап суреттеуін Ғабиден Мұстафиннің болашаққа хаты десе де сыйымды. «Көз көрген» романы мына «дес тиген күндері» – тәуелсіздік байрағы аспанында желбіреген жағдайда бұрынғы кеткен есесін қазақ қайтара ала ма, жоқ па? – деген сұрақтарды төтесінен қойып, бүгінгі жер басып жүргендерімізді де қалың ойға батырады.

Романның екінші әңгімесінен оныншы әңгімеге дейін жазушының ата-анасы, өзі туралы мағлұматтар, ауыл молдасынан, одан соң орыс мектебінен (бір жыл көлемінде) оқығаны баяндалады. Осы бөліктің және жалпы мемуарлық романның үлкен табысы қажы Мұстапа бейнесі болып табылады. Бұған дейін жарық көрген қазақ прозасында молда, қажы, жалпы діндар адамдар үнемі қара бояуы баттастырыла ондырмай суреттелетін.

Мұстапа қажыға екі мәрте барып қайтқанда, құр қайтқан жоқ. Ізгілік, әділдік оқуын тоқып қайтты. Пәлсапасы қазақ ішінің бұрын-соңды естімегендері: «Білгенің қайсы, білмегенді кешірмесең. Көргенің қайсы, көргенсізге жол сілтемесең. Таспен атқанды аспен ат. Ол жамандық ойласа, сен оған жақсылық ойла. Молданың айтқанын істе, істегенін істеме дегенді дәл Мұстапаға айтуға ешкімнің аузы бармайды. «Жақсылық қолдан келмесе де, жамандық істемейік. Өзі жаралы жанды жәбірлегенше, жылы сөзбен ем-

дейік» дейді. Сөзі мен ісінде айырма жоқ. Жалғыз биесін ұрлаған, алпыс үй Елібайдың отыз ірі қарасын жымқырған ұрыны дүрелеп жатқанда Мұстапа үстіне жығылып, құтқарып алады. Өзге де сопылығы бір басына жетерлік.

Мұстапа – Сарыбаланың әкесі, ұстазы. Сарыбала Ғабиденнің Кеңес милициясындағы азды-көпті адал да әділетті істері алдымен сол Мұстападан алған тағылымның жемісі.

«Көз көрген» мемуарлық романының өзге қайшылықтарынан айырықша аталуға тиістісі жоғарыда сөз етілген Орынбек Бековтың бейнесіне байланысты. 1920 жылдан бері Коммунистік партияның мүшесі болған, Қазақстан Жазушылар одағын құрушылардың бірі саналатын бұл қайраткердің бейнесі бұрмаланып көрсетілді деп баспасөзде жазушы сын тепкісіне ұшырады. Тіпті кітапты турап тастау керек деген ұсыныс та жасалды.

Орынбек Беков ақ патшаға да, Керенский, Колчак, Кеңеске де бірдей адал қызмет еткен адам. Кейін архив негізінде жүргізілген тексерісте анықталғанындай, жазушы тарихи шындықты зәредей бұрмаламаған. Әйтсе де, осы бейненің атын өзгертіп типтік тұлғаға айналдыруы керек еді. Кімнің тарысы піссе, соның тауығы болу бір Бековтың басына қатысты жәйт болса бірсәрі. Шұғыл, тосын өзгеріс, құбылулар қай коммунистің басынан өтпеді? Әр түрлі дәрежеде бәрінің басынан өтті. Әсіресе Беков секілді типтестері Абайдың: «Әркімді заман сүйреме, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек» деген сөздерін еске түсіреді. Бірыңғай кесіп алды баға беруге қиын осынау үлкен қоғамдық құбылысқа қазақ әдебиеті топырағында алғаш мән беріп, үлкен тақырыпқа жол салған суреткер көрегендігін айырықша атап өткен жөн.

Романда қазақ-орыс достығы, орыстардан үлгі алған Сүйгембай, Бақыбай, Иса дейтін қазақтардың жер кәсібіне кірісуі, 1916 жылғы халық көтерілісі, патшаның тағынан құлауы, Азамат соғысы, ақтардың ылаңы, ауылды советтендіру кезеңдері қанық бояулы көркем тілмен, ықшам бейнеленген. Шығармада біліктік, этнографиялық маңызы

бар материалдар да аз емес (қазақ тойы, қазақ ойындары, әдет-ғұрыптары жайындағы әңгімелер).

Мұстафин кей прозалық шығармаларын драматургиялық жанрға айналдырды («Миллионер», «Шығанақ Берсиев», «Шыныдан туған қозы»), кей әңгіме, романдарының сарынында пьесалар («Мазасыз мейман») жазды. Бірсыпырасы сахна төрін де көрді.

* * *

Ғабиден Мұстафин қазақ әдебиетінің жетекші жанры – роман түрлерін қалыптастырып дамытуда өлшеусіз зор еңбек сіңірген жазушы. Ол өз заманының тарихи кескінін шыншылдықпен, ерен көркемдік қуатпен, шын, адал жүрегімен суреттеді. Ол суреттегендері бүгіндер аса көрнекті қаламгеріміздің көкірегін жарып шыққан өсиет-аманатындай оқылады.

Шығарма шырайын енгізетін халық мақал, мәтелімен қатар, өз ой әлемінен балалаған нақыл, афоризмдерді роман кеңістігіне молынан төгіп тастайтын сөз ұстасы «Ой әуендері» атты жинағы соңына «Сұрыпталған сөздер» атты бөлімше енгізіпті. Сол бөлімшедегі бір сөзін жазушы былайша түзеді:

«Күн шалмас қараңғы көңілді сөз шалады, күн жылытпас сұм жүректі сөз жылыта алады».

Ғабиден Мұстафин шығармалары талай келешек ұрпақ жүрегін жылытарлық, ойын өрге сүйерлік сөзге мейлінше жомарт.

2002 жылдың мамыр, маусым айлары.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

XX ғасырдағы қазақ көркемсөзінің Абайдан соң өсіп толысуына, қарыштап дамып, әлемдік өркениетті әдебиеттердің қатарынан орын тебуіне ірі үлес қосқан ақын-жазушылардың маңдай алдыларының бірі – Әбділда Тәжібаев. Оның есімін қазақ халқы әрқашанда ардақтайды. Бұл есім бүгінгі Тәуелсіз Елдердің Достастығы қауымына, көп-көп шет жұрт оқушыларына да кеңінен таныс.

Ә. Тәжібаевтың өмірі мен шығармагерлік дәурені, негізінен, кеңестік заманды қамтиды. «Негізінен» деуге себеп, тоқсанға тақаған ұзақ жасында (1909–1998) ол өзге қоғамдық құрылыстардың да дәмін татты. Балалық шағында өлең-жырмен ауыздануы ескі патриархалды-рулық қоғамда басталды. Қартайған шағында нарықтық қатынастарға жолығып, тәуелсіздікке қол жеткізген елінің уыз ауасынан кеудесін кере жұтып, ой-сезім жүйесін қайта қарауға талпынды. Осы қайшылықтар оның шығармаларына тиісті әсерін тигізбей қойған жоқ. Ақын дүниетанымы, көркем туындылары кезінде ең жоғары партиялық инстанциялар тарапынан қатаң сыналған кездер де болды. Тұрпайы социологизм кінәратына ұшырап, оны алдымен өзі айыптады. Көп қиындықтарға, әкімшілдік-әміршілдік жойқын қысымдарға қарамастан, ақын өзінің басты туындыларында социалистік реализмнің қасаң принциптерін айналып өтіп, қазақ лирикасының жаңа белеске көтеріліп гүлденуіне атсалысты.

Ә. Тәжібаев қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орынға ие. Ол «талантты және өзіндік стилі, өзгешелігі бар күшті ақынның бірі деп саналады»¹.

* * *

Өмірі, кісілік тұлғасы. Әбділда Тәжібаев XX ғасырдың перзенті. Осы ғасырдың типтік бейнесіне де жататын

¹ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Алматы: Жазушы, 1985. 308-б.

тұлға. Ол идеясына, сеніміне берік коммунист, уақытының күнгей-теріскей жақтарының бәрін бойына сіңірген адам бола тұра, өз замандастарының арасынан қапсағай денелі, көріктей кеуделі тұлға-тұрпатына қоса, ұшқыр да тапқыр, қанатты ойымен, жалынды жігер-қайратымен, тегеуірінді, қызбалы, қайсар характерімен де бөлектеніп ерекше көрінетін.

1909 жылы ақпан айының екінші жұлдызы күні бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорда қаласында туған Әбділда балалық, естияр шағында ауылдың саумал поэзиялы ауасын жұтып өсті. Әкесі Тәжібай Қарымсақов, Сыр бойының қыпшағы, етінің тірілігі арқасында хат-шот танып, қала байларының приказчигі қызметіне жарап, отбасына әжептәуір нан тауып беріп жүргенде кенет опат болады. Жиырма алты жасында жесір қалған шешесі Айманкүл алты жасар ұлы Әбділда, кішкентай қызы Зылихамен Қызылорда қаласының батыс жағындағы Қараөзек темір жол станциясында тұратын әкесі Далдабайды сағалайды. Он жасты толтырғанда, шешесі Айманкүл қайта тұрмыс құруы себепті, Ақмешіттен жетпіс шақырым жердегі Шіркейлі жағасына қоныс ауыстырады.

Нағашы атасы Далдабай, өгей әкесі Қайрақбай, шешесі Айманкүл, ақынның естеліктеріне қарағанда, жас баланың жүрегінде өлең-жырға деген құмарлықты алғаш оятқан жандар. Далдабай қартқа еріп балық аулағаны, тары егісуі, бауырына салып өсірген Қайрақбаймен жылқы күтісуі жас Әбділда үшін нағыз өмір мектебі болады. Сол кездегі қазақ әйелдерінен өзгеше өсіп, Бұхарада тәлім алған молдадан он төрт жасына дейін оқып, парсы, шағатай әдебиетін парақтап, кітап жинайтын, хатқа жүйрік ақын шешесі Айманкүлдің бұл мектептегі рөлі тіптен ерек. Ол тұңғышы Әбділда үшін ақындықтың ұясы да еді. Бақытсыз жесір шешенің жыл бойы күйеуі Тәжібайды жоқтап өз жанынан шығарған қасіретті өлеңдері, ауылдағы әлде не отырыс-жиындарда кітаптан алуан қиссалар оқып, едеуірін жатқа айтып жұртқа тыңдатуы осының бәрі болашақ ақынның емшек сүтімен бірге алғаш татқан поэзиялық нәрлері.

Шешесінің ауылға, үй-ішіне оқып беретін кітаптары Қазан, Петербор, Орынбор шаһарларында басылған, не шет елдерден келетін «Сал-сал», «Зарқұм», «Саяр Шәріп», «Зифнүн», «Шаһмаран» секілді толып жатқан дастандар, поэмалар еді. Ауылда «молда қыз» атанған анасынан қара танысымен жас Әбділда да осыларды бірге оқысып, үлкендердің бәрекелдесіне бөленеді. Кейін Ділдахан молда ең зерек шәкіртім сенсің деп Айманкүлге Низами, Науаи, Хафиз, Сайқали, Бәділ еңбектерін сыйға тартқанда, бұл ғаламат рухани мүлік те қиса оқығыш баланың жан азығы есепті көкейде тоқыла береді.

Осынау кітап ғазалдарын нақысты мақаммен оқып жұртқа жаю Шығыс әдебиеті сарайының босағасын аттау екенін Әбділда, әрине, кейінірек түсінді. Қазақ ауыз әдебиеті саңлақтарын кездестіріп, Жиенбай жыраудың толғауларын, Сыр перісі Нартай мен анасы Айманкүлдің айтысын жүрек қазынасында өмір бойы асыл жиһаздай сақтады.

Жасы он үшке келгенде сол кездің ғұрпы бойынша «Он үштегі – отау иесі» деген нақылды есті бала өзінің ережесіне балады. Алғашқы мүшелін өмірінің жаңа бетін ашып қарсы алды. 1922 жылы Қызылордадағы жетім балалар интернатына түсті. Адам болсам, жақсы азамат боп өсем деген талабы бір уақ оны Ташкеннен бір-ақ шығарды. Өттегене, үлкен шаһарда оқысам деген мақсаты жүзеге аспады. Қызылордасына арып-шаршап әрең деп қайта оралды. Өжет мінезді қаршадай баланы тартқан азабы қайта қайрай түсті. Ленин атындағы мектеп-интернатқа түсіп, бастауыш мектеп көлемінде білім алды. Бұнда Әбділда былайғы өміріне жол ашқан екі түрлі олжаға кенелді. Біріншісі, болашақ ақын үшін ең қуаныштысы – Абай поэзиясы әлемінің есігін ашты. Мұғалімі, алғашқы ұстазы Сәтбеков Әбілқайыр ұлы ақынның шығармаларын нақышына келтіріп әдемі оқуының үстіне, бұрынғы қазақ өлең-жырларынан аңғарылмайтын алуан түрлі суреттерге, дыбыстар үйлесіміне назар тіктіре білуші еді. Жас Әбділда Абайдың ғажайып сөздерін ұйып тыңдап, өзі әлі тілін шығарып айта алмайтын сезім

кәусәрларынан қандай ләззат алғанын ұлғайған шақта-рында да ұмытқан емес.

Екінші көрген жақсылығы – өз жанынан өлең шығаруға талпынуын бастауы. Оған мұрындық болған тағы да сол Әбілқайыр мұғалімі. Бір күні ол Абайдың «Аттың сыны» өлеңін «нақышына келтіріп әдемі даусын алуан құлпыртып, кейде түйсініп, кейде жадырап оқыды»¹ да, енді, балалар, өздеріңнің жақсы көретін сәйгүліктеріңді өлеңмен сипаттауға тырысыңдар де тапсырыс берді. Мұны «инша жазу» деп атады. Араб тілінен аударғанда шығарма жазу деген сөз деп түсіндірді.

«Инша жазу» бара-бара алғашқы өлеңшілік тәжірибеге ұласады. Әбділданың өлеңдері енді қабырға газетінде көріне бастайды. Мектепте комсомол ұясының хатшысы және қабырға газетінің редакторы болып істеген ол, жүрексінуді білмейтін өткір, батыл мінезімен бала болса да үлкендердің көзіне ілігеді. Сондықтан да шығар, 1925 жылы Қазақстан астанасы Орынбордан Ақмешітке көшуіне байланысты тарихи мәні зор митингіде пионерлер атынан құттықтау сөз сөйлеу пионер бала Әбділдаға тапсырылады. «Әбділда бұрын да жиын-топта сөйлеп төселіп қалған вожатый болуы керек, айтар сөзін именбестен жатқа соға жөнелді...»² – дейді сол митингіге газет тілшісі ретінде қатысқан Сәбит Мұқанов.

Бұдан соң Ә.Тәжібаев 1925 жылы Шымкенттегі Ғани Мұратбаев атындағы жеті жылдық мектепке түсіп, оны 1927 жылы ойдағыдай аяқтайды. Содан 1929–1931 жылдары Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-әдебиет факультетінде оқиды. 1948 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіреді. КСРО Жазушылар одағы жанындағы Жоғары әдеби курста оқыған. Міне, осы оқу орындарына коса, Әбділда өскен тамаша әдеби орта – Сәбит, Мұхтарлардың ақыл-кеңестері, әдеби үлкен орта ақынға және бір қайталанбас университет болды.

¹ *Тәжібаев Ә.* Бес томдық шығармалар жинағы. 5 т. Алматы, 1981. 25-б.

² *Мұқанов С.* Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960. 638-б.

Сәбит Әбділданы Қызылордадағы митингіден соң екі жылдан кейін 1927 жылы Қызылордада кездестіреді. Әбділда Сәбит ағасының қолқабыс көрсетуімен «Лениншіл жас», «Жұмысшы» газеттерінің корректоры, «Еңбекші қазақ» газетінің көшірушісі (жазба машинка жоқтығынан теруге әзірленетін материалдар қолмен көшірілетін), газет бүктеушісі, сатушысы болып істейді. Әрі жұмыстан қолы босаған бойда отыра қалып өлең жазады. Жазғандарын Сәбитке, сол кезде тәуір дейтін ақындар санатында жүрген Асқар Тоқмағамбетовке, Қалмақан Әбдіқадіровке сынатып алады.

Ә.Тәжібаев өзі бірінші өлеңім деп 1927 жылдың күз айында «Жұмысшы» газетінде шыққан «Жұмысшының гудогы» деген үш шумақ өлеңді атайды. Осы пікірді жоғарыда цитата алынған мақаласында М.Әуезов те қолдайды.

*Домбыра, дутар қағуды,
Дозара тұрып әзірше,
Қосамын барабаныма
Қарқынды жыр мен әнімді! –*

деген дабылды жолдарды сол уақыттың жастары мереке, жиын кештерде тақпақ қып айтқан. Осы өлең Бес томдықта «Соғамын барабанымды» деген атпен аздап редакцияланып шыққан. Жазылған уақыты мұнда 1930 жыл деп көрсетілген.

Ал, Сәбит Мұқанов ақынның алғашқы өлеңінің атын да, басылу мерзімін де басқаша атайды. «Әбділда Тәжібаев туралы» деген мақаласында «Еңбекші қазақ» кітапханасы» деген атпен шығатын «Сыйлық» жинағына жас талап Әбділданың «Мұнда саған орын жоқ» атты өлеңін кіргізгенін айтады. Өз еңбектерінен баспа бетінде бірінші рет жазған осы өлеңді таңдамалы жинақтарына неге енгізбей жүргеніне қайранмын деп жазады. Ә. Тәжібайұлы деген қолы тұрған бұл өлеңінде автор Турабай дейтін қазақтың орыс тілін білмегендіктен жұмысқа алынбағанын сынайды («Теріс қарай жазбасаң, Қарағым мұнда орын жоқ»). («Сыйлық». Қызылорда, 1926 ж. №5).

Жас талаптың өмір қазанында қайнап пісуінде ресми орындардың жолдамасымен Қарсақбай мыс өндірісіне баруы, сонда «Қызыл кенші» атты аудандық газет редакторының орынбасары болып істеуі, газеттің алғашқы нөмірі шыққанда редакцияға экспедицияда жүрген Қаныш Сәтбаевтың арнайы келіп құттықтауы, онымен бірге Арқаны аралауы, жұмысшылармен біте қайнасуы үлкен рөл атқарады. Жас ақынның ақ қайнар жүрегінен өлең жолдары түйдек-түйдегімен ағытылады. Бұл ұмытылмас жылдардың өлеңдері 1933 жылы күзде Алматыға оралған соң «Олқылық» деген жинақта басылды. Оның алдында алғашқы жеке жинағы Сәбит Мұқановтың алғы сөзімен 1932 жылы «Жаңа ырғақ» деген аталыммен жарияланған болатын.

Ә.Тәжібаевтың дүниеге көзқарасы едәуір дәрежеде баспасөз орындарында қызмет істеп жүрген кездерінде қалыптасты. Ол «Лениншіл жас» газетінде редактордың орынбасары, көркем әдебиет баспасында редактор, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы (1940–1943 жылдары), «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы, Қазақ КСР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі болып істеген.

Баспа орындарындағы алуан қызметі, қоғамдық жұмыстары жас ақын өресін көтеріп, қаламын ұстартты. Өмірдің алдыңғы сапына шығарды. Сонымен бірге бұл салалардағы белсенділігі белгілі дәрежеде бісыпыра өлеңінің көркемдік сапасына салқынын тигізбей қойған жоқ. Көп өлеңдері таусылмайтын саяси-науқаншылық жетегімен, газет айқай-шуына үн қосу мақсатында жазылды. Үгітшіл-науқаншыл өлеңдерінің тез оңғыш, өмірі қысқа болғанын ақын кейіндер өзі де мойындаған.

Ә. Тәжібаев әдебиетке араласқан жетпіс жылдан аса уақыт ішінде бес қалың том құрайтын толық жинағын бастырып шығарды. Оның сыртында бұл жинағына енгізілмей қалған туындылары қаншама.

Бес томдық жинақтағы туындылары көркем әдебиеттің барлық жанрларын дерлік қамтиды. Өлеңдері мен поэмала-

рынан тыс пьесалары, киносценарийлері, сыни мақалалары, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғауға негіз болған «Қазақ лирикасы тарихынан», «Өнер және драматургия» атты құнды зерттеулері бәрі жиналып тағы да бір маңызды рухани қазына құрайды.

Әбділда Тәжібаев 1974 жылы «Көне қоңырау» жинағы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Сөйтіп еңбегі мемлекет, ел-жұрт тарапынан ең биік бағаға ие болды. 1985 жылы ол Халық жазушысы құрметті атағын алды. Кеңес өкіметінің ең биік дәрежелі ордендерімен, әлденеше медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Ақын Әбділда халқының абызы аталған ақылгөйі. Қоңыр өңді, еңсегей бойлы, жұқа қабақты, таяғымен аспан тіреген Әбділданың сығырайғандай кішірек көзі алдынан талай ұлан-ғайыр өзгерістер өтті. Ол елінің ащылы-тұщылы өмірінің нақ ортасында жүрді, қуанышы, қайғысының дәмін бірге татысты, ауыл шаруасы мен өнеркәсіп жұмысшысынан бастап, қоғамның барлық қабатындағы әлеуметпен, зиялы қауыммен, Қазақстанның қанша ұлығы болса, солардың бәрімен жанасты, таныс болды. Осынау бай өмір тәжірибесі Әбділда Тәжібаевтай қайратты, қайсар қалам иесіне, арқалы ақынға өз заманын асқан поэтикалық қуатпен жырлап суреттеуге қолайлы жағдай жасады.

Өлең өлкесіне ілкі қадамы. Академик-жазушы Мұхтар Әуезов өзінің «Әбділда Тәжібаев» (1949) атты еңбегінде ақын шығармагерлігінің алғашқы кезеңін белгілегенде 1927–1934 жылдардың аралығын атайды. Ғұлама-суреткер бұл мерзімді ауызға алғанда сол кезеңдегі әдеби процестің ерекшеліктерін ескерген болуға керек. Осының алдында біраз уақыт бұрын, 1925 жылы маусым айында ҚазАПП құрылды. Осы кездерде Мәскеуде Әдеби-көркем институтта оқуын аяқтап келе жатқан Мағжан Жұмабаев «Алқа» атты әдеби ұйым құру мақсатында «Табалдырық» атты бағдарлама жасады. Басқа сөздермен айтсақ, XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында қазақ әдебиетінде, оның лирикалық поэзия саласында бір-біріне қарама қарсы екі әдеби ағым

бой түзеп қалып еді. Әдебиет қай бағытта дамуы керек? Осы сауалға жауап іздегенде ҚазАПП: қазір «ең керектісі еңбекшілердің таптық сезіміне әсер етіп, тез оятатын тақырыптар» керек деп, кезектегі шаруашылық науқандарды бас-басына атап тізді (жалшылардың еңбек заңына сүйеніп іс істеуі, кооперация, қосшы одағы т.с.с. сияқтыларды ұйымдастырып күшейту, ұйымдастыру, ағқамінерлердің, байлар мен молдалардың кедейлерге істеп жүрген қиянаттары, т.с.с.)

Бұдан өзгеше, «Алқа» бағдарламасы: адам жүрегінен өтетін қандай сезім болса, соның бәрі поэзия тақырыбына жатады деді. «Алқа» саясаттан бойын аулаққа салмайды. Оның да жан сөзін айтқызатын әсері болады. Тек өз орнын табуы тиіс дейді. Әдебиет саясат нұсқауымен емес, ішкі заңдылықтарына сәйкес дамиды.

Сәбит Мұқанов төңірегінде топтасқан бірқатар ақын-жазушылар сияқты жас Әбділда өлеңін тап күресінің мүдделеріне, үгіт-насихат ісіне жекті. «Жаңа ырғақ» атты тұңғыш жинағына «Айдалған бай», «Үлес үстінде», «Жалшылар, міне, жеңді енді», «Еңбекшілер тезіне», «Көзінді аш», «Сорлайды екенбіз» деген өлеңдер енгізіп, конфискация кезіндегі, тағы басқа ауыр ахуалдағы қазақ ауылының трагедиялық аянышты халін оптимистік тұрғыдан, жарқын бояулармен суреттейді, айдалып сотталған, жер аударылған сорлыларды большевиктік кекті ашумен табалайды.

*Сұр жыландар, бұлар елді шаққандар
Күні кеше ақ патшаға жаққандар, –*

деп, сол тұстардағы саясат ұранын өлең жолы етіп қиыстырады да:

*Айда, отарба, заула қатты зуылдап,
Еңіресін қайғылылар шуылдап,
Құрт апарып,
«Елсіз жерге»,
«Сусыз шөлге»
Тазалансын арамыздан шуылдақ.*

деп, заң орнынан гөрі саяси лаң құралына айналған сталиндік қиянатшыл сот үкімінің қатал, зәрлі үніне еліктейді.

Жинақтағы бірқатар өлендердің эстетикалық нәрі де шамалы. Өйткені саяси үгіттің жаттанды тілін бітеу күйінде жұтып, жалаң ұрандарын сағызша шайнап, поэзиядан лирикалақ сыршылдықты мүлде түріп шыққан еді.

ҚазАПП-тың сөз өнеріне қайшы келетін көзқарасын Ә. Тәжібаев «Естеліктерінде» былайша түсіндіреді: «ол кезде поэзияның суреткерлігі, музыкалық үнділігі, образдылығы, көркем мағыналылығы біздің арамызда сөз болып көрген емес... Біз ол кезде махаббат лирикасын, жаратылысқа, адамның жан күйіне арналған лирикаларды – оқушының сезімін улау, оның биік идеясын кірлеу деп түсіндік»¹.

Бұдан әдебиеттану ғылымы қандай қорытынды шығаруға тиісті? Кейбір желқабыздар бүйректен сирақ шығарып, бұрынғы кеңес кезінде жарияланған көркем шығармалардың бәрін мансұқтауымыз, әдебиетіміздің жетпіс жыл бойғы үрдіс дамуын тарих бетінен сылып тастауымыз керек деседі.

Ондай байбаламға кеңес дәуірінде өмір сүріп қызмет еткен ақын Әбділда Тәжібаев мысалына сүйеніп жауап беру қажет болса, былай дер едік: тарихты қайта жаза алмайсың. Болары болды, бояуы сінді. Әбділда ақынның жоғарыда келтірілген таптар арасындағы әлеуметтік өшпенділікті қоздыратын өлеңдері сол кездің айнасы, еш бұрмалаусыз суреті. Болашақ үшін, қанды трагедияның қайталанбауына жол бермеу мақсатында, сөз жоқ, бұл ащы шындықты да білуіміз керек. Демек, Әбділда Тәжібаевтың қандай өлеңі болсын халық қазынасы есебінде мансұқ етілмеуі тиіс. Әдебиет тарихында ақтаңдақ жасаудан мәдениетіміз ойсыраған олқылыққа ұшырап зиян шеккенін естен ешқашанда шығармауға тиістіміз.

«Жаңа ырғақ» жинағындағы үгітшілдік сарынды автордың өзі де кейіндер қатаң сынағаны мәлім. Сыршыл лириканың алдындағы бөгеттерді жоюға бағытталған осы секілді жұмыстар әдебиеттану ғылымына да үлкен пайдасын тигізді.

¹ Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1960. 5-т., 54-б.

Қайыра айтқанда, «Жаңа ырғақ» кітабы – ақынның тырнақалды жинағы. Өлең өлкесіне ілкі қадам жасап еңбектену жас таланттың қауырсынын қатырып, қанатын бекітті. Жинақта саяси тақырыпқа жазылмаған өлең де кездеседі. «Арыс құмы» өлеңі (1928) осының жақсы айғағына жарар еді. Аралға жақын, «бурыл құм, бұйраланған Арыс құмының» пейзажын: арда өскен аңдарын, түн жамылып ұшатын көзі отты үкісін, ыққа мүлгіп ыңыранған, ырғалған көрікті ыраңын көз алдыңнан өткізетін суреттері жас балғын талапкердің қолынан шықты дейтін емес. Тұзды көл бейнесі қандай келісті:

*Мінекей, сол ортада Арыс тұзы,
Жалтырап, сәулеленіп ашық жүзі,
Емсе де, күннің лебін ерімейді,
От жанған шілдеде де айна мұзы.*

Әбділда ақынның алғашқы өлеңі «Мұнда саған орын жоқтан» да оның тасқынды ойдың алғыры аталатын болашағынан хабар бергендей. Алғашқы туындының сезімі жеңілдеу, жолдары жайдақылау, қоңырқайлау екені рас. Сондықтан да Ә.Тәжібаев оны таңдамалыларына енгізбегенге ұқсайды... Дегенмен, болашақ үлкен ақынның тегеурінді екпіні өлеңінің зор ауқымды тақырыбынан сезілетінін мойындамасыңа амалың қалмайды. Ақындық жолын ана тілін қорғаудан бастауының өзі не тұрады. Өлең бітімінде мысқыл бар: «қарағымдап» отырып қазақ тіліне немқұрайды қарайтын «ағаны» шымшып түйрейтін. Өлеңнен жас автордың ұлтжандылығы шиыршық атады. Оқушысын өз жеріңде тұрып, басқа тілді білмегенің үшін жұмыстан қағылатының қалай деген нәумез де наразы ойға қалдырады.

«Жаңа ырғақтан» кейінгі екінші кітабы – Қарсақбай өнеркәсібі жұмысшыларының арасында жүрген әсерлерден туған «Олқылық» жинағы. Жинаққа оған енгізілген поэма-ның аты қойылған. «Қазақ совет әдебиеті очеркінде»¹ (1958)

¹ Аталған кітап. Алматы, 402-б.

ақынның бұл поэмасына «схематизмге соққан шығарма» деген баға берілді.

* * *

Шабыт қанатында. «Сырдария». Отызыншы жылдардың екінші жартысынан Әбділда ақын шығармагерлігінің жаңа сапалы кезеңі, жаңа биігі басталады. Оны ақын есімінің бүкіл қазақ даласы аспанына қалықтап көтерілген шағы деп те айтуға болады. Атақты «Айнабұлақ» (1936), «Сырдария» (1936) т.б. өлеңдері дәл осы кезеңде туды. Әбділда жұлдызының республика аспанында жарқырауына бірқатар объективтік һәм субъективтік себептер қолайлы әсер етті.

Біріншіден, Ә.Тәжібаев Қарсақбайдағы үш жыл бойына бұл өңірдің от-жалынында шынықты, жаңа өмірдің сырына қанықты, көңіл күйінің сазы мен ырғағын ендігі тірліктің аяқ алысына қарай бейімдеді. Колхоз бастығы Шенеудің үйінен кітапхана табылып, ендігі бос уақыттарын жан семіртетін іске жұмылдырды. Кітапханадан Абай кітабы табылды. Жас ақын қуанышында шек болмады. Ол Абайға, Абай поэзиясына қайта үңілді. Шенеумен қосылып қалың ойларға берілді. «Сопы Аллаяр», «Хикмет», «Беділ», «Төрт дәруіш», «Тотынама», «Мың бір түн» сияқты кітаптарды бірлесіп оқысты, инженер Қаныш Сәтбаевпен бірге Арқа кендерін аралады, қазақтың ендігі көтерілер ырысты биіктерін жоспарлап, жарқын қиялдарға шомды. «Ағалар туралы поэмалар» атты бірінің артынан бірі туған қос туындысында қазақ ақындарының қатарынан бірінші болып, «Жазайықшы бір көкпеңбек мөлдір аспанға Алтын бояумен Сәтбаев деген аттарды!» – деп үндейтін өлең жолдарын құйылтты.

Екіншіден, үш жылдан соң Алматыға, әдеби ортаға келіп кірді. Әдеби орта жас талапты жаңа белеске көтерді. Астанаға оралған бойда жас буын орыс ақындарының өлеңдерін судыратып оқитын Саттар Ерубәев, Зейін Шашкин секілді өзі құралпас өркендермен қолтықтасып, ендігі

поэзияның көкейтесті міндеттері хақында кеңесті, айтысты, таласты. Әбділдаға, әсіресе, Мұхтар Әуезовтей сөз кеңішімен танысып достасуы игі әсер етті. Әуезов жас талаптың ақындық жолына ақ жауын боп төгілді. Осы үлкен жазушының жетегімен әлем әдебиеті сарайын сайрандады. Шекспир тереңдеріне үңілді. Ибсен драмасына таңдай қақты. Пушкин мен Лермонтовтың тынысы мен рухын қазақтың асыл ойы мен сезіміне айналдырып жеткізу біздің мәдениетіміздегі өзінше бір бетбұрыс екенін түсінді. Әуезов ықпалымен ол өлеңге мүлде басқаша қарай бастады, мазмұн мен форманың жарасты үйлесімін тану яки поэтика мектебінен өтті, соның нәтижесінде «Тараспен әңгімелесіп, Гейнемен кездесіп жүрді.»

Үшіншіден, 1934 жылдың маусым айында Қазақ кеңес Жазушылар одағының бірінші съезіне қатысып, өндіріс жас Әбділда Мұхтар, Сәкен, Сәбит, Ілияс секілді ағаларының «нұсқаушы, бастаушы болатын аталы сөздерін» естіді.

Әдеби процеске мидай араласу ақындық өнердің көкжиегін кеңейте түсті. Нәтижеде Әбділда ақынның өз творчествосын байытуы үстіне, қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар бірінің артынан бірі ағыл-тегіл саулай жөнелді. Солардың ішінде шоқтығы биік көрінетін «Айнабұлақ» өлеңі бүгін де адам еңбегінің жасампаздық қуатын алғайтын мінсіз сомдалған, шебер шегенделген кесек дүние есепті сүйіндіреді. Қазір біз бұл шығарманы бірінші бесжылдықтың өндіріс майданын, бірінші алыбын жырлағандық деп қана қабылдамаймыз. «Айнабұлақ» өлеңі, осы қарқында жалындап туған С. Мұқановтың «Жүйткі, қара айғырым», А. Тоқмағамбетовтің «Түрксіб түйіскенде», Ғ. Ормановтың «Шеңбер» өлеңдері – бұлар қазіргі кез оқығанында, шіркін, тәуелсіздік туын желбіретіп түсіп, мына құлазып жатқан байтақ даламызды бөтен жұрттың ашқарақ көзіне ілдірмей тезірек меңгерсек деген қиялымызға қозғау салады, нешеме тарап ойға жетелейді.

«Жазық дала жанданды» дей келе, ақын оған жан бітірген, жан-тәнімен тер төккен еңбекші ел бақытын селдете жырлады.

*Тап кеше Алатауға ағылып қол,
Асқардың асуынан салмаққа жол
Гулетіп еңбек күйін дабылдатып,
Әндетіп, аршындатып төгілді мол, –*

деп нөсерлетті қазақ өлеңінің жаңа буын жас өрені.

Мазмұны түріне сай келіп, көңілдегі күйдің ырғағын дәл тауып тіл бітіретін өрнек бітімі әсем Әбділда өлеңдерінің ең бір асылы «Сырдария» туралы Мұхтар Әуезов: «Сезіміне күйі сай, тақырыбына тілі сай, қысқа, әсем әндей шыққан анық көркем жыр»¹, – деген ғылыми дәл, әділ бағалы пікірін қалдырған.

*Білем сені, сүйем сені,
Сырдың суы қарт анам.
Сенсің мені әлдилеген,
Туған сенен мен балаң.*

Алғашқы өлеңдерінің бірі «Арыс құмының» тұзды көлін айнаға теңесе, Сырдария ел анасына теңеледі. Ақын дарияны өз анасындай көреді. Жүрегінің төрінен орын береді. Орны бөлектің жыры бөлек. Лирикалық кейіпкер – Сыр перзенті аруақтанып қанатын асқақ биіктерге сермейді. Ақын сарынында, өлең ағысында ишаратпен, ыммен айтылатын идея жарқырап айқындала береді. Автор айтпаған, тек меңзегендей болған ойларды оқырман енді өзі түзе бастайды. Біз, қазақ, ешкімнен де осал емеспіз. Біздің табиғат қай табиғатыңнан кем? Оны еміп өскен ақын да осал болмауы керек. Өлеңнің эпикалық құлашы қандай кең. Ақын қиялы жер шарын самұрық құстай шарлап, Сыр ананың биік тұлғасын айқындай түсетін нақты бейне іздеп шарқ ұрады. Ақынның сұңқар көзі Рейнге түседі. Рейн Гейнені туғызса, «Сырдың суы туған ол да Өз ақынын Гейнесін» деп, сурет құдіретімен «біз де ешкімнен кем халық емеспіз» деген идеяға табындырады. Мынандай қуатты жыр туғыз-

¹ Аталған толық жинақтың 18 томы, 318-б.

ған ақын Гейнеңмен де, дүниенің не асқақ шайырымен де иықтаса алатынына күмән қалдырмайды. Міне, ұрандатып жалауратпай-ақ сәтімен табылған салыстыру арқылы ақын отаншылдық зор идеяны аңғартып отыр. Мұндай өлеңдерді талай арпалысып күш тірескен замандардың төбесінен зулап өте беретін, оты мәңгілік сөнбейтін зымырандарға еріксіз балайсың.

Өлең жолдары сегіз буынға сығымдалған. Сөз үнемдеп, ойын тереңдетеді. Композиция сәтті табылған теңеуді биіктете түседі. Пушкин Еділді, Тарас Днепрді жырлаған белгілі ақиқат, орнымен табылған сәтті салыстырма арқасында жыр құлашын кеңейтіп, таңғажайып жаңалыққа кезіккендей әсер береді. Бұдан әрі өлең беталысы жаңа заман талабымен қанаттасып, ақын туғызған Днепрде өзендер жарық беруге көшкен, сен де дала перзенттеріне қол жетпеген көк жұлдызын алып бер деген романтикалық тілекке ауысады. Ол тілектің мақсаты ұрықтанып қауызын жара бастаған идеяны байыта түседі. Қазақтың ендігі зәрулігі Жаңа Гейне. «Сырда туған Сырдың ұлы, Жаңа Гейне мен болам». Шын мәнінде көк жұлдызын құшақтауды арман ететін туған елі, халқы. Бұл өлеңнің лирикалық кейіпкерінің ақын творчествосында ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясында Алатаудай асқақ көрінетіндігі де сондықтан.

«Сырдария» өлеңінің поэтикасына тоқталғанда бір шумақ ішінде аз да болса бес дүркін қайталанатын дауыссыз «с» әрпінің атқарар қызметін ауызға алмау мүмкін емес. Адам баласының ең ардақ тұтар «Сүйем» дейтін сөзінен бас алатын аллитерация енді келесі шумақтардың шулы-дулы көшін бастап, лирикалық шалқыманың өрнегінде қайталанған сайын өлең бағын аша түседі.

*Сүйсе Гейне анам десе,
Сүйген суы Рейнесін.
Сырдың суы туған ол да
Өз ақынын Гейнесін.*

Осы тұстарда Әбділда өлеңінде жиі ұшырасатын және бір елеулі ерекшелік төбе көрсетеді. Ол лирика әуеніне айырықша саз-эпостық нақыс қосылып, туынды тынысын, кеңістігін кеңейтіп жіберетіндігі. Тағы да бір өлеңінде (Александр Невский туралы толғауында) «Сойқандарға соққым бар, Содырларға тепкім бар» деп ауыз әдебиетінің үлгісімен үстемелетіп, қарқынлатып айтатыны секілді нақысты айтып отырмыз.

Әр алуан формасын тауып, жаңа өмірдің елге сыйлаған жақсылық жаңалықтарын Ә. Тәжібаев шын жүректен, бар көңілімен ақтарыла жырлайды. «Блокноттан» өлеңі Қаныш Сәтбаев бастаған геолог барлаушылармен кенеп шатыр астында өткізген романтикалық бір түнді жырлау арқылы, жасампаздық идеясын көкке көтереді. «Көшсе шатыр орнынан, Көрем завод жаңадан» деп асқақ армандарға жетелейді. Қазақ инженері Қаныш Сәтбаев абыройы биіктеуімен қоса ұлт мерейі өседі.

Ел-елдің рухани қазынасын қадірлеп-қастерлеген көзқарасқа тамсанады («Тараспен әңгіме»). Жә, болмаса, Гейне кітабын жаппай өртеп, жағып жатқан фашистік бейбастақтыққа, қаратүнек зұлымдыққа қарсы ашынған ақын даусын көтереді («Ақын даусы»). Өлеңнің астары туған заманымен үндес. «Еркіндіктің өлеңін Өртеп бітем дей ме екен, Еркіндіктің ақынын Жерлеп бітем дей ме екен» деген жолдар қаламынан сорғалап құйылғанда ақын қосымша тағы қандай ой ойлағанын кім білсін. 1936 жылы бұл өлең жазылғанға дейін-ақ талай қазақ ақыны сталиндік лагерлерде жерленді, талайы көздері бозарып қараңғы қапастарда зар шеккені баршаға аян.

«Күш» деген жинақта (1935) осы реңктес шындық отында шындалып, тапқыр оймен түйінделген өлеңдер көп. Дегенмен, Ә.Тәжібаевтың жинақтағы біршамалас өлеңдерін ағымдағы саясатқа ноқталатып алғаны да байқалмайды емес. Ондайда қаламынан жеңіл-желпі, қанты көп, ақындық мүмкіндігінен әлдеқайда төмен: «Елден сәлем», «Май, алақай», «Біздің үйде» деген секілді әйтеуір жазыла салған салғырт өлеңдер қоздаған. Осындай үстірттілік,

жайдақылық ғашықтық отында өртеп жандыратын Азра дәстүрін оншама игермеген, игермеген де жаңалық қоса алмаған махаббат лирикасынан да байқалады («Құшағыма кірді күнім», «Есіңде ме», «Сенгенім сен» өлеңдері).

* * *

Қоғамдық сананың көңіл-күйімен астасуы. Поэма жанрына құлаш ұру. Ә. Тәжібаев талант байлығы, жомарттығы жағынан асып төгіліп жатқан ақын. Ол айтайын дегенін шағын өлең шумақтарына сыйғыза алмай, поэма есігінің тұтқасына қол созды. Бұл кезде лиро-эпикалық жанр қазақ әдебиетінде едәуір қалыптасып қалып еді. Абай, Мағжандар желісін қағып, Сәкен, Ілияс, Сәбит өрістеткен қазақ поэмасы халқымыздың жыр-дастандық дәстүрлеріне иек арта отырып, ел өмірінің ендігі проблемаларының ауыр жүгін мойнына алды. Аға буынның өкшесін баса, кейде олармен үзеңгі қағысып жарысу дәрежесіне жеткен Әбділда ақын, бірден күнделік материалға шүйілді. Бастапқыда сүрініп-қабынды. Зиянкестікті әшкерелеп, қырағылықты күшейт деп саясат тілін өлшеусіз безеп, көркемсіздікке ұшырады («Олқылық»). Тақырыбы челюскиншілерді құтқаруға арналса да, көр-жер, уақ-түйек бытыраңқы оқиғаларды қуалап, жазбақ дүниесінің арқау жібінен айырылып қалды («Құтқару»). Тағы да бір кең құлашты, планеталық тақырыпқа арналған поэмасында ақын бір-біріне қарамақайшы екі дүниені социалистік һәм капиталистік дүниелерді қарсы қойып, бұларды бақыт пен сордың, жарық пен түнектің, қысқасы, жақсылық пен жамандықтың рәмізді бейнесі етіп көрсетуге тырысты. Бірақ бұл шығармасының да жолы болмады. Әсіресе социализмді мадақтауға ұтымды шындық уәж таба алмай, сталиндік тоталитаризмнің көп қиянаттарына көз жұмбай жасап, жасандылыққа ұрынды («Екі жаһан»).

Осы сәтсіздіктеріне мойымаған қайсар ақын, талантын шыңдай келе, Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» (1922), Ілияс Жансүгіровтың «Күйші» (1934) поэмаларының са-

палы, соқталы арнасын мейлінше кеңейтіп тереңдетті. Ол өнер тақырыбын поэзиялық биікке көтеріп, бірінің артынан бірі «Оркестр», «Күй атасы», «Абыл» поэмаларын туғызды.

...«Оркестр» сияқты лирикалақ поэмаға келуі Ә. Тәжібаевтың ақындық суретшілік күшінің молдығын анық байқатты»¹.

«Оркестр» поэмасы құрылымының, композициясының өзі бес саусақ бірдей жұмылса ғана күш-қуат бітеді дейтін поэма идеясын айқындайтындай. Байдың ақ ордасында бәйбішенің бір өзінің ғана құлағының құрышын қандырып қарт күйші Еспембет қу ағаш, қос ішектен зар төгіп отыр. Бір сәт домбыра әуені бұлбұл құсқа айналып гүлге қонады. Құс шешенінің гүлмен сырласуын үй сыртындағы жұрт тыңдап, ол мүлгиді.

Ақ ордамен маңайлас қара лашықта ақсақалды шал қобыз сарнатып отыр. Ауылдастарының тілегі бойынша «Аққу күйі» орындалады. Күй сарыны құба жонда жалғыз қалған үйде аш отырған үйелменіне азық таба алмай сәтсіздікке ұшыраған бір мергеннің күйкілі тұрмысына қайғырып, соны сарынын өзек етеді.

Құм басынан және бір ащы зар естіледі. Қойшы бала боз қурайдан сындырып істеген сыбызғысын сарнатады.

Осының бәрін жиып-теріп суреттей келе, поэма кешегі дала бейнесін жасайды. Сыбызғының сарнағаны кенет дабылға ұласады. Қойшы қобызшы атасын кек күйін тартуға шақырады. «Тудыралық бір жанжал, Ащы зардан шықса кек, Бұзылмас па тас қамал!» Шал «Топан» күйін тартады. Қыл қобыздың шанағынан күллі даланың дабыл қаққаны, шапқан аттардың ұлы дүбірі құлаққа шалынады. Бұдан әрі қарай автор сөзді өзіне алып, күй мен күйшілер біріккендегі әуенді тыңдауға шақырып, оркестрді жырлауға көшеді. Байдың ақ ордасы шайқалады. Сөйтіп музыка даусы арқылы автор әлеуметтік төңкеріс тарихының жалпы сұлбасын көзге елестеткісі бар.

¹ Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. Алматы: ҚҒА баспасы, 1958. 406-б.

Социалистік реализмнің таптық принципін музыка саласына қолдана білді деп мақтау алған ақын поэмасының иі қанбаған осал тұстарын жасырмауымыз керек. Қазақ әдеби сыны кезінде дұрыс көрсеткендей, жалғыз аспаптың даусынан гөрі оркестрдің қуатты үндестігін жырлайтын тұста ақынның дүлдүл аттай шабысы босаңсығандай әсер береді. «Жосылды жойқын дауыс сахнадан, Аққандай тасқын өзен кең арнадан» деген тақырып кең өрістетілмей, жаңа идея, соны ойлармен молықпай, шолақ қайырылған. Поэма «Оркестр» деген атын көлем жағынан да ақтамайды. Оркестрдің ойнауына яғни бас тақырып үлесіне шығарманың небәрі оннан бір бөлігі ғана тиген.

Ұлы күйші Құрманғазыға арналған «Күй атасы» поэмасының сюжеті нақтылырақ. Тартымды оқылатын шағын поэма, мол мағыналы. Ақын мұнда өнер асылдарын, ел қазынасын сақтау, ардақтау проблемасын көтереді. Ұлы Құрманғазы балдырған қыз Динаның саусағынан өз күйлерінің айнымай сорғалағанына сүйсінгенде, авторынан әлдеқашан ажыраған мүлкінің өлмей, өшпей халықтық рухани қазынаға айналғанына әбден көзі жетеді. Домбырасын Дина Нұрпейісоваға өз қолынан сыйлайды. Көптен іздеу салып таба алмай жүрген мұрагерін қыз баладан атауының өзінде де Құрман күйшіге лайық батылдық, жаңашылдық рух мен мұндалап тұрар еді. «Өмір орнап, өлімді Айдайтұғын күн болар. Өн менен күй ағылып, Сайрайтұғын күн болар» дейді Құрманғазы. Поэма 1938 жылы жазылғанын ескерсек, Әбділда ақынның екіұшты оқылатын шығарманы жариялағанына қайран қаласың. Тарихымыздың асыл мұраларын ақтандақ ету науқаны сол 1937–1938 жылдардың айқайынан етек алғаны мәлім. Елдің бетке шығар қаймағын жою арқылы жасап жатқан ақтаңдағың да күн туғанда орнына келер деген ойға апаратын пікір... Автор оны сезді ме, жоқ әдейі істеді ме, ол арасы қараңғы.

Өнер, оның туындыгері хақында тақырып толғайтын шығармалардан ерек туған поэма – «Абыл» поэмасы. Мінсіз соғылған нағыз зергерлік бұйым. Қарапайым сюжетті

шығарманың дамытылуы қандай шебер: бір күйден екінші күйге табиғи және оқырман күтпеген жерден күрт ауысып отырады.

Алқақотан отырған түркпендер кезекті жорықтан олжалы оралған. Араларында қолына кісен салынған аты-жөні беймәлім бір қазақ бар. Қосағасы қарт үйден сәнді домбырасын алдырып, қасындағы кісіге күй тарт дейді. Осы арада оқыс жағдай туады. Әдемі күй домбыраның шегі үзіліп, тоқтап қалады. Осы сәтте жұртты тағы да бір күтпеген жайт селт еткізеді. Ол ұрт мінез көрсеткен тұтқын қазаққа байланысты еді. Күйлеуге көнбей қойған домбыраны «мен түзетіп берейін» деп сұранады тұтқын. Қолы босаған бойда домбыраны алғаш қаққанынан-ақ тыңдаушыларын елеңдетіп, ақыры мүлде ұйытып тастайды. Түркпен қарт: «Сен Абыл ма едің?» – дейді. Сол күйге елтіген түркпендерді тосыннан қазақ қолы самсап кеп қоршап алады. Поэма финалы да тамаша аяқталады. Ақын тосын шешім табады. Екі жақты Абыл күйшінің ғажайып сазы бітімге келтіреді. Оқыс аяқталған финал оқушысын иландырады да, сүйсіндіреді де.

Бір қызықты оқиғаның кенеттен екінші оқиғаға тез алмасып, оқушысын «енді не болар екен» дегізіп ынтықтырып отыруы, әлбетте, шебер өрнектелген композицияның жемісі. Поэманың тіл кестесі тіптен ерек. Абылдың домбыра қағысына құлақ түріп көрелік:

*Барады тартқан сайын омыраулап,
Тұтқынның жүрегiнiң оты лаулап.
Жайлауын түркпеннiң кеттi кернеп,
Толқынды бiр ғажайып үн сорғалап.*

Бұл көркем тіл болғанда, музыкамен жұптасқан тіл. Абыл жүрегін түркпен күйшінің шерткен сазы бір тебірентсе, тамылжыған табиғат күйшінің арқасын тіптен қоздырып жіберді. Бұл жақтың әуе айналып жерге түсетін ыстығы күн батар шақта қоңыр салқын тартып, батыс жақты қызыл жалқынға және бояп, көкірегін шерге толтырады.

Домбыра шанағынан шыққан сол алуан шерлі дыбыстардың адам жанын дүбілдеткеніне арқалы ақынның өзі де барынша буырқанып ширығып алған. Осы тұста жайшылықта ауызға түспейтін біртуар қайталанбас сөздер ақын қаламынан құйылып тасқындайды-ай кеп. Домбыра шанағынан шыққан ғажайып үн сорғалағанда:

*Кіре алмай ұясына күн байланды,
Шұғыласы домбыраны шыр айналды,
Балқытқан ұясынан көтеріп бас,
Ай да ерте ұясынан шыға қалды.*

Жан әлемінің алтын кенішінен уыс-уыс сөз маржанын қарпып лақтырған ақын шабыты бурадай шабынады. Енді ол күй сыйқырына табиғат, хайуанатты табындырады. Бұл адам сезімін сазбен сабақтастастырудың өзінше бір тәсілі еді. Адам көңілі көзінен бірінен-бірі өткен құдыретті ғажайып суреттер қалқып өте береді.

*Жер-дағы жер бауырлап шөгін алды,
Күбірлеп күймен бірге демін алды,
.....
Теңіз де толқынданбай тына қалды,
Жай ғана желден бір сөз сұрап алды,
Айдында айдай жүзген жалғыз аққу,
Сұңқылдап шыдай алмай жылап алды.*

*Аруана қысыр қалған о да ыңыранды,
Күрсінді, еміренді, шыдамады,
Желінін тастай қатқан уыз кернеп,
Бауырынан жануардың сүт парлады.*

*Жолбарыс атылуға жатқан дайын,
Жылтылдап қос шырағы жұлдыздайын.
Иреңдеп бауырын төсеп ыңырсыды,
Шымырлап жанына күй батқан сайын.*

Адам көңіліндегі әсерді кең даласымен кіндіктес ақын осылай ғана шырқауы керек. Ол өзі бала күнінде жиі естін ертегідегі он сегіз мың ғаламның тірлігіне құлақ тосып дағдыланған. Сол дағды бойынша жүрегіндегі дауыл күйдің дәулескер домбырашы оятып тулатқан дабысын хайуанат қозғалысы, табиғат құбылысы арқылы мінездеп суреттейді. Домбыра сазына төңіректегі табиғат қосыла әндеткендей. Тымық теңізден аққу саңқылы құлаққа келеді. Боздаған аруана, ырылдап-гүрілдеген жолбарыс үні естіліп, дүние небір ғажап дыбыстарға оранады. Оған өлең қисындарының әуезі, тамылжыған ырғағы қосылып, адам жанының толқындары күй боп тулайды. Сөйтіп дыбыс, дауыс бейнелері Абыл тұлғасын аша түседі. Қысқасы, сөз сазы мен дыбыс сазы үндестік тауып, өмір атты музыканы ойнайды.

Поэма дегеніміз – лирикалық һәм эпикалық қайнарлардың тоғысар сағасы болғанда, Әбділда Тәжібаев сол сағадан туған жаңа өзен құяр теңіз. Жәй тыныш теңіз емес, толқынды, тасқынды айдын. Поэманың тасқынды оқиғасы тасқынды өлең-жыр тілеген.

Ақын жүрегінің құдыреттілігі тәңірі сөзін өлеңге бөлеп сөйлетуінде. Әбділда поэмаларында сол сөзге лайық мықты характерлер бой көрсетеді. Олар тар жол, тайғақ кешулерде қажымай, мойымай, биік ой-сезімдерін кеуделерінен жанар таудай атқылатады. Тұтқын Абыл күйші өз мүшкіл жайын ұмытып, шабытқа берілгенде үңірейген мылтық аузынан да сескенбейді.

Абыл ел аузындағы аңыздан алынған. Табанында кейіпкері жайлаған өлкенің құм-шағыл ыстығының табы қалған ақын үшін оның өмірде болған, болмағаны пәлендей рөл атқармайды. Мәселе ақын көксейтін проблемада. Ол – бірібіріне тығыз байланысты еріктілік және халықтар арасындағы достық идея проблемасы.

Ә. Тәжібаевтың және бір жіті қолға алған тақырыбы сол кездердегі ортақ Отанымыз — Кеңес Одағына төнген соғыс қаупіне байланысты еді. «Толағай» поэмасы, «Күштіден де күштіміз», «Ақын-батыр», «Ленинград» секілді тек ақын шығармагерлігінде ғана емес, қазақ поэзиясында да

көрнекті орны бар лирикалық өлеңдері эпостық ұранды әуенмен өрілді. Бұл шығармалардың өзегі – отаншылдық, патриотизм идеясы. Онда бізге жаулық сағынғандарды алды-артына қаратпай жапырып тастаймыз деген уақытының орынды-орынсыз өркөкіректігі де орын алды. Қайсыбір шығармаларында, атап айтқанда, «Мерген» (1940) поэмасында мағынасыздық орын тепті. Құнды, ойлы шығармалардың дәрежесіне көтеріле алмағаны үшін «Кілемшілер туралы ертегі» поэмасы да сынға ұшырады. Ақынға сүйекті шығармаларында «советтік шындықты солғындау көрсетті» деген айып тағылды. Соңғы сын ақын шығармаларын жете түсінбегендіктен туған сияқты. Жақсы шыққан тарихи шығарма жазылған уақытымен қашан да тығыз байланысты. Басқа сөзбен айтқанда, өткен-кеткенді жырлап та бүгінгінің көкейтесті проблемаларын қозғауға болады. Бұл айтылғанға дәлел – «Толағай поэмасы» (1940).

«Толағай» поэмасы нақпа-нақ Ұлы Отан соғысы қарсаңында жазылды. Халық аузында жүрген аңызды ақын өзінше қорытып, елі, жері үшін жанын пайда еткен батырдың толымды бейнесін жасады. Поэма кейіпкері қуаңшылдықтан зардап шеккен халқына қанатымен су сепкендей ерлік істейді. Алыстағы биік мұзды, көл, өзені жамырап аққан таудың бір шатқалын кесіп алып, арқасына салып сусап отырған жеріне, еліне әкеледі. Әкелген бойда сүрініп кетіп арқасындағы таудың астында қалып, қаза табады. Ер өлгенмен, елі өлмей аман қалады. Тау атын халқы Толағай деп атайды. Жан қиярлық ерлікті жырлайтын нағыз патриоттық поэма соғыс жылдарында ел рухын көтеруде аз пайдасын тигізген жоқ. Поэма Әбділда ақынның тәуір туындыларының қатарында аталуға керек.

Толағай – романтикалық қаһарман. Қиындықта халқына қалқан болам деген ер осал болмауға керек. Ақын кейіпкерін осы идеалға сай, қай жағынан да күшті тұлға етіп суреттейді. Әкесіне әл бермей өлтіруге айналған жолбарыстың құйрығынан ұстап тұрып, мысық құрлы көрмей үйіріп-үйіріп дөңгелетіп әкеп, теңізге атып жіберетін ғаламат қара күш иесі. Сонымен бірге Толағай үлкен жүрек-

ті, ізгі, елі, жері үшін жан қияр тұлға да. «Қайтсем жауын жаудырамын, Ел сусынын қандырамын. Адал ақыл айтар кімдер?..» деп тебіренеді. Осындай сұрау-сауалдармен және авторлық сипаттау арқылы Толағай характері ашыла түседі. Романтикалық кейіпкер жан сөзін көбірек атқарғанда, поэманың салмағы арта түсетін еді. Әттегене, бұған ақын сараңдық жасап, эпостық баяндауға бірыңғай түсіп кеткен.

* * *

Ұлы Отан соғысы басталған кезде Әбділда ақынның қылышы қайраулы еді. Отан үшін жан пида дейтін «Толағай» поэмасының идеясы ілезде жалғасын тапты. Осы тараптағы алғашқы өлең «Біз жеңеміз» деп аталған. Фашист басқыншылардың Еуропаға салған ойранын ашу-ыза отымен айыптай келе, Әбділда өлең жүйесіне публицистика құралын енгізіп, Жеңістің қозғаушы күштерін сапқа тұрғызғандай етіп, шебер баяндайды. Сондықтан «Көмеміз қазып терең аждаһаны, Болса да бір басында мың бір жаны» деген өлең қорытындысы сенімді естіледі. Ақын бірте-бірте майдан жырының нақтылы суреттерін елестетуге тырысады («Қан тамырлар», «Сал күшінді, Ленинград», «Майданнан хат» т.б.)

Ә.Тәжібаев не болса, соны жазып, төпелеп қисындыра беретін өлеңшілер әулетіне жатпайтын. Жауға қарсы әйтеуір кекті, уытты өлең тудырудың жөні сол екен деп, «тисе қарғаға, тимесе арбаға» демей, замана бетін, әдеби процесстің ағысын аңдап отырып жазатын. Соғыс тақырыбын да ол әр қырынан қаузады. Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллиндей даңқты батырлармен жүздесу «Бауыржанға», «Сырласу» өлеңдерін жазуға дем берді. Басқа біраз ақындарға ұқсап, оларды суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін ертегінің қаһармандары етіп әсірелеген жоқ. Біздің заманымыздың батырларын ол өзгеше суреттеді. Бауыржан, Мәліктер ет пен сүйектен жаралған кәдімгі адамдар. Оларды биіктететін күш – санасы, рухы. Әділ істің жеңбей қоймайтынын жете түсінетіндіктері. Отанына, туған еліне

деген махаббаты асып төгіліп жатқандар. Соғыс жөніндегі жаңа түсінігін ол Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің сөзімен былай деп қорытындылайды:

*Тоқтатты Мәлік сонда айтты бір сыр:
Ойлама қорықпайды деп өлімнен құр.
Тәтті өмір, жар-достарды сүйгені үшін –
Ажалмен інің саспай шайқасып жүр.*

Төлеген Тоқтаровқа арналған «Ана мен бала» өлеңінде ақын дүниедегі бір-біріне ең жақын адамның ішкі сырына үңіледі. Баласы қан майданда намысын жібермей ерлікпен қаза тапты. Ажал оғы тигенде абыржыған жоқ. «Қош, достарым!» деген сөзін айтты да іштей жылағанын сездірмеді. «Тапты екен қандай ана Төлегенді? – деп сауал қояды жас қазақтың ерлігін бір жағы мақтан тұтқан, бір жағы қапыда қаза табуына сай-сүйегі сырқыраған ақын. Сауалына автор өзі жауап береді. Баласына келген қара қағазды естірткендегі ана халін суреттеуге сұңғыла ақын сөз таппайды емес. Ер Төлегеннің кімге тартқаны осы жерде байқалады. Егер Ана жылап-сықтаса – бәрі орынды. «Аһ» десе деміне тас екеш тас балқыр еді, оның зарлы даусына тау-тас, сай-сала қосылып күңіренер еді. Бірақ кейуана көз жасына ерік бермейді. Ернін тістелеп, Отан-Ана биігіне көтеріледі. Бір түнде ағармаған шашы қалмаған Ана ерні кезеріп: Кегім! Кегім! Аттан, жұртым! – дей береді.

Төлеген Тоқтаровтың қанды көйлек жолдасы жас коммозитор Рамазан Елебаев Ұлы Отан соғысы кезіндегі әндердің шоқтығы – «Жас қазақ» әнін шығарғаны мәлім. «Жатты-ау көзі от жайнап» деген сөздері қандай, Ғабиден Мұстафиндей асқарымыз жазған. Осы тақырыпта Әбділда ақын да жүрек әмірімен «күш сынасты». Ғабенді қайталамай, өз бағасын берді. Ол баға тек Ер Төлегенге ғана емес, барша қазақ атты ұлттың мерейін аспандатқан жыр бағасы болады.

*– Есімде, Москваның төңірегінде
Жарқылдап көтергенің қазақ атын, –*

дейді Әбділда Тәжібаев сол кездегі қасаң идеологияның орыстан өзге халықтың жақсы атын ататқызбайтын қисынына қарама-қайшы. Осы және басқа бірталай шығармаларында ақын ұлттық сана-сезімнің («национальное самосознание» дейтіннің) майдандағы қазақ жауынгерлері ерліктерінің арқасында болып көрмеген дәрежеге көтерілуін патриоттық сезімге, аспандаған пафосқа бөлеп жырлайды.

*Мақтаныш, – сенің маған қазақтығың,
Ерсің деп айта аламын, озат, бүгін.
Сүй, жолдас, жас қазақты дәл менше сүй,
Қорғасқан адамзаттың азаттығын.*

Халқының дүниежүзі сахнасынан өз ұлттық нәрімен, әрімен жарқ етіп жайнап шыға келген кезең сәтін қағып алғыш ақындық көз оты дейтініміз, мінекей, осы. Ол қырағы бүркітше қияннан шолады, жер түбіндегіні көріп, аңсап, тілеп ұшады. Қазақ адамзатты фашистік зұлматтан құтқарушылардың бірі деп алғаш ел аузына сөз салған Әбділда ақын.

Қазақстан тылда да қажырлы ерлік еңбек етті. Ол жөнінде де Әбділда айтарлықтай әдемі жырларын төкті. Ақын тақырыптың жаңа қырынан келетін табысын еселей түсіп, тылдың жанкешті еңбегін өлеңіне қосқанда «қазақ» деген сөзді тағы да мақтанышпен ауызға алады. «Қазақ» деген сөз жыр шумақтарына жарасымды қалана қалады. «Қарағанды шахтерлеріне» атты өлеңінде ақын, Мәліктер алысқан неміс мойнын бұрап алды дей келе, қара алтынды өндіруші қаракөздерді «Кірлейсің қазақ антын, қазақ даңқын, Бәйге алған озықтарға ере алмасаң», – деп қайрайды.

Соғыс жылдары Әбділда Тәжібаев қаламынан кесек жанрдан туғаны – «Толғау» поэмасы (1941). Атынан көрініп тұрғанындай, бұл ежелгі толғау жанрына еліктейді. Ырғағы жеті-сегіз буынды тармақтарға негізделген қазақ ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан қоғамдық-саяси лириканың өрістетілген түрі. Осы еркін форманы ақын сюжетке құрып, неміс тевтондарын ойсырата жеңген Александр

Невский бастаған қолдың ерлігін жырлай отырып, «Біз жеңеміз» өлеңімен бастаған сарынын үдетпекке ұмтылған. Осы түрді Ә.Тәжібаев Жеңіс күніне арнаған «Айтыңдаршы, арманым не» деген өлеңінде де қолданады. Мына ұлы Жеңіс құрметіне исі қазақ құрбан шалыңдар, кәдеңе жарай алсам, мені де шалыңдар деп, жүрекжарды өз қуанышын, көк кернеген ел қуанышын бейнелеуге нақысты ырғақ, нәрлі тіл табады.

* * *

Соғыстан кейінгі дәуірде. Бұл дәуірде ақын шығармагерлігі бір биіктен екінші биікке қалай көтерілгенін айтудан бұрын жалғыз Әбділданың емес, барша поэзиямызға тиген залал-зардап хақында бірер сөз айтуға тура келеді. Отызыншы жылдардың өзінде қабынып-ісінген Сталиннің жеке басына табынушылық кінәраты соғыстан кейін әбден долырып жарыларға жуықтады. «Өмір және поэзия, Қазақ лирикасы жайлы ойлар» (1962) атты еңбегінде Ә. Тәжібаев бұл аурудың зардаптарын былайша сипаттайды:

«...Бір-ақ кісіге табынушылық – әмбе жеңіс пен табыс иесі Сталин деп түсіндіру барлық көркемөнер салаларына зиян етті...ол халықтан тумай көктен түскендей, оның тәңірідей бейнесінің алдында өзгелер бас июге, қол қусырып, тағат етуге ғана тиісті... Асқар, Тайыр, Ғали, Әбділда, Жұмағали, Дихан, Қасымдар бірсыпыра уақыт бойында өздерінің жекелік стильдерінен, жете бастаған шығармалық биіктерінен кейін шегініп, домбырамен төгіп айтатын термелер, толғаулар жазуға шықты. Жаңа ғана жаңғырып, мәдениет тауып келе жатқан сөздік теңеулер, образдар бұрынғы фольклорлық күйіне бет бұрды. Өлеңнің түрін де «жеңілдетуге», он бір буын қара өлең, жеті буын жыр өлшеуінен шыға бермеске тырыстық. Сол кездегі «Социалистік Қазақстан» жариялаған жыр бәйгесіне бәріміздің де бір толғау жазып қатысқандығымыз да сондықтан болатын. Мен ұзақ сонар «поэманың» астына «домбырамен» деген ескерту жасадым...

*Тілсіздерге тіл берген,
Үнсіздерге үн берген,
Жансыздарға жан берген,
Нансыздарға нан берген,
Көсеміміз – Сталин! –*

деп жазбағанымыз жоқ»¹. Көріп отырғанымыздай, Ә.Тәжібаев культтің шашбауын көтеруге өзі де белсене қатысқанын мойындайды, оған атсалысқаны үшін алдымен өзін аяусыз қатаң сынайды.

«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы», – дейді ұлы Абай. Культке табыну аяқталғанымен, тоталитарлық жүйенің сызы Әбділда ақын творчествосында, әсіресе зерттеу еңбектерінде көп уақыт бойы сезілгендігін, ілесіп қалғанын да атап айтуымыз керек. Сонымен бірге бүкіл ақын шығармаларын бір қағынды құбылыстың ғана төңірегіне иіріп қойсақ, шындық ауылынан әлдеқайда шығандап кетуіміз мүмкін. Культ лаңы кейінгі ұрпаққа ой салды. Уақыт сырларына үңілдірді.

*Сағатым, міне, алдымда менің,
Әкемнен қалған тозбайтын шойын.
Отырмын бағып минутын оның
Уақытпен бірге қозғалып ойым.*

Бұл шумақ ақынның уақыт туралы, тарих соқпақтары хақында толғанысы – «Портреттер» поэмасынан алынып отыр. С. Қирабаевтың пайымдауында, бұл «поэманың идеялық түйіні: біздің өткен уақытымыз күрестің белгісі, әкелер мен ағалардың төгілген қанымен келген жеңіс екенін таныту»².

Осы айтылғандарды былай деп түйіндесек ләзім: Әбділда Тәжібаевтың, басқа да көп-көп ақындардың лирикалық шығармалары культке кереғар дамыды, күн өте сыршылдығын, өз үндерін жоғалтпағаны былай тұрсын, қайта даусын түзеп алды, құйқылжыған қарқынын үдетті.

¹ *Тәжібаев* Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1960. 239-240 бб.

² *Қирабаев* С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Білім, 1998.

*Келші, сәулем!
Бір болайық.
Егіз гүлдей ырғалайық,
Қос жұлдыздай
Бір жанайық.
Бірге ұшайық
Қанат жайып, –*

деп шалқытады соғыс бітер-бітпес Әбділда ақын. «Ұмытпа, сәулем, сен оны», «Алатау», «Ақ қалпақ», «Грузия», «Орыс халқына», «Москва, саған», «Ой» тағы да басқа толып жатқан өлеңдерінде бейбіт өмірдің, тыныш тұрмыстың хош иісті, тың бояулы әуендері, қайта өрістеген қызу еңбекке аңсап кірісу, бейбітшілікті қорғау, халықтар арасындағы достық сарындары басым түседі.

*Басыма кидім ақ қалпақ
Оюлап шетін сырғызған.
Менің де бетім жап-жалпақ,
Айырмам қайсы қырғыздан, –*

деген сияқты туған елімізге дос-жаран, тілектестерді көбейтетін, сол күндерге де, бүгін-ертеңімізге де өте-мөте қажет өлеңдердерді бауырмал, жомарт жүректі ақын сәтімен туғызып отырды.

* * *

Елу жастың табалдырығын аттар-аттамас Әбділда ақын өлеңіне төтеннен кәрілік тақырыбы қосылды. «Әбділданьң жасы биыл елуде. «Елу жас – жер ортасы» дейді қазақ. Сырқат біреу болмаса, елуде қартайған кісіні көрген жоқпыз. Елу түгіл алпыстың босағасына қарай бастаған өзіміз, біреу «кәрісін» десе, «немен дәлелдейсің?» деп дауласа кетер ек және жеңдірмеуге тырысар ек. Біз білетін Әбділданың жаны саулығымен қатар, дені де сау, ендеше, оның 1958 жылы басылған «Аралдар» атты соңғы жинағында, «Қартайдық» сарынының ұшқыны көрінуіне қосыла ал-

маймыз»¹ деген Сәбит Мұқановтың ағалық базынасына да құлақ аспады. Тақырып 1959-1960, 1969 жылдары шыққан екі томдықтарда, «Көне қоңырау» (1973), «Күзгі жапырақтар» (1988) жинақтарында әр қырынан қайталанып отырды. Басында жаңалығымен қызық көрінген тақырып, жасы ұлғая келе мойытып алды. Мойытты, бірақ жасыта алмады. «Кәріліктің бір сыры» өлеңінде ақын бұл жасының «өнерін» күлкілі әжуа етеді. «Өзіңе-өзің қарап мәз боласың, Қарайып қарақшыдай селтигенге» не «Болдырмай сонда жалғыз тіл қалады» деген сияқты тапқыр сөздер еріксіз езу тартқызбай қоймайды.

Кәрілік сарындары сарыуайымға салдыртпайтыны былай тұрсын, ақын қайратын қайрай түсетін де секілді. «Мен босқа алпысқа келгем жоқ» деп өлеңіне аталым қояды да, өзінің ешкімнен кем соқпайтын характеріне сипаттама жасайды. «Байқасам» өлеңінде «Кем-кемдеп төсек жаққа» баулып жүрген кәрілікті «тойғандардың кеселі» екен деп сөгеді. Тек «Қыз бен күйші» атты ұзақ өлеңінде ғана сыр білдіреді. Қарт күйші жас иістеніп дегендей қызық дәурен сүрмек болады. Бірақ иіне көнбеген табиғаттың мазағына қалған жерде, жас әйеліне күй тартып бергеннен басқа көрсетер өнері қалмаса керек. Ақын киліктіре көрме, Құдайым, мазасыз бейнетке деп, тәубеге келеді.

Осындай өлеңдерді жазу үстінде ара-тұра «Лениннен таралған өшпейтін шұғыланы» еске алып, «Мақтаймын өмірді» деп жігерленеді. Сыртқы саясатқа да көз тігіп, империализм алпауыттарына ескі дәстүрдің демеуімен жұдырығын түйіп айбаттанады («Стамбул түндері», «Аралдар», «Парижде» т.т.). Жинақтарынан отбасының альбомы аталатын жанрға да ден қоя бастағаны байқалады («С...ға», «Тілек», «Балама», «Тұрмын мен құшақтап», т.б.). Сын, оспақ, әзілдерге де жүйріктігі аңғарылды. Замандастарының, айналасының келеңсіз мінездерін, оспадар қылықтарын шенейді. («Бір сыншыға», «Бір білгір туралы», «Жалған мақтаушыларға» т.т.). Күнделік тұрмыстың қайсыбір жақтарын

¹ Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. 644-б.

түзетпекке де талпынады. Ақынның «Қайратқа» деген өлеңі күні бүгінге дейін спортқұмар жұрттың аузында («Қайрат қылмай сен жүрсің, «Қайратым» деп мен жүрмін. Жеңілумен сен жүрсің, Жеңерміз деп мен жүрмін»).

Ақын енді замана келбетін өзі жақсы білетін, қайсыбірімен мектепте бірге оқыған, қызметтес, аралас-құралас, дос-жолдас болған көрнекті қайраткерлердің мінездерінен, іс-әрекеттерінен, жалпы жүріс-тұрыстарынан көріп танығандай. Сол мемлекттік һәм қоғамдық қайраткерлердің тұлғаларына қызыға, құрмет тұта қарайды. Олардың аты-жөніне дейін өлеңдерінің тақырыбы етеді: «Бауыржан Момышұлы», «Нұртас Оңдасынов», «Мұхамеджан Қаратаев», «Жамал Омарова», «Ақпан-тоқпан». Бір шоғыр арнау өлеңдері де осы кездерде жазылды: «Бектенбайға», «З.С. Кедри-наға», «Жан досым Мұқтар Жанғалиннің өліміне», т.т.

Драматургияға құлаш ұру. Замандастарының тұлғасынан дәуір сілемдерін, типтік қасиеттерін дәл тауып, түстеудегі жетістіктер Ә.Тәжібаевты өзінің соғыстан кейін түрен салған жаңа жанр драматургиядағы алқабын кеңейтуге жігерлендірді. Көбінесе өлеңмен жазылатын, қара сөзбен түсірілген күнде де жырға тән үнемшілдік, аядай тіркеске алып мағына сыйғызушылық Әбділда пьесаларының диалогтарына тән айырықша қасиет. Мұндай драмалық шығармалары жалпы қазақ сахна өнерін дамытуға лайықты үлес болып қосылғанын ұмытпауға керек.

«Монологтар» аталған сахналық поэмасы жоғарыда айтылғанға айқын мысал. Драматургияның архитектуроникасы диалогтардан құралатыны белгілі. «Монологтарда» небір қақтығыстар сынынан өткен кейіпкер тыңдаушы қауымға өз тағдырын талқыға салғандай, сахнаға шыққан бойда сырын ақтара бастайды. Ол өзімен-өзі сөйлескендей сынай білдіреді, өзімен-өзі түсетін ішкі диалогын сыртқа шығарғандай болады. Тағы бірде көрерменді тілдесуге шақырғандай қалып танытады.

Үйреншікті кеңес құлағына жағымды, сіңісті сөздерден кейін Уақыт пен Ақын арасындағы айтыс барысында сахнаға Сәкен Сейфуллин шығады.

*Дунием қандай жарық еді,
Сәулетті еді заманым.
Арман қандай анық еді...
Енді кімге обалым?*

*Кімге обалым айтсаңдаршы,
Қаным қайда төгілген?
Ат! Деген кім? Аттың кайсың?
Қабірім қайда көмілген?*

Жауап қайтаруды тілемейтін сұрақтар болады. Сәкен қаны оның өзі орнатысқан өкіметтің мойнына жүктеледі. Ол поэма кейіпкері Уақыт үшін айдан анық ақиқат. Сұрақтың сол күйінде тілдің ұшында айтылмауының өзі қатты әсер етеді. Уақыт ақынға өз тарапынан сұрақ қояды. Еліңе төнген қара бұлтты, сезімтал жан, сен неғып сезінбедің? – дейді.

Сталинизмді үнсіз, тілсіз әшкерелейтін ақын қаламы кенет алған бағытынан күрт жалтарып, Отан басына түскен және бір нәубетті – фашистік Германия салған өртті суреттеп айыптауға көшеді. Ақын сахнаға генерал Панфилов, Кеңес Одағының Батырлары Төлеген Тоқтаров, Мәншүк Мәметоваларды шығарады. Отан қаһармандарының биік дара тұлғаларын сомдайды. Әр кейіпкердің кім екендігі өз сөздері арқылы бейнеленеді. Кейіпкер сахнаға көтеріліп, монологын айтып бітірісімен келесі Отан аяулысына орын босатады. Монологын аяқтап сахнадан қашықтап бара жатқан Ер Төлеген даусына енді Мәншүктей қазақтың және бір батыр да ару қызы құлақ түреді. Мұны автордың поэтикалық тапқырлық үлгілерінің біріне жатқызар едік. Өстіп бірін-бірі тарих сахнасында алмастырып отыратын Ыбырай Жақаев, Күләш Байсейітова, Қаныш Сәтбаев секілді еліміздің мақтаныштарының әрқайсысына әккі қалам иесі асыл да дара жыр жолдарын таба білген.

Өзінің «Аралдар» (1958), «Кешеден – бүгінге» (1964), «Жартас» (1967), «Көне қоңырау» (1973), «Құрдастар» (1977), «Таныс дауыстар» (1984), «Күзгі жапырақтар» (1988) атты өлеңдер жинақтарында Ә. Тәжібаев лириканың әртүр-

лі жанрларында қалам сілтейді. Сол жолының сүресі барған сайын айқын бағыт алады. Ілуде бір болмаса, энеу бір жылдары сиясын құрғатпай жазылатын саяси жаттанды декларациялық лирика ұмытыла бастайды, ескі сүрлеуге айналады. Оның орнын интимдік сыршыл лирика және философиялық лирика басады.

Алайда Ә. Тәжібаевтың драмалық шығармаларының бірталайы өз уақытындағы әдеби процестің шеңберінен шыға алмады. Жаңа жанрға бет бұрғанда тәуір атанған «Ақ аққайың», «Терең көл» пьесаларының, «Жартас» атты драмалық поэмасының, шымыр құйылған, кезінде көрермен жұрттан жоғары баға алған, театр сахнасында қойылымы да сәтті шыққан «Майра» драмасының тартыстары тап күресінің ерғашты шырғалаңдарынан бой жазып көтерілмеген. Қайсыбірінен («Жартас») террордың уытын террормен қайтару керек дейтін жарастығы шамалы, дүдәмал идея шаң береді. Бай кедейді өлтірсе, кедейдің баласы байдың жанын жәннамға жібереді. Бұны заңсыз деп тапқан губернатордың қызын кісі өлтірген Жәрдемнің досы Темір аманатқа алады. Сол аманаттың арқасында жастар мұраттарына жетеді...

Ә. Тәжібаев драматургия саласындағы талмай ізденген еңбектерінен татымды жеміс тергендері де баршылық. Сондай шығармаларының қатарынан «Қыз бен солдат» драмасын айырықша атауымыз керек. Бұл пьеса махаббат тақырыбын еш шытырман оқиғаларсыз-ақ ұтымды екі-үш деталь көмегімен шешеді. Вьетнам соғысына жалданып аттанып бара жатқан солдат ойда жоқта гүл сатушы қызға жолығып, ғашық болып қалады. Қыз да жігітті сүйеді. Бірақ соғыс екі жасты айырып жібереді. Солдаттың соғыста қаза тапқанын білмейтін қыз оны сарыла күтуде.

*Сылбыр жаңбыр. Тесігі жоқ аспанның,
Жаңбыр ғана сүйеп мені келеді.
Қасіретімді көтере алмай жол қалды,
Жапырақтар жасын маған төгеді...—*

дейді арманда қалған сорлы ғашық.

Бұл пьеса қазір қойылса да уақыт талабын көтере алатын шығарма. Саясатқа арқа тірейді десек те, шапқыншылық соғысты әшкерелейтін шығарма шоғы қашан да сөнбесе керек. Ал, бүгінгі уақыт талабына сай келмейтін туындылар болса, оның да себептерін табуға керек. Жұртқа мәлім, бір кездерде «Жалғыз ағаш орман емес» (Алғашқы нұсқасы «Гүлден дала») атты пьеса-мақал жанрлы туындысы өз дәуірінің елеулі туындысы саналды. Қазақ драматургиясында мақал тақырыбына жазылған бұл шығарманың өзегінде айтты-айтпады, ескірмейтін, бүгінгімізге де ауадай қажет тағылым баршылық. Ол – ұжым мен жеке адам арасындағы қарым-қатынас идеясы. Пьесаның жағымды геройы парторг Арман «Біздің Отанда бастық болу – патша болу емес» дейді. Өз культін өзі қоздырғыш колхоз председателі Телғараға «Халық сіздің қызметкеріңіз емес, сіз халықтың қызметкерісіз» деп бетіне айтады. «Жалғыз ағаш орман болмайды, жалғыз кірпіш қорған болмайды» деген халық даналығын есіне салады. Бірақ осы Телғарадай нойыс характердің, сол қолын жаратпаса, оң қолымен шауып тастауға әзір, сен тұр мен атайынның оп-оңай қол көтеруі оншама иланымды шықпағаны байқалады.

Пьесаның бүгінгі сахнаға үйлесіңкіремейтін және бір тұсы – «коммунистше сөйлеуді ұмытасыз» деген сияқты архаизм құбылысына айналып бара жатқан, ескірген тіркестерінде ғана емес. Пьесаның тартысы соцреализм үшін деген тым жасанды. «Жақсы» мен «өте жақсының» арасындағы өндірістік тартыс мәселесін шешу ыңғайына қарай асқынулы қайшылыққа құрылған. Автордың социалистік шаруашылықты жүргізу принциптерінен хабары үстірттеу екені байқалып қалып отырады. Қайсыбір комедиялық ситуациялардың негізіне алынған көди-сөди жәйттар: талпақ танау төңірегіндегі абысындар қажасуы, жобаның оп-оңай жасалып, оп-оңай өзгертіліп, онан да жылдамдықпен, бір аптаның ар жақ, бер жағында жүзеге аса бастауы шындыққа оншама жанаса қоймайтындығы үстіне, бұрындар оқып түйсінген әңгіменің, бұрындар парақтаған романның сары жұртын қоныстайды.

«Дәурен, коммунистігіңді жоғалтыпсың» деген сияқты бұл күндері құлаққа тосандау естілетін азын-аулақ тіркестерін есепке алмағанда, үстіміздегі дәуірдің кәдесіне жарайтын драмалық туындылардан «Көңілдерестер» атты пьесаны атауға болар еді. Мұндағы тартыс желісі таза құлықтылық, ар-инабаттылық жүйесінде тартылады. Кешегі Ұлы Отан соғысының ардагері отставкадағы полковник Мәлік бар ісінде «малым – арымның садағасы, жаным – арымның садағасы» дейтін, жүрегі халқына, елі, жеріне үлкен махаббатқа толы жан. Жалпы туындыны өркештендіріп тұрған осы кейіпкер. Ісі де, сөзі де салиқалы, салмақты, ойдағыдай сомдалған құрыш характер. Жөпшенділікпен көңілдесің бола қоятын кісі емес. Сондықтан драмада бір елеулі кемшілік болса, ол аталымы. Тіпті жағымды кейіпкерлерді былай қойып, әу баста ауыз жаласқан жағымсыздар да «көңілдестіктерін» жоғалтып, дүрдараздыққа көшеді. Ол тіпті шикілігі байқалған мансапқор күйеу баласы Дәуренмен жауығады. Келтек, Сапар сияқты жеке басының қамын бәрінен жоғары қоятын желбуаздардың арам жоспарын бұзып, жоғары жаққа әдейілеп барып, күйеу баласын министр қызметіне тағайындатпай қояды.

– Сен үшін қызмет биікке көтерілу ғана. Ал мыңдаған жұрттың игілігі, тіпті өміріне дейін сенің басшылығыңа байланысты болмақ. Соған жетер таза тілек, таза жүрек сенен табылар ма? – дейді, Мәлік Дәуренге.

Бұл сөздерді бүгін де сахнадан естігісі келетін құлақтар жетерлік... Пьесаның нағыз өнер қыр-сырлары хақындағы жанама тақырыбы да туындының басты идеясымен қиюласып, шебер шешілген.

Әбділда-драматург қаламынан туған шығармалар негізінен оқиға-харакеті шиыршық атып, тілі ұшқыр да ұтқыр, сөйлемдері шапшаң жүретін пьеса ағысын демейтіндей қысқа, өткір, тұжырымды келуімен ерекшеленеді. Бірақ қай қаламның да жолында үнемі жеңіс туы желбірей бермейтіндігі, еніс, құлдилаулар да кезігетіні мәлім. Ондай сәтсіздікке ұшыраған бірлі-жарымды драмалар Әбділдадай автордан да табылады. Сондай шығарма қатарынан үстінен

қашанда сын қамшысы үйіріліп түспеген «Жомарттың кілемін» атауға керек. Жас кезінде қиссаларды көп оқыған Әбділда Тәжібаев жақсылық пен жауыздықты шендестіру мақсатында бұл пьесасында фольклор сюжетін пайдаланды, архетиптік образдарға, жалпы адамзаттық сипаты бар түпбейнелерге ден қояды.

Қиссалардың эпикалық қанаты бас қаһарманды нелер шытырман оқиғалар тозағынан өткізу жолымен жазылатыны мәлім. Ол үнемі қайғы-қасірет шегіп, азаптан көз ашпайды. Тек шығарма аяқталар мезетте ғана басына түскен тұман айығып, мұратына жеткендей болады. Осы әдіске бой ұрған автор бас қаһарманы Жомарттың іс жүзінде әрекетсіздікке ұрынып, шығарманың негізгі оқиғаларынан қағас қалатынын аңдамаған. Бұл – бір. Екіншіден, жауыздық бейнесіндегі жезтырнақ сұлделері, атап айтқанда, ең жәдігөйі, сұркия залымы Аяз өзінің шарттылық қасиеттерінен, «фольклорлық ерекшеліктерінен» (М. Әуезов) айырылып қалған. Аяз еркек болғандықтан, жезтырнақтың сылдырап іші бойыңа кіре келетін аярлығы мінезінен алшақтап, бұл жөнінде қалыптасқан түсінігі бар көрерменге тиісті әсер ете алмайды. Кейіпкерлері жасанды көрінген соң тілдері де жасық. Олардың сөздері өздерінікі емес, автордың ауыздарына салып берген өз пікірі сияқты естіледі.

Драматургтың қапы соққан жері – өнер құдіретін аспандата көрсетем деп сол идеяны іске асыруға келгенде кібіртіктеуі. «Жомарттың кілемі» деген атынан көрініп тұрғандай, пьеса негізінен сұлулыққа іңкәрлік сезімін тұғызуға тиісті еді. Міне, осы идеяның бояуы қанық шықпаған. Пьесаның жауыздық пен сұлулық сезімді ажыратпай бір үйірде ұстауы көңілге қона бермейді. Жезтырнақтар патшасы Гауһартастың мақсаты – Жомарттың басын айналдырып алып кілем тоқыту. Ол да сұлулыққа өзінше құштар. Дәл осы сарын «Көтерілген күмбез» драмасында да қайталанады. Мұндағы жауыздық символы – Хан ғажайып әдемі сарайларды өртеп, енді ғимарат соғушы Пәрманға жаңа сарай тұрғызуға әмір береді. Бірақ әдемілік тақырыбы тағы да зұлымдықтың озбыр харекеттері-

нің шаңы астында көмескі тартып, бар интрига бас бос-
тандығы мәселесіне ойысады.

Комедия жанрынан Ә. Тәжібаев бір кезде сын кәріне ұшырап шу тудырған «Дубай Шубаевич» және «Той боларда» атты пьесалар жазды. Екеуі де күлкі шақыруға тиісті жанр. Философиясы белгілі: ауруы тым асқындамаған, соншама ойсырата қоймайтын, зияны шамалы қайсыбір қателіктер мен жолсыздықтарды күлкіге шығару. Шын мәнісінде бұл екі пьесада әлеуметтік-саяси сатира басымырақ. Кеңес сыны «Дубай Шубаевичті» бүкіл бір мекеменің басшыларын шетінен өлер жерін білмейтін ақымақ, жағымпаз, қорқақтар, жемпаздар етіп көрсеткені үшін айыптады. Оның үстіне Дубай, Сапақ, Жапалақ, Жәргетайлар бір-біріне ұқсайды, дараланбаған және әрекеттері нанымсыз деп кінәланды. Мәселе, әрине, жағымсыздардың көп-аздығында емес.

Пьеса авторы бұл пьесаларында кеңес кезінің өзінде-ақ белең алып бара жатқан жиіркенішті құбылысты сатира отымен қариды. Бұл ХХ ғасырдың екінші жартысында Коммунистік партия басшыларының көзін қызартқан буржуазиялық жеке меншіктілік пиғылды социалистік реализм тұрғысынан кесел кінәрат есебінде сайқымазақ ету талабынан туған еді. Мал дәрігері институтының директоры Дубай Шубаевич, магазиндердің бастығы Қалабайлар қалталарындағы патрбилеттегі, «Коммунистік партия – біздің заманымыздың ақыл-ойы, ар-ұжданы» деген принципке кереғар әрекет істейді. Олардың идеологиясы сол кездің өзінде-ақ қалыптасып үлгерген:

*Талтаңдасаң талтаңда,
Ақшаң болса қалтаңда.
Болмаса ақшаң қалтаңда,
Жалтаңда да, жаутаңда, –*

деп бәз-баяғы әуенді көңірсітеді. Қалабай я жеп жарымаған, я киіп жарымаған жалаң аяқтарды мысқыл етеді. Үйсіз-күйсіздің махаббаты құрысын дейді. Енді осы пәлсәпа-

ны бүгінгі жаңа қазақ дейтіндердің: «ақылды екенсің – неге кедейсің?» деген сауалымен салыстырып көріңіз. Дубай да, Қалабай да мемлекет пұлдарын саудаға салып байып отыр. Ә.Тәжібаев осы жаңа құбылыстарды алғыр талант көзімен таныса да, кеңестік заман төнген қауіптен құтылам деп басын құмға тыққан страус секілді мұндай әшкерелеулерге қарсы шығып, авторға алғыс айтудың орнына жөнсіз ауыр күнә артты. Автордың жеке меншік психологияға қарсы жан-тәнімен атой сап қарсы шыққаны да еленбеді.

Соцреализм драматургі Дубай, Қалабайларды көрінеу ақымақ етіп көрсетіп, ойларын іске асыртпай тастайды. Нартай деген жұқа қалта жас әртіс: «Біз оған ақшадан махаббат күшті екенін дәлелдеуге тиістіміз», – деп айтқанын дәлелдеп те шығады.

Дубай да, Қалабай да бастарына жақсы үй-жай, үйлерін көрікті жасаумен толтырғаны үшін жазықты. Сол себепті олардың дәріптейтін махаббаты да жазалануы тиіс. Ғашықтарына қосыла алмай, далада қалады.

Кеңестік сатира коммунистік идеологияның қаруы ретінде ішкі індеттерді әшкерелей отырып, қалай да ресми тәртіптерді мақұлдаумен аяқталады. Ә. Тәжібаевтың сатиралық комедиялары өз уақытының шындығын дәл суреттеуімен, нарықты көксегендер коммунист легінен де аз шықпағанын көрсетуімен құнды.

* * *

Символистік ізденістер. Поэзия жаңалыққа құштар жанр. Нағыз ақын біреу тұрсын, өзі қол жеткізген жетістіктерін қайталамауы тиіс. Өлеңге де өз даусымен келген Әбділда да өмір бойы жаңа сөз, жаңа пішін іздеуге ұмтылды.

Әбділда ақын шығармагерлігінің екінші кезеңінде бір бөлек оқшауланып тұрған, кейін әжептәуір жалғасын тапқан жылға пайда болды. Оны елеусіз қалдыруға болмайтыны кейіндер анықталды. Ол – ақынның «Сөнген шырақ» балладасын, «Дәптер шетінен», «Толқын, жел» деген өлеңдерді құрайтын, Мағжан Жұмабаевтың символистік поэ-

зиясын еске түсіретін оқшау арнадан басталады. Баллада қараңғы түнде қара орман ішінде, айнала қоршаған молада тасбиғын мойнына салып, Алладан медет сұраған бір шалдың найзағай отынан жан тәсілім еткенін суреттейді. Бұл идеясы тұманды жырды оқығаныңда, оның мәні не, әлдебір жойқын күшке табынып, мистикаға ұрынатындай кенес ақынына не көрініпті? – деген сауал туады.

Осы сауалды туғызатын жылға Әбділда ақынның поэзия ауылына қоңсы қонғандай анда-санда өлең жолдарынан әйтеуір бір ұшырасып қалатын-ды. Қоңсы қонатыны, соцреализмнің сәйгелі тиіп қудаланатын символистік тылсымдардан әлдене ақиқат іздейтін дүниелер ақын қиялына ойда жоқта орала кететін. Сондай бір өлең – «Қара түн жайды қанатын» деген өрістетілген метафорадан басталады. Түн «океандай жарықты бір тамшы қалдырмай» ішкенде, әндеткен бір жолаушы адасады. Осыны көрген ақын Қобыланды бабасының садағына жармасады. Жалынды бір оғын садаққа лаулата салып, шірене тартады.

*Түнекке аттым да жібердім...
Жалыным жандырып барады.
Күн маған сығалап қарады,
Сәлден соң оқ өткен тесіктен.*

Рас, ақын жаңашылдық ұмтылыс-характерінде ағаттықтар да жіберіп алды. «Төңкерісұлы Әбділдалар» деген қолпашқа мастанып, творчестволық қызметінің бас кезінде бұрынғы қазақ әдебиеті ардақтыларының бәрін әдебиет кемесінен түсіріп тастай жаздады. Кеңестік Қазақстанның он жылдығына арнап өлең жазып, «Сөйле тіл, суырыла ағыз балды» дей келе, өз поэтикалық бағдарламасын бұған дейінгі поэзияға қарсы қойды. «Емеспін шерлі жүрек Шернияздай, Жарқынмын жарқылдаған алтын айдай» деп жар салды. «Аулақпын Асанқайғы жылауынан, Көл қылып көздің жасын бұлауынан» деп қазақ әдебиетінің сонау түп-тамырларына балтасын сілтеді. «Емеспін ақын қож Жүсіпбектей», «Болмаймын Шәңгерейдей хан баласы»,

«Алмаймын Ақан сері атағын да» деп төске ұрған бойда, «Тіпті Біржан сал мен ақын Сарадан да аулақпын» деп андыздатты. Әсіресе, Мағжан ақынға қатты шүйлікті.

*Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін.*

Көп уақыт өтпей-ақ Әбділда ақын бұл поэтикалық бағдарламасының денінен бас тартты. Өзгесін былай қойғанда, символизмге де ауық-ауық оралып отырды.

Мұхтар Әуезов ақынның символизмін «батыстың Ибсен, Метерлинк сияқты декадент, кертартпа стиліне» «сынсыз еліктеуден» реалистік үлгіден жаңылудан туған «каталықтары» деп түсіндірді. Қалай болғанда да, ақын Әбділда сол еліктеулерінен тыйылмады.

Біздіңше, символизм қазақ кеңес ақынын интуицияға баса салмақ салуымен, реалды өмірдің арғы бетіндегі тылсымдарды көңіл көзімен тануға деген құштарлығымен қызықтырған. Сзімнің ең жасырын терең түкпірлерінен ондай танымалдыққа жетісу мүмкін бе? Соны нақты шығарма арқылы сынағысы келген. Жәй көзге күн жерді айналып тұрады. Ал, соның аққиқатпен қабыспайтынын, алдамшы көрініс екенін Коперник көңіл көзімен тапты емес пе? Қазақ ақыны да көңіл көзімен айналадағы шындық оқиғалардың түпкі сырын түсініп жеткісі келді.

Символ – бұл бір нәрсені басқа белгімен белгілейтін шифр емес. Символ яки рәміз бұл фәниді бақимен, жер басып жүргендерді рухият терең тылсымдарымен байланыстыратын құрал есепті. Және ол елдегі, қоғамдағы істерге бейтарап қарамайды. Әбділданың естеліктеріне қарағанда, Ибсенді оқы деп ол жайында талай кеңес айтқан Мұхтар Әуезовтің өзі. Олай кеңес беретін себебі, Ибсен символизмді адамдарға моральдық әсер ететін, өмірді жаңартудың

қуатты құралы деп есептеген. Орыс символистеріне (Вяч. Иванов, Блок, т.б.) келсек, бұлар өнер мен дінді қосып, коллективтік символика жасап, жаңарған ұлыс рухын туғызу (обновленный соборный дух) арқылы қоғамды соны жолға түсіреміз деген.

Социалистік реализмнің жан жүрегі – әдебиеттің партиялығы, таптығы деген тұрғыны естен шығарып жазды дейтін «Біз де қазақпыз» пьесасы осы тұрғыларды есепке ала отырып жазылды. «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркінде» бұл пьеса былайша сыналды.

«Бұл пьесада қиындықтан, азаптан арып-ашыған бір топ қазақтар бақыт күнін арман етіп, соны іздеуге шығады. Ол бақыт күні Октябрь революциясы әкелген бостандық десек, әлгі қазақтарға бұл революция әкелген бостандықты орыс жұмысшылары әкелмейді, кім екені белгісіз қайдағы бір қазақтар әкеледі. «Біз де қазақпыз» деп дауыстаған қазақтардың қай таптың өкілдері екені белгісіз, әйтеуір бір қазақ болып суреттеледі, осыдан барып қатеге ұрынады. Геройларының іс әрекеттері белгілі бір әлеуметтік қоғаммен ұштаспай, тұманды сағыммен беріледі. Сонымен Ә. Тәжібаев Батыс символистері сияқты әлеуметтік қоғамды адам өмірімен байланыстырмай, кертартпа символизм үлгісіне, буржуазияшыл-ұлтшыл бағытқа келіп килікті. Ә. Тәжібаевтың осы қателігі БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылы 26 августа шыққан «Драмалық театрлардың репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» деген қаулысында сынға ілікті»¹.

Пьесаны қазір оқығаныңда бір байқалатыны, «Біз де қазақпыз» шығармасының «қаталығын» сол кезде сынағандар ақынды шын мәнінде басына төнген қатерден қорғап қалған. Күнсіздер еліндегі қараңғылық жоғарыдағы сында да, Мұхтар Әуезовтің ескертпелерінде де патшалық, феодалдық ескі өмірдің бейнесі, ал күн Октябрь социалистік революциясының бейнесі делінеді. Драматург кінәсі – революцияға қатысқан қазақтардың рөлін өз шындығында дұрыс шеше алмағандығынан көрген...

¹ Сонда, 414 б.

Пьесаны қазір оқығаныңда ондай нақтылық жоқ екені бірден көзге ұрады. Басқа жердегі елдердің аспаны ашық, күні бар екенін білетін кәрі құлақ Аналық «сексенге жеттім селкілдеп», күн көзін әлі көрмедім дейді. Мына құздардың басына шықсаң, арғы жағы Күн елі деп ержүрек, халық қамы үшін жаратылған ұлы Азатқа жөн сілтейді.

Соңғы редакциясы цензураны айналып өту мақсатымен Бестомдық жинақта «Жүректілер» деп аталған «Біз де қазақпыз» пьесасынан Әбділданың символизмнің жаңғыртушылық рөлі туралы қағидаларға мейлінше қанық болғаны байқалады. Күнсіздер елінен Күн еліне қарай бүкіл бір қазақ қауымының күн көзін көрген Азат пен Зүлпі арудың соңынан жаппай еруі – бұл да ақынның қоғам қайтсе жаңарады деген талабынан туғаны ма, сол талабын білдіруге символизмнің оңтайлы бола кеткені ме дерсің.

Пьесада мықты соғылған образдардың бірі – басынан бұлты арылмаған елді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған Бура атты алпауыт. Бура ел-жұрты алдына тек қанды балтасын сүйреткен Балталымен ғана шығады. Мақсаты аян – айналасына үрей туғызу. Сол арқылы халықты албастыдай басып отырып мәңгі жапада, құлдық езгіде ұстау. Бураның жүгенсіз биліктің тәтті шырынын сіміруден өзгеге көңілі көншімейді. «Жазықтыны» басынан айыру арқылы ғана жаны семіреді. Бар арманы – жүз жасау. Жер иесі Бураға бас иген көп халықтың ішінде Зүлпі ару да бар. Ол Бураға сенгені сондай, оған жар болуға көне жаздайды, кәрі еменді қайта жасартып, жапырағы болуды арманы санайды. Тек Азаттың соңынан жасырын еріп күн шұғыласына оранғаннан кейін, алыстан шыққан тәтті әнді, жаршы құстай мың толқыған қыз үнін естігенде барып, көзі ашылады, Бураға сенімін жоғалтады.

Зүлпінің бастапқы бетінен айналуы, Азатқа да жүрегін ұсына алмай, Бураның Азатты көздеп атқан садағына кеудесін тосуы – бұл драмалық шығарманың және бір сәтті тоқылған өрнегіндей қабылданады. «Бетің қандай қара еді, Сақалыңның әр талынан Қан ағып тұр сорғалап. Жер жұтсын сені, жоғал! Жоғал, жер жұтқыр!» – деп қарғайды ол

халықтың күнге ұмтылған легіне, лықсыған қозғалысына қарсы тұрмаққа тырысқан қандыбалақ Бураға. Бұл бейненің прототипін іздеуге ақын онша қиналмаған болуға керек деп жорамалдау артықтық етпейді. Өйткені бұл пьеса Сталиндей қасапшының культі әбден шаңытып, қабарып тұрған кезінде жазылғаны мәлім.

Халықты албастыдай басқан Бура құлайды. Шың басына шығып Күн еліне қуана, құмарта Азат тебірене үздігеді:

*Міне, ағайын, кең дала, жасыл қырат,
Күн астында гүл шешектер жайнайды.
Орманын қара – шайқалған,
Көлдерін қара – тербелген.
Жібек сағым көтерген күміс туындай.
Бізді күткен бақытты елдер
Ашыпты алтын қақпасын.
Солармен бірге жасаймыз!*

«Бізді күткен бақытты елдер...» Бұған қарағанда Күн елінде өзге де халықтар тұрады. Күнсiздер елінде Октябрь революциясы жасалмаған кезде-ақ биік құзар шыңдардың арғы жағындағы елде күн көзі жарқырап тұрған болып шығады. Пьесаның бұл қорытындысы өзге өркениет елдердiн керуенi жолымен жүрейiк, одан жырақ кеткенде тапқан-қапқанымыз шамалы дейтiн бүгiнгi уақытымыздың ұмтылыс үрдiстерiне сай келсе керек.

* * *

Зерттеулері, естеліктері. «Өмір және поэзия. Қазақ лирикасының тарихынан» атты еңбегінде Әбділда Тәжібаев өзі әлсін әлі еліктеген символизмді, оның қазақ поэзиясындағы өкілі Мағжан Жұмабаевтың поэзиясын қатты сынады. «Мағжан лирикаларының барлық мерезін пышақтап отырып көрсету керек те, оның жұқпалы, зиянды күштерін әшкерелеу керек»¹, – деп міндет қойып, оны дәйек-

¹ Тәжібаев Ә. Бес томдық. 66-б.

ті түрде орындауға кірісті. Ғалым Әбділда коммунистік идеологияның бір нәрсені сынаса «өлтіре» сынайтын стиліне бағып, Мағжан поэзиясын пышақтағанның жөні солай деп көрінеу бұрмалауларға дейін барды. Мағжан «Күншығыс» өлеңінде Шыңғыс жорығын қайталамақ болды деген пікірін дәлелдеу барысында, өлеңнің өз тезисіне пайдалы жағын, атап айтқанда, «Қаласына кірелік. Күл қылайық қаласын. Күл қылайық баласын», – деген үш жолды ғана келтіріп, содан кейінгі пікіріне қайшы келесі: «Жоқ, жоқ! Ашу басалық! Гүл қылайық қаласын. Ұл қылайық баласын, Мейірім есігін ашалық», – деген «пайдасыз» жолдарын келтірмейді, т.т.

Ә. Тәжібаевтың зерттеу еңбегі 1960 жылы жазылды. Сол жылы 13 шілдеде Мағжан ақталды. Түркістан Әскери округының әскери трибуналы ақынның қоғам, халық алдында еш жазығы жоқ деп тапты. Сонда да көп жылдар бойы, 1988 жылдың аяғына дейін Мағжан шығармалары кітап ГУЛАГЫ дейтіннің қапасынан шығарылмады. Шығарылмасын деген Қазақстан Жазушылар одағының Ә. Тәжібаев бастаған комиссиясының ұйғарымы болатын. Алайда бұл әділетсіздік үшін тек комиссияны жазықты етсек, шындыққа және бір қиянат жасалар еді. Кеңес кезінде кандай да саяси-идеологиялық шешім жоғары партия органдарынсыз қабылданбайтын. Сол тараптан комиссияға тиісті нұсқау берілгені, барынша қысым жасалғаны еш күмәнсіз.

Мағжанға жасалған қиянаттың бірсыпырасын мойындай келе, Ә. Тәжібаев 1989 жылы жариялаған мақаласында: «бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да тарих алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді»¹, – деп ағынан жарыла өкініш білдірді.

Ә. Тәжібаевтың еліміз азаттықтың Көк Байрағын көтергеннен бергі жазылған өлеңдері әлі құрастырылып жеке кітап болып шыққан жоқ. Бірсыпыра өлеңдері «Күнделіктегі жазулар» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінде (22.10.1999) жарық көрді. Газетке дайындағандар Әсия,

¹ *Жұмбаев М.* Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 12-б.

Зипа Әбділда қыздары. Осы шоғырдан мынадай жолдарды кезіктіреміз:

*Біз! Біз! – дедік.
Біз! – деп шықтық мінбеге.
Ұлтты құртар өрт шығардық іргеден.
Ұлтшылдарды
Қас дұшпан деп тілдедік.
Одан өзге
Түкті біз де білмедік.
Кешер ме екен
Тәңірім бізге соларды, –*

деп қатты өкініш білдірді. Ақынның бұл тебіреністеріне, бір Құдайдан кешірім сұраған жалбаруларына боздақтар адресіне кезінде ғайбат сөз айтқан қай-қайсымыз да қол қоямыз.

Әбділда ақын елінің тәуелсіздікке қол жеткізгенін халқымен бірге айтып жеткізгісіз қуаныш үстінде қарсы алды. Өзі сонау замандарда-ақ талай аңыратқан қазақ тақырыбын үдете түсті. «Күнделіктегі жазуларында» азат елімізге деген сүйіспеншілігімізді арттыратын мынадай ыстық жолдар қалдырыпты:

*Ақыл бер, Тәңірім,
Қыздарым менен ұлыма.
Қанат бер, Тәңірім,
Қазақтың ән мен жырына.
Сақтай гөр, Тәңірім,
Көтерген туын халқымның
Ыза-кегінен
Жауымның итше ұлыған!*

Жалпы алғанда Ә. Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» атты зерттеуі қазақ лирикалық поэзиясының тарихы мен теориясын тексеруге қосылған қомақты үлес, әлі де мол пайда тигізерлік құнды еңбек саналады. 1971 жылы «Жазушы»

баспасынан жарық көрген «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» деген кітабы жөнінде де осыны айтуға тиіспіз. Бестомдыққа бұл зерттеу «Өмір және драматургия» деген атпен кірді.

Ә. Тәжібаев зерттеулерінің басты бір ерекшелігі – тарихилығы. Лириканы ол ұлы Абайдан бастап, кеңес дәуіріндегі еңісті-өрісті кезеңдерін, әдебиетіміздің бұл текті жанрына қатысты белді-белді қайраткерлерінің туындыларын тексере отырып, әр ақынның өзіндік даусын, айшықтарын, поэзияға қосқан дара үлестеріне ғылыми жағынан дәл, әрі поэтикалық жарқын бейнелі тіл таба біледі. Сондай-ақ қазақ драматургиясын зерттегенде ол драмалық элементтерді халық поэзиясынан, айтыс өнерінен тауып, одан әрі Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Шахмет Құсайынов сынды драматургтердің пьесаларын талдауға көшеді. Өзі ақын, өзі драматург Ә. Тәжібаев талдайтын туындыларының жақсы жақтарын да, осал тұстарын да дәл басып, әділ қазылығын айтып, қазақ сөз өнерінің дамуына қамшы боларлық өрелі қорытындылар жасайды. Қазақ лирикасын, драмаларын бұл саладағы әлемдік классикамен салыстыруда аса бір байқағыш алғырлық, нәзіктілік көрсетеді, озықтан оқу мен тоқу, еліктеу мен жаңа ұлттық рухани игілік туғызу ара-жігін айыра отырып, қазақ көркем өнерінің болашақ тағдырларына байланысты келелі түйіндер түйеді.

Мысалы, зерттеуші Ә. Тәжібаев «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы Қарабайды Гобсек, Гарпагондармен салыстыру барысында, нақты ғылыми талдаулар негізінде Ғабит Мүсіреповтің сараң атаулының әлемдік бейнесіне ұқсамайтын өзіндік классикалық образын жасағандығын тиянақты, иланымды етіп дәлелдеп шығады. Қазақ драматургиясының енді «Еңлік–Кебек», «Қаракөздер» орнатқан өз дәстүрінде дами бастағанына қуана қол соғып, оған дәлел ретінде Ғабит жетістіктерін тілге тиек етеді. «...Ғабит Мүсірепов Қарабайдың образын жасауда Мольер

сараңының үлгісіне еліктеген емес, онымен жарысқан деген дұрысырақ...»,¹ деген тәрізді құнарлы қорытындыларға келеді.

Ә. Тәжібаев өзінің сегіз қырлы, бір сырлы талант екенін прозалық шығармаларымен де танытты. Бестомдық шығармалар жинағының соңғы бесінші томын ол қосып алары жоқ мемуар жанрына арнады. «Естеліктерінде» негізінен басынан кешкендері, «Есімдегілерінде» туған-туысқандары жөнінде ұзақ та қызғылықты хикая шертті. Бұл жерде айырықша атап көрсетерлік нәрсе, бізде мемуар жанры мәдениетін үздік меңгерген екі адам болса – бірі, жалғыз болса, өзі – Әбділда Тәжібаев. Оған дәлеліміз төмендегіше. Біріншіден, ол бағзы біреулердей естігендерін емес, көзбен көргендерін ғана жазады. Екіншіден, қайсыбір мемуаршылардай төсін қағып мақтан соқпайды, біреулерді мінеп сынап тұқырту жолымен өзін биік пьедесталға шығарып тамашалауға бармайды, көрнекті тұлғаларға жеке басының асыл қасиеттерін айтқызып мақтатқызбайды. Өзін барынша кішіпейіл ұстайды, тіпті қай тұстарда істеген қай жаңсақ ісін, қате адымдарын сынап-мінеп, әжуалап отырады, өкініштерін, ағат істерін бүкпелеп бүркелемейді, және бір кереметі, одан автор бейнесі асқақтай түспесе, титтей де төмендемейді.

Естеліктерінде мемуар иесі әр қырынан көрінеді. Анасы Айманкүл немесе Мұхтар Әуезов жөніндегі жазбаларынан біз «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі есті болады» (Абай) деген нақылды еске түсіретін не бір өнегелі әңгіме-мәслихаттарға қанығамыз. Мемуарларының айырықша шабыт, шабысты өрлеумен жазылған тұсы халық поэзиясының алыбы Жамбыл десек, мұнда бес қаруы бойындағы жас ақын, жайнаған талант Әбділданы көреміз. Жамбыл ақынның ұлылығына бас иіп, дана қартты өзге жұртқа, Мәскеуге, күллі Одаққа танытуға жанын салып жүрген өр қайраттың патриоттық істеріне сүйсінеміз. Қазақстан үкіметінің жауапты тапсырмасын жас

¹ *Тәжібаев Ә.* Бес томдық. 474-б.

Әбділда қалай тамаша орындайды десеңізші. Ел-жұртын аралап жүрген Жамбылды тауып, үйіне әкеліп қыран баққан құсбегідей баптап, хатшылық рөлін терең түйсік, аса жауапкершілікпен атқарып, қарт ақынның кенен сөздерінің шашауын шығармай қағаз бетіне түсіруде, орысшаға тәржімелетуде Әбділда Тәжібаев істеген істер ұлан-асыр. Осының бәрін тамылжытып, аузыңның суын құрытып суреттеуі қандай. Тіпті мемуарлық роман деп аталып жүрген шығармалардың өзінде Әбділда естеліктеріндегідей сом құйылған дара тұлғаларды, бүтін бітімді дәуір суреттерін, ұтқыр, ұшқыр ойларды, ақ жүректілікті, елі, жері үшін бойындағы бар қайрат-қуатын сарп еткен бейнелер сирек кезігеді.

* * *

Ақын өмірін білгің келсе, өлеңін оқы деседі. Өлең тасқыны Әбділда шайыр тоқсанын алқымдағанда да толастамады, сарқылмады, сарқылуды білмеді. Ақындық алғашқы қадамын ана тілін кемсітуге қарсылықтан, жаңа өмірді жырлаудан бастаса, кейінгі шақ жыр бұлағын жан сөзінен тасқындатты. «Күзгі жапырақтар» атты соңғы жинағында ұзын өмірі бойы көкірегіне байланған шерді тарқата келе, көзінің тірісінде шыққан бұл соңғы кітабын «Мархума» деген махаббат туын желбіреткен поэмамен тәмамдады.

Мархума – «қазақ декабристкасы» атанған әйгілі есім. Сталиндік қара боранға, ұйтқыған жынды селге, сабалған нөсерге ошағын, махаббат отын өшіртпей, аман сақтап қалған қазақ әйелінің бек қымбат зор тұлғасы.

*Көтерген от қайғысын сар даланың,
Сақтаған сұмдықтардан арман әнін,
Ақ туын махаббаттың құлатпаған,
Қызынан қазағымның айналамын.*

Ақын күзінің соңғы өлең жолы... Қандай әдемі аяқталады. «Қызынан қазағымның айналамын». Бір ғажабы, лири-

калық өлең жолдарының тебіреністері де көбінесе осы тақырыптан сыр шертеді. «Мархума» поэмасы мен сыршыл өлең шумақтарының ой қазығы бір. Баянды махаббат қана шын махаббат. Ұшып-қонды, айнымалы, ойнамалы жүрек ғашық жүректен садаға кетсін. «Өтірік Мәжнүн-ғашықтардан» аза бойы қаза. Нағыз махаббат бақай есепке сауатсыз, сол себепті де «ойы пәк, нәресте пейіл келеді» деп үздіге үндейді.

*Мәжнүн рөлін ойнағыштардан жүр аулақ,
Ұтылдым дей бер, тыңдасаң оны қарайлап.
Аямай сені талдырып демде кетеді,
Жаныңды нәзік күйдіріп отпен алаулап, –*

деп өсиет қалдырған келесі ұрпақтарға абыз ақын. Тоқсанға аяқ басқан құзырынан және айтатыны: махаббат сыйы алалық жасамайды. Аңсағаның алыста емес, жақында. Тек күте біл. «Бетіне ұстап ақбоздақ таң самалын» ол әлі-ақ жетеді. Махаббатыңа Мархумадай адал бол, не қиямет, қиындығына шыдай біл, дейді «Қайда менің сүйерім?» атты өлеңінде, басқа да жырларында.

Аса көрнекті ақын, драматург, ғалым Әбділда Тәжібаев есімі қазақ елінің мәдениеті мен әдебиетінің тарихында алтын әріптермен жазулы.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН

Қазақ әдебиеті дамуының тарихында жазушы Ілияс Есенберлин маңдай алды орындардың бірін алады. Ол туған жеріне, өскен еліне шығармагерлік алапат еңбегімен, талмас талантымен танылған ардақты азамат, ірі қаламгер.

Қазақ әдебиетінің көркем қазынасын байытуға қомақты үлес қосқан жазушы әртүрлі жанрларға құлаш ұрды. Қыруар өлең, он дастан, екі повесть, он жеті роман туғызды. Драматургия, кино, аударма саласында тер төкті. Елі-

нің күнделікті өмірімен тыныстаған шығармалармен қатар, ұлт өмірінің ғасырларға кететін кең ауқымды, қарымды панорамасын жасаған құнарлы туындылар берді. Атабабамыз қалай өмір сүрді? Қандай жолдан өтті? Тарихи тағдырлары неге сүйіндірді, неден жирендірді? «Қазақ жазушыларының арасында үлкен оқырманның бұл шақыруына үн қосқан алғашқы қаламгерлердің бірі Ілияс Есенберлин. Біз оны жаңа сапа белесінен көрдік те таныдық, – деп жазды сардар сыншы Мұхаметжан Қаратаев... – Біз оны қажырлы еңбегі үшін сыйлаймыз»¹.

Жазушы туындылары жұртшылық жүрегіне жол тапты. Көптеген шет тілдеріне аударылды. Шебер туындыгердің шабытты еңбегі, шалқар творчествосы жоғары бағаланды. Ілияс Есенберлин Қазақ КСР-нің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталып, халқының құрметіне, зор абырой, даңққа бөленді.

* * *

Өмірбаяны. Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда қазіргі Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келді. Қабілетті зерек жас 1940 жылы Қазақтың Мемлекеттік тау-кен және металлургия институтын бітірді. Ол кезде инженер деген қазақ елі үшін мүлде жаңа, таңсық мамандық болатын. Сол мамандығы бойынша Жезқазған кенішінде құлшына қызметке кіріскенінде күркіреп Ұлы Отан соғысы басталды. Жас азамат қолына қару алып қас жаумен айқасуға аттанды. Қан майданда қатты жарақаттанды. Ауыр операциядан соң оң аяғы сол аяғынан екі сантиметр қысқарғандықтан, аздап сылтып басатын.

Тумысында алғыр, мықты қайрат иесі, иланымына берік Ілияс соғыстан оралған соң бейбіт құрылысқа мидай араласты. 1942–1947 жылдары Қазақстан Компартиясы Ор-

¹ *Қаратаев М.* Революция рухымен. Алматы: Жазушы, 1978. 241-242 бб.

талық Комитетінде нұсқаушы, 1947–1951 жылдары Қазақ филармониясының директоры боп істеп, үлкен өмір мектебінен өтті, талай біліктілермен, зиялылармен сұхбаттасты, жұмыс бабында күрделі мәдени, қоғамдық мәнді мәселелерді шешісуге атсалысты. 1953–1954 жылдары Қазақстан Геология министрлігінде аға инспектор қызметін атқарды, 1954–1955 жылдары Ақтөбе облысындағы Берсүгір шахта басқармасының бастығына жоғарылатылды. Соңыра сөз өнері әлеміне біржола көшкенде «жұмысшы тақырыбынан», геологтар, ғалымдар жайынан жазатын романдарының кейіпкерлерімен шахта ішінде, кен барлау, археология ісінің басы-қасында жүріп танысты.

Өмірінің алғашқы сатыларында ысылғандығы, мол білім мен бай тәжірибе жинақтауы бір жағы әдебиеттегі ілкі адымдарының сәтті басталуына жол ашса, екінші жағы былайғы қызметіне де қаруы тимей қойған жоқ. 1955–1957 жылдары Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958–1967 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, сценарий коллегиясының мүшесі, 1967–1971 жылдары «Жазушы» баспасында директор, 1971–1975 жылдары Жазушылар одағы басқармасының екінші секретары қызметтері жүгін еркін көтеріп, тапсырылған істі абыройлы атқарды. Ең бастысы – дарынын ұштады, замана беталысын дұрыс аңғарып, дәуірдің қилы-қырлы соқпақтарында өз жолын таба білді, болашағынан ұялмайтындай бағыт ұстауына мүмкіндік ашатын өреге көтерілді.

Әдебиеттегі алғашқы адымдары. Үлкен проза жанрына өткен ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан бастап бел шешіп кіріскен Ілияс Есенберлин, әдебиеттегі алғашқы адымын өлеңмен ашты. 1945 жылы «Сұлтан», «Айша» дастандары жарық көрді. Тырнақалды өлең-жырын іріктеп «Адамгершілік жыры» атты жинағына (1949) енгізді. Сталин культі шаңытып шамырқаған шақтардағы уақыт әуенінен жас ақын қалысқан жоқ. «Көп алғыс Ұлы Сталин сізге бізден» деп басталатын «Қазақ қызының Отан туралы жырына» қоса, «Отан», «Социалистік Еңбек Ері досыма»,

«Мойынты—Шу ерлеріне», «Еңбекпенен гүлденем» деген сияқты саяси лириканың қызыл матаға жазылған ресми ұрандармен орайлас жолдарын өлең етіп ұйқастырды.

Шын талант иесі өз жолын табады, жасық, жайдақ жырсымаққа байланып қалмайды. Жас талап қанаттану кезінде-ақ үміт күтерлік сәулелі шумақтар туғызуын жиілетті. Алғашқы жинақтарынан ұлт тақырыбына ден қойғыш болашақ жазушының даусы анда-санда естіліп қалып жүрді. «Ұмытпаңыз ер қызды», «Әлия» деген өлеңдерінде күллі Шығыс әйелдерінің арасынан жалғыз өздері ғана Кеңес Одағының Батыры атанған Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете сөйлегенде олардың қазақ қызы екенін айырықша мақтан етті.

Соғысқа арналған өлеңдерінде «Жаса мәңгі, ұлы көсем данышпан» деп, Сталин есімін «намазынан» қалдырмағанымен, жырымдап, тиіп қашып қазақ тақырыбына айналып соғып отырды.

*Жай оғындай көктен түсіп жан берген,
Ел аузында ән боп аты тербелген,
Ол кім еді? Жоқтар туған даласы,
Нұркен атты ол қазақтың баласы¹.*

Украин ақыны Владимир Сосюраның «Украинаны сүйемін» деген жыры үшін таяқ жейтін заманда, жергілікті жарамсақ идеолог ұлттық киелі аспап домбыраны ғайбаттаған уақыттарда Ілияс ақын «күндей күліп, құстай желпініп», «Домбыра», «Күй», «Қобыз күйін тыңдашы» деген өлеңдерін туғызып, қазағының мәдени мұрасын насихаттады. Ол кездің өлшемінде ауызға алудың өзі күпірлік саналатын тосын тақырыпқа бару автордың тәуекелшіл мінезінің бір батыл көрінісі де еді. «Домбыра» кейін қазақ халқының сандуғашы Роза Бағланованың ғажайып даусы арқылы ел-жұртымыздың сүйіп тыңдайтын әніне айналып, жер шарының түкпір-түкпірінде шырқалғаны тарихи шындық.

¹ *Есенберлин І.* Адамгершілік жыры. Алматы: Қазақтың Біріккен Мемлекеттік баспасы, 1949. 29-б.

Илияс – «Жаңа өлке», «Қыз арманы», «Тыңда көрдім бір қызды», «Құлпырады жасыл көктем», «Ақ қайың», «Көк кептер», т.б. қырық шамалы ән мәтіндерінің авторы.

Саяси декламациялық өлең коллективтік «бізге» көшкен мезетте қайсар жас көп дүрмек ішінде кете бармауды ойлайды. «Жұртым, мен, Илияс Есенберлинмін, өнер өлкесіне сапар шеккен жас талаппын» дегендей үн қатады. «Елге қайтқанда» өлеңі – жаралы жауынгердің туған еліне деген сағынышты сазы. «Бесік жыры», «Сүйген сәулем», «Бөбегіме», «Жарға» – бұлар ақын менінің көкірегіні жарып шыққан адал сезімдерінен жаратылған өлеңдер. Адалдықты еске алғанда, ақынның саяси лирикалық лебізі шын ақындық көңілден шымырлап шыққанын айтпасқа болмайды. Жинақтағы «Бақыр ақша» өлеңі бұған жақсы дәлел. Көшеде келе жатып шаңға көмілген бақыр ақшаны каражаттық құны оншама болмаса да, жерден көтеріп алады.

*Орап алдым, тастағам жоқ.
Баспасын деп шаң-топырақ;
Бақырымда ССРО гербысы боп
Тұрғаннан соң балға, орақ¹.*

Бұл жолдар қазір Кеңес Одағы тарап кеткен кезде оғаш естілмейді. Өйткені Одақ жері барша кеңес жұртының Отаным деп қорғап қан төккен, шын жүректен сүйген елі болатын. «Адамгершілік жыры» кітабына операға арналып өлеңмен жазылған либреттоның қысқартылған әдебиеттік нұсқасы енгізілген. Либретто – 1947 жылы Қазақ КСР Министрлер Советінің қаулысы бойынша пьесалар конкурсында қанжығасына үшінші бәйге байлаған шығарма. Бірақ бұл материал негізінде опера жазатын композитор табылмады. Характерлері жұтаң, жақсының одан да жақсы боп көрінуін көрсетпекке құрылған жылымшылау дүниенің ғұмыры ұзаққа бармады. Өлеңдерінің де бірқыдыруы осының аяғын құшты. Тілі ауызекі сөзбен жұптас қайсыбір өлеңінің ішкі үйлесімі аз, тым жұпыны, қарабайыр.

¹ Сонда. 7-б.

Дастандары. Илияс Есенберлиннің төңкерісшіл Әділбек Майкөтовке арналған «Большевик туралы поэма» (1957), кейін «Әділбек»(1977) дастаны үстем идеологияның рупоры есебінде қабылданады. Ақынның поэзиялық лексикасына «обалың...тап жауыңа» деген секілді саясат сөздері кіргізілген. Және тап тартысы көркемдік тартыстың арқауына айналған. Жағымды, жағымсыз кейіпкер сипаты оның тегінің қай таптан екендігіне тәуелді. Большевик, оқыған Әділбек «халқының ақылгөйі, ақ айдыны», ал сол секілді оқыған Сойылбектің «берем деп теңдік қазақ баласына» деп жүргені өтірік боп шығады. Сойылбек «қазір Алашорда үкіметі». «Білері Алашорда адамының, Жалғыз-ақ арақ пенен қатын ғана». «...Байлатып Әділбекті көгеніңе, Жеттің бе, «алаш ұлы» дегеніңе?»¹. Алашты қазақтың әйгәпірі етіп көрсеткен мұндай өлең жолдары уақыт сынын көтере алмады.

1959 жылы жарияланған «Біржан сал трагедиясы», 1977 жылы өңделіп, өзгертілген қалпында «Біржан сал» атанды. Дастан өлеңмен жазылған романдай оқылады. Бір жағы Арқаның атақты әншісі өміріне, бір жағы қиялға негізделіп жазылған бұл лиро-эпостық поэма Сәбит Мұқановтың ертеректегі атақты «Сұлушаш» романына ұқсас – көп оқиғалы. Сұлушаш, Біржан салдың ғашығы Бірлән – екеуі де бұла өскен бай қызы. Бұла өссе де, әлеуметтік жайы тым аянышты: бастарында ерік жоқ. Малға сатылудан қорланып, сүймегеніне қосылғысы келмей, Бірлән жардан суға құлап өледі. Сұлушаш қашып барып тығылып жатқан жерінде жолбарыс кезігіп суға секірсе де, ажалы кездейсоқтыққа жатпайды. Екеуін де «тәнімді шал сыйпаған құрт жесін деп, Жартастан қыз құлапты терең суға» деп ұлы Абай толғап шешкен әлеуметтік коллизияның жаңа нұсқасы ма дерсін.

Кейінгі жылдар Илияс Есенберлин тап кегін шайқауға арналған шығарма жазуын құрт сиретті. Жалпы ұлттық, адамзаттық тақырыпты төңіректейтін ыңғай білдірді. Бұл

¹ *Есенберлин И.* Он томдық шығармалар жинағы. 10-т. 101, 114, 116, 125-66.

әсіресе оның күнделікті өмір туралы дастандарына тән. Ақынның «Қазақ қызы» (1975) поэмасы ерлі-зайыпты Алтынай – Асылбек махаббатын қиын сынға салады. Жазылмас дертке ұшырап, Аралдың бір құпия аралындағы емханаға түскен Асылбек жарына «обалыңа қалмайын, басың бос» деген мазмұнда қоштасу хатын жазады. Алтынай баласын анасына қалдырып, өзінің де басын бәйгеге тігіп, Асылбегінің қасынан табылады. Ақын қайғыдан жасымайтын, шаттықтан тасымайтын, махаббатын ту етіп көтеретін асыл қасиетті қарапайым қазақ әйелінің «титтей жүрегінен» тапқанын мақтан еткен. Өлеңмен жазылған әңгіме тәріздес поэма ақынның тақырыптық өрісін кеңейтіп тұр.

Ақынның о дүниеге озарынан бес жыл бұрын, 1978 жылы «Көңіл–дастан» поэмасы туды. Бұны – поэма-реквием десе ләзім. Күні кеше қасында жүрген қаламдас, достас замандастарының мазаратына зират етіп қайтқандағы ақын толғаныстары. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қапан Сатыбалдин, Зейін Шашкин, Қанабек Байсейітов, Шәкен Айманов, Жүсіпбек Елебеков, т.с.с. кешегі қасқа-жайсаңдарды еске алу. Поэма авторы очерк-портрет түрінде әрқайсысының ел тарихындағы, әдебиетіміз бен мәдениетіміздегі орнын еске алып тебіренеді. Әрқайсысының дара тұлғасын шеберлікпен мүсіндейді. Көңіліндегі ойын дөп басатын тіл табады.

*Тұрдым мен пырағыңа басымды иіп,
Толқиды ақыл-ойым жанып-күйіп,
Тайпы елдің құшағына сыймас тарлан,
Үш құлаш жерге қалай жатыр сыйып?!¹*

Иә, бұл Мұхтар Әуезов.

*Күрескер болсын сондай ел азасы,
Ақ жарқын құшағы кең, кең жағасы.
Жарқырай кіріп келсе, келген үйдің –
Кеткендей еді кеңіп қабырғасы!¹*

¹ Сонда. 197-б.

Бұл кім еді? – дей алмайсың. Сәбеңнен (Сәбит Мұқановтан) басқа кім болушы еді?

Илиястың таптық тұрғыдан емес, ұлттық, адамзаттық тұрғыдан жазылған және бір дастандары соғыс тақырыбын қозғайды. Соғысты, басқа да ел тірлігін еске ала отырып, өзінің ащы-тұщы өміріне қорытынды жасайды. Мәз өмірі, жаз өмірі қайтқан қаздай қайырылмайтынын ойлап бір сәтке мұңаяды. Бұл жалғанда кейде шоқ басқанын, кейде от құшқанын, сөйтсе де қуанышы қасіретінен көп болғанын ойлап күрсінеді. Соғыстың өрт-жалынында өзі де шарпылып шыққан ақын үшін майдан мәнісі – құр атысшабыс емес. Ол сын. Ерлігіңе «Сұлтан». (1975), «Айша». (1945), аринабатыңа «Намыс». (1975), достық-жолдастығыңа, кісілік келбетіңе «Адам мәңгілік». (1983). Тақырыбы соншалықты татымды бұл поэмалардың көркемдік сапасы әрқелкі. «Айша» дастанының жаттанды, жорамал оқиғалары сырттан тон пішкендей әсер қалдырады. Көз тоқтатып оқитын деталь-штрихтары жоқтың қасы. Кей поэма оқиғасының («Намыс») дәлелдік, иланымдық өресі жетімсіз.

Соғыс туралы поэмаларының көркемдік сапасы жағынан жақсы аталатыны – «Адам мәңгілік» дастаны. Поэма ақынның өмірмен мәңгі қоштасатын 1983 жылы жарық көріпті. Өсиеттік, тағылымдық сипаты басым дастанның ара-арасына сыналап екі-үш баллада енгізілген. Олардың бәрі соғыс шындығынан алынған. Қисынды, әдемі эпизодтар адам бойындағы жақсылық қасиеттерді дәріптейді. Адам үшін өмірден қымбат ешнәрсе жоқ. Бірақ балдай тәтті өмірді өлімге қиятын жағдай да кезігеді екен. Ондай жанкешті ерлік «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» дейтін қазақы биік мінезден туындаса керек. Ақын бұл ақиқатты асқақтата жырлайды. Немесе мына жолдарға көз тігейік.

*Қаздар, қаздар,
Қаздар қайтып барады...
Жүдетіп бір,
Қоштасып ән салады.
Дейсің сонда:*

*Өтер бәрі
Тек қана.
Жақсы ісімен
Адам мәңгі қалады¹.*

Бұл өлеңді оқыған жан ақынның «адам мәңгілік» дейтін тезисімен келіседі. Өйткені өлең адамдық аталатын алтын сарай кілтін ұсынады.

Өнер өрінде. Илиястың сюжетті поэмалары баяндау мәнері жағынан проза жанрына бейім. Прозаға бейімділігі ақынды өз күшін қара сөзде сынауға жігерлендірді. «Өзен жағасында» (1960), «Толқиды Есіл» (1965) повестері жазылды. Геологтер өміріне арналған «Өзен жағасында» повесі кейін «Алыстағы арпалыс» деген атпен қайта өңделіп, ұлғайтылып, роман жанрына ауысты. Социалистік реализмнің жаңа адам образын жасау талабына сәйкес жазылған алғашқы прозалық туындылары схематизм дертіне ұшырады. Олар енді қазақ әдебиеті тарихының кеңестік кезеңіндегі сәтсіздікке ұшыраған шығармалары есебінде қаралуы тиіс.

Жазушы Илияс Есенберлин талантының бағын ашқан туындысы – «Айқас» романы (1966). Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алған бұл туынды оның авторының ғана жетістігі емес, қазақ кеңес әдебиеті тарихындағы белесті шығарма.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарында кеңес әдебиетінде зор өзгерістер бой көрсете бастағаны мәлім. Сталиннің жеке басына табынушылық әшкереленіп, тап қырқысын мадақтау толастады, тартыс желісін технологиялық тетікке байлау саябырлады. Идеал қаһарман, тартыссыздық теориясы қатаң сынға ұшырады. Әдебиет өмірдің нақтылы қайшылықтарын суреттеуге, Кеңес дәуірінің етене, пісуі жеткен проблемаларын толғауға бет алды. Жаңаша қарауды тілейтін адамгершілік, құлықтылық мәселесі, күрделі әлеуметтік, рухани құбылыстар алға шығып, ендігі шығармалардың арқауына айналды. Жаңа мазмұнға сәйкес прозаның көркемдік поэтикасы өзгеріп, соныланды.

¹ Сонда, 86 б.

«Айқас» романы осы жаңалықтарды бойына сіңірген алғашқы романдардың бірі.

Рас, «Айқас» романы социалистік реализмнің қалыптасқан дәстүрлерінен мүлде қол үзіп кеткен жоқ. Шығарма тартысы Балқаш көлі маңындағы (романда «Балташ» делінген) Саят даласында мыс бар ма, жоқ па деген мәселенің төңірегінде өрістейді. «Бар» деушілер яки жаңашылдар – жағымды, «жоқ» деушілер – кертартпа кейіпкерлер. Бұл жағынан ол бұрынғы «өндірістік» романдарға ұқсас. Ұқсамайтыны сол тартыста адами, құлықтылық қасиеттердің шығарма тақырыбының басты проблемасына айналғандығы.

«Адам»! «Адамды түзейтін де адам. Бұзатын да адам»¹, – дейді романның бас кейіпкерінің бірі Дәурен.

Өзі баулып өсірген адам үшін күресте Дәурен жеңіліп жүрегі жарылып өледі. Бірақ Дәурен өзі өлсе де ісі өлмейтін жайсаң, жампоздар типіне жатады.

Адамдық тазалық не істе де, өндірісте ме, рухани салада ма, бәрінде керек. Жүрегі пәк, кіршіксіз адамдардың ісі де өнікті, баянды. Міне, осы арналы ой шығармадағы қызу, драмалы тартыс барысында ашылады.

Дәурен – тағдыры қиын тұлға. Жау бомбасынан денесінде сау жері қалмай жарақаттанып, Сібірдің кіндігі – Иркутск госпиталында екі жыл сары жамбас боп жатады. Жазылған бетінде елден қайғылы хабар жетеді. Сүйікті жары Күнсарының қырық екінші жылдың басында баладан опат болғанын естиді. Жалғыз інісі Хасен – соғыс мүгедегі. Не істеуге керек? Соғыс болса жүріп жатыр. Міне, осы тұста характер шым-шымдап ашыла бастайды. Дәурен бас көтерер ел азаматының ісін істейді. Оның сырлас серігіне: «Отанға...мыс, қорғасын, мырыш керек. Ағайын, жолдас, туған жерді қанша сағынғанмен, адам өз міндетін ұмытуға қақы бар ма, сол арадағы бір геологиялық партияға жұмысқа орналасып, кен зерттеуге кірістім»,² – дегеніне кәміл

¹ *Есенберлин І.* Адамгершілік жыры. Алматы: ҚМБМБ, 1949. 125-б.

² *Есенберлин І.* Он томдық шығармалар жинағы. 1-т. Алматы: Жазушы, 1984. 69-б.

сенесің. Газет штампы сияқты көрінсе де, Дәурен аузынан табиғи, нанымды шығады.

Таңғажайып Сібір өлкесін табына сүйген Дәурен, ажал аузынан алып қалған дәрігер Татьянаға үйленгені бар, бұл жары да шетінеп, баласыз жалғыз қалғаны бар, жиырма жылдың қаразында туған қазақ даласына табанын әзер деп тигізеді. Осы қуаныштың үстіне тағы бір қуанышқа кенеледі. Күнсарыдан туған қызы бар екені құлағына жетеді...

Бірақ өмірдің аты – өмір. Ашық жарқын күн бетін бұлт торлайды. Дәуреннің қабағына тағы да кірбің ілігеді.

Роман тартысындағы ерекшелік, өндіріс мәселесіне қатысты талас бірте-бірте моральдық, құлықтылық сипат алады. Кен ашу жолындағы күрес адамның адамдығын сақтап қалу үшін күреске ұласады. Күрес Дәурен мен шәкірті Нұрке және оны Дәурен қашықта жүргенде теріс баулыған Еламан арасында бұрк ете түседі.

Дәурен Нұркені бірге тумаса да, туған інісіндей көрген. Өсіріп, оқуға түсіріп адам қылған. Соғысқа кетерде «ісімді сен алға апар» деп тапсырған. Романда Нұрке Әжімов екі түрлі сипатта көрінеді. Біріншісі, жас талант, алғыр, ісіне, ұстазына адал Нұрке. Екіншісі, Еламандай ішін қызғаныш оты жалмаған сұрқияның ықпалындағы есейіп сақайған, ояз тартқан Нұрке. Жиырма жылдан соң оралған ежелгі ұстазы Дәурен, шәкіртін шалыс басудан сақтандыруға жанын салады. Бірақ дегеніне жете алмайды. Бір кезде жас кадрдың тәрбиесіне нұқсан келтірген, арын былғаған бұрынғы басшысы, қазіргі Жантығы – Еламан Нұркені қалайда уысынан шығарып алмауға тырысады. Арпалыс, айқаста адал Дәурен пасық Еламаннан жеңіледі. Неге? Бұл – роман оқиғасы барысында шешілетін үлкен жұмбақтың бір парасы. Тіпті екі жас: Бекарыс пен Дәмелінің үйлену тойының басталмай жатып тарқауынан да күрделірек жұмбақ.

Саят кенішіне келген ұстазын Нұрке құшақ жая қарсы алады. Жаксы қарсы алғаны сондай, шет елге іссапарға жүрерінде орнына бас геолог етіп қалдырып кетеді. Дәуреннің: «Біреуді-біреуге жақындатудан алыстатуды арман ететін адамнан жаман адам жоқ», – деген сөзі Нұрке көңіліне

қонған секілді. Шет елден қайтқанда бұрынғы пәле-жәлесін қайта қоңырсытуға кіріскен Еламанға:

«– Сенің осылай жантаятыныңды бұрыннан сезген едім, ойлаған жерімнен шықтың, – деді сазара қуқылданып. – Егер сен шатыстырмағанда, мен Дәуреннің алдында дәл бүгіндей қарабет болмаған болар едім. Бағанадан бері айтқан сөзіңді тыңдап бақтым, ал сол сенің дегеніңмен кете берер болсам, тағы да бір жарға апарып соғатыныңды білемін, – Нұрке енді Еламанға жеркене қарады: – Біз екеуіміз бірге аз өмір сүрген жоқпыз. Бұдан былай қарай да сол сый-құрметімді сақтағың келсе, енді Дәурен екеуіміздің арамызға кіріспе»¹.

Нұрке Еламанның азғыруымен Жарқын кенін жалғыз өзі ашқан боп көрініп, кітабынан Дәурен есімін алып тастап, бар табысты өз атына икемдеп, атақ-даңққа ие болған. Кешірімді Дәурен бұл жөнінде жақ ашпайды. Тек Нұркенің жаңа еңбегімен танысқанда кей оғаш, ұшқарылықтарын жоюға кеңес берген. Саят мәселесіндегі айтыста да өзіне қарсы шыққан шәкіртіне кеуде көрсетпейді, ұсынысының дұрыстығына нақтылы дәлелмен көз жеткізуге ұмтылады.

Бірақ оңай табысқа бөгіп, «менен басқа кімің барға» еті үйреніп кеткен Нұрке Дәуреннің ендігі уағызына құлақ ақысы жоқ. Ақыр соңында Дәуренді Саяттан аластамаққа әрекеттенеді. Дәурен өзін қолдайтын кеніш бастығы, бұрынғы генерал Жариковтың көмегімен Саятта әупірімдеп эзер қалады. Оның өзінде де қатардағы инженерге төмендейді. Бірақ сонда да Нұркеге өкпелемей, Саят кенін ашсам-ау деген идеясын іске асыруға жанын салады. Міне, осы тұста Нұркені қара басады. Еламанның айтағы, өзінің менмендігі, қайтсем өзгелерден биік көрінемін деп жанталасуы қапы соқтырады. Ол жаңа идеяны қолдамақ тұрсын, ұстазын ғайбаттаудан тартынбайды. Өндірістік мәселені бас араздық құралына айналдырып, Дәуренге көрінеу жала жабады. Бекайдарыма мені жамандап, әке мен баланы айырып жібердің деп дүрсе қоя береді. Шәкіртінен мұндай қаралықты күтпеген Дәурен жүрегі жарылып көз жұмады.

¹ Сонда, 115-б.

Роман адамды түзейтін де, бұзатын да адам деген идеясын осылайша дамытады. Ағын ақ, қарасын қара етіп айырып береді. Білім, ғылым деп қанатын қомдаған, ақ көңіл, еңбекқор Нұркені, жақсы жігітті қор еткен кім? Шығарма тілінде айтсақ, «өлтірген кім?» Кім кінәлі? Оған шығарма жауабы айқын. Алдымен сайтанның азғырындысына еріп, ұстазына қиянат жасаған Нұркенің өзі. Сонан соң – әзәзілі Еламан.

Автор жастар жағын болашақтың әділ қазысы есебінде суреттеп және бір ұтыс тапқан. Дәмелінің кіршіксіз таза жүрегі адалдықты тілейді. Бекайдар ғашық қызы секілді «үлкен қиянат түгіл кішкентай әділетсіздікті көтере алмайтын жас жігіт»¹.

Жетістігі мол бұл романда кемшілік болса, ол – трагедия себеп-салдарына бойлай түспегендігі. Бар кеселді қиянатшыл жандардың жымысқы қаракетіне саятындығы. Бар айыпты жеке адамдардың мойнына артып, қоғамдық кінәраттарға жете көңіл бөлмейтіндігі. Еламан мен Нұркедей өзімшілдерді, қиянатшыларды бұрқыратып қаулатқан тоталитаризмнің адамгершіліктен азған тәртібі екенін қазып ашпайтындығы. Әлбетте, бұл үшін авторды жазғырудың жөні жоқ. Дәурендей ақжүрек, биік ойлы адамдарға өріс берілмеуінің әлеуметтік-саяси себепін ашық, анық суреттеуге ол кезде үстем идеология диктатурасы мүмкіндік бермеді.

Кеңес кезінде жиі жарияланған бұл романға қазіргі демократия жағдайында да орын табылады. Өйткені адамның адамдығы үшін күрес әрдайым жалғаса бермек.

«Айқастан» соң іле-шала 1967 жылы «Ғашықтар» романы туды. Бұл шығарма қоғамда моральдық бағамдардың құны шұғыл артқанын айғақтай түсті. Қоғамның ендігі тағдыры адамның рухани өсуіне тікелей байланысты екеніне бар көркемдік қуатымен көз жеткізуге тырысты. Шығарма «Айқастың» періште сезім – махаббаттың гүлденуі үшін адамдық таза ауа қажет деген концепциясына жә-

¹ Сонда, 130-б.

не бір ой қосады. Махаббат адам бойындағы бар жақсы қасиетті оятып, бақытты етеді дейді романның бас кейіпкері Жантас есімді мүсінші. Роман мәнеріне тартымды реңк беріп тұрған осы жас адамның көкірегіндегі қаяуы жоқ, жырға бергізгісіз сырлары.

Роман діттейтін проблема – махаббат пен шығармагерлік шабыт. Адам рухын жаңа белеске көтеретін асыл қасиеттер өзара күш біріктіргенде берер жомарт жемісін алғау. Жантас пікірінде, өнерлі қол жасаған мүсін адамның жүрегіне от жағып, қиялында толқын ойнатуы тиіс. Ол үшін кескінін тасқа қашап отырған кісінің жан дүниесінен өзің де ұшқындануың керек. Жантас қарындасының тойында Ұлбосын деген аруды көріп, онымен танысып, жақындасып, ләззат бөліскен бойда аса бір шабыт құзарына шыққандай сезінеді. «...Адамның қиялы ғана көркем сурет тудыруға тиісті емес, кейде адамның қиялын көркем суреттің өзі тудыруы керек. Сонда ғана қиял іске асар арманға айналады»¹, – деп түйген.

Жантас оқып жүргенінде талай натурщицаның, сымбаты қыз бен жас әйелдің жалаңаш денесінің мүсінін құйған. Бірақ кездейсоқ жолы болып кезіккен дәл Ұлбосын ару денесіндей сұлулықты көрмепті, ондай эстетикалық ләззатқа түшіркенбепті. Екі жастың бір-біріне ынтықтығы, сүйіскен жүректердің тар төсекте табысуы сол олқының орнын толтырғандай. Сұлулыққа ғашықтық творчество адамына ұшқыр қанат байлайды. Дүниеге таңғажайып өнер дүниесі келеді. Ұлбосынның тас бейнесіне жан біткендей.

Романның және бір табысы – профессор, қолы шипалы хирург Шерубай бейнесінің сәтті сомдалғаны. Шерубай махаббаты Жантастың Ұлбосынға сезіміндей өтпелі, құбылмалы емес. Ұлбосынға өмір бойы ғашық жасамыс хирург, әйелі мен баласын қия алмай, кезінде үйлене алмаған. Ұлбосын аборт жасатып, мыс өндіретін қалаға кетіп қалады. Сонда сән ательесінде істейді. Әйелі мен баласы автоавариядан қайтыс болған Шерубай нақсүйерін іздеп Мыс-

¹ Сонда. 233-б.

тауға келеді. Сонда қаланың бас хирургі болып орналасады. Жантас жасаған скульптураның құдіреті Шерубайдың тас Ұлбосынға тәңірідей табынуынан да байқалады. Пластика дүниесінің аузы-мұрнын санап жатпай, суретшінің өзіндей дәл бейнелеймін деп әуре болмай, мүсінді осылай әсер арқылы суреттеуін – автордың және бір тапқырлығы деп бағалануы тиіс.

Романның кемшіліктеріне келсек, ол – автордың романына дер кезінде нүкте қоймағандығы деу керек. Жантасы краншы қызға үйлендіріп, оның авариядан ұзақ төсек тартып қалуын тәптіштеу романның әу дегенде белгілеп алған көркемдік идеясымен қабыспай, композиция тұтастығын бұзған.

Ленинград көркем академиясы баулыған өнерпаз жас жігіт пен оның жүрегін жаулады дейтін қарапайым краншы қыз Аяужан арасындағы білім, өре алшақтығы ескерілмеген. Бұл – бір. Екінші, Аяужанның аяқ астынан ғаріп боп қалуы романның бас тақырыбын суалдырып, тулаған махаббат сезімін жуасытып, мүсіркегіш, аяғыш сезімге айналдырған. Қыздың атын Аяужанды ая дегендей әдейі қойған тәрізді. Онысын құптай қою қиын. Автор жасандылыққа ұрынған. Жасанды эпизодтарды тіркемелей берудің романға оншалықты пайдасы тимегенін кезінде әдеби сын орынды ескерткенін айтуға керек¹.

Ілияс Есенберлиннің өнер қайраткерлерінің образын жасау жолымен жаңа әлеуметтік-құлықтылық тартыс әлемін ашуға ұмтылған ізденістері «Махаббат мейрамы» (1984), «Аққу құстар қуанышы» (1983) романдарында жалғасты. Бұл шығармалардағы алыс-жұлыс дарын мен дарынсыздар арасында өрістей келе, өз орбитасына бірсыпыра моральдық, адамгершілік мәселелерін қоса тартып алып алады.

Композициясы берік қаланған, оқыс оқиғалы, шытырман жолды детектив сюжеті оқырманын еліктіріп бас көтертпей оқыттыратын «Махаббат мейрамының» бас кейіпкері Еркебұлан таланты тек оның архитектуралық өнердегі

¹ Нұрғалиев Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986. 300-б.

қабілеттілігінде ғана емес. Ақжүрек жас Еркебұлан мектеп жасынан бірге өсіп келе жатқан досы, әрі қызметтес әріптесі Қайназардың қызғаншақ мінезін, арам қылықтарын ұзақ жылдар бойы аңғырттықпен сезбейді. Басында бауырына салған Жұлдыздан айырылу, оның орнына дұшпаны тастап кеткен сәби Еркебұланды өсіруі, балалар үйінде тәрбиеленген Жұлдыздың күндердің күнінде кездесіп, бір-біріне ғашық болуы, екіқабат Жұлдыздың ағалы-інілі екенбіз деп Алматыны тастап басқа қалаға кетуі Қайназардың қараниеттігімен, Қаражандай бұзықтардың зұлымдықтарымен астасып, екі жастың арасына сынадай қағылады. Еркебұлан ішімдікке салынып, тіпті есінен жаңылғандар үйінде емделеді. Ақыры әділеттік жеңіп бәрі орын-орнына келеді. Роман оқиғаларының дамуында ғашығы мәңгі ғашық, пасығы мүлде пасық тұрақты қаһарманға сүйінетін фольклорлық эстетика елеулі рөл атқарады. «Театр фойесінде естілген сөз» дейтін эпиграф іспеттес кіріспеде біздің заманымызда Қозы Көрпеш–Баян сұлудың ғашықтығындай, өздерін өлімге қиярлық ғашықтық болуы мүмкін емес деген пікірге: «Сіз солай ойлайсыз ба?» деген жауап келтірілген. Еркебұлан–Жұлдыз махаббаты олай ойламау керектігіне дәлел ретінде баяндалады.

«Аққу құстар қуанышы» – творчество қуанышы, шаттығы туралы роман. Илияс Есенберлин, жоғарыда айтылғандай, көп өмірін көркем интеллигенция: ақын, жазушылардың, әншілердің, сазгерлердің ортасында өткізді. Филармония директоры кезінде әртіс дейтін халықтың өміріне қызу араласты. Сәттілік, сәтсіздіктерін олармен бірге бөлісті. Бұл ортаның бақыты талантының шешек атуына, халқының сүйіспеншілігіне бөленуіне байланысты. Эстрада жұлдызы Алмагүлдің поп-музыка дейтінге бірыңғай беріліп, қазақ әнінің дүниежүзінде еш халықтың әніне ұқсамайтын дарқан даралығын естен шығарып, әулекіленіп шегірткеше секіруге көшеді. Біресе ой теңізіне шомылдыратын, біресе ақ сәулелі қиял қанатына қондыратын, жар құшағындай ыссы да тәтті сезімге бөлейтін қанатты әуен-

нен айрылып, құлази бастайды. Ал жаңарған Алмагүл ондай емес. Әнімен суреткер құзарына қанат қағады. Суреткерлігі – қазақтың «Баянауылдай» байырғы әндерінен соны сұлулық, жаңа образ таба білуінде. «Әндегі сұлу бейнені тыңдаушылардың көз алдына елестету»¹ құдіреттілігінде.

Романда махаббат тақырыбына жетерлік орын берілген. Өртістерді былай қойғанда, арызқой қызылкөз Тобаяқовтың да ашынасы бар екені ашылып қалады. Бірақ шын махаббат иесі – композитор Ержанның екі баласымен бірдей тастап кететін Жәмила. «Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ, Саған жар менен артық табылса да» деп Абайды тебіртететін сорлы асықтың нағыз өзі. Екінші бір тосын бейне – өнердегі шенеунік Махмұт атты мерез. Әуелі шешесі Бірләнмен, сонан соң оның өгей де болса қызы Бибішпен көңіл қосуы, ақырына үйленіп Қарағандыға тайып тұруы ұятсыз, ойсыз жануарлық қылық. Ондай жиіркенішті мінез-құлыққа роман адалдық, достықты паш ететін жарқын бейнелерді қарсы қояды.

Махаббат тақырыбы сазын және бір қырынан шертетін «Алтын құс» романы (1972) жүрегі талмаурап ауырып, о дүние мен бұ дүниенің арасында жатқан адамның шытырман оқиғалы өмірін көз алдыңнан тізбектеп өткізеді. Былай қарағанда кейіпкер ой ағысына берілгенге ұқсайды. Бірақ «Алтын құс» романында сананың бейберекет әсерлерінен, тылсым құпияларынан гөрі бір әрекеттен екінші әрекет туындайтын шым-шытырық оқиға ағысы басымырақ. Бас кейіпкер, Социалистік Еңбек Ері, отыз жылдай шахтада еңбек еткен Сабырдың басынан өткізген хикаясы тізбектеле келе, шытырман оқиғалы шығарманың кейіпкерлері тәріздес не бір ыстық-суықты басынан кешіреді. Садық деген жолдасымен бірге бас кейіпкер неміс тұтқыны тозағында күйеді, ауыр жарақаттанып, Қарағанды қаласының госпиталінен бір-ақ шығады. Сабырдың Ақбаян атты тұрақсыз сұлуға ғашықтығында ішкі түсіністік аз да, сырттай аһы-

¹ Сонда. 5-т. 154-б.

лап, уһілеу көбірек. Сабыр Ақбаянды алтын құсым дейді. Сол құсымен ұшырасуы тым сирек. Батырлық жырлардағыдай қаһарман жорықта сан жыл жүріп, сүйген жарымен шығарманың басында бір, ақыр аяғында бір қауышады. Сүйіседі. Уәде байласады. Содан Сабыр соғысқа аттанады. Тұтқын лагерінде кенет досы Садықты жолықтырады. Ол қолайсыз әңгіме айтуға мәжбүр.

« – Сабыр, естімеген шығарсың, берік бол. Сүйгенің опасыздақ етті, сен майданға аттанысымен, екі жұма өтпей Әлжанға ерге шықты...Саған араша тұра алмадым, – деді де, бетіме қарай алмай бұрылып кетті. – Опасыз қыз үшін тақа опық жеп өзінді жасытпа!»¹.

Осы жерде асық сезім оты өшуі тиісті ғой. Бірақ өшпейді. Тағдыр тағы да Ақбаянға табындырады. Басы бос Ақбаян құшағына қайта енеді. Сол бойда Сабыр өліп-талып табысқан ғашығы пәтерінің подъезінде ішкі киімімен ессіз-түссіз жатқан жерінен аурухананың ақжайма төсегінен бір-ақ табылады...

Роман – эпикалық жанр. Ауқымына ат-нөпір материал сияды. Оны автор қалай орналастырам десе де ерікті. Бір детальды асырыңқы, екіншісін басыңқы суреттей береді. Мұның өзі өмір құбылыстарын кеңінен қамтуға жол ашады. Мәселе – сол оқиғалардың қалай берілуінде. Көркем туынды жасау өнері ғимарат тұрғызудан бір кем емес. Басаяғы бүтін, артық-тұртығы болмауға тиіс. «Алтын құс» туындысына жетіспейтіні – композициясында селкеулік бар. Соғыс пен махаббат көріністерінің үйлесімі жетіспейді. Талай жыл ұмыт ғашықтықтың кенет қайта лаулауы, Сабырдай парасаттының бір қақпанға екінші рет қайта түсуі сендіре бермейді.

Илияс Есенберлин «жұмысшы тақырыбынан», кенші, барлаушылар, тыңгерлер, техникалық интеллигенция өмірінен «Алтын құсқа» қоса «Көлеңкемен қорғай жүр» (1974), кейін аты өзгертілген «Аманат» (1978), «Маңғыстау майданы» (1979) романдарын туғызған. Жыл я жыл аралатып

¹ Сонда. 305-б.

туындап жатқан проза жазушының творчестволық потенциалының қаншалықты зор екеніне айғақ. Сонымен бірге асығыстықтың қапы қалдырған жері де аз емес.

«Маңғыстау майданы» тарих-әлеуметтік қарпуы мықты туынды. Автор қаламы бұл өлкенің қойнауындағы ең байлығын, арғы-бергі тарихын жазуға, Сармат, Сақ заманынан бастап, Каспий жағасындағы түбекке ең алғаш көңіл бөлген Бірінші Петрден бері қарайғы өткен-кеткенін очерктік өрнекке түсіруге келгенде өте-мөте жүрдек және алымды. Маңғыстаудай қу медиен даланың романтикалық сұлулығын тауып суреттеуде тиісті бояу таба білгенін бөліп айтуға керек.

Кемшілігі – көркемдік талдау мен тарихи-социологиялық талдау қабыспаған. Роман кеңес әдебиетінің адамды таптық тегіне қарай жағымды, жағымсыз кейіпкерге жіктейтін бәз баяғы ерғашты схемасына құрылған сіңірі шыққан кедей Бестібай қарт, ағайынды Хәлел, Жәлел сияқты ұрпағы – судан ақ, сүттен таза жағымды бейнелер. Ел болашағы, жалпы прогреске берілгендер. Керісінше, кәмпескеге іліккен қанаушы Түйебайдың ұрпақтары Әжіғали, оның ұрпағы Алаң-Алешка тұқымымен азған бұзықтар. Әжіғали «қызылдарға қарсы шығып», Алашорданың Жымпитыдағы бір эскадронын басқарады. Қызылдан жеңілген соң «ұры-қарылардан банда құрып, құм арасына сіңіп кетуге мәжбүр болады». «Қандыкөз, көкжал» Әжіғалидың баласы Алаң-Алешка сотталған, қатталған бұзық. Түрмеден шыққан соң бас геолог Жәлеледің сүйікті қызы, өзінің жақын туыс қарындасы Тананы зорлап кетеді. Көрінген жерден пәле іздеп жүретін шенеунік Ерденнің де сол кездің көзімен қарағанда әлеуметтік тегі күмәнді. Кейіпкерлерінің таптық тегінің тазалығын көрсету үшін сонау Азамат соғысы, байларды конфискациялау, Адай руының көтерілісі, Қарағанды шахталарындағы еңбек армиясының қызметі, мұнай үшін күрес, оның Хәлелдей құрбандары, – осының бәрі атүсті суреттеліп, шығарма композициясының характер ішін ашудағы рөлін төмендеткен. Өндірістік маңызды мәселелерді кездейсоқ, жеңіл-желпілі детективтік оқиғалар киіп кетеді.

Романда тап күресін суреттеуге байланысты жіберілген ағаттықтарды айта отырып, бұл мәселенің тағы бір қырына тоқталмасқа болмайды. Тап күресін ойлап тапқан коммунистер емес. Бұл ұғымның Маркстен бұрынғы социологияда пайда болғаны хақ. Маркс, Лениннің қосқаны – тап күресін пролетариат диктатурасын орнату күресімен сабақтастыру керек дегені. Қазақ ішіндегі бай мен кедей арасындағы қайшылықты көрмеу – тарихи шындыққа қиянат жасағандық. Сондықтан Ілияс Есенберлин романында тап жөнінде айтылғанның бәрі ескірген деуге келмейді.

Большевик Петровский: бейнетқор кедейлер, сендер тап жауларынан өздеріңнің үлестеріңді алып, жаңа өмір құруларың керек, – дегеніне Бестібайдың «арамдықпен жиналған бай малынан қотыр ешкі алмаймын», – деуі автордың да кәмпеске мәселесіне көзқарасының қалайда өзгере бастағанын дәлелдейді. Ал Бестібайдың мына пікірі ойласуды, талқылауды қажет етеді.

«– Бай-манаптар бізге не көрсетпеді? Атамыз бір Жамбоздан шыққан Түйебай маған не істемеді?..Сол Түйебайдың өз басым он үшіннен жиырма бесіме дейін түйесін бақтым. Сондағы маған төлегені жалғыз бота...Қанау деген сол емес пе? – Бестібай кенет жүдей қалды. Әрине, оларды аластау әділетті-ақ...»¹.

Мұндағы «аластау», тап қырқысына шақыру бүгінгі демократияшыл, адамгершіл принципке жат. Оны жаңа заман тұрғысы қабыл алмақ емес. Ал, өзге, адал еңбегіңе әділетті ақы төлену туралы көтерілген проблемаға жеңіл-желпі қарауға болмайды. Бұл ел бірлігіне, болашағына қатысты мәселе. Қазіргі нарық жағдайында, қай уақытта болсын ел бірлігінің тағдыры әлеуметтік мәселенің дұрыс-бұрыс шешілуіне байланысты. Қоғамдық қайшылыққа көзді шарт жұму патша заманында да, кеңес кезінде де жазылмас дертке айналғанын, ақыр аяғында екеуінің құлауына әкеп соққанын ұмытпауға керек. Ендеше, Есенберлин романының бұл тұстары ескіргендікке жатқызылмай, сын көзбен оқылуы қажет.

¹ Сонда. 3-т. 19-б.

Социалистік реализмнің таптық принципінің қазақ әдебиетіне пайдасынан гөрі зияны көбірек тиді. Атақты жазушы Сәбит Мұқанов кезінде «Адақандар» романының сыналған тұстарын жетілдіремін деп қайта жазды. Шығарманың жаңа нұсқасы «Мөлдір махаббат» романы қампиыңқы шықты. Бірақ жаңа роман оқушысын қуанта қойған жоқ. Бұрынғысының үстіне жаңа кемшілік жамады. Екі жас махаббатының мұратына жетпегеніне алашордашыларды кінәлі етуі оншама қисынды шықпады. Сол секілді Илияс Есенберлиннің бұрын жариялаған повесін роман етіп қайта жаңғыртуынан пәлендей нәтиже өнбеді. Өнбегені – екі себептен. Біріншісі, бай баласы болса-ақ, таптық ірік-шірік құлықтарынан арыла алмайды деген теорияның әлі де қалған жұрнақтарының шығарма сюжетіне салқыны тигенінен. Екіншісі, басынан аяғына дейін схематизмге құрылған шығарманың ішкі құрылымына елеулі өзгеріс енгізе алмағандығынан.

Титан металы кездесетін рутин минералды кенін пайдалану үшін сол жерден ағатын өзеннің бір айырығын бұру қажет болады. Осы жұмыстарды басқаратын рудник бас инженері Сұлтан – білгір инженер. Бірақ 1928 жылы кәмпескеленген бай тұқымынан екен. «Көн құрысса қалыбына барады, ол өзінің нәсіліне тартып, тәкаппар, тым өзімшіл, алдымен өз басының пайдасын көздейтін адам боп қалыптасты»¹ – деп автор бұл кейіпкеріне бірден теріс қабақ көрсетеді. Сұлтанның ендігі әрекетіне оқырман секеммен қарайды. Әйтеуір жақсылыққа баспайтынын алдын ала сезіп отырады. Ал оның орынбасары таптық жағынан «таза» Ахметбек сөзсіз жаңашыл. Өзенді жарылыс күшімен бұруға ұсыныс жасайды. Ұсынысты партком қолдайды. Апат кезінде комсомолдар сол кездегі әдеби нормаға сәйкес ерлік көрсетеді.

Комсомол жастың бірі – «көк комбинезонды Дариға. Жергілікті кәсіподақ басшысы Ықсан бұл қызды былайша сипаттайды.

¹ Сонда. 4-т. 230-б.

«– О, Дариға ма? Ол барып тұрған огонь! Қыздың қызы, бірінші бойжеткен! Он сегізге жетпей жатып уже член месткома!.. Жаңағы Вадим, Жақып бәрі де профсоюз активі. Олармен бір план емес, он планды орындауға болады!»¹.

Жастардың бәрі бір қалыптан шыққандай. Өндірістен басқада шаруасы шамалы. Жеке тірлігіне бастары ауырмайды. Қай кейіпкерді алсаңыз да не істеп, не қоятыны алдын ала сызылып қойған. Тұрмыс жағынан азған кейіпкер әйтеуір бір сазайын тартатыны анық... ЖКО (Тұрғын үй-коммуналдық бөлім) меңгерушісі көп кеңес шығармаларында бір қалыпқа құйылған шенеуніктер секілді – жағымсыз кейіпкер. Романдағы коммуналшы Сауранбай Каюпов – алқаш. Ол да Сұлтан секілді өліп тынады. Сұлтанның түбіне жәлептігі, Сауранбайдың түбіне – ішкіштігі жетеді.

Сюжет өнері – күрделі өнер. Құр оқиғалар тізбегінен тұрмайды. Характерлердің арақатысынан туындағаны әлдеқайда тиімді. Шиеленіс неғұрлым күтпеген жерден бітсе және иланымды болса, ондай сюжет оқушысын қызықтырып, тартымды оқылатыны мәлім. Есенберлин повесін роман пішініне салып қайта жасағанда ендігі тәжірибелі қалам иесінің ыспар қолымен қаншама сылап-сыйпаса да, бір әдеби кезеңде жазылған шығарманы екінші, ширек ғасырдан соңғы әдеби кезең талабына телімек боп қалай өндесе де, бастапқы схемашыл кінәратынан арыла алмаған.

Қазақ әдебиетінде схемашылдықтың өз тарихы бар. 1930–1950 жылдардың әдебиетінде кейіпкерлер таптық тегіне қарай екіге жарылып қанжоса боп тірескен, күрескен. Қаналушылар жағы жағымды, қанаушылар жағымсыз кейіпкерлер ретінде суреттелген. Кейін өндірістік романдарда жаңашылдар мен консерваторлар әдебиет қаһармандарына айналғанда осы схема бойынша тағы екіге жіктелді. Ал алпысыншы жылдары бұл схематизм қатты сыналғаны аян. Осыны біле, сезе жүре Илияс Есенберлин «Өзен жағасында» повесінің «қанына сіңген» ақ, қара бояуларын өзге түсті бояулармен байыта алмады.

¹ Сонда. 282-б.

Өндірістік тартысты жалаң көрсетпей, мәселені ел өмірімен, жеке адамдардың тағдырымен біте қайнастыра суреттеуге жазушы бара-бара төселді. Жоғарыда сөз етілген «Айқас» романының, өзге де оңды дүниелерінің сюжетті жалғыз ғана өндірістік проблеманы иектеуден арылып, өмірдің өзіндей шым-шытырық тартыстарға құрылды.

Ендігі Илияс романдарының сюжеті тоқылуы жағынан қазақтың қайыс өру өнеріне ұқсас болады. Бестемше, дырау, сегіз қырлы егеуқұйрық өрімдері секілді көп таспалы келеді. «Алтын аттар оянады» («Аманат») романының (1979) сюжетіне еңбек, махаббат, жазу-сызу және мүсін өнері, мейірбандық, жамандықтың бетін жақсылық істеумен қайтару, ғылымдағы нағыз ғалымдық пен мансапшыл залымдық секілді алуан тақырып желілері тартылған. Және осының бәр-бәрі ұлттану қазығына байланған. Романда ұлттану тақырыбы бас кейіпкер, археология ғылымына жан-тәнімен берілген қажыр иесі Күнтуар Құдайбергенов бейнесі арқылы дамытылады.

Күнтуар қазақ өнеріндегі «звериный стиль» – «хайуанат стилі» дейтіннің тарих тамырларын қазбалап, қадымдағы сақ заманының арғы қабаттарына көз жібереді. «Хайуанат стилі»... Сойыл ұстап, мал баққан көшпелі елдерге бұл стиль қайдан келді? «Мүмкін Қара теңіз жағасындағы мәдениетті скифтардан, не болмаса Алтай, Тарбағатай таулары бойындағы тұрғын сақ тайпаларынан әкелінген шығар?.. Бірақ сол скифтардың өзі бұл өнерді қайдан алды?..»¹.

Осы сауалдарына жауап іздеп, Қазақстанда сақтардан бұрын жер қазып, кен қорыта алған, қаласы, қолөнері мол мәдениетті жұрт болған деп жорамалдайтын профессор Күнтуар Құдайбергенов Қайрақты молаларының ең төменгі қабаттарына бойлайтын шурфтар қазғызады. Ұлы тірліктен көз үйіретін шағында Күнтуар болашақ археология экспедициясының маршруттарын анықтай түседі. Бұл бейнені суреттеуде автор ақжарқын, ашық реңді өрнек тапса, ғылымды шыбынсыз жайлау еткісі келетін, академик деген

¹ Сонда. 3-т. 310-б.

атақты маңдай термен емес, бармақ басты, көз қысты жымысқы амалдармен алуға жан 9шырып жүрген Ерғазы Аюпов, Пейілжан Сұрықбаевтарды сатираның уытты тілімен қариды. Ғылымның өсуіне емес өшуіне апарып соқтыратын Аюпов, Сұрықбаевтар – академиялық бюрократияның арамшөптері. Пайдасы азайса, академиктігін, тексерген ғылымын тастай беріп, ақшалы мансап қайда болса, сол жерден табыла қойғыш пысықайлар.

Қазақ халқының мәдени мұрасы хақында Ілияс Есенберлин көтерген мәселелердің бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін қандай маңызы бар екенін дәлелдеп жатудың қажеті аз. Жазушы көркем шығарма құралымен талай қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың терең сырына үңілді. Оқымыстының биік бейнесін жасау жолымен небір көкейтесті ғылыми проблемаларды алға тартуға, әсіресе ұлт мүддесін көздейтін қайнарларды іздестіруге, ел мәдени мұрасын түгендеуге атсалысты.

Туған жер тарихын білмекке деген аңсар Есенберлин кейіпкерлерін Қазақстанның әр түкпіріне алып барады. Барған сайын қазақ елінің елдігі хақындағы мәселеге бойлай түседі. Көп шындықтар көзін аршиды. Қатаң бақылау жағдайында ұлттың көкейтесті мәселесінің бәрін ақтару қиынға соқты. Дегенмен, жазушы көңіліндегісін айту, шындықты жеткізу тәсілін қалайда таба білген. Бүгіндер Ілиястың «Қатерлі өткел» (1967), «Көлеңкемен қорғай жүр» (1974) романдарын парақтап отырғанында сол тәсілдің бұралаңы көп қарсақ ініне ұқсайтынына көз жеткізесін.

«Көлеңкемен қорғай жүр» романы тың игерушілер өмірін реалистікпен көрсеткен шығарма деп бағаланды. Оның солай екені де және жаңа жер игерудің ділгір проблемаларын көтеру барысында қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын мәселе күн тәртібіне қойылғаны да рас.

Жаңа жер игеру саясатының салтанат құрғанын бейнелейтін шығармалар ол кезде роман, повесть, әңгіме, очерк түрлерінде бұрқырап шығып жатты. Мысалы, тың игерушілердің эрозияға қарсы аттанысы Зейін Шашкиннің

«Сенім» романында (1966) шыншылдықпен, жақсы білім-таныммен суреттелгені белгілі.

Есенберлин жаңалығы – көтерілген тыңға байланысты ұлт тағдырының өткір мәселелерін алға тартуында. «Алтын арай» совхозының бас агрономы Хасен Атымтаев, директоры Қазыбай Тілеуқабақов, партком секретары Угрюмов бейнелері арқылы тың және тыңайған жерлерді игерудің пайда, зияны, туғызған проблемалары, мал басының азаюы, жердің құнары күрт кеміп эрозияға ұшырауы, т.б. шаруашылық проблемалармен қабат, саяси жағынан күйіп тұрған мәселе тіке қойылады. Жазушы ежелгі эзоп тілін пайдаланбайды, тұспалдамайды, астарлы сөздерге бармайды. Кеңес заманының ұғымында қатерлі, ұлтшылдық исі аңқып тұрған мәселені қоюдың Есенберлин тапқан тәсілі, оны жағымсыз кейіпкердің аузына салу. Жағымсыз кейіпкер мәселені төтесінен қойса, жағымдысы кеңес тұрғысынан әлгі қисық сөзді түзеуге кіріседі. Сөйтіп социалистік реализмнің талабы мүлтіксіз орындалып, қисық ағаш партияның сара тезіне салынып, түзетілген секілді көрінеді. Ал сол тұстарды қазір қайталап оқығанында, ол «түзетулерден» шыли формальдылық сипаты сезілмей қалмайды.

Тың не берді, не қойды? Бергені көп. Бұрын мемлекетке 100–130 миллион пұт көлемінде астық сататын Қазақстан енді миллиард пұт астық тапсырады. «Тың – ең алдымен техника, өнер. Бұны бір де. Тың – мәдениет. Бұны екі де. Тың – киіз үй орнына ағаш үй, тезек орнына газ. Қаладағыдай екі миллион сомдық мәдениет сарайы, нейлон көйлек, айналы шаштаразы...»¹ – дейді Порфирий Губанов дейтін Саратовтан келген механизатор.

Тыңның өзге де игіліктері романда бүкпесіз баяндалған. Сонымен бірге романды оқыған адам көңілінде Мәскеудегі басшылардың саясаты тек мол астық алуды ғана көздеді ме екен? – деген сауал қалып қояды. Ол сауалдардың реті былайша келеді.

¹ Сонда. 33-б.

– Қазақ жеріне миллиондаған орыс, басқа ел-жұрт қаптап келіп жатыр. Қазақтың өз жерінде азшылыққа айналуына байланысты оның әдет-ғұрпы, дәстүрі...жан дүниесі, тілі...қандай күй кешпек?

– Қазақ малмен күн көретін ел. Арқаның табын-табын жылқысы, отар-отар қойлары жайылымдық өріс жаппай жыртылып тастаған соң құрып барады. Жалпы экономикаға, барша тірлік мүддесі үшін мал басын құрту тиімді ме?

– Егін егу, егістікке су жаю сылтауымен ата-баба зираты жермен жексен етіліп жыртылып жатыр...Бұл қалай? «Күшің барда ақылдың керегі жоқ» дегендік пе?

Араласып кеткен ұлттар жайындағы бірінші сұраққа совхоз директоры Қазыбайдың жауабы былайша келеді. «Мен орыс, не украин солдаттарымен жау шебіне қарсы аттанысқа шыққанымда қатарымда келе жатқан орыс па, қазақ па, әлде, белорус па деп қараған жоқпын. Өйткені, бізге керегі – тек жауды жеңу ғана еді. Ал біріміздің жауымыз – бәрімізге бірдей-ақ жау болатын. Түсіндің бе? Ал қазір...бәріміздің де істеп жатқанымыз бір-ақ шаруа: тыңды игеру. Бұған да бәріміз бір сапта аттанысқа шықтық...»¹.

Еш күмән келтірмейтін дұрыс сөз. Совет елі – бір ел деген идея жақсы дәлелденген. Солай десек те бұны қойылған сұраққа нақтылы жауап деу қиын. Қазыбайдың ресми құлаққа жағымды насихаты, ортақ іс үшін жұмылып тізе қосып жатырмыз дегені шын мәнісінде тек шығарып салма сөз ғана. Өйткені даңғаза сөз тұманын түсіріп, қазақ атты халықтың әдет-ғұрпы, ділі мен тілінің былайғы тағдырына төнген қауіп туралы нақтылы сұрақ жауапсыз қалып отыр.

Шаруашылық қиындықтар, жер эрозиясы, басқа да кедергілер бірінің артынан бірі жойылып жатады. Ал өз жерінде өзі азшылықта қалған қазақ болашағы туралы мәселе роман күн тәртібіне қойылса да шешімін таппаған. Ол үшін авторды жазғыруға болмайды. Ол кездің жағдайында сүйкімсіз геройдың аузымен болса да, шындық сөздің айтылуының өзі үлкен жетістікке пара-пар еді.

¹ Сонда. 33-б.

Романның қатты шүйлігіп әшкерелейтін жексұрын кейіпкері – Качан деген шошқа фермасының меңгерушісі. Жер аударылған кулак баласы жергілікті халыққа бұрынғы патшалық империя көзімен қарайда. Ытырына жек көреді. Әдет-ғұрпын сыйламайды. Партком секретары Угрюмовқа Зікірия деген шопан шошқа етін жемейді, жеркенеді, – деп шағынады. Угрюмов Качанға: «Сізге...бөтен жаққа бара жатқаныңызда өзіңізді қалай ұстау жайында ақыл айтқан болар... Тек сіз оны ұмытып қалған сияқтысыз...» – дейді.

«– Бөтен жақ?.. – деп Качан іліп әкетті. – Қайдағы бөтен жақ?.. – Ол ыржиып езу тартты. – Мұның бәрі менің жерім!»¹.

Зікірия шопан, парторг Угрюмов екеуі де Качанмен келіскісі жоқ. Сонда да қорқақ Зікірия байғұс: «Сенікі, сенікі!» – деп асыға-үсіге жалбақтайды. Партком секретары Угрюмов «Совет елінің жері» – деп орыстың да, қазақтың да көңіліне келмейді-ау деген пікір білдіреді. Сөйтіп лепірме сөзге, демагогияға үйірлігін байқатады. Бас парторг – СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары, КСРО Министрлер Советінің председателі Хрущев те көптірме сөздің түбін түсіретін. Бірақ ол «советтің жері» деген ұғымның түпкі сырын, кімнен қорықсын, бір күні лақ еткізген. Талай патшаның қолынан келмегенін өзі істегенін жасырмаған. Бөспе «Хұрекең»² бұл жерде шындық ауылынан алыстап кеткен жоқ еді. Тың өлкесін басқару ісін Қазақстан үкіметінен тартып алып, Қазақстанның жартысындай жерді тікелей Кремльге бағындыртқан. Тың өлкесін Ресейге қосайық, Маңғышлақты Түркменстанға сыйлайық, Оңтүстікті – Өзбекстанға өткізейік деп, қазақ жерін әкесінен қалған малдай ту-талапайға салмаққа тырысқан...

Қазақ жерін «менің жерім» яки орыс жері дейтін кеудемсоқ шовинист Качанның барып тұрған отаршылдық оттамасы мен Хрущев көкімесінің айырмасы қандай?

Шошқашы Качан тыңға Магаданнан сотталған мерзімін өтеп келген. Тың айыру жылдары қазақ даласы ондай

¹ Сонда. 111-б.

² Қазақтардың жарамсақтары Хрущевті солай атайтын.

сотталып-қатталғандарға, нелер қаны бұзық ұры-қарыларға толып кеткені туралы шындық Сәбит Мұқановтың аяқталмай қалған «Толқында туғандар» романында да жақсы көрсетілгені мәлім. Бұлардан Качанның өзгешелігін Есенберлин романының кулак кіндігінен жаратылуында деп түсіндіргісі келгені жай сөз. Таптық принципті автор бұл жолы өз мағынасында пайдаланбаған. Қанаушы тапқа деген кеңестік идеологияның өшпенділігін желеу ете отырып, шовинизмнің қазаққа деген қастандығын әшкерелеген. «Көлеңкемен қорғай жүр» романының кісі өлімімен аяқталуында символистік мән бар. Качан Глаша деген сауыншы қызды құшпақ боп емешесі үзіліп жүреді. Бірақ, салған қармағы қаппайды. Біреудің еңбегін ұрлаған жымысқы ғалым Алшынбек Айдынғалиев Глашаны орта жолдан қағып алып кетеді. Качан өшін қазақ қызы, Хасеннің қалыңдығы, зоотехник Меруерттен алады.

Хасен аппақ күміс түс көреді. Құлағына Меруерттің жібек үні естіледі.

«– Көлеңкемен қорғай жүр, Хасен, бәрімізді...»¹.

Финал романның бүкіл сюжетіне қайта көз тастады. Оның ең қымбат идеясын түйіндейді. Меруерт – жас адам. Ел болашағы. Ел келешегін қиып түсірген Качан пышағы – не пышақ? Меруерт: жатқан жерімді, мәңгі ұйқыдағы бәріміздің бейітімізді қорға десе, оның мәні бар. Зират – тарих белгісі. Ол белгі жай қақайып босқа тұрған жоқ. Ата-бабаның туған өлкесімін, қасықтай қаны қалғанша қорғаған аймағыңмын деп ұрандап тұр. Осыны еске алғанда *көлеңкемен қорғай жүр* деген сөздің салмағы зорая түседі.

Әлеуметтік аумақ-алқабы кең романда ұлттық маңызы айырықша және бір толғағы жеткен мәселе қойылды. Ол – республиканы ұлттың өз адамы, қазақ кадры басқара ала ма деген мәселе. Хрущевтік шовинистік саясат қазақ ұлтын өзін-өзі басқаруға беттетпейтін. Мұны тікелей айта алмаса да, роман қазақ ел басқарса, ешкімнен кем басқармайтынын жетекші тақырыбы етіп және бір бейне енгізген.

¹ Сонда. 224-б.

Қызмет бабы көрсетілмейтін, бірақ қолында үлкен билік бары айқын сезіліп тұратын Асылбек Ахметжанов атты кейіпкер Алматыда отырса да тың тынысын анық сезіп, шешуші жағдайларда көмекке келеді. Тың төсінде ұйқысыз-күлкісіз еңбек етіп жүрген Хасенді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Беков орнынан алып тастауға, басқа қызметке ауыстыруға айналғанда бұл әділетсіздік жүзеге аспай қалады. Қабылдауында болған Хасенге Алматыдан Асылбек Ахметжанов қол ұшын береді. Республика басшысының прототипі кім екені суреттен айқын сезіледі. Романда мынадай бір эпизод бар. «Бұрын Хасен, мейрамдарда студенттер қатарында Ленин алаңында өтіп жүріп, мінбеде тұрған Асылбек Ахметжановты тек алыстан көретін. Ұзын бойлы, өзгелерден иығы биік...»¹. Бұл көркем портреттен, сөз жоқ, Брежневтің айнымас серігі, тың игеру жорығын ұйымдастырушылардың бірі Дінмұхамет Ахметұлы Қонаевтың келбеті жылыұшырайды.

Біраз жылдан соң өз заманы мен замандастары тарихын роман формасына түсіріп жазу барысында Асылбек Ахметжанов атты кейіпкер ұйқас есімді Ақылбек Ахметжанов аталып, енді «Мұхиттан өткен қайық» (2001) романының бас кейіпкерлерінің біріне айналды. Бұл роман ертеректе, жетпісінші жылдардың екінші жартысында жазылып, әлденеше рет жөнделді. Кезінде жарық көре алмады. Оның бірқатар объективтік һәм, субъективтік себептері бар.

Қазіргі уақытта романның орысша, қазақшасы жарияланған сайын Баспа комитеті мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бөлімінің хаттары келтіріліп, кезінде жарияламағаны үшін ол қызметтегі шенеуніктердің адресіне қарғап-сілеген, сынап-қағытқан әжуа сын айтылып отырады. Айтылмайтыны, бір ғана мәселе. Дәлірегі – сұрақ. СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Д.А. Қонаев туралы романға жол бермейтін ол неткен шығаннан шыққан шенеуніктер?

¹ Сонда. 4-т. 183-184 бб.

Жарайды, олар сондай екен. Бірақ идеологиялық құралды шығару, шығармау тағдырын шешу тетігі, сайып келгенде, партиялық басшылықтың қолында екені неге ескерусіз қалған?

Романның әңгімешісі, әрі бас кейіпкері, жазушы Айбол Қазақстанның билік басындағы Ақылбек Ахметжановичке Сіз туралы деректі не жартылай деректі туынды жазбақшымын дегенде, ол шошып кетеді.

«Жоқ! Жоқ! – деді ол, – мен туралы ештеңе жазудың керегі жоқ! Өтінемін!

– Неге?

– Көзіңнің тірісінде өзіңді-өзің мақтау – одан масқара не бар?»¹.

Өзі басқаратын елде өзін жер-көкке сыйғызбай мақта-тып (ал роман басынан аяғына дейін Ақылбек деген атына сай Қазақстан ұлығының даңқын көкке көтереді) кітап шығартса, оған Мәскеу қалай қарамақ? Мұны Қонаев ойламады деуге еш негіз жоқ.

Осы себепті жоғары директивалық орындар кітапты автор алдымен Мәскеуде шығартсын деген ұйғарымға келіп, бұл тараптағы шешімді Баспа комитеті өз атынан авторға ресми түрде хат жазып, хабарлассын деген нұсқау беріледі. Ол нұсқау жайынан Қонаев хабардар болмады десек, кеңестік тәртіптің сырын білмегендік болып шығар еді.

«Мұхиттан өткен қайық» романында жазушы және билік тақырыбы реалистік тұрғыдан қорытылған. Қандай мәселе болсын «біріншісіз» шешілмейтіні шығарманың әр бетінен аңғарылады. Бір ғана мысал. Тыңға келген қанішер бұзық біреудің жігіт боп қалған баласын пышақтап өлтіреді. Осыған байланысты Андрей Петрович Светлов (прототипі – Л.И. Брежнев) «бұл бұзыққа ең ауыр жазаны қолдануды тапсырды»,² – делінеді.

Брежнев прокурорға нұсқау бергенде заң ережесін бұзып қылмыс жасаған жоқ. Ол Кеңестік Конституцияда

¹ Есенберлин І. Мұхиттан өткен қайық. Алматы: «І. Есенберлин атындағы қор», 2001. 330-б.

² Сонда. 48-б.

жазылған құқын пайдаланып отыр. Сол секілді Ақылбек Ахметжанов та (Қонаев) тың игеруге байланысты, басқа да шаруашылық мәселелерді, хан Кене, Мағжан туралы идеологиялық проблемаларды бір өзі шешіп отырады. Кейіпкердің Ақылбек аты да кездейсоқ қойылмаған. Оның нұсқауы – ақыл, ақылы – нұсқау.

Жазушы Есенберлин (Айбол) бұл романында арқа сүйері мықты болғандықтан, ойын жасырмай ашық айтып отырады. Бірақ бар шығармасында олай етпеген. Кейде көңіліндегі сөзін жағымсыз кейіпкерге айтқызатын тәсілге де жүгінген.

Тоталитарлық идеологияға тікенек боп қадалатын жағымсыз кейіпкердің кейін қисық, қыңыр сөздерінің дұрысқа шығатынын сезіп білгендей, Есенберлин бұл тәсілін әсіресе «Қатерлі өткел» романында кең қолданды.

Коммунистік насихатты жүргізушілер «контрпропаганда» дейтінге жол бермеуге тырысатын. Дұшпан идеологиядан цитата, дәйексөз келтіргенде оның қағидаларын уытын қайтару мақсатында іле қағытып, мысқылдап отыратын. Есенберлин сол ережеге қайшы, «контрпропаганда» боп естілетін сөздерді бұрмаламай, жырмаламай толық келтіреді. Өзінің көкейінде жүрген түйткілді жағымсыз кейіпкеріне толық айтқызады және қайталап айтқызып күшейтіп отырады. Содан соң ғана барып, романның ендігі бар күші, идеялық-көркемдік қуаты «қыңыр» пікірді тәркілеуге, жоққа шығаруға арналады.

«Қатерлі өткел» романының алғашқы беттерінде көрінетін ұлтшыл ақын Ақанның салиқалы бейнесі трагедиялық планда әдемі соғылған. Ақтаңдақтар әйгілі болғаннан кейін байқалды, бұл бейненің прототипі етіп Алаш қайраткерлері алынғаны. «Ақ құба, ашаң жүзді, үлкен қоңыр қой көзді, кең кеуделі адам...Бұл қазақтың ертедегі белгілі ақыны, алғашқы зиялы адамдарының бірі – атақты Ақан еді»¹. Портреті Ахмет Байтұрсынов бейнесіне ұқсайтын Ақан: «Ие, Абай ағаң не деп еді?» – деп қазақтың бас ақы-

¹ Сонда. 2-т. 8-б.

ны Абайды еске алады. Бұл жерде Ақан ақынның Абайдан кейінгі шыққан жұлдыз екені ымдап айтылып тұрғандай. Ахмет Байтұрсыновты замандастары «Ақан» атаған. Ахмет – Ақан. Қазір де бұл аллитерация жиі қолданылады...

Мағжанға көбірек «тартқан» кейіпкер – Бүркіт. Бұл ақынның Мағжанның өмірі және шығармагерлігімен көп ұқсастығы бар. Мағжан секілді Бүркіт те мұсылмандық мол білім алған жерде оқып, артынан Омбыға ұқсайтын қалада (романда Ақшатыр) орысша оқиды. Бүркіт «Шойын жол» өлеңін жазады. Ал осы атпен өлең жазған қазақта бір ғана ақын бар. Ол – Мағжан Жұмабаев. Бүркіттің «Қорқыттың көрі» поэмасының романда сипатталуы Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасына жазылған рецензияға бергісіз («ел-жұртынан айрылған, алдынан тек сәтсіздік қана күткен бейшара ақынның зары»)¹. Бүркіт сынала, мінеле келе, Мағжанға ұқсап кеңестік ағымға түсуге талпынады. Айырмасы, Мағжан Жұмабаевтың «Тоқсан тобына» қосылуға деген талабын орындауға сол кездің әдеби ауасын жасаушылар қарсы шықса, ҚазАПП мүшесі, кедей ақыны Хасен, керісінше, Бүркітке қолдан келген көмегін аямайды.

Қазіргі көзбен қайта оқығаныңда «Қатерлі өткел» романы көп қайшылыққа ұрынғандай әсер қалдырады. Авторлық тұрғының қара дегені ақ, ақ дегені қара боп шығады.

«– Біз тәрізді қазақтың оқыған азаматтарының ең қадірлі міндеті – халқын ұлт тәуелсіздігіне шақыру, жеке ел болуды көксету деп ұққан еді...»².

«– Батыс пен Шығыс, күн мен түн тәрізді, екі дүние, оянып келе жатқан Шығысты бас салуға дайын тұрған Батыс бар. Бұны ұмытуға болмайды...»³. Ақан ақынның «тәуелсіздікке шақыруы» кеңес тұрғысынан қарағанда, барып тұрған ұлтшылдық саналар еді.

Романда кеңестің сауысқаннан сақ цензоры жіберіп алған тағы да бір «теріс» пікір айтылып қалады. Ақан пікірінше, Дарий патшалығы, Александр Македонскийдің жау-

¹ Сонда. 177-б.

² Сонда. 10-б.

³ Сонда. 11-б.

лап алған мемлекеттері, Рим империясы, жүзге таяу ел тізе бүккен Ақсақ Темірдің мемлекеттері қалай ыдыраса, көп ұлтты Кеңес империясы да солардын аяғын құшпақ. «Көп ұлтты мемлекеттер еш уақытта ұзаққа барған емес»¹.

«Қатерлі өткел» романы жазылып біткен соң ширек ғасыр өтер-өтпес Кеңес Одағы ыдырады. Қазақстанда тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреуде. Жағымсыз герой, халқы қолдамайды дейтін Ақан үш қабат үйдің терезесінен құлап өледі. Бірақ сәуегейліктері шындыққа айналады.

Оқиға барысында елдегі социалистік ұлы өзгертулер қанаттандырған Бүркіт өзінің Кеңеске қарсы бұрынғы ниетінен айнады, ауыл құрып барады. «Ауылым да жоқ, бауырым да жоқ, Жатыр үнсіз қу дала», ел есеңгіреді деген сарыуайым пікірлерінен, жалпы ұлтшылдық ниеттерінен бас тартады. Бүркіттің кеңес жолына түсуінде жазалаушы органдардың қорқыту, үркітуі аз рөл атқармайды. Бүркіт ақын жазушы Мұхтар Әуезовтей екі жыл уақыт қараңғы үйде сарылып, көз бозарып отырмаса да, ОГПУ тергеушісі Гавриловтың алдын көріп шығады.

Романның соңғы тарауы «Өмір – жеңіс» деп аталған. Оптимистік рухта аяқталған. Бүркіт пен Гаврилов кездеседі. Бүркіттің әйелі ұранды сөз айтады. Күйеуі мен Гавриловтың «достығы орыс, қазақ халқының бұзылмас достығы тәрізді мәңгі берік, адал достық», – деп шексіз қуанышқа бөленеді.

Буржуазияшыл ұлтшылдықты әшкереледі деп саналғандықтан ба, роман кеңес баспасөзінде аз мақталған жоқ. Шығарма одақтық республикалардың бірсыпырасында жарияланды.

Роман қазақ ақындарының творчествосында социалистік реализм әдісінің салтанат құрғанын дәлелдейтін шығарма секілді көрінсе де, қазір «осының өзі солай ма еді?» дегізетін күмән туатынын жасыруға болмайды. Атап айтқанда, роман қойған өткір идеологиялық проблемаларының қайсыбірі шешілмей ашық күйінде қалуын, «Қатерлі

¹ Сонда. 12-б.

өткелдің» жағымсыз кейіпкерлерінің бар айтқаны уақыт өте келе, бүгінгі күндері қолмен қойғандай расқа шығатынын Ілияс шығармасының «қателігі» деп айтуға аузың бармайды.

Жазушы бұл романы арқылы Кеңес тоталитаризмінің біраз шындығын ашқан. Шындықтың үлкені жазушы сол кездің атмосферасын жеткізе білгендігі. Бұрынғы училище мұғалімі комиссар Гаврилов гуманды тергеуші. Ал, сол гуманист Бүркітке ашығын айтады. Кеңес платформасына түспесең... дейді де, «Егер жау берілмесе, оны құртар болар» деген Горький сөзін алдына тосып, қоқан-лоққы жасайды. Мұның мәнісі айтпаса да түсінікті. Кеңес Одағында сөз бостандығының жоқ екені тайға таңба басқандай етіп көрсетілген. Адамды қандай да көзқарасы, ұстанған саяси жолы үшін жауапқа тарту – адам құқын бұзғандық дейміз ғой біз бүгінгі демократия мұнарасынан.

Романның қай тұсы тәуелсіз Қазақстан проблемаларымен ұштасатындығын да айтуға керек.

Бүркіт ақын ауылда екі жеті жүреді. Сонда байқағандары жүрегін шаншиды. Қазақ ауылының арасына алауыздық кірген. Ел іші гу-гу. «Үкімет қандай жаңа заң шығарады? Бай жерінен бізге қашан жер алып береді? Бес ешкіні айдап қашаңғы ауқаттылардың соңынан шұбыра береміз?»¹. Бүгінгі оқушы бұл романды қолына алса, бұрынғы кінәраттарға қайта жол беріп алмасақ нетті деген мағынада ойлануы әбден мүмкін. Әлеуметтік әділеттілікті көздің қарашығындай сақтау – әрқашан да елдің сүттей ұюының мықты кепілі. Осындай ой тастауымен «Қатерлі өткел» бүгінгі уақыт үдесінен де шығып отыр.

«Қатерлі өткел», «Көлеңкемен қорғай жүр», т.б. күнделікті өмір романдарындағы ұлттық тақырып Есенберлин шығармагерлігінің басты идеясына айналды. Осы заманғы тақырыпқа қоса, жазушы тарихи шығарма жазуға ден қойса, «Көшпенділер» және «Алтын Орда» трилогиясын жазса, бұл әрекет тек тарихты білмекке деген талаптан тумаған.

¹ Сонда. 60-б.

«Жазушы боламын деген адам, – дейді Есенберлиннің «Алтын аттар оянады» романының кейіпкері Күнтуар – ең алдымен өзінің тақырыбын табуы керек. Бұл жағынан ол археологке ұқсайды. Өткен дәуірдің тым болмаса бір жұмбағын шешемін деп археолог қаншама жыл ізденеді... Бірақ бұл тақырыптың тілегі бүгінгі заманның тілегімен ұштаспай жатпаса, не болашаққа арқау етер ойы, қиялы, арманы болмаса, тағы шықпайды. Ондай кітапты замандастары сүйіп оқымайды...»¹.

Жазушы Ілияс Есенберлиннің «өз тақырыбы» – ұлттық тақырып. Өз заманының тарихын, бұрынғы тарихты жазғанда, ол мұны ел тілегі деп есептеді. Кеңес кезінде ол тілек ата-баба мирасын зерттемейінше, алға басу жоқ деген тұрғыдан түсіндірілді. Шын мәнісі, әрине, ол кезде белгілі себептермен ашылған жоқ. Ұлттық тақырыптың неге қозғалғанын енді бүгежектемей ашық айта аламыз. Ол тәуелсіздікті көксеген қазақ ұлтының ежелгі арманынан туындаған тілек болатын.

«Көшпенділер» трилогиясы (1976) – жазушының бас кітабы. «Алмас қылыш» (1971), «Жанталас» (1973), «Қаһар» (1969) романдарынан тұрады. Соңынан басталған бұл трилогияның әр кітабы бір қаланың көшелері секілді. Көшелердегі үй-ғимарат әртүрлі, тұрғызылған уақыты да өзге болғанымен араларындағы қатынас үзілмейді. Сол сияқты трилогияның тақырыбы сабақтас. Ортақ тақырып қазақ халқының ұлттық тағдыры болғанда, әр романның дәуірі, кейіпкерлері, сюжеті мен композициясы, ой қазығы бөлек-бөлек дербес дүние.

«Алмас қылыш» – қазақтың бір кездегі Ақ ордасын қайта қалпына келтіріп, тәуелсіз ел туы астында үш жүз боп бас қосып, бірігу идеясымен дәріптелген. «Жанталас» концепциясы саны шағын ұлттың империялық жұтқыншағы зор ұлттар саясатына қарсы жан алып, жан берген күресіне негізделеді. «Қаһар» романы – халықтың еркіндік сүйгіш рухының жойылмайтындығын паш ететін шығарма.

¹ Сонда. 3-т. 346-347-бб.

Жанр жағынан трилогия – роман-хроника. Қазақ тарихының белді-белді үш кезеңін, жеке хандық яки тәуелсіз мемлекет дәрежесіне жетуі, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама атты Отан соғысы, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттығы көтерілісі оқиғаларын суреттегенде нақтылы күнтізбелік деректерге, шежіреге сүйенеді. Бұдан басқа халық эпосының тарихи шындыққа жақын беттері, ақын, жыраулардың өлеңдері, Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» мен Рашид-ад-Диннің, Джувейнидің, т.б. еңбектері, «Орыс шежірелерінің толық жинағы», екі жүзден аса дерек пайдаланылған.

«Шыңғысханның төрт ұлы болған. Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле...Шыңғысхан өлгеннен кейін Қарақұрым тағына Үгедей отырады. Үгедейден кейін ұлы хан оның баласы Күйік болады. Күйіктен кейін...»¹. Одан – анау, одан – мынау деп созатын шежіре стилі бойынша бұдан әрі білетініміз, таққа Төленің үлкен баласы Мөңке...Өстіп сатылай келіп ақыр аяғы «Алмас қылыш» романының бас кейіпкерлерінің бірі Әбілқайырдың өмір тарихымен танысамыз. Әбілқайыр – Жошының бесінші ұлы Сайбаннан тараған Дәулет-Шайхы сұлтанның баласы.

Бұл мағлұматтар әрі тарихи хроникаға, әрі қазақ шежіресіне ұқсайды. Көркем прозадан ауылы алыс. Ал мұндай публицистикалық сипатты құрал басқа пішінде де жиі ұшырасады. Романның қай түйіндісі насихат мақаласынан аумайды. Мәселен, қорытынды бөлімнен «Феодалдық дәуірдің қайшылығы қазақ даласындағы қоғамдық өмірді де тас-талқан ете бастаған», – деген сияқты теориялық мақалға тән силлогизм тұжырымдарын кезіктіреміз.

Бір ғажабы, осы публицистика оқушысын жалықтырмайды. Жалықтырмайтыны, жадағай шешендікке, бос ділмәрлыққа салынбауынан. Ұлт мұң-мұқтажын, сыр-сипатын толғайтындықтан. Ірбіз (қабылан) терісінің үстінде әр нәрсені есіне алып, ендігі саясат тізгінін қалай ұстау керекті-

¹ *Есенберлин І.* Тарихи трилогия. Алмас қылыш. Роман. Бірінші кітап. Алматы: Жазушы, 1976. 8-б.

гі жайында ой толқынында жүзген Әбілқайыр ханның – «Алмас қылыш» романдағы бас кейіпкердің ұзақ ішкі толғаныстары эмоционалдық бояуға боялған, жүрек лүпілдетер алып қашпа сезімге толы. Көк Ордадағы кулық-сұмдықтар, Шыңғысхан әулетінің қарауындағы халықты езіп-жаншуы, таусылмас шапқыншылықтары – роман сюжетінің арқауы. Қайнаған тартыстың қақ ортасында – Әбілқайыр хан. Бүкіл Кіндік Азияның, Дешті Қыпшақтың, оның арғы-бергі аймағының билеп-төстеушісі Әбілқайыр – азуын айға білеген шыңғысхандық тиранның типі. Нағыз тыйымсыз, жүгенсіз, безер характер. Қажет деп тапса, оған анасын баласына өлтірте салу түк емес («Қасқырдың қаншығы тек күшігі болғанша ғана ана, ал күшігі қасқыр болғаннан кейін, анасы оған да қасқыр»)¹. Әбілқайыр ханның басында тыным таппай жүгіретін залым ойдың бірі – Дешті Қыпшақты уысынан шығармау. Ал Шыңғысханның бақталас ұрпақтары Керей мен Жәнібек қазақ ұлысын бөліп алып, жеке хандық құрмақ...

Сұлтан күйінде де кесек тұлға, артынан хан дәрежесіне көтерілген Жәнібек – романның Әбілқайырға қарсы қоятын кейіпкері. Жәнібек тарихтың беталысын, халық тынысын аңғарғыш, көреген қайраткер ретінде танытылған. Нұраның Қаратұзының басына хан кеңесін шақырып, үш жүздің бас қосуының белгісі ретінде қазақ руларының таңбасын жартасқа қашап түсіртуі, қазақ халқының мемлекеттілігін қайта құруға деген арманына үн қосуы – бұл тарихи тұлғаның бейнесін биіктете түсетіні күмәнсіз.

Атақты Қобыланды батырдың фольклорлық қияли дүниеден реалистік роман топырағына ырғып түсуі – қызғылықты факт. Енді ол уақтаған пенде ғана. Ақжол биді өлтіртіп, арғын мен қыпшақ арасына от жағып, қазақ ынтымағына іріткі салғысы келген Әбілқайыр ханның қол жаулығына айналыпты. Әйтеуір, баяғы Қобыландыдан қазақ жүрегіне жылы жұрнақ там-тұм сақталыпты. Қобыланды қазақ батырларының ашуынан ығып, Әбілқайырдан іргесін бөлек сала бастайды. Хандардың малын барымталап,

¹ Сонда. 107-б.

халыққа үлестіріп беріп жүретін Жалғыз көз батыр Орақ, Жәнібек пен оның ұлы Қасым ханның оққағары Саян романдағы ұлттық тақырып арнасын кеңейтетін бейнелер.

Мүсіні мығым құйылған Бұрындық хан – тарихи логи-касы, оқиғалылығы характер дамуынан басым түсіп жататын роман үшін сәтті шыққан бейне. Ол Есенберлиннің көп геройларындай мінезі сыртынан пішілетіндерге жатпайды. Характері нақтылы деталь арқылы, әрекет үстінде ашылады. Хан кеңесі өтіп жатқан жердегі Әбілқайырдың ерен батыры Қарашыңмен жекпе-жекте айласын асырып жеңіп шығуы, Қарашыңның күйеуге шығып бөпелі болған қарындасы, бұрын өзіне қарамай кеткен Тоқтар-Бегім сұлуға қоярда қоймай үйленуі, оны тұтқындағы ағасына айырбастап алғаннан кейін тірі мысықтың басын жұлып алып жасытуы, қарауындағы қазақты қара жүрек мінезімен қан қақсатуы, ақыры өз еркімен хандықтан кетуі, – осының бәрінің айшықты суреттелуі бұл нойыс характерді ұмытайын десең де ұмытқызбайды.

Есенберлиннің үлкен табысы – Шыңғысхан яки төре тұқымының қазақ халқының тарихи тағдырларындағы ролі хақында мәселе көтеруі. «Алмас қылыштың» алғашқы беттерінде-ақ хан, төрелердің қазақ қауымын езіп-жанышқан саясаты әшкерелене бастайды. Шыңғысхан тұқымы үшін бар қазақ – қараша, басыбайлы құл. Иіс-Бұғы секілді бірен-саран төресі болмаса, сол құлдарын адам деп санамаған! Хан тұқымы қара қазақтан қыз алмайды, қыз бермейді. «Дала төбесіз болмайды, ел төресіз болмайды» деген ережеге сай қазақ халқын езіп-жаншып еңсесін көтертпеуге барын салған. Қазақ қашанда Шыңғыс тұқымынан аз қиянат тартқан жоқ. Бірлі-екісі болмаса, бұлар қазақтың сорына жаратылған сор сұлтандар еді.

Шыңғысхан тұқымының үстемдігін жүзеге асырушы Әбілқайыр ханның озбырлығына шыдай-шыдай мысы құрыған қазақ жеке мемлекет құруға құштар. Осы ел тілегін түсінген Жәнібек пен Қасым ұлт-азаттық күресін бастаған қазақ жағына шықты. Билік тізгінін ұстауға деген жеке мүддеге сай келгені өз алдына. Жәнібек, Қасым, Бұрындық

хандардың бейнесіндегі қайшылықтарды автор ұмытпай, тиісті жерінде еске сала отырады.

Қасым хандық құру мұратына жеткенімен, ғұзырындағы халқы мұратына жетті дей алмайсың. Төре тұқымының қараша халықтан бөлек ұстанатын қасиетін бұл да сақтап қалған. Сол кінәратының ащы зардабын кейде өзі татады. Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед-Шайбани хан бөлем ғой, жекпе-жек қылыштасып қалармын деп ұрыс алаңының басқа жағында соғысқан Қасым сұлтан, әкесі Жәнібектің жау қоршауында қалғанын білмей қалады. Жәнібек қазаға ұшырағанда санын бір-ақ соғады. Тұтқынға түскен тағы да бір сұлтанды қорғаштаймын деп жүріп Саян батырынан айырылып қалады.

Роман Қасымның қазақтың сол кездегі астанасы Созақта, бүгінгі тілмен айтқанда, майданға бара жатқан қазақ әскерінің парадымен аяқталады. Сексен жылға созылған соғыс Түркістан өлкесінің қазаққа қарауымен аяқталады. Қасымның баласы Хақназар хан тақта отырғанда қазақ жері түгел сыртқы жаудан тазартылады. Хан астанасы Яссыға көшеді.

Осындай ұлттық идея салтанатын бейнелейтін, суретпен бітетін «Алмас қылыш» романы кезінде мақталды да, датталды да. Кеңес кезінде мұндай өткір идея көтерілмейтін. Көтеріле қалса, аясы көрінеу қусырылатын. Ұлттық тақырыпты интернационализммен жанастыру талап етілетін. Өйтпеген жағдайда шу көтерілетін. Ұлт тәуелсіздігі идеясын тарих материалына негіздеп ашық көтерген «Алмас қылыш», жалпы трилогия төңірегінде әрқилы әңгіме тууы тиіс еді, солай болды да.

Филология ғылымдарының докторы Мырзабек Дүйсенов романға оң баға берді. Жәнібек сұлтан «Үлкен іскерлікпен, ақылмен біраз рулардың басын құрап, ақыры қазақ халқының негізін құрды». «Алмас қылыш» романын оқығанда сол дәуірде (XIV–XV ғасырлар) ру-ру болып қырқысып, әр хандық саясатының құрбаны болып жүрген «халықты біріктіріп, ел еткен азаматтарға ризалық танытамыз»¹, – деп жазды.

¹ «Қазақ әдебиеті». 1971. 19 қараша.

Сыншы Зейнолла Серікқалиев «Тарихи шындық бұрмаланбасын» атты мақаласында «біз қай туындыға болсын таптық тұрғыдан, партиямыздың тарихқа көзқарасы тұрғысынан қарауға міндеттіміз»¹ дей келе, бұл тұжырымға қарсы шықты. Тұжырым иесі Мырзабекті, оған қоса роман авторы Есенберлинді қатты сынға алды. Оған автордың өзі бастап қарсы дау айтты.

«Жазған мәнеріне, қойған айыбына қарағанда, автор менің романымды, жеңіл айтқанда, жат шығарма деп тауыпты. Бұған келтірген дәлелі де оп-оңай. Мен қазақ хандығы қалыптасқан кезді жазғанымда тап тартысын айтпаппын және өзім феодалдар жағында көрінемін»², – деп Есенберлин өз адресіне айтылған сынды мойындамады.

Сыншының да, жазушының да тым қатты кеткен жерлері бар. Сыншы жазушыны жалаң деректерді тізбелей береді, тарихтың көп беттерін ашпаған деп кінәласа, Есенберлин «Мұхиттан өткен қайық» атты өмірбаяндық романында әдебиет зерттеушісі туралы «Тарихтан еш хабары жоқ адам» деген. Шын мәнінде, екеуі де тарихты бірінен-бірі кім білмейтін.

Жазушы сыншының біраз ескертпелеріне құлақ асқаны жөн еді. Мақаланың: Әбілқайыр хан бейнесі әсіреленген, бұл ханның өзі жаздыртқан «Шайбани-намә» дейтін Камал ад-дин Бинаидың шығармасына сын көзімен қарамаған, Мұхаммед-Шайбани он бір жасында-ақ «әскер басқаруды, ел билеуді үйренген». «Он алты жасында бүкіл Дешті, Қыпшақ руларын басқарған» деген сияқты, кейде тарихи құжаттың теріс тұжырымының жетегінде кеткен деп кінә артқан тұстарын орынды емес еді дей алмайсың.

Есенберлин романы жөнінде мақтаған пікірлерге келсек, бұлардан жазушыны кей әділетсіз айыптаулардан қорғауға деген талап белгі береді. «І. Есенберлин тарихи деректердің өзін жүйелі сұрыптай алмаған» деген тезистің дұрыстығына күмән келтіріледі. «Алмас қылышта» жүйе

¹ «Социалистік Қазақстан». 1972. 16 сәуір.

² *Есенберлин І. Мұхиттан өткен қайық. Алматы, 2001. 282-б.*

жоқ деу орынсыз деп табылады. Жалпы трилогияны тұтас-тай алғанда, оның белгілі жүйеге құрылғаны тайға таба басқандай анық көрінетіні айтылады. Ол жүйенің аты қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы табанды күресі делінеді. Қазақтың ру-ру болып қырқысуының таптық-феодалдық түп тамыры аршылмады деген айыптауға да дау айтылады. Ру-ру боп қырқысу өздігінен пайда болған жоқ. Қазақ руларының ауызбірлігінің жоқтығы – басқарушы хан, сұлтан-дардың әлегінен. Қанаушы тап өз үстемдігін өстіп ел бірлігін шайқау, бұзу арқылы жүзеге асырған.

«Алмас қылыштың» арқауы – тарихи шолу, мазмұндау» деген сынға келсек, бұның дұрыс жері, роман-хроника жанрының ерекшелігінен хабар беретіндігінде. Бұрысы, деректерді жазғанда талдаусыз бітеу күйінде құр мазмұнда-лумен шектелді деуі. Есенберлин халқымыздың жүрегінде мәңгі ұялаған ақын, жыраулар Асанқайғы, Қотан, Қазтуған бейнелері арқылы ел, жер тағдыры жөнінде отаншыл өр ойлар қозғайды. Сондай-ақ, Есенберлин романында біраз тарихи оқиғалар хақында ләм демеген (ӨзТимур шапқыншылығы), халық өмірінің көп жайларын елеусіз қалдырған деген сын роман-хроника жанрының мүмкіншілігін ескермеуден туған тәрізді. Гәп мынада. Қазақ өмірінің энциклопедиясы – «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ ұлты өмірін жан-жақты суреттейді. Роман хроника жанрының ондай шалқар міндетті өз мойнына ала алмайтыны бесенеден белгілі. Есенберлин, негізінен, Қазақ елі тәуелсіздігінің идеологиялық мәселелеріне баса назар аударған¹, – делінді. Идеология дегеніміз – белгілі дүниетаным көзқарасы бойынша жүйеленген идеялар. Есенберлиннің көшпелілер туралы роман-трилогиясының сындарлы идеологиясы ұлттық идея.

Ең ауыр сын коммунистік идеологияның бұрынғы жетекші көсемдерінің бірі және сол идеологияның қазіргі көк бөрі дұшпаны Александр Яковлевтің тарапынан айтылды.

¹ *Елеукенов Ш.* Рост национального самосознания и исторический роман//Дружба народов. 1970. №6. С. 249-253.

«Литературная газетаның» қос бетін алып жатқан «Против антиисторизма» атты далиған мақаласында ол былай деп көңірсітті:

«Когда нарочито идеализируется прошлое, да еще при нечетких социальных позициях, возникает нелепый спор, чей царь лучше, а заслуги тех или иных деятелей доводятся до превосходных степеней...Подобные мотивы идеализации можно заметить и в некоторых публикациях о Тимуре, царе Давиде, о движении Кенесары Касымова. ...Надо ли доказывать, что всякая гиперболизация в подобных делах может стать одной из отправных точек для оживления националистических предрассудков!»¹.

«Бір сөзді тамағыма қойдым таяп» деген сияқты, бұл пікірдің астарында жазушыға тоталитаризм кезінде ең ауыр қылмыс саналатын ұлтшылдық кінә тағылғалы отырғаны аян еді. Дес бергенде, көп ұзамай Канадаға елші боп тағайындалуына байланысты большевиктік қырағылық үлгісін көрсеткен А. Яковлевтің қарасы өшті. Кейін ол Канададан ренегат боп оралғаны мәлім.

Сақтықта қорлық жоқ. Мұхаметжан Қаратаев, басқа да сыншылар А. Яковлев мақаласының уытын қайтару үшін аз еңбектенген жоқ².

Трилогияның «Жанталас» бөлімі жеке хандық құрған қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап қалу жолындағы арпалысына арналды. Жау жан-жақтан анталады. Шығыстан лап қойған жоңғар шапқыншылығы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталған бүкіл халықтық трагедияға әкеп соқты. Ол аздай шығыстан Қытай империясының әбжыланы ысқырына жылжып келе жатты. Терістіктен Орыс аюы аузын арандай ашты. Ресей патшасы қазақ даласына бекіністерін тұрғызып, казак-орысын қаптатты. Батыстан Еділ қалмақтары, түстіктен Бұқар, Қоқан әміршілері қоқандады. «Ал қара ха-

¹ Яковлев А. Против антиисторизма // Литературная газета. 1972. 15 ноября.

² Қаратаев М. Ғасырлар үндесуі / «Революция рухымен» кітабында. Алматы: Жазушы, 1978. 238-255 бб. Елеуенов Ш. Тарих және көркем шындық / «Замандас парасаты». Алматы: Жазушы, 1977. 82-131-бб.

лық ше? Жерінен, бостандығынан айырылуға жақын қалғанын сезіп, жанталасты»¹.

«Жанталас» романының композициясы трилогияның басқа кітаптарына қарағанда күрделілеу. «Жанталастың» бас қаһарманы – Абылай хан. Абылай хан жөнінде әңгімені бастардан бұрын үш жүздің басын қосуға көп еңбек сіңірген Хақназар–Тәуекел хандар туралы әңгіме қозғау қажет болды. Бұл тақырып «Алмас қылыштың» шеңберіне сыймай қалды. Егер бұны бұрынғы кітаптың жай жалғасы етсе, жаңа романның проблемасы, Абылай бейнесі көмескіленетін қауіп туды. Оған жол бермес үшін туынды композициясына ретроспекциялық баяндау тәсілі енгізілді. Жазушы Хақназар–Тәуекел әңгімесін Абылай тұлғасын ашуға жәрдемдесетін құрал ретінде пайдаланып, романның негізгі сюжетіне сыналап енгізуді ұйғарды. Жоңғар қақпасынан үш бағытпен бұрқаған жоңғар басқыншыларының миллионнан астам қазақты қырғын шабуылын суреттеуді ең бір ұрымтал тұстарынан үзе отыра, Бұқар жырау, Хақназардан Тәуекел ханға дейінгі оқиғаларға тарихи шолу жасайды. Новелла түрінде берілген шолуда қазақтың құлақ естіп көз көрмеген апатқа не себепті душар болғаны талданады. Нәтижеде Бұқар жырау – әрі тарих шежірешісі, әрі жоңғарға қарсы Отан соғысының идеялық жаршысы, Абылай ханның тілі мен көмейі, сонымен бірге ақылшысы, керек жерінде сыншысы, жалған қадамнан арашалаушы періштесі, ең бастысы, халық жаны боп сан қырынан көрінетін тұлғаға айналады.

Романтикалық Бұқар бейнесі мен реалистік Абылай бейнесінің бояулары бір-біріне кірігіп, бірін-бірі ашып, шығарма шырайын айырықша ашады. Халық күшіне, сарқылмас қуатына деген өршіл сенімге дем беріп отырады. Бұқар мен Абылайдың тізе қосуы Махамбет ақынның «Өтемістен туған он едік, Онымыз атқа қонғанда жер қайысқан қол едік» деген өлеңін еске түсіреді. Билік пен рух әміршісінің

¹ *Есенберлин І.* Тарихи трилогия. Жанталас. Екінші кітап. Алматы: Жазушы, 1970. 190-б.

тізе қосқан күресі қай жауыңа да төтеп беретін күш есебінде романның ұлт-азаттық идеясын сестендіре түседі.

Роман финалында қатты науқастанған әл үстіндегі Абылай ханның Бұқар жыраумен қоштасып арыздасуы бұдан қырық жылдай бұрын жазылған шығарманы бүгінгі кезеңмен туыстастырып тұрған терең мағыналы суретке айналғанын астын сызып айтуға керек. «...Қазақ аз ел ғой, азып-тозып кетпес үшін, ...бірлігін сақтасын. Бірлігің бар елді басқару жеңіл»¹ – дейтін Абылай өсиеті, тағы да басқа осы секілді ел, жер тағдырына байланысты толғаулары біздің қазіргі тәуелсіз қазақ қауымының көкірегіндегі ізгі ойлармен үндес.

Жалпы Абылай тұлғасы тарихи прототипінің рөлімен орайлас шыққан. Есенберлин Абылайдың Шыңғыс төрешілдігінен қалған сарқыт мінезін, қай тұстағы қаныпезерлігін (өзін Хиуа базарында сатылып кетуден құтқарған Ораз құлдың жанын жәннамға жіберуі, пугачевшіл Керейді ат құйрығына байлап өлтіруі), басқа да қайшылықтарын жасырмай ашып, бұл ханның күші – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ ұлы Жәнібек секілді қазақ батырларын тірек еткендігінде екенін баса көрсетеді.

Абылай «қараша халықпен» байланысын үзбейді, халық алдында мүлт кетсе, кешірім сұрап тізе бүгуді өзіне қорлық санамайды. Жазықсыз ұстап зынданға тасталған Ботақан деген жігіт Абылайдың босатқанына қарамай, мені көргетеккен жерімнен шықпаймын деп намыстанып, өзін-өзі жарып өлтіреді. Хан қиянатына қарсы халық дүр көтеріледі. Міне, осы тұста Абылай хан өнерлі, қиыннан жол тапқыш саясаткер екенін көрсетеді. Жеті жарғы заңы бойынша ер жігіттің құнын төлеп, асын береді. Халық пен хан арасындағы жарықшақты епті саясат арқылы жойып отырады. Абылай соғыс құралымен емес, саясат құралымен айласын тауып, Қазақ елінің елдігін сақтап қалады. Бұл арада жазушы ұтымды детальды ойнату жолымен халықтың шешуші рөл атқаратынын оқырман санасына ұрандатпай, жалауратпай-ақ жеткізіп отыр.

¹ Сонда. 315-б.

«Жанталастағы» Бұқардың тарихи тақырыпты әңгіме-дүкенінен басқа кірме новеллалардың ең көріктісі – Батыр Баян хикаясы. Хикаяның басты идеясы бұл жолы Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баяндай» інжу-маржан поэмасымен сабақтасады. Ел намысын жібермеу – бас борышың дегізетін аруакты пафосынан нәр алады. Баян батыр қалмаққа қашқан інісі мен ғашығына садақ тартады. Бірге туған інісі мен ғашығын қиып түсіреді. Осы ісі жүрегіне күйік боп қадалады. Қан майданнан ажал іздеп, ақыры оған кезігеді. Трагедия Батыр Баян бейнесін асқақтата түседі. Ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын Баян ұлт тілегін жеке басының құлқынына айырбастайтын уақ кісі емес. Баян оғы – намыссыздыққа, ел мүддесін аяққа басқандыққа төзбейтін ыза-назаның оғы еді.

«Жанталаста» ойдағыдай тұлғаланып жинақталған көркем ойдың және бір тармағы орыс империализмі мен қазақ елі арасындағы қатынастарға тіреледі. Қызыл империя кезінде жазылса да, роман авторы қисынын тауып, Ресей патшалығының отаршылдық саясатын, жаңадан қосылған өлкеге бірден азуын батырғандығын жүрек сыздататын жанды оқиғалар арқылы көрсете білген. Ресейден қорған табамын деп жүріп, бодандық қамытын кигенін аңғармай қалған Әбілхайыр ханның көрген қорлықтары, губернатор Неплюев деген шовинистің қазақ ханының бір де бір өтінішіне құлақ салмауы, тым құрыса аманаттағы бір баласын екінші баласымен ауыстыруға көнбеуі, – бодандық дегеннің не пәле екенін, «кісі кілті – аспанда» дейтін мәтелдің дұрыс екенін көзге шұқығандай етіп ашады.

Үш жүздің ханы болып сайланғанына қарамастан, Абылайды Орта жүздің ханы ғана етіп бекіткен патшаның залым саясатының түп негізі – қазақ мемлекеттілігін жою еді.

Трилогияның үшінші кітабы – «Қаһар» романы Ресей империясының сол арам ниеті қалай жүзеге асқанын, бодандық қамытын киген елдің қан жылаған қапалы қалахуалын, күші мың есе басым жауға қарсы қаһарына мінген халықтың жан қияр көтерілісін суреттейді.

Трилогияның бұл кітабына хроникалдық реңк әлі іліге қоймаған. Бір ханның екінші ханмен ауысқанын шұбырта

тізбелеу, халық өмірін елеусіз қалдыру кемістігін «Қаһардан» кезіктірмейміз. Әу дегеннен роман сахнасына халық шығады. Оқырман көз алдынан жерінен қуылған, ауған, босқын қазақтың зарлы көші тібектеліп өтіп жатады. Бірін қазақ батыры Сейтен, бірін Жоламан сұлтан бастаған ел, зар илеген жұрт...

Бірақ, роман «Елім-ай» деген қайғылы әуенге көп беріле бермейді. Халық «Аттандап» атқа отырады. Қаһары айға шапқан арыстандай. Шығарма қазақ батырлары Шұбыртпалы Ағыбай, Табын Байтабын, Алтай Төлебай, Бестаңбалы Бұқарбай, Бағаналы Құдайменді, Қыпшақ Иман секілді ерлердің ерлігін жырлайды. Ақмола (Қараөткел) бекінісін алу секілді қан майданда халықтың қайтпас күшін көз тартар детальдар, зор мәнді эпизодтар арқылы мөлдірете суреттейді.

«Қаһар» романының бас қаһарманы Кенесары мықты сомдалған характер. Бәрін алдын ала ойлайтын көреген мемлекет қайраткері, айлакер қолбасшы, алған мақсатынан таймайтын, халқының жолында жанын аямайтын ел перзенті боп көрінеді. Кене – айбынды хан. Оның айбарлы күші – халық. Халқының қолдауымен (бастапқы кезде Кенесарының қозғалысына миллионға жуық қазақ қатысады) зеңбірегі ме, мылтығы ма, бақайшағына дейін қаруланған күші әлденеше басым патша әскерімен алысады. Қаша ұрыс салып, кейде жеңіп, кейде жеңіліп, бірде итжығыс түсіп, алдыртпайды. Халқы қолдамағанда, хан болдым деп сұлтандар мен қара бұқараның, сатқындар мен жазықсыз елдің арасын айырмай адасқанда, Кене жеңіліс табады, өзін де, ісін де жарға жығады. Мұның бәрін роман реалистік мәнерде шебер жеткізген.

«Қаһар» романы трилогияның басқа кітаптарынан бұрын жарияланса да, үш кітап қорытындысы осы туындыда шығарылған. Ол қорытынды: тәуелсіздік арманы халық көкірегіне алмас қылыштай өткір жігер құяды. Ол жігер ажалдың өзін бас идіреді. Жеңіс шарты – ел бірлігі, – дейді.

Автор Кенесары көтерілісінің туу себептерін өмір шындығына негіздеген. Патшаның 1822 жылғы Сібір қазақта-

рын басқару жөніндегі уставына, Кенесарының орыс билеушілеріне жазған хаттарына, т.б. құжаттарға сүйене отырып, отаршылдықтың улы тырнағының зардаптарын ашына суреттейді. Сықақ нысанасына алады.

Жазушы қазақтың орыс сөздерін өз тіліне бейімдеп айтатын әдетіне сүйеніп, «Устав» деген сөзді кейіпкерлеріне әдейі бұрамалатып сөйлетеді. «Ұстап деген атының өзінен расында жан шошырлық...Ақ патшаның уысында ұстауға шыққан заң екен соның өзі...»¹.

Уставқа байланысты басқа да мағлұмат жайдан-жай келтірілмеген. Орта жүз сегіз округке бөлінген. Әр округке бір рулы елдің он бес – жиырма болысы кіреді. Әр болыста он-он екі ауыл. Әр ауылда жүз шақты үй. Ауылды үш жылға жұрт сайлаған старшын, ал болысты Шыңғыс тұқымынан шыққан сұлтандар басқарады. Округке үш жылға сайланған аға сұлтандар ие...Бұл мағлұмат қозғалыстың көп сырына қандырады. Кенесары ханды жерінен айырылған Табын руының басшысы Жоламан сұлтаннан өзге сұлтандардың қолдамаған себебі, патша ағзам «бөліп ал да билей бер» дейтін отаршылдықтың классикалық тұжырымы бойынша бір қазақты екіге жарып отырғандығынан екені әшкереленеді. Қазақ ішіне сіңіп, қазақ боп кеткен «ақсүйек» Шыңғыс тұқымын қараша халыққа яки қазақ ұлтына қарсы қоятыны сыналады. Кенесарының сұлтандарға өшігуі, бір жолы отыз алты сұлтанның көзін бірден жойып жіберуі – бұл төрелер, бірлі-жарымы болмаса, патшаның шеншекпеніне қазақтың азаттығын, мемлекеттілігін сатып кетуіне байланысты екені дәлелді көрсетіледі. (Қонырқұлжа сұлтанның, Уәли ханның сатқындығы олардың өздеріне де оңайға түскен жоқ. Кейін патша хандықты да, сұлтандықты да жойып, қазақтың мүддесін қорғайтын барлық мемлекеттік институттардан ада еткені мәлім).

Сұлтандық институтты әшкерелеу барысында автор халық аузында жүрген аңыздарға иек артады. Оны пайдалану Кенесарының көреген саясаткер образын ажарландыра түскен.

¹ *Есенберлин І.* Қаһар. Роман. Үшінші кітап. Алматы, 1976. 9-б.

Сол аңыздың бірін Кенесары былай деп еске алады. Абылай өзін үш жүздің игі жақсылары боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге отырғызып хан ғып көтерген күннің түнінде ғажайып түс көреді. «Астымда Жалынқұйрық жүйрігім бар. Сарыарқада серуендеп келе жатыр едім, – депті хан Абылай, алдымнан бір арыстан тұра қашты, қуып жетіп, алдаспаныммен ішін жарып жіберіп едім, арыстанның ішінен бір жолбарыс шықты да тұра жөнелді...»¹. Жолбарысты жарғанда ішінен қасқыр, оны есіп жібергенде – түлкі, түлкіні осып қалғанда ішінен бақа-шаян, құрт-құмырсқа ақтарылды. Осы түсін Абылай Бұқар жырауға жорытады. Бұқар бұны Шыңғысхан тұқымының азуына жориды. (Жазушы Ғабит Мүсіреповтың «Этнографиялық әңгімесінде» суреттелетін төре-сұлтан тұқымының жінігуімен салыстырып көріңіз).

Хан Кене өзін жолбарысқа балайды. Польшада ереуілге қатысып жер аударылып келген ақын Иосиф Гербурт хан Кенеге Ресейдің қазір жеңгізбейтінін біле тұра, неге соғыс аштың? – дейді.

«– Сонда сен маған бауыздағалы тұрған қой тәрізді үн-түнсіз өле ғой дейсің бе? Жоқ. Мен олай өле алмаймын. Жолбарыс қой емес. Ең болмаса жауына шауып ажал табады»², – деп жауап қатады. Басқа сөзбен айтқанда, Кенесары өзін жолбарысқа балап отыр. Жеңіліп ажал табуға бар, бірақ ұрпақтарының алдында масқара болуға жоқ. Атын адал сақтағысы келеді.

Жолбарыс демекші, бұл тұста да Ілияс Есенберлин Мағжан творчествосымен жақсы таныс екенін, ұлттық тақырыпты тебірене тасқындатқанда образ нәрін кімнен алғандығын айқын аңғартады. Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» атты поэмасын қара сөз түрінде мазмұндап отырғаны анық сезіледі. Егер Ілиястың көзі тірісінде Мағжан ақталғандай болса, ақынның мына жолдары роман мәтініне сөзсіз енер еді. «Жалғыз-ақ Кенекем ғой қайрат қылған...Қазақты құт-

¹ Сонда. 192-б.

² Сонда. 194-195-бб.

қарам деп қалың өрттен». «Келеді маң-маң басып Оқжетпеске, Құмдарға жолбарыстай тастап ізін»¹.

Кенесары қозғалысының прогресивтік мән-мағынасын ашуда жазушы аз еңбек сіңірген жоқ. Рас, оған соцреализм талаптарымен санасуға тура келді. Санасқан тұсы романның идеялық бағытына елеулі нұқсан келтірген. Жазушының Кенені хан болғысы келді деп кінәлағанына қосылу қиын. Хандық құру дегеніміз ол кездің жағдайында мемлекеттікті сақтап қалу деген сөз еді. Оны автор түсінбеді емес. Түсіне отырып, үстем идеологияның нормасымен кей тұста санасуға тура келді. Хандық құруды ақтасаң бәлеге басың шырмалатын кез. Мұны автор ескермесе, хан Кене қозғалысын жақтадың деп Итжеккенге айдалған ғалымдардың соңынан жөнеп беруі әбден мүмкін еді.

Дегенмен, жазушы Есенберлин цензура талаптарына үнемі көндіге бермеген. Кеңес кезінде прогрестің хас дұшпаны саналатын Хан Кене туралы роман жазуға батылдығы жеткенін былай қойғанда, шығармасын тәуелсіздік идеясына суаруының өз не тұрады. Жазушы кей тұста, тіпті, «Кенесары бүлігіне» қарсы жүргізілген кеңестік науқанды ретін келтіріп айыптауға жол тапқан. Абылай ханның бесінші ұрпағы кезіндегі «бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жылан-кесертке секілді жұрт, ертең осы менің ісіме қарсы шабады»², – дейді Кенесары. Бұл жерде бесінші ұрпақ деп кімнің бақа-шаянға теңеліп отырғаны айтпаса да түсінікті.

Кеңес идеологиясы Кенесары қозғалысын «бүлікке» (мятеж) жатқызды. Бүлік белгілі бір бұзақы топ тарапынан жасалатын сойқан. Жоғарыда айтылғандай, Кенесары көтерілісін миллионнан аса қазақ, оның бетке шығар азаматтары қолдады. Романда бұл шындық толымды бейнеленген. Автор ресми идеологияға қарсы шындық шоқпарын кей-кейде батыл түрде сілтеген деуге толық негіз бар.

Есенберлиннің бастапқы екі кітабында бір-біріне ұқсас, хан, сұлтандар «ақ төсінен шөлі қана тояттайтын» «бегім-

¹ *Жұмабаев М.* Шығармалар. Үш томдық. Алматы: Білім, 1996. 24-б.

² *Есенберлин І.* Қаһар. Роман. Үшінші кітап. алматы, 1976. 195-б.

дер» көп те, ел ішінен шыққан қазақ қыздары аз болатын. Қабанбайдың Гауһары тәрізді романтикалық бейне бір жалт етіп көрінетін де жоғалып кететін. «Қаһарда» олай емес. Жетекші герой дәрежесіне көтерілмесе де, тез өсіп ауылдың қарапайым қызынан орыс шенеуніктерінің қызметшісі бола жүріп, орыс, француз тілін меңгерген Алтыншаш тыңшы есебінде Кенесары қозғалысына көп қаруын тигізеді. Ал жалшының қызы, Қоңырқұлжа сұлтан масқаралап кеткен Күміс жүнжімей, қайрат көрсетуге, дүшпанынан өш алуға ұмтылып, ақыры Петербургтан бір-ақ шығады. Кенесарыны жеңдік деп масайрап жүрген Қоңырқұлжаның Ақмолаға аға-сұлтандығынан түсіп қалуына себепші болады. Байын, малын тастап, алты баласымен ағасы Кенесарының жасағында қолына найза алып соғыс отына тайсалмай кіретін, әскер бастаған сардар, талай сұлтандардың, оның ішінде күйеу жұрты Уәли ханның ауылын шапқан, «ағасы тәрізді көзінен қаһар шашқан ақсары қатын» Бопай ше?

Кенесары көтерілісі он жылға созылды. Осы уақыт ішінде Кенесары ғұзырындағы ел кәдуілгі мемлекетке сай тәртіпте өмір сүрген. Кенесары мемлекет қайраткері ретінде ел басқару ісіне реформа жүргізеді. Бүлікші деп кемсітетін Кенесары салық салуға арнайы жасауыл құрады (бүгінгі салық полициясы сықылды). Сауда-саттық керуендеріне тиіспей, оларға тиісті мөлшерде салық төлетеді (бүгінгі кеден кейіптес). Сот, билік жүйесін қайта қарайды. Бұрын құл өлтіргендер айып төлемейтін болса, енді бұл мәселеде заңдастырған тәртіп енгізеді. Өз қарауындағы ел-жұрттың бірін-бірі барымталауына тыйым салады. Абылай атасы тұсындағы хандық кеңесті жандандырады.

Роман стилі қарқынды, қатты тасыған өзендей іркіліс таппай ағып отырады. Кенесары көтерілісінің бұрқаған қарқынына тартқан. Кейіпкерлер көп сөз шығындамайды. Бейнелі, үлкен құбылыстарды бір тарының қауызына сыйғызғандай әрі қанатты, әрі бейнелі сөзбен тұжырымдайды. Қаптата салынып жатқан орыс бекіністерінің қазақ еліне төнген қаупінің мәнін Есенберлин романының

бір кейіпкері татымды теңеумен ашады. «Қотан жанына қасқыр апанын қазса, қойда не ес қалады? Сыпайларыңның шошайған мылтықтары, жеріме салынып жатқан анау бекіністер сол қасқырдың апандары емес пе?»¹ – дейді. Қынаптан суырған семсердей жарқ ететін мұндай теңеулер бұл романның көркі.

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясына сіңірген еңбегі ақталды. Орыс тіліне аударылған соң Одақ оқырманының жылы лебізіне ие болды. Трилогия жаңа нарық заманында қайта басылып, оқушысын тапты. «Көшпенділердің» сәтті шығуы оның авторын тарих қойнауына әрі қарай жол тарта беруге жігерлендірді.

Тарихи роман үшін түрлі-түрлі оқиғалардың ізіне түсіп алып шаба беру аздық етпек. Айнаға түскен шындық хақында ой түйіндеу шарт. Ол ойың елдің бүгінгі һәм болашақ мүддесімен ұштасып жатуы тиіс. Есенберлин жаңа трилогиясының бір жақсы жері, осы дәстүрге беріктігі. Шабыттана еңбектенген жазушының қаламынан енді жаңа қарымды роман – «Алтын Орда» трилогиясы (Бірінші кітабы 1982, екі кітабы қосылып 1983) туды. Шығармасының денін ұлт азаттығы, тәуелсіздігі идеясымен ұрықтандырған жазушы бұл жолы да өзі белгілеп алған осы күре жолынан жазбайды.

Жаңа трилогияның бірінші кітабы келесі кітаптарының жөн-жобасын сызумен аяқталады. Енді Өзбек (Батудың шөбересі), әз Жәнібек, Тоқтамыс хандар өмір сүрген көшпенділер патшалығының жаңа дәуіріне көшетінін ескертеді. Көшпенділер деп отырғаны – қазақтар. Қазақ мемлекеттілігінің қалай құрылғанын баян етпек. Есенберлиннің топшылауында Шыңғысхан ұрпағының бір бөлегінің мұсылман дінін ұстануы қазақ қауымының ел боп жеке шаңырақ көтеруінің алғышарттарының бірі болған.

Сондықтан автор екінші кітап аясын ықшамдаңқырап, Ақ Орда, Алтын Орда төңірегіндегі оқиғаларға баса көңіл бөледі. Бұл романның оқырман Алтын Орда, Моғолстан де-

¹ Есенберлин І. Алтын Орда (трилогия). Алматы, 1982–1983. 22-б.

ген атаулардың қайдан шыққаны, Орта Азиядағы бір халық өзбек деген атқа қалай ие болғаны жайлы өз топшылауларын алға тартады. Қазақ руларының қалай қалыптасқанын көрсететін суретті аз кезіктіреміз. Орнына роман-хроника стиліне лайық тұжырымдама жасалады. Моңғол қазақ руларын ұлыстарға бөлген. Ұлыстық тәртіп негізінде Дешті-Қыпшақта қазақ елі деген жаңа ұғым қалыптасады. Қыпшақ рулары қыпшақ еліне айналады. Ал, Дешті Қыпшақты басып алған моңғолдар бәрі, керісінше, тілін, әдет-ғұрпын жрғалтып, қыпшаққа сіңеді. «Бір күбі суға бір қасық тұз салғандай тәрізденді»¹.

Ақ Орда мен Алтын Орданың қуатты мемлекетке айналуында экономикалық фактордың рөлін көрсетуге көңіл бөлінген. Өзбек хан тұсында Өргеніштен шыққан керуен үш айдың ішінде аман-сау Қырымға жететін. Қырым Генуя купецтерімен сауда-саттық жүргізетін. Атақты Венеция купеці Марко Поло осы жібек жолымен жүріп отырып Құбылай ханның ордасына яки Қытайға жеткен. Келешек қазақ хандарының ұлы атасы Орыс хан Сығанақты қайта тұрғызып, Ұлытау мен Арал теңізі аралығында көшіп жүрген қазақ руларын біріктіруге күш салған. Бұның бәрі роман-хроникада публицистикалық хабар ретінде баяндалады.

Екінші кітаптағы хандар бейнесі де Шыңғысхан типінен. Шыңғыс шарайна болғанда, тұқымы соның сынған бөлшектері тәрізді.

Хат танымаған, қол қоя білмеген Шыңғысхан алтыннан жасатқан мөрине: «Бог на небе. Ха-хан могущество божье на земле. Печать владыки человечества» деген сөздерді қашатып жаздыртқан. «Көкте – бір Тәңірі. Тәңірінің жердегі жебесі – Қаһан. Адамзат билеушісінің мөрі», деген. Құдай құқын иемденген Шыңғыс бекзадалары ата-сына ұқсап, не адами ар-инабатты аяғына таптап, ойына келгенін істеген. 1357 жылы өз Жәнібек ханды өз баласы Бердібек буындырып өлтіреді. Содан кейінгі алты жыл-

¹ Сонда. 264-б.

дың ішінде сегіз ханның бірі де Алланың ақ өлімімен өлмейді. Бәрі де өз тума-туысқандарының қолынан ажал табады. Ақыры Батый ханның бар ұрпағы тайлы-тұяғына дейін қалмай құрып бітеді.

Жаңа трилогияның жанры да роман-хроника. «Алтын Орданың» бірінші кітабының (1982) кейіпкері Бату хан, екінші, үшінші кітаптағы тағы да басқа бірін-бірі жеген, тақ үшін қырқысып, жүздеген мың адамдардың қанын судай шашқан Шыңғыс шапқыншыларымен «бірге» оқушы батыстағы Венгрия, бір шеті шығыстағы Моңғолия мен Қытайға, түстіктегі Иран мен Бағдатқа дейін «жортады». Роман-хрониканың әңгімеші-кейіпкері ұлан-асыр оқиғаларды шолып өтеді. Ол шолуларының ара-арасында ұзын шашын беліне байлап қоятын Құндыз, жүзбасы Сәлімгерей, сәулетші Коломон тәрізді қарапайым адамдар туралы қысқа новеллалар енгізілгені, алтындай жалтыраған соны теңеулер, бейнелі сөздер ұшырасатыны, шығарманың шырайын келтіретін ерекшелігі.

Бату атасы Шыңғысханның бір өсиетін есіне түсіреді. «Топ итті жолбарыс басқарса, күндердің күнінде топ ит жолбарысқа айналады. Ал топ жолбарысты ит басқарса, ақырында барып әлгі топ жолбарыс ит боп кетеді»¹, – деген. Осыдан таратып Бату: «Халық деген қатын тәрізді ұмытшақ келеді...Байынан таяқ жеген қай қатынды көрдің өмір бойы кектескен? Сол қырған халықтың ұрпақтарының өздері-ақ қайтадан өсіп ел болғаныңда, бабасын құртқаныңқы алдымен өзі ұмытады. Әлі-ақ қаталдығыңды ерлігіңдей дәріптей түседі»², – дейді.

Қыңырлығы жетіп жатқан бейсауат сөз көрінсе де, келешегімізге керек сөздер. Соңғы кездерде республикамызда Шыңғысхан культін қоздыру әрекеті шаң бере бастағаны байқалады. Бірақ біз Шыңғыстың қанқұйлы жорығын ұмытып бара жатсақ, тау-тау боп үйіліп жатқан Отырар, Созақ, Сауранның күл топырағы ұмытқыза ма? Қазақ бер-

¹ *Есенберлин І.* Алтын орда. Алматы: Жазушы, 1987. 8-т. 19-б.

² Сонда. 20-б.

тін жоңғардан, одан кеңес кезінде орыстан қан жоса боп қырылды. Оны қалай естен шығара аласың? Тарихи роман «өткенге салауат, барға шүкір» дейтін пікірге елте беруден сақтандыратындай.

Романда анда-санда Асанқайғы бейнесі жалт етіп көрініп отырады. Оған тарих билігін айтушы рөлі берілген. Асанқайғы Жәнібек ханға атамекен Дешті Қыпшақты тастап кеттің, орданды елдің ортасынан тұрғызбадың, халқыңның болашағын ойламадың деп кінә тағады. Кірме новелладан тұрқы Шәкәрімнің «Қалқаман–Мамыр» поэмасына ұқсайтын Ерке-Құлан – Ажар новелласы роман-хроникаға асқақ сезімді әр беріп тұр. Тарихи романның архетипі, арғы атасы Гомердің «Илиадасы» болса, бұл жанрға Аристотель философ «асқақ мазмұн» тән болуы тиіс деген. Сондай жарқын сапа тақырыбы үлеме Ардақ, Асығат туралы үстеме новелла үлесіне тиген.

Қазақта «Жақсылық жасамасаң, жауың қайдан шығады» деген мәтел бар. Бір түрікмен ауылымды шаптың деп жаралы қарашыны өлтіруге қылышын көтергенде, Ардақ пен Асығат сауға сұрайды. Түрікмен діни адамдардың қарғысына қалармын деп қорқып, қарақшының жанын қалдырады. Бірақ ескертуді ұмытпайды: «Суықта қатып қалған жыланды кім қойнына алып жылытса, жан кірген жылан ең алдымен соны шағады!»¹, – дейді.

Қарақшы кейін адам басынан мұнара жасауды ермек қылатын, жауыздығымен күллі әлемнің жағасын ұстатқан Ақсақ Темір әмірге айналып, өзін құтқарушы Ардақ пен Асығатты өлтіртеді. Бірақ үлемелердің жақсылыққа сенімін жоя алмайды. Ардақ арқылы роман үлкен пафосты ой толғайды.

«– Бұл жалғандағы, – дейді Ардақ, алтық күміс, байлық, тіпті барлық халықтың тіршілік-тұрмысын өзгертер ғажайып өнер-білім, ғылымдар жоғалып кетсе де, адам баласы өмір сүре береді. Ал сол адам баласы егер біріне-бірі жақсылық істеуді ұмытса, сонда ғана дүниеге апат келе-

¹ *Есенберлин І.* Алтын Орда. 2,3-кітап. 194-б.

ді. Адамзат та, оның болашағы да құриды. Бұны ешкім де ұмытуға тиісті емес!»¹.

Роман-хроника дегеніміз – роман-зерттеу әрі роман-шежіре. Оның танымдық мүмкіндіктері мол. Жазушы сол мүмкіндікті сарқа пайдаланған. Осман сұлтанатының «қазынасындағы алтын – үш жүз мың әскерді бес жыл ұстап тұра алады»² деген сияқты мағлұматтар, Ирак тарихшылары Низамеддин Шами мен Шерафеддин Али Иезди жазған, Ақсақ Темірдің тарихын баяндаған «Зафар нәме» секілді ескерткіш-мұралардың аталуы тарихты білмекке құштар оқушы үшін әбден пайдалы. Есенберлин көп оқыған, көп түйген. Трилогияның үшінші кітабы Алтын Орда жайлаған жерде – Батысы Жайық өзенінен асып жайылған, Шығысы Ертіс, Алтай өңірін қамтыған, Күнгеі Батысы Иранға, Күнгеі Шығысы Қытайға тірелетін, Теріскей Шығысы Сібір ормандарын аймалаған, Орал тауының күнгеі жағы мен Тобыл, Тара өзендеріне дейін көсілген аралықтағы яки сақ, қыпшақтан тараған, адам боп жаралғалы осы жерді мекен еткен Қазақ жерінде өткен басты-басты оқиғаларды баяндайды.

Тағы да хандар қыркысы... Жәнібек хан болған 1357 жылдан кейінгі алты жылдың ішінде Алтын Орданың сегіз ханы бірінің мойнын бірі үзеді. Ақсақ Темір демеуімен Тоқтамыстың Алтын Орда тағына отыруы, Қырымның Алтын Ордадан бөлініп жеке хандық құруы, оның тағына Абдолла хан қонжиса да, шын биліктің қандыкөз Мамайға тиюі, Куликов шайқасы, Тоқтамыстың Руське аттанысы, Мәскеу қаласын өртеуі, Тоқтамыс пен Ақсақ Темір әскерлерінің айқасы, ақыры Едіге қолынан қаза табуы, Едігенің жорықтары, Мәскеуді қоршауы, ақыры Ұлытауда өлтірілуі, бір кезде аждаһадай ысқырынған, Ресейді, Ресей тұрсын, Еуропа мен Қытайды қалтыратқан Алаш Орда шаңырағының ортасынан түсуі секілді оқиғалар трилогияда барынша тәптіштеледі. Өкінішті жері, қазақ билері мен батырлары бей-

¹ Сонда. 194-195-бб.

² Сонда. 93-б.

несі көбіне солардың көлеңкесінде қалған. Жалпы тізімде сан көбейтумен жүр. Ойдан қосу, фактіні қиялмен жандандыруға көп есе тимеген. Алау батыр көтерілісі, кейін «Қыпшақ қырылған» деп аталып кеткен жердегі қазақ сойылгерлерінің хан жасақтарымен айқасы секілді оқиғалар ілуде бір суреттеледі. Автор парақтаған кітаптары төңірегінен ұзап шықпаған тәрізді әсер қалдырады.

Трилогия Ақсақ Темірдің қайшылықты бейнесіне әлсін әлі айналып соғып отырады. Жасампаздық ісі ұмытылмаған. Бибі ханым мешітінің, Ахмет Яссауи кесенесінің тұрғызылуы туралы қысқа әңгімелер трилогияның ең бір сәулетті тұстарына жатады.

Бұл шындық Ақсақ Темірдің зұлымдықтарын көлегейлей алмайды. Ақсақ Темір орнатқан мемлекет Алтын Орда секілді қиянаттан туған мемлекет еді. Ақсақ Темір жауыздығы Шыңғысханнан артпаса, кем түспеген. Алған қалаларының бәрін жермен жексен еткен. Алтын Орданың жайнаған астанасы – Сарай-Беркені де құртқан осы ханның құзғындары. Зұлымдық пен махаббат жараспайтыны секілді жауыздық пен сәулет те бітіспек емес. Трилогия бұл ойын Низамидің «Хосрау мен Шырынын» фарсыдан түркі тіліне аударған Құтба ақын тағдыры туралы әңгімемен бекітеді. Құтба ақын тақ таласының құрбандығына шалынады. Ақсақ Темірдің және бір тарихи қылмысы – Жібек жолын құртуы...

Жалпы тарихи роман негізгі екі түрге бөлінеді. Бірі – тарихи бір оқиға, не тұлға төңірегінде қызғылықты әңгімедүкен құрады (Александр Дюманың «Үш ноян», «Королева Марго», т.б. тарихи-авантюралық романдары. Біздің заманымызда В. Пикульдің Екінші Екатерина туралы туындысы). Енді бірі Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» роман-эпопеясы секілді үлкен өрісті, алып құлашты, қилықилы тағдырлы, ел-жұрты мол келеді. Мұндай роман типі адам мен қоғам хақында кең ойларға, терең пәлсәпаға, өмірді түсіндіретін толғауларға беріледі. Осы жерде айтылуға тиісті нәрсе, Илияс Есенберлин романы тарихи шығарма дәстүрінен кейде бұра тартады.

Роман-хроника авторы белгілі тарихи белес, мемлекеттік қайраткер хақында мағлұмат атаулының мүмкіндігінше бәрін білуге тиісті. Бірақ білгенінің бәрін үйіп-төуге міндетті емес. Керек десеңіз, оқымысты-тарихшы да өйтпейді. Білгенін іріктеп, жүйелеуге тырысады. Тарихи романшы жазатынын белгілі бір кезеңмен шектеп суреттесе құба-құп. Толстой өз романында Наполеонның немесе Кутузовтың бар жорықтарын тізбелей бермеген.

Қазақ жазушысы, әйтеуір шежіреге жақын жанр ғой деп, адам аттарын шамадан тыс қаптатып жіберген. Олары романның негізгі идеясына қызмет етпейтіні есеп емес. Әңгімеші-кейіпкердің көрмеген-білмегені, оқымаған-тоқымағаны жоқ сияқты. Бір бет емес-ау, бір абзацтың өзінде адам мен жер аттарынан көз тұнады. Кей жалғыз ғана абзацта қырыққа жуық адам және жер аттары кездеседі (189-190 бб).

«Қаһарда» эпикалық хикаят негізінен бір адам төңірегінде ұйытылса, «Алтын Ордада» Бату, Берке, Құлағу, Ноғай, Мөңке Темір, Қайду, Туба, Тоқтай, т.б. секілді сан түрлі тирандардың бір-біріне ұқсас тарихы жеке-жеке ұзын сонар әңгімеге айналған. Шыңғысхан әскери тәртібі, жаулау, бағындыру пәлсәпасы кейде тіпті сөзбе сөз қайта-қайта беріледі.

Екшелмеген, сұрыпталмаған мағлұматтардың көптігіне қарамастан, Есенберлин трилогиялары тартымды оқылатын шығармалар санатында. Тарихымыздың жеті ғасырлық бетін парактайтын қабырғалы проза мынадай сөздермен аяқталады.

«Кешегі Алтын Орда тұрған негізгі далада – Жаңа Қазақ Республикасы орнады...Тікенектің орнына гүл шықты.»¹.

Құдды роман нүктесі күні бүгін қойылған секілді...

* * *

Илияс Есенберлин шығармалары – әдебиетіміздің қоржынындағы асыл мүліктің бірі. Он жеті романның бәрі бірдей

¹ *Есенберлин І.* Тоғызыншы том. 540-б.

керемет демесек те, жазушының ең қиын шақта, партиялық, мемлекеттік қатаң бақылауға қарамастан, көркемсөз ағысын ұлттық тақырып арнасына бұруын ең бағалы жетістігі деп бағалауымыз керек. Ол әлі ақталмаған Мағжан мұрасын ретін тауып көркем әлем дүниесіне қайта кіргізді. Әл-Фарабидің туғанына бір мың бір жүз толуы қарсаңында әлемнің екінші ұстазын «қазақ домбырасы» атап дастан жазғанда ол тағы да цензорды адастырып, Мағжан өлеңін еске алады. 1975 жылы «Жұлдыз» журналының 9-санында жарияланған бұл поэма «Бір күй бар домбырада күдіретті... Сөйлеткен тіл бітіріп, тоғыз шекті»¹, – деп аңыратады. Бұл жолдардың дем берушісі Мағжанның «Түркістан» өлеңі екені айдан анық. «Түріктің кім кеміткен музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын»², – деген Мағжан сөздерін енді кеңес ақыны өлеңіне бойтұмар етіп тағып отыр.

Есенберлин – кеңес ақыны, жазушысы. Заманын жырлағанда шын ниетімен жырлады. Оның соцреализм әдісін саналы басшылыққа алған шығармаларын прозадан басқа жанрлардан да ұшыратамыз. Алматыдағы Балалар мен жасөспірімдер театрында «Таудағы тартыс» (1962) пьесасы қойылды. Ол сценарийін жазған (М. Ерзинкянмен бірге) «Құйма» көркем фильмі (1961) кезінде республикамыздан тысқары жерлерде де көрсетілді. К.Д. Ушинскийдің «Әңгімелері мен ертегілерін»(1945), М. Жулявскийдің «Қызыл дария» (1956) романын қазақ тіліне аударды. Революционер Тоқаш Бокиннің өмірінен «Бір түнде» (1966) атты драмалық дастан тудырды.

Ат нөпір шығармаларының бырсыпырасына социалистік реализмнің нормативі салқынын тигізбей қалмағаны жоғарыда айтылды. Асығыстық іздері де байқалмайды емес. Кей романдарында хандардың қабағының жиі «кірбің тартуы», болатын оқиғаны түсінде көре беруі, сарай төңкерістерінің шамадан тыс суреттелуі секілді қайталаулар ұшыраспайды емес.

¹ Есенберлин І. Дастандар. Алматы: Жазушы, 10-т. 161-б.

² Жұмабаев Ж. Шығармалар. Үш томдық. Алматы: Білім, 1-т. 1995. 188-б.

Алайда аталған ағаттық, олқылықтар жазушы шығармаларының көркемдік құнын түсіре алмайды. Стили мен тілін көркем публицистика қайрағына жанып, от сөз тудыратын Есенберлин поэтикасы өз алдына жеке зерттеуге тиісті үлкен тақырып. Қала мэрінің «дарғау» аталуы, «қалталы Иман мен кәрі Михалдың заманы» деген сияқты мәтел боп кеткен көне сөздер мен тіркестердің түсіндірілуі, т.т. мәдени мұраны игеруге құштар бүгінгі қоғамымыз үшін пайдасы мол дүние.

Ілияс Есенберлиннің тынымсыз шығармагерлік еңбегі ерлікке пара-пар. Кешегі тоталитаризмнің қыспағына төтеп беріп, ұлт тақырыбын өрістеткен бұл жазушының арман еткен тәуелсіздік таңы атты. Тамаша туындыларының актуальділігін жоймағаны, бүгінгі заманымызбен үндес келетіні осы себепті.

Есенберлиннің «Алтын оттар оянды» («Аманат») романының кейіпкері Дәниелдің тақпақ ететін және Есенберлиннің «Намыс» атты соғыс дастанына эпиграф ретінде алынған ақын өлеңінде қайталанатын мынадай жолдар бар.

*Өлім не? Тыныштық ол тас қамалды.
Кәріден бұрын кейде жасты алады...
Тек қана қаһарманға қара жерден
Ұлы өмір мәңгі өлмес басталады¹.*

Сол қаһарманның бірегейі халқына қаруымен де, қаламымен де ерен қызмет еткен, қазағы арасынан «басқаға жақсылық ойлайтын жақсы адам» көбірек өсуін көксеген Ілекеннің (Ілияс Есенберлиннің) мәңгі өшпес екінші өмірі, ұлы өмірі үстіміздегі ХХІ ғасырда жалғасып та кетті.

¹ *Есенберлин І.* Дастандар. Алматы: Жазушы, 10-т. 6-б.

ӘБДІЖӘМИЛ НҮРПЕЙІСОВ

Өткен ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің алтын ғасыры атала бастады. Оның алтын ғасыр аталуына мол сыбаға қосқан суреткерлердің бірі Әбдіжәмил Нұрпейісов екендігінде дау жоқ. Көзі тірісінде атағы жер жарған жазушы бізде сау-сақпен санаулы. Әбдіжәмилдің «Қан мен тер» трилогиясы, басқада да шығармалары отыз шақты шетел тілдеріне аударылып, әдебиетімізді дүниежүзіне танытты, әлем әдебиетшілері қасқа-жайсаңдарының үздік бағасына ие болды.

Француз Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Лев Аннинский, Леонид Теракопьян, Валентин Оскоцкий, испандық Август Видаль, қырғыз Шыңғыс Айтматов, башқұр Мұстай Карим, немістер Лео Кошут, Ральф Шредер, қазақстандық Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхамеджан Қаратаев, Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Герольд Бельгер, Ақселеу Сейдімбек, т.б. ол туралы тебірене жазды.

«...Әбдіжәмилдің өмір бойы жазғаны біртұтас, бір ғана эпопея десе лайық. Ол эпопеяны «ХХ ғасыр және қазақ әлемі» деп атауға да болар еді. Ғасыр басындағы сергелдең («Қан мен тер»), ғасыр ортасындағы сұрапыл («Курляндия»), ғасыр соңындағы сүргін («Соңғы парыз») біртұтас сабақтастығымен көркем полотно құрайды»¹.

Іні буын жазушылардың атынан айтылған сөз осылай келеді. Аға, інілері, бүкіл қазақ қауымы кітабын оқып жоғары бағалайтын жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісов енді, міне, ХХІ ғасырдың табалдырығын аттап отыр. Қуатты қалам иесі тынбай еңбектену үстінде. Сексеннің сеңгірінен жар салған публицистикасы оқырманын бұрынғысындай ұйыта, жігерлендіре отырып, ойландырмай, толғандырмай қоймайды. Жазып жүрген естеліктері де көркем мемуарға жаңа леп әкелгені кәміл. Бұл мініскердің жанкештілігі сондай, дүниежүзіне әйгілі шығармаларының өзін әр басылымы сайын қатаң сын тезіне салып, ұштап,

¹ Сейдімбек А. Суреткер. «Түркістан»// 2000. 21-27 қаңтар.

сүргілеп, қырнап, мінеп отырғаны. Мұның аты көркемсөз құдыреттілігі алдында бас ию деген сөз. Әдебиетке сүйіспендікті, ар ісіне берілгендікті ұлы Абай айтқан «жар ісіне» теңгеру. «Қорлығына», «мазағына», азабына көну. Әдебиеттің жауапшылығы зор дүние екендігін байыбына бара түсінгендік дейміз.

Үлкен жазушымыздың өмірі мен шығармагерлігі хақында тұңғыш монография жазылды. Авторы – Мәскеу Мемлекеттік университетінің профессоры Николай Афанасьев. Ондай кітаптың Ресейде дүниеге келуінің өзіндік мән-мағынасы бар. Қазақ жазушысы жұлдызының талай өлке аспанында жарқырап тұрғанына жаңа дәлел. Қазақ әдебиетінің халықаралық маңызының зорая түскендігінің айғағы.

* * *

Өмірбаяны. Әбдіжәмил Кәрімұлы Нұрпейісов 1924 жылы қазан айының 22 жұлдызы күні Қызылорда облысы Арал ауданының Құланды поселкесінің Үшкөң ауылында туған. Қазақша рәсім бойынша келсек, руы Кіші жүздің Шекті (Жаманак), бертін Жақайым руынан. Жетінші атасы Тайқожа батыр, одан Қалдан, одан Арғынбай би, одан шіріген бай Сыланбай, одан тараған Нұрпейіс болыс болған. Нұрпейістен өрген Кәрім, Нәжім, Қали деген кісілер. Осы үшеуі, Кәрімнің кіндігінен туған Әбдіжәмилді қосқанда төртеуі Ұлы Отан соғысына аттанады. Бұлардан аман қалғаны Әбдіжәмил Нұрпейісов. Өзге боздақтар шейіт кеткен. Әкесі Кәрім жасында қыран салып саяттаған, ауылнай қызметін атқарған. Соғыс қарсаңында балық колхозында еңбектенген Кәрім, 1944 жылғы 21 сәуір күні Тернополь түбіндегі ұрыста қаза тапқан.

1942 жылы орта мектепті тәмамдасымен армия қатарына шақырылған өрімдей жас Әбдіжәмил Оңтүстік және Прибалтика майданында соғысқа қатысады. Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталады.

1946 жылы желтоқсанда армия қатарынан босанған бойда әскерде жүргенде бастаған «Курляндия» романын жазуға кіріседі. Оны бітіріп баспаға жіберген соң, бір жыл Қазақ мемлекеттік университетінде оқиды. Келесі 1954 жылы Мәскеудегі А.М. Горький атындағы Әдебиет институтына түсіп, оны 1956 жылы тауысады. Тырнақалды кітабы үшін Жамбыл атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты атанады. Проза саласында үзбей еңбектенуімен қатар, жас талант өткір сынымен, публицистикалық мақалаларымен де көзге түседі. 1962 жылдың аяғы – 1964 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының органы «Жұлдыз» журналының бас редакторы боп істейді.

1964 жылдан бері ұзақ жылдар бойы бірыңғай шығармагерлік қызметпен шұғылданып, өндіре жазған Әбдіжәмил, нарық заманында халықаралық қазақ ПЕН клубын ұйымдастырып, оның президенттігіне сайланды. 2000 жылы ПЕН клуб жанынан «Таң-Шолпан» журналын шығарады. Көп жылдардан бері ол осы әдеби-көпшілік журналының редакторлар кеңесінің төрағасы.

«Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» дилогиясы Нұрпейісовтің ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің табысы. Үлкен жазушымыздың ерен еңбегі елінің, мемлекетінің жоғары бағасына ие болды. Жазушы ретінде кеудесіне Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» және тәуелсіз Қазақстанның Отан ордендерін қадады. 1985 жылы «Қазақ КСР Халық жазушысы» құрметті атағы берілді.

Ол – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Бұл мәртебелі сыйлықты жазушылардан Қазақстанда үш қаламгер: Мұхтар Әуезов, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Жұбан Молдағалиев қана алғанын ескерсек, әдебиетіміздің, әдебиет арқылы тұтастай сөз өнеріне жүйрік қазақ халқы абыройының төрткүл дүние алдында арта түскеніне алдымен кімдерге борышты екеніміз өзінен-өзі айғақталады.

Әбдіжәмил әдебиеттегі алғашқы қадамын бірден сүйікті жанр – романнан бастады. Ұлы Отан соғысынан жаңа оралған майдангер іштен тебіндеген албырт шабыты қолына қалам ұстатқанда ақ қағазға алдымен қанды ұрыстан, өмір мен өлім айқасынан алған әсерін түсірді. Ол әсердің молдығы сонша, әскерден босанысымен төрт-бес жыл бойы табан аудармай істеген еңбегі «Курляндия» атты қалың романды дүниеге келтірді (1950). Көркемдік бітімі көңіл тойғандай шықпады десек те, бұл шығарма әдебиетке өз қазынасымен, тың суреттерімен қосылды. Қазақ оқырманын окоп шындығына қанықтырып, жауынгер тірлігінің тереңінде жылып аққан ағысын, тыныс-лебін тікелей ұрыс шебінен елестетті. «Курляндия» кейін толықтырылып, әрі ықшамдалып «Күткен күн» (1958) атын иемденді.

Жазылған дүние шығарманың көркемдік сапасын жетілдіру мақсатында өңделді. Кейбіреулер «Курляндия» «сын көтермейтін нашар» шығарма десті. Авторының өзі тіптен тұқыртып: «...1947 жылы әскер қатарынан босанып қайтқан шала сауатты қалпыммен роман жаздым. Әрине, шала сауатты баладан шала сауатты роман шығатыны белгілі»¹, – деп ат үсті сынды растағандай болды. Жөнін айтқан жазушы, сыншы Тахауи Ахтанов: «Курляндия» романында, – деп жазды ол, жас жазушы ең алдымен өзінің талантын, шебер суреткерлігін танытты. Соғыс өмірін оқушылардың көз алдына көркем елестете білді. Сонымен бірге азды-көпті шын мағынасындағы жанды, көркем бояулы образдар жасай алды. Біз өмірде кездестіріп жүрген замандастарымыздың ой-арманын, іс-әрекетін ғана емес, түр-келбетін, дағдысын, мінез-құлқын, біраз жағдайда ішкі дүниесін сол бір бояуы сембеген ыстық жанды күйде көз алдымызға елестетіп берді. Тағы бір, әсіресе, айтып кететін қасиет жас жазушы қазақ тілін жақсы білетінін және оны көркем шығарма есебінде сәтті қолдана алатынын көрсетті»².

¹ *Нүрпейісов Ә.* Толғау. Раздумье. Алматы: Жазушы, 1972. 92-б.

² *Ахтанов Т.* Керуен. Алматы: Жазушы, 1969. 27-28 бб.

«Курляндияның» кемшіліктері оның авторының жастығынан, қаламы төселмегендігінен туған-ды. Жаңа «Күткен күн» нұсқасында жазушының сол кемшіліктердің елеулісі – тұла бойы тұңғышының композициялық олпы-солпы тұстарын жоюға күш салғаны байқалады. Шығарманың бас кейіпкері Есей сапырылысқан адам өзенінде бір қалқып, бір шығып, көзге анда-санда бір шалынатын. Жазушы енді Есейді қаптаған адамдардың арасынан жырып алып, шығарманың композициялық құрылысын жымдастырып, сюжеттік арқау жібін ширатуға күш салған.

«Күткен күн» романының бас кейіпкері – Есей. Жастығына қарамастан өз алдына шешім қабылдай алатын, көзі қаракты, қиын сәтте жол тауып кететін тәуекелі күшті, жүректі, алғыр жігіт боп көрінеді. Көздегені құр кетпейтін, жау төбесінен жай түсіретін шебер зеңбірекші офицер Есей – нақты әрекеттің адамы. Жау тылына барып, рация арқылы дұшпанның талмау жеріне оқ жаудыртады, қоршауда қалғанда ендігі оқты өзіне туралап бағыттауды талап етеді. Контузия алып, құлағы тас бітеліп қалғанда госпитальға барудан бас тартып, қаруын тастамай ұрыс салады. Ішкі пікірі ішінде, мақтанға, артық ауыс қолпаш сөзге жаны қас. Борышын қаяусыз, беріле атқаратындардан. Міне, осы қасиеттің бәрі кейіпкер бейнесін ажарлай түскен.

Ер жігітке үлкен сын – өзіне лайықты жар таңдау болса, бұл істе жас жүрек көрсеқызар жеңілтектікке салынбайды. Автор қисынын тауып, кейіпкерін Арал теңізі жағалауындағы ауылына алып келеді. Енді біз біршама балықшылар тірлігімен, Есейдің ата-анасымен, жігіттің бір кезде көзі түскен ару Зағипамен танысамыз. Айналып келгенде Есей Эрика есімді латыш қызымен көңіл қосады. Бірақ екі ғашық мұратына жете алмайды. Эриканы соғыс өрті жалмайды. Үлпілдеп ашылған махаббат гүлі кезегінен бұрын солады.

Жас жазушы батыр солдатты кемістігі жоқ идеал геройға айналдырудан аулақ. Алды-артын ойламай істейтін кей жаңғалақтығын жасырмайды. Есей бастығының рұқсатынсыз «тіл» алмаққа жау тылына кетеді. Бұл бассыздығы үшін мықтап таяқ жейді.

Жас қалам Әбдіжәмил тырнақалдысының бір сүйсінтетін жері кісі танығыштық, нәзік аңғарымпаздық, байқағыштық қасиет танытатындығы. Кейіпкер портретін сюжет дамуы барысында шыжымдап, мінез-тұрқының ішкі-сыртқы қалыптарын қоса қабаттап, бір жерге үйіп-төкпей біртіндеп суреттейді. Адамның дара қасиетін белгілі-бір типке жатқыза отырып ашады. Мысал ретінде полк командирі подполковник Бобров туралы сипаттама-ны алайық. «Іісті нашар сезетін, дәмді дұрыс айыра білмейтін, кейбір шабан ойлап, шабан ұғынатын адамдар болады. Өздері сондай болған соң, әдетте о құсаған адамдар басқа кісінің пікіріне қосылғыш та, көнгіш те келеді...Он-дай кісілер омырылған болмаса, жіңішке сызатты сынық деп білмейді. Бобров та сондай адам. Ол да досы жазған қағаздан анық сезіліп тұрған салқындықты аңғармады»¹.

Бобровтың досы – Виталий Долгушин деген майор. Әскерді азық-түлікпен, киім-кешекпен жабдықтайтын помпоз. Соның сұйық адам екенін Бобров талай уақыт өткен соң полктен ауысқанда ғана біліп, санын соғады. Бұған дейін Долгушиннің айтағымен жүргеніне өкінеді. Партия жиналысында Долгушинді қостаймын деп, Есейді партия қатарынан шығармаққа барын салып өзеуреген қылығын еске алып ұялады.

Ақжарқын, қу тілді жігіт Петр Денисов партия жиылысында Есей Бержановты қорғай келе Долгушевке:

« – Есіңізде болсын, партия мүшелігінен шығару ОВС-тан алған киімді списать ету емес. Осы өздерің солдаттың оқ жыртқан шинелін де сүйретпеге салып, шаққа списать етесіңдер ғой»², – дейді.

Ол кездің өлшемінде партия қатарынан шығу сотталып қатталғаннан бір кем соқпайтын Ар-намысқа тиетін ауыртпалық Есейдің іштей түлеуіне ықпал жасамай қойған жоқ. Сол себепті кезінде сынның: «Есейдің өсу...білім мен өмір

¹ *Нұрпейісов Ә.* Төрт томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Күткен күн. Алматы: Жазушы, 1982. 249-б.

² Сонда. 47-48 бб.

сырларына жетіле түсу жолы көмескі шыққан»¹ – деген тұстарына дау айтуға тура келеді.

Көркем шығарманың бір ерекшелігі, ондағы сурет салмағының оқылу уақытына қарай өзгеріс табатындығы. Денисов сөзі бүгін оқылғанда сол партияның талай адал мүшелерінің жазықсыз жапа шегіп, жыртық шапақ тастанды шарқай құрлы көрмей күресінге лақтырылған жүз емес, мың емес, миллиондаған тағдыры еске түседі.

Жас автордың, әсіресе, қаталдық пен адамдық туралы концепциясы бүгінгі заман тілегімен үндес. Қатал болу қолдан келеді. Адам болу қиын... Адамжандылық Есейге, партия ұйымының хатшысы Ивановқа, оның командирі Скориковқа тән. Скориков Есей үшін өзі сөз естіп қалса да, партия жиналысында Есейді қолдап шығады, қазақ жауынгерінің пайдасына дәлелелді пікір айтады. Жиналыс осы кісінің сөзіне тоқтап, Есей істеген күнәсі үшін сөгіс алып құтылады. Мына бір суретке көз тігелік.

«Есей үй сыртында жарылған снаряд даусынан оянды; бұл шақта жауырыны астында қалған оң қолы шымырлап қатты ұйып кеткен-ді; Есей оянған бойда ұйыған қолын жұлқып, тартып ала жаздап барып, кілт ірке қалды...»². Командиріне шын жаны ашиды. Үйінде әйелінің құрт аурудан төсек тартып жатқаны, қызыл қарын жас баланың күтімсіздікке ұшырауы, ол аздай Бобров сияқты доғал командирдің қажауы, соңғы ұрыста екі тәулік мігір көрмегені, бәрі есіне түсіп аяп жатыр. Қолы ауыр салмақтан сырқырап, саусақтарының инемен шабақтағандай шанышқылауына қарамастан, досының ұйқысы бұзылар деп шыдап береді.

Жазушы стилі осы эпизодтан-ақ айқын сезіледі. Нұрпейісов жарқырақ, жылтырақ сөзге жоқ. Патриотизмнің ура патриотизмге ауып кетпеуіне әсіресе мұқият. Жаңағы эпизод астарында халықтар достығы секілді қымбат ұғым жатыр. Соны жас жазушы іштен түйсінетіндей етіп жеткізе білген.

¹ Ахтанов Т. Керуен. Алматы: Жазушы, 1968. 143-б.

² Нұрпейісов Ә. Күткен күн. Алматы: Жазушы, 1982. 54-б.

Іштен бұрқаған сезімді бұқтырып айтуға тырысатын жазушы стилі жалындаған махаббат сезімін сөйлеткенде де биязы қалыбынан жазбайды. Есей ғашық қызы Эрикаға тілінің ұшында тұрған: «Эрика, көзің қандай жақсы! Қарай түсіңізші!» – деген сөзді айтуға именеді. Орағытып латыш тілін үйренгім келеді дейді. Қыздың «қай сөзден бастаймыз?» деген сауалына «айта алмаймын ба?» деп қобалжып тұрады да: «Сүйемін...сені сүйемін... деген сөзден»дейді. Ғашықтық ынтық сөз жүрек тұңғиығынан өз бетімен қалқып шыққандай. Он екі гүлінің бірі ашылмаған қыздың әрі қуанған, әрі ұялған күй-жайы да бояуын дөп тапқан. «Эрика қызарып кетті. Есейге үлкен көзінің астынан жалт қарады да, жүгіре жөнелді»¹.

Роман стилінде және бір құптайтын жайт, автор жаттанды тіркеске сақ. Өз соқпағын сағалайды. «Әлгі бес-алты жүз оқ түйрелген бес-алты метр жерден жараланбай, аман өткен өзін өрттен қалған бір шоқ қамыстай көреді»², – деп бояуын келістіре суреттейді. «Оқ атылды, жайпады» жә, болмаса, «оқ жаңбырдай жауды» дейтін үйреншікті тіркестерден көрінеу қашқақтайды. Оқ жерге шаншыла қадалып, сау денені сұққылап жатыр. «Түйреу» сөзі осы мағынада қолданылған. Теңеуі де нақтылы. Қызыл өрттің тілі жаламай аман қалатын ши, қамысты көрмесең де көргендейсің. Есейдің қандай қауіптен аман қалғаны сол шағын детальдан айқын сезіледі.

«Курляндияның» жетістік, кемшіліктері қаламгердің былайғы жазу-сызуларында сабақ болғаны ақиқат. Тағы бір даусыз нәрсе, басы артық кедір-бұдырдың бәрін түгел сылып тастау мүмкін емес-ті. Романның жаңа нұсқасында да кей сюжеттік линияның логикалық дамуы жеріне жетпей үзіліп қалады. Айталық, Скориков пен Есейдің достық, жолдастық жарастығы жалғасын таппай, шығарманың орта белінен аса күңгірт тартады.

Жас автор кейіпкерлердің иінді бір мезет, сәттегі сезімін беруге, ішін ашуға әжептәуір төселіп қалған. Яки пси-

¹ Сонда. 234-б.

² Сонда. 73-б.

хологиялық мотив, дәлелдемеге ыспар. Ал психологиялық талдауға келгенде көрінеу ақсайды. Адам бір көңіл күйінен екіншісіне ауысып отырады. Сол кезде белгілі бір характер жетіледі, толысады. Есей ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын кәмет жолында. Соны өзекті психология (сквозная психология) тәсілімен жеткізу керек еді. Кемелдену жолының ішкі жолы кезең-кезеңімен көрсетілмегендіктен шығарманың композициялық тұтастығы бұзылған.

Жас жазушының және бір ағаттығы жете білмейтін жәйттарды зорлана суреттейді. Курляндия (Курземе) Латвияның Рига бұғазының оңтүстік батысына қарай орналасқан облысы. Міне, осы түбекше келген жерде неміс-фашист армиясының таңдаулы отыз дивизиясы арқасын теңізге қойған күйде мықтап бекініп алған. Майдан шебінің арғы жағында фельдмаршал Шернер, бергі жағында Кеңес Одағының маршалы Говоров. Мұндай дәрежелі қолбасшыларды суреттегенде роман алаңы үлкен плацдармға айналуы тиіс қой. Бірақ шығарма үзік шағын оқиғалар тізбегін шұбырта береді. Ұрыстың бәрі дерлік Джукстэ қаласының төңірегінде ұйтқиды. Қанатын жазбайды. Сардарлар бейнесін жарқ еткізіп ашатын деталь көрінеу жетіспей тұр. Солай болар ма деген долбар, жорамал ғана бар. Көркем шығарма дегеніміз – құлаш-құлаш сөз емес, көзбен көріп, қолмен «ұстайтын» нақтылы дүние екенін біле, сезе тұра, жас қалам ойға алғанын қай тұста көңілдегідей етіп атқара алмаған.

«Бастан өткен қиындықтың бәрі ұмыт. Оны ұмыттырмай, кейінгі ұрпаққа із қалдыру, әдебиет пен басқа да искусство шығармасының ғана шамасы келетін игі іс. Ұлы Отан соғысына бір он жылды өткізіп жіберіп, он қырдың ар жағынан қарасақ, біздің есімізде бірі бар, бірі жоқ. Өткен өмірдің бетін кірбік басқызбай, есіңе салып беріп отыратын өмір шежіресі – көркем әдебиет»¹, – депті ертерек жазған бір мақаласында Әбдіжәмил.

Ол соғыстың өрті өшкелі бір емес, алты он жыл. Жарты ғасырдан аса уақытта қайта оқылған «Курляндия» ескір-

¹ *Нүрпейісов Ә.* Толғау. Раздумье. Алматы: Жазушы, 1972. 57-б.

ді ме екен дейтін емес, қалдырған ізі бар. Майдан суретін ендігі ұрпаққа сенімді жеткізетін туынды. Ел іргесінің тұтастығын сақтап қалған ерлікті роман шежіредей шертеді. Есей, Нұржандар қазақ, орысы, татары, өзбегі боп бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарады. Ел намысын қолдан бермеген. Нұрпейісов романы сол шындықты асырмай, жасырмай қаз қалпында суреттей отырып, отаншыл сезімге баулитын құны жойылмайтын шығарма.

* * *

Майданнан қайтқан жас офицер Әбдіжәмил туған жерімен қаншама сағынып қауышса, оған деген махаббатын роман жанрының кең-байтақ өрісінде шын жүректен жырлап шығуға соншама ынтықты.

«...Әлі күнге бір бүйірің ауыл өміріне бұрып тұрады. Қанша қашыққа шырқап кетсең де бойыңдағы бір тамырың туған жеріңнің топырағында бүлк-бүлк етіп соғып жатқандай. Кей күні...сен әлденеге өзек аузында жалғыз үй отырған балықшы шалдың қамыс қосын, жұпыны жиһазын, жалпылдақ шамын есіңе аласың. Өз үйің жайнап тұрса да, саған осынау балық сасыған кішкентай қос ыстық». Қос ішінде «ақ иық қылған ауыр еңбектен болар» жан әке «сілесі қатып шаршаған. Күнге күйген жылтыр қара бетінде қалжыраған ажар бар. Үні де қалжырап ақырын шығады. Сол кезде қарапұшық бала әлдеқайдан жүгіріп кеп отырса болғаны, оның әжім беті іштей нұрланып елжіреп қоя береді»¹.

Жазушының «Қан мен тер» романының дүниеге келу сыры жатқан жоқ па осы сөздерде. «Қан мен тер» трилогиясын құрайтын «Ымырт» (1961), «Сергелдең» (1964), «Күйреу» (1970) романдарынан, атының өзінен-ақ байқалып тұрғандай, төбеден жарқырап тұрған күнді аз кезіктіреміз. Ал, жарқырап шақырая қалса, кейіпкерлері тағы бір тозаққа ілінді дей бер. Өзінің бас кейіпкері Еламан тәрізді

¹ Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Ымырт. Алматы: Жазушы, 1961. 90-б.

туынды ұдайы дерлік томырылып, үнсіз-түнсіз тұнжырап, түнерген қалыбынан жазбайды. Соның өзінде де туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімінің орны бөлек. Мына қабағы қатулы шығармадан ол сезілмейді емес. Трилогияны оқыған сайын Қасым ақынның:

*Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!
Неңдей күйге көкірегімді бөледің?
Сенде тудым. Сенде өстім мен, сенде өлсем, –
Арманым жоқ бұл дүниеде, – дер едім', –*

деген өлеңі есіңе оралады. Алтын бесік туған жерге деген ұлы махаббат, ол туралы асқақ ойлардың прозадағы репетиі, әрине, өлең сөзден басқаша кестеленеді. Прозашының туған халқына, оның жазира даласына деген сүйіспендігі елінің кең қолтық мінезін, шалқар әнін, салқар көштей шұбатылған тарихын эпостық құзарға көтере суреттеуінен аңғарылса керек.

«Қан мен тер» трилогиясы – ел, халық, оның әлеуметтік тағдыры туралы шығарма. Уақыты өзгергенімен заманалық зәрулігі өзгермейтін туынды. Соңғы жетпіс жылғы алтын әдебиетімізді мысқа балағысы келетін қайсыбір неонигилист даңғойлар бұл романға тап күресін жазғандықтан ескірді деп мін таққысы бар. Бай мен кедейдің бұзылған арасын жазды деп Нұрпейісовті кінәласақ, «Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ, Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай», – дейтін Абай өлеңі хақында не айтуымыз керек?

«Қан мен тер» трилогиясын қазіргі тәуелсіздік мұнарасынан, демократиялық көзқарас тұрғысынан оқығанда оның қазақ шындығынан бұра тартқан жерін таппайсыз. Қайта коммунистік үстем идеологияға қайшы пікірлерді жолықтырып, «бұны қырағы цензура қалай жіберді екен?», – деп те қаласыз.

Романның «Күйреу» аталатын үшінші, соңғы кітабында комиссар Дьяков насихаттайтын болашақ коммунистік

¹ Аманжолов Қ. Шығармалар. Төрт томдық. Алматы: Жазушы, 1-т. 305-б.

қоғамның басты принципінің дұрыстығына Еламан әжептәуір күмән келтіреді.

«...Ол кезде жер басқан адамның бәрі бірдей болады дейді. Жә, жарайды, адам баласының көкірегінде алалық болмас. Осы жұрттың ішер асы, киер киімі, сөйлер сөзі бірдей-ақ болсын. Бірақ құдай бірдей жаратпаса қайтеді? Басқаны қойғанда бір оттың басында бір қазаннан ас ішіп, бірге жатып, бірге тұрып жүрген, бауырлас кісілердің арасында бірдейлік бола қоймаушы еді ғой. Олардың арасында да бірінің сөзі үстем. Бірінің өзі үстем. Бірі ертеден қара кешке дейін қоңынан күн өтіп, сылпылдап қой соңында жүрсе, енді бірі алшайып ат үстінен түспейді.

Түсінбеймін...Қара борбай кедейлер теңдік алсын. Бірдейлік орнасын. Бірақ, бәтір-ау, осы халықтың киер киімі, ішер асы бірдей болғанмен құлқы бірдей бола ма?»¹.

Жазушының алғашқы романымен салыстырғанда «Қан мен тер» – тірлік-тынысы әлдеқайда кең шығарма. Жанрлық жатыны жағынан да ұқсамайды. «Курляндия» оқиғалы роман санатына жатса, бұл әлеуметтік-психологиялық типті шығарма. Ізденіс салмағы – характерге түскен. Бар суреткерлік қабілетін ата-бабалардың мінез-кескінін ашуға жұмсаған. Характер Нұрпейісов романының қозғаушы күші. Ел қазанында қайнап піскен характер өз тарапынан ел тамырының соғуына, тонус, райына ықпал етеді. Романдағы оқиғаларға мұрындық. Әрі сюжет ұйтқысы.

Еламанның бүтін бітімді тұлғасы оның жалпы һәм жалқы қасиеттерінің бірлігінен тұрады. Осы екеуінің жұптаса дамуына сай характері толысады, байиды. Трилогияның бастапқы кітабы «Ымыртта» Еламан қарапайым балықшы. Туа біткен мінезіне өршілдік, қайраттылық тән. Намыскер жігіт. Жұрт Қаратаз деп атайтын Құдайменді байдың қорлығына шыдамай, айбат шеккен, сес көрсетіп, балықшылар арасына кетіп қалған. Бір-екі сөзінен ой түйгіш, көкірегі ояу жан екені байкалып қалады. Жетпей жатқан тұсы әзірше былайғы дүниемен ісі жоқ. Жазушы міне, осындай

¹ *Нұрпейісов Ә.* Төрт томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1981. 293-294 бб.

бұйығы, патриархалдық қапастағы тұңғиық тұлғаның ішіне бірте-бірте әлеуметтік сәуле түсіреді.

Еламан өміріндегі ілкі әлеуметтік сілкініс кездейсоқ оқиғадан басталады. Арал промыселінің қожайыны «тен-тек Шодыр» атанған Федоров әлі дұрыстап қата қоймаған теңізге балықшыларды зорлап айдап салады. Жалданған балықшыларды басыбайлы құлы есепті ұрып-соғады. Өзіне де қол көтерген соң іштей кіжініп жүрген Еламан суға кеткен балықшыларды сұрастырмай ауын жоқтап тұрған дүниеқоңызды сүйменмен салып өтеді... Кездейсоқ оқиға. Еламан кісі өлтіремін деп ешқашан ойламаған. Тумысында жуас, ақ пейілді адам. Мына кездейсоқ оқиғаның қажеттілік деп аталатын астары бар. Жазықсыз Андрей мен Жалмұраттың қазасы, купецтің олардың өмірінен дүние боқты жоғары қоюы, адамшылық ар-инабатының жоқтығы адал кеудеде кек отын тұтатты.

Нұрпейісов характер сомдауда әлеуметтік һәм психологиялық талдау тәсілін бір арқанның екі тіні есебінде өреді. Романның алғашқы беттерінен-ақ автор төл сөз және битөл-сөз (несобственно-прямая речь) арқылы Еламанның жанын сөйлетеді. Және психологиялық талдаудың монолог формасын жиі қолданады. Монолог шарты – жалғыздық. Еламан «Жалғыз кісіге ой үйір келеді-ау» – деп түйеді¹. Ойы үнемі екіге бөлініп жүреді. «Теңіз үстінде әйелі жайында көп ойлайды. Алғашқы кезде ол бір түндік астында бірге тұрғасын бойы үйреніп кетер деп үміттеніп жүрген. Бірақ «Кешкісін үйге кеп әйелінің бетіне бір қарағаннан-ақ көңілі суып сала беретін»². Еламан қасында құр сүлдесі жатқан әйелі Ақбаланың тәні ғана өзінікі, ал жаны басқа жақта екенін сезгенде мүлде моқап қалады. Бас кейіпкердің осы күйі ұзақ-сонар ішкі монолог, битөл сөз арқылы беріледі. Кей-кейде ғана ішкі монологы ішкі төл сөз пішінін алады. «Бейшара қайтсін, мен кінәлімін. Иә, иә, мен кінәлімін», – деді Еламан ішінен»³.

¹ *Нұрпейісов Ә.* Төрт томдық шығармалар жинағы. Бірінші, екінші том. 11-б.

² Сонда. 13-б.

³ Сонда. 13-б.

Кейіпкер іштей күйінеді, опынады, толғанады. Адамның осы бір ішкі драматизміне жазушы әрдайым құлақ түргіш.

Трилогияның екінші кітабы «Сергелдеңде» Еламанның жеке басының қайғысын ел қайғысы басып кетеді. Екінші кітап халық кенішіне бойлай түседі. Қазақ даласында әлеуметтік қайшылықтардың өршуін тереңнен қопарып көрсетеді.

Ақ патша тағынан құлап, орнына келген Уақытша үкімет те ел тізгініне ие бола алмай, Қос үкімет дейтіннің орнаған кезі. Ел іші дағдарыста. Соғыс ауыртпалығы ес жиғызбай езіп-жаншып әкетіп барады. Бұрынғы майлы, жайлы орнынан тапжыла қоймаған ескілік Петербор жақтан шыққан дүрбелеңнен шошынғанымен, әлі айылын жияр емес. Түрмеге қамалған, айдауда жүрген, одан түріктермен соғысқа қатысқан, майданнан оралғанда Шалқарға келіп темір жол бойына жұмысқа орналасқан Еламан, ендігі жүріс-тұрысында біраз дүниені бағдарлап байыздайтын өреге көтерілген Бірақ кейіпкердің әлі де «бір қайнауы ішінде». Әлі де ол оң мен солын айырып жетпеген сергелдең пішінде, әуре-сарсаңда.

Екінші кітаптың сюжеті мен композициясы бас кейіпкер характерінің осы ерекшеліктерінен туындайды. Сюжет әлеуметтік дауылдың қарсаңындағы ісініп-қабына бастаған теңіздей теңселген ахуалды бейнелеу барысында шиыршық атады. Бұрынғы самарқау ырғағынан жаңылған кейіпте. Композиция сюжеттің сабақтас оқиғаларынан құралады. Әлдебір үлкен оқиға аяқтала бере, ширек сюжет суреті публицистика әуеніне ауысады. Суреттелген оқиғаларды тың ойлармен түйіндейді. Эпикалық сюжеттің ішкі драмалық, күрделі-психологиялық сипаты өзгеріп, ақырында талдама-жинақтаушылық ренк алады.

«Еламанның сең соққан балықтай сергелдеңге түскен жаны соқтықпалы өмірден соқпақ іздеп, баяғы Шалқарға бет қойды»¹.

¹ Сонда, 511-б.

Романның соңғы редакциясында бұл сөйлем түсіп қалған. Онсыз да түсінікті жайттарды оқырманға шайнап берген астай етуді автор жөн көрмеген тәрізді. Оның бер жағында, Еламанның сең соққан балықтай күй кешіп жүруі рас болғанымен, Шалқарға бет қоюында саналы әрекет барлығы байқалады. Талай елді, жерді аралады. «...Ұйықтап жатқан кеше ойға тас тиіп оятқандай болды; сонан бері өз басының қайғысын ел қасіреті жеңіп, шерлі жүрегі сыздап қайтты»¹. Шалқарға бет алғанда Еламан қара басының қамын ойлаған жоқ. Еліне көмек тиетін көздің қай жерде екенін біліп аттанған.

Характердің сюжеттік арнасы кеңі түседі. Майданнан еңсесін тік көтеріп қайтқан Еламан ешкімге кеудесін бастырмауға, есесін жібермеуге тиіс. Іс жүзінде солай болады да. Майданда казак-орыстармен төбелес үстінде жазым бола жаздаған жерінен арашалап алып, Шалқарға жұмысқа орналастыруға көмектескен, үйінен пәтер берген Мюльгаузенмен жұдырықтасып қалады. Мюльгаузеннің «қорқақсың» деп жұрт көзінше қорлап былапыттағаны жанына батады, намысына тиеді. Кейіпкер характерінің қатайғаны Тәңірбергенмен айырылысқан бетте төркініне қайтуға жүзі шыдамай Шалқарға келген Ақбаламен ойда жоқта ұшырасып қалғанда байқалады. Ескі нұсқада Еламан бұрынғы әйеліне жаны ашығандай, онымен қайта табысқысы келгендей кейіп көрсетуші еді. Жаңа нұсқада оның Ақбалаға қайырылғысы жоқ. Құштарлыққа бой ұрып, емшектен шықпаған баласын тастап, бір кезде айдауға кеткен Еламанға ол да бұрылмастан кетті ғой, – деп қорытады өз шешімін.

Мюльгаузенмен төбелестен кейін ауылға оралған Еламан бастапқы кезде тағы да бұрынғысындай іштен тынып жүрген. Тағы да оқиға ағысында жаңқадай қалқитын тәрізді. Шалқардан әкелген тапаншасын жолшыбай бір ескі жұртқа тығып кеткен. Балықшылар арасынан тыныш тірлік іздейтіндей. Қайын атасы Сүйеудің үйіндегі баласын қолына алады. Бірақ бұлайша жеке басының қамын күйттеумен жүруі ұзақ-

¹ Сонда. 518-б

қа бармайды. Өмір еркіне қоймай иіріміне тартады. Амалсыз білегін сыбануға мәжбүр. Әлеуметтік тартысқа қайта араласпасына амалы қалмайды. Айдын-шалқар теңізді бір өздері иемденіп, балығы көп ойыққа басқаларға ау салдыртпайтын Темірке купец пен Тәңірберген байдың озбырлығына қарсы тұрады. Жеңілгенін біле тұрса да, топ бастап қайрат көрсетеді. Түрікпендер шабуылдап, бейқам жатқан елдің мал-жанын айдап кеткенде, қол бастап, жаудан өш алады. Мал-жанды үйіріне қосады. Жағдай намысты оятып, кеудеде жігер тұғызса, жігер характерді қайрайды. Ар-намыс жетегіндегі характерге оқиға арнасын өз деген жағына бұра алатын қуат бітеді...Бұрынғы жылқышы, балықшы, сарбаз ой-санасының әлеуметтік қабаты қалыңдай түседі. Шодырды өлтірген кездегі Еламан – стихиялы бунт құрбаны еді. Бұл жолғы Еламан басқа жан. Саналы күрескер. Халқының қолындағы қаһарлы қару. Білек күші жағынан ғана емес. Ақылы да пәрменді құралға айналған.

Түрікпен шабуылының құрбандықтарын жерлеп, асын берген Еламан төбе басында жалғыз қалып, «ауыр оймен тұнжырап отыр». Жай ғана қамырығып отырған жоқ. Ой ойлап отыр. Бұған дейінгі шертілген ұзын хикая публицистикалық жолмен сығымдалып қорытылады.

«Осы қазақ неге көнгіш? Аштыққа көнуге болар, ал, бірақ, қорлыққа көнген қасиет пе?...Көненің көзі ғой деп қариялардан жөн сұраған кезі болды. Қанша жасаса да олардың осы өмірден түйген зәредей де сабағы болмапты...Олар өз елінің тірлігін ұзақ сонарға сап, баяғы заманда өткен даңғой батырын, жезтаңдай биін мақтап, жөн сұраған кейінгі ұрпаққа тірліктің жолын қиындата түседі...Ата-бабасының бір ісіне ырза емес. Үстіне кісі кіргізбейтіндей, кең далаға сыймай, мал жайып жатқаннан не ұтты? Талай заманнан бері жер дауы кішкентай елді жегідей жеп, алауыздық асқына түскен. Соның арқасында ит-құсқа таланып, таяқ жеумен күн кешіп келеді. Кеше де өздерінен он есе күші аз жауға қарсы тұра алмады. Таланды. Тоналды. Алдағы уақытта әлі қанша таланбақ!»¹.

¹ Сонда. 518, 519-66.

Публицистикалық толғау драмалық сюжет есепті. Іші қазандай қайнаған Еламан тығырықтан шығаратын жол іздейді. Ізденіс үстінде ойы шартарапты шарлайды. Арғы-бергі тарихқа «ат сабылтады». Ауылына қайтқан беттегі қалпы қызық. Көзін алдындағы жалпақ даладан алмай келеді. Ал, ойы басқада. Қап тауын, Ресей жерін аралайды, қала берді Түркия майданына кірісіп кетеді. Кезбе ойы кесек ойларға бастай ма, қалай? Сюжет-толғау, сюжет-естелік ащы ішектей шұбатылған ұзақ ішкі монологқа ұласады. Еламан іштей түлейді. Оянған, рухани жағынан байыған Еламан санасы жаңарып, ел сөзін ұстайтын өреге көтеріледі... Роман кеңістігі теңіз айдынын елестетіп ұлғая береді...

Еламанның ел-жұртының тағдыры хақында ендігі түйгендерінің бәр-бәрі мінсіз емес. Келісетін де, келіспейтін де жерлері бар. Қазақ халқының өткен күнін, бұрынғы бетке шығарларын түгін қалдырмай сынап-мінеуі сыңаржақтау. Роман жазылған уақыттағы яки кеңес кезіндегі үстем көзқарастың – социалистік реализмнің салқыны тигендей. Ел тарихын тым кемсітіп жібергенімен келіспейміз. Келісетініміз, Еламанның ел ішінің бірлігі хақындағы түйгендері. Мұның жөні бөлек. Біріншіден, тарихи шындықты қозғап отыр. Екіншіден, заманалық мағынасы бар. Қазақ елінің күн тәртібінен әлмисақтан бері түспей келе жатқан ел бірлігі проблемасын қозғайды. Ұлттық идеямызбен үйлесім табады. Еламан жер дауы хақында да көп толғанады. Бұл да – ежелгі дерт.

Көріп отырғанымыздай, ішкі монолог енді кейіпкердің өзін-өзі қазбалаудан (самоанализ) үлкен өріске, ел жағдайына ауысқан. Еламан көрген-білгенін гүрілдеген жан көрігінде пісіреді. Біреуден шала естігенін малданбайды. Бәрін жүрегінен өткізеді. Трилогияның соңындағы Еламан – өскен, есейген, шыныққан көргенді адам. Қоғам хақындағы ойларында нақтылылық та, пәлсапа да бар. Кейіпкердің идеялық һәм рухани эволюциясы, жаңғырып өзгеруі шырқау биігіне көтерілген. Мұндағы ішкі монолог қайсыбірде ішкі диалогке ауысып, монолог-талқыға айналады. Жас Федоровтың қылышынан қаза болар алдындағы Еламан

монологы өзгеше сипатты. Оны монолог-өсиет, монолог-арман десең де сыйымды.

«Қан мен терде» айналасына үлкенді-кішілі сюжет тармақтары түйісетін Еламаннан басқа да бір кейіпкер бар. Ол – Тәңірберген. Тәңірберген – жағымсыз тип. Бұрынғы таптық көзқарас, қазіргі нарықтық дүниетаным тұрғысынан да оңып тұрған адам емес. Ақбаланың Тәңірбергеннен тапқан ұлының атын Құдайберген деп қояды. Осыны естіген кесір шал Сүйеу осқырына отырып, Тәңірбергеннің бай тұқымына мінездеме береді. «...Құдайберген дейді, ә? Бұл күшігі – Құдайберген...Әкесі – Тәңірберген. Ал, ал, әнебіреулер Алдаберген...Жасағанберген... – деп ызалы сөздер алқымына тығылғандай, үзіп-үзіп сөйледі. Әй-әй, о несі? О несі екен?...Абыралы ауылының балаларын Құдай береді... Алла береді... Тәңір береді... Жасаған береді... Әй, сонда біздің балаларымызды кім берген екен? О несі, әй?»¹.

Трилогияны қазір оқығанда да байқалатыны, автор Тәңірбергенді байлығы үшін жерлеп отырған жоқ. Бұл бейне таптық тұрғыдан емес, жалпы адамгершілік тұрғыдан әшкереленген. Перзент ретінде оны Тәңірдің, Құдай тағаланың бергені, рас. Малың ше? Оны Құдай берді дей алмайсың. Дей алмайтының, кісі еңбегін жегіш. Оның үстіне ұры ұстайды. Түрікпеннің жылқысын әлденеше рет айдатып алып, көршілес екі елдің арасына от жағады. Түрікпендердің қазақ ауылын шауып жүргені осы байдың кеселінен.

Қалаға тоң балық апаратын кірешілердің тең жартысы – Тәңірбергендікі. Кіре тартқан түйелер соныкі. Романның сынайтыны Тәңірбергеннің бұл тірлігі емес. Оның тым құнығып кеткендігі. Қала байы, промысел қожасы Темірке екеуінің шалқар теңізді меншіктеніп, басқа халыққа күн көрсетпеуі. Көзі топырақтан басқа ештеңеге тоймайтын тиранға айналып бара жатқаны. Сол қаралықтарын роман сықақ тілімен қариды.

Тәңірберген ел бірлігін көп сөз етеді. Адалдықты, тазалықты дәріптеуге құштар. Іс жүзінде ел ішіне іріткі салушы

¹ Сонда. 336-б.

нағыз қызылкөздің өзі. Тып-тыныш отырған балықшылар ауылын екіге жарып, бір-бірімен өштестіріп, қастастырып қояды.

Тұрмыс жағынан да азып біткен. Күйдім-жандым деп алып қашқан Ақбалаға көрсеткен қиянаты, баласынан айырып, қоя беруі оның қатыгез келбетін толықтыра түседі. Ақбаланы үйден түріп шыққан күннің ертеңінде қаннен қаперсіз ел аралап кетеді. Бұл дүниеде Ақбала дейтін әйелінің болғанын тарс естен шығарғандай. Бұл қаталдығына Тәңірбергеннің өзі де таң қалады. Құрбандығын жұтып алған қолтырауын екеш қолтырауын да көзіне жас алады екен. Ал, Тәңірберген өз тас бауырлығына өзі тәнті... Және сол мінезін мақтан еткендей ме, қалай?

Еламан іштей жуылса, Тәңірбергенді кір басады. Сол ыластығына өзі сүйсінетін мұндай жан – қазақ әдебиетінде бұрын кезікпеген кейіпкер. Құнанбай да барып тұрған қатыгез, бірақ дәл мына Тәңірбергендей сырты бүтін, іші түтін, су жұқпас мұттайым, баянсыз қара жүрек емес.

«Қан мен терді» сынаушылар оның кейіпкерлерін Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» эпопеясының геройларымен салыстырып жатады. Тіпті кейбіреуін содан көшіріп алған деседі. Ал, салыстыра келгенде, қазақ жазушысының трилогиясындағы екі жүзден асып жығылатын кейіпкердің бір де бірі, тіпті орыстарына дейін, еш шығарма образына ұқсамайтыны айқындалады. Тәңірбергенге келсек, мұндай типті қаһарманға ұлы орыс жазушысының романындағы кейіпкерлердің арасынан тіпті тырнағы ұқсастары да кезікпейді. Тәңірберген – қазақ әдебиеті тарапынан әлемдік әдебиет образдар галереясына қосар бейнеге жататын бітім бөлек характер.

«Қан мен тер» трилогиясы Тәңірберген тағдырының соңғы күндерін суреттейтін үлкен тараумен аяқталады. «Ақтар Аралдан шегінгелі Тәңірберген төтен бір халде»¹. Өстігі басталатын тарау тұтастайын ішкі монологтан тұрады. Тәңірберген бар дүниеден баз кешкен. Аяр залым, айлакер

¹ *Нұрпейісов Ә.* Қан мен тер. Үшінші кітап. 296-б.

ку бұрын ойына алғанын істемей қоймаушы еді. Иті қырын жүгірген соң амалы құрыды. Не істесе де ойлағанынан кері шығады. Өзінің халіне көлденеңнен тосырқай қарайтынды шығарған. Ішкі монолог ұйтқыған құйындай.

Кейіпкер қай жерден қапы соқтымға ұшырайды. «Үстіңдегі үйінді жығатындай беті қатты заман бұны төсегінде тыныш жатқызбады»¹. Шалқарға айдап келді. Осы жерде ұсталып қалды. Шегінген генерал Черновтың әскерін құм арасынан бастап алып шығатын кісі керек болып, опасыз досы Темірке саудагер лайықты ешкімді таба алмағандай Тәңірбергенді нұсқап иек көтеріпті. Басында ақтарға Алтықұдыққа дейін жол көрсетсем, арғы жағына өздері бір лажын істер деп ойлап еді, қателесіпті. Ұлықұм, Кішіқұм бойына баруға тура келді. Ол жерден де аман алып шығып еді, ендігі жолын қырсық шалды... Сусыз қаталаған шақта, бар көз өзіне шұқшиып зәресін алып барады. «Ну, гад! Құдық қайда?» – деп ақ офицер жанын мұрнының ұшына келтіріп тұр.

Нүрпейісов психологизмі бұл тұстарда бар шабысына салған тұлпардай аңқылдайды. Психологиялық мінездеме көркемдік талдауға ұласқанда бақыты күйген кісінің бар пәлені жазмышқа артуы дұрыс па деген сауал туады. Жақсы болсын, жаман болсын, көп характерті істететін адамның пешенесіне жазылған мінезі – характері. Бәрінен де бұрынғы өр Тәңірбергенге қосымша жаңа табалаушы Тәңірбергеннің шыға келгенін айтсаңшы. Монолог тексеріс монолог-айыптауға ұштасып, кейіпкер санасын әбден сансыратқан. Сансыраған сананың мәңгүрттенген ахуалы қандай болушы еді? Тәңірберген өзін-өзі жерлейді. Ақылдымын, айла-амалым мен қулығымды бәрінен асырамын деп жүрген жігіт өзін аяусыз кінәлап сөгеді. Заманы түлкі болғанда тазы боп шалу есіне кірмепті. Сол үшін өзін-өзі айыптайды. Әсіресе қызылдарға қарсы шыққанына өкінеді. «Қызылдарға осынша күшпен Колчак түк істей алмай жатқанда, есалаң сорлы-ау, сен күл шашып не бітірмексің?»².

¹ Сонда. 298-б.

² Сонда. 299-б.

Жаны күйзелген Тәңірберген өстіп өзімен-өзі ішкі диалогқа кірген мезетінде тірі пенденің істеп жүрген ісінің бәрін тәрк ететіндей. Бара-бара өмірдің өзінен түңіледі. «Өмірдің түк қасиеті қалмапты-ау», – деген әнге басады. Сүлесок, енжар, құлықсыз. Көкірегіндегі ежелгі жауларына деген кектен де ада. Осы дүниеде өзінің де бар-жоғы, өлі-тірісі бәрібір. «Иә, маған бәрібір», – деді Тәңірберген»¹. Жынды кісіше өзімен өзі сөйлесетін кейіпкер әуеніне автордың мұнды мақамы қосылып, психологизмнің ең бір күрделі сатысына көтеріледі. Ішкі монолог жиі-жиі ішкі диалогқа ауысады. Тәңірберген «өң мен түстей бір халде». Тайталас ойының кезбейтін жері қалмаған тәрізді. Дүниенің төрт бұрышын аралайды. Кербаланың шөлінде қаталаған Хұсайын туралы қиссадағы аңыздарды есіне түсіреді. Әркіммен қызу айтысқа түседі. Бір жұлқысуға жарамаған ақ патшаға наразы. Тағы бірде «бар пейілі малға, байлыққа ауып, болған үстіне болса екен деп құнығып жүргендерді»² кекетіп мысқылдайды. Өзі ше? Өзінің олардан асқан жері қайсы? – деп кейіпкер өзін де аямайды.

Сана ағымы күшейе келе машықты кенересінен асып төгіледі. Үлкен философиялық арнаға бет қояды. Жалпы адамзат хақындағы толғанысын еселете түседі. Роман енді адам атаулының бір тұтам тірлігін дұрыс пайдаланып отырғанына күмән келтіреді. Әйтпесе қамшының сабындай қысқа ғұмырында талай күнәға батып үлгіретіні қалай? «Әркім өз күлшесіне күл тартқан заман. Оның бергі жағында өзіміз де құдайдың кең дүниесін қолдан тарылтып, көр тышқанша бас-басымызға бір-бір ін қазып ап күнделікті күйкі тірлікпен күйбеңдеп жүріп үстіміздегі осынау биік аспанды да жөндеп байқамалпыз»³.

Трилогияға бұл тұстарда ұлттық ая аздық ететіндей. Ойы енді жер шары үстінде қалқып, адамзаттық өреге көтерілген. Сол бойда ұғып жететіні: адамзат қаншама өмір

¹ Сонда. 302-б.

² Сонда. 307-б.

³ Сонда. 319-б.

сүрсе де өмірдің шын мәніне әлі түсініп жетпеген, Құдай жолының сырына қанықпаған.

Жақшаның ішінде ескерте кететін нәрсе, кеңестік атеистік заман шығармасы «Қан мен тер» кейіпкері Құдайды көп аузына ала бермейді. Белгілі себептермен Құран Кәрімді оқып түйсініп, Алла жолын білуге шақырмайды. Алланың аты аталмаса да, заты бар. Ол астарлап айтылады. Тәңірберген көк аспанға жиі көз тігеді. Түркі әлемінде аспан, көк, Тенгри-Тәңір ұғымдары мағынасы тең ұғымдар.

Бір ойды екінші ой түртпектеп оятады. Адам опасыз дүниеден әрдайым жаманшылық күтіп зәресі кетіп жүреді. Осының түп себебі неде? Күнәні жамай бергенше, күнәдан арылуды неге ойламасқа?

Тәңірбергеннің аузынан бір сәтте ғана «Құдай зауалыңды берсін!» – деген сөз шығады. Осы қарғысты ол кімнен есітті? Сол қарғыс па екен, әлде не, мына сырттан келген зауалды асқындырып бара жатқан? Тәңірбергеннің іші солай шиыршық атып сенделсе, бергі, сыртқы ойы мына қу даладан су іздеп әлек. Талай жүрген таныс жері еді. Тас қараңғы түнде де көзін жұмып жүріп тауып алатын құдықтардың шегенін біреу тарқатып алып топырақпен көміп кетеді.

Бір айналдырғанды шыр айналдыратыны рас екен. Жолда көрген азабы аздай, зауалды күн енді Тәңірбергеннің ауылына төнеді. Жадап-жүдеп титықтаған ақ әскерлері кенет Тәңірбергеннің ауылының үстінен шығады. Сусынын қандырып, тамағы тойып, ауылдың бұт артарға жарамдысын сыпырып алған соң, бар сиқынан айырылып азғындаған әскер әйел атаулының етегін ашып масқаралайды.

Ішкі монолог арғы-бергіні қорытып үлгермей жатқанда оған қосарланған битөл сөз кетеуі кеткен дүниенің сұмдықтарын үсті-үстіне бетке басады. Тәңірбергеннің есіне Түрікпен ауылын шапқан кезі оралады. Түрікпеннің бір жасамыс әйелі құлақты жарған ащы даусын кілт тыйып: «Жалғыз баламнан айырдың. Қартайған шағымда жұлынымды үзіп жерге қаратып отырсың. Құдай сенің де зауа-

лыңды берсін!»¹ – дегені енді жаңғырық сияқты қайталанып, жүрегін жұлқылап барады. Табиғат екеш табиғат та бұдан теріс айналғандай...Оның өзі де бір түрлі символистік бейнеге айналып, өлмесең өрем қап дейтіндей.

«Тәңірберген бозторғай үнін жақсы көретін. О шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін көл-көсір далада салт атпен жолаушылап келе жатқанда жалғыз көңіл ашатын осы ғана»². Көмейінен күй төгілген құмық құс жолаушы жанын жабықтырмайтын қасиетінен мына зауалда айырылып қалғандай. Тәңірберген төбесінде бір жоғарылап, бір төмендеп шыр-шыр еткен бозторғай үнін сезген жоқ. Өйткені ауылдан қайта шығып Қарақалпақстанды бетке алып тағы құм арасына сіңгенде, бұлар тағы да көмілген құдықтарға тап болады. Титығы құрыған өзінің де, ол жол көрсетіп келе жатқан ақтардың әскерінің де жан созар жағдайы қалмаған-ды.

Шығарманың трагедиялық әуені философиялық ой толғаққа айналады. Аспанды торуылдап қаптап кеткен мына қара құс – зауал құсы. Ертеңгі күн кімнің басын торуылдамақ?

Тәңірбергеннің ішкі драмасы шырқау шегіне жеткендей.«Тағдырға тәбділ жоқ», – деп мойындатпай қоймайтын қатыгез трагизм дендеп алған. Есі кіресілі-шығасылы. Өзімен-өзі «сен» деп сөйлесетін ішкі диалогы мүдіріңкі, үзік-үзік, сандыраққа ұқсайды.

«Қап-қара тұңғиық дүние кенет қып-қызыл боп алаулап бара жатты». Бұны өрт екен деп ойлайды. Өртке қарсы жүгіріп бара жатқан оқыған інісіне көзі түсіп: О, сорлы...еса-лаң сорлы! Есі дұрыс кісі үстіне келген өртті қарсы жүгіріп өшіре ме? Ха-ха-ха!»³.

Сәнсіреген сана сөнер шағында қайта бір есін жияды. Тәңірберген бойын қайта тіктегендей. Аспанға көзі түседі. Безерген жерден көңілі қалып болған ол, бар үмітін зеңгір көкке артатын тәрізді.

¹ Сонда. 330-б.

² Сонда. 349-б.

³ Сонда. 349-б.

«Мына аспанның әділ болмауы мүмкін емес. «Жоқ мына аспан әділ, шексіз әділ!» – деп ол осынау опасыз жалғанға өзінің кеш байқаған пұшайман бір сырын бар даусымен жар салғысы кеп кетті. Оған бірақ шамасы келмеді. Бұл кезде ол бар дауыстан жұрдай боп айрылған еді»¹.

Ғарышпен тілдесу романның жер-көкпен астасқан көкжиегін мейлінше кеңейткен. Кішкентай балықшы ауылының тірлігі қазақ елінің үлкен шындығына айналған.

«Мен – қазақпын!» деп тұрған характерлерінің сомдалу сапасының биіктігі Әбдіжәмилдің эпикалық талантын жаңа бір қырынан танытты. Іштей ашылатын Еламан, Тәңірбергендермен қатар, оқиға барысында кескінделетін характерлерге де роман ерекше жомарт. Бұлар даралығы көзге ұрып тұратын Кәлен, Сүйеу, Ақбала, Айғаным, Мюльгаузен, Федоров, Қарақатын, Судыр Ахмет, т.б. бейнелері.

Кәлен халық топырағының тереңінен тамыр тартатын образ. Трилогияның басты идеясы тумысынан батыр, жау жүрек, дара тұлға Кәленнің жан сүйсінтер қайрат-жігерімен, үлкен масштабты іс-әрекетімен байытылып отырады. Еламанның, Тәңірбергеннің бейнесі Кәленсіз жүдеп қалар еді.

Кәлен – 1916 жылғы халық көтерілісінің сардары. Трилогияның соңғы нұсқасында оның қолбасшылық ісі кеңірек көрсетілген. Күші басым жау әскері құм ішінде шабуылға шыққанда қорғаныс шебінің алдына киіз үй керегелерін жайып тастайды. Көмулі тұзаққа тап болған дұшпан талай сарбазын жоғалтып кері шегінуге мәжбүр. Кәлен комиссар Дьяков пен Еламанның тапсырысы бойынша ақтардың әскерлерінің алдына түсіп алып, қу медиен қу даладағы құдықтарды жауып отырады. Ақ гвардияшыларға жол басшы боп жүрген Тәңірберген байдан талайдан кеткен кегін қайтарады. Ақ әскер құзғындарын Тәңірберген ауылының үстінен түсіріп, ақыры тұтас бір әскерді судан қаталатып, бір оқ шығармай қырғынға ұшыратқан асқан ерлік иесі дәл осы Кәлен. Ол құдды Тәңірбергенге тауқымет тартқызбақ-

¹ Сонда. 350-б.

қа көктен арнайы түскен, көзге шалынбайтын зауал секілді. Кәлен бір өзі мың сан қолды жайпап кететін ертегінің батырындай асқан ерлік танытады. Фольклор кейіпкерінен айырмасы – ерлігінің нанымдылығында, реалистік сипатында. Және Кәлен образының сомдалуындағы бір ғажап нәрсе, кейіпкер роман сахнасына мүлде шығарылмайды. Ол туралы Тәңірбергеннің аузынан бір-ақ ауыз сөз естиміз. Кәленнің құдықты қалай жауып жүргені суреттелсе, артық болмас еді. Бірақ автор өйтпеген. Тек істеп жүрген орасан қайратының нәтижесін ғана көрсеткен. Қисапсыз «үнемді» тәсіл. Әбдіжәмилдің айтарлықтай олжасы, қазақ романы поэтикасына қосқан жаңалығы. Кәлен қазақ әдебиетінің батырлар галереясына сұранбай-ақ кіріп тұр.

Жазушының творчестволық жұмысқа әбден беріліп, ысылып, кәнігіленіп алған кезде көріктеуін, бояуын келістіре жасаған образы – Судыр Ахмет, көк мылжың, қуыс кеуде, есі кірмеген баладай пәруайсыз жан. Еңбекке қыры жоқтығы жағынан Қалау мен Төлеуге ұқсас. Айырмашылығы, қолынан дәнеңе келмейтін, бір бақаннан бір қазық шығара алмайтын, қандай да іске икемсіз орашоплақ, бос белбеу. Бар жақсылықтан жұрдай, бар кеселді мойнына артқан сорлы тәлкекке ұшырайды да жүреді. Байқұсқа басына келіп дұға оқитын мола да бұйырмаған. Ешкім білмейді, із-түзсіз жоғалып кеткен. Судырдан артында қалған жалғыз белгі – ақ киіз қалпағы. Соның өзінде роман жүрегін соқтыруға бұл өте-мөте қажет характер. Ұлт талайы-тағдыры, адамның өмірдегі еңбегі туралы ойға шомдырады. Өлім де адамның қалай өмір сүргеніне сын... Бұрау басын сындырмаған адамның өмірге келдісі не, кеттісі не? – дегізеді.

Нұрпейісов романы ұлттық характердің тұтас сілемін жасауымен құнды. 1916–1918 жылдардағы халық қозғалысын әлеуметтік-психологиялық тәсілмен суреттейтін, өрістетілген ішкі монологқа құрылған бұл роман нағыз замана эпосы. Грек тілінде – ероз – сөз, әңгіме, өлең деген мағына білдіретіні мәлім. Әдебиет теориясы бойынша, эпос – баяндаушы жанр: әңгіме, повесть, роман, эпопея. Кезін-

де «Қан мен тер» романы жанрын эпопея жанрына қарсы қоюшылар табылды¹. Талдауға сүйенетін «білік» «жадыны» жеңіпті, роман эпопеяның енесін ұрыпты-мыс... «Ішкі драматизм сыртқы қабыршақты бұзып, мән-мағынаға бойлатады». Сондықтан бұл таза роман («роман чистых кровей») делінді.

Бұл көзқарасқа дау айтылды². Роман, эпос оның түрлері фольклорды да, лириканы да, тіпті сүреңсіз хабар, хроника, цифрларды да бойына сыйыстырып, жарасым таптырып, тамаша көркем поэзия болып шығатыны жайындағы ежелгі қағида еске алынды. «Қан мен терде» эпостың көп қасиеті табылатыны дәлелденді. Эпосты романға етене жақындататын шешуші белгі кең құлаштылығы. Халық өмірі өзенінің табанындағы ағыс, жылғаларды көрсететіндігі. Ұлттық һәм адамзаттық проблемаларға шығатын шалқар шығарма екендігі.

* * *

Тәңірбергеннің ішкі монологында мынадай бір пікір бар. Әбден әлі құрып, ойы сан саққа жүгіретін Тәңірберген бір уақ көк аспанға көз тастайды. «Ана қарашы, жарықтық, қандай биік және қандай кіршіксіз таза. Адамзат жетпей сорлап жүр. Көре қал, күндердің күнінде көкке қолы жетсе адам аспанды да былғайды»³.

Адамзат һәм табиғат, қоршаған орта. Экология... Белгілі себептермен бұл тақырып идеялық-эстетикалық нысанасы басқа «Қан мен тер» романында көп өрістетілмегені түсінікті нәрсе. Адам табиғат-анаға тым қатыгез екендігін айтып үлкен бір әңгіменің шетін шығарды да («қолы жетсе, адам аспанды да былғайды»), сол заматында тоқтайды. Бірақ басталған әңгіме аяқсыз қалған жоқ. Жалғасын жа-

¹ *Марченко А.* Вместе с движением истории. //Литературная газета. 1971. 16 июня.

² *Елеукенов Ш.* От фольклора до романа-эпопеи. Алматы: Жазушы, 1987. С. 163-168.

³ *Нұрпейісов Ә.* Қан мен тер. Үшінші кітап. 319-320 бб.

на шығармадан тапты. Атап айтқанда, маңызы зор экология әңгімесі, табиғат пен адам туралы толғаныс «Соңғы парыз» роман-дилогиясының (1999) өзекті тақырыбына айналды.

Дилогияның бірінші бөлімі 1981 жылы «Сең» деген атпен жарық көрді. Бұл романды одақтық сын (Ф. Кузнецов) Леонид Леоновтың «Орыс орманы», Виктор Астафьевтің «Патша – балық», Валентин Распутиннің «Өрт» романдарымен бір қатарға қойды¹. Үлкен адамгершілік проблемасын алға тартатынын атап көрсетті. Адам табиғатқа қатігездігін көрсетсе, табиғат та есесін жібермейтінін айтқан алғашқы қазақ романы деп бағаланды. Сонымен бірге «Сең» романын жазу үстінде социалистік реализм талаптары да ескерілмей қалмағанын айтуымыз керек. Соңыра партиялық сын романда кеңестік шындыққа күйе жағылған, суреттерінде қара бояуды тым қалыңдатып жіберген деп өре тұра келер ме деп сескенгендей, автор шығармасының қан қатқандай қабарған қабағын сәл де болса жұмсарту амалын іздестірді. Жәдігер обком секретарының кеңесі бойынша Сырдария мен Әмудария арасындағы құлатүзді жайнатып жіберген мақта, күріш плантацияларын көріп қайтады. Аралдың көп қасіретінің қайыратын қарымтасы да бар екен ғой деп Жәдігер сапардан әжептәуір жұбаныш тапқандай болады...Шығарманың келесі нұсқаларында мұндай жылымшы стиль сарынына жол берілген жоқ.

«Соңғы парыз» романын жазуға отырғандағы мақсатын жазушы «менің өз уақытыммен есеп айырысуым» деп түсіндірді. Бұл сөздерінің астарында заманына деген зілді өкпе, опыныс жатыр. Оның көп ісіне наразы. «Адам баласы жасампаздық қасиетінен жұрдай айырылып, бірыңғай жойымпаздыққа салынып кеткен тәрзіді»², – деп жазды Нұрпейісов кейінірек жазған бір мақаласында. Әсіресе ашындыратыны – табиғаттың қай жерінің болсын дерті күллі жер шарының дерті екенін түсінбеушілік. Арал апатына

¹ Литературная газета. 1985. 25 декабря.

² Нурпейсов А. Кто же мы сейчас, казахи? // Новое поколение. 2002. 19 апреля.

жергілікті мәселе деп қараушылық. Шынында, бұл ұлттық мәселе ғана ма еді?

Романда суреттелетін өмір шындығының эпикалық кендігі ұлттық проблема мен адамзаттық проблеманы үйлестіруге негізделген. Арал теңізі экологиясының ойрандалуы түптеп келгенде адам пиғылы бұзылуының салдары. Күнәкар пенде инсаниятынан (нравственность) айырылып барады. Табиғат «адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын»¹ деген Хақ тағала. Адам Жаратушының, міне, осы махаббатын аяқ асты етіп отыр. Осы тұрғыдан келгенде, «Соңғы парыздың» ойы, толғамы бір қазаққа емес, күллі адамзатқа қатысты.

Екі бөлімнен тұратын дилогия фабуласы былай қарағанда қарапайым: дәстүрлі «үштік»арасындағы тартысқа құрылған. Ол балықшы колхозының бастығы Жәдігер, оның әйелі Бәкизат және академик Әзім арасында өрістейді. Қыз кезінде Бәкизатқа қырындап жүрген Әзім кенет нілдей бұзылады. Кінә Бәкизатта емес, жастайынан бақай есебі мығым Әзімде еді. Арада он үш жыл өтеді. Балалышағалы отбасының ақжаулығы Бәкизат сонда да Әзімді ұмытпайды. Ақыр аяғында Әзім құшағына қайта құлайды. Академиктің ашынасына айналады...

Бір қарағанда бұл фабула жаттанды махаббат драмасы, шиыр тұяқ тақырға айналған тақырып секілді. Міне, осы таптауырын шаңдақты жазушы кең-байтақ жасыл жазира еткен. Жәдігердің шағын отбасы трагедиясы мен замана трагедиясы тығыз байланыста суреттеледі. Жер де, адам да азып барады, – дейді роман. Кең байтақ Қазақстанның даласында күні кешелер миллиондап заулайтын киіктің жұқанасы ғана қалған. Сол азын-аулақ киікке су ішер суат табылмайды. Тартылған теңіз табанынан босаған борпылдақ тұз аралас құм қысқы бораннан жаман ұйтқиды. Құм боран шыдатпаған киік бұрын маңына жуымайтын ауылдардың қора-қопсысына тығылады. Заманақыр зау-

¹ *Абай*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. Алматы: Ғылым, 1977. 194-б.

лындай трагедия адамның өз басына да түскен. Құдайдан қорықпай табиғаттың әлем-тапырығын шығарып тонап жатқан адамзат өз жанын қоса тонауда, ар-инабат, инсаният атаулыдан безінуде.

«Теңізі тартылған, жері азған, елі босқан» Жәдігердің бүкіл тағдыры замандасына былай дегізеді. «...Есалаң сорлы, есіңді жый! Оның мен солыңа қара! Басқаны ойламасаң да, ойраны шыққан мына дүниенің ертеңі не боларын ойласаң еді? Осы дүниеге соңыра, өзіңнен кейін келетін сорлы ұрпақтың күні не болатынын ойласаңдар еді»¹.

Жері азған, елі босқан жалғыз Арал ғана ма екен? Сондықтан «Соңғы парыз»: адамзат үлкені, кішісіне, басшы мен қара табанына қарамай табиғат, қоғам алдындағы борышын қайтаруға міндетті дейді. Ол міндет қалай өтелуі керек? Нұрпейісов романы мәселені төтесінен қояды. Бәр-бәрі адамның өз қолында. Шығарманың мына бір жолдарына құлақ түрелік.

Әнеу бір жылдардағы «ай құлағын әлдилеген ғажайып хикая ма, ертеке пе, әйтеуір адамның аңсары ауып, арманын үздіктірген алдағы жарқын болашақты» айтқызу романда академик Әзім бейнесі тақырыбына беріледі. Сондай әңгімеге қарық қылып жүрген Әзімге бір күні тыңдаушы ауылдастары тілек айтады.

«– Әзімжан-ау, не ойлағаның бар? Аузы-басына қарап отырған теңіз тартылды, балық құрып кетті. Кәсіп қылмағасын шамасы келгендер қатын-баласын жетелеп көшіп жатыр. Арқа тірер азаматым...асқар тауым-ау, сен бұған не дейсің?»

Әзім сырғақтайды.

«– Болады... болады, ақсақал, кішкене шыдаңдар, – деді де, орнынан тұрып кетті»².

Адам өтірікке тойынып бітті. Сан жылғы қияли арман – коммунизм енді бір жиырма жылда орнап қалар деп гөйітіп еді, мұнысы алыстан бұлдыраған сағым боп шықты.

¹ Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Алматы: Жазушы, 444-б.

² Сонда. 277-б.

Жәдігердей кейіпкердің тақырыбы – міне, осы жалғандықты, бос уәдені кәсіп етіп алғандарға қарсы өшпенділік, қасастық. Сол себепті роман уытты сатира тілін безегіш. Үш адам, жаңағы «үштік» – Жәдігер, Бәкизат, Әзім теңізде мұзбен бірге ығып барады. Зәре жоқ. Жандары мұрнының ұшында. Сондай қиын мезетте де Жәдігер бақталасы, бұтына жіберіп қоя жаздап тұрған Әзімге: Аралдың құрығаны елге құт дегенің қайда? – деп қалады.

Роман Әзімдей жалғаншы ғалымның ішкі монологын дөңгелете келгенде, бар қылмысын өзіне мойындаттырады. Бірақ Әзім кінәні жалғыз өзінің мойнына артқысы келмейді. Келтіретін дәлелінің жөні жоқ дей алмайсың. Жазығы – жоғарының дегенін бұлжытпай істеді. Сонсоң бастықтардың алдында бас изеп шыбындаған жалғыз Әзім ғана емес шығар. Сынын сатылап жоғарылата береді. «...Қиян пұрыс, қисық істі бастаған бұл емес; Түрікпеннің Бабаевы да емес, Москвада отырғандар!...» – деп бір кетеді. Артынша семсерін сол кездің идеологиясына сілтейді.

«Арал өңірі тұзға тұншығып, тамыры күйген шөп көктемде де көктемей, қара кеңірдектеніп қурап барады; адам көрмеген індет шығып, ана жатырында ұрығынан ауруға шалдыққан балалар делікұл, дімкес боп, келешек ұрпақ азып бара жатқанына қарамастан Кремльдегі көсемдер біз болмағанда Орта Азия мен Қазақстанның халқы адамзат көшіне ере алмай, ескі жұртта сарыжамбас боп қалатын еді деп, екі көзіңді бақырайтып қойып көкіп жатқан жоқ па?» – деп жосытады. Қайта айналып республика ұлығына ұрынады. «Соларға қарсы қайсысың дауыс көтеріп едің? Басқа-басқа үлкен кісінің өзі ауыз ашса, соларды қостап, зарлап қоя бермеуші ме еді?»¹.

Өстіп «Соңғы парыз» бүкіл елдің берекесін кетірген жалғандық құртының жайлаған мекенін табады. Әзімдей академик боп қомпайып жүргендер – Қазақстан жерінің асты қаптаған су деп өтірік карта жасағандар – Кремль көз бояушыларының қасында жіп есе алмайды екен.

¹ Сонда. 346-б.

Жанры жағынан «Соңғы парыз» дилогиясы «Қан мен тер» трилогиясымен қарайлас: элеуметтік-психологиялық роман. Сонымен бірге ерекшелігі де бар. Ерекшелігі, кетеуі кеткен қоғамдық-саяси өмірді әжуалап әшкерелеуші роман-памфлет те.

Жалғандықтың кірмейтін тесігі жоқ. Соның кесірінен мына жалпақ дүниеде теңіз тартылып жатса, жалқы тірлікте де талай өмір өксуде. Жалғандық адамның ең асыл рухани кеніші – жүректі де жайлап алған. Бәкизаттың жалған махаббаты жары Жәдігерді де, өзін де жарға жықты.

Бәкизат ахуалы «Қан мен тер» трилогиясындағы Ақбала тағдырын еске түсіреді. Ақбала да Бәкизат секілді Құдай қосқан қосағынан жериді ғой. Мұндағы ұқсастық – Ақбала да, Бәкизат та көрсоқыр сезімнің жетегінде кеткен. Екеуінің де нақсүйерлері адал махаббатқа лайықсыз жандар боп шықты. Тәңірберген жүрегін қатыгездігіне жеңдірсе, Өзім – әлжуаздығына жеңдірді.

Бәкизат пен Ақбала тағдырларының осындай ұқсастығымен қатар, елеулі айырмашылығы да бар. Ақбала Тәңірбергеннен ажырасқан соң жел аударған қаңбаққа ұқсайды. Еламан тұрсын, ата-анасына да керегі болмай қалады. Бәкизат олай емес. Ол іштей түлеп үлгерді. Және қас қағымдай сәтте. «Соңғы парыз» дилогиясы «Сондайда бір күн болған», «Сондайда бір түн болған» деген екі кітаптан тұрады. Бәкизат жаны бір тәулік емес-ау, – бір түннің ішінде Өзімге суынады. Өзінің жүрек қалауы Өзімнің уақ кісі екеніне көз жеткізеді. Бәкизат кісі танымағанына, өз күйеуінің әлдеқайда ірі азамат екенін сезбей келгеніне опынады. Іштей жуылып, Жәдігердің жаны қалса екен деп, Құдайдан мойнына бұршақ салып тілейді. Осы күрт өзгерісті жан диалектикасына жетік зергер сенімді суреттейді.

Роман идеясы айқын. Көздейтіні – жалғандықтың жағасынан алу. Шығармада Өзім бастатқан жылпос, өтірікшіл, екіжүзді, айталы алаяқ кейіпкерлердің тұтас жүйесі жасалған. Аудан басшыларының бірі Қозы Қарын әрі-сәрі, жұрттың көлгірсіген сөзінен мақтау мен боқтау арасын

айыра алмайтын халдегі байғұс. «Жауырынына терезе салса да, ішіне жарық түспейтін» Жуан Жақайымның бар қызметі – Өзім қылмысын игі іс етіп дабырайтып насихаттауға, жауырды жаба тоқуға бағытталған. «Моншаға түскенде арқа жуатын резенке губкаша» кір мен иіс-қонысты «күпсер бойына сіңіріп алады да», тіл жоқ, ауыз жоқ мызғымай отырып алады. Өзімнің ағасы, атақты құрылысшының аңдығаны – кеудеге тағы да бір алтын жұлдыз қадау үшін – «коммунизмнің сәулетті құрылысын», патша сарайындай ғимарат салу. Атақ, даңқ бермейтін құрылысқа енжар... Сары Шая – кеңес белсендісі – Құдайсыздар ұйымына мүше. Бірақ құдайсыздығы – бер жағы. Қыл аяғы қойнында комсомол билеті бар Қожбан, ол да алдамшы жәдігөй. Ретін тауып, молдалардың арасына сыналап кіріп, кісі өлген азалы үйлерді бірге тонасып жүр... Осылардың бәрі типтік жағынан тамырлас – жалған жүйенің жалдаптары.

Және бір айтылуға тиісті нәрсе, «Соңғы парыз» романының жазылу уақытына байланысты. Бұл роман нарық заманында аяқталды. Қандайда шығарма туған уақытының тыныс-танымымен санаспай тұрмайды. «Соңғы парыздың» оқиғасы Кеңес дәуіріне қатысты десек те, көтерген көп проблемалары бүгінгі күнмен үндес. Кешегі, бүгінгі жалғандыққа бірдей шүйлігеді. Нақсүйерін ажал аузында қалдырып, сең үстінен амалдап қашып шыққан Өзім өзі сияқты «болады, боладыны» әндетуге үйір, уағдаға опасыздар келешектен де табылатынына нық сенімді.«...Талай жыл өтер. Заман да, қоғам да өзгерер. Адам да өзгерер...Адам қанша өзгерсе де, Арал тағдыры өзгермес» деп басталатын бұл ұзақ монолог адал істі арамдайтын нелер әзімдердің бет-пердесін жыртады.

Әзімдердің сорты көп. Ортақ сиқы сол, бәр-бәрінің айналасы – тау толған өтірік, дала толған мақтан, өзен толған өсек, оспақ.. «Арал тағдыры – адам тағдыры» деген әдемі сөзді ел көзінде елтең-селтең жүргенді мансұқ еткен епті жігіттер қызыл тілді қайраққа жанып-жанып алып, халық алдында ана мінбеден де, мына мінбеден де қиқулатар-ау!

Тірі болсақ, соны да көрерміз, бірақ қызыл сөзге құлағы қанық кісілер оған онша илана қоймас»¹.

Илана қоймайтыны, тартылған Арал тағдыры бірыңғай қызыл тілге салып алдарқатудан өзгермейді. Ондай қызыл сөзден «Тұз астында тұншығып жатқан сорлы өлкенің соры қайнаған халқына... ешқандай жеңілдік болмас-ау!»². Өйткені негізі шірік. «Кезінде осы елдің төрінде отыз жыл төбесімен көк тірегендей шалжайып отырған Үлкен Кісі әдемі моншақтарды шылдыратып кеудесіне таға бергені болмаса, кешегі ел басына қара күн туған қилы замандарда аспан астына тарыдай шашырап кеткен сорлы халқына түк істемей-ақ дүниеден о да өтер, кетер!»³.

Хикаясын Кеңес дәуіріне арнаған роман «сүйтер», «бүйтер» деп келешек туралы сыр шерткенде жоқтан барды мошқап отырған жоқ. Шартты түрде бүгінгі шындықты айтып отыр. Еңбек еткен «Қазекемнің балалары болмаса, онан басқа халықтың бәр-бәрінің де құлқы, пейілі, пиғылы өзгеріп, заманына қарай амалын жасап, қолынан келгені заманы қасқыр болса қасқыр боп, түлкі болса түлкі болып құйрығы бұлаңдап айласын асыра бағар-ау!»⁴ – дейді үйінен өрт шыққандай жаныққан Әзім.

Нұрпейісов дилогиясы – табиғаттың, не дүниенің бүлінуі пиғылдың бұзылуынан шығатынын көрсетеді. Инсаниятты түзеуге, әділдікке, ар-инабатқа кір келтірмеуге шақырады.

«Соңғы парыз» тәуелсіз ел әдебиеті атына да арнап үндеу сөз айтатындай. Өзін ел жаршысы, жыры мен сыры санайтын әдебиет жалғандыққа қарсы айбын беруі тиіс. Жасыратыны жоқ, социалистік реализмнің шындықты коммунизм идеясына бейімдеген топ-топ шығармалары көп реттерде өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп жазды. Ондай әдебиеттің дәріптеген «жаңа адамына» алдымен халқы сенген жоқ. Қазанына алдампаздықтың арам

¹ Сонда. 381, 382-б.

² Сонда. 382-б.

³ Сонда. 381-б.

⁴ Сонда. 381-б.

етін салудан бүгінгі әдебиет ада-күде арылып кетті дей алмайсың. Ар-ұяттан кешкені үшін иығына жабылған шен-шекпенді әлі де малданып, күмпііп жүрген қайсы-бір амалшы өтірік айтып көлгірсуін үдетпесе, азайтпаған. Жазған жылтырақтарын оқырман оқи ма, оқымай ма, – онда шаруасы шамалы, тек арам жалақыны ана кассаның алдында бір тұрып, мына кассаның алдында бір тұрып, қойны-қонышына тықпалай берсе болғаны.

Әдебиет – әлеуметтік көрегендігімен ұлы, ақиқатын бет-жүзге қарамай айтуымен ардақты. Соны түсініп жетсең, «Соңғы парызыңды» атқарғаның, – дейді Нұрпейісов романы.

* * *

Әбдіжәмил Нұрпейісов көркем аударма, көркем публицистика, эссе, сын саласында да аз еңбектенген жоқ. А.П. Чеховтың, А.М. Горькийдің, Назым Хикметтің, испан жазушысы А. Кэсоның шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті.

1972 жылы жазушының «Толғау, Раздумье» атты әдеби-сын және эсселер жинағы жарық көрді. Кейіннен толықтырылып, «Все в нем пело», («Жүрегі тола жыр еді») деген атпен басылды. 1996 жылы жаңадан жазылған мақала, очерк, эсселері «Возвышая наши святыни», («Қасиетінді қадірле») деген жңнаққа енгізілді.

1979 жылы «Огонек» журналының кітапханасынан «Край голубых озер», («Көгілдір көлдер өлкесі»), 1985 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ақбидай туралы аңыз» атты очерктер шоғыры – Нұрпейісовтің ел тынысына, күнделікті тірлігіне үнемі құлақ түре жүретіндігінің жемісі. «Думы Аутена», («Әутеннің ойлары») деген очеркі «Литературная газетаның» бірінші бәйгесін жеңіп алды.

1971 жылы Мәскеудің «Художественная литература» баспасының «Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясынан Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының

екі томдығы шықты. Осы басылымға жазған кіріспесін Әбдіжәмил Нұрпейісов: «Писать о Мухтаре Ауэзове дело не легкое» – деген мойындау сөзден бастапты. Жалпы жазу-сызуы түскір кімге де оңайға соқпайты мәлім. Бірақ бұл жердегі өрекпу төтенше: Мұхтар Әуезовтей заңғар суреткердің биік тұлғасын, бөлекше бітімін Одақ оқырманына, қала берді шет ел жұртшылығына толыққанды етіп жеткізіп беруді ойлап тебіренуден туған.

Нұрпейісов очерк-портреттерінде көркем бейне мен силлогизмді, ой түйіндеуді жарыстыра қолданады. Мұхтар Әуезов «шәкірттік жолдан» өтпей, бірден қаламы қалыптасқан жазушы қатарынан табылғанын жаза келе, еуропалық прозаның үлгісінен артпаса, бір кем түспейтін «Қорғансыздың күні» әңгімесін еске ала отырып, дәлелін молайтып, жазушы шеберханасынан бір-ақ шығады. Атақты «Абай жолының» үшінші кітабының бір суретін машинкаға дауыстап жаздыртып тұрғанын үйіне келіп, есігіне қол соза бере естіп тұра қалады. Дәл осы сәттегі Мұхтардың шалқыған шабытты даусы Әбдіжәмилдің көңіліне күтпеген теңеу елестетеді. Ангара, қасиетті Лаврентий өзендері басын бірден көлден алады да, әу бастан бұлардың кенересі лықсыған дария болатыны, суы тартылуды, арнасы таяздауды білмейтін дария боп бірден қарқындап ағатыны есіне түседі. Әуезовтің өнер өріне шабысын, құдіретті рухын сол дарияларға балайды. «Міне, қандай біздің Мұхтар аға!» – деп енді автордың өзі теңеудің артық-кемі жоқ дәл табылғанына таңырқап, қазақ әдебиетінде әлемдік құбылыстармен салыстыруға негіз беретін тұлғаның барлығына сүйсініп шүкірлік еткендей болады.

«Литературная газетада», басқа да одақтық, республикалық басылымдарда, түрлі мерейтой мінберінен сөйлеген сөздерінде әдебиет саңлақтары туралы әңгіме аясын жалғай берді. Лев Толстой, Федор Достоевский, Иван Тургенев, Максим Горький, Леонид Леонов, Жамбыл, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Александр Затаевич, Ахмет Жұбанов, Нұрғиса Тілендиев, Давид Кугультинов, Герольд Бельгер, т.б. туралы очерк, эсселері бі-

рінен соң бірі дүниеге келеді. Әлбетте, ұлы ақын, жазушылар туралы шағын пішілген очерк-портрет жанрында пәлендей жаңалық пікір айту қиынның қиыны. Атақты жазушылардың шығармаларымен қоса, өмірбаянына дейін білетін жұртшылық талабы қатал. Өз білгенін өзіне езіп тықпалауды жек көреді. Әсіресе мың сан аудитория алдында сөйлегенде жиналған жұртшылықты уысында мықтап ұстауың керек. Міне, мұндайда Нұрпейісов әрқашан бабында. Томағасын сыпырған бүркіттей аспанға тіктеп бірақ шығады да, самғап береді. Содан көз жазбай қадала қалатын тыңдарман сілтідей тынады, баяндамашының бір сөзін қалт жібермейді.

Мұның сыры неде? Әр жазушы әдебиет хәм өнер тарихында айтарлықтай із қалдырады. Нұрпейісов сол ізге үңіледі, творчество адамының шығармагерлік және өмірлік жолын зерттеп жүйелейді, қаламгердің өзіне ғана тән ерекшеліктерін қазбалап табады, талдау, топшылауын бүгінгі заман талаптарымен ұштастырады.

«Достоевский туралы сөз» атты мақаласына көз жүгіртіп көрелік. Әбдіжәмил алдымен ұлы орыс жазушысының шығармагерлік тегіне үңіліп, көркем әдебиеттің қоғам өміріндегі рөлі хақында құнарлы ой тербейді. Орыс әдебиетінің Пушкин мен Гоголь тұсында ғана биік беделге ие болғанын атап көрсетеді. Терең мағыналы, сымбатты, сұлу сөзге азаматтық ер жүрек мінез біткенін, әлеуметтік зор күшке айналғанын жазады. Халықтың ең төменгі қабаттарындағы бейшара-мүскіндерді сөйлете отырып, барша адамзатқа тән өмір философиясын түзгенін, бұл ісінде үздік табыстарға жетіп, өз заманынан иығы асқанын, даңқы шартарапты шарлағанын нақтылы мысалдар келтіре отырып дәлелдейді.

Достоевский және Қазақстан деген тақырыпты толғауға түскенде Нұрпейісов қаламы тіптен қарқындайды, желмаядай жүйткіді. Мұнда да өз соқпағын табады. Достоевский мен Шоқан Уәлиханов достығының зерттелмеген қырынан сөз толғайды. Екі парасатты адамның бір-біріне деген ілтипатының психологиялық дәнекерлеріне баса

назар бөледі. Әшейінде қабағы салыңқы, тұнжыраған тұйық, сөзге сараң Достоевский Шоқанға келгенде жадырап қоя беретіні, шын достық құшағын айқара ашатыны қайран қалдырады, – дейді де, осының себептеріне ден қояды. Қысқасы, қазақ прозасындағы психологизм арнасын күркіреткен Нұрпейісов жан әлемін зерттеудегі Достоевскийдің жаңалығын өнімді де қонымды талдап шыққан.

Әбдіжәмил Нұрпейісов публицистикасының бір парасы – ағымдағы саясат. Дүниеуи дүрмектен көбіне қашқалақтап жүрсе де, кейде саясат ісіне еріксіз араласуға тура келеді. Онда да дауыс көтермесіңе болмайтындай жағдайда. Жазушының соңғы жылдары жазған мақала, очерк, эсселері бір жинақта бас құрап, 1996 жылы «Возвышая наши святыни» деген атпен қомақты кітап боп шықты. Еңбек орыс тілінде жазылған Онда көтерілген көп мәселе Ресей, қала берді әлем жұртшылығының құлағына арналатындықтан өзге тілде жазылса керек. Кітап аты қазақшалағанда «Қасиетінді қадірле», ұлықта деген мағына білдіретіндей. Бұл аталым жинаққа енгізілген бір мақаланікі. Ол мақала қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне арналған. Қызыл империяның аса бір долырып, дүлейленіп тұрған кезінде «Правда» газетінде жарияланды¹. Іште қатқан шер-шеменнің бәрін қозғай алмаса да, жазушы отаршылдардың көзіне қамшы боп тиетіндей бірқатар мәселе көтерді. «Келінім, саған айтам, Қызым, сен тыңда» деген сияқты қатал сыны республикаға ғана қатысты секілді көрінгенімен, айналып келгенде шоқпарын тұтас кеңестік жүйеге сілтеген. Партбилетті жамылғы етіп, жершілдікке, бармақ басты көз қыстыға салынып арам қолын ел қалтасына сұққан тойымы жоқ, елдің экологиясымен қоса ар-инабат, инсаниятын аздырушы мансапқорлар қашанғы басшылық төрінде тайрандай бермек? – деп жазады мақала авторы.

Шағын ғана мақалада Әбдіжәмил Нұрпейісов ұлт саясатының өзекті мәселелерін алға тартты. Және оған ресми

¹ *Нурпейсов А.* Возвышая наши святыни. Алматы: Өнер, 1996.

саясатпен сәйкесе бермейтін қырынан келді. Мәселен, автор ресми саясаттың оқу ісін ұйымдастырудағы алақолдығын қатаң сынға алған. Қазақ балалары жоғары оқу орындарына көбірек түседі дейді. Іс жүзінде оқуға түспекке арыз берген қазақ жас талаптарының жартысына жетпейтіні ғана институт, университеттерде оқып жүр. Ал басқа ұлттардың арыз берушілерінің түскені бұлардан әлдеқайда көп. Неге бұлай? Негесі сол, ауылдан келген қазақ оқушылары орыс тіліне шорқақ... Жазушы осы және басқа кеселдердің бәрі жастарды жанықтырғанын, көшеге шығарғанын, үкімет бұл бетінен қайтпаса, әділетсіздіктің арты насырға шабатынын дәлелдеп, көпті көрген жасамыс адамның беделін салып, білген ақыл-кеңесін айтқан. Мақала ашу-ызаға, зілді мысқылға толы. Бүгін оқылғанында оның әлі де зәрулігі кемімегені, тіпті қайсыбір кінәраттың асқынып бара жатқаны еріксіз көзге ұрады. Айталық, орыс тілін білмеген қазақтың қазір де көп мекеме маңына, тіпті, қазақ тілі мемлекеттік тіл боп жарияланса да жуытылмайтынын өтірік дей алмайсың ғой.

Нүрпейісовтың айтыс, памфлет өнеріне ұсталығы оның талантының бір қырын көрсетуімен қатар, бүгінгі публицистиканың, қалың жұртшылыққа арналған қауымсөздің өре-деңгейі қаншалықты биіктеп кеткеніне мықты дәлел. Мысалға «Своя и чужая боль» деген мақаланы алайық. Бұл мақала 1990 жылғы 1 қарашада «Известия» газетінде Александр Солженицыннің «Как нам обустроить Россию» деген аты шулы үндеуіне байланысты жазылды.

Алдымен қазақ жазушысы мақаласының аты-жөнінде бірер сөз. «Өз дертің мен өзгенің дерті» – дейді. Диагнозы бір болғанда да дерт әркімнің жанына әртүрлі батады. Жазушы соны мезгеп отыр. Ресейдің жоғын жоқтаушы Солженицыннің басқа елге келгенде басы ауырып, балтыры сыздамайтынына назар аударады. Мақаланың мазмұны да соған саяды.

Нүрпейісов Солженицыннің мақаласын бастан аяқ шолмайды. Ұрымтал тұсынан үзінді не тіркес келтіреді де, байсалды түрде айтысқа түседі. Солженицын әлемге әйгілі

полемист, айтыскер жазушы. «Архипелаг ГУЛАГ», тағы басқа коммунистік идеологиямен шарпысқан туындыларында мұны жақсы дәлелдеген. Сонда да стиліндегі тым алып қашпа, сыңарезулігі, қай тұста фактімен санаспайтыны, оның өңін айналдырып, ақты қара, қараны ақ етіп көрсететіні әлсін-әлі байқалып қалып отырады. Оның менікі жөн болмағанда кімдікі жөн дейтін ауруы бар ма деп қаласың. Қазақ жазушысы найзаның ұшын Солженицын мақаласының осы осал тұсына қадайды.

Ұрқөппе, даңғой Солженицын қазақ халқы туралы: «...сегодняшняя его огромная территория нарезана была коммунистами без разума, как попадя: если где кочевые стада раз в год проходят – то и Казахстан»¹, – деп жалауратады.

Қазақ жазушысы Солженицыннің арандату мақсатымен бүкіл бір елге таққан жаласына, алып-қашты сөзіне факті тілімен ұстамды жауап қатады. Ұлы князь Федор Иоанновичтен бастап І Николай патшаға дейін қазақ билеушілерімен өкілдік алмасып, келіссөз жүргізіп келген. Ал, Сіздің сөзіңізге қарағанда 1795 жылдан 1846 жылға дейін Ресей «өз жері» туралы бөгде біреулермен келіссөз жүргізген болып шыға ма? – деп кекете сауал қояды. Бұдан әрі Санкт-Петербургте 1895 жылы шығарылған Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефрон Энциклопедиясының XV томын куәға тарта отырып, қазіргі Қазақстан жерін негізінен кім жайлағанына бұлжымас дәлел келтіреді.

Тәуелсіз Қазақстанның достары көп. Бірақ оның бүгінгі еркін тірлігін көре алмай көз алартушылар да табылады. Олар улы тілін біздің тарихымызға, мәдениетімізге қарсы безеп, сағымызды сындыруға деген әрекетінен тыйылмауда. Міне, мұндай жағдайда әлемге есімі әйгілі көркемсөз иесінің дер кезінде баспасөз мінберінен табылуы қандай ғанибет. Қазір арамызда ел сөзін ұстайтын Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтер, амал не, жоқ. Солардың жоқтығын сездірмей, дұшпанға есемізді бермей егеске түсетін екі жазушы болса бірі, болмаса бірегейі «жедел хат-

¹ Сонда. 333-б.

тың өзін кейде үш күн жазатын» (Г. Бельгер) өзіне де, өзге де талап қойғыш, көркемсөздің беделін аласартпай, қайта биіктете беруге қажыр-қайратын аянбай жұмсап жүрген қалам иесі Нұрпейісов Әбдіжәмил. Оның эссе, очерк, публицистикасы, қауымсөзі халқымыздың жүзі мұқалмас рухани қаруы.

* * *

Ұлы Мұхтар Әуезов «алдыңғы аға буын жазушылармен қатар, соларға ілесе жедел келе жатқан тағы бір топ талантты жазушылардың»¹ арасынан Әбдіжәмил Нұрпейісов есімін зор қадір тұтып айтатын. Одан бері қырық жылдың жүзі өтіпті. Сол уақыт ішінде «Қан мен тер» трилогиясы», «Соңғы парыз» дилогиясы дүниеге келді. Әбдіжәмил кітаптары дүниенің төрт бұрышына тарады. Бұрынғы Кеңес Одағы халықтарының (орыс, украин, белорус, өзбек, түрікмен, молдаван, латыш, литван, эстон, тәжік, якут т.б.) және шетелдердің (француз, испан, қытай, араб, эфиоп, неміс, австрия, бельгия, чех, румын, түрік т.б.) тіліне аударылып, күллі әлемге танылды.

Әбдіжәмил өзінің қаламдас достарының портретін жасаған бір эссесінде былайша толғанады. «Әр ұрпақтың өз қабілетіне қарай көтеретін жүгі бар. Кешегі ұлы ұрпақ көтерген ұлттық өнеріміздің қасиетті қара шаңырағын сонан әрі қарай дамытып, тағы бір биікке асқақтатып әкету кейінгі ұрпаққа мүмкін болмаса да, сол бір елі көзі үйреніп, ел көңілі марқайған мақтаныш биігімізден күлдіреуіші сынған үйдей құлдыратып төмен түсіріп алмау бүгінгі ұрпақтың, мына сіздер мен біздердің белді-белді деген талантты ұл-қыздарының бәріне сын, бәріне бірдей міндет, борыш. Бәріне бірдей абыройлы сын еді. Кәне, сол сыннан қалай өттік? Сол абыройлы істі ілгері апаратын біздің арамыздан да әлменді иық табылды ма?»¹.

¹ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Жиырмасыншы том. Алматы: Жазушы, 429-б.

Бұл сауалға жауап, Құдайға шүкір, дайын. Маған салса, былай дер едім. Бүгінгі таңдағы әдебиетіміздің әлменді иығы, сөз жоқ, Әбдіжәмил Нұрпейісов.

Арал теңізінің сарыны дала, замана сарыны боп естілетін Нұрпейісов прозасы – қазақ әдебиетін өркендетуге, халқымыздың рухани қазынасын байытуға қосылған бағасыз мұра.

ТАХАУИ АХТАНОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Ардақты ағайын!

Достар!

Осынау зәулім ақ сарайдың алдында маңдайы жарқырап, ауыр денесін креслосында сәл қозғағандай болып, жылы қабақпен: «Бәлі, қадамдарыңа гүл бітсін, төрлетіңдер!» – дегендей қалып білдіріп отырған ұлы адамға бәріміз іштей сәлем береміз. Өзі «Өскен өркен» деп ат қойған ендігі ұрпақтың әр ісін ежелгі үйреншікті дағдысымен жіті қадағалауға, әр сөзіне құлағын түріңкі ұстауға күштар сияқтанады. Әсіресе әдебиет пен өнер отын маздатуға жиналған уақытта, кейінгі қаламдас мұрагерлерінің мерейтойында, өкшебасар інілерінің бірі Тахауи Ахтановтай көрнекті жазушымыздың туғанына 80 жыл толғанына арналған салтанатқа әдебиет сүйер қауымның құрметті бейіл көрсетіп жиналып, бір тілек, бір ниет көңілде бүгінгідей жарасымды ынтымақпен бас қосқанымызда...

Иә, алыптар тобының жолын ізбе-із қуалаған талабы таудай талантты ұрпақты Мұхтар Әуезов қазақ көркемөзінің өзінен кейінгі екінші буынның көш басшылары, керуен бастары санады. Естеріңізде шығар, ұлы суреткердің дүниеден өтер алдында Мәскеуден бір топ орта буын жазушыларға туған әдебиетіміздің ендігі тағдыры сендерге тапсырылады деген мағынада хат жолдағаны. Сол жолдауда есімі аталған жазушы Ахтанов кемеңгер ұстаздың хатын шын мәнінде ісі қазақ қаламгерлеріне арналған үндеу деп түсінді. Тахаңның «Керуен», «Әдебиет туралы ойлар» (1969) деген кітабындағы мына төмендегі сөздеріне көңіл бөлейік.

«...Әуезовтен кейін қазақ жазушыларына әдеби еңбек тым қиындап кеткенін жасыра алмаймыз. Ол жарық жалғанның алдында жақсы атандырып кеткен әдебиеттің биік деңгейін төмендетіп алмау қай-қайсымызға да оңай түсе қоймас. Дегенмен, біз орасан көп дос-жарандарымыздың алдында ғана емес, әрқайсымыз өз арымыздың алдында өз

қадірімізді түсіріп алмау үшін, бұндай аса жауапты сыннан сүрінбей өту жолында еңбектенуіміз керек».

Тахаңның бұл сөздерін мен оның жеке өз басының және жазушы замандастарының атынан берілген антқа балар едім. Ант байлап ол неге соншама зор жауапкершілікті мойнына алуға батылы барды дейтін емес. Есімі республика тұрсын, күллі Кеңес Одағына, шет елдерге дейін әйгілі Тахауи Ахтанов үлкендердің көздері тірісінде-ақ үміттерін ақтап, жауапты сыннан сүрінбей өткен-тін. Жазушының 60 жылдық мерейтойында Ғабиден Мұстафин: «Алпысқа ол бес томдық әдеби еңбегімен келіп отыр; сонау кездегі біздің үлкен үмітімізді ақтап келіп отыр», – деген.

Енді бүгін Тахаң бейнесіне мына сексеннің мұнарасынан ой көзімен қарағанда, біз бұл сөздердің растығына мақтаныш сезіммен, кәміл сеніммен қол қоямыз. Ақ қағазға емініп, ақ тер, көк тер еңбек еткен қаламгер Тахауи Ахтановтай-ақ болсын. Қазақ әдебиетінің ірі-ірі жанрында, прозада, драмада, аударма, сын, әдебиет зерттеу салаларында үзбей бұрқырата жазуын тіпті соңғы жылдары қатты сырқаттанып жүргенінде де тоқтатқан, толостатқан жоқ. Былай деп те айтар едім. Тахауи Ахтанов еліміздің асыл азаматтары, сырбаз суреткерлері шоғырында жұлдызы айырықша жарқыраған, қолтаңбасы бөлек, үрдісі ерек тұлға еді. Біз енді сол дара тұрған Тахауи Ахтановтың ақбас оқшау биігіне көз тіккенде оны құр тамашалап тамсанумен қанағаттанбаймыз. Аға жолының үкілі өнерін, тағылым сабақтарын зерделейміз.

...Осы бір бұйра толқын қою шашты, ер мұрынды көркем жігіт бұдан жарты ғасырдан аса бұрын, 1947 жылдың қазан айында Жазушылар одағы ұйымдастырған республика жас талапкерлердің мінберіне көтерілді. Екі иығында аға лейтенанттың жалт-жұлт еткен алтын поғоны, көріктей кеудесінде жарқыраған қос Қызыл Жұлдыз, өзге де орден, медальдары бұл жігітті күні кеше ғана Ұлы Отан соғысының қан майданынан оралған айбынды жауынгермін дегізіп тұр. Даусы да батырға лайық екен. «Жолдастар!» – деп гүр еткенде манадан бергі қоңыр дауыстардан өзгеше естілді ме, жұрт сілтідей тынды.

Менің Тахаңды «елден бөлек» тұлға санайтын ұғымым жиырма төрт жастағы жас Тахауидың осы сөзінен бас алады. Күтпеген жерден оның Тахауи Ахтанов есімі қаламгер қауымның жүрегінде бірден жатталды және жазушы деген мәртебемен қоса. Күтпеген жерден дейтінім, бұл жігіттің біршама өлең жолдары болмаса, мандытып жазды дейтін шығармасы жоқ еді. Ал, сөз саптасы жырынды әдебиетшіден бір кем соқпайды. Сөйлеу мәнері бұлтарыссыз айқын, ашықтығы үстіне, қайда жүріп зерделегенін, сол кездегі әдеби ағымның түйінді мәселесін түйдек-түйдегімен маман профессорша ағытқанда, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, жиналысқа қатысушы өзге де жұрт қайран қалды. Алыптар тобы бас боп бәрі бұл пісіп тұрған жазушы деп, бірауыздан Одаққа мүшелікке алуға пәтуаласты. Айтыңыздаршы, бір сөйлеген сөзі үшін Жазушылар одағының мүшелігіне алынған адамды білесіздер ме?

Бір жыл өтер-өтпес Тахауи әскер қатарынан босанып, Намангамнан еліне оралды. Келе «Жастар даусы»деп аталатын өзі құралпас жасөрім талапкерлердің жинағына өлеңдерін қосты, құлаш-құлаш баяндамаларды нөпірлетіп, сыншы семсерін жарқылдатты. Ғабит Мүсірепов творчествосына арнап зерттеу кітап жариялады (1956). Аударма айдынына құлаш ұрды. Пушкиннің «Алтын этеш туралы» ертегісін, Тургенев, Горький шығармаларын, Алексей Толстойдың «Азапты сапар» романын ойдағыдай тәржімелеуі әр жанрға ұрынғандық емес, әдебиеттің қырсырына қанығуға, көркемсөз сарайын тұрғызуда өз кетігін тауып қалануға деген арынды арманының көрінісі еді. Ақыры жамбасына проза жанры қолайлы көрінді.

Мына кереметті қараңызшы, прозадағы тұңғыш шығармасы «Қаһарлы күндер» (1957) романының бағы бірден жанды. Жарық көрген бойда-ақ қазақ әдебиетінің Ұлы Отан соғысына арналған іргелі шығармалары қатарына қосылды да кетті. Кезінде үзеңгілес қаламдасы жазғандай, жас прозашы қай жағынан да үлкен шеберлік танытты: сюжет құруда да, кесек-кесек образ тұлғаларын жасауда да,

кейіпкерлерінің жан сезімінің үлбіреген нәзік құбылыстарын үзілдіріп беруде де. Роман әлденеше рет қазақ, орыс тілдерінде басылды, немісшеге аударылды. Әдебиет тарихында ілуде бір кездесетін жағдай. «Елден бөлек»табыс деп бағаламасыңа лажың жоқ.

Құрметті ағайын! «Елден бөлек» деген тіркеске жүгінетінім сөз таба алмағандықтан емес. Жүгіндіретін – Тахаң тұлға-тұрпатының табиғаты. Айырықша жаратылысы. Және анау-мынау емес, Мұхтар Әуезовтің өзін тамсандыртып, «...Сенен – менің жасырақ шағымда өзімнен таппаған жақсы сипаттарды көремін. Сенің отың менен қызуырақ, сенде ерте түскен ой бар деп сенемін», – дегізген жараталысын танымақ әрекет.

Өткен ғасырдың елуінші–алпысыншы жылдары аралығында, өздеріңізге мәлім, көп ұлтты кеңес әдебиетінің тарихында «жылымық» аталған кезең басталды. Сол кезеңнің жаршысы «Новый мир» журналында Тахауи Ахтановтың «Боран» (1962) атты повесі жарияланып, әдебиетімізге үлкен абырой әперді. Мен ол кезде Мәскеуде аспирантпын. «Казахский роман и современность» деген тақырыпта диссертация жазу үстінде едім. Ғылыми жетекшім КСРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Георгий Иосифович Ломидзе повесті оқыған, оқымағанымды сұрады. Менің Ахтанов повесі жөніндегі алақайлаған пікірімді білген соң диссертацияға қосуыма кеңес берді. «Боран» тақырыбының молдығы, сюжетінің қоюлығы жағынан кішігірім романға ұқсайды деді.

Жақсы шығарма зерттеушіні шабыттандыра түседі екен. Соны байқадым. Еңбегімде, іске татырлық жолдар кезіксе, ол осы Тахаң шығармасы туралы жолдар болар ма дер едім. Шығарма Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда «Дружба народов» журналында, «Казахстанская правда» газетінде Тахауи туындысын мәртебелі сыйлыққа әбден лайық деп шын жүректен қолдап мақала жариялағаным есімде.

Қазақ тілінде «Дала сыры» повесі атанған кейін толықтырылып романға айналған бұл шығарма не себепті «елден

ерек» болады дерсіз. Айтайын. Тахауи Ахтановтың повесі, мен білсем, «Новый мир» журналында қазақ авторлары тарапынан бұрын-соңды жарияланған *жалғыз* шығарма. Даңқы жер жарған, уақытының маңдай алды журналын қызықтырған нәрсе, «Боранның» сыншыл, шыншыл проблематикасының тыңнан қойылысы және поэтикалық ішкі болмыс кенеуінің жаңашылдығы.

Тахауи Ахтанов талантының һәм азаматтық ерек тұлғасының елден бөлектігіне келгенде, кезінде төтенше оқиға, сенсацияға айналып, жұртшылықты «Аһ!» дегізген мынадай бір оқиғаны айтпай кетуге болмайды. Осыдан ондаған жыл бұрын, дәлірек айтсам 1968 жылғы 10 қаңтар күні, жаңа жылды тойлай салысымен Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетінің Ғылыми кеңесі шұғыл мәжіліске жиналды. Күн тәртібінде бір ғана мәселе: ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын халық қазынасына қайтарып беру туралы. Баяндаманы Ғылыми кеңес төрағасы, Орыс филология кафедрасының меңгерушісі профессор Хайролла Махмудовтың өзі жасады. Айдыншалқар шығармалары талай жылдан бері кітап ГУЛАГ-ы дейтінде құлыптаулы жатқан Мағжан ақынның өмірі мен шығармагерлігі туралы баяндамасын «Қазақ лиригі»деп атапты. Әйдік шешен, ғұлама, қадірі ұмытылмас педагог Хайрекең қазақ ақынының поэзиясын әлемдік көркемсөз контексіне қоса талдап, қапастағы жұлдызды жаһан көркем сөзінің аспанынан бір-ақ шығарды.

Сол мәжіліске Әбдіжәмил досымен бірге келіп қатысып отырған, орысшасы қазақшасынан кем түспейтін Тахауи Ахтанов ал бір көсіліп берді дейсің.

– Мағжан 1938 жылы жазықсыз атылды, – деп бастады сөзін Тахаң. – Осы мәжіліске оның жесірі, Құдай қосқан жары Зылиха қатысып отыр. Хрущевке үсті-үстіне хат жазып, күйеуінің кінәсіздігін дәлелдеп, ақыры ақтатып алды. Ақталған қағазы әне қолында. Ақын кінәсіз деп табылып ағарғалы алты жылдың жүзі өтіпті. Бірақ, кімнің не құны барын, ақталған Мағжан есімін әлі күнге ауызға алдыртпайды. Ау, жұртым, бұл қалай? Қазақстан Жазушы-

лар одағының комиссиясы «ұлтшыл» Мағжанның шығармалары жарияланбасын деп шешіпті. Мен де сол одақтың мүшесімін. Сыртымыздан кесіп-пішпей, өстіп ғалым, жазушы, сыншылар бас қосып мәселенің анық-танығына жетпейміз бе? – деп сөз ұшығын жоғары жаққа тіреді.

Бұл арада Ғылыми кеңестегі сөйленген сөздерді тәптіштеп жатуға уақыт тар. Мағжан қазынасы бұдан кейін де атай жиырма жылдан соң барып халқына әрең-пәрең қайтарылды ғой.

Күн сайын кешкі бестерде дем алуға Шоқан Уәлиханов ескерткішінің маңына жиналамыз. Пайғамбар жасынан асқан соң қойған көкшулан сақалын анда-санда бір уыстап қойып, Тахаң әңгіменің майын тамызады. Ара-тұра сұрақ қоямыз.

– Таха, Мағжанның атын атаған, не өлеңін жасырып оқыған адам көзі бозарып түрмеден бір-ақ шығатын заманда, қалайша жүрегіңіз дауалады: Мағжанды ақтап сөз сөйлеуге? Ең құрығанда ұлтшыл қалжуыры байланатын еді. Қорықпадыңыз ба?

– Е, мен де ет-сүйектен жаралған пендемін... Неге қорықпайын? Шыныңды айт десең, мені бұл жолы желіктірген намыс... Иә, иә. Өзің ойлашы. Мәселен, анау еврей Александр Жовтис... Ойпыр-ай, Мағжанға ара түсіп шырылдап сөйлеген сондағы сөзін естісең. Және Мағжанның «Қызыл жалау», басқа да бірсыпыра өлеңдерін орысшаға тәржімалаған. Жовтис, немене, сол істері үшін сазайын тартатынын білмеді дейсің бе? Біле тұра сөйледі. Керек десеңіз, сол профессор бәрімізден көп таяқ жеді. Оған Александр Жовтис қазақ ұлтшылдығын қоздырып жүр деген кінә тағылды, аздан кейін университеттен қуылды... Мағжанға ара түскендер өзге ұлттан жалғыз ол ғана ма еді? Профессор Хайролла Махмудов – татар жұртынан, доцент Мадзигон, Жовтис ... жаңа айттым қай ұлттан екенін. Орыс жазушысы Иван Шухов ғылыми кеңес материалын, Мағжанның тәржімеленген топтамасымен қоса даярлап, «Простор» журналында жариялағалы жатқан жерінен қырағы цензорлар ұстап алды. Маған қайрат берген осы өзге жұрт ағайындар.

Солардың ерлігі жігерлендірген мен, енді тексергендердің өздеріне тап берейін. Былай дедім:

– Оу, шырақтарым-ау, қазақ ақыны Мағжанды қорғап, орыс, татар, еврейлер тайлы-таяғы қалмай көтеріледі екен. Ау, сонда мен қазақ не істеуім керек? Сеніңше не, тілімді тістеп бұғып қалуым керек пе еді? Әйтпесе барып әйеліңнің етегін неге сағаламадың дейсің бе? Өйтіп Отан соғысының офицерін сен қорлама, қарағым. Қорлайды екенсің, тұрысар жерінді айт! – деп көкбеттендім дейтін жарықтық.

Тахаңның сөзіне мәз болып қол соғамыз. Енді ойласам, ағамыздың бұл елден ерек тәуекелшілігі кешегі Ұлы Отан соғысында қазақ ұлтының абыройын асырған, «Правда»-газетіне «Славный казахский народ» деп кезінде басмақала жаздыртқан барша қазақ жауынгерлерінің құрыш характерінен туындайды екен.

Ержан, Мұрат, Көжек, Добрушкин, Қоспан секілді ер жүрек, қайтпас қайсар бейнелер әр жас буын көкірегінде жаттала бермек. Сында көп мадақталған Мұрат бейнесі қандай. Купцианов секілді мансапқор, қомпайып шірене беретін, әрі қиянатшыл офицерлерден шені төмен, ал рухы әлдеқайда басым түсетінін роман материалына сүйене отырып дәлелдей келе, прототипі, түп бейнесі Бауыржан Момышұлы болмас па? – деген жорамал айтылатын. Оған дәлел толық еді. Мұраттың Купцианов секілділердің жөнсіздіктерін бетіне басып тура айтуы өз алдына. Бұл қазақ командирінің соғыс ісіне келгенде де иығы асыңқы. «Біз үшін ең басты міндет – қадам басқан сайын жауды қансыратып» соға беру деп тактиканы былай қойып, стратегия деңгейінен табылып сөйлеткізетін дәл сол Кеңес Одағының Батыры, даңқты сардар Бауыржан Момышұлы типтес характерлердің қасиеті. Әрі қандыкөйлек інісі, әрі жазушы цехы бойынша әріптесі Тахауи Ахтановтың Баукең характерін тап басып, табына суреттеп отырғанына күмән келтіре алмайсың.

Баукеңді ол идеал тұтатын. Белгілі режиссер, Халық Қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов тауып айтқан: Тахаң «Баукеңнің нағыз рухани інісі» еді. Сол рухани інісі Ал-

матының М.Ю. Лермонтов атындағы театрында Бауыржан Момышұлының өмірі мен творчествосы туралы орыс тілінде баяндама жасап тұрып, сөзін: «Когда рядом с нами Бауыржан Момышулы мы становимся чище, сильнее и выше», – деп аяқтағанда залдың бір кісідей ду көтеріліп қол соққаны, Баукеңнің оны құшақтап бетінен сүйгені әлі күнге дейін көкейден кетпейді.

Тахаңның шығармагерлік мінезінің кімге тартқаны жанына жақын ақпейіл, ашық, ақжарқындар мен ытырына жек көретіндерінің кескінін сомдауынан да байқалады. «Боран» романындағы ізгі жүрек, ісіне адал Қоспан түтек боранда отарымен бірге адасып жүріп ішкі ой ағысына ширыға берілгенде, бұрын қамқоршым деп жүретін аупартком секретары Қасболатты ақыры иттің етінен жаман жек көріп шығады. Сырттағы боран құдды Қоспанның ішіне түскендей. Ішінде дауылды борандай ұйтқыған ашу-ызасы екіжүзділікке кектенеді. Бәрі керемет, төрт құбыламыз түгел деп Қасболат жаздыртқан көзбояу сөздерді жылда түрлі жиналыстарда дауыстап оқып беретін озат шопан өзінің жауырды жаба тоқығандардың тоты құсына айналғанына қапа боп, қатты өкінеді. Қорасы жөндеулі, шөбі үюлі деп жылда өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп ақпар беріп, мемлекетті алдап жүрген мансапқор Қасболаттан енді өзі зардап шегіп, алдындағы ақтылы қойдан айрылып, құр таяғын ұстап қалайын деп отыр. Іштегі төңкеріс жазушының психологиялық шебер талдауында нағыз қаны сорғалаған шындыққа жол салып, шегесі босаған иесіздік жүйесіне қатты шүйлігеді.

Тахауи Ахтанов қазақ қоғамы тарихының арғы-бергі құбылысын зерттеудегі алғырлығын, аңғарымпаздығын драматургия кестесін торлап тоқығанда да сан байқатты. Ақ өлеңмен жазылған «Ант» пьесасындағы Сауран сұлтан – ел бірлігін, ұлт тәуелсіздігін, Мағжан ақынша айтқанда, жан сөзіне айналдырған, түптен ойлайтын, заманынан оқ бойы озық стратег қайраткер. Сауранның, бірі-бірімен қырқысқан бақталас хандармен бет-жүзің демей алысуы, Әбілхайыр ханның Ресейдің бодандық қамытын кимек ниетін естігенде оған:

*«Қайтпасаң мына қия жолыңнан,
Жау болармыз бітіспес», –*

деп арыстанша айбат шегуі бүгінгі тәуелсіздігімізге медет берер баба өсиетіндей қабылданады.

«Сәуле» (1968), «Махаббат мұңы» атты пьесаларында айтулы драматургіміз біздің қоғамымызда қазақ әйелінің әлеуметтік ықпалының қаншалықты аспандап өскенін суреткерлік қуатпен көрсете білді. Тарихи шындыққа сәйкес бұрынғы әйел кейіпкерлер тек жапа шегіп, қиянат тепкісінде зар илесе, Сәуле күрескер қаһарман деңгейіне көтерілген. Орыс әдебиеті тарихының бүтін бір кезеңін «Тургенев әйелдері» дейтін образ құрайтыны белгілі. Сол тіркесті пайдалансақ, Ахтанов арулары тіпті замана сарашысына айналған. Ақ дегендері алғыс, қара дегендері қарғыс. Бұлардың сынына жарамай қалу уақыт сынына төтеп бере алмаумен пара-пар. Және сол құнарлы ойын драматургия зергері сахна заңдылығын терең білу негізінде, материалға тиісті форма табу, мазмұнға сай пішін кестелеу арқылы кейіпкердің ішін ашу, характердің жанын сөйлете білу жолымен жүзеге асырған.

Сәуле мен Ләззат – екі бөлек пьесаның кейіпкерлері. Бірі партия қызметкері, бірі ақын. Ал мұң-шерлері ортақ. Біреуі сүйгені Жарастан, біреуі ғашығы Нияздан суынады. Суыну себептері, екі жігіттің екеуінің де сырты жылтыр, іші сылдыр мүкі-тақы кейіпті жандар екендігі драма барысында әшкереленеді. Қырға шығып ғылым жолында құрбандық етуші жан боп көрініп жүрген Жарас мансапшыл ғалымның бірі боп шығады. Нияз жылтырап тұрғаны болмаса, бәз-баяғыда сөнген жұлдыз. Болдым-толдым деп ісініп-кебініп жүріп, қаңсыған бөшкедей қаңғырлап қалғандардан. Сайып келгенде, жазушы, драматург Тахаңның көп зар-мұңының төркіні – ел ахуалы.

Пьеса, жалпы көркем шығарма, қаншама күннің, ай, жылдардың кәдесіне жарайтынын кім өлшеген. Анық білетініміз, Тахаң дүкенінде сомдалған дүниенің басым көпшілігі ел-жұртының мұңын мұндап көтерген проблемасы

бір дәуірдің аясында қалып қойған жоқ. Ол «Тілдегі жалтылдақтық, суреттердегі сырғақтық, құрғақ баяндау, әсіре әсершілдік, әсіре қызылдық, уағызшылдық, сентиментализм» кеселдеріне қарсы күрес жүргізсе, мұндай сүреңсіздіктерге өз шығармаларында жол бермеуге барын салды. Тахаңның талғам-талабы – Абай, Мұхтарлар оятқан эстетикалық өреден туындайтын, әдебиетіміздің мәртебесін, қасиет-қадірін биіктете түсуді көздейтін ар-инабат талабы.

Қадірлі ағайын!

Құлашы кең, аяқ алысы шапшаң, дәл көріп, дәл суреттеуге жетік жазушының көркемдік әлемін уақыты шектеулі бір баяндамада сарқа қамтып, тауыса талдау мүмкін бе? Оның бер жағында, Тахауи Ахтановтың қыруар қоғамдық-мәдени, баспагерлік ұйымдастырушылық жұмыстары және бір баяндамаға ілтипатты тақырып болары сөзсіз. Көркем әдебиет баспасында редактор, киностудияның сценарий бөлімінің бастығы, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының секретары, Көркемөнер бас басқармасының бастығы, Республикалық кітап палатасының директоры қызметтерін қандай абыройлы атқарды ол!

Кітап палатасы Республика Баспа комитетінің ғұзырына қарайтын. Бірақ бұл директор комитет басшылығының ғұзырлы қызметкері емес-ті. Қайта комитет Тахаңның беделін арқаланып, Республикалық кітап палатасының сан жыл шешілмей келе жатқан бірқыдыру мәселелерін шештіріп алдық. Осы еңбектерін және директор Ахтановтың қарауында кілең әйелдер істейтінін ескеріп ағамызға алғыс айту үстінде, қалжың-шыны аралас сөзге де есе тиіп қалатын. «Рахмет, Таха! Жемісті еңбегіңіз үшін. Палата ұжымының қызмет істейтін кеңсесін орталықтан ойып отырып әдемі үй алып кеңейтіп бердіңіз. Тағы бір алғысымыз одан да басым. Кейбіреуімізге үйдегі бір әйел бас бермей әлекке салады. Ал, Сіз қарауыңыздағы 88 әйелді тапжылтпай, тырп еткізбей жұмыс істетіп отырсыз», – дейміз. Тахаң ондайда үндемейді, тамағын кенеп жөткірініп, жалпақ бетін алақаның іші-сыртымен сипап өтіп, болмашы езу тартады.

Әлде қалжыңымыздың қауқарсыздығы ма, әлде не көңілсіз жайлардың кесірі ме, кейде жазық маңдайы қатпар-қатпар әжімденіп томсырайып томырығып қалатын. Бізді Тахаң қасына жинайтын ол жай-күйі емес, әшейіндегі әзіл-қалжыңға, әжуа-күлкіге жомарт, сөзуар, ақжарқын сәттері. Ел-жұрт, дос-жаран, әкім, ұлықтардың мінезінен байқап қалғандарын келемеж етіп, өзі де қарқ-қарқ күліп, бізді де қарқ қылатын мезеттердің қайсыбір сарындарын оның «Арыстанның сыбағасы», «Күшік күйеу» атты комедияларынан байқап қалатынбыз. Олары, әлбетте, жайшылықтағы бейауыз анекдот сипатты дарақылық емес, уытты, астарлы күлкі болатын. Қоғам қойнауындағы ұлтқа тиімсіз көңілсіз жәйттардың бағытын өзгертпекке ұмтылатын. Домбыра мен гитараны айтыстыратын эпизод тәрізділерді айтамын. Көшелер сол кезде гитара құшақтап жүрген жастарға толып кеткенде: бір мезет домбыраның ойшыл, сыршыл қоңыр үніне, даламыздың дабысы мен шабысына да құлағыңды тос, жүрегіңді тербет дейтін салиқалы, алысқа мезгер ұлт шерлі ойға жетелейтін.

Қымбатты бауырларым! Жаңа ғасырдың тағы да бір жаңа жылы есік қағуға таяу. Дәстүр бойынша ақ тілектер айтылатын күн жақындап келеді. «Терең тебіренейік» атты мақаласында Тахаң қаламгерлердің бүгіндері де бір-біріне қаратып білдіретін ақ ниетінен айнымайтын бір тілек айтыпты. «...Жаңа жылғы тілек – ізденейік! Ерінбей, жалықпай іздене берейік. Жаңа кітапқа кіріскенде барымызды соған сарқып сығып беретіндей, содан кейін қалам ұстаймайтындай сезімде болайық. Әйтеуір осы кітаптан аянбайық. Кейінгісін көре жатармыз», – депті. Бұл қалың оқырман жұртын жалындаған жүреппен сүйетін жазушыдан ғана шығатын сөз. Кейіпкерлері жан алып, жан беріп сөйлейтін соңғы романының «Шырағың сөнбесін» (1981) деп аталғанын білесіздер. Осының символдық, рәміздік сипаты бар екенін енді аңғарғандаймыз. Тахауи Ахтанов жалындап өмір сүрді. Жалындап жазды. Жалындаған мұра қалдырды. Жағып кеткен шырағы ел жүрегінде сөнбейді.

ЖІГЕРЛІ ТАЛАНТ

Мен мақаланы, оқушы айыпқа бұйырмас, бір цитатадан бастамақпын. Цитата болғанда, бұл өзі сауал.

«Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?»

Ұлы Абайдың бұл сауал түрінде айтылған сынының бүгін де үлкен мәні бар секілді көрінеді маған. Күні кешеге дейін біз игі жақсыларымыздың бағасын басқа жұрттың ақыл-мизанымен өлшеп-пішіп келдік. Айталық, Мұхтар Әуезовті «Шығыстың Шолоховы» деп мадақтадық. Жаңағы Абай сыны тұрғысынан қарағанда, мұндай мадақтың дұрыстығынан бұрыстығы көп пе деймін. Құдды Шолохов болмағанда, әлемге әйгілі Әуезов шынары қазақ даласында мәуелеп өспейтіндей...

Біз бүгіндер жазушы Зейін Шашкиннің туғанына 90 жыл толуын атап өтудеміз. Міне, осы қаламгерімізді де біз ары кеткенде байырғы «шестидесятники» атанған кеңес жазушыларының сапынан табамыз. Ал, мен өз басым бұл қазақ жазушысын сол алпысыншы жылдардағы әдеби процестің алдыңғы барлаушылар шебінен көрер едім. Және соның өзін үлкен творчестволық ерлікке балар едім.

Әлі есімде. 1966 жылы Зейнекең Мәскеуде аспирантурада оқып жүрген маған бір өтініш айтып хат жазды. Осылай да осылай, Мәскеуде «Дархановты» біреу аударам деп екі жыл ұстап, түк бітірмеді. Соған барып еркіне қоймай қолжазбаны қайтарып ал», – депті. Айтқан кісісін берген адресі бойынша таңертең сегіздерде үйіне барып, орнынан бастым. Әлгі тәржімашы шашын тұқырта қидырған, май бас, төртпак, сазарғандау кісі екен. Аты – Семен. Семен тұнжырай сөйлеп, көзінің астымен сүзе қарап, қолжазбаны иесіне қайтара алмайтынын айтты. Бар білген орышамды безедім, көнер түрі жоқ. Аздап ашу шақырғандай болдым. «Бермейтініңіз бар, неге аудармайсыз?» Семекен қырылдаңқыраған дауыспен:

– «Доктор Дарханов» – тым «острый» роман. Қияңқылығы жетіп артылады. Бір де бір мәскеулік баспа орны өлдім десең баспайды. Босқа арамтер боп қайтем?

Шынында да, бұрынғы шығармаларымен салыстырғанда «Доктор Дархановтың» сол кездегі сұрқайылықтарға ашынғаны романның өн бойын кернеп тұрғандай эсер ететін. Сондықтан қателесесіз, бұл жуас мінезді роман деп дауласуға дәлел таппадым. Мәселе бас кейіпкерде. Бас кейіпкер ақиқатшыл әрі жаңашыл дәрігер Нияз Дарханов көп-көрім қызмет істеп жүрген жерінен сопаң етіп шығып қала береді. Дәлірек айтқанда, кеңестік жүйемен сыйыспайды. «Бармашы» санаторийінің бас дәрігері, қарт коммунист, Азамат соғысының қаһарманы Кравцовпен кінәласуын еске түсіріңіздерші. Бұл жеке бір адаммен кінәласудан гөрі «Келінім, саған айтам, қызым, сен тыңда» дейтін мәтелге көбірек ұқсайтын. Кравцовқа: жаңалыққа жаны қастарды, қоғамға болсын демейтіндерді, айтпайтын өсегі жоқ, істемейтін бұзықтығы жоқтарды қолдап, жүгенсіз жібересіз дей келе:

– Сіз емес пе, партияның осындағы өкілі! Не істеп, кімді қорғап отырсыз? – деп турасынан кетеді.

Дем беруші, жетекші партияға мін таққандай. Әрине, мұндай романның Мәскеуде бөгетсіз, оп-онай басыла қоятынына шәк келтіруде негіз жоқ емес-ті.

Мәскеулік тәржімашы солай күманданса, Қазақстанның өзінде де «Доктор Дарханов» романы төңірегінде қып-қызыл дау-дамай туды. Романның әсіресе жағымды кейіпкер проблемасын қиғаш шешкені сыналды. Нияз Дархановтың қандай кейіпкер екені, жағымды ма, жағымсыз ба, міне, бұл арасы мүлде айырғысыз деп кінәлады. Кінәның түп-төркінінде: социалистік реализмнен ауытқыдың деген саяси астар да шаң беретін.

Содан бері елу жылға тақау уақыт өтіпті. Енді мына қызықты қараңыз. Жарты ғасыр бұрын Шашкин романында көтерілген мәселенің титтей де актуальділігі кемімепті. Осы жуықта «Известия» газетінде жарияланған сұхбатта орыс көркем өнерінің бір қайраткері бүгінгі заманда ке-

йіпкерлерді жағымды-жағымсыз етіп бұтарлаудан арылуға шақырыпты.

– Идеал адам, идеал герой... ондай керемет пақыр пенде арасынан кездесе ме өзі? – дейді жаңағы өнер иесі. – Бір адамның тұлғасына жағымды, екіншісіне жағымсыз қасиеттерді үйіп-төгу тек жасандылыққа ұрындырады. Біз кейіпкерлерді ұнамды-ұнамсыз етіп жіктеуден тыйылдық.

Әуелінде тосын жаңалық көрінгенмен, сәлден соң миымның бір түпкірінен қарсылық үн естілгендей болды.

– Ау, тоқта! Бұл өзі кезінде Зейін Шашкиндей жазушымыз көтерген проблема емес пе еді? – деген ой жалт етті.

Иә, иә... Әуезовтің өзі «жігерлі талант» атаған сол жазушымыздың сомдаған Дарханов бейнесі арқылы көтерілген тақырып болатын. Бұл ерекшелікті алдымен аңғарып ғылыми негіздеп таразылаған қазақ журналистерінің сардары, жазушы, ғалым-сыншы Сапар Байжанов болатын. Сапкең өзінің Зейін Шашкин творчествосы хақында жазған «Замандас туралы толғау» атты салиқалы монографиясында былай деген: Зейін Шашкин туындыларының ерекшелігі – «негізгі қаһармандарының әдеттегідей ұнамды-ұнамсыз деп жіктеп, бөле салуға көне бермейтіндігі. Шашкин адамдарды бір өңкей ақ не қара бояумен кескіндемейді, өмірдегі күрделі қалпында суреттеуді жаратады»¹.

Айтты-айтпады, роман Нияз Дархановты нағыз білгір маман, жаңашыл дәрігер, жаны, ары таза кейіпкер екенін мойындата отырып, оның мінезіндегі кей шәлкестіктерді де елеусіз қалдырмайды. Дәлірек айтқанда, бұл бейненің ұнамсыз көрінетін мінездері ұнамды қасиеттеріне жол ашатынын, не былық-шылықтарға төзімсіздігі замана немқұрайдылығына назырқап назаланудан туындайтынын роман жаңалығына жатқызу ләзім.

Орыс көркем-әдебиеті сынында «положительный герой», «идеальный герой», «жаңа адам» деген ұғымдардың арақатысы хақында әлсін-әлі айтыстар бұрқ ете қалатын, бірақ Зейнекең романындағыдай аспектіде емес. Демек,

¹ Байжанов С. Замандас туралы толғау. Алматы: Жазушы, 1973. 107-б.

қазақ жазушысын «жағымды қаһарман проблемасы» дейтін теорияның өзегін жегідей жеген жасандылығы бар екенін сезіп, көркем әдебиет практикасында оның мүлде өзге үлгісін тапқандардың бірі еді деп қорытынды жасауға толық негізіміз бар. Біз осы мерейтой тұсында Зейін Шашкиннің әдеби нормативтердің дүмшелігін әшкерелеген, тек көркемдік көрегендікті ғана емес, азаматтық ерлікті де талап ететін жаңашылдығын ұмытпай, мақтанмен еске алуға тиістіміз.

Ардақты ағайын!

Ерлік демекші, Зейін Шашкиннің талай тар жол, тайғақ кешуден өткеніне осы отырған жұрт әбден қанықсыздар. Нағыз дер шағында, жиырма бес жасар боздақ Семей педагогикалық институтының әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі болып, белгілі ғалым Есмағамбет Ысмайыловпен бірігіп «Әдебиет теориясы» оқулығын бастырып, шағын жанрлардан қаулатып жазып, қанатын жебей қағып, екпін ала бастаған шағында сталиндік репрессияға ұшырап, Итжеккенге айдалды. Жігерлі талант нағыз қайтпас-қайсар тас түлек екендігін сонда танытты. Сонда деймін-ау, тайсалмас табандылығын қараңғы үйге қамалған сағатында-ақ сездірді.

Ол жайында сырласқан бір әңгімесінде Зейнекең былай деп еді.

– Алғаш камерада Жоғарғы сот төрағасымен бірге жаттым. Сол аға: «Қарағым, жасың жас. Көретін жарығыңды ұзартам десең, беріспе. Жабылған жаланы мойындадың-ақ, жаныңды жәннамға жібереді», – деп ақыл берді. Сол кісінің ақылынан жазбай, не қиямет қылбұрауын салса да, шақарланып беріспедім.

Бұны жігерлі таланттың бірінші ерлігі десек, екінші ерлігін 1945 жылы Иркутск медицина институтын бітіріп, дәрігер дипломына ие болғанын жатқызамыз. Кезінде Мағжан ақынның да Карелия ормандарында айдауда жүріп фельдшер дипломына ие болғанын және еске алсақ, қазақ зиялыларының не тамұқ отында жабығып жасымағаны, қаймықпай қайсарысқаны, әсіресе жас ұрпақ үшін қандай үлкен өнеге.

Ал жігерлі талант иесі Зейін Шашкиннің басты ерлігі, әрине, жазуға рұқсат алған айналдырған он жылдың ішінде қыруар творчестволық шаруа тындырғандығы. Әрі аға, әрі құралпастары Хамза Есенжанов, Мұхаметжан Қаратаев секілді өндірте, жақсы мағынада қомағайлана жазды. Үшеуі де, жазу-сызудан тосаңсып қалмағаны былай тұрсын, қазақ әдебиетіне өз жаңалықтарын, бұрын кездеспеген сонылықтарын, кәусар самалдай стилін ала келді.

Мен үшін бұл шақ үлкен мектеп болды. Өзі қызық. Бастапқы кезде Зейін Шашкиннің «Наступило утро» (1956), «Ұядан ұшқанда» (1957) повестерін, «Тоқаш Бокин» (1958), «Теміртау» (1960), «Доктор Дарханов» (1962), «Сенім» (1966) романдарын, «Темірқазық» (1960), «Өмір тынысы» (1964) повестерін оқығанымда қазақ көркемсөзінде пайда болған бір жаңа толқын сарынын естігендей болам да, талдауға кіріскенімде тап басып жеріне жеткізе анықтай алмай қиналамын. Сол қиыншылықтардан жазушы Зейін Шашкиннің маған жазған үш тамаша хаты құтқарды.

Кей жазушылар не жазғанын түсіндіре алмайды. Ондайды сөуге болмайтын да шығар. Талант әрқилы. Ал Мәскеудің тарих, философия және әдебиет институтында оқып шыңдалған Зейін аға менің бір жаңсақ айтқан сыныма да эстетикалық зор білімділікпен, ой саларлық жауап берумен бірге, өз туындыларына бір ғылыми диссертация жазуға емін-еркін жетерлік терең де әдемі талдаулар жасады.

Бұл жерде Зейін Шашкиннің көркем шығарма кестесіне өрілетін қос қабат, параллельдік әсерден бас тартып, әр кейіпкерінің өзін сөйлетіп, ішкі монолог, ішкі диалог арқылы олардың характерін шым-шымдап отырып ашатынын, Зейнолла Қабдолов сөзімен сөйлегенде, «оқиғалар желісін тартымды, қызық құра білетінін», басқа да поэтикалық ерекшеліктерін тәптіштеуге уақыт тар. Айтпағым, біз әдеби процесс дегенге, оның дұрыс жолға қойылуына Зейін Шашкиндей мән берсек қой...

Белгілі қанатты сөзді сәл ауыстыра айтсақ, Зейнекең туған елінің айтулы ақыны да, азаматы да бола білді. «Адамды сүйіп, адамға жәрдем беруге өмірімді сарп етемін» дей-

тін Гиппократ антын Зейнекең дәрігер ретінде де, жазушы ретінде де бар ынты-шынтымен мүлтіксіз орындағанын жастарға үлгі ете алмай келе жатсақ, ол осы қаламгерді көзімен көрген мына біздің кінәміз!

Мұхтар Әуезовтің Зейіндей қаламдас інісінің жетістіктерін «жәй, сәл ғана бір ұнамды емес, бүгінгі жоғымыздың бірін ала келе жатқан елеулі, салмақты табыс-ау деп ұнаттым», – деп не себепті ағынан жарылғанын енді-енді түсінгендейміз. Біз күні бүгінге дейін өкпе болу (құрт ауруы) жағынан көп-көп елдердің алдын бермей келеміз. Ал Зейін Шашкиннің осынау келеңсіз жәйтті ұлт боп қолға алатын актуальді проблема етіп көтере білгенін қалайша ұмытпақпыз? Бұдан туар қорытынды айқын.

Дәмештей нәзік сезімді, парасатты қазақ қызы өсіп жетілгенін, Тоқаш Бокиндей от қайраткердің тап қырқысы жағдайында бірде олай, бірде бұлай кетіп, сендей соғылысып жүрсе де, адамгершілік атты құбыланамасынан айнымағанын, ел көлемінде, ұлт деңгейінде ойлайтын қармандардың прототипін замандас інілерінің ішінен жіті көзбен тапқанын, Ораздай болат қайнатушының бұдан былайғы болашағы туралы толғана тебіренгенін, міне, осы тәрізді қабырғалы табыстарды, елеулі ізденістерді есте ұстап дамытқанда ғана әдебиетіміздің өрісі кеңейе бермек.

Ұлт өресінде ойлау демекші, «жердің де ауыратынын», мал екеш малға жайылым қалдырмай аяусыз дар-дар жыртылған даламыздың қатты сырқатқа тап болғанын жазушылар арасынан алдымен ширыға, шамырқана аңғарған тағы да осы суреткер болатын. Тың көтеру ісін мансаптық құралға айналдырғандардың кесірінен қара дауыл көтеріліп, егіс даласының бар құнары шаңға айналып күн көзін бітегенін көрген Зейін аға сырқаты меңдеп бара жатса да, «Сенім» романын туғызып, Нұрландай агрономның сенімді тұлғасын жасап, қазақ жеріне жасалған қиянатқа өршелене қарсы тұрғанын біз күні бүгінге дейін сүйсіне еске аламыз. Бұл жігерлі таланттың соңғы ерлігі еді.

Дүние өтеді, кетеді. Кеңістік пен уақытқа тәуелділікті жеңетін, өтпейтін, өшпейтін бір ғана ұлылық бар. Ол жер-

ге, елге деген кіршіксіз, таза махаббат. Зейін ағаның кең маңдайынан сол рухани сұлулық сезімінің сәулесі әрдайым жарқырап себезгілеп тұратындай еді. Қашан үйіне барсаң да жатаған журнал столы қасында, теріден тігілген қоңыр түсті желбегейін жамылып, ақ қағаз бетіне әр қарпін маржандай етіп түсіріп жазу жазып отыратынын көретініміз. Дөңгелек өткір көздерін мейманына күлімсірей қадап, қоштасарында: «Жақсы бол, қалқам!» деп, үстіңгі ернінің суағарына қойған төрт текше мұртын сұқ саусағымен бір сипап өтіп, қолын сәл жоғары көтеретін. Онысы ақ батасын бергендей, кеуденді бір ілтифат, құрмет сезім бөлеп жылытатын. Көп уақыт бойы сол әсер күшімен көңілің көтеріңкі жүретін.

Қазақ көркем ойының қармауы мол барлампазы Зейін аға, біздің де Сізге деген ілтифат, құрметіміз ешқашан сарқылмақ емес.

5 желтоқсан, 2002 жыл.

Екінші бөлім

XX ҒАСЫР ҒИБРАТЫ

ҒАСЫРМЕН СЫРЛАСУ

XX ғасыр аяқталды. Енді ол тарих еншісінде. Тарих еншісіне түсуді таразыға түскенмен тең деуге келмейді. Одан әлдеқайда күрделі дүние. Әсіресе өткен ғасыр сыры мұхиттан да шалқар, әрі терең. Оның бер жағында бұл жолы жүз жылды емес, XX ғасырмен қосақтала аяқталған мың жылды да тексеруің керек.

Өз ұлтымызға қаратып есеп берсек, шүкірлік етуге тиістіміз. Екінші мың жылдықтың орта белінде қазақ қазақ атанып, өз алдына отау тікті. Отауын қорғау барысында бір жығылып, бір тұрды. Үш ғасыр дерлік отарлануға мәжбүр болса да, түбі қайырға ұласып, дербес дәрежеге қайта қол созды. Егемен елінің көк байрағын желбіретіп, жаңа, XXI ғасырға алшаң басып кірді. Нарық қарық қып жатпаса да, бетіміз жарық. Тәуелсіздіктен таудай үміт күтеміз. Сол бодандық ноктасынан құтқарғаны үшін соңғы мыңжылдықты да, XX ғасырды да алғаймыз. Мың да бір рахмет! – дейміз ел азаттығына жеткізген тағдырымызға.

Әлбетте, бұл – ғасыр есебінің жалпы қорытындысы. Толық есебін шығару парызының өтелуі – алда. Ол және көптеп, көлемдеп атқарылар іс. Оны жүзеге асыру оңайға соқпайды. Әйтеуір көңілге тоқ нәрсе – мұндай сипатты есеп-қисап жүргізу дәстүрінің бізде баршылығы. Дәстүр иелері – қазақтың ұлтжанды перзенттері. Біздерге биік-биік тау сілемдеріндей көрінетін солардың арасында бір

мұзарт асқақтайды. Ол – ел тарихының бүтіндей бір кезеңінің ұранына тіл бітіріп, «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақып Дулатов есімді шың.

Ғасыр басында елдің тілі ұшындағы сөзін бірінші боп айтып үлгеріп, жұрт көкейінен шығатын пікір қозғап, ұлт санасын оятқан Міржақып Дулатов жігіт жасы жиырма-ның бесеуінде-ақ еліне мәшһүр қайраткер. Өз заманы оны Мағжандай дуалы ақын аузымен «Ерік құсы» атады. Міржақып хақында біздің заманымыздың ойы да кезінде көрегенділікпен айтылыпты.

*Келешек күнде қағазға
Алтынмен жазар атыңды.
Құшақтап сүйер, қағазда
Көрсен жазған хатыңды.*

Иә, Мағжан Жұмабаевтың «Жауға түскен жанға (М. Д-ға хат)» деп аталатын бұл өлеңіндегі сөздерді біз де зор махаббатпен қайталаймыз. Міржақып Дулатовтың жазған хаты – алдымен «Оян, қазақ!» еді. Сол «Оян, қазақ!» атты 1910 жылы жарық көрген атақты өлеңдер жинағы жас шағынан биыл тоқсанға шығып отыр. Яғни үстіміздегі 2000 жыл бұл кітап үшін айтулы жыл («знаменательная дата»).

Мұндай даңқты шығармалардың мүшелді жасы атап өтіледі. Оған сөз бар ма. Бірақ әңгіме тек мұнда ғана емес. «Оян, қазақтың!» өміршеңдігі қандай десеңізші. Оқып отырсаң оның әлі де қазақ қажетіне жарайтындығына көз жеткізесің. Таңырқайсың, тамсанасың. Ұзақ жылдардан соң, ақын-азаматымен қайта қауышқан қазақ қауымының ғасыр басында жар салған Жақаң – Міржақып Дулатов сөзіне құлақ түруінің жөні бар. Оянған қазақтың әлі күнге ойланатын мәселелері бастан асады. Міржақып кітабын парақтап отырғанда бүгінгі Қазақстанның ділгір проблемалары есіңе орала кететіні сондықтан. «Оян, қазақтың!» әңгілік құндылығын 90 жылдық мүшелінде атай отырып, біз аға ақылына тағы да ден қоямыз, елім, жұртым деп, ат жалын тартып мінгеннен бері ұлтына еңбек сіңірген еңбе-

гінен, бұл жолдағы махаббатты қайрат-жігерінен үлгі аламыз, ол шешуін іздеген мәселелерге тағы да ойлы көз тастаймыз.

Жә, ол қандай мәселелер еді?

Қазір көркем әдебиет саясат ауылынан алшақ қонсын деген талапты жиі естиміз. Оның дұрыс та, бұрыс та жағы бар. Әдебиет өмірді өзіне тән құралдармен бейнелейді. Өз ішінен таркатқаны көркем идея делінеді. Даяр асқа тік қасық болу жарамайды. Сол секілді қарыз алған ой-пікірмен әдебиет алысқа шаба алмайды. Ағымдағы саясатқа елти беру де онша қасиет емес. Алайда саясат шылауына айналмаймын деп жүріп, ел өмірінен, шындық дүние шырғаландарынан қол үзу және қауіпті. Белгілі бір қоғамдық жағдайларда көркем әдебиет әлеуметтік зәруліктерге, саясат қазанына көз тігуі әбден мүмкін. Мұндай күн туса, әдебиеттің дидактикалық, уағыздық сарыны, тәрбиелік мәні күшейе түспек. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дәл осы секілді жағдайды бастан кешіргені еш күмәнсіз.

Бұл қазақ елінде көп-көп қоғамдық ғылымдардың атымен жоқ кезі. Сондықтан XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас шеніндегі қазақ әдебиетіне саясат, мораль, тарих, философия жүктерін қоса арқалауға тура келді.

Расында да «Оян, қазақ!» кітабына көз жүгіртсеңіз әу дегеннен-ақ саясат қайраткеріне жолығасыз. Ол – автордың өз бейнесі. Бірден әлеуметтік, ұлт-азаттығы идеяларының жаршысына айналып, тұлғасы биіктей береді. Өлең ұлттық сананың ортақ мұң-мұқтажын толғайды. Мұндай өлең XX ғасыр басындағы поэзияның аса бір ағыны қатты арнасын құрайды. Саясаты басым поэзияның жанрлық сипаты, екпін-лебі, тақырыбына дейін ерекше. Оның қыр-сырын, жаңа интонациямен сөйлейтінін Міржақып Дулатовтың өзі де анықтап саралауға тырысқан. «Ахмет Байтурсынович Байтурсынов» дейтін орыс тілінде жазған мақаласында бұл жөнінде мынадай түсінік береді: «Өз өлеңдерінде А.Б. махаббат туралы, әйел, табиғат жәйлі әндетпейді. Онда даңғаза өлең, алып-ұшпа сөзбұйдалар ұшыраспайды. Ол бостандық хақында, ұлты жөнін-

де езілген, артта қалған қырғыз ұлты туралы қарапайым, түсінікті қырғыз тілімен жыр-жырлап, оны оқу-білімге, еңбекке, ғасырлық ұйқыдан оянуға шақырады, әр қырғыздың азаматтық сезімін оятады». (Міржақып Дулатов. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. 298-б.)

Меніңше, бұл сипаттаманың «Оян, қазақ!» жинағына да тікелей қатысы бар. Жақаң жинағынан да біз махаббат, табиғат тақырыбына жазылған лирикалық өлеңдерді кезіктірмейміз. Ондай тақырыптарды «Бақытсыз Жамал» атты (1910) қазақтың тұңғыш романында, «Азамат» атты (1913) әдемі өлеңдер жинағында өрістетіп үдетті. Ал «Оян, қазақ!»... оның жөні басқа.

«Жөні басқа» дейтұғынымыз – бұл жыр жинағы бір есептен саяси бағдарлама, тарихи оқулық немесе болашақ алаш қозғалысының манифесі десе сыйып жатыр. Тіпті қазақ әйелінің тағдыры туралы сөз қозғайтын «Жесір дауалары хақында», «Жігіттер» дейтін тарауларының өзі саяси құжат сынды табиғатынан танбайды. Бұл – кітаптың «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» деп басталатын бас тарауының құрамды бөлігі іспетті: патриархалдық құрылыстың әйел жұртына деген мешеу, көнетоз көзқарасын шенейді және әйел мәселесін нақты жолға қою шараларын қарастырады.

Күмәнді сұрақ та туады: өлең саяси бағдарлама, манифест рөлін мойнына ала ала ма? Оған жауап сол, – белгілі жағдайда поэзия саяси жүк арқалап қана қоймайды, қоғамның басқа да нақтылы зәруліктеріне қызмет етеді. Ондай фактілер әлем әдебиетінде жетерлік. Мәселен, Батыс әдебиетінде классицизм нормалары мен ережелері Никола Буалоның «Поэтикалық өнер» (1674) атты поэмасында баяндалғаны мәлім. Ортағасырлық Тибет медицинасының атақты «Чжуд-Ши» дейтін ем-дом оқулығы басынан аяғына өлеңмен жазылған.

«Оян, қазақ!» жазылып жатқан тұста (1902–1909 жылдардың аралығы) қазақ әдебиеті фольклор, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке көшу кезеңін бастан көшіру үстінде-тін. Бұл өтпелі кезеңнің және бір ерекшелігі өзегі саясаттан

жаратылған, қоғамның зәрулігі, көкейтесті мәселелерін қозғайтын әдебиет құбылыстары өрістеді. Нәтижеде көп-көп өлең жалаң идея жаршысына айналып жатса да, бұл құбылыстың бастапқыда зиянынан гөрі пайдасы көбірек тиді. Атап айтқанда, халықтікі деп аталатын ұжымдық, фольклорлық шығармалармен қабаттасып, өлең әлемінде дара авторлық шығармагерлік орын тебе бастады. Қолына қалам ұстаған дара автор жайдан-жай келген жоқ. Дабыл қағып, өткір, толғақты әлеуметтік саяси мәселелер көтеріп, елім-жұртым деп ұрандатып, бұған дейін миф, аңыз, ертегіге елтіп, қалғып-мүлгіген ұлт санасын қалың ұйқыдан оята келді.

Сол қозғалыс көсемдерінің бірі – Міржақып Дулатов әдебиет әлемі есігін жасы болса да балаң күйде емес, өмірдің ащы-тұщысын барынша татқан және ең бастысы, жиған-тергенін көкірек көрігінде қорытып, мың сан фактілерді талдап-саралап, қоғамдық мәні зор түйін түйіп барып ашты.

1929 жылғы 1 қаңтарда абақтыда отырған Жақаңа тергеушілер өмірбаянын жаздыртқызады. Сондағы материалға, өзге де мағлұматтарға қарағанда, «Міржақып, неге отырсың қалам тартпай» дейтін жиырманың ішіне енді кірген жас жігіттің, Абай сөзімен айтсақ, «Көргені мен білгені, Жүзге келген шалдан көп».

1902 жылы яки он жеті жасында Торғай қаласындағы орыс-қырғыз училищесін төрт жыл бойы оқып тауысып, Қостанайдағы педагогикалық курсты тәмамдаған Міржақып, осы уақыттан 1909 жылға дейінгі жеті жыл ішінде Торғай, Зайсан, Омбы уездерінде ауылдық мектептерде бала оқытып ұстаздық құрады. Петербургке сапар шегеді. 1907 жылы 28 наурызда осы Ресей астанасында Шәймерден Қосшығұловтың иждиһатымен шыға бастаған «Серке» газетінде «Жастарға» атты өлеңін жариялатады. Сол жылдары жас талап «Халықтан мойны озып болған көсем» Абай ғибратына қанығады, тағы да бір «сөзі алтын, мағынасы меруерттей» Ахмет Байтұрсыновпен танысып, сырласып, Ресейдің саяси ахуалына бойлайды, Оралдан Әбубәкір, Омбыдан Қыпшақбай, Торғайдан Ақмолла, Нұржан, өзге

де дала сұлейлері Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіптердің жырларын көкірегінде маздатады. Омбы қаласында почта-телеграф чиновнигі Кухтериннің социал-демократияшыл үйірмесіне қатысады. Сөйтіп бірте-бірте саясат аталатын түлкіше бұлаңдаған құбылыспен бетпе-бет келеді.

Жә, сонымен тұйық су боп жатпауды ұйғарған қыршын жас үндеу тастап, тәмам ел-жұртты адақтағанда не тапты? «Оян, қазақ!» жинағына үңілгенінде оның бұл жолда тапқан-таянғаны құлашы кең, қарымы мол әлеуметтік-саяси байлам-толғамдарынан аңғарылады. Сыңайы қолына қалам алып ақ қағазға ақтарылуы 1905 жыл деп шамалау керек. Ресейдегі екпіні адам шошырлық революция дауылының дүмпіуі сонау Шығыстағы Зайсанда мұғалімдік етіп жүрген Жақаң құлағына да жетіп, оның өз сөзімен айтқанда, жүрегінде патшалық құрылысқа деген өшпенділік сезімін оятады. «Ел аралаған сыншы, тоғай аралаған үйші» демекші, мына шеті Арқа, Алтайдан, ана шеті Ресей, Қытай шекарасына дейін көрген-білгендерін сұңғыла көкірегіне тоқи келе, қорытындысын үш тарамды тақырыпта өрістетеді.

1. «Қазақ халқының бұрынғы һәм, бүгінгі хәлі».

2. XX ғасыр табалдырығын исі қазақ үнжырғасы түсіп, мойнына су кеткен жағдайда аттады. Өзге өркениет жұрттан көш бойы кейін қалды. Мешеу, артта қалған ел атанды. Мұның себебі неде? Кім кінәлі?

3. Қазақ тығырықтан қайтсе шығады. Оянған екен – оянған соң не істеуге керек?

* * *

Бірінші сұраққа жауап іздеп көрелік. Жауап ізделік дегенде, Міржақып Дулатовтың ойларын термекпіз. Сұрақты «Қазақ халқының бұрынғы һәм, бүгінгі хәлі» деп тырнақшаға алып атауымыз, бұл автордың төл тұжырымы. «Сөз басы» атты қара сөзбен түсірілген шағын кіріспеден соң басталатын өлеңге поэзиядан гөрі теориялық трактатқа, қоғамдық-саяси әлемнің алаулаған от-жалын мәселелерін додаға салатын публицистикаға, лайық тақырып, ой тол-

ғаққа телінген. Тақырыбы солай болғанмен, өлең әдебиет перзенті. Өу дегенде-ақ ақын өзімен-өзі сырласады. Ақпайтын қара су секілді болма. Қолыңа қалам ал да ел-жұртыңның қамын ойла деп өзін-өзі жаниды, қайрайды. Өлеңнің жанры «Дәфтер хат ғибрат». Негізінен «Жиырмасыншы ғасырдың жастарына» арнайды. «Халқы үшін» жан-тәнін аямайтынын паш етеді. Міне, бұл тұстарда лирикалық кейіпкер даусы анық, ашық естіледі.

Әрі қарай өлең пернелері әуезін өзгертеді. Лирикалық кейіпкердің жан толғанысын, тағдыр-талайын бейнелеу саябырсиды. Есесіне саяси-әлеуметтік әуені аспандап, шырқау биікке шаншылады. Ел, жер тағдыры жәйлі толғаныстар толқыны тау-тау боп көтеріледі. Ақын өлең-сөздің қазақ арасындағы өзгеше биік нарқына сүйене отырып, қазақ тарихының өткен-кеткенін жырға қосып, жүйелеп, саралап баяндауға көшеді. Тарихи бел-белестер, фактілер (тіпті цифрларға дейін) лирикалық қаһарманның көңіл күйлерін, ішкі жан тебіреністерін өрнектеу арқылы емес, оқиғаларды бірінен кейін бірін тоғытып оқушы санасына сіңіру жолымен баян етіледі. Сөйтіп, «Дәфтер хат ғибрат» жанрлық табиғатына сай ағартушылық, демократияшыл идеялар жаршысына айналады.

Қараңғы қазақ көгі астындағы қазаққа жар салу дегеніміз ол кездің жағдайында көшпенді қауымның шындық дүниеге көзін ашу деген сөз еді. Сол себепті Міржақып ақын өлеңі тарих боп сөйлейді. Жиһан елдерінің ортасында сахараны мекен еткен үш жүзден тұратын ел-жұрт бар. Хан тұстарында жерден таршылық көрмеген. Шаруа шаршысын өзінше күйттеп, емін-еркін өскен ел болатын. Енді басын бұлт шалды. Бодандық қамытын киді. Міне, осы жайлардың бәрі-бәрі тарих оқулығындай тәптіштеледі.

Біз, әрине, Жақаң жинағын басынан аяғына шейін сыдырта мазмұндап берейік деп отырғанымыз жоқ. Өткен тарих – ғибрат, тағлым алатын мектеп. Енді бақсақ, бастан өткерген бұрынғы заманымыздың зарлы тәжірибесі ХХ ғасыр басында өмір сүрген міржақыптар үшін ғана емес, сол ғасыр соңында дәп қазір жер басып жүрген біздерге де са-

бақ екен. Өйткені, кезінде Міржақып ақын жүрегін толқытып тебіrentкен проблемалардың бәрі демесек те, бірегейі айналып келіп қайта қабынып асқына ма деген қауіп ойлаймыз. Пәлі, осы біз ХХ ғасырдың орта белінде шыққан әжептәуір биігімізден қайта сырғанап түсіп, көп нәрседен кейін шегініп, бұрынғы таз кепешемізді қайта кимесек нетті деп қайсыбір кездерде зәрең ұшады.

Қандай да елдің іргетасы – оның экономикасы. Ол дәлдір екен – шаңырағың шайқалды дей бер. Кітаптың алғашқы тараулары «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хәлі», «Қазақ халқының бұрынғы мәғишаты», «Һүнермен хасыл болған нәрселер», «Қазақ жерлері» деп аталады. Міне, осы тарауларда экономикасы қаусаған елдің бұрынғы көшпенді өмір рақатынан айырылып, ұлттық қауырсыны азып-тозып, мешеуленіп марғау тартқаны, оның бәрін былай қойып, индустриалды елдердің өркениет жетістіктерін қияли ертегідей қабылдайтын күлкілі де аянышты халі өр мінез, намысқой, отаншыл сезіммен баяндалады.

ХХ ғасырдың екінші жартысын ала бере бұл мешеулік жойылып келмеске кеткен секілді еді. Алайда ХХІ ғасырдың, тіпті үшінші мыңжылдықтың табалдырығына аттай бере...

Мен көзімді тырнап ашқаннан бері қарай жиырма, жиырма бес жыл бойы яки елуінші жылдарға дейін қос өгіз жеккен ырдуан арбаға мініп талай қатынадым. Шіркіннің жегілуі қандай тез болса (қос өгізге мойынтұрық салып, екі істік темірді сұға салу оп-оңай), жүруі сондай шабан. Өскеменмен екі ара отыз шақырымдай жерді іңірде шыққаннан бозбала таңда әзерге қусырасың. Кейін сол михнаттан құтылды. Бара-бара өгіз арба көзден ғайып болды. Қайда барсаң да аяғыңды машинаға артуың үйреншікті машыққа айналды.

Енді мына ХХІ ғасыр қарсаңында ел экономикасы қайта тұралады. Соның салдарын Міржақып ақын көрсе, енді қандай жыр туғызар еді деп ойлайсың. Өйтетінін: даламызда соп-собалайтын дауыстар қайта естіле бастады. Осы жуық маңда Мақаншы жақта қос-қос өгізді парлап жеккен

үш бірішке жайлау қайдасың деп, соп-собалап тартып барады екен, соны көрдік. Мұны экзотикаға балап, өгіздің мойынтұрығынан ұстап, суретке түстік. Дегенмен көңілімізде бірдеңенің ұлып қоя бергенін жасырмаймын.

Әрине, көткеншектеудің бәрі сәлекеттікке жатпайды. Кейде жол үстінде жоғалтқаныңды кері қайтып тауып алсаң, өз мүлкіңнің өзіңе бұйырғаны ол да олжа. Міржақып ақын «Оян, қазақ!» жинағында қазақтың көшіп-қонған рақатын сөз етеді. Төскейі түлікке толы, «тоқты қоздап, тай құлындаған» дәуренін аңсайды. «Байлықтың көрінуші еді ғаламаты» деп аһ ұрады. Ғасырыңмен сырласқанда: ау, сол ғаламат байлық қайда кетті? дейсің. Тіпті ХХ ғасыр басында да малдан жұтап көрмеген қазаны майлы, шелегі шелді халықтың. Ақ сүйек жұтқа ұрындырған – Голощекин жұты. Сондағы жұт құрығынан әрең-пәрең құтылып, өрісімізді тағы да мыңғырған малға толтырып едік, енді мына тәуелсіздігіміз тұсында тағы да тігерге тұяқ қалмай таяқ ұстап қалуға шақ тұрмыз. Тарихқа енді небетімізді айтамыз? Ұлы Абай: «Қазақ барында «баймын»деп мақтанады, жоғында «маған баяғыда мал бітіп еді», – деп мақтанады» деген екен. Соның кебін киюдің аз-ақ алдында тұрмыз.

Жақаң жинағын оқып отырғанында осы біз, қазақ, тарихтан тиісті тағылым алдық па? деген ой келеді. Меніңше, ағаларымыздың ақталғанына ғана мәзбіз, олардың аманаттарына әлі құлақ аса қойғанымыз жоқ. Құлақ ассақ, жер сату деген қаңқу сөз қайдан шығады? Қазіргі қайсыбір чиновниктер: мына қазақ әлі күнге нарық сырына түсініп жетпеген, жерді саудалауға сондықтан қарсы десіп жүр. Қате түсінік. Халық айтса, қалып айтпайды. Халық жері мен елі арасын бөліп жармаған. Сондықтан да Міржақып жер мен атамекенді бір ұғымға санаған. Бұл мәселеге Міржақып ағамыз өзінің «Оян, қазақ!» жинағының «Қазақ жерлері» атты маңызды тарауын арнаған. Ол: «Қазағым, жерің қайда атамекен» дейді. Яғни, жердің өзін атамекенге балайды. Патшалық Ресейдің сол атамекенімізді «қазыналық» яки мемлекеттік жер деп жариялағанына кектенеді.

*Мың жеті жүз отыз бір сөнасында:
Біз кірдік Руссияның фанасына.
Гүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықпас кім қазақтың баласына
Жылында мың сегіз жүз алтыс сегіз:
Қазыналық, – деді, – жердің һаммасын да.
Таралып жылдан-жылға жер-суымыз,
Мұжықтың кетті бәрі қаласына.*

«1915 жылы, бұрынғы жылдардағыдай, Қостанай уезінің болыстарында... переселендер учаскелерін құрды. Сарыой болысынан 13 қыстау, Үй болысынан 2, Меңдіғарадан – 192, Кеңаралдан – 1, Обағаннан – 6, Арақарағайдан – 361 қыстау сол переселендерге арналған учаскелердің ішіне кетті. Бұл қара топырақты, шөбі шүйгін, суы мол жерлер еді. Оның есесіне қазақтар «топырағы сортаң, шөбі сирек, суы ащы» жерлерге қуылды» (С. Әсіп. Қазақ қасіреті. Алматы: «Қазақстан», 1994, 216 бет).

Бұл Міржақып Дулатовтың туған өңірі, бала кезінде асыр салып, есейе келе іші удай ашып аралаған жерлері. Қазақ елінің түкпір-түкпіріне дейін осы зауалға ұшырағанын көрді. Қазақ жерінің қоңды бөкесіне борсықтайын тұмсығын сұққан келімсектердің тұтас бір халықты ырысынан айырып, шөлге қамауы Кеңес кезінде де жалғасын тапты. Оның да шет жағасын Міржақып Дулатов көріп кетті. Сондықтан патша өкіметі де, Кеңес өкіметі де бұл ағамызды тас қамауына қамады, зынданында шірітіп ақыры өлтіріп тынды. Сондықтан да «Оян, қазақ!» патшалық самодержавие тұсында да, қызыл империя тұсында да оқылмасынға шықты. Көп жылдар бойына кітап ГУЛАГ-інде шаң басып жатты.

Міржақып сөзін есітпеген кейінгі ұрпақ сол себепті өз елінде азшылықта қалғанын «интернационалдық іс» деп түсінді. Тың игеру науқанында қазақ жеріне тағы да миллиондаған келімсек қоныстандырылып, патшаның жүз жыл бойы үлгіріп істемегенін бір-екі жылда-ақ жүзеге

асырдым деп генсек Хрущев шовинистік кеуек кеудесін соғып масайрады.

Жер қазынанікі, мемлекеттікі деп бізге сырттан тағылған зымиян ұғымның халқымызды қандай қасіретке ұшыратқандығын енді-енді түсіне бастағандаймыз. Жер – ұлт игілігі. Халықтікі. Солай деп Конституциямызға, Ата заңымызға жазайық деп даңқты ақынымыз Олжас Сүлейменов жар салса, бұл – біздің ғасырлық арманымыз. Жер – атамекенің. Жеріңді сатсаң – атамекеніңді сатқаның. Міржақып ағаның: «Қазағым, жерің қайда атамекен?» деген сауалын біз осылайша түсінеміз.

Иә, жер қазақтікі. Оны ұлтшылдық сақинаң ұстағандықтан айтпайсың. Ақиқаты сол. Олай жер-суын меншіктенетін жалғыз қазақ қана ма екен? «Русская земля», тіпті «русская зима» деген түсініктер де бар ғой. Оны кім сөкет көреді? Ресейдің атақты жез таңдай әншісі Сергей Яковлевич Лемешев: «Это русское приволье, Это Родина моя» деп шырқағанда қазақ біздер де бас шұлғып ұйып тындайтынбыз. Қазақ жері дегеннен өзге ұлт өкілдерінен өлкемізге қоңсы қонбасын деген түсінік тумаса керек. Момын, кең қолтық қазақ тарихында қоңсы сұрай келгендерге ешқашан сараңсымаған, іштарлық, өзімшіл мінез көрсетпеген.

* * *

«Оян, қазақ!» сори қайнаған қазақ елінің не себепті артта қалғанына да көңіл бөлінеді. Қоғам тамыршысы, емсегі Міржақып Дулатов пікірінше, артта қалуымызға да, бодандық қамытын киюімізге де әкеп соқтырған кесел қазақтың ауызбірлігінің жоқтығы. Күштісі нашарларын шауып, дұшпаңдығын бірінен-бірі асырып жатқан елге қайдан бірлік, береке жұқсын, дейді ол. Жұқпағандығынан да қазақ қалың тұманға кіріп адасып жүр. Арты жар, алды тұйық, дейді.

Ғасырмен сырласқанында бұл пікір де бір бүйірінде тұрады. Әлбетте, жиырмасыншы ғасыр басындағыдай халде емеспіз. Құдайға шүкір, тәуелсіздік туы астында топтаса

түстік. Тірлігіміз, бірлігіміз жаңа күш алды. Ылайым солай бола берсін. Уыздай ұйыған қазіргі күйімізден айырмасын. Ал, тілекке тілек қоссақ, қабырғамызбен кеңесетін нәрселер толып жатыр. Халқы жұтап, басшылары байыған үстіне байи берсе, ел ішіне іріткі түсті дей бер. Сондай-ақ бай мен кедей арасы жер мен көктей алыстай берсе, таптық күрес дейтін, әнеки, содан шиеленіседі. Әлеуметтік қақтығыстар не себепті асқынатынын үйреткен тарихи кезеңнен сірә да әлі ұзап кете қоймаған болуымыз керек. Немесе әркім жүзім, руым деп өліп өшсе, Жақаң айтқандай, екі сұңқар таласса, бір құзғынға жем боладының кері келеді. Кең даламызға сыйыса алмай талассақ, «таршылық енді көріп сығылысқан» күні кешегі жәйт қайтып оралмасқа кім кепіл. Құдай оның бетін әрі қылсын дейік.

Және бірлік хақында ойланғанда Кіндік Азия, өзге де аймақтардағы тағдырлас, мұңы бір бауырластарымызбен бірге ойласуымыз керек. Мұны Міржақып ақынның үлкен жерегі ғасыр басында-ақ сезінген. Соны өлеңіне қосқан.

*Россияда жиырма миллион бар мұсылман,
Жері жоқ осылардың бір қосылған.*

Бұл өкініш-зардың түп-төркіні түсінікті. Ағайын жұрт бастары қосылмағандықтан да арандап, отаршылдық орнына шіретке тұрғандай бірінен соң бірі құлай берген. Жақаң жыры мына біз кірген жаңа ғасыр басында жалғасын күтеді. Тарих тағылымынан дұрыс қорытынды шығаруымыз қажет. Тәуелсіздігіміздің туы жығылмасын десек, ағайындас халықтарымызды бауырластыру, достастыру қамын жауапты міндеттеріміздің ең шұғылы, кезек күттірмейтіні деп қарауымызға керек.

* * *

Шығарманың тақырыбына, мазмұнына, тіпті жанрына дейін оның қасиет, ерекшеліктері кімге арналып жазылғандығына көп байланысты. Бір мақаламда мен: Абай,

Ахаң мен Жақаң, Мағжандар өз сөзін бір топқа, я бір тапқа емес, исі қазаққа арнаған деппін.

«Оян, қазақ!» атынан көрініп тұрғандай, сөзін тұтас ұлтына бағыштайды. Сондықтан оның мазмұны, идеясы, айталық, тағы да бір «Оянғаннан», «Оян, қарғыс таңба басылған» яки «Интернационал» әнұранынан мүлде өзгеше. Соңғысы айтар сөзін халықаралық пролетарларға қаратып үндейді. Міржақып шығармасы кедейі, байы, зиялысы, пролетариаты, шаруалары деп бөліп-жармай, ұлтына түгел ұран тастайды. Мұның өзі өлең табиғатына көлденең келмейді, өлең сөзбен өзгеше бір жарасым табады.

Атақты абыз ақынымыз Әбділда Тәжібаев: «Декларациялық ойынды жеткізуге қашан да өлең қолайлы», – депті (Бес томдық шығармалар жинағы. 5 том. Алматы: Жазушы, 1981. 51-бет).

Осының мысалын Міржақып ақын шығармагерлігінен де көреміз. «Бұл шақта сөз базары көтеріңкі, Сынасай бақытыңды сен де баптай», – дегенде жас Міржақып декларация тілімен үндейтін өлең өнеріне төселсем деп армандайды. Өйткені, бұл жанрдың халық арасында өтімді екенін жас та болса аңғарған. Бағдарлама сипатындағы мәлімдемені салтанатты түрде жариялауға қазақ өлеңінің тәжірибесі аз емес-ті. Бұхар, Мұрат, Дулат жыраулар шешен тілдерін, адуын арынды сөздерін хандарға емес, халқына да қаратып айтқан. Бейнелі, өрнекті сөзді ойтолғақ (публицистика) жалынына орап, халық жүрегін өртей білетін тілді өлең қадірін арттырған.

Өстіп аға ұрпақтан әлеумет тілінде сөйлеуге үйрене отырып, Міржақып Дулатов өз ақындық торабын зор әлеуметтік һәм ұлттық категориялармен ойлап толғану жолында жүріп табады. Сол мақсатында өзі де кең ауқымда қоғамдық қайраткерлік істерге жұмылады. Сол себепті ол өлеңдерінде жұртын оянуға ғана шақырып қоймайды, ояңған соң не істеу керектігіне баса көңіл бөледі.

Міржақып Дулатов «байлықтың көрінуші еді ғаламаты» деп көшпенді ел тұрмысын қаншама дәріптесе де, кері шегінуге шақырмайды. Қазақтың озық өркениет елдер-

дің үлгісі бойынша алға басыын көксейді. Ойынша, бұған ғылым, білімге қарулану арқылы жетуге керек. Міржақыптар көзқарасы осылай болғанда, қазіргі ғасыр аяғындағы көзқарасымыз қандай? Айтуға ұят. Өзімнің шамалауымда, қазіргі үкіметіміздің ғылым, білімге көзқарас дәрежесі ғасыр басындағы зиялы қауым көзқарасынан әлдеқайда пәс, төмен көрінеді. Оған дәлелім – үкіметіміздің бюджет мәселесіндегі саясаты. Бар қиындықты ғылым мен білімді шөміштен қысу арқылы шешуге әрекеттенетіндігі. Тығырықтан ғалымдар мен зейнеткерлердің қалтасындағы бес-он тиынын қағып алу есебінен шыққысы келетіндігі...

Немесе мәдениетіміздің маңызды саласы – кітап дейміз. Соның тиражын алып көріңіз. Мысалы, атақты ақынымыз Тұманбай Молдағалиевтің «Ұзара бер, ұлы жол» атты (1997) жыр кітабы мың дана тиражбен жарық көрді. Ал, 1910, 1911 жылдары екі дүркін шыққан «Оян, қазақ!» таралымы тиісінше мың және үш мың дана! Мұның аты – бұрынғы таз кепештен де айрылдық деген сөз.

Тағы бір бап – «Сайлаулар хақында». Міржақып пікірінше, ар-ұжданды саудаға салатын сайлауларды өткізгеннен өткізбегеннің өзі жақсы... Міржақып кітабы беттерін өстіп парақтағанында, ғасыр басында бастаған әңгімемізді әлі аяқтай алмай жүр екенбіз-ау деген әсер қалады. Мысалға, «Мәсжід – медресе хақында», «Қазақ халқына діни бір уағыз» бөлімдерінде қойылған уазифа орындалды деп айта аламыз ба? Орындалмақ түгіл талайымыз Құдайсыздар қоғамына кіріп мүшелік жарна төлегеніміз жоқ па? Асыра сілтеушілік мінезден арыла алмай-ақ қойдық. Шовинизмді сынағанымыз дұрыс дейік. Бірақ бұдан орыс атаулының бәрінен без деген ұғым тұмауы керек қой. Әлдебіреулер митингіде «Русский язык – вампир» деген плакат көтеріп шығып, орыс мәдениетін игеруді өсиет еткен ұлыларымыздың сөзін аяқасты еткісі келеді. Міржақып Дулатовтан да өткен ұлтжандымын деп қайсымыз да айта алмаспыз. Ал сол кісі:

Медресеге сайласын екі молда,

Бірі оқытсын мұсылманша, бірі орысша, –

деген ұсыныс жасайды. Неліктен екені түсінікті. Міржақып Дулатов бұл тұста нағыз диалектикалық деңгейде икемді саясат ұстанады. Жерімізді жалмап жатқан отаршылдықты түйреумен, қазаққа мешіт, баспахана салуға дейін тыйым салған миссионерлік арам пиғыл саясатты қатаң сынға алумен бірге, ол Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Крылов, Толстой, Тургенев секілді даналарды көтермелей мадақтап, озық орыс мәдениетін игеруге шын пейілмен, ақ ниетпен шақырады.

Автор қазақты ояту кілті – зиялыларда деп түсінеді. Сондықтан «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға...», «Терме» деген бөлімдерінде оларға арнау сөз айтады. Бұл тұста жинақ дағдылы тағылымнан өзге стильге көшеді. Оның жанрын одаға жақын десе де сыйымды. Шешен тіл, парасат қуатымен халқына қызмет сіңіріп жүрген жау жүрек, қыран көздерім, ел намысын жіберме. Аузы алты қарыс айдаһармен алысып-жұлысқан жолыңда өлсең шаһидсің, тірі жүрсең қазысың деп, дем бере, көтеріңкі әуенмен сөйлейді. Оны неге еске салып отыр десеңіз, мұны да айтқызушы бүгінгі камкөңіл ететін жәйттар. Өлі-тірі қасқа жайсаңдарымыздың бетіне шетінен күйе жағып ластауға дайын тұратындар тіпті әділеттілік тұрғысынан сөйлеймін деп өзеурейтінін қайтерсің. Ондайлар демократия дегеніміз аузыңа не келсе, соны соға бер деп түсінетін тәрізді. Теріс түсінік. Бір білімдар (Ш. Монтескье): «Свобода – это право делать все, что позволяют законы», – депті. Заңды былай қойып, «аруақ атаған оңбайды»деп өткен игі жақсыларымыздың соңынан топырақ шашпайтын, бүгінгі тірі үлкенді қадірлейтін ұлттық қасиетімізден айырылып бара жатырмыз ба, қалай?!

Міржақып Дулатов тұтас ұлтына үндеу тастай отырып, оның жеке әлеуметтік қат-қабат қыртыстарын да естен шығармайды. Мысалы, ауыл бозбаласының талапсыз, тұрлаусыз мінездерін сынай, міней келе, «Таршылық хәліміз хақында аз мүнәжат» деген бөлімінде тіпті жастарға нан табудың жолдарына дейін тәптіштеп ақыл қосады. Бұдан соң сөзін жас ұланға сабақ беруші ұстаздарға ар-

найды. Қазақ қараңғы бір сарайда қамаулы. Миллетіңе жаның ашыса, бұз сол сарайдың есігін, – деп батыл қимыл-әрекетке тәуекел етуге шақырады.

Ақынды көп толғандырған мәселе – алты миллион халықпыз, аз емеспіз, ал соның берекесін алып отырған кесір – бірлігіміз жоқтығында, алтыауыз екендігімізде, – қайткенде сол кесірден арыламыз деген сауал. «Жесір дағуалары хақында» бөлімінде өзге жұртта кезіге бермейтін тосын жәйт қатты шенеледі. Күлерсің бе, жыларсың ба, ел ішінде дау-шардың арылмайтын себебі еркек атаулының көбінің «Болмайды даусыз қатын алғандары». Міржақып бұл дау-жанжалды тыюдың амалдарын ұсынады. Жастарды он жеті, он сегізге келмей үйлендірмеуге керек дейді. Қалың мал рәсімі қыз бен жігіт бірін-бірі ұнатып сүйгенде ғана орындалсын деген талап қояды.

*Тең болып екі зайып қосылса егер,
Арман не ол уақытта аһ, дариға-ай! –*

деп «Жігіттер» атты өлеңде жаңағы тақырыпты дамыта түседі. Қалыңдықты қалай таңдау жөнінде де біраз көңілге қонымды кеңес береді.

Міржақып Дулатов жинағының ең соңғы он жеті бөлімнен тұратын тарауы «Насихат ғұмумия» деп аталады. Оқыған сайын сол тараудың, әсіресе, мына бір шумағы көзіме оттай басылады:

*Шығады асыл – тастан, өнер – жаспан,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы ғылым таппақ сол секілді
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.*

Осы өлеңді Алтай жеріндегі той-томалақтарда талай әндетіп отырғанын еститінмін, әрқашан жүрегіме дәреметі, шуағы тиіп жылытатын, ой-көңілімді талай тәтті қиялдарға бөлейтін өне бойы поэзияға тұнған әуенді мен о кездерде халықтікі деп жүретінмін. Сөйтсем, қайран Жақаңнан қалған сөз екен ғой...

«Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып» деп, ол бастапқыда саяси-ағарту сипатты өлеңнің көркемдік әрін әспеттеуге оншама мән бермей, орыс, қазақ, араб, фарсиларды жиі араластырып сапырып, тіпті қай тұста буынның артық-тұртығын пәлендей елемегенге ұқсайды. Дегенмен таланттың аты – талант. Өз дегенін істеткен. Әуелде өзін дәріпті шайыр санамаса да, «шын жүйрік өрге шапса өршеленер» дегендейін, Жақан бара-бара жанр сырына қаныға түсіп, «Болғайсың таудан аққан тәтті бұлақ. Ыстықта шөлдегендер жабылатын» деп, бейнелі сөзге бейімделе береді.

Таудан аққан таза бұлақ – алдымен Міржақып Дулатовтың өз жарқын бейнесі. ХХІ ғасырға халқымыз шөлін мүлде басып кіріп отырған жоқ. Нарық азабынан ындыны құрып, өзегі кепкен ел, ой-ниетке таза, алдымен қара басынан гөрі халқының пайдасын ойлайтын Міржақып ағадай азаматтарға зәру. Сондай биік тұлғалар ғана мына нарық шөлінен енді қайтіп шөлдетпей алып шыға алатынына өз басым кәмілмін.

АРСЫНЫҢ АҚЫНЫ

Мағжанның рәміздік ізденістері хақында

«Арсы» – не бір аузы дуалыларданда естімеген сезім. Кітап беттерін парақтай жүре де көзіме ілікпепті. Бұл көне сөзді алғаш рет кезіктіруім – Мағжан ақын өлеңдерінен. «Арсы» сөзі Алланың тағы деген ұғым берсе керек. «Аяқ басып Арсыға, Жүгіріп барып қарсылап, Тәңірінің тілін ұғамын», – депті Мағжан «Көкшетау» атты өлеңінде. Өлеңді оқып отырғаныңда ойыңа сұрақ оралады: Жаратқан Иеге не сырын ақтарғысы келді екен ақын? – деген. Ихсаны жібімейтін, бауыры тастан қатты қайырымсыз заманының қиянатын айтып шағынуды ойлады ма, кім білсін...

Көңіл шымылдығының арасынан күмән сығалайды. Хақ тағаладан жасырын қандай қоймаң болуы мүмкін. Санадан өзге түпсана деген рухият дүниесі бар. Соңғысында

не болып, не қойып жатқаны бір Құдайға ғана аян. Саған беймәлім. Құлыптаулы сыр сандық іспетті. Кілтті көп-көп жағдайда иесінің өзіне де таптыртпайды.

Ол кілтті табу мүмкін бе? Ізденіп көрсе қайтеді. Өзге жұрт поэзиясында ондай талап бар ма? Болса қандай?

Мағжанның бір алуан шоғыры осы сауалдардың жауабын табуға зор шабытпен кіріскендігін аңғартады. «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Бостандық», «Мені де, өлім, әлдиле», «Берниязға», «Шолпы» секілді өлеңдері бұл ақынның өзіне дейінгілерге де, өзінен кейінгілерге де, тіпті өз тұстастарына да (Бернияз Күлеев пен Сәбит Дөнентаевтың қайсыбір өлеңдерінен басқа) ұқсамайтын ерекшеліктеріне қол қойғызады. Өйткені Мағжан бұрауын тапқан кілтті символизм болса, бұл өзге қазақ ақындарының қолына түспеген нәрсе.

Басқа сөзбен айтқанда, Мағжан Жұмабаевтың қазақ әдебиеті тарихында оқшау тұратын ақындығы хақында ой тербеткенде байқайтынымыз: ол бұрынғы әдеби сарыжұрт дәстүрлерді сағалай беруден сақтанды. Өзі басып өткен ізді де қайтып шиырламауға тырысты. Үнемі жатпай-тұрмай ізденген ақын, жеке басына түскен зіл батпан ауыртпалықтарға қарамастан, поэзиямызға жаңа өріс ашып тынысын кеңейту үшін барын салды. Әлбетте, замана қарқынына ілесудің жөні сол екен деп, жылт еткен жаңалықтың бәріне талғаусыз жармаса берген жоқ. Өзен бетіне шыққан көбік, шөп-шаламды терең ағыспен шатастырып алмауға тырысты. Атап айтсақ, саясат айқайына айқай қосып, ел ішін таптық қан жоса қырғынға шақырып, тамағы қарлыққанша өзеуреп ұрандайтын үгіт өлең дейтінге сырт берді. Есесіне элем әдебиеті жаңалықтарына көз тікті. Әсіресе өзіне тосын жаңалық көрінген символизм ағымына бой ұрды. Өзге бір саясат дәртесіне жегілейін дегендіктен емес, бұл ағымның ұлттық әдебиетімізге тигізетін шарапатын ойлады.

Әдебиет заманының қас-қабағына қарап өсе алмайды. Ол – ай мен күн секілді ортақ игілік. Бірде қас, бірде дос заман әдебиетке әділ қазы бола ала ма? Бұрын Мағжан социалистік революцияның қас дұшпаны саналды. Солай са-

нағандардың айтағы салдарынан ақын сыналды, мінелді, ақыры қаза тапты, ондаған жылдар бойы әдебиет тарихынан аты өшірілді. Амал қанша, ортақ игілікті саясат құралына айналдыру ауруынан әлі ада-күде айыққанымыз жоқ. Ендігі бақсақ, Мағжан кеңестің жауы есебінде мадақтала бастапты. Бұл жөніндегі даурықпалардың күмәнділігі өз алдына. (Мағжан – Кеңес өкіметінің тәртіптерін қатаң сынаумен бірге, жиырмасыншы жылдардың орта белінде кеңестік ағынға ілесу мақсатында нақтылы әрекет жасағанын, «Қызыл жалау» өлеңін, «Тоқсанның тобы», «Толғау» поэмаларын жазғанын неге аяқ асты етеміз?) Шын әдебиет саясат шылауына айналмақ емес. Суреткер дүниетанымы кіл саяси көзқарастан тұрмайды. Көп жағдайларда әдебиетші қаламгердің саяси көзқарасынан гөрі оның философиялық, эстетикалық, этикалық көзқарастары әлдеқайда басым түсіп жатады. Әр өлеңнен саясат иіс-қоңысын іздеп әурелену, конъюктураға салыну – бәз-баяғы тұрпайы социализмнің әлегі. Көркем образ идеясынан әлдеқайда бай келеді. Жинақтау жолдары алуан-алуан. Суреткердің өз тұлғасы ше? Шығарма тағдырын, сайып келгенде, «қиыннан қиыстырар ер данасы» (Абай) – суреткер шешпек.

Символизм дүниеге келгенде Кеңес өкіметінің ұрығы да себілген жоқ. Бұл әдеби ағым XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өрістеді. Іргесін қалаушылар – Францияда Поль Зерлен, Стефан Малларме, Ресейде орыс әдебиетінің күміс ғасырының көш бастаушылары – Валерий Брюсов, Дмитрий Мережковский, Константин Бальмонт, Вячеслав Иванов, Александр Блок, т.б.

Символизм көктен түскен жоқ. Әдебиетте ежелден өз арнасы бар романтизмнің сүтімен қоректенген. Соның бір бұтағы есепті. Өз мұрат, идеалына сәйкес өмір шындығын қорыта отырып, символист ақын сана түйіндеген әсерлермен шектелмейді. Айнала қоршаған дүниені айнаға түсіріп жырға қосу бір мәселе де, сезімнің өзінің бұрқаған құбылыстарына зер салып бейнелеу екінші мәселе. Сентиментализм соңғысына құштар. Адам сезімі дүние құбылыстарының бәрінің ішіне еніп тоқи алмаса керек. «Өңін бермейтін

мәңгі сұлулық», «дүниенің идеалды мәні» біз үшін жабық. Символизм сол арғы беттегі жабық шындықты, тылсымдарды рәміз арқылы, логикамен түсініп жетпейтін нәрселерді сан қилы ауыстырулар құралымен, интуиция, аңдау, аңғару жолымен бейнелеуге тырысады. Өмір негізі – күй, саз. Сол әуез поэзия ырғағына айналады.

Символизмнің табан тірейтін философиясы – фрейдизм. Фрейд Зигмунд Фрейд (1856–1939) – Вена университетінің профессоры, дәрігер. XX ғасырдың сүбелі ғылыми табысы саналатын психоанализ атты ілімнің атасы. Бұл ғалым адам жанының, рухани дүниесінің жайшылық көзге түсе бермейтін жасырын, құпия қозғаушы күштерін ашқан деп есептеледі. Ол қандай қозғаушы күштер? Фрейд бойынша, ол – зауық әуейіліктері: сексуалдық нәпсіқұмарлық және жауыздық (агрессивтілік). Адамның өмір сүретін ортасы – қоғам. Қоғам белгілі заң, тәртіп бойынша өмір сүреді. Мәдениеті, әдет-ғұрпы, менталитеті бар. Адам соның бәрімен санасуға мәжбүр. Сондықтан зауық әуейіліктері де жүген киеді. Бірақ әрекеті тоқталмайды, басылмайды, тек басқа күйге ауысады. Ол күйі адамның өзіне сезілмейді, санасына жетпейді. Фрейд адамның мұндай күйін бейсаналық (бессознательное) деп атаған. Бейсаналық күй адамның өзіне сезілмегенмен, сыртқа теппей тұрмайды, әртүрлі киім киіп, рәміздік (символдық) сипат алады.

Бейсаналық процесті Фрейд былайша көзге елестетеді. Адам жан дүниесі үш сатылы. Бірінші саты ОЛ (ОНО). ОЛ дейтіні – адамның сексуалдық және жауыздық әуейіліктерінің аласұрып қанағат тілейтіндігі. Оған қоғамдық тәртіп бойына сіңген күй-жай қарсы тұрады. Бұл үшінші сатыны Фрейд үстем МЕН (сверх-Я) деп атаған. Адам жан дүниесі, іші осы екеуінің айқас алаңына айналады. Міне, осы жағдайда төбе би рөлін ортаңғы саты, инстанция – МЕН атқарады. Адамды нақтылы жағдайға бейімдейді. Зауықшыл әуейілікті нокталайтын түрлі амалдар ойлап табады, қорғаныс шараларын жүзеге асырады. Әуейілікті басып тұншықтырады. Ал, қорғаныс шаралары жеткіліксіз жүргізілсе, адам түрлі жүйке сырқатына ұшырайды. Рәміздік

белгілер дейтіні солар. Жүйке ауруын емдеу бейсаналықты саналық жолға түсіру арқылы іске асады.

«Понимание бессознательной душевной деятельности впервые дало возможность получить представление о сущности творческой деятельности поэта...», – деп жазды Зигмунд Фрейд.

Мен бұл цитатаны Михаил Храпченконың «Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы» («СП», М., 1972. С. 4) деген еңбегі бойынша келтіріп отырмын. Храпченко кітабында австриялық ғалымды творчестволық процестегі ақыл-ой, интеллект рөлін тым тұқыртып жіберді деп сынады. Социалистік реализм тұрғысынан кеңес әдебиет теоретигінің сыны дұрыс. Оған шәк келтіруге болмайды. Храпченконың қателігі – әр әдеби ағым өз заңдылығы бойынша дамитынын ескермеуінде. Символистік поэзия тәсілдері социалистік реализм ақындарының қолданатын әдістеріне ұқсамайды. Жоғарыда ескерткеніміздей, рәміздік ақындар өз ізденістерінде фрейдизм іліміне сүйенеді. Соцреализм әдебиетінің теориясы материалистік диалектиканы, марксизм-ленинизмді басшылыққа алады.

Интуитивизм – көркем сананың ажырамас құрамды бөлігі. Оны марксист философия жоққа шығармайды. Храпченко фрейдизм мен сентиментализмді жан тылсымдарына тіл бітіретіндігі үшін емес, басқа «міні» үшін сынады. Өмірден мүлде жырақ тұрады деп бұл ағымды істен алғысыз етеді. Символистік поэзия уақытын өзінше бейнелейтінін, заманына рәміздік келбет беретінін ескермейді Оның солай екендігін Мағжан шығармалары да айқын дәлелдейді. Мағжан кезінде, Бостандық рәмізі – алмас қанат періште. Кеңес рәмізі – жалындап желбіреген Қызыл жалау, Сұлулық рәмізі – қыз бұрымына тағылған – шолпы деген сияқты. Бұл жөніндегі әңгімені өрі қарай өрістету алдында қазақ ақынының Фрейд іліміне қатысы хақында бірер сөз айтуға тиістіміз.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде (Алматы: «Ана тілі», 1992) жан, ішкі сезім, көңіл көріністерін жүйелеп тап-тапқа бөлгенде психоанализ, бейсаналық мә-

селелеріне тоқталмаған. Бірақ бұдан ол Фрейдті білмеген деген мағына тумауы керек. Тұмайтынына үш бірдей дәлел бар.

Бірінші дәлел, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезінде большевиктер Фрейд ілімінің басынан құс ұшырмады. Әлеуметке, қоғамға қарсы күштердің бейсаналығын жоюға көмектеседі деп ойлады. Соның негізінде социалистік жаңа адам өсіп жетілмек. Троцкийдің дәлелдері тіптен қызық. Марксизм капиталистік өндіріс анархиясын жоюдың айқын жолын сызып берсе, фрейдизм адам жан дүниесіндегі бейберекет, ойран-топан құбылыстарды тәртіпке келтіреді, – деп жазды.

Екінші дәлел, Мағжанның орыс символизмі қайраткерлерімен тікелей байланысы. Мәскеудегі Жоғары көркем әдебиет институтында оқи жүре, сол институттың директоры, орыстың ең мәдениетті жазушысы атанған Валерий Брюсовтен қазақ ақыны дәріс тыңдамады, онда фрейдизм мен символизмнің тонның ішкі бауындай байланысы сөз етілмеді деп айта алмайсың. Ондай байланыстардың болғаны күні бүгінге дейін айтылып келеді. Орыс символизмінің білгір зерттеушісі Александр Эткинд «Эрос невозможного. История психоанализа в России, деген кітабында (Санкт-Петербург: «Медуза», 1993) бұл жөнінде былай деп кесіп айтады:

«Русский символизм пытался выполнять приблизительно те же роли, те же социально-культурные и психологические функции, которые в немецко и англоязычных странах примерно в те же годы стал выполнять психоанализ... Устремления символистов совпадали с устремлениями и методами психоаналитиков в нескольких важных моментах. Оба эти интеллектуальные движения пытались описать невыразимое, осознать бессознательное. В них обоих преобладала интуиция второй реальности, находящейся внутри человека и глубоко отличной от того, что знает здравый смысл».

Қысқасы, Ресейде символизм Фрейд ілімінің тілімен сөйлеген.

Үшінші дәлел, Мағжанның символистiк арнадағы iзде-
нулерi. Ақынның символистiк поэзиясын дұрыс ұғынғысы
келетiн адам фрейдизм қисындарынан да хабардар болуы
тиiс. Мәселен, Мағжан өлеңдерiнде жиi ұшырасатын өмiр
мен өлiм проблемасын алайық. Бұл проблеманы толғау үс-
тiнде Фрейдтiң Танатос инстинктi дейтiнге байланысты
пiкiрлерi қазақ ақынына қатты әсер еткендiгi байқалады.
Оны қаперiмiзде ұстамасақ, Мағжан өлеңдерiндегi аһылау,
уһiлеулердi, улану, күйiнулердi құр сандырақ деп үстiрт,
жаңылыс түсiнген соцреализм айқайларын қайталап күйiс
қайыруымыз әбден мүмкiн.

Сондай шығармалардың бiрi – Константин Бальмонт-
тың «Убаюкивай меня, смерть» деген туындысына елiктеп
жазылған «Менi де, өлiм, әлдиле» деген өлеңi. Өлең «Қа-
жыдым ендi, күш бiттi» деп басталады да, өңшең ажалына
кезiккендердi тiзбектей жөнеледi. Бейтаныс адам о дүние-
ге аттанса да, жас қайың құласа да, майдандағы ұлан оқ-
қа ұшса да, Бетпақ шөлде адасқан сорлы опат болса да, он
бестегi сұлу көз жасына тұншығып жан тапсырса да, жас
жiгiт айдын көл астындағы толқын шаш жалаңаш сұлулар-
ды құшқан бойда жан тәсiлiм етсе де, – бәрiнiң рефрени,
қайырмасы бiреу: өлiм әрдайым ақынға тәттi күй болып
естiледi. Ежелгi дәстүр бойынша сұм ажалға лағынет ай-
тылмайды. Ақын жаны тiтiренбейдi, қайта «балқиды». Қо-
рытынды шумақ былайша түзiледi:

*Бетiмнен тәттi бiр сүйiп,
Алдыңа алшы әлдиле...
Келшi, өлiм, тезiрек.
Жан ұшудан тоқтады,
Жынданып ендi соқпайды
Кешегi асау жас жүрек.
Бетiмнен тәттi бiр сүйiп,
Алдыңа алшы әлдиле...
Балқиды жаным бұл күйге.
Менi де, өлiм, әлдиле...
Әлдиле, өлiм, әлдиле!..*

Ақын шынымен-ақ қара басына өлім тіледі ме, жоқ әлде... не ойы болды екен бүккен? Өнердің үнемі түсінікті болуы шарт емес шығар. Мүмкін өнерді бір уақ түсіну де керек шығар? Заманы ондай дүдәмалға барған жоқ. Үзілді-кесілді үкім шығарды. Кеңес ақыны, жас пері Әбділда Тәжібаев 1927 жылы сол үкімді айбынды өлең жолдарына түсіріп дабыл ұрды.

*Мағжаңдай іздеймін мен Қорқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын іздеп өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім,
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін.*

(Ә. Тәжібаев. Жаңа ырғақ. 1934. 28-29 бб.).

Кейіндер Әбекең ғылыми диссертациясында бұл кесімінің бұлжымайтынын социалистік реализм тұрғысынан дәлелдеп, Мағжан «лирикаларының барша мерезін пышақтап отырып» көрсетті. Мағжан тұрсын, әлемнің күллі декаденттік, символистік ағымының «жұқпалы, зиянды» ауруларын әшкерелеп, шіріген тамырына балта шапқандай әсер қалдырды. «...Пессимизм – дүниеден торығу, табыт пен көрден басқаны көрмеу, өлім күйін ғана есту қандай тілде жазылса да символизмнің ортақ ауруы. Өліп бара жатқан капитализммен бірге өлу белгісі. Мағжан осы топта, осы тапта». (Ә. Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. 68 б. Алматы, 1981).

Әбден хатталған, жатталған қағида. Күн сәулесі болашақ – пролетарийдікі. Буржуазия – дәурені бітіп өшіп бара жатқан тап. Байшыл Мағжан Жұмабаев өлім тілегенде сол таптың сөніп бара жатқанынан хабар береді.

Бәрі де оп-оңай түсінікті секілді еді ол кезде. Ал қазір ше? Ұйқыдан жаңа оянғандай көзінді тырналап ашасың. Ашқанда көргеніңе таңданбайсың да. Жаңа қазақ, жаңа орыс деген атпен кешегі келмеске кетті дейтін буржуйың, байың енді, міне, қақ төрінде шалжиып отыр. Оның шет жағасын

Әбекең де көріп кетті. «Қайтқан малдан береке» деді ме, үнсіз ымыраласты. Жаңа қазақ, орысқа арнап өлең шығарған жоқ. О дүниеге аттанарынан біраз күн бұрын Тұманбай ақын екеуміз таудағы дачасына кіріп шыққанымызда бұл жайында жақ ашпады. Аузынан соңғы естігендерім – Тұмашты алғаумен, мадақтаумен болды. Оны таспаға түсіріп алғамын. Артынан Тұманбайға табыс еттім. Одан бұрынырақ кездесіп жүргенде естігенім: Мағжан ақын жөніндегі пікірін өзгерткені. Айтқан естелігін «Мағжан» атты монографияма енгіздім.

Әбекең Мағжанға арнаған соңғы сөзін тасқа басып қалдырды. «Еңбекші қазақ» газетінде ақын ағасын кінәлаған ғайбат сөзі туралы: «Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да кешірілмейтін күнәсі еді», – деп қапаланып қатты ширықты.

Ол «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңі жөніндегі бұрынғы пікірінен де айныды. Бұрын мерез көрінген өлең, енді көз тоқтатып анықтап қараса гауһар тастай жайнап тұр екен. Өсіресе «композициясындағы тазалық пен сұлулыққа» сүйсінді. Ондай әдемілік мазмұннан тебіндейтінін абыз ақынымыз әрі филология ғылымдарының ыспар докторы түсінбейтін емес, түсінетін. Бірақ ол жөнінде ой тербетпеген. Мұның өз себептері бар еді.

Мағжан Жұмабаев 1988 жылдың аяғында Кеңес өкіметі тұсында ақталды. Социалистік реализм енді ақын жөнінде нағыз шындықты ашуға көшті. Ақын шығармагерлігі хақында ақ сөйлеуге ұмтылды. Амал қанша, символистік мұрасының нәрін, қуатын жеріне жеткізіп ашып бере алмады. Символистік өлеңдердің қайсыбірін ақынның жеке тағдырындағы қайғылы ахуалдармен түсіндіруге әрекет жасалды. Бірақ көңілге қонымды нәтижеге жете алмадық. Кейбіреулеріміз өлім күйіне балқыған ақын сезімін сүйген жарынан, жас нәрестесінен бірден айырылған шақтағы «күңіренуімен» түсіндірдік. «Күңірену» сезімі өлеңнің ішкі иірімдеріне сәйкеспейді.

Бір ғажабы, жас нәрестеге, Гражданның, өліміне арналған «Баланың қабір тасына» өлеңінде жаңағы «күңірену»

әуені мүлде естілмейді. Өлең жанашыр жұртқа «Қайғырмаңдар!» деген өтініштен басталады. («Қайғырмаңдар, бұл бөбекті өлді деп»). Өлең осы алған бетінен жазбайды. «Өлгені емес, жерді тастап кеткені, Шын бақытқа ерте бастан жеткені» деп жаннат төрін аңсау арманымен тынады. Яғни «өмір күйі – тәтті күй» сарыны жеке басына қатысты қайғылы фактіні еске алғанда да қайталанып отыр. Екі өлеңнің екеуі де қазақтың қайғыратын жоқтау дәстүріне мүлде ұқсамайды.

Ендеше, бұл және бұдан басқа да символистiк сипатты өлеңдердi қалай түсiнуге болады? Символизмнiң Фрейд iлiмiмен байланысы бар екендiгiне көз жеткiздiк қой. Жұмбақтың шешуiн осы төңiректен iздестiрiп көрсе қайтедi?..

* * *

Өлiм тақырыбына Абай да талай рет қалам тартқан. Бұл тараптағы ұлы ақынның лирикалық толғаулары екi айрық жолға түседi. Бiрiншiсi – қазақтың жоқтау дәстүрiмен ағайындас. Екiншiсi – күнделiк пен мәңгiлiктiң арақатынасы туралы философиялық ой тербетулер.

*Ақыл мен жан – мен өзiм, тән – менiкi,
«Менi» мен «менiкiнiң» мағынасы – екi.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менiкi» өлсе өлсiн оған бекi.*

Шумақ мәнісі түсінікті. Ислам дінінің мүбәрәк наным бойынша, адам баласының бұ дүниедегі өмірі біткен соң о дүниедегі мәңгі өмірі басталады. Адам денесі фәниде қалады, жаны бақидағы Ахиретке кіреді. Кірген бойда жан иесі дүниедегі жақсы-жаман істерінің нәтижесін көреді. Жақсылығы басымдары Жаннат табалдырығын аттайды. Жаманшылығы ауыр тартқандар, Тозақта тиісті жазасын тартады.

Мағжан өлімнен «алдыңа алшы әлдилеп» деп сұрануында Исламнан, ынталарың «менікінде болмасы», «менде» болсын дейтін ұстазы Абайдан пәлендей ауытқымай-

ды. Ал енді, Тәңірі Жаратқаннан өмір тілемей, өлім тілеу дегенді қалай түсінуге керек. Міне, бұл мәселеде гәп бар. Оны қарастыру үшін өзге бір фәйласуфтардың ұғымдарына үңілуімізге тура келеді.

Адамның ішкі жан дүниесі әлемтапырық. Жан көріністерінің негізгі таптары ақыл, жүрек, қайрат болғанда, Фрейд оған эрос, нарциссизм (адамның өзін сүюі), Танатос (өлім инстинкті) таптарын қосады. Танатос – грек мифологиясының кейіпкері – жан алғыш. Бізше – Өзірейіл. Фрейд Танатосқа қатысты ойларын былайша түзеді. Адамға өмір сүру оңайға түспейді. Жылап туасың, жылап өлесің. Екі арасы қиямет қиын жол. Сол күшке түсетін қиындық жүктерін жеңілейтуге тырыспайтын пенде кезікпейді. Көп адам оңайына ұмтылады. Шіркін, баланың бейғамдылығын берсе екен деп армандайды. Ауырдың үсті, жеңілдің асты, тыныштықты тілейді. Тыныштық атаулының түпкі мұраты белгілі. Фрейдше, бұл әрекетсіздікке, жанаярлыққа өкеліп соғады. Соңы айтпаса да түсінікті: қатып-сему яки өлім.

Орыс символистері Фрейд ілімін өздерінше пернеледі. Олар Танатос орнына Дионисті (Вакх) дәріптеді. Өлімді михнатпен емес, рахатпен байланыстырады. Дионис – грек құдайы. Грек мифологиясында ол адамзатты өмірдің қу бейнетінен, күнделік күйбең, сұрқайы тірлік бұғауынан құтқарушы азаткер бейнесінде мадақталады. Дионис адамдарды жүзім бағын отырғызуға, жүзім шарабын баптауғы үйретіпті-міс. Құдайлардың бұл сал-серісінің жүрген жерінің бәрі күнде той, күнде думан. Айналасындағылар өңшең уайым-қайғысыз, шарапқа елтіген, ләззатқа мас тойшылдар – бәрі бір-бірінен айнымайтын, бір қалыптан шыққандай мінездері бейғам тобыр. Ал, адамның тобыр ішіне сіңіп кетуі, бет-әлпетін, даралық сипатын жоғалтуы өзін жоғалтуы, өлдіге саналуы.

Енді осы пәлсапаның Мағжан поэзиясына түсірген сәулесіне үңіліп көрелік.

Мағжанның «суропалығын, жарқырағын сүйемін» деп Мұхаң (Мұхтар Әуезов) тегін айтпаған. Еуропалығы деп

отырғаны – символизм. Осы ағымның ұшқындаған жаңалық шоқтары. Өлең кестесінің келісімі мен күйшілдігіне сүйсінген ол ағынан жарылады. «Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжан сөзі» деп түйеді.

Екі сөз зергерінің символизм ағымы төңірегінде өрістеткен әңгімесінің ұзын-ырғасын жорамалдағанда, былайша қисын табатын сыңайлы.

Көлдария білімді інісімен пікір алмасуды әрқашан қалт жібермейтін Мағжан баяу үнмен күлімсірей тіл қатты:

– Жұрт көзінде символизмді қазақ әдебиетіне мен әкелген сияқты көрінемін. Ойлансаң, бұл – сырт белгі ғана. Иә, мен байырғы қазақ өлеңіне жанаспайтын да, жанасатын да біраз соны сарын енгізуге әрекеттенгенім рас. Одан бас тартпаймын. Дегенмен, символизм деп ат қойып, айдар тақпай-ақ, сол іспетті сарын әр ақын жүрегінде ұялап, атқи жөнелетін, көкіректі жарып шығатын сияқты көрінеді де тұрады. Өлең ой жүйесінде қатталып, тәртіптеліп, параграфталып тастайтын құбылысқа жатпайды. Қан қайнатып, жүрек жұлқылайтын өлең сөзді қалайша оған ебістіріп жөрмелейсің? Ақынның ереже атаулыдан аза бойы қаза тұратыны, тәртіп дегеннің ноктасын киюден қашқалақтайтыны, жан әлемінде ұйтқып соққан әлдене елестерге елтитіні ол сорлының табиғатында ана сүтімен бірге сіңген. Оған мысал келтірелік. Біреуін атайын. Ол кім? – десеңіз, өмірі, бар болмысы жұртқа ерсі де таң көрінетін даламыздың еркесі, серкесі, бас білмейтін Ақан сері. Осыған не дерің бар, Мұхтаржан?

Жас Мұхтар ақын ағасының шашы сияқты бұйра дударын бір сілкіп тастап, жөткірініп алып, ағыла жөнелді.

– Пәлі, Мағасы, Сіздің «Ақан сері» деген «Сана» журналының 1923 жылғы бірінші санында жариялаған мақаланызды көзіме түсе салысымен дәс қойып, ыждағаттап оқып шыққанмын. Пікіріңізді толық қуаттаймын. Әдебиет – әдебиет үшін. Осы таңба төңірегінде соны сөз айтыпсыз. Апырау, шынында да, бас білмейтін алып қашпа ақын мінезі, оқыс қылық-әрекеттері, жоқтан-бардан тапқыштықта-

ры нағыз символистік мінез екен-ау! Тілдеріңіз сайрататын таң-тамаша айбатты Құдай тағала, періштелеріңіз сыбырлай ма деймін...

Бұл қияли диалогты доғара тұрып, енді ондағы пікірлерге тиек болған мақаланың өзіне сөз берелік.

«Ақынның өмірі, деп жазады Мағжан Жұмабаев, – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір». (Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989. 318-б.).

«Жұмбақ өмір» бейнесінен Мағжанның өз ақындық тұлғасы, символистік тебіреністері танылады. «Жан сөзі» өлеңінде (1920) бұл халін өлең кестесіне төгеді. «Ессіз жүрекке» көп ергенін, жынды жүрегі ақыл сорлыға ерік бермей өз жөнімен тартқандықтан, тірі күйінде-ақ күлден кетіп кетіп жүргенін шағынады. Бұл жерде «ақыл сорлы» деп отырғаны рационализм де, ессізі – иррационализм.

Есті ақылдан гөрі ессіз (бейсаналық) сезім стихиясына, тасқынына берілу ақынға тән мінез болса, ондай мінезден, құлықтан туған символистік «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңінің сын-сымбаты қандай болмақ? Жырдың дәстүрлі қазақ өлеңіне машық құлаққа тосаң естілетіні өз алдына. Өлеңді қалай бағалаймыз? Тура мағынасында түсінеміз бе, әлде шығарманың астары бар ма? Социалистік реализмнің төтесінен кеткені жоғарыда айтылды. Бұл әдістің эпигондары «Өлімнің күйі – тәтті күй» деу өмірді талақ еткендік, адам жанын, санасын қорлап өшіргендік, деп Мағжан байғұсты жерден алып, жерден салғанын білеміз.

Көзге оңай тұрған нәрсе кейде ойға қиын соғып, алдамыш жалған әсерге ұрындырады. Сондайдан сақтану үшін, меніңше, асықпай-аптықпай, жерден жеті қоян тапқандай елеуремей, байыз тауып, өлеңнің өзегіне бойлай түскеніміз тиімдірек. Символизмнің философиялық астарын және ақын жанының ерекшеліктерін есепке алғанда, Мағжан өлеңінің мағынасын күңгірттеп көлегейлейтін шымылдық ысырыла бастайтындай. Тіпті «Ақан сері» атты мақаланың өзінен-ақ Мағжан ақындығының қырларын тануға әжептәуір жол ашылып қалады.

Мағжан талдауында, Ақан жүрегі де жалпақ жұртқа беймәлім, ессіз жүрек. Ақан өмірінің соңғы жылдарында бұқпалау, елден жырақ өмір сүрген. «Ессіз» дегенді осы мағынада, жұрттан оқшау білгенін істейтін еріктілік тұрғыда түсінуіміз керек.

Өмірден безінгендік, талақ еткендік дегеннен шығады. Ақанның елден іргесін аулақ салып, жапан түздегі көлді сағалауы сері жанының, санасының өшкенін қуәландыра ала ма? Жоқ, олай дей алмайсың. Сері өле-өлгенше сұлулыққа табынып өткен жан. Керек десеңіз, ол жасы ұлғайған шағында Жамал дейтін он алты жасар уыз аруға ғашық болып, «Сырымбет» атты әйгілі ән туғызған. Ақан сері өмірден емес, «Сұлулығы жоқ былық тұрмыстан безген», – дейді Мағжан. Бұл сөздердің Мағжан ақынның өзіне тіке қатысы бар. Зерттеуін ол жайдан-жай жазбаған, өз хал-ахуалын сынау үшін де қалам тербеген бе деген ойға келесің. «Менің күрмеуі күрделі өлеңімдерімнің шиелі түйінінің бір ұшығын осы мақаладан іздендер», – дегісі бар ма, қалай? Қалай болғанда да, ол аққу әннің төресі Ақанмен рухани туыстас екенін жасырмай тура айтады.

Ақан серінің жұмбақ өмірінің шешуін іздей бастасаң, – деп түйіндейді Мағжан мақаласының бірінші бөлімін, – елінің заулаған оттай баяғысы, қап-қара түндей кешегісі, жалпылдаған жындай бүгінгісі, қара түмен келешегі көз алдыға келіп, Ереймен тауының бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап отырған Ақан серінің қасіретіндей жаныңды терең қасірет билеп алып кетеді...»

Демек, сахарамыздың екі саңлағының мұң-зары орайлас, ұқсас. Ұқсас емес-ау, бір. Бір болатыны әңгіме олардың өздерінің жеке-дара көз жасы ғана емес, қазақ ұлтының мұң-зары туралы болып отыр. Ендеше, Мағжан ақынның өлім туралы тақырыпты қаузаған әр алуан өлеңдерінен біз елім, жерім деп аһ ұрған жүрек даусын да естуге міндеттіміз. Бұны – бір дейік.

Екінші, о дүниеге сапар тартқандармен бірге, мені де ала кет, әлдиле, дегеннің шын астарында өмірге деген махаббат керіқалаң әдіспен көрсетілген дейміз. Тек өмір сұлу

болсын, былық тұрмысқа айналғанынан без, – деген мағынаны көңіл көзімен оқуымыз керек.

Үшінші, өлім хақындағы өлеңдердің философиялық тақырыбы бар екендігін де естен шығармауға тиістіміз. Неге өлімнің күйі – тәтті күй? Өлім мен өмір тақырыбы мәңгілік хәм әлемдік тақырып. Адамзаттың көрікті ойы – әдебиет дәл осы тақырыпты қаузауға жаратылғандай. Символизм ағымының тапқан жаңалығы – Танатос инстинктін үрейсіз, жалған дүние деп сарнауысыз жырлауы. Бұл ретте орыс символизмінің Диониске, шарап құдайына табынуы табиғи нәрсе. Мағжанның пір тұтқан ұстазы, оқыған институтының директоры Валерий Брюсов болғанда, бұл қазақ ақынының символистік өрісінің қай тұста екенін, қай ауданды жайлайтынын бағдарлау оншама қиынға соқпаса керек.

Мағжан ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері символистік талаптарға сай алдымен өз «менімен», даралығынан айырылады. Оның өзі символ, адам рәмізі. Ол өмір сүретін дүние біздің мына тауқыметті былық тұрмысымызға мүлде ұқсамайды.

Мағжанның «Өлімнің күйі – тәтті күй», «Балқиды жаным бұл күйге» деген тебіреністерінің түп төркіні орыс символизмінің арнасынан табылатындығына, ақынның өлімнен әлдилеуін сұрағанда ажал сұрамағанына енді шәк келтірмеуіміз керек.

Мағжан Жұмабаевтың тағы да бір символистік өлеңі – «Берниязға» деп аталады. Бернияз Күлеев (1889–1923) – Мағжанның ақын шәкірттерінің бірі. Бернияз Қазақ Автономиялы Кеңес республикасы Халық Ағарту комиссариатында жауапты қызмет істеген білімді жас жігіт. Сонда жүріп әдебиетіміз үшін естен кетпес тарихи қызмет істеген, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағын (1922, Қазан) бастыртып шығарған. Өттең ғұмыры аз болды. Сүйген қызымен қосыла алмай, өмірін қияды. «Әдебиетіміздің берік бағанасы» болады деп үміт артып жүрген ақын інісінің қазасына Мағжан қатты қайғырып, некролог жазады. «Күнә сенікі емес, көптікі, Жаның тыныш болғай еді, жас ұлан», – деп аяқтайды қазанамасын.

Бұл хабар жалғасын тауып, «Берниязға» атты өлеңнің шекесіне эпиграф боп қонады. «...Ұлан өлді батып қанға, Тыныштық тапты асау жан да» деп деріткен мұнмен тебіренеді. Осы бетпен қамшы басқанда, сөз жоқ, қыршынынан қиылған жас ақынның асыл қасиеттерін жарқырата жырлап, сұм ажалға қылар қайран жоқ екенін мойындап, бел қайыстырып аңырататын жоқтау жанрының бір шығармасы дүниеге келетін еді.

Алайда «Берниязға» өлеңі күтпеген жерден жоқтаудың дәстүрлі соқпағынан ажырайды. Қазақтың бұл тұрмыс-салт жырында ешқашан кезікпеген кеңес бастайды. Кеңес иесі қарт адам бұған дейін құлақ естіп көз көрмеген ғажайып дүние суреттерін көз алдында көлбеңдетеді. Дарияның асты. Алтын уық, жібек баулы алпыс ақ отау елестейді су толқынына сәл тербеліп тұрған. Солардың әрқайсысынан естілген ару қыздардың шырқаған әндері, сиқырлы күміс күлкілері шерлі жүректі жас ақынның құлағына жетеді. Ақын – бөбек. Нәресте пәк, аңғал. Өмір көбігін шын ағысынан айыра бермейді. Су астынан естілген әлдіге бөбектейін елтіген шерлі жүрек дарияға күмп беріп қойып кетеді. Сол бойда өлім мен өмірдің қанды айқасына тап болып, садақ тартады. Атқан оғы тасқа тиіп қайта ыршып өзіне қадалады. Мұны көрген мәңгілік қос дұшпан – өлім мен өмір – ішек-сілелері қатып күліп мазақ етеді.

Дәл осы тұста Мағжан ақын, өлең авторы өзі үн қатады. Ақын інісін қан майданға неге кірдің деп сөкпейді. Өзіне-өзі қол жұмсаған ауыр күнәсін кешеді. Албырт, арбалғыш, алданғыш ақын ісіне өкінеді. Өкініш үстінде және бір тосын ойларға беріледі. Ол ойлары әдеби ағым – символизмге байланысты өрбиді. Бернияз Күлеев те кезінде символизмге құлақ түрген. Жаңа тақырыпта қаламын да безеп көрген. Бірақ қазақ поэзиясы үшін мүлде соны ағым сырына толық қанып үлгермеген-ді. Мағжан өкінішіне күдік сұрақтар араласады. «Бернияз, айналайын, сен түсініп жетпеп пе едің, символизм қыр-сырын? Өмір мен өлім хақында толғау дегеніміз ажалға сұрану деп саған кім айтып жүр? Онан да көз жасыңа шомылып жырласаң тұңғыық түбіндегі та-

маша өзі-ақ көшіп келмес пе еді қасыңа», – деп қатты толқыған секілді.

*Өмір, өлім — мәңгі аңдысқан екі жау,
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.
Сол жыр таппай, садақ тартпай, сабыр ғып.
Қан майданда күңіренсең еді, сор бала-ау!*

Міне, бұл тұста символист қазақ ақыны тіптен шырқап, бас айналар биіктерден табылады. Шешілуі мүмкін емес, қиямет проблемаларға бой ұрады. Өлім мен өмір, күн мен түн, мұз бен от, махаббат пен зұлымдық секілді мәңгілік шайқасқан керіқалаң күштер ымыраға келуші ме еді? Мағжан өлеңінің астарындағы бұл сұраққа жайшылықтағы сана (обыденное сознание) бас шайқайды. «Жоқ!» – деп үзілді-кесілді жауап қайтарады. Ал, бейсаналықтан сыр тартқан, Арсыға көтеріліп, Тәңірімен тіл қатысатын поэзия олай күрт кетпейді. Өлең сөз құдіретіне берік сенім өзгеше түйін түйгізеді. Жыр иесі күңіренсін, қанды жасын ағызсын, барын сарықсын, – сонда жан балқытатын күй табылып, адам жүрегінде мәңгі андысқан қас дұшпандар ымыраға келеді, – дейді символист ақын Мағжан Жұмабаев.

* * *

Адам рухының құбылыстарына, жасырын сырларына үңілгенде Мағжан бұл әрекетін сөз өнері тұтынатын бірден бір мақсат деп білген. Адам күнделікті өмірінде нанын да жейді, жанын да жейді. Көркем әдебиет соңғысына, адам жанының өмір әсері туғызған құпия құбылыстарына ден қояды, ішкі шерін тарқатып, тылсым ой-сезімдеріне тіл бітіреді.

Әр ақын жүрегiнiң өз жұмбағы бар. Соны ой-сезiм тылсым кенiшiнен табуға тырысады. Абай: «Мен де бiр жұмбақ адаммын, оны да ойла» деп тегiн айтпаған. Символизмнiң бұған қосары: ақын – жұмбақ адам болса, сол жұмбағын сындарлы жүйеге салатын ақыл қуатымен емес, сезiм қуа-

тымен шешеді, – дейді. Дүние айналамның бәрінің сыр-сипатын бес саусағымдай білемін, түйіп жүрген түйінім, шешілуге тиісті жұмбағым жоқ дейтін кісіден ақын шықпайды.

«Искусство только там, где дерзновение за грань, где прорывание за пределы познаваемого, в жажде зачерпнуть хоть каплю Стихии чуждой, запредельной», – деп жазады орыс символизмінің кіндік атасы Валерий Брюсов.

Ақын жүрегіндегі сезім, түйсік жұмбақтарын шешу жолымен биіктейді. Тек қоғамдық ортасы қыспасын, еріктілігін берсін. Романтизм, реализм, символизм осы жолдағы еріктілік сатылары.

Символистердің, олардың ішінен суырылып шығып, революцияны жақтаған Валерий Брюсовтың бостандықтан күткен үміті ақталмады. Еріктілік далада қалды. Қазақ символісі «Батыр Баян» поэмасының кіріспесінде ренішін жасырмай тұрасын айтты: тілге кісен салынды, – деді. Әсіресе Қазақстан секілді шет аймақтарда тұрпайы социологизм Мағжандай нағыз талант иелерін басқа-көзге ұрғылап, көркем әдебиет уақытына қызмет етуі, мазмұны мен пішіні, тақырыбы, т.б. мәселелерін көрінеу бұрмалады. Мұның кесірі аз тиген жоқ. Аярлыққа, зымиян жалғандыққа бастады.

*Тілегі бір, мұңы бір,
Шет елдегі бауырдың,
Астында өткен өмірі
Ағылшын қара тауының.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Бір күн тойса, бір күн аш.
Өткен күнді ойласақ,
Бізбен мұңдас, қарындас,
Ағылшынның жарлысы...*

Шала хат білетін Қалмақанның осы өлеңі «пішіні сұлу болмаса да мазмұнға бай» деп бағаланды. Қалмақаннан сауаты сәл қалқыңқы ҚазАПП-тың қарадүрсін жайдақ сынының ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып дәуірлеп

тұрған кезі. Әйтпесе ағылшын ашығып жатыр деп, өтірікті шындай, ақсақты тындай ететін «Қалмақанның сөзі ұлт-шылдардан әлдеқайда мәнді» дегенде, жоғарыдан қой шырақ, аузың қисайып кетер демес пе еді.

Жалғаншыл құрты жайлап алған тоталитаризм өзі дұшпаным деп санайтындарға әділ еместігі өз алдына.

Мағжан бір поэмасында былай деп тебіренеді.

*Хан Абылай немересі Кене хан
Аспанға ұшып лаулап жанған өрт екен.
Сол ерінен айырылған
Алты алаштың жүрегінде дерт екен.*

Ұлтының жоғын, мұңын мұндаған осы өлеңге қарадүрсін сын атой салып қарсы шығады. Сырты сұлу болғанмен, мазмұн жағы у дейді. Мұнда да еш шімірікпейді, өтірігін жалаға айналдырады. Кене, Сыздық қазақ халқының ұлт-азаттығы жолындағы жанқиярлық күресінің қаһармандары болса да, жыбырлақ сын өзгеше гөй-гөй соғады. Сыздық – орыс еңбекшілерінің жауы деп жарияланады. Сыздықтың ақылын алып, орыс еңбекшілерімен соғыспайды қазақ еңбекшілері деп даурығады. Айтылмағанды айтты дегізіп ұяттан кешкен сын аузына келгенін соға береді. Мағжан өлеңінде Сыздықтай ел ісін бел шешпей, қайыспай қорғайтын ерлер тууын көксейді. Ал, жалақор сын оған «Сыздық өлді, енді қазақ та өледі дегенсің» деп еш негізсіз айып тағады.

«Сын шын болсын» дейтін Мұхаң (Мұхтар Әуезов) талабын енді түсініп жеткендейміз.

Бұл талап қалай орындалмақ? Гәп сыншының жеке ба-сының шыншылдық қасиетінде болса бір сәрі. Шын мәнінде, бұл проблеманың жүзеге асу шарттары күрделірек пе дейміз. Шыншылдық принципі алдымен қоғамдық құрылыстың өзінің жетекші принципіне айналуы тиіс. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде. Алдамшы жүйе адал сынның жолын кес-кестейтінін біз өткен жетпіс жылдың тәжірибесінен әбден қанық білеміз.

Шеберлік, мазмұн мен түр сәйкестігі, мұраға көзқарас, дәстүр мен жаңашылдық, әдеби шығармалардың осы замандығы (современность литературы) секілді мәселелер өткен ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары қызу талқыланды. Үкімет қолдауына сүйенген ҚазАПП сыны бәрін саясатқа, Кеңес өкіметінің досы, қасы мәселесіне тіреп бас бермеді. Көркем әдебиеттен, әсіресе Мағжан шығармаларынан «кертартпа, зиянды» шығармалар көптеп табылды. Мағжанға жасалған қиянат бұл ақынның өз басына ғана емес, туған әдебиетімізге жасалған қиянат екені енді анықталып отыр.

Қазір әдебиетіміздің тарихы қайта жазыла бастады. Концепциясы түзіліп талқыланбаса да, ХХ ғасырдағы кезеңін жаңа заман биігінен тексеруге кірісіп те кетті. Істің әсіресе теориялық жағы қатты қинайды. Айталық, социалистік реализм әдісі тұрғысынан жазылған көркем шығармалар бүгіндер қалай бағаланбақ? Соцреализмнен өзге көркем әдіспен жазылған шығармалар қалай жүйеленуі тиіс. Терендеп пайымдар теориялық мәселелер шаш етектен.

Мысалға әдебиеттің осы замандық проблемасын алайық. Мағжандарды қазақ әдебиетінен шеттету мақсатында дөрекі социологизм ақын қаламынан туған шығармалардың бәрін «қайта басын көтермейтін дәуірді жырлайды» деп мансұқтады. ҚазАПП-сыны әдебиетті саясатқа бағындырды. Тап күресі принципіне сай келмейтін шығармаларды әдебиет тарихына жолатпауға тырысты, фольклор, ауыз әдебиеті шығармаларына дейін күсталанады, олардың басым бөлігін ғылыми айналымнан алып тастауға дейін барды. Тұрпайы социологизм біздегі тақырыптардың ең күштісі, ең керектісі еңбекшілердің таптық сезіміне әсер етіп тез оятатын тақырыптар деп, поэзияны, жалпы әдебиетті шаруашылық-саяси науқандардың шылауына айналдыруға тырысты. Ұсынған тақырыптары ағымдағы саясаттан аспайтын (байдың егіндік, пішендік жерлерін кедейге алып беру, сот, кеңес, милициялардың үлгілі істері, сауатсыздықты жою, елдегі мектеп ашу ісін күшейту, т.б.). Нәтижеде көпжылдар бойы әдебиетімізде лирика жанрының арнасы тартылып қалды.

Ал, символизм ше? Рәміздік поэзия өз заманының көкейтесті мәселелеріне көңіл бөлді ме? Бұл сұраққа жауабымыз кесімді: уақыт, замана істеріне Мағжан өлеңімен де, өзге қызметімен де мидай араласып отырды. Революцияға дейін Алаш қозғалысына атсалысты. Кейін педагогтық қызмет атқарды, оқулықтар жазды, газет редакциясын басқарды. Елдегі ұлан-асыр оқиғалар жан тебіренерлік сауалдарға айналды. Символист ақын поэзиясы оларға өзінше тіл тапты.

Түр мен мазмұн жарастығын мұқияттаса, Мағжан мұқияттасын. Ол саяси ұрандарды ұйқастыратын пысықай өлеңге жуыған жоқ. – Ау, жарандар, тоқтатыңдар! – деп жан ұшырды. «Бостандық – ізгі періште, Кетпекке ұшып ғарышқа, Ақ қанатын қомдап тұр», – деп жар салды. Оқиғалардың арғы жағындағы тылсымдарға зер салу, – деп міне, осыны айтсақ керек. Революция жемісін үсік шалды. Тоталитаризм қыспағынан Бостандық періштесі елімізді тастап ұшып кетті...

– Саяси лирикасын солай дейік. Басқа өлеңдері, поэмалары ше? «Мені де, өлім, әлдиле», – дейді. Бұл туындысының ақын өмір сүрген дәуірге қандай қатысы бар?

Мұндай сұрақтар туа қалған жағдайда, жауабы қиын болмауға керек. Өлім мен өмір, махаббат, жамандық мен жақсылық, ізгілік пен зұлымдық, т.б. мәңгілік тақырыптар бұлар да – «осы заман», әрқашан актуальді, замана күйін күйттейді, қай уақытта да соны. Мысалы, махаббат тақырыбы. Оның жырланбаған кезін, әдебиет күн тәртібінен түсіп қалған уақытын ешкім де атай алмаса керек. Өнер көнереді деп кім айтты? Өлім жөнінде де соны айтуға тиістіміз. Жаңасы ма, ескісі ме, тірі кісінің жанын ауыртпайтын күні болмайды.

Мағжанның тарихи тақырыпта толғаған толғаулары, нешеме ғасырларды аралап кететін шығармалары өз заманының рухани қажетсінулерінен туындады. Олардың келер замандарға қызмет ететіндігінде күмән жоқ. Символистік мәнерде өрнектелген «От», «Пайғамбар», «Күншығыс» секілді ұзақ өлеңдері оқыған кісіні бұрын қазақ

әдебиеті көтеріле қоймаған биіктерге самғатады. Жазылу стиліндегі төтенше өзгешеліктер бірден көзге ұрады. Ол алдымен өлең аспанының кеңеюінен көрінеді. Алтайдан Альпа тауларына дейін апарады. Ақыры жер шары, қала берді ғарышты қамтиды. Арсыдан бір-ақ шығады. Жырлаған кейіпкерлері жойқындығы жағынан бірінен-бірі өтеді: От, Күн мен Түн, Шығыс пен Батыс, шұбырған сансыз соқырлар тобыры, жал-жал қара қан толқындары... Міне, бұлардың бәрі рәміздік бейнелер. Рәміздік бейне тікелей өмір суреті емес. Ақын жүрегіндегі лепті, күшті толқыныстар. Тереңде тұнып жатқан жан құбылыстары әлдебір ірі тарихи оқиғалардың, астан-кестені шыққан дүниенің әсерінен бетке шығатындай. Бетке шыққан рәміздік нысандардың лексикасы, сөз қолданысы, өлең-сазы, назы тіптен айырықша. Рәміздік поэтикалық өрнектің ерекшеліктерін кезінде В. Жирмунский ғылыми тұрғыдан былай деп тұжырымдады. Особенности символистической поэтики проявились в следующих его особенностях: 1) в «неясности словоупотребления, затемнение логического и вещественного смысла слов»; 2) в «особенности синтаксического построения и композиции»; 3) в богатстве звуковой выразительности – в рифмах, внешних и внутренних, аллитерации, словесной инструментровке и т.д. (В.М. Жирмунский. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. Л., 1977. С. 174).

Мағжаннан осы аталған айшықтардың бәрін табамыз. Петербург шаһарындағы Вячеслав Ивановтың «мұнарасында» бас қосатын «Өлең академиясы» мәжілістеріне қатыспаса да, Иннокентий Анненский, Александр Блок, Валерий Брюсов, Михаил Кузмин секілді орыс поэзиясының күміс ғасыры жұлдыздарына өлеңін сынатпаса да, қазақ ақынының символистік өрнектеу өнеріне тез қанығып төселгені, оған тез ұлт бояуын қосып үлгергені байқалады. Әңгіме қазақ поэзиясы қорына символистік сөз тіркестерінің («жұмақ суы», «алмас қанат періште», «Тәңірі оты», «қараңғылық қаптаған Күнбатыс», «қысық көзді Күншығыс», т.б.) қосылуы туралы ғана болып отырған жоқ. Мағжан символистік өлеңінің ишаралау, мегзеу, астарлау, ұтымды

тіркесті қайталау арқылы негізгі ой-әсерге екпін түсіру тәсілдерін шебер пайдаланғанын атап ескертуіміз керек.

Сазды, үнді поэзия қалай туады? Сөздердің тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісімінен де (Абай), олардың қақтығысынан да туындайды. Анненский бір өлеңіне түн қатып қысқы жолда келе жатқан жолаушыға атының доғасына ілінген қоңырау арқылы әлдене хабар жеткізуге талпынады.

*Динь-динь-динь,
Дини-дини...
Дидо Ладо, Дидо Ладо,
Лиду диду ладили,
Ладили не сладили,
.....*

Қазақ ақыны Мағжан орыс символистерінің осынау тәсілін өз жаңалығымен жетілдірді. Сырт әсермен, қоңыраулы үнге тікелей еліктеумен шектелмей, дыбысқа әдемі әр беруге, сазды үннен поэзиялық мағына тауып еселеуге тырысты. «Шолпы», «Сылдырмақ» тәрізді таңғажайып інжумаржан дарын дүниеге әкеліп, поэзиямызға баға жеткісіз олжа салды.

«Басасың аяғынды ырғаң-ырғаң, Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң» деп әндеткенімізде біз арудың аяқ басысына, бүкіл келісті келбетіне ынтыға, еміне қараймыз. Ал Мағжанның лирикалық кейіпкері ынтық арудың бітім, пошымы көрінбейді. Оның жүріс-тұрысын бұрымына тағылған шолпының сыңғырынан ғана аңғарамыз. Шолпысы былдырлаған тілімен қыздың жігіт жатқан үйдің сыртынан өтіп бара жатқанын сыбырлайды. Жігіт үйге кіре кетпес пе екен деп дәметеді. Бірақ қызы құрғыр үйге бас сұғар емес. Шолпы сылдыры барған сайын алыстап талып естілуге айналды. Жігіт қапа, есінен ауа жаздайды.

*Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Талдым, қалды сұлдер.*

*Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр, сылдыр, сылдыр.*

Осы шолпыны тағы да бір суреткеріміз ұлы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Тоғжан бұрымына тақты. Жас Абайдың Тоғжан шолпысының сыңғырына елтігенін енді бір шет ел жазушысы қызықтайды. Ол – Луи Арагон, француз жазушысы. «Бұл эпизодта бас қаһарман өз рухының ең биік шыңына көтерілді, өйткені оның жүрегінде махаббат оты жанды», – дейді Луи Арагон. Осы мысалға сүйене отырып, ол «Әуезов өнері – реализм үлгісі», – деген қорытындыға келеді.

Реалист Мұхтар Әуезовке берілген бұл баға шолпы сылдырын жырға қосқан Мағжан ақынға да берілген баға. Реализм мен символизм арасын қақ айыратын Қытай қорғаны жоқ. «Сылдырмақ» өлеңін алайық. Бұл шығарма балаларға арналған. Сылдырмақтың сылдыры бөбектің былдырымен, шұнаңдаған құлдыр лақтың ойнап-қарғып секіруімен астасады. Көз алдымызға сұлу реалистік көрініс орнайды.

Антон Чеховтан асқан реалист жазушы әлем әдебиетінде кемде-кем. Ал, осы суреткердің декадентшілдікті сынап-мінеп, реализмді көкке көтеріп дәріптейтін «Шағала» пьесасы, менің пікірімше, ол да символизмнен құралақан емес. Олай дегізетін пьесаға атын берген құсқа байланысты ой. Кездейсоқ адам жазығы да, еш құны да жоқ бейшараны ерігіп жүріп атып түсіреді. Пьесаның бір кейіпкері атылған шағаланы көріп, осының өзі де көзіме символ боп көрінеді, дейді. Рас сөз. Ермек құрбаны Ақшағала – жалған дүние рәмізі.

Социалистік реализмнің атасы Максим Горький де романтикалық символизмге бой ұрған. Кезінде Мағжан қазақшалаған «Сұңқар туралы жыр» туындысының орыс революциясы тағдырымен тығыз байланыстырылғаны тектен тек емес шығар. Горькийге еліктеп Мағжан «Балапан қанат қақты» деп ат қойып, қара сөзбен өлең жазды. Социализм жазушылары болмаса, жалпы суреткерлер қауымы-

ның бір көркемдік әдіске басыбайлы байланып қалуы сирек ұшырасады.

Мағжан Жұмабаев символизмнің құлақ күйін келтіргенде оны өз жүрегінің ән-күйін салуға, ежелден өлеңінің өзегіне айналған ұлттық сарындарға қарай бейімдеуге ұмтылады. Әрине, бұл – жан тыңын тындау – күрделі процесс. Ой-сезім тасқындарына тіл бітіру оңай іске жатпайды. Өлеңдерін ресми саясат ұранын ұйқастыратын жолдарға айналдыратын Қалмақан (Әбдіқадыров), Демьян (Бедный) оған үлгі бола алмайды. Мағжан «ессіз жүрегінің» әміріне бағынады. Жүрегі белгілі бір құбылыстардың, өмірлік әсерлердің дәнін аршуды қалайды. Міне, осындай жағдайларда символистік поэзия әлеуметтік-қоғамдық даму беталысын бағдарлаудан, шамалаудан тартынбайды. Жүрек әсерлерінен туған рәміздік нысандарда әлсін-әлі қоғамдық, идеялық сипатта жауапты қорытындылар бой көрсетіп қалады.

*Қап-қара тун. Толқындаған қара қан.
Қара түнде өңшең соқыр шұбырған.
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында
Ентелеген кәдімгі Иван есалаң.*

Бұл шумақ Мағжанның «Пайғамбар» атты өлеңінен алынды. Күтпеген қорытынды қынабынан суырған қылыштай жарқ ете түседі. Ондайға бойы үйренбеген адам құлағына тосаң естілетін қорытынды хақында миынан көп ой керуенін өткізеді. Сол ой керуенінен біреуі мына төмендегі теориялық ақиқатты еске түсіре отырып ұйтқиды. Ол көбіміздің жастайымыздан жаттап өскен қағида. Еске түсірейік: ленинизм дегеніміз – империализм және пролетар революциялары заманындағы марксизм. Бұлай делінетіні – революция орталығы Батыс Еуропадан Ресейге ауған ... Енді бүгіндер тың тындасақ, Ресей жақтан мүлде өзге әуен естіледі. Ресейдің XX ғасырдан XXI ғасырға ауысқандағы басым күштері өзге қисын соғады. Әлемге көрік орнатқан Ресей емес, нарық қатынасындағы өркениетті елдер. Ресей 1917–1991 жылдары сол өркениет жолынан шығып кетіп, әттеге-

не, санамыз шарға екен, енді бармағымызды тістеудеміз. Кеңестік тоталитаризм көзімізге көк шыбын үймелетті ғой... деген сияқты. Қазақ символист ақыны Мағжан Жұмабаев осындай әңгіменің шығатынын білгендей-ақ, орыс революциясы битін салып басқарған қозғалысты не деп отыр?!

* * *

Мағжанның жоғарыда аталған символистік өлеңдерінде қосымша және екі жетекші идея ұшқындайды. Біріншісі, Мағжан тұсында жиі ауызға алынатын қағида: езілген Шығыстың революциялық қуаты ерен. Адамзатты отарлық бұғаудан бір құтқарса, Шығыс құтқарады деген тұжырымдама. Мағжан ұлттық жігерге-жігер қосудың бір көзін тарихтан іздеп, Аттила заманына дейін шарлайды. Орыстың символист ақындарының азаншысы Вячеслав Ивановтың «Топчи их, рай, Аттила!» деген ұранын қуана-қуана үстемелейді. Ол ұранға қомақты ой қосады: Батыстың құлын ұл етейік, қаласын күл қылмайық, гүл қылайық! – дейді.

Үшінші идея жалпы адамзатқа қатысты. Бүгінгі адамзат жол айрығында тұр. Батысты қараңғылық неге қаптайды? Себебі қарнын ғана күйттейді. Жан азығын ойлауға құлқыны кем.

Символизм – жүрек сөзі. Және оның жүйеленбеген, мүшеленбеген бұлдыр, сана бақылауынан тыс тылсымдары. Фрейдистік ілім бойынша – бейсаналық (бессознательное). Мағжан бұл сөздің мағынасын ессіздік деп қазақшалаған ба деп те қаласың. 1920 жылы жиырма жеті жасқа толуына бір ай қалғанда жазған «Жан сөзі» деген өлеңінде «Ессіз жүрек» деген тіркесті жиі қолданады («Ессіз жүрек аспанға қол сермеді, Ессіз жүрек ақылға жол бермеді») «Жынды жүректі» дегенін мүлт жібермей орындасам да, опа таппадым, үмітім ақталмады, алдандым, – деп шағынады.

Ақындық борышын ол өлеңімен ғана өтеген жоқ. Өмірінің кесе-кесе кезеңінің бәр-бәрін жүрегінің дегеніне сарпетті. Шабыт үстінде, өнер өрінде арындаған шағында ғана

емес, қай уақытта да шайырлық биігінен, ел тілегінен табылып отырды.

«Жан сөзі» – Мағжанның мұңлы-зарлы өсиеті де. «Отыз, қырық... қартаям, сенем, өлем, Еліме есебімді не деп берем?» – деп халық алдындағы парыз, қарызын қатты сезіне отырып, сол есебінің ұзын-ұрғасын шамалап та байқайды. Жорамал түрінде айтылып, жауабы да бірге жүретін риторикалық сипатты сұрақтар қояды. Сол сұрақ іспетінде қойылған бұл қалайы жоқ орынды бағаға бас шұлғисың. Иә, айға шапқан арыстан да, түнді емес күнді сүйген ақ, адал жан да, жүрек жұмбағын шешер сыршыл да, сұлулықтың асығы – жыршы да өзіңіз!, – деп Мағжан ақынның асқақ тұлғасына сүйініп мақтаныш етесің.

Ұстазы Валерий Брюсов: ақын атаулы құрбандыққа өз басын байлайды деген еді. Ақыры солай болды. Шырағы шұғыл сөнді. Уақыты озып мүжілгендіктен емес. Сталиндік ұйтқи соққан зәрлі желден жалп етіп сөнген. Алаш үшін өстіп шәйт кеткенде қырықты орталап қалып еді. «Ессіз жүрегінің» кесімі де сол қырықтың іші... Мұңлы-зарлы өсиетінде және бір армандағаны: келер ұрпақ жапан түзде қарайған жалғыз молаға көз қырын салмас па екен деген тілек. Ондай моланы тағдыры бұйыртпады. Әйтеуір Алматының солтүстік беті болар деп долбарлап, қолыңды жаясың:

– Арсының ақыны, жан аға, Абай хакімге арнаған сөзіңізді енді өзіңізге бағыштап дұға қыламыз.

*Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме:
«Қор болды қайран сөзім босқа!» – деме.
Артыңда жас қазақтың балалары
Сөзіңді көсем қылып жүрер жөнге!*

10 наурыз, 2001 жыл

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893–1938)

1938 жылғы наурыздың жаңбырлы, жылбысқы күндерінің бірінде ел ішін қан сасытқан тоталитаризмнің тоңмо-йын қасапшылары қазақтың кемеңгер ұлттық ақыны Жұмабаев Мағжанның өмірін қиды.

Алматының Дзержинский көшесінде күні бүгінге дейін мелшиіп сұп-сұр қалпын өзгертпей түнеріп тұратын үйлердің бірінің күңгірт жертөлесіне түн жамылып кірген қызыл көз жендеттер шүріппені ғана басты. Әйтпесе ақын жүрегіне от қару кезенгелі қашан...

Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының көркемдік жетекшісі және бас дирижері Ринат Салаватовтың сөзін сәл өзгертіп айтқанда: біз ұлы таланттарды мәпелеп баулып өсіреміз де, ізінше көзін құрту үшін жанталаса барымызды саламыз.

Мағжан таланты ерте гүл жарды. Жұрт поэзия көгінде жарқырап туған жаңа жұлдызға еміне, емірене, таңырқай қарады.

Әттегене, бар қазақ өйткен жоқ. Біреуге бір артық ырыс қонса іші қызғаныштан жарыла жаздайтын күншілдер мұндайда аяққа орала кетпей ме? «Жақсылық жасамасаң жауың қайдан шығады?» дегенді еске түсіретін иіс алмастар және бас көтеріп, қызғаныш отына май құйып, неше түрлі пәле-жаланы жамады. Және өздерінің жолы болғыштығын қайтерсің.«Құланның қасынуына мылтықтың басуы дәл келедінің» кері келіп, жас таланттың сорына сұм заманы қара дауылын үсті-үстіне бұрқатып көз аштыртпады. Қарсыластары енді саяси айып тағуды қару етіп, соңына шырақ алып түсті.

...Ол уақыт бастауыш мектепте оқып жүрген бала кезім. Класс қабырғасында күні кеше әспеттеліп ілулі тұрған, жоғары ернінің су ағарына мұрт қойған маршалдың портретін теріс қаратып іліп қойыпты. «Бұл жауыз – халық жауы болып шықты», – деп түсіндірді түсі аппақ шүберектей болып кеткен мұғаліміміз. Қалш-қалш еткен жайын түкірі-

ніп, қақырынып сездірмегенсиді. Бірақ естияр бала саналатын біздердің де мұрнымызға бірдеңе баратындай. Әнеу бір бастықты, мына бір оқығанды, тіпті мектеп күзетшісін түнде ұстап әкетіпті деген сумақай хабарларды үлкендер бір-біріне сыбырласа жеткізіскендерінде, көздері алақандай болып шарасынан шыға жаздайды. Ел ішін үрей алған. Үйлерінде іштен тынып тырс етпесе, сырт орындардағы жиналыстарда қып-қызыл белсенділер не десе де, асыға-үсіге қолдарын көтереді. Алты аласы – бес бересісі болмаса да, тап дұшпандары дейтіндерге кектене түсулері керек.

Бірақ сезім шіркін сан қырлы ғой. Жүрегіңнің түкпірінде мүлгіген мүсіркеу, аяушылық сезімдері қаншама бүкпелесең де сыр бермей қоймайды. Айпақшы, әділеттік сезімі ше? Ол қап түбінде жатпайтын алмасыңнан кем емес. Буржуазиялық ұлтшыл таңбасы басылып, жетпіс жыл бойы атының өзін ататпайтын Мағжан ақынын халқы ешқашан қиянат сөзге қимаса, бұл не, әділеттілік жеңісі емей? Жүрегі, ойы Алатау шыңдарының ақ шаңқанындай аппақ таза жанның әйтеуір бір қайтып оралатынына ел үміті үзіліп көрмеген. Енді, міне, сол үміт ақталса, Мағжан ақын тіпті Кеңес құламай тұрғанда қайтып оралса, оралу қадамы құтты боп, ақынның ежелгі арманы орындалып, Қазақ елінің тәуелсіздікке қолы жетсе, бұл не, әділеттіліктің салтанат құруы емей?

* * *

Өмірі, әдеби һәм қоғамдық қызметі. Бірінші кезең.

Мағжан Жұмабаев қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, ақынның енді өз атымен аталатын ауданда, аймақтағы мыңнан астам шағын айдынның бірі – Сасықкөл жағасында 1893 жылы маусымның 25-сі күні туды. Бұл өлке бұрын Ақмола облысы, Петропавл уезі, Сарыайғыр болысы, кейіндер Полуденовский болысы, бертін Бейнетқор, тағы бірде Булаев ауданы деп аталған.

Мағжан – текті атадан. Әкесі Бекен дәулетті, болыс болған кісі. Оның әкесі Жұмабай сауда-саттықпен айналысып,

байыған. Меккеге барып қажы атанған, ел сөзін ұстаған беделді адам болған. Көп немерелерінің ішінен Мағжанды бөліп атап, «менің атымды осы балам шығарады», – деп отырады екен жарықтық. Жұмабай 1899 жылы көз жұмады. Бұл кезде Мағжан алты жасар жеткіншек.

Ағаларына еліктеп оқуды тым ерте бастаған. Әуелі ауыл молдасынан бір жаз оқып, қысында Қызылжарда медресе ашқан, Түркиядан оқыған Мұхаметжан Бегішов деген имамға беріледі. Бұл имам мұсылмандарды шоқындыруға, патша өкіметінің миссионерлік әрекеттеріне қарсы әжептәуір ерлік көрсеткен қайраткер. Патша кеңселерінің қағаздарында Бекишов деп аталады. Ол жазған прокламацияның бір данасы Көкшетаудың қазағы Көшеғұлов Шаймерденнің қолымен көшіріліп, Абайдың қолына тиген. Полицейстер өзі бастатып Абай ауылына тінту жүргізген кезінде тіміскілеп іздегендері осы қағаз.

Бұдан әрі Мағжан оқуы жалғаса береді. 1902 жылдан 1906 жылға дейін төрт жыл шамалас Ақия Ақанов деген мұғалімнен оқиды. Сәбеңнің (Сәбит Мұқановтың) айтуында, Ақия мұғалім жас Мағжанға арабша тілді білдіреді. Жадит жолымен жазылған тапсырмамен таныстырады. 1906–1910 жылдары Мағжан Қызылжарда Қасен Панамарұлы деген жадит молдасының медресесінде мұсылмандық білімін шындай түседі. 1911, 1912 жылдары Уфа қаласындағы атақты медресе «Ғалияда» оқиды.

Жас кезінде қай адам өз жанынан өлең шығаруға құмартпайды. Желбастыққа салынбаса да, жел сөзбен әуестенушілік жағынан Мағжан кұрбы-кұрдастарынан қалыспағанға ұқсайды. Дегенмен, өлең-жыр есігінің босағасын шындап аттап, тәуекел етуі – 1910 жыл. Шығыс Қазақстанның Зайсан ауданында үш жыл шамасында мұғалімдік құрып, со жақтан атақты «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағын бастыруға дайындап ала келген Міржақып Дулатовпен танысуы, жас ұстазынан орыс тіліне жаттығып, ұлы орыс классикасымен ауыздануы, Абай өлеңдері уызынан қанып ішуі, Омбыда «Бірлік» атты жастар қоғамы құрылып, сол қоғамның «Балапан» атты қолжазба журналына редактор

боп сайлануы, Уфадағы әдеби орта, медресе «Ғалияда» сабақ беретін татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен жиі ұшырасуы, жаңадан бас құрап ұйымдаса бастаған әдеби ортаның жалындап тұрған жас талапқа жәрдемдесуі, осының бәрі темір қанат балапан таланттың қауырсыны тез жебеленіп, «Шолпан» атты (1912) тырнақалды жинағының басылып шығуына себептесті.

«Шолпан» жинағы Мағжан Жұмабаевтың ақындығының жас шағына, бірінші, бастапқы кезеңіне (1910–1912) нүкте қойып қана қоймайды. Бұл әдебиетіміздің Ыбырай Алтынсарин, Абай, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың жарқын есімдерімен тығыз байланысты ағартушылық кезеңінің соңғы бекеті де болатын. Бұдан кейін оқу-білімге шақырған өлеңдер болса, жаңалығы там-тұм, ілгерідегі ағартушылық реализмнің сөзін қайталап, күйіс қайырудан әрі аспайтын.

Жас Мағжан Абайға еліктеді, өзі алтын хакім атаған ақынмен бір тақырыпта өлең сөз жарыстырып та көрді. («Жазғытұры», «Күз»). Сонымен бірге бұл кездегі қоғамдық ойдың ұлттық сипаты, орыс империализмінің отаршылдық езгісіне қарсы күресі әсіресе қазақ поэзиясы мен публицистикасында айқын, ашық, басым сипат ала бастағаны мәлім. Осы ағымның ең көрнекті, жаңа өрнекті бастаушыларының бірі Мағжан Жұмабаев болды. Алғашқы жинағының өзі ұлтшылдық сипат (ұлтжанды, ұлттық деген мағынада) алса, мұның өзі тек кітап сөзіне еліктеуден тұмаған. Мағжанның бірден ұлт ақыны боп қалыптасуына өмірдің өзі мәжбүр етті.

Отаршылдық тарихы – кіл қайғы-қасіретті тарих. Абылай өлген соң қазақ жерінің ит жыртқан терідей ту-талақайы шықты. Басты себептің бірі – қазақ халқы Елбасынсыз қалды. Бір орталықтан басқаратын мемлекет туы жығылды. 1822 жылы хандарынан айырылса, 1868 жылдан бастап округ, облыстарды басқарған сұлтан, билерінен айырылды. Ендігі қазақ билігі шағын ауылдарды (старшындарды) басқарған болатын болыстыққа дейін құлдырады. Бұл билік, сайып келгенде, «айдағаның бес ешкі, ыс-

қырығың жер жарадыға» ұқсайтын. Болыстар ел мүддесін қорғамақ түгілі, өзара қырқысып, партия-партияға жарылып, онсыз да бастары жөпшенділікпен бірікпейтін қазақтың берекесін алып бітті.

Ел билігінен айырылған қазақ бара-бара жер билігінен айырылды. Ен даласы қазына мүлкі деп жарияланды. Қазақ жеріне, орыс кеңес жазушысы Дмитрий Фурманов жазғандай, Ресейдің келімсектері жебір шегірткедей (саранча) қаптады. Қазақтың ең шұрайлы жерлері енді солардың еншісіне тиді. Қазақ шөл, шөлейтке, резервацияларға күштеп ығыстырылды. Патша қазақты халық есебінде санаттан шығарудың нелер сұмдық айла-шарғысын ойлап тапты. Бұратаналарды орыстандырамыз деп те қаншама әлектенді.

Бұл жүгенсіз, қарақшылық, озбыр саясат кеңес тұсында да нешеме құйтырқы түрде жалғаса берді. Колхоз құрамын деп, қазақтың мал, жанын миллиондап ойсыратты. Тың жер игеру сылтауымен қазақ даласына келімсектердің жаңа ұрпақтарын құмырсқадай қаптапты. Нәтижеде қазақ өз елінде өзі азшылықта қалды. Әлімжеттіктің жөні солай деп қазақ жерін көрші елдерге жырымдап «сыйға тартуға» көшті.

Мағжан ақын осының бәрін болмаса да, денін көріп ашынып өсті. Ол дүниеге келердің алдында қазақтар патша ағзамның зорлық-зомбылығына көнбей талай көтерілгенін ер жете білді. Қазақ елінің қарсылығын жою мақсатында отаршылар даланың әр тұсына әскерін төгіп, қойлы ауылдың қасынан апан қазған қорқаулардай, Қараөткел, Атбасар, Торғай, Ақмешіт, Петропавл, Өскемен, Семей бекініс, қорғандарын салды. Ол бекіністер «Ащы өзек», «Горькая линия» деп аталды.

Бұратана халық аталған қазақ елінің сорлаған мүшкіл халі туралы сол уақыттағы орыс баспасөзі де ашық жазған. «Санкт-Петербург хабаршысы» газетінің 1897 жылғы 20 нөмірінде басылған мақалада, мәселен, былай делініпті¹.

«Отаршылдық саясатына қазақ халқы осы бастан-ақ наразылық білдіріп жатыр: қазақтың байлары дағдылы жай-

¹ Әлібеков Ә. Қазақ жері // «Еңбекші қазақ». 1925. 4 қазан.

лау қонысынан айырылған соң, сыбайлас отырған Қытайдағы ағайындарына көшіп кеткен, иә 1869-шы жылы босып кеткен, кәзір де ешкімге бағынбай қыр мен Ауғанның арасында көшіп жүрген 10 мың үй бар... Бірақ ондай қоныс аудару байлардың ғана қолынан келеді. Кедейдің оған әлі келмейді; олар амалсыз отырып қалады... 1870 жылдары қазақтың үй басына 50 қарадан келетін еді. 1914–1915-інші жылдар қазақтың үй басына 25-26 дан-ақ болды».

Жерден айырылу зауалын алдымен тартқандардың бірі – терістік өлке. «Шолпан» жинағындағы «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңі алдымен ата-қоныстарынан қуылып шырылдаған ел мұңын шағады. Өлең кереғар сезімге құрылған. Қазақтың кешелі, бүгінгі өмірін бір-біріне қарсы қойып жазылған. «Алыстан мұнарланып шалқыған көл, Бетінде күннің нұры балқыған көл» деп, жағасында ойнап асыр салған балаларды, жалтырына көз салып тәтті мұңға батқан ғашықтарды, күліп-ойнаған құрбыларды, «сапырып сары қымыз ертеңді-кеш, басында кеңес құрып» дуылдасқан үлкендерді тамашалай келе, соңғы шумағында басқа күйге оқыс ауысады. Үстіңе мұзды су құйғандай қалтыратып жібереді.

*Білмеймін не боларың, кайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итііп қара шекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің.*

Осы суреттерден ойың шынында да шартарапқа жүйткіді. Нешеме саққа кетеді. Жері азайған соң қазақтың малы азайды. Малы азайып еді, жаны азайды. Зар илеген ел ахуалы арқасына аяздай батпаса, жап-жас балаң жігіт мұндай мұңды өлең туғызар ма еді, туғызбас па еді. Мағжанды айтамыз-ау. «Туған жерім – Сасықкөлді» оқыған бүгінгі қазақ өзіміз де ойланып қаламыз. «Ау, қазір ше? Жерге, малға деген көзқарас оңып тұр ма? Енді қандай шекпен киген келімсек жеріңді сатып алып, исі қазақты сорлатпақ?», – деп өзімізден-өзіміз бүлініп алаң бола бастаймыз...

Міне, Мағжанның ес біліп, етек жапқаннан кейінгі көргендерінің өлең айнасына түскендері. Қазақ тірлігіне қатысты өлеңдерге, жалпы «Шолпан» жинағына байланысты атап өтуге тиісті нәрсе, – Мағжан ақындығының келесі сатыларында өрбітетін және ағартушылық реализм кенересінен асып төгілетін бірқатар тақырыптар көзі аптылады. Мағжанның жас шағының шындығы. Ол тақырыптар шақтап шиырып айтқанда былайша түзіледі:

– Абай поэзиясы дәстүрлерін ілгері бастыру, байыту мәселелері («Артыңда қазақтың жас балалары, Сөзіңді көсем қылып жүрер жөнге»).

– Ұлттың әлеуметтік құрамына байланысты проблемалар. Мағжан кедей мен байды ажыратпайды емес «Кедейлер үсіп-тоңып дір қалтырар, Жылы үйде байлар жатар уайым жемес» («Шын сорлы»).

– Тұтас ұлттың қамын жеу («Сорлы қазақ», «Қазағым»). Ел бірлігін, берекесін сақтау («Байларың кедейлерге қарасқан көл»), – дейді Мағжан ақын Сасықкөл жағасындағы ынтымақты жырға қосып. Кедейлер, нашарлар, күшсіздер не істеуі керек? Өзі қойған сұраққа жауабы даяр: «Күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!» («Бір күні»). Біреуінің мүлкін біреуі тартып алсын, бай мен кедей қырқыссын деген сөздер кездеспейді.

– Әйел бостандығын аңсау («Жас келін», «Зарлы сұлу», «Тілегім», «Алданған сұлу»).

Әлем кеңістігіне қадам басу. Түрікшілдік тақырыбы («Орал тауы»).

Мағжан ақын ретінде де, азамат ретінде де ерте пісті. Туып-өскен ортасы, ұяда көргені жасы жиырмаға толмай жатып-ақ туындыларында көркемсөз кестесіне түсіп үлгерді. Қазақ басына түскен зұлматты көре, сезіне жүре ұлттық сезімі ерте оянды. «Болар елдің баласы он бесінде баспын дейді», – деген де сөз бар. Сол сөз Мағжанға арнап айтылғандай. Осы жайттарды еске ала отырып, Мағжан өмірі мен шығармагерлігін кезеңдеу барысында оның жас шағын кезеңдеуді 1912 жылмен аяқтауды жөн деп таптық.

Екінші кезең (1913–1924). 1913 жылы Мағжан өмірі мен шығармагерлігінің жаңа, екінші кезеңі басталады. Мағжан мұсылманша алынуға тиісті білімге жетіккенін сезініп, келесі белеске көтерілуді ойлайды. Орыс әдебиеті мен мәдениетінен нәр алып, осының негізінде батыс, әлем әдебиетімен кеңірек танысуға бел байлайды. Бірсыпыра даярлықтан соң 1914 жылы Омбы мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1917 жылы тәмамдайды. Тәмамдау, жалпы семинариядағы оқу Мағжанға оңайға түскен жоқ. Сәбеңнің жазуларынан, Зылиха апаймен кездескенімнен білгенім әкесі Бекен ақсақалдың Мағжанды Омбыға оқуға жібермей молда еткісі келгендігі. Тілімді алмадың деп, адуынды әке баласын соқыр тиынсыз қалдырады. «Жан сөзі» өлеңінде Мағжанның: «Ата-анаңнан без!» – дедің, безбедім бе, Қаңғырып талай жалғыз кезбедім бе? – дейтіні сондықтан. Семинарияда үздік оқығанға бір меценат бай 500 рубль стипендия тағайындаған екен. Үздік оқитын Мағжан сол стипендияны талшық етеді.

Сол кездегі қазақтың оқыған жастарының аузында жалғыз сөз «миллятім» болды да, Ресейде оның шет аймақтарына дейін жеткен төңкеріс дауылдарының бәрін олар азаттық таңындай қарсы алды. Мағжан: «Ұлтым», «Алашым» деп ұран көтерген қозғалыстардың бәрінің жуан ортасында жүрді.

1917 жылғы Ақпан революциясынан соң Мағжан Ақмола қырғыз облыстық комитетінің құрамында халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Осы комитеттің жұмсауымен Торғай облыстық қазақ съезіне қатысады. Міржақып Дулатовтың басшылығымен өткен Омбыдағы қазақ съезінің жұмысына араласады. Сол 1917 жылдың желтоқсан айында өткен Жалпы қазақтық съезде Мағжан Жұмабаев Алаш Орда үкіметі жанынан құрылған Ағарту коллегиясының мүшесі болып сайланған болатын. Коллегия құрамында Омаров, Шонановтармен т.б. бірге ел арасында алашты көгертпек қамында білек сыбанып жұмыс

істеген. Жалпы қазақ съезінен кейін енді уездерде құрылтай өткізілуге тиісті болды. Мағжан Алаш Орда үкіметінің тапсырмасы бойынша Көкшетау қазақтарының съезін ұйымдастырып өткізеді.

Жалпы қазақтық съезде Мағжан ақын Петерборда өтпек Құрылтай жиналысына Қазақстаннан баратын депутаттар тізіміне ілікті. Сол тізімдегі депутаттар бас қосқанда Алаш партиясы бағдарламасын қабылдап, бұл партияның құрылғанын жариялауға, басшы органдарын сайлауға тиісті болатын. Амал қанша, бұл шара іске аспай қалды.

Келесі, 1918 жылы Мағжан Омбы мұғалімдер институтына оқуға түседі. Алайда, Үш жүз партиясының көқауыз белсенділерінің әлегінен тұтқындалып, 1918 жылдың ақпанынан мамыр айына дейін көзі жылтырап Омбы түрмесінде отырады. «Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер, Істей берсін қолдарынан келгенін!» – дейтін «Сағындым» өлеңі сол қамақта жатқанында жазылған.

1918 жылы маусым айында Омбыда Кеңес өкіметі құлап, оның орнына Колчак келгенде Мағжан абақтыдан шығып, біраз уақытын ауылында өткізеді. Сол жылғы күзде Петропавл уезінде ашылған педагогикалық екі жылдық курстың меңгерушісі болады. 1920 жылы Сібір ревкомы (Омбы) Қазақ Республикасындағы өзгерістерді халық арасында насихаттау жұмысымен шұғылданатын комиссия құрып, оның құрамына Мағжан да енеді. Бұл кездерде атағы елге кең жайылған ақын «Бостандық туы» газетінің редакторы қызметіне тағайындалады. Бұл газет Омбыдан Петропавл қаласына көшірілгенде де – редакторы. 1922 жылдың аяқ шенінде екінші әйелі Зылихамен отбасын құрады. 1923 жылы Ташкент қаласына қызметке ауысады. Сұлтанбек Қожановтың көмегімен Қазинпростың оқытушысы болып істейді. Сонымен бірге Ғылыми комиссияның мүшесі болады. Мұнда шығатын «Шолпан» журналына, т.б. баспа орындарына белсене қатысады.

Тергеушіге берген бір жауабында Мағжан 1917–1918 жылдардың оқиғалары санама жетпеді, сахнада не болып, не қойып жатқанын түсінбеген көрермен секілді күй кештім

десе де, бұл жылдары бірталай қоғамдық істердің басын қайырып тастағаны байқалады.

Екінші кезең Мағжан творчествосындағы айырықша бір жемісті, өнімді жылдар болды. Бұл жылдар бедерінде екі бірдей өлеңдер жинағы жарық көрді. Біріншісі ақын Бернияз Күлеевтің «Бастырушыдан» атты алғы сөзімен 1922 жылы Қазан қаласында («Татарстан» матбағасы») жарияланды. Екіншісі – арасына жыл салып, 1923 жылы Ташкент шаһарында «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері» деген атпен басылып шықты. Бұл жинақтан тыс «Шолпан» журналында қазақ әдебиетінің асыл қазыналары – «Батыр Баян» атты поэмасы және «Шолпанның күнәсі» деген ұзақ әңгімесі дүниеге келді. Орынбор мен Ташкент баспаханаларында «Педагогика» атты (1922, 1923) оқулығы басылып шықты.

Жиырмамыншы жылдардың екінші жартысында өрістеген мәдени революция нәтижесінде елде жаппай сауатсыздықты жою науқаны басталды. Мағжан сол науқанға белсене қатысты. «Сауатты бол!» оқулығын жазды. Оқулықтың жұртқа ұнағаны сонша, қатарынан төрт рет басылды. «Сауатты болдың!» соңғы төртінші түзетіліп басылуы Мәскеу қаласында қазақ елінде бұған дейін құлақ естіп көз көрмеген таралыммен – 50 мың тиражбен басылып шықты. (Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы. М., 1929 ж.) Түзетіліп басылды дейтіні оқулықтың соңғы нұсқасына Қазақстанда енгізіле бастаған латын әліппесі берілді.

Пегас атты шабыт тұлпарын ерттеп мініп, тізгінін берік ұстаған ақын бұл жылдары, әсіресе, поэтикалық шабысын барынша үдетті.

– Басты тақырыбы – ұлттық тақырып жан-жақты өрістетіліп, құлашын жаза түсті. («Жаралы жан», «Қазақ тілі», Міржақып Дулатов патша тұтқынына түскенде жазылған өлеңдер шоғыры: «Жауға түскен жанға», «Тұтқын», «М.Д. абақтыдан шыққанда») Ұлт мүддесін ту етіп ұстаған тағы бір тарау өлеңдері «Өткен күн», «Айға», «Тілегім», «Мен жастарға сенемін» деп аталады.

– Поэма жанрына қол артты. Ұлт-азаттық тақырыбын осы үлкен жанрда көбірек өрістетті («Қорқыт», «Ертегі»,

«Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы» жоғарыда аталған «Батыр Баян» поэмалары).

– Махаббат лирикасының, сүйіспеншілік жырларының асып төгілуі де осы екінші кезең үлесінде. Тырнақ алды жинағында қапы соққан олқылықты (ғашықтық тақырыпта «Шолпан» жинағынан «Сүйгенім» өлеңін ғана кезіктіреміз). Ақын артығымен толтырады. Тұрлаулы істің сапалы атқарылғаны сондай, Мағжанның Мағжан атын шығарған осы өлеңдері деген де сөз бар. Жұмабаев өлеңдері оның есімін атау ауыр күнә саналатын уақытта да ел аузында жүрді. Соның ең бір үздіктері Гүлсім Камаловаға арналған ғашықтық өлеңдер. Ол 1921 жылы ақын басынан өткен бір биік мәнді махаббат хикаясы еді.

Осының алдында екі жыл бұрын ақынның Құдай қосқан жары Зейнеп баладан қайтыс болған. Азамат соғысы кезінде туғандықтан есімін Граждан деп атаған тұңғыштары шешесінің өлімінен соң көп ұзамай бір жасында ажал қармағына ілікті. «Баланың қабір тасына» өлеңі осы кезде туған. Тағдырға тәбділ жоқ. Өмір заңы солай. Тірі – тірлігін істемек. Уақыттың шаңы астында көміліп қалатын дүние көп. Қайғыны да ұмыттыратын сол уақыт. Жаңа ой, жаңа тілек билеп сілкінгенде, жан шіркін түлеп сала береді ғой. Мағжан мен татар әйелі Гүлсім арасында ғашықтық оты сол бір кездерде тұтанады. Өттегене, Гүлсімнің басы бос емес-ті. Ақыры тағдырлары екеуін айырып тынады. Міне, осы махаббат хикаясы әдебиетіміздің көркіне көрік қосатын ғаламат сұлу жырлар туғызды («Гүлсім ханымға», «Гүлсімге», «Сүй, жан сәулем», «Г...ге», «Айрылғанда», «Болса гүлсіз», «Тірілдім»).

Осы қатарда аталатын екінші кезең олжасына Альбом ескерткіші түрінде, жастардың сүйіспеншілігіне арналған өзге де лирикасы қосылмақ («Сен сұлу», «Көңілде қайғы қалдырмас», «Сүйгенім анық», «Жәмила», «Махаббат не?», «З.-ға», «Сүйгеніме», «Жас сұлуға», «Біраз Фетше», «Н.-ға», «К.-ға», «Хор сипатты қарындас» т.т.)

– Мағжанның қазақ поэзиясында ашқан жаңа беттерінен және де айырықша атайтынымыз ақынның Батыс, күл-

лі әлем поэзиясындағы ауыз тұшитын жаңалықтарға ден қоюы. Осыған байланысты символистік ізденістері («От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Мені де, өлім, әлдиле», «Бостандық», «Жаралы жан», «Берниязға», т.т.) Символизм романтизмнің бір бұтағы болғанда, осы тарапты өлең үлгілері ақын творчествосын қазақ поэзиясының және бір жемісті ағашы етіп бөлекшелеп тұратынын айтуға керек. Бұлар «Жазғы жолда», «Қысқы жолда», «Жиіленді қара орман», «Қараңғылық қоюланып келеді» дейтін, т.б. өлеңдер. Символистік туындыларынан «Шолпы» өлеңі реализм реңдес.

– Тақырыптық жағынан Мағжанның әдебиетімізге, қала берді әлем поэзиясына енгізген жаңалығы экология тақырыбы. Бұны өмір жыры етіп алғаш жырлағандардың бірі осы өзіміздің қазақ ақыны («Жазды күні қалада», «Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол».)

– Мағжанның поэзиялық бағынан философиялық лириканың шоқ шынарын да кезіктіреміз. Ақын біткен болмаса да, даналары өз тағдырын алдын ала сезініп, өлең жолдарына түсіретіні әдебиет тарихында айтылып, жазылып жатады. Мағжанның өз аяулы тағдырының қандай трагедиямен аяқталатынын күні бұрын болжап білгендей 1920 жылы жазған «Жан сөзі» өлеңі бүгін де оқыған жанның сайсүйегін сырқыратады. «Ой» деген өлеңі атына қарағанда осы психологиялық құбылыстың сырын ашатын толғаныс сияқты. Шын мәнісінде өлең ойдың сезімге әсерін суреттеген. Ойы улағанда ақын шетсіз, түпсіз тұңғыыққа батады, көзіне жас оралады, жүрегі көмір болады. Сондай тебіреніп күңіренген кенеулі ой толқындары «Ауыру», «Жұлдыздарға», «Сағат», «Шылым», «Александр Блок», т.б. бірқатар өлеңдеріне тән.

Екінші кезеңде түрік тақырыбы да ұмыт қалған жоқ («Алыстағы бауырыма», «Орал»).

* * *

Үшінші, соңғы кезең (1924–1938). 1923 жылдың аяқ шеніне таман ақынды жұбайы Зылиха екеуін Мәскеу дәмі тар-

тады. Мәскеудің Жоғары әдеби-көркем институтына оқуға түседі. «Личный листок студента» деген құжатты Мағжан сол 1923 жылы 12 желтоқсанда толтырады. Қазақ Республикасынан айына 20 рубль стипендия алып тұрады. Құжат сұрақтарына берген кей жауаптары төмендегідей. Түскен оқу орны – Жоғары әдеби-көркем институты. Бұрын оқыған оқу орындары – Омбы мұғалімдер семинариясы және мұғалімдер институты. Жоғары оқу орнына кім жіберген деген сұраққа: Түркістан Халық ағарту комиссариаты мен Түркістан Атқару комитеті делінген. Оқуға түскенге дейінгі мамандығы мектеп қызметкері және газет редакторы. Ата-ана мамандығы – мал шаруашылығы. Семья жағдайы – үйленген. Қарауымда әйелім, – деп көрсеткен. 1918 жылдан Халық ағарту қызметкерлері кәсіподағының мүшесі. Мүшелік билеті № 63414.

Мәскеуде оқи жүре, Мағжан Кіндік баспаның жұмысына белсене қатысып, В.И.Лениннің бірталай мақалаларын, басқа да саяси әдебиетті, Пушкин, Лермонтов, Фет секілді орыс поэзиясы саңлақтарын, Горький бастатқан кеңес жазушыларының көркем шығармаларын аударады.

1929 жылғы 14 шілдеде тергеуші жауап алғанда Мағжан Жұмабаев: «Мәскеуге көшіп келгеннен кейінгі жерде менің дүниетанымым өзгере бастады», – дейді. Бұл жүрекжарды шыны еді.

Мағжан Жұмабаев осы ретте үлкен рәміздік мәні бар «Қызыл жалау» өлеңін (1924) жариялайды. Рәміздік мәні болатыны, бұл өлең ақын дүниетанымы әжептәуір өзгерістер түскенін байқатады. Ол енді ағынға қарсы жүзбек емес. Белгілі шарттармен Қызыл жалау түбіне жиналған халыққа қосылуға бар. Мәскеулік үлкен олжалары – «Жүсіп хан», «Өтірік өлең», «Толғау», «Токсанның тобы» поэмаларында ақынның жаңа үкіметке ниеттестігі айқын көрініс табады. Әдебиеттану ғылымынан солшыл бағытта жазып тындырғаны – «Алқа» бағдарламасы. Бұл – мұсылмандық һәм зайырлы (светский) ғылыми еңбектердің қай-қайсысымен де атсалыса алатын теориялық соны ізденіс еді.

Ақын НКВД тергеушісінің дігірлеткен талабы бойынша өзінің «Алқа» атты бағдарламасын қалай жазғанына кең тоқталады.

«Будучи в Москве я начал знакомиться с трудами Плеханова, Луначарского...После чего написал критическую программную статью о направлении литературы под названием «Алка», с которой ознакомил Сарсембина Жакена, Амангали Сегизбаева. С этими двумя товарищами была рассмотрена статья, внесены дополнения и изменения, потом ее переписывали и разослали по почте в Семипалатинск – Ауэзову М., в Ташкент – группе Аймаутова Ж., Байтасова и др. От Ауэзова я получил письмо, в котором он не одобрил эту платформу как очень левую. Программу «Алка» составлял – я лично Джумабаев» (астын сызған біз – Ш.Е.).

Мұны толық және аудармай орыс тілінде келтіруіміздің себебі бар. Соңғы кездерде бағдарламаның соңында Мағжанның қолы қойылмаған деген желеумен «Алқа» бағдарламасының авторы Мағжан ғана емес, бұл ұжымдық құжат екен деген жаңсақ сөз шығып жүр. Әрине, «Алқа» әдебиеттік үйірмесі алда-жалда құрыла қалып, талқылаудан өткен күнде ұжымдық құжатқа да айналар еді. Амал қанша, ондай жиналыс өткен жоқ. Тек кейбір зиялылармен жеке-жеке пікір алысу болғанға ұқсайды.

Сәрсенбин Жәкен – мәскеулік студент. Амангали Сегизбаев Қостанайда мұғалімдер курсың бітірген ақын, журналист. Мен екеуінің де «Алқаны» жазған Мағжанға пайдалы кеңес беруі мүмкін екеніне шүбә келтіргім жоқ. Бағдарламамен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтер да танысқан. Мұхтар Мағжанға жазған хатында: «Алқаны» тым солшыл бағытта жазылған, – деп сынайды. Өзге оқыған көрнекті зиялылар да сондай пікір білдірген. Бірақ бұлардың ешқайсысы пайдалы кеңес бердім екен деп, талқыға түскен шығармаға авторлыққа жармаспаған, пікірлерін «Алқа» авторына білдірумен шектелген. Бұл солай болуға тиіс те.

Бүгіндер ғылыми дәреже алу мақсатында зерттеу еңбек жазып жүрген ізденушілерге талай академик, доктор, ғы-

лым кандидаттары білгендерін ірікпей ақыл-кеңес беріп жатады. Бірақ солардың бірінің де қосалқы авторлыққа сұранғанын өз басым көрген де, естіген де емеспін...

Мағжан бұдан әрі «Алқа» бағдарламасын өлең түрінде жазып, поэма атын «Толғау» деп қояды.

– «Толғау» өлеңін Халық ағарту комиссариатында істейтін Жолдыбаев Молдағалиға («Педагогикаға» кіріспе жазған қаламгер – Ш.Е.) жібердім. Мен өлеңімде өзімнің өмір жолымды, менде қандай қателік және қобалжулар болғанын мезгіл-датасын көрсетпей баяндап шықтым. «Алқа» үйірмесі ұйымдастырылмай қалды. Бөкейхановпен кездескенімізде, әдетте, біз әдебиет жайынан әңгімелесетінбіз, – дейді Мағжан тергеушіге берген жауаптарында.

Бірақ «айтып-айтпай не керек құлағын мақтамен бұрап тыққанға» дегендейін, ол кездегі ОГПУ жөн сөзге құлақ асып қайтсін. «Алқа» ұйымын бір мәжілісі өтпесе де контрреволюциялық ұйымға жатқыза салды. Мағжан жазған «Алқа» бағдарламасын шатып-бұтып біреуге орысшалап қалған. Онда кеңеске қарсы көлденең сөз табылмаса да, «күштінікі диірмен тартадыға» салып, авторын ұлтшылсың деп айыптаудан жазбаған. Саяси үлкен айып тағылып отырған адамнан бір-ақ рет жауап алған. Ізінше сот құрылып, бұрынғы Алашорданың ең бетке ұстар 42 белсендісі дүрмегінде Мағжан ақын да кете барды. ОГПУ коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен РСФСР қылмыстық кодексінің 58–11 және 58–10 баптары бойынша 10 жыл еңбек түзету лагеріне кесілді.

Жазықсыз адамдарды анық-танығына жетпей соттап қаттаған тоталитаризмді енді айыптап жер жебіріне жетіп жүрміз. Дұрыс, әрине. Бірақ ОГПУ қазақ тілінде Мағжан Жұмабаевтың не жазып, не қойғанын қайдан біледі? Қазақ ақынының «Шойын жол» өлеңін іздеп тауып Н.И. Бухариннің баяндамасына қостырған, ұлтшылдарды мұрындарынан тізіп, жарты патша Голощекиннің құлақтарына сыбырлап сүйрендеген еріндер кімдердікі? Әлбетте, өзіміздің қазақ оқығандарыныкі.

Қазақ зиялыларының маңдайалды қайраткерлері Ит-жеккенге айдалуы үшін НКВД-ға жандайшап боп қосылып, қазақтың қып-қызыл белсенділері де қызу атсалысқандарын жасырмауымыз керек.

Мына қызықты қараңыз: ел аман, жұрт тынышта, айтұйт жоқ, сонау Мәскеуге 1924 жылдың 24 қараша күні қазақ зиялыларынан алпыстай адам жинала қалады. Жиналған жері Мәскеудегі Күншығыс коммунистік университеті. Университет жанынан «Жерлестік ұйымы» құрылған екен. Сол ұйым мәжіліс құрады. Қараған мәселесі біреу: Ташкентте басылып шыққан Мағжан өлеңдері туралы. Баяндама жасаушы Нәзір Төреқұлов: «Мағжан – ақын, бірақ, қазақ ақыны емес, қазақтың тұрмысынан айырылған ақын. Осы күні коммунист жасасын, төңкеріс жасасын деп сыдыртып жүргендер бар. Олардың дегеніне еріп кетпей, демагогиясына жол бермей, сынап, ішін алып қарап, тексеру керек. Мақтай берсек онан да алданып қалуымыз мүмкін» – деп қорытты баяндамасын. Ақынға ара түскен студент Сәрсембі Жәкенов қана болды... Жиналыс қорытындысы: «Коммунистік партияның жолына қарсы Мағжанның жұмбақты өлеңдері газет-журнал бетіне тексерусіз басылмасын дейміз»¹.

Мәскеуде жүрсе де қудалап тыныш таптыртпаған жерлестері туралы Мағжан не ойлайтынын тексерушіге берген жауабында айқын білдірген. Асыл ағаның орыс хатына да ерен жүйріктігін көрсету және аударма барысында көркем стилінің қырына нұқсан келтіріп алмау мақсатында өзінің қағазға түсірген қалпын толық сақтауды мақұл көрдік.

«В те годы (27–28) я испытывал значительный разлад в своем внутреннем мире в смысле переоценки бывших ценностей, и я сделал серьезную попытку влиться в советскую струю, выступил с рядом исповедческих вещей. Но к моему несчастью я жестоко был отвергнут тогдашними погододелателями в казахской литературе, впоследствии оказавшимися настоящими подлецами, как Байдильдин,

¹ «Еңбекші қазақ» газеті. 1925. 14 қаңтар.

Ш. Токжигитов и др. Меня буквально парализовала поднятая этой кучкой в печати кампания...».

Түрмеге түскен, айдауда жүрген бейбақтың мән-жайы белгілі. Кекселеп қалған түз қырандары қолға түскенде шошынып, абыржып, ашу-ызаға булығып, өлердей қорланады екен. Осынау күйді Мағжан ақын да басынан кешкен. «Находясь в лагерях Соловецких и Свирских в течение 7 лет у меня примерно с 1931 г. постепенно появилось полное безразличие к своему прошлому», деп жазыпты ол тергеуші талабы бойынша жазған түсініктеме жауабында. Шабытынан айырылыған асау жүрек айдауда пәлендей ауыз тұшырлық өлең тудыра алмады.

Сүйген жары Зылиха Мағжанның өтініші бойынша Ленинградқа келіп пәтер жалдап тұрады. Карелия орманына аз да болса он төрт рет қатынайды. Сол барғандарының бірінде ақыннан: «Жазғандарың бар ма, ала кетейін» – дейді. Сонда Мағжанның өңі сұрланып, бір түрлі бұзылып кетеді. «Бекер сұраған екем», – деп тілін тістеп қапаланған Зылиха қайтып бұндай сұрақ қоюдан тыйылады.

«Құс тамағы үшін алады» дейді атам қазақ. Пенде Мағжан лагерьдің тәртібіне көндікті. Көндікпегенде қайтеді? Лагерьдің тамаққа шақырған дабылы оған «ка!» деп қызыл көрсеткен бүркітшінің жарылқауындай естілетін. Қайткенмен, асаулығынан, өлеңге деген аңсарынан, шабытынан бәсең тартса да, ақылдан Алласы кенде еткен жоқ. Лагерьде жүріп оқып, фельдшер мамандығына ие болып, күн көрістің және бір айласын жасады.

Жалғыз Зылиха ғана емес, Карелия орманында жүдеп-жадап жүрген Мағжанға Ленинградта оқуда жүрген Әлкей Марғұлан келіп кетті. Сәбит Мұқановтың Мәскеуден жазған хатын (шамасы 1934 жылы болу керек) алды. Срөгіңді өтесімен Қазақстанға келіңіз деп шақырыпты. Құдай мына тозақтан босануға жазса, елге қайтпаса, қайда барып күн көрмек? 1926 жылы Мәскеудегі оқуы тәмам болған соң елге оралды. Бурабайдағы орман техникумында дәріс оқыды. Ол жерден қудалай бастаған соң Қызылжарға қайтып оралып, орыс мектебінде қазақ әдебиеті мен тілінен, қазақ

мектебінде орыс әдебиеті мен тілінен сабақ берді. Ақыры немен тынғаны белгілі. Мәскеудегі «жерлестері» Қызыл Орда, Алматыдағыларымен қосылып артына қалжуыр байласа, өз туған жеріндегі «жерлестері» інінен су құйған тараққұйрықтай етіп шығарып, Мәскеудің Бутырка түрмесіне қаматты, Итжеккенде тентіретті.

...Мына лагерьдегі тірлігі желінген қайрақтай етіп жұқартып, титығына жетіп барады. Шіркін, еркін өмір! Бостандық аспанында бір сәт болса да самғағаныңа не жетсін. Мәскеуде өзі шығармасын аударған Максим Горький тұрады. Шын сөзі бір жетсе сол кісінің құлағына жетер... Хат жазып, Зылихасын Мәскеуге аттандырды. Бұл жолы ойлағаны іске асты. Хатты ұлы жазушы әйелі Екатерина Пешковаға жолдапты. Сол ізгі жүрек Пешкованың қуынуымен, КСРО Орталық Атқару Комитеті президиумының Мағжан Жұмабаевтың кесілген мерзімін қысқарту туралы қаулысына сәйкес 1936 жылғы маусым айының 2-сі күні лагерьдің темір торынан Мағжан аман-есен босанып шықты-ау, әйтеуір. Сол жылдың қыркүйегінде Қызылжарға Сәбит келді. Жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады, дейді. 1937 жылдың май айы қарсаңында Алматыға да жетті. Айттысып-тарттысып қырғиқабақ болып жүрсе де, бірге оқығандары бар, бір семинарияның төлі емес пе, бірден Сәкен Сейфуллиннің үйіне барды. «Видна была какая-то настроенность и растерянность», – деп жазыпты Мағжан енді бұл жолы Алматы абақтысында 1938 жылы тергеушіге берген жауабында. Сөйтсе кеңес өзінің Қызыл қыранына да ауыз салған екен. Бұл жолы алдымен буржуазияшыл-ұлтшыл саналатын бұны емес, Сәкенді ұстап әкетті...Еркін ауа демесең, Алматыдағы жүріс-тұрысы да итшілеген өмір болды. Қайыр тілеудің аз-ақ алдында жүрді. Ақыры ондаған жылдар қайда барса да қыр соңынан қалмайтын үңірейген мылтық аузы бұл жолы құрбандығының ту желкесіне төнді. Талай жыл кезенген от қару көкке тиген шалғыдай қиып түсірді. Ләм деуге шамасын келтірген жоқ. Бірақ ләм дегенде не демекші? Айтуға тиістісін бұдан он сегіз жыл бұрын, 1920 жылы «Жан сөзі» өлеңінде айтқан.

*Енді бір ай – жиырма жеті жасқа келем,
Отыз, қырық... Қартайм, сөнем, өлем, –*

деген-тін. 1938 жылы наурыз айының 19 жұлдызында айтқаны жазбай келді. Енді үш ай тірі тұрса, қырықтың бесеуіне шығады екен. Өлетін жасын қырықтың іші деп дөп басқанына қайран қаласың. Тек тоталитаризмнің тым құрыса мола бұйыртпайтынына сенбеген тәрізді. Сол жерінен ғана «қателесіпті».

*Болмаса басым да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен?*

Моласының қайда екені күні бүгінге дейін беймәлім. Жорамал айтқан болып ек, мәйітінің қай жерде көмілгені жөнінде. Өттегене, көңіл аударған жан болмады.

* * *

«Атымды аузына да алмас па екен»...

Алғанда қандай... Жоғарыда сөз етілгендей, қай уақытта да Мағжан халық көңілі көзінен кетпеген. Баспа кітаптары арқылы ма, қолжазба түрінде ме, ауызекі жатталу жолымен бе Мағжан өлеңдерінің, тіпті, оның есімін еске алғаны үшін сотқа тартылатын кезде де оқушы, тыңдаушы жұртшылыққа мәлім болмаған кезі жоқ.

Мағжантануға қысқаша сипаттама. Мағжантану ерте туып қалыптасты. Бұл ғылым саласын да үш сатыға бөліп қарауымыз керек. Біріншісі – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ғылыми жүйеленуі. Екінші саты – додаланған, күсталанған жетпіс кеңестік жылда аяусыз сыналуы. Үшіншісі – Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан кейін баспасөз бостандығы жағдайында жаңа бел-белеске көтеріліп, қауырт дамуы.

Мағжантануда алғашқы қадам жасағандар ақын кітабына кіріспе сөз жазып, ел-жұртымен таныстырған қазақ

оқығандары. Бернияз Күлеев, Молдағали Жолдыбаев, Сұлтанбек Қожановтар өздері құрастырған я қарап шыққан Мағжан өлеңдерінің, басқа да жазуларының әдебиетімізде қандай орын алатынын түбегейлі тексермесе де, ақын шығармагерлігі хақында біраз көңілге қонымды пікірлер айтты. Бернияз ақын баспа ісінің үлгі аларлық сұлулығын, бұл саланы жолға қоюдың маңыздылығын сөз етсе, Молдағали Жолдыбаев кәнігі қаламгер ретінде Жұмабаев педагогикасының жаңа уақыт талабына сай, ұлт өмірімен тығыз байланысты жазылғанын атап өтіп, «сорлы қазаққа педагогика кітабы Инжілдей, Мағжан азамат Айса пайғамбардай болды» деп бағалады. Ал, көрнекті мемлекет хәм қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов ақын Мағжанның шығармагерлігі қазақ әдебиетінде үлкен орын алатынын баса айтады. Түрлі-түсті шовинистер тарапынан «қойшылар тілі» деп қорланып келген қазақ тілін Мағжан әлемнің ешбір тілінен кем соқпайтынын өреден көрсете білді. Мағжанның «бай, жатық, таза, өткір, әдемі тілі» – біздің ұлттық игілігіміз, деп жар салды. Ақын жинағының жарыққа шығуына байланысты тұрпайы социологизмнің ұртоқпақ айқайшылары айқай-шу шығарып, саяси күнә тағып, байбалам салатындарын күні бұрын сезгендей, Мағжанның бұл өлеңдерінен «марксизм дүниетануына ұйқаспайтын» жерлер іздеп әуре болмаңыздар деп аз-маз кекетіп, Мағжан ақын поэзиясын оң көзбен бағамдауға шақырды.

Мағжанның үлкен замандастары, ұстаздары жас ақынды дарыны хәм білімділігін қатты бағалауының бір белгісі, оған оқулық жазу секілді үлкен істерді сеніп тапсырып отырған. Жасына қарамай, анық басқан алғашқы адымдарына сүйсініп, биік тұғырдан көріп отырған. Әлихан Бөкейханов 1914 жылы «Қазақ» газетінде шыққан «Мұсылман съезі» деген мақаласында «Анық түрік затты халық тілі қазақта. Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған қазақ» туралы зор мақтанышпен жазады¹. Қазақтың «Бас ақыны» Абай қатары-

¹ «Қазақ» газеті. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 118-б.

нан табылатын ақынның жасы жиырмадан жаңа асқанын ұмытпайық. Ахаң да Мағжанды бағалауда Бөкейхановтан қалыспаған. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабының алғашқы бетерінен-ақ сөз өнерінің биік үлгілерінен мысал келтірілгенде ұлы Абайдан соң Мағжан өлең жолдары өнеге етіледі.

«Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді», – деп Абай айтқандай, нағыз көркем сөз ұсталары Мағжан поэзиясына алғашқы қадамдарында-ақ тәнті болған. Солардың арасынан Мұхтар Әуезовтің ақын творчествосын дүниежүзі әдебиетінің көркем контексті жүйесінде салыстырып, Мағжанның қазақ әдебиетін еуропалық биікке көтерген зор еңбегін тарихи ерлікке балап бағалағаны ешқашан ұмытылмайды. «...Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін»¹ деген сөздерін өз басым осы тұрғыда түсінемін.

Мағжантануда және бір айырықша аталуға тиісті есім бар. Ол атақты жазушы, көркемсөз зергері Жүсіпбек Аймауытов. Жүсекеңнің «Мағжанның ақындығы туралы» еңбегі – Мағжантандың іргетасын қалаған тұңғыш ғылыми жүйелі, сындарлы зерттеу. Әрине, бұдан 80 жылдай бұрын жазылған дүниені әлі де төрт құбыласы тең жаралған дидар шәріп қалпында сынсыз қабылдаймыз десек, бұл аға еңбегіне жеңіл-желпі қарағандыққа шығар еді. Марксизм эстетикасы, Мағжан дүниетанымы, Алаш қозғалысы («Алашорда», алашордашылар қашты, пысты») туралы пікірі мінсіз еді дей алмайсың. Мағжан поэзиясының халықаралық аренаға шығуын оның «ұлтшылдығымен» я «еліктегіштігімен» түсіндіру де жеткіліксіз. Жүсекең еңбегі 1925 жылы жарияланды. Сол себепті Мағжан шығармагерлігінің үшінші, 1924 жылғы және одан былайғы өлеңдері Аймауытовтың аталған зерттеуінде қамтылмаған. Бұл олқылықтар үшін «Мағжанның ақындағы туралы» биік мәнді зерттеудің авторы кінәлі емес. Уақыты солай болды. Негізінен алғанда, Жүсекең зерттеуінде Мағжан ақындығының басты-басты қырлары, асыл қа-

¹ *Бесарыс*. Жалын, 1992. 294-б.

сиеттері толық мән-мағынасында жан-жақты, ғылыми жоғары дәрежеде қорытылған деп білеміз. Мағжан – ұлт ақыны, сыршыл, суретшіл лирик, символист деген Жүсекең анықтамалары, өлеңге жаңа түр енгізгені туралы жүйелі, салықалы пікірлері қазіргі Мағжантанудың іргетас қағидалары есепті.

Бүгінгі әдебиеттану өз зерттеулерінде Мағжанның көзі тірі кезіндегі ғылыми пайымдауларды байыта отырып, ақынға айтылған қатаң сынды да ретіне жарай пайдаланып, дұрыс-бұрыстығына әділ қазы болуға тырысады. Мағжан шығармалары кітапхана ГУЛАГ-ында ондаған жылдары құлыптаулы жатты. Алайда Мағжан сынды ұлы құбылыстарды, күн көзін орамалмен көлегейлей алмайтының сияқты, мүлде жасырып қою қиын, тіпті де мүмкін емес еді. Соңғы 70 жылдан астам бойы Мағжанға қарсы жойқын сын формасында болса да, әйтеуір ақын творчествосы қоғамдық ой-санада ғұмырын ұзарта берді. Кей іліп-қақпа сындарды есептегенде, толымды зерттеу кітаптары да әлсін-әлі бой көрсетіп қалатын. Бұлардың елеулілері – Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» (1932), Әбділда Тәжібаевтың «Өмір және поэзия. Қазақ лирикасының тарихынан», (1962), К.Б.Бейсембиев «Идейно-политические течения в Казахстане конца XIX – начала XX века», (1961) атты кітаптары.

Мағжан Жұмабаев 1988 жылдың аяқ шенінде түпкілікті ақталды. Республиканың аға газеті «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 31 желтоқсан күнгі санында жарияланған «Сағындырған сұлу жыр» деген мақаламен бірге ақын өлеңдері әжептәуір күзеліп, түзеліп басылса да кеңінен жариялана бастады. Сын мен әдебиет ақын өмірі мен шығармагерлігін социалистік реализм принциптерін басшылыққа ала отырып талдауға беттеді. Бірақ жалтағы жоқ толыққанды зерттеулер еліміз тәуелсіздік алып, тоталитарлық жүйе құлап, баспасөз бостандығы күшіне енген кезде жарыққа шыға бастады. Бұл зерттеулер өткен екі кезең әдеби ғылымның жетістік, кемістіктерін ескере оты-

рып, Мағжан туындыларын объективтік негізде, жаңа заман биігінен талдап саралайды.

Мағжан Жұмабаевтың өз туындыларының бірқатарына әлі де іздеу салынуда. Ақынның «Матай би» поэмасы із-түзсіз жоғалып кеткен. Қолды боп кеткендері қаншама. Бұған дейінгі ақын шығармалары жинақтарына енбеген қайсыбір жазу-сызулары енді «Жазушы» баспасының осы қолыңыздағы жинағынан орын алып отыр.

Жинаққа сонымен бірге жаңадан жазылған зерттеулер, басқа да деректер енгізілді.

* * *

Мағжанның поэзия саласындағы, басқа да жанрдағы еңбектері. Ақынның өмірбаяны, туған, өскен тарихи дәуірі, әдеби-рухани ортасы, Мағжантану ғылымы туралы кіріспе сөзге бөлінетін көлемнің ретіне жарай қысқаша нұсқасы берілгеннен кейінгі жерде енді біраз сөз Мағжан өлеңдерінің ішкі жағына, лирика, поэма, проза саласындағы ізденістеріне арналмақ. Ілгеріде ақынның барлық дерлік өлеңіне тақырыптық шолу жасалғандықтан, бұл бөлімнің міндеті ақын шығармаларының идеялық-эстетикалық сапасына көбірек зер салу, өсу жолдарына үңіліп, ерекшеліктерін мүмкін-қадарынша тереңірек қарастыру болады.

«Адам бір орында қатып-семіп тұрып қалмайды. Әсіресе біреудің басынан сөз асырғысы келмейтін мен секілді жандар», депті Мағжан тергеушіге берген бір жауабында.

Мағжан ақын поэзиясы дамуының үш кезеңінің үшеуінде де үнемі өсу, өрлеуден айнымаған. Бір басқан ізін қайтып шиырламаған. Және тақырыптары жаңарып, жаңғыруына байланысты өлеңі алуан әуен, саз, әуезге бөленіп, құбылып, сан өзгеріс тауып отырған. Мағжан өлеңдері көзі жасты, жылауық, боркемік деп көп сыналды. Ондай торығулары, түңілулері расында да аз болмаған. Тіпті жап-жас жігіт кезінде шығарған «Сүйгеніме» атты ғашықтық өлеңін кенет «Сүйген жарым – мейірімді ол қара жер!» деп томыруға аяқтайды. Бірақ сол кездегі қазақтың

«көзі, құлағы һәм тілі» (Ахмет) «Қазақ» газетінің жаз айларындағы санында:

*Міне, Күн! Сәулесі алтын жерді құшты,
Жарыққа қуанысып құстар ұшты.
Ізгі оймен ерік тілеп, жарық тілеп,
Ұшамыз біз де жиып есті, күшті! –*

дейтін де осы жас қайрат, жас пері Мағжан емес пе еді? («Дін үйреткенге»). Немесе сол газетте дәл сол уақытта шыққан «Есімде...тек таң атсын» өлеңін алыңыз. Мұнда ақын жұртының бодандық хал-ахуалына, мүскін жағдайына халқының еті үйреніп бара жатқанына намыстанып, шамданады. Сөйтеді де бұрын мұндай бозөкпе, әрекетсіз емес едің ғой дегендей, елінің ескі ерлік тарихын еске алады. Бұл сәтте өлеңге жігер бітіп, даусы қатайып, аруақ шақырғандай шамырқанады. Жауынгер батырлардың алдаспанын қолға алып, қанатты тұлпар мініп, жетпіс қабат жібекпен белді буып, мұздай темір құрсанып жорыққа аттанған кездерін аңсайды. Аңсаумен қоймай дабыл ұрады.

– Қазағым, тұщы етіңе ащы таяқ өтті. Өзіңе де сол керек! «Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын». Шаққаны жанымызға батса, «жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз» деп қайрайды. Ақын құлағына халық жасағының жорыққа шақырып аттандаған айбатты дабылы дер кезінде шалынған ба дерсің. Аталған қос өлең жарияланған соң бір жыл өтер-өтпес, бүкіл сайын даламызда 1916 жылғы халық көтерілісі бұрқ ете түсті. Отаршыл сұр жыланның шаққаны ақын тілегендей ұлт шымбайына батып-ақ кетіп еді.

Ұлт-азаттығы күрескеріне қажет ерлік, батылдық, өжеттік қасиеттерге Мағжанның символистік мәнерде жазылған өлеңдері тіптен мәрт.

*Қысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бір жүріс.
Күнбатысқа жүрелік
Желкілдеген түйменен,*

*Жер күңіrentкен шуменен
Қаласына кірелік.*

Міне, бұл қазақ поэзиясының тарихындағы жаңа сөз, соны белес-ті.

Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін анық жетік білетін Мағжан ақын туған әдебиетімізді әлемдік әдеби процеске қосқан Абай жолын онан әрі дамытып кеңейте түсті. Жоғарыда келтірілген «Күншығыс» өлеңінен үзінді, «От», «Пайғамбар» т.б. секілді символистік туындылар әдебиетімізді бұрын кезікпеген өзгеше сапаға көтерді.

Символизм әлем әдебиетінде ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында туған ағым. Дүниетанымы түптеп келгенде бейсаналық (бессознательность) теориясы фрейдизмге сүйенеді. Бейсаналық деп нақпа-нақ аудармай, «соқыр сенім» деп тәржімелесе де болар еді. Символистер сананың арғы бетіндегі көзге көрінбейтін тылсымнан шабыт қуатымен, көңіл көзімен, түйсікпен әлдене ақиқатты аңдауға, аңғаруға тырысады. Мысалы, жай көзге күн жерді айналып тұрған секілді. Ал, көңіл көзімен көрген адам жер күнді айналатынын дәл тауып, шындық үстінен түскені мәлім. Символистер де жан сөзін сол көңіл түйсіктері арқылы аңғарып бейнелеуге тырысқан.

Қазақ ақыны бергісі орыс, арғысы француз символистерімен үн қосқанда нақтылы бейне жасаудан тартынып, ой-сезім толқындарын символ, рәміз, таңба, ишарат арқылы жеткізуге талаптанды. Үлкен әлеуметтік-саяси, жер шарының мәні бар оқиғалардың ең әуелі символдық бейнесін тауып барып, олар туралы өлең тиегін сонан соң ағытқан.

Мағжан еліктегеннің жөні солай деп, француз, орыс символистерінің ізімен жорта бермейді. Валерий Брюсов «Грядущие гунны» өлеңінде қыр, жой, қират, кітаптарын өрте, сарай-ғимараттарын ойранда, патша тағының орнына көде өсір дейді. Ал, қазақ ақыны қырып-жою идеясынан мүлде бас тартады. Адамгершілік, мейірімділік туын желкілдетеді. «Күншығыс» өлеңінде Ібіліске ерген есерлерге ерген боп:

*Құл қылайық қаласын,
Құл қылайық баласын, –*

деп бір кетеді де, заматында райдан қайтып, керісінше үн-дейді:

*Жоқ, жоқ ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын... –*

дейді. Қысқасы, қазақ символичесі Мағжан Жұмабаев саясаттан гөрі моральдық ар-инабатқа негізделген идея көк-сейді. Күресуін күресейік, бірақ адам қанын топан суын-дай ағызу жолымен емес дейді.

Дүниеге көзқарасында гуманизм, демократизм сарында-ры күшейе түскен ақын, 1918 жылы Колчак лаңы кезінде «Бостандық» өлеңін жазады. Бұл өлеңде де сол қантөгіссіз күрес идеясы дәріптеледі.

«Бостандық» өлеңінде революция мифологиялық бей-неде суреттелген. Өлеңде түсінбейтіндей бұлдыр ештеңе жоқ. Әуелі қырғын соғыстан астан-кестені шығып, қанды көбігі аспанға шапшып, Інжіл мен Құранды жыртқан, жү-регі қара тас, қанға мас безер дүние бейнесі сазарған түрін-де көз алдында тұра қалады.

Көркемсөз кестесін публицистика тіліне аударсақ, өлең-де 1917 жылғы ақпан революциясынан кейінгі жайлар баян етілген. Қазақ автономиясын мойындаудан бас тартқан Колчакты алашордашылар бүкіл іс-әрекетінен «монархия исі мүңкиді» деп мейлінше жек көрген. Мағжан Ташкент-те шыққан жинағында арнайы сілтеме жасап, бұл өлеңнің «1918 жылы Сібірде реакция дәуірінде жазылғанын» арна-йы ескертетіні осы себептен де болса керек.

Дүниежүзін қанға бөктірген империалистік соғыс то-ластар емес. Саясатшылар соғыс өртін басу орнына лаулата түскен шақ. Міне, осы дағдарыста көк есігі ашылып, ғарыш нұрлы, кәусар жібек сөзді, әдемі алмас қанат Бостандық-тың ақ құсы ұшып келеді. Ол жерге қонғанда адамзат бас

кезде демін ішіне алып, қуана күлісіп құрметпен қарсы алады. Бірақ пейіштен қуылған пенде біраздан соң сәулеге бойы үйреніп, бәз баяғы әніне басады...Өлең ақ қанаты кірлеген Бостандық ізгі періште ғарышқа қайта ұшуға қанатын қомдап тұр деген өкінішті, кеюлі жолмен аяқталады.

Бостандық бейнесі Мағжан ақынның төңірегіндегі «қиқу салған, лепірген»¹, аяғының астындағыдан басқаны көрмейтін даңғой өлеңшілерден көш артық екенін бірден байқатты. Қызыл транспаранттарға көсілте жазылған сан «жасасындар» мен «жойылсындарды» поэзияға зорлап енгізушілерден өзгеше, бұл шайыр адамзат болмысынан сұлу мінез табады. Бостандық таңы қан төгусіз атсын! – дейді. Сөйтіп қазақ символісі тап қырқысының қан төгу саясатынан бас тартатын моралы басым принцип ұстанады. Саяси қуғын-сүргін, алыс-жұлыс идеясына кіршіксіз таза, ар-инабатқа берік ақжарқын, өміршең идеяны қарама-қарсы қояды.

Мейірімді Иені ұмытпа. Зорлық-зомбылық, өтірік айту, арсыздық атаулыға жол жоқ.Тарсыл-гүрсіл, қанды атыс, мундир киген хайуандық – бостандыққа қастандық дейді.

Бостандық құсы ақын өлеңінде қанатын қомдап қайта көкке ұшуға беттейді. Өйткені бостандыққа қастандық жасаушылар ауыздықталмады. Өлең осы қасіретті жайларды суреттеумен аяқталады.

Нақтылы өмірде ақын ескертуі жайына қалды. Ел аспанын қанқұйлы тоталитаризм қара бұлты торлап алған жерде Мағжанның Бостандық құсына орын жоқ еді. «Бостандық» авторының өзі де сол жүгенсіз жауыздықтың, арсыз арамдықтың құрбаны болды.

Реті келген соң айтпасқа болмайды. Бостандық құсының қанатын қомдаған бойда Ресейді талай жылға тастап ұшып кеткенін баршамыз білеміз. Айтайық деп отырғанымыз, Мағжан өлеңінің көрегендігінің дәлелі бір бұл мысалмен шектелмейтіндігі. Өмірдің өзі, еліміздің тарихы өлең құдыреттілігін жаңа күшпен дәлелдеп беріп отыр. «Бостандық» өлеңінің идеясы жүзеге асып, ақын көкसेген әділ-

¹ «Жолдасқа» өлеңінен.

дік салтанат құрды. Қазақ елі Тәңірінің шарапатымен Бостандыққа қол жеткізді. Және Мағжан алғаған жолмен, *қан төгусіз күрес* арқылы қол жеткізді. Тек ұзағынан сүйіндірсін де. Бостандық құсының алмас қанатына тағы да кір шалдырып алмасақ болды.

Мағжан символистік поэзиясының құбылмалы ауа райы ақынның басқа өлеңдерінен де байқалады. Өр өмір мен өкінішті өлім күйлері астасып, алмасып отырады. Тірлікте қуаныш пен қайғы қатар жүреді. Өмір заңы солай.

Мағжан өлеңінің тереңіне бойламай, айтылған сөздің сыртын ұстап ішіне бойламау адамды киінген киіміне қарай бағалаумен бірдей. Бальмонттың «Убаюкивай меня, смерть», Мағжанның «Мені де, өлім, әлдиле» деген өлеңдерін мәніне қонақ бермей тонына бола «өліп бара жатқан капитализммен бірге өлу белгісін іздеу» деп жазғырушылық орын тепті. Өлеңге саяси сырға тағудың сөкеттігі осыдан да байқалмай ма? Қазір елімізде капитализм тіріліп кетті де, социализм жан тапсырды. Енді Мағжанның «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңін қалай бағалауға тиістіміз? Социализммен «бірге өлу белгісін іздеу» деуіміз керек пе?

Ақын үшін ең ауыр жаза – өлеңін құлаққа естілген күйінде қабылдай салу. Дәмін алмай, қылғыта беру. «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңілінің көзі ашық сергек үшін» деп Абай не себепті айтқаны да көп жыл ескерілмеді. Ескерілмеді де, Мағжан өлеңдерін «өмірден безу» деп шықтық. Ақынды ұқпағаннан, не ұққымыз келмегендіктен сөйттік. Әйтпесе інісіндей жақсы көретін жас ақын Бернияз Күлеев өзін-өзі атып өлтіргенде, Мағжан былай деп бармағын тістелеп күйінер ме еді:

*Өмір, өлім – мәңгі аңдысқан екі жау,
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.
Сол жыр таппай, садақ тартпай сабыр ғып,
Қан майданда күңіренсең еді, сор бала-ау!*

Жыласаң жыла, күңіренсең күңірен, бірақ өмірден неге безіндің, соншалық ауыр күнәға қалай баттың? – деп отыр-

ған жоқ па Мағжан. Мағжан өзінің неге күңіреніп, жабырқай беретінін жасырмайды. «Ұлы ойлар кеп басыма» деп түсіндіреді. Өмір мен өлім, от пен мұз, күн мен түн – мәңгі аңдысқан жаулар. Оларды бауыр қылар бір ғана күш – жыр деп білген Мағжан, сол жырдың қалай өрнектелуін ойлайды.

Ендеше, ақын «Мені де, өлім, әлдиле» деп өлең жазғанын, сұлаған қайыңнан, қан майданда құлаған ұланнан, періште қалпында көзін ашар-ашпас қайта жұмған нәрестеден, бір сүйеге құмартып, құмарынан шыққан соң өліп кеткен ғашықтан артықпын ба, «мен де тезірек өлейін» деуін қалай пайымдауға керек?

Мен өз басым, бұл жерде молаға қарай екі өкпесін қолына алып жүгіріп бара жатқан лирикалық геройды көріп тұрғаным жоқ. Бұл жердегі күңіреніс – шынында да үлкен ойлардан, толғаныстардан. Өмірге арзан көзқарасқа қарсы наразылық. Мағжан «Мені де, өлім, әлдиле» әуезін өмір күйсандығынан төгілтіп отыр.

«Өмір дегенің алданыш болса өлгенің жақсы».

Бұндай сөз Мағжанның аузынан ғана шығатын сөз десеңіз кателесесіз. «Өлгенің жақсы» деуші бұл жолы жаны күйрек, уайымшыл ақын Мағжан емес. Емен-жарқын оптимист, өмірді жан-тәнімен сүйіп өткен Ғабең (Ғабит Мүсірепов). Басына келген ұлы ойларын бейнелі жеткізу үшін тапқан тәсілі.

Символистер поэзияның тың кенішін қазды. Қазған жерлерінен нелер асыл тапты. Сол асылдың ең құдіреттісі тағы да сол – сөз өнері екен.

*Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр!*

«Шолпы» өлеңін оқығанда, «маңайыңның бәрі сылдырап кеткендей боласың. Мағжанның өлеңі дыбысымен,

күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді», – деп жазады Жүсіпбек Аймауытов¹. Өмірге асықтығыңды құстың сызылта салған әнін жырлаумен жеткізуге болады. («Ағаштың бұтағына қонып алып, сайрайды осынау әнді қараторғай»). Ал, бірақ әнге қоспай, құстың сайрауын, жапырақтың сыбдырын, жаңағы шолпы сылдыры сияқты, өлең сөздері мен буындарын бір-біріне соғыстырып, қоңыраулата аласыз ба? Бұл ақынның ақынының қолынан ғана келетін өнер. Мағжан, Мағжаннан соң Мұхтар Әуезов сұлудың бұрымына шолпы тағып, соның сыңғырын құлағында ойнату арқылы айдай аруды бір көруге құмар етеді.

Мағжанның махаббат лирикасы сезім тасқынының нағыз өткел бермес, арқыраған асау арнасына құлаш ұрады. Жүрек дірілін, кан қайнауын, ес кетуін бар сезімнің июін өлеңмен бебеулетеді. Жан дүниесінің нелер құпия, тылсымына тіл бітіретін сиқырлы қуатымен ерекшеленеді.

*Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.*

Уланған адам өледі. Адам өміріне қауіпті болғандықтан у үрей сезімін туғызып жиіркентеді. Ал, Мағжанның сиқырлы қаламының ұшында у, керісінше, сұлулық әлемінен табылып, ләззатқа бөлейді. Күнделікті қарапайым сөздер («жылы», тәтті», «у») ақын жүрегінің қияли көрігінде ғажайып құйма боп құйылып, адамның тіл жеткісіз ең бір рахат сәтін соншалық іңкәр сезіммен сөйлетеді.

* * *

Поэма құзына өрлеу. Алғашқы баспа жүзін көрген «Жатыр...» өлеңінің Мағжандікі екенін білмесең, мазмұнына, мәселенің қойылысына қарап авторын өрімдей жас боздақ

¹ Жұмабаев М. Шығармалар, 2-3 том. 1996. 384-б.

емес, тіс қақты, мосқал тартқан жасамыс кісі екен деп қалуың. Өйткені өлең бірден ұлт аспанына самғап шығып, барша қазақ қауымының жоғын жоқтап, мұңын мұндайды. Оның «мені» өзгеше сипат алады. Күллі қазақ «меніне» айналғандай әсер береді. Сол себепті исі қазақ үстінен қарағандай боп, «басқа жұрт от жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп» жатқанда сен неғып көш артында салпақтап тезек теріп жүрсің? – деп киіз туырлықты жұртын түгел кінәласа, онысының дұрыс-бұрыстығын айыру кәперіңе келмейді де.

Мағжан поэзиясының «мені» әлеуметтік тәжірибеге өстіп ерте молығып, поэма секілді эпикалық өрісті жанрға кібіртіктемей, қиналмай қол артты. Сәбең сөзімен айтқанда, Мағжан қазақ әдебиетінде поэмалар жазудың желісін қаққан адамның біреуі болды¹. «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке», «Тоқсанның тобы», т.б. поэмалары адам тағдыры мен ел тағдырын шебер қиюластырған шығармалар.

Поэмаларының ішіндегі ең шоқтығы биігі – «Батыр Баян». Құрылымы, сарыны өте-мөте күрделі туынды. Ұзын өзен, шалқыған дариядай поэманың бас алатын бұлағы өжет саяси лирика. Уақытына айтатын сыны тым уытты. «Сұм өмір» (бүгінгі тілмен айтқанда – тоталитаризм заманы) – саналыға «Абақты», «Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі» деп бірден ширығып түнереді. Кеңес заманына алғаш айтылған ащы да болса әділ, дәлшіл сын...

Әрі қарай баяғының «әдемі ертегісі» басталады. Басталуы да баяғыша. Дауыс ырғағын қазақтың жыр-дастандары әуеніне салады.

*Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,
Ту баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай,
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай... –*

¹ Мұқанұлы С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. 383-б.

деп көсілте жөнелгенінде оқып емес, «естіп» отырғанын көне даламыздың айыр көмей, жез таңдай жырауларының бірі ме еді деп қаласын.

Ескі қазақы қас жыраулық әуен, бірақ, негізгі әңгімеге көшкенде толастайды. Негізгі әңгіме бұрын қазақ әдебиетінде атымен жоқ психологиялық терең талдауларға беттейді. Не қилы сезім сергелдендерін саралайды. Махаббат пен борыш, жеке мүдде мен ел мүддесі үйлеспей, керіқалаң, екіұдай сезім бір-бірімен жұлысып айқаса кетеді. Ақыры айқас трагедиямен тынады. Батыр Баянның інісі Ноян мен оның ғашығы қалмақ қызы Толқыншашты өлтіруі былай қарағанда әділ жаза. Өйткені Ноян жау қызының азғырындысына көніп, елін тастап, қалмаққа өтіп кетпекші болып қашады. Отанына опасыздық жасайды. Бірақ бұл түйінге де түпкілікті тоқтай алмайсың. Поэма толғаныстарында шиі байланған психологиялық шешімі қиын сарын бар. Ол – істің пендешілік жағы. Батыр Баянның өзі де қалмақ қызына ғашық. Інісі Ноянды жайратып салуы одан кек алумен бәс. Ал, туған ініден кек алу жөні бар, қисынында мін жоқ іс деуге келмейді. Ағалық сезім дегенің бар. Бауыры құрғырды өлімге қимайды. Осының бәрі жиналып қосылып қордалана келе, Батыр Баянның ішінде өрт сезім лаулатады. Ақыры бас кейіпкер қайғының салмағынан жаншылып, шыдамы бітіп, ажалына қарсы шабады. Бұл тұсқа дейінгі драмалық тартыс реализм негізінде өріс алады. Поэманың тағы бір ерекшелігі – аяқталар шенінде реализмі романтикалық реңк алады. Кейіпкер құдды бұ дүниенің адамы еместей, қалың тұман ойларға шомады. Жау қолынан өлді десе де, жаны романтика тұманына сіңіп кетеді.

Поэмада жан дилектикасы суретшілік өнермен жұптасады. «Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып, Асығып екі жастың қанын ішті» деп өрнектейді. Мағжан қаламының ұшында қазақ табиғаты қалай жанданып жайнап сала береді.

*Көкшені күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан
Алдыңда бұйра жалды бөлек тау тұр,*

*Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.*

Бір сөзбен – сұлулыққа іңкәрлік дейміз. Ал сол сұлулық өзге бір мағынасы нәзіктіліктен ауылы шалғайлау эстетикалық категориямен жалғасса ше. Ерлік, қаһармандықпен ұласып, дала дастандарының бұл өлкеде туындайтындығы табиғи нәрсе екенін нақтылы бейне арқылы көрсетсе ше... «Оқжетпес қиясында» суреттелетін тәкаппар қияларға өрмелеп көріңіз. Сонда көңіліңіз Мағжан ақын жырындай таситын, Мағжанша әндететініңіз кәміл.

*Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.*

.....
*Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді.*

Мұндай бірінен-бірі асып төгіліп жатқан суреттерді түйдек-түйдегімен тастайтын ақынға Жүсіпбек Аймауытовтың сүйінетіндігі сонша, туған әдебиетіміздің бәйге бермес сөз тұлпары сол Жүсекеңнің өзі де кей-кейде «Па, сабазың-ай!» – деуден асырып ештеңе айта алмай қалады.

«Батыр Баянды» Мағжан «ең ұлтшыл поэмам» деген. Оған қосып айтарымыз: ақынның басқа шығармаларының да алтын арқауы сол – ұлттық өмір проблемалары, қазағының елдігі, бірлігі, ұлттық идея.

Кеңес заманында ақын дүниетанымына елеулі өзгеріс енгені жоғарыда айтылды. Ең үлкен өзгерісі – «Тоқсанның тобы» поэмасында тоқсанның жағындамын, қалың бұқараның тілекшісімін дегені. Есесіне – ұлтына деген көзқарасына иненің жасуындай өзгеріс кірген жоқ.

– «Азаттық жсалау кімдікі?»
– «Көре алмаса кім теңдік,
Тепкі көрсе кім кемдік,

*Азаттық жалау соныкі, –
Ендеше, қазақ, сенікі!».*

Үзінді «Қызыл жалау» өлеңінен алынып отыр. Мағжан өзгерісі кеңес жалауын азаттық байраққа балайды. Енді «тапсыз бүтін бір елмін» («Жолдасқа» өлеңі) деп турасын айтудан тайқақтаса да, сонда да, астын сызып айтайық, «қазағым», «ұлтым» деген сөздерді жүрегінің төрінде сақтайды. Қызыл жалау тепкі, кемдік көргеннің жалауы болса, қазақтың бәр-бәрі сорлаған. Ендеше, кедейің бе, орташаң, байың, оқығаның ба, – *барша* қазақ, Қызыл жалау сенікі.

Мағжан «Қызыл жалау» тігілген кезеңдегі жаңалық атаулыға қатты көңіл бөлді. Қазағы пайдаға асар соны өріске шыға қалғанында шын жүректен қуанды. «Жердің жұмырлығы», «Алатау», «Оқудағы қарындас» сол қуаныштарының айғағы. Соңғы аталған туынды өлеңмен жазылған суреттеме іспетті. Кеше ғана амандасқанда «шүкірлік» деген жалғыз ауыз сөздің өзін айта алмай қорғалақтап, «үшш-ш» деп тұтығатын ұялшақ қара қыз енді бір кез қараса кеңес жиналысының мінберіне көтеріліп, бір қауым жұрт алдында баяндама көсілтіп тұр. Өлең жолдарының айтылу мәнеріне қарағанда, ақын жүрегі бұл өзгеріске жерден жеті қоян тапқандай мәз болған, шаттанған.

Мағжан, дегенмен, кеңес тұсындағы өзгерістерді тек жаңа болса болды деп алды-артына қарамай, төпеп мақтай бермеген. Көп-көп жаңалықтарын місе тұтпай назырқанған. Ишаратпен айтқан да, туралап тіке кеткен де елеулі сындары болған. Солардың екеуін бөліп айтқымыз келеді.

Біріншісі – «Жүсіп хан» ертегісі. Әзірбайжан жазушы-ағартушысы Мирза Фатали Ахундовтың бір хикаясының сюжетін пайдалана отырып, қазақ ақыны кеңес тұсындағы жүрек мұздататын, төбе шашынды тік тұрғызатын аса сұмдық жайлардың өріс алып бара жатқанын ишарамен көрсеткен. Ол кездердің орысшадан аударылған еңбектерінде Иосиф Виссарионович Сталин дегенді Жүсіп Бисарұлы Болатов деп алған кездері де болған. Поэма жазуды ойлағанда автор осы ұқсастықты пайдаланып,

жадында сақталған бір күмәнін эзоп тілінде сыртқа шығарғысы келген тәрізді.

...Ерші Жүсіп аяқ астынан әлденеше күн хан тағына отырғанда құзырындағы халқын қанға бояйды.

*Сыпырғандай тезекті
Өңшең залым кезептен
Еңбекші елді аршыды...*

Осы секілді жолдарды оқығаныңда: басқарған жылдары ел қанын суша ағызған генсек Иосиф пен ерші Жүсіптің жазаланған кісілердің өлігін тезекше сыпыруларының арасында бір байланыс бар-ау деген ой басыңнан шықпай орнығып алатыны рас... Бұған қарап біз Сталин культін сынауды да бастап берген осы бір қазақ ойшылы-ау деп топшылаймыз.

Екінші сын – экологияға қатысты. «Шойын жол» өлеңін кезінде Н.И. Бухарин сынаған. Мағжанды прогресті түсінбейтін жан етіп көрсетуге тырысқан. Бұл жерде Бухарин Мағжан ойын көрінеу бұрмалаған. Қазақ ақыны шойын жол даламызға қызығын ғана емес, бұзығын да тиіп әкелетінін нақты суреттермен көрсете білген.

Қазақ ақыны урбанизм желігінен ат-тонын ала қашты. Қала біліммен қаруландыратынын, қала өнерін үйренбеген адам жарты адам есепті екендігін Мағжан түсінбеді емес. Бірақ қаланың пайдасын ғана көріп, зиянын көрмеу нағыз көрсоқырлық деген қорытындыға келген. Қаланың дем алысы – от-түтін. «Сасық иіс ауыр тым». Жүрегі айныған лирикалық кейіпкер қаладан қашады. Сар даласын сағынып, қаладан шыққанша асығады. («Айда атыңды, Сәрсембай»).

Ақын көрегендігіне бүгіндер қайран қаласың. Өлең жолдары қазіргі экологтар сөздерін мұқият көшіріп алғандай әсер етеді. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары экология мәселесін биік адами деңгейге көтерген жазушы Кеңес Одағы тұрсын, әлемде де кемде-кем болғанын ескерсек, Мағжанның ақындық алғырлығына бас имеске амалың жоқ.

Әлем, адамзат және ұлт ақыны. Жер шары денсаулығы, жалпы халықаралық тақырыпты қозғау, Күншығыс, Күнбатыс арасы, ұлт һәм адамзат мәселелері Мағжанды жиырмасыншы жылдардың босағасын аттар-атамас «Жан сөзін» тебірене жазғаннан бертін тіптен қатты ойландырғаны байқалады. Отыз әлде қырық...Одан әрі жер басып жүруі неғайбыл екенін сезгендей болғанда өмірінің соңғы шағының үлкен қорытындысы – өзі ақын деп қана емес, одан да зор хақим деп тағылым ететін Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген ойынан өрбіткені. Досы да, қасы да: Мағжан Жұмабаев – «ұлтшыл» деп бірі мақтап, бірі даттап айтқандарына жауабы да еді. Ол жауабын «Педагогика» атты еңбегінде көсемсөз әлпетінде былайша тұжырымдаған. «Өз елін сүю дегеннен адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр боп тисін деген сөз шықпайды...Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін», – деп қазақтың жазушысы Міржақып Дулатовты үлгі етеді де, іле: «Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті», – деп гуманистік зор мәнді қорытынды жасайды.

Мағжанның ұлтжандылығын, қала берді түрікшілдігін де біз осы арнада, «жер жүзіндегі адамды, адам сүймек»¹ деген ұлы мағынада түсінуіміз керек.

Ақын жүрегіндегіні жазады, жанынан бөгде ештеңе ойлап таппайды. Мағжан түрікке «алыстағы бауырым» деп үзілсе, ол қырлары басқа елдің түрік еліне қасқырша тигеніне наразылықтан туындаған.

Түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында сонау медресе «Ғалияда» оқып жүргенінде басталған. «Шолпан» жинағына 1912 жыл шамасында енгізілген «Орал тауы» өлеңіне қарағанда, бұған шәк келтіре алмайсың. Бұдан кейінгі уақытта бұл тақырып сан жағынан да, сапа жағынан да дами түскен. Олар – «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзіне», «Қа-

¹ Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 1992. 136–137-бб.

зақ тілі», «Тез барам!», «Түркістан», «Тұранның бір бауында», «Орал» өлеңдері.

Мағжан поэзиясында түрік өлеңдерінің өрістеуіне әлденеше себептер бар. Ең бастысы, отаршылыққа қарсылық, дүниежүзіндегі ұлт-азаттығы қозғалысының күрескерлерімен бірлесу, тізе қосу. Қазақ сол ынтымақ-бірлікті ту етіп ұстаса, ежелгі туыстығын бекіте түссе деген ақын тілегі «Түркістан» өлеңінде мақтаныш пен масатқа толы.

*Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от боп жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда.
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?*

Бүгін біз Мағжан түрікшілдігін мақтан тұтқанда оның мән-мағынасын кеңірек пайымдаймыз. Әдебиетімізде ол тұңғыш рет жеке-дара көтерген түрік тақырыбының халықаралық маңызы зор дейміз. Бір кезде түрік ағайындарымызға ақын: «Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта, Қайғыдан қан жұтамыз...» десе, қазір, шүкіршілік, жағдай күрт өзгерді. Қуанышымыз қойнымызға сыймайды десек, шындықтың үстінен шыққанымыз. Ендігі арман – о жақтағы, бұ жақтағы қуанышымыз ұзағынан болғай деп тілейсің.

Мағжан Күншығыс пен Күнбатысты шендестіргенде, түрік халықтарымен ағайыншылық іздегенде бір ғана мақсат көздеген Ол – жаһанды жаңарту, адамзаттың пейілін жаңалау, көгерту, кеңейту мақсаты. Бұған ақынның «Жер жүзін топан басса екен» дейтін және бір өлеңі куә. Мағжан «Шығыс», «Батыс» деп жіктемей, екеуін атыстырмай қоса ойлайды, адами биік ниет көздейді. Топан суы жер жүзіне қаптап, улы көбігін шашып, жанды, жансыз жоқ болып, бір өзім тірі қалсам не істер едім дегенде, ойлайтыны тек – ізгілік. «Заулап тұрған отымнан, Жаратар ем жаңа адам», – дейді.

Жаңа адам – Мағжан жобасында қала-даланы гүл қылатын адам. Өзін, ұлтын ғана ойлап қоймайтын, күллі адамзат мүддесін көздейтін жан.

31 шілде, 2002 жыл

ҚАЗАҚ САЯСИ ЛИРИКАСЫНЫҢ АТАСЫ

Қадірменді зиялы қауым!

Қазақ халқының сан ғасырлық шалқар тарихында, рухани өмірінің сырлы-қырлы, өнегелі мектебінде Махамбет ақынның жауынгерлік өр тұлғасы, дауылды, нөсер жауындағы жасындай ғажайып поэзиясы айырықша жарқырап көрінеді.

Мен бұл сөзімде осы ғажайып құбылыстың бір ғана қырына мәртебелі Пленум назарын аударсам ба деп едім. Сөйлемек тақырыбым: «Қазақ саяси лирикасының жерге түспес жебесі» деп аталады. Мына бір жолдар кімдікі екенін қара танитын қазақтың қайсысы да жазбай таниды:

Мен – мен едім, мен едім!

Мен Нарында жүргенде

Еңіреген ер едім.

Ерегіскен дұшпанға

Қызыл сырлы жебе едім.

Сірә, «Махамбет жебесі» атты романның авторы аяулы Әнуар Әлімжанов та өз шығармасының тақырыбын белгілегенде ақынның осы жолдарын еске алған болуға керек.

Бүгінгі күндер Махамбет қазақ поэзиясының «жерге түспес жебесі» деп аталса, оның өз себептері бар.

Қазақ әдебиеті тарихында саяси лирика Махамбет творчествосынан басталатыны мәлім. Саяси лирика болатыны, бұл ақын поэзиясында тұңғыш рет қазақ қауымының әлеуметтік портреті жасалды. Социалистік реализм әдебиеті ғылымында Махамбет «халықты қанаушыларға қарсы алғаш рет қарулы шаруалар көтерілісіне шақырған ақын» деп таптық көзқарас тұрғысынан бағаланды. Қазір қазақ әдебиетінің тарихы жаңа заман бигінен қайта қаралуда. Сөз жоқ, махамбеттану ғылымында да басын ашып алатын, ғылыми дұрыс бағамдалуы тиіс мәселелер жеткілікті.

Енді бақсақ, «Жайық үшін жандастық, Еділ үшін егестік, Қиғаш үшін қырылды» дейтін әңгіменің төркіні тек

хан мен ақынның мінездерінің жараспай кереғар келгенінде, олардың арасына от жағып жанжалды ушықтырушыларда ғана емес екен. Шаруалар көтерілісі деп жүргеніміз ұлттық көтеріліс екен.

Бір хан болған, ол – Жәңгір, 1835–1836 жылдардағы Исатай–Махамбет бастаған халық көтерілісін басып түншықтырады. Бұл ханды Махамбет ақын:

*Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын! –*

деп қарғайды.

Екінші бір хан болған, ол – Кенесары хан, Исатай–Махамбет көтерілісі жеңілгеннен соң бір жыл өтер-өтпес, 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысын бастаған. Бұл ханды Мағжан ақын:

*Алашта талай-талай ерлер өткен,
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен? –*

деп жалғайды.

Осының түп себебі неде? Оның бас себебін Махамбеттің өршіл, өжет жырларынан табамыз. Махамбет: «Абайламай айрылдым, Ар жақтағы елімнен – Анау Нарын деген жерімнен», –деп ашынады. Бұл – Махамбет поэзиясының лейтмотиві. Ұран-сарыны. Публицистика тіліне аударсақ, Махамбеттің толғай да толғай тартқан қызыл жебесі қазақ жерін талапайға салған жауыздыққа, ашқарақ залымдыққа оқталған. Патшалық Ресейдің 1822 жылы қабылдаған «Сібір қырғыздары туралы Уставы» «Бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдықтың классикалық формуласын ойдағыдай жүзеге асырып, қазақ халқын екіге жарды. Өзін бұрын да «ақсүйек» санайтын Шыңғысхан тұқымына Устав тармақтарында төтенше өкілеттілік берілді. Бұдан былай ақсүйек сұлтандар мен төрелер ғана қазақ ру-тайпаларын басқарады деген заң қабылданды.

Жәңгір, өзге қазақты, ішінде байлары да, Исатай мен Махамбеттей старшыны барларды да «қарашаға» санап, қолындағы әкімшілік, сот және заңгерлік билігін пайдаланып, өзіне ең шұрайлы деген жерден 400 мың десятина, қайын атасы Қарауылқожаға 700 мың десятина жер кесіп берді, онымен қоймай Астрахань қаласының ірі помещиктері Юсупов пен Безбородкоға Атырау жағасынан 324 мың десятина жер бөлді. Қазақ жерден жұрдай болғаны сонша, Еділ мен Жайыққа атын суару құқынан айырылды, күйзелген қазақтар күнкөріс үшін тіпті балаларын сатуға дейін барды. Хан Жәңгір осыны көрмеді, білмеді деуге бола ма? Көре, біле тұра істеді. Көтеріліс бұрқ еткенде де «бұл қалай болды?» демеді. Қазақ елімен тіл табысудың орнына, Махамбет өлеңінде қапаланатындай, «Патшаға хабар салдырып, Патшадан солдат алдырып» қазақ даласын қан жоса етті. Хан ақсүйектен өзге қазақты істерге айласы кем көжек санады. Сондықтан да ғой Махамбеттің дырау қамшы тілі Жәңгірді «қара шұбар жылансың» деп осып-осып өтетіні.

Орыс, араб, парсы, татар тілдеріне жетік, тіпті жұбайы Фатима ханыммен неміс тілінде сөйлесетін, еуропалық білімді Жәңгір патшалық Уставтың, халықты қан жылатқан заңның қазақ мемлекеттілігін жоюға бағытталғанына мән бермеді. Мұны ондай білімі жоқ болса да, хан Кене жете түсінді. Ол хандықты яки қазақ мемлекеттілігін қайта қалыбына келтірмекке, ата-баба жерін халқына қайтарып бермекке жанын салды, Махамбетше айтсақ, «дулығалы басын» берді.

Міне, Махамбет пен Мағжан жырларындағы айырма осындай тарихи керіқалаң жағдайларға байланысты туындады.

Сөзімді аяқтай келе айтарым: Махамбет жебесі адырнасынан ажырап атылғаннан бері қазақ қаншама уақыт өмір кешсе, соншама уақыт жерге түспеген. Махамбет замандасы Шернияз ақын « Исатай ел еркесі, ел серкесі» десе, жерлес қарындасы Алмажан ақын «Жетім қыз» поэмасында, бұдан соңғы бар ақын, жырауларымыз Абай, Мағжандар бас болып, жерге тоймайтын жеміт көздерге жыр жебесін

қарша боратты. Жер үшін Исатай–Махамбет «ауыр әскер қол ертсе», әдебиетіміз уақыт оза Қазақ жері үшін ауыр жанр романын да сапқа тұрғызды. Кешегі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан бастап, бүгінгі тарихи романдардан бұл тақырыпқа айналып соқпағаны кемде-кем. Тәуелсіздіктің он жылында жарық көрген Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз», Қалмұқан Исабаевтың «Серт», «Шоң би», Софы Сматаевтың «Жарылғап батыр», Кәдірбек Сегізбаевтың «Беласқан» романдары әлі де «Жер ашуы жан ашуы» деумен келеді. Махамбеттің елім, жерім деп жырлаған саяси лирика жебесі жерге түскен жоқ дейтін себебіміз, сол жырдың тәуелсіз Қазақстанымызда да бітпегені былай тұрсын, тіпті жаныға түскенінен де болар...

. 29 мамыр, 2003 жыл.

АЛЫС ТА ЖАҚЫН МАХАМБЕТ

Мәскеудің Домодедово әуежайына қарай шыға беріс аузындағы зәулім үй әлі күнге көз алдымда тұр. Осы үйдің жертөлесінде бір ғажайып лаборатория бар-тын. Лаборатория меңгерушісі антрополог-скульптор, тарих ғылымдарының докторы Михаил Михайлович Герасимов өлген адамның бас сүйегіне қарап отырып оның тірі кезіндегі бет-әлпетін қалпына келтіреді, сонау палеолит заманынан бері қарай біздің заманымызға дейінгі жер шаршысындағы адамдардың, ірі тарихи тұлғалардың, атап айтқанда, Иван Грозныйдың, Шиллердің, Әмір Темір мен Ұлықбектің т.б. мүсіндерін жасапты деп сол кездегі газеттер ұлардай шулаған соң білмекке құмарлық жетектеп келгенбіз. Баяғыда әжем жарықтық айтушы еді: Мүңкір, Нәңкір дегендер болады. Көрге түскен өлікті бірі гүрзімен салып қалып тарыдай шашып жіберсе, екіншісі сілтегенде денені бұрынғы қалпына келтіре қояды деп. Мынау ақ шашты, төртпақтау келген, алпыстың ішін еркін аралап кеткен сары шал Михаил Герасимов бізге періште болмаса да, бұл дүниенің

адамы емес көрінді. Сиқыршылардың фокусына таң-тамаша қаламыз ғой, ал Герасимов қасында біз көріп жүрген сиқыршылар жіп есе алмайды...

Герасимов қойған шартын орындатып, рентген сәулесімен басымыздың ішкі құрылысын түсіртіп алған соң ал кеп есті дерсің. Түсінгенім: еті қашып жалаңаштанған сүйекті қайта қалыбына келтіру ісі табиғат заңына яки ғылыми негізге сүйенеді. Жалпы адамның бет-әлпеті сүйегіне қарай бітеді. Жақ сүйек бітімі бойынша бетің не көнектей боп жалпаяды, не қушияды. Маңдай мен иекке дейінгі аралық ұзарып бет-әлпетің сопақ болса, ат бастысың. Шот маңдайлының терісі жұқалау... Мұрныңның ұзын-қысқалығы кеңсірік жалғасатын тұқыл сүйектің ерекшелігіне байланысты. Тұқылдың орта шені ер-тоқымның алдыңғы қасы мен артқы қасы арасындай ойыңқы бітсе, иесі пұшық аталары сөзсіз. Былайғы көзге симметриялы көрінетін бастың шын мәнінде екі бөлегі екі түрлі. Бір жағың әкеңе, екінші жағың шешенге ұқсайды, дейді. Біз сене қоймаған соң кітапқа басылған өзінің және ата-анасының суреттерін көрсетті. Әкесі мен шешесінің ортасынан қақ бөлінген оң және сол шекелерінің суреттерін оңын оңына, солын солына біріктіргенде, перзенті Михаилдің түр-тұрпаты бірі әкесінен, екіншісі шешесінен айнымай шыға келген!

Іштің ажары бірде бет-әлпетіңнен хабар береді, бірде өйтпейді. Иван Грозныйдың бюсті шашсыз, сақалсыз қалпы қойылыпты, соның өзінде бет мүшелерінің тым кесектігі, қолағаштай мұрны, қалың дүрдиген ерні, жауар бұлттай түнерген қабағы, томпақ зәр шашқан көздері бұндай ұсқындының қолына түспеу керектігін аңғартқандай. Одан қайта Ақсақ Темірдің беті көруге жылылау ма деп қалдым. Құдды ашаң жүзді, қысыңқылау көзді, жұқалтаң қазақ шалы ма дерсің...

Осының бәрі еске түсетіні қозғалып отырған тақырыпқа тікелей қатысты болғандығынан.

1974 жылы Махамбеттің туғанына 170 жыл тойы тойланды. Оған әзірлік күні ертерек басталды. «Шабан үйрек бұрын ұшады» дегендей, кітап жазудың, басылуының оңайға

түспейтінін білетін баспагерлер маңызды мерейтойларға алдын ала, үш-төрт жыл бұрын даярланатын. Махамбет тойы қарсаңында қазақ антрополог-скульпторы Ноэль Шаяхметов ұстазы Михаил Герасимовтың әдісін қолданып, Махамбеттің алғаш бюст мүсінін жасаған болатын. Ұстазына қалтқысыз сенген мен, шәкіртіне қалайша сенімсіздік білдірейін. Ноэль кұйған Махамбет мүсіні бірден иландырды. Бұған дейінгі салынған суреттен Махамбет басында үкілі дулыға, торлы сауыты үстіне желбегей шапан жамылған қара мұрт шоқша сақал көркем ақын жігіт боп көрінетін. Талантты жас график Мақұм Қисамединов бұл сұлулықтан өзгеше бір сұлулық тапты. Ноэль мүсінін графика тіліне аудара отырып, жауынгер ақын бейнесін мүлде басқаша нәштеді. Ақын Берқайыр Аманшиннің қатысуымен әзірленіп жатқан мерекелік басылымда осы үлкен жетістік пайдаланылды. Мақұм Қисамединовке кітапты көркемдеу ісі тапсырылды. 1974 жыл «Жазушы» баспасынан шыққан кітапта ақынның бұрынғы көрген жорамал суретке еш ұқсамайтын, жауынгер ақын осындай болса керек дегізетін бейне суреті басылып шықты. Мақұм ерледі. Ақындық жойқын тегеуірінді шабыт пен қайтпас, қайсар батырлықты үйлестіре білді. Суреттегі кейіпкер қонышы тізеден асатын етік киген. Қамзол үстіне қара шапанын желбегей жамылған. Оның кескін-келбеті, ірі сом денесі, тақырбас, дөңгелек сақал, жуан мойын тұрқы, беліндегі кайқы қылышы мен сол қолына ұстаған кітабы, алп-алп басқан алшаң аяқ алысы бұл кісінің қазақ даласында сирек кездесетін тұлға екенін куәландыратындай.

Ақын поэзиясының қуатын, биік жауынгер рухын Мақұм пластика құдыретімен жеткізе білген. Малдас құрып, алдына ақ қағаз жайып, оң қолына қауырсын қалам ұстап, палуан білегін тізесіне тіреп, тік отырған ойлы жан, міне, дала еркесі қазақ осындай болса керек-ті дегізеді. Махамбеттің білегі ақын үшін рабайсыз жуан көрінсе де, мына суретке жарасымды әр беріп тұр. «Мен кескекті ердің сойымын» дейтін Махамбеттің өзіне-өзі берген мінездемесін еске түсірумен қоса, оның ішкі сеніміне берік жан

екенін көрсетеді. Біз бұл ақынды көтеріліс тірегі, қайыспас идеологы екенін білетінбіз. Мына суреттері сол білімімізді растайтын дәуір құжаты есепті. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақынның Ноэль-Мақұм жасаған бейнесін ақынның 200 жылдығына арналған мерейтойлық мақалалардың шекесіне «паспорты» етіп басылатыны сондықтан болса керек.

Қазақтың кемеңгер ұлттық ақыны Мағжан Жұмабаев: «Ақындық фотография емес, фотография ақындық емес. Ақынның міндеті білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту», «тұрмыс», болмыс, замана мен асқар пікір, қиял мүлтіксіз қабысатын өлең ғана «терең де екпінді әдебиет» туғызады, – деген. Махамбеттің жауынгерлік-саяси лирикасы – осындай терең де екпінді, айбынды поэзия. Махамбет ақындығы өмір ағысының өзінен, көтерілісшілердің жан ашуынан, арман-тілегінен тұтанып жалындаған. Реализм мен романтизмді астастыра отырып қанат қағады. Бұл ақын өлеңдерінде тарих іздері сайрап жатады. Сонымен бірге көркем шындықтың тарихи шындықпен қабысатын да, қабыспайтын да жағдайлары кезігеді.

Қайсыбіреулер Кеңес кезінде Жәңгір ханға бірыңғай қара бояу жағылған десіп жүр. Ал, онда Салық Зиманов секілді ғұламаның дәл сол кешегі тоталитаризм заманында Жәңгір ханның ағартушылық қызметін жан-жақты көрсеткен еңбектерін қайда жібереміз? Жәңгір ханның елге адам және мал дәрігерлерін алдыртқаны, шешек жұқпалы ауруының алдын алу үшін егу еккізгені, басқа да игі істері белгілі. Махамбет өлеңдерінен біз ханның бұл қызметі жайынан мағлұмат кезіктірмейміз. Қайта қара бояудың көкесін Махамбеттен табамыз. Және бұл үшін ақынды жазықты да ете алмайсың. Қанқұйлы Гитлер неміс халқының әл-ауқатын тез арада жақсартқан, экономикасын көтерген, тамаша тас жолдар салдыртқан. Бірақ қан шелектігі басып кетеді де, Гитлер жауыз аталады. Жәңгірді онымен теңестірмесек те, бұл ханның қазаққа қарсы қылмысы бір басына жетіп жатыр. Оның бер жағында, Махамбет поэзиясы – көркем шығарма. Ақын фактілерді іріктеп, бірін алып, екін-

шісін алмауға әбден ерікті. Тарихи Жәңгір мен Махамбет өлеңдеріндегі Жәңгірдей типтік бейненің кей алшақтығы осыдан келіп туындайды. Махамбет өлеңдеріндегі Жәңгірге деген жауқабактық бұл хан бейнесінің тақырыбынан басталады. Ол тақырып не деуші еді? Белгілі жәйт.

Жәңгір Ресейдің XIX ғасырдың бас кезінде Қазақстан жөніндегі саясатының күрт өзгерген, отаршылдық бұғалығы ілмегін қатайтып, дала тынысын тарылта түскен жағдайда 1823 жылы таққа отырды. Патша өкіметі, белгілі тарихшы Ермұхан Бекмаханов жазғандай, бұл кезде қазақтардың саяси тәуелсіздігінің қалдықтарын түп-тамырымен жою үшін бірқатар адуынды шаралар қолдануда болатын. Алдымен әскери жағынан қысымды еселеп күшейтіп, шекара аймақтарда ұлан-ғайыр бекініс салуға, оларды әскери гарнизондармен жасақтауға, казак-орыстардың қоныстарының қазақ даласына қаптай кіруіне көп күш-қаражат жұмсады. Саяси шараларға келсек, мұндағы басты мақсат – қазақ мемлекеттілігінің тамырына балта шабу болды. Осы мақсатта 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы устав» қабылданды. Бұл жарғыға сәйкес сұлтан-билеушілер басқаратын округтер құрыла бастады, дистанциялық басқару енгізілді. Басқа сөзбен айтқанда, хандықтарды жою көзделді. Тағы бір шаралардың ұштығы қазақ елін шөміштен қысуға, экономикалық жағынан тұншықтыруға бағытталды. Қазақ жерлерін жаппай басып алу, салық төлемін енгізу, қазақтарға балық аулатпау, ағаш кестірмеу, тіпті егін салдырмау секілді әрекеттер кең көлемде шарықтата жүргізілді¹.

Осындай жағдайда хан Жәңгір не істеді? Қазақты орыспен бірге тонасты. Махамбеттің «Жәңгірге» атты өлеңі:

*Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!*

¹Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алматы: «Қазақ университеті», 1992. С.117.

*Хан емессің – ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің – аянсың,
Айыр құйрық шаянсың!* –

демей басқаша түзілуі мүмкін емес-ті. Ақынның бұлайша таусыла сөйлеуі, бас араздықтан ғана туындамаған. «Хан емессің» деп тақытында легитимдік, заңды түрде отырған Жәңгірге үш қайтарып айтады. Себеп? Себебін махамбеттану ғылымының негізін салушы ғалым Қажым Жұмалиев анық ашып айтқан. «Махамбеттің Жәңгірге сен хан емессің деуі де нағыз шындық. Дұрысында, Жәңгір патшаның қазақ ішіндегі сенімді адамының бірі еді»¹.

Қазақтың патша өкіметі мен оның жандайшаптарына өшігетіні, құнарлы жер, суларын меншіктенді. Троицкіден бастап Саратовқа (Сарытау) дейінгі солтүстік шекарадағы орманды, сулы жерлерді, егістіктерді тартып алып, қазақ ауылдарын шөл, шөлейт далаларға қуудан бір тыйылған емес. Новоилецкая линиясы, Орынбор, Орал бекіністерін салып, бір ғана Орал әскері 7–8 миллион десятина (бір десятина – 1,09 гектар) жерді иеленді. Түрлі сылтау тауып, қазақтардың малдарын жүздеп, мыңдап айдап кетіп отырды. Ол – ол ма. Патша бір халықты әдейі екіге жарып ұстады. Өздерін ақсүйекпіз деп санайтын Шыңғыс тұқымының өзге қазақты «қараша» атап үстемдік етуін енді «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша заңға айналдырды.

Жәңгір ханның Ресей отаршыларымен ауыз жаласқаны Махамбет өлеңдерінде барынша әшкереленеді. «Мұсылманның баласын Атаңа нәлет Жәңгір хан көзінен тізіп жіберді-ау Орынбор деген қалаға-ай!», – деп кектенеді. Жәңгір Жасқұстағы ордасын көтерілісшілер қоршап алғанда 10 күн срок бер деп алдағаны, уақыттан ұтып көмекке орыс әскерін құйылытып үлгергені, бар оқиға Махамбет өлеңдерінде сайрап тұр. Ақын: «Хан баласы ақсүйек – Ежелден табан

¹ Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы: ҚМКӨБ, 1958. 309-б.

аңдысқан Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім, – десе, мұның не себепті айтылып отырғаны түсінікті. Тарихшы ғалым Исатай Кенжалиевтің басынан аяғына дейін архив материалына сүйеніп жазған кітабында ақсүйектің қарашаны яки қазақ халқын қалай езіп жанышқанын, бұл елмен отаршыларға қосылып алып санаспағанын, халыққа жаны ашымақ тұрсын отаршылардан арман қырып жойғанын дәлелдейтін фактілер жетіп артылады. Кітапта Исатайдың «Хан Жаһангир Бөкейханұғлына» хаты келтірілген. Онда батыр былай деп шағынады. «Неге бізді осынша әуреге салады? Әркімнің басына біткен дәулет, қазына және жер өз еркінде болуы қажет емес пе?»¹.

Бүйтіп шағынбасқа амал жоқ-ты. Еркіңнен айырылғаның емей не, Каспий жағалауын Безбородко мен Юсупов иемденсе, хан, сұлтан ақсүйек қараша аталған қазақты жайлаған қоныстарынан түріп шықты. И. Кенжалиев архивтен алынған мынадай мәліметтер келтіреді. Жәңгір 700 мыңнан астам десятина орманды, сулы, ауа райы жұмсақ жайылымды қарпыды. Бір өзінің жеке меншігінде 4274 жылқысы, 232 түйесі, 719 сиыры, 17097 қой-ешкілері бола тұра, ұзын саны жиырмаға жуық үсті-үстіне салық салды, пара алып, пара берді (әрине, сыбайлас орыс шенеуніктеріне), жерді арендаға сатудан, дау-шарды шешуден түсетін падамен, басқа да амалдармен қазақ қанын теспей сорды. Қалған жер қайын атасы Қарауылқожаға, Шыңғали Орманов, Меңдігерей Бөкейханов, Балқы Құдайбергенов (Беріш руының басына қойылған) секілді сұлтандарға үлестірілді².

Исатайдың, басқа да қазақтардың Жәңгір ханға, патша өкімет орындарына жазған хаттары ұдайы жауапсыз, аяқсыз қалып отырған. Отаршы Ресей, хан Жәңгір, сұлтандар бір жақ, езілген қазақ екінші жақ бір-біріне өлердей өшіккені соншалық, көтеріліс жаншылып тұншықтырылған соң да ел өшпенділігі, қаһары Махамбет өлендерінде бұрынғыдан бетер буырқанып, бұрқ-сарқ қайнайды. Қа-

¹ *Кенжалиев И.* Тайманұлы Исатай. Алматы: Қазақстан, 1977. 107-б.

² Сонда. 39-б.

зақ «жер ашуы жан ашуы» деп осындай әділетсіздік белен алғанда айтуға мәжбүр болған. «Баймағамбет сұлтанға айтылған сөз» тек бұл сұлтанға ғана емес, отаршылармен ауыз жаласқан, қазақтар қараша деп кемсітіп бірге қанасқан бүкіл ақсүйекке басылған қарғыс таңбасы.

Махамбет – қазақ әдебиетіндегі жауынгерлік-саяси лириканың атасы. Сондай ақын болғысы келгендігінен емес. Махамбеттің сөз саптауына қарағанда, ол көтеріліссіз де күшті ақын болар еді. Махамбетті жауынгер ақын еткен елден, жерден айырған сұм заманы. «Уа, Нарын!» өлеңінде заманы шырықтырған соң да: «Абайламай айрылдым, Аржақтағы елімнен – Анау Нарын деген жерімнен. Тірі кеттім демеймін – Кем болмады өлімнен», – деп шамырқанған. Байқайсыз ба, осы екі жол өлеңнің біріншісі – әңгімешіл эпостық мәнерде, екіншісі сыршыл лирика мәнерінде жырланған.

Ал, саяси лирика болатыны, түсінікті. Мәселе лирикалық қаһарманның, бұл жолы ақынның өзінің ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын көңіл күйін де ғана емес. Ондай әлеуметтік қоғамшыл сезім лириканың басқа түрлерінен де кездесе береді. Ақын «Еділ үшін егестік» өлеңінде «Қара қазақ баласын хан ұлына теңгердік» деп көтеріліс мақсатын ашық, айбынды ұран ғып айтады. Үстем ақ сүйек пен қанаудағы қарашаны яки қазақ ұлтын құқық жағынан теңестірмек. Мұны саясат демей не дейміз? «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөз» өлеңі – тұнып тұрған саяси лирика. Мұнда поэзия тілінде көтерілісшілердің күрес бағдарламасы жарияланған. «Еділдің бойы ен тоғай – Ел қондырсам деп едім! Жағалай жатқан сол елге, Мал толтырсам деп едім». Тағы да сол – жер мәселесі. Білімді, сауаты мығым Махамбет қазақ өлеңі контекстіне «Бостандық» дейтін биік саясат сөзін енгізген. «Қорлықта жүрген халқыма Бостандық алып берем деп» соғыстым. Бұл – Исатай сөзі. Исатай батыр атынан жазылған «Әй, Махамбет, жолдасым» өлеңінен алынып отыр. Ішкі монолог? Иә, солай. Қазір типтендірудің жаңа құралы есептелетін тәсілді Махамбет ақын екі ғасыр бұрын қолданыпты... Ішкі монологында Исатай «ба-

тыр-аңғал» дейтін мәтелге сай өзінің өкінішін, қапы қалған күйінішін шер ғып тарқатады. Батырдың өз қатесін сынаған өкініші астарында кім тұрғаны аян. Ол – Исатайдың қанды көйлек жолдасы, хан ордасын шабуға қайрап тұрған жауынгер ақын Махамбет. Талант құдыреті асып төгілгендіктен ақын саясатты публицистикаға, публицистиканы көркем сөз жауһарына айналдырған.

Махамбет өлеңінің, Мағжан тілімен айтқанда, күрделі қоспасы мұнымен тынбайды. Ол – жауынгерлік лирика. Лирикалық кейіпкердің бір қолында қауырсын қалам, бір қолында сол қаламның көлемдірек түрі – найза. Қай өлеңін оқысаң да қызыл сырлы жебенің ұшқан бойда «Хан баласы ақсүйек», «байеке, сұлтан» жүрегіне тік қадалғанын, айнымай, адаспай кірші етіп кіргенін көресің.

Жауынгерлік лириканың және бір кереметтілігі, әділ соғысты, майданға шыққан ер жігітті эстетикалық идеал өресіне көтере білетіндігі. Бұл – әлем әдебиетінде қалыптасқан дәстүр болса, қазақ ақыны ол дәстүрдің көкесін көрсетеді. Махамбет жиһан әдебиеті жауынгер ақындарының қай-қайсысымен де шендесе алады. Шет тілге аудармасы Махамбет өлеңінің әуеніндей арындап тұрса, қазақтың бұл саңлағы басқалармен үзеңгі қағыстыруы былай тұрсын, олардан оқ бойы озып кетуі де.

«Саблю вон – и в сечу!» деп шырқайтын орыс партизан ақыны, «гусар лиригі» Денис Давыдов (1784–1839) қан майданды тіпті тойға теңейді. Махамбеттің және бір замандасы, бостандық жолында өмірін құрбандыққа шалған ерлерді жырлаған венгр ақыны Шандор Петефи (1823–1849) өлеңдерін оқығанда жүрегің жасарып қайраттанасың. Венгр Махамбетін туғызған, жырлатқан ел елдігі, бостандығы жолындағы жан алып, жан берген күрес екеніне көз жеткізесің.

Махамбет поэзиясы – алыстаса да жақындай беретін қайталанбас құбылыс. Махамбет жебесі қазақ жерінің қорғаны. Жерімізге сұқтанғандардың желкесін қиятын қылыш. Махамбеттің шейіт кетуінің өзі – дұшпандарының одан қорқып зәре-құты қалмағанының белгісі. Жуықта Қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет

театрында композитор Базарбай Жұманиязовтың «Махамбет» атты операсы қойылып, ұлы жауынгер ақынымыздың бүгін де түн қатып, түс қашып, қу толағай жастанып жүрген аруағын сезініп, жүрегінің елім, жерім, қазағым деп соғып тұрғанына тағы да көз жеткізді. Сонда ғой: «Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай... Ерлердің ісі бітер ме?!» – деген жігерлі маршты тыңдай отырып, күні ертең Махамбет көксеген тәуелсіз мемлекетіміздің әскерлері бұл маршты сапқа түзіліп шырқатып бара жатқанын естуге құмартқанымыз. ...Өйткені бұл марш ел, жер үшін қандай қиындықтарға да төзуге, тар жол тайғақ кешуде ел есесін бермеуге баулиды.

16 маусым, 2003 жыл.

ЖЕБЕЛІ СӨЗДІҢ ЖЕЛМАЯЛАРЫ – ДУЛАТ ПЕН МАХАМБЕТ

Өткенге сын көзбен қарау – ежелгі дәстүр. Атақты француз философы Ренэ Декарт: «бәріне күдікпен қараймын. Демек, ойлай біледі екенмін», – дейді екен. Аты шулы әжуа өлеңдегі «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау...» деп басталатын Абай сынын әркім әртүрлі саққа жүгіртсе де, бұл, сайып келгенде, рухани мұра хақында терең толғандудың жемісі. Ұлы Абайдың сұрғылт сұсты ақырап өлеңінен белгілі бір жүйелі ойдың жота-жоландары байқалады. Абайдың бұл ақындарды бір қатарға қойып жүйелеуі кейін кең саба ғылымға айналған зарзамантануға жол сілтеді десек ләзім. Зарзамантану қанат жая келе, сан салалы ғылымға айналды. Сол салалардың бірі көп жылдарғы қысталаннан соң, енді, міне, еркін дамудың кең өрісіне шыққан дулаттану ғылымы.

Дулат шығармалары қазір күзеусіз, түзеусіз басыла бастады. Ақын поэзиясын енді еркін талдап тексеруге мүмкіндік туды. Оның жай-жапсарын білгісі келгендер жас ғалым Қайрат Раев құрастырған «Дулат Бабатайұлы: шығарма-

лары мен тағылымы» деген (Алматы: «Раритет», 2003) кітапты парақтауы тиіс. Кітаптың бірінші бөліміндегі Дулат жырау туындыларын, екінші бөліміндегі арнайы ғылыми зерттеулерді сүзіп өткенде, халқымыздың көл-дария мұрасының тағы да бір шалқар өлкесін тамашалап, көп-көп тағылымға кенеліп, мақтаныш сезімге бөленесің.

Әрине, жеткен жеріміз осы, Дулат өмірі мен шығармагерлігіне қатысты бар проблема түпкілікті шешілген деуге әлі ертерек. Жалпы, ғылымда тосылу болар, бірақ тоқтам болмайды. Әр заман, үлесіне тиген мұраны қайта қарап тексеретіні – бұлжымас заңдылық.

Жуырда өткен Қазақстан Жазушылар одағының пленумында Атырау өңірінің қаламгері сөйлеген сөзінде: Махамбет – ісі қазақ ақыны дейміз. Бірақ ақын тойына арналған жиналыстар, конференциялар негізінен батыс жақта өткізілуде. Көп облыстар үнсіз қалуда, бұл қалай? – деп өкпе айтты. Орынды өкпе. Оған қосымша айтарымыз: Дулат жыраудың да 200 жылдық тойына байланысты шаралар Қазақстанның Шығысынан өзге аймақтарда, Атыраудың өзінде де жарытып атқарылып жатпағанын мойындау керек.

Меніңше, бұл мәселеде әдебиеттану ғылымы ерлеп тұр. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қандай әдебиет мерейтойы болсын бәрін өткізисуге белсене атсалысып, өз зерттеулерінде әдебиет тарихын тұтас бітімінде жұбын жазбай қарастыру концепциясын басшылыққа алып келеді. Осы концепция тұрғысынан келгенде зарзамантануды одан әрі жетілдіре түсуді талап ететін жәйттер аз емес. Дулат пен Махамбет – замандас ақындар. Туған жылдарының арасындағы шамалы айырманы есептемесек, тыныстаған уақыты бір. Алайда, істің осы жағы көбіне елеусіз қалуда. Елі де, өмір сүрген дәуірі де ортақ ақындар творчествосы туралы зерттелулер тұтас, зарзамантану арнасында қаралуы тиіс дейтін Мұхтар Әуезов нұсқаған бағытта жете тексерілмей келеді. Меніңше, Дулат, Махамбет, Шортанбай, Мұрат ақындардың творчествосын іштей байланыстыра, бір өрімде, бір жүйеде саралап пайымдайтын

уақыт жеткен сияқты. Дулат пен Махамбет бірін-бірі көрмесе де, білмесе де шығармалары үндес, тамырлас. Міне, осы төңіректе пікір алмасатын уақыт жеткен тәрізді.

Заманы да, мұңы да бір Дулат пен Махамбет шығармалары ежелгі қағиданы, поэзия – өз дәуірінің айнасы, жаршысы, ой-сезімінің, Дулатша айтқанда, «сары алтынның буындай» асылы екендігін тағы да растап берді.

Дулат пен Махамбет жиырма жасты иектеп, оңды-солын айыра бастағандарында патша өкіметінің 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Уставы» жарияланды. Устав пәрменімен қазақ хандықтары, яғни мемлекеттілігі жойылды. Вассалы, қолжаулығы есебінде Жәңгір ханды қалдырып еді, ол да кенеттен көз жұмады. Сонан соң бұл хандықтың да жайы табылды.

Патша жарлығы «бөлшекте де билей бер» дейтін ежелгі отаршылдық принципін дәйекті түрде жүзеге асырып отырды. Бір туыс қазақты ақсүйек, қараша етіп екіге жарып, ел ішіне от тастады. Хандықтар орнына құрылған округтарды ақсүйектер ғана, яки Шыңғысхан тұқымы басқаруы тиіс екені туралы баптар Уставқа арнайы енгізілді. Ақсүйектер, сұлтан, төрелердің едәуірі отаршылармен ауыз жаласып, қалған қазақты сүліктей сорды. Екі жақтап қанау салдарынан қазақтар нулы, сулы жерлерінен қуылды, күн көрістен айрылып, әбден титықтады. Наразы халықтың ашу-ызасы кемерінен асты. Сырым, Исатай–Махамбет, Кенесары көтерілістері бірінің артынан бірі жалындады. Қазақ елінің ашу-ызалы кегі Дулат, Махамбет, Мұрат, Шортанбай жырларында жанартаудай атқылады.

Дулат пен Махамбет жырларының өзектестігі, міне, осыдан туындаған. Дулаттың Барақ төреге айтқаны мен Махамбеттің Жәңгір ханға айтқанын салыстырып көріңіз.

Дулат Барақ төреге:

*Қазіргі қазақ ұлығы
Жаман иттен несі кем –
Жемтік көрсе, қан көрсе,
Айрылар мүлде есінен.*

*Сендер атқа мінген соң,
Тандыр болып суалды
Шалқар көлдей несібем, –*

деген. Жаман ит деп отырғаны қасқыр іспетті жыртқыш. «Қан шықса, елін жұлмалар, Қасқырменен аралас»¹.

Енді Махамбеттің «Жәңгірге» өлеңін тыңдап көрелік.

*Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын...²*

Дулат – Қазақ елінің Шығысында, Махамбет – Батысында. Бірінің аузына бірі сөз салып отырған жоқ. Бірақ екеуінің де метафоралық теңеулеріне дейін ұқсастығы, жебелі сөздерінің бір нысанаға қадалатыны кездейсоқ па? Жоқ, олай емес. Өйткені екі ақынның да отаршыларға, олардың жандайшаптарына деген өшпенділіктерінің қайнау граду-сы бірдей еді!

Немесе өмір сүрген дәуірін сипаттауларын қараңыз. Дулат: «Ай, зар заман, зар заман! Зарлап өткен сұм заман, – деп аңыратса, Махамбетке жарық күннің өзі «шұбар күн» көрінеді.

Біз жебелі сөз желмаяларының үніне күні бүгінге дейін құлақ тосамыз. Ол үн кеудеміздегі отаншылдық сезімді оятады. Дулат пенен Махамбет бүгінгі тәуелсіз еліміздің қам-қаракетін бізбен бірге ойласатын тәрізді. Дулат жырау жатжұртқа төрінді берме дейді. Ол төрі – жер. Махамбет те туған жер үшін, Еділ үшін егескен, Жайық үшін жандасқан, Қиғаш үшін қырылған, Тептер үшін тебіскен ерлерді айрықша шабытпен, зор мақтаныш сезіммен жырлады. Дулат ел азаттығы үшін алысқан Абылайды ағарып атқан таңға теңесе, Еспембеттей ерлерді, хан сарқыты – Кене ханды

¹ *Бабатайұлы Д.* Шығармалары мен тағылымы. Алматы: Раритет, 2003. 26-б.

² *Махамбет.* Алматы: Жазушы, 1974. 40-б.

алғаса, Махамбет Исатай бастаған ұлт-азаттығы қаһармандарын ту етті. Бұл жырлар ендігі ұрпаққа ант гимніндей естіледі. Жуықта Қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет театрында «Махамбет» операсы қойылғанда бұған тағы да көзіміз жетті. «Ереуіл атқа ер салмай» маршының бір өзі не тұрады. Біздің бүгінгі ұлттық сарбаздарымыз сапқа тұрып, әндетіп келе жатқандай. Композитор Базарбай Жұманиязов бүгінгі азат қазақ жігер-қайратын жанитын қайрақты өз ата-бабаларымыздың айбынды рухынан тапқан...

Дулат өзін «тұманың тұнық суына» балайды. Өйткені ол болашақ ұрпаққа керекті тақырып кенішінің бірсыпырасын тауып белгілеп берген-тін. Дулат ақын: «Сұлулық деген жарық қой Дүние тозса сөнбейтін»,¹ – дейді. Әсемдік туралы ғылымға «эстетика» деп ат берген Александр Баумгартенмен (1714–1762) тұспа-тұс туған бұл жолдар біз өз рухани байлығымызды әлі жете бағаламай келе жатқанымызды құлаққағыс етеді. Орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевский (1821–1881) парасатты романдарының бірінде «Әлемді әсемдік сақтайды» («Красота спасет мир») деген. Сөйтіп ол да сол жарық киесінің өшпейтін, мәңгілік сарқылмас қуатын жырлаған.

Қазақ ақ тілеуінде «тойың тойға ұлассын» деп жатады. Ал, Дулат, Махамбеттердің өсиетнамалары ойдың ойға ұласқанын қалайды.

29 шілде, 2003 жыл.

¹ *Бабатайұлы Д.* Шығармалары мен тағылымы. Алматы: Раритет, 2003. 100-б

Үшінші бөлім

ЭССЕЛЕР

СӘБЕҢМЕН ЕНДІ СЫРЛАСАР БОЛСАҚ...

Сәбеңікен (Сәбит Мұқанов) сынды аруақты, ұлы адаммен алғаш дидарласып тілдесуіме 1961 жылдың көктемінде республикамыздың өмірінде көңілсіз десек те бір оқиғаның шапағаты тиді.

Ол уақыт Никита Хрущевтің айдаһардай ысқырынып тұрған кезі. Ұзында өші, қысқада кегі бардай-ақ, тағына отырысымен Қазақстанға шүйлікті. Қазақстанның миллиарды арқасында тағы да бір алтын жұлдыз қақшыса да, республика табысын еселеген сайын бұл оған жауыға түсті. Суық көзін байтақ даламызға қадады. Жер-суымызды талан-таражға салу мақсатында Маңғыстау түбегін Түркіменстанға, оңтүстіктің бірқатар аудандарын Өзбекстанға тартып әперем деп жанталасты. Бір уақыт жеміт көз Арқаға қадалды. Енді Сарыарқа сайран жерімізді Ресейге жалматқысы келіп, алғашқы айла-амалын істеп те үлгерді. Тың өлкесі дейтінді құрып, оның тізгінін тікелей Мәскеудің қолына ұстатты.

Ескерте кеткен жөн, бұл фактілердің қыры-сырын көбіміз кейін білдік. Елімізге қандай қауіп төнгенін енді түсініп жеткендейміз. Ол кезде барша табыс «Коммунистік партияның дана басшылығымен, ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегімен» атқарылып жатыр деп күн сайын

шулатып даңғырлатқан соң, жұрт қайдан білсін. Республика басшылығына жасалып жатқан қысымнан да бейхабар жүрдік. Интернационализм, халықтар достығы мәңгі жасамақ, лениндік ұлт саясаты мызғымайды деген ұранға имандай сендік. Бұл ұранды Хрущев төсеніш етіп аяғын сүртеді деген ой кәперімізге кірсе ше.

Өз басымда күмән-күдік аралас ой туғызған – сол кездегі КазГУ студенттерінің аяқ астынан толқуынан туған бір хат. Хат ректор Дарқанбаевтың атына жазылыпты, оған 80 студент қол қойып, Тың өлкесінің құрылғанына наразылық білдіріпті-міс. Осы қауесет гу-гу тарай бастағанда мені университет парткомына шақыртты. Мен ол кезде Журналистика факультетінің аға оқытушысымын, әрі көп тиражды «Қазақ университеті. Казахский университет» дейтін қос тілді газеттің ақы-пұлсыз істейтін редакторымын. Партком газетті қол баласындай жұмсайтын кез. Үзілді-кесілді нұсқау берді. Газеттің келесі нөмірін тұтасымен Тың өлкесін құру жөніндегі партия саясатының даналығын насихаттауға арнап шығарасыз. Бір бетіне проф. Ә. Тұрсынбаевтың мақаласы басылады. Қалған құптау материал сіздің жауапкершілігіңізге жүктеледі.

Ішімнен: «жастардың хат тапсырғаны расқа шықты», – деп түйдім де, нұсқауды жүзеге асыруға кірістім. Студенттер бас мақаланың уағызшыл мақамынан безіп оқымайтын. Сондықтан ол жанрға жастар газетінен орын тимейтін. Бас мақала орнына оның міндетін өткеретін басқа материал табуға керек. Және авторы елге қадірі асқан, жастар білетін, сүйетін кісі болуға тиіс. Сол мезетте Сәбит Мұқанов ойыма орала кеткені. Иә, ол – аузы дуалы адам. Және Сәбең тың тақырыбына белсене қалам тербеп жүрген жазушы. Очерк, әңгімелерін былай қойғанда, тыңгерлер туралы романға да қол артты. Бір ғана күдік мазалайды: мұндай зор атақ иесі көп тиражды кішкентай газеттің пақыр редакторымен сөйлесе қоя ма? Менсінбей жүруі де мүмкін ғой. Ал, сөйлесе қалса: «Қолым тимейді. Бір үлкен жұмыстың үстінде отырмын», – деп шығарып салса, өкпелей де алмайсың ғой. Біраз толқыдым. Бірақ, амал жоқ, газеттің

заңы қатал: оның кезекті санын ертең-бүрсігүнге қалдыра алмайсың. Телефон кітабынан Сәбең пәтерінің қоңырау шалатын нөмірін біліп алып, тере бастадым. Трубканы жазушының өзі алды.

Алдымен тамағын кенеген адамның үні шалынды құлағыма. Сонан соң барып тарғыл даусы естілді.

– Әл-ө-ө!

– Ассалаумағалайкүм, Сәбе!

– Уағалайкүмүссалам! Әй, бұ кімсің? Даусыңды танымадым ғой.

– Иә, танымауыңыз жөн. Елеуқенов Шериаздан деген ініңіз. Алматыда «Қазақ университеті» деген кішкентай газет шығып тұрады. Соның редакторы едім. Рұқсат болса. Сізге бұйымтайымыз бар еді университет атынан.

– Е, айт, айт! Не бұйымтайың?

Даусы жақсы көретін ара ағайынның даусындай ақ жарқын, бір түрлі жүрекке жылы тиеді. Лезде асып-сасып әбігерге түскенімді ұмыттым. Сабама түсіп, мән-жағдайды анықтап, тұжырымды айтып шыққан секілдімін. Сәбең елп етті. Тіпті сөзге келген жоқ.

– Е, бопты, айналайын! Ертең сағат он бірлерде Үкімет үйінің қарсы алдындағы алаңға келе ғой. Жазып апарып өзіңе қолма-қол табыс етемін.

Сәбең бізбен кездеседі деп өзімізше дүбіліске еніп, қасыма бір топ студент алып дегендей, ертеңіне алаңға уағдалы уақыттан жарым сағат бұрын жиналды. Көкек айының орта шені. Күн бұлыңғыр. Қар кеткенмен, ауа дымқыл әрі салқын. Сонда да жастар жағы костюмшен. Қайбірі мойындарына сықитып галстук тағып алыпты. Сәбеңді көп күтіп қалсақ, тоңазырмын деп мен сол кезде модылы саналатын қытайлық гавардин макинтош киіп алғанмын. Екі көзіміз Бас почтаamt үйінің жағында. Жобалауымызша, жазушы сол беттен құлдилап түсуі тиіс. Шынында да солай болды. Сағат он бірге бес минут қалғанда жәй басып аяндап Сәбең келе жатыр. Ой, қуанғанымыз-ай! Жамырай қарсы жүрдік. Келе жатқан бойда байқаймын, Сәбеңнің аяқ алысы ширақ, тың. Алпыстың үстіндегі кісіге ұқсамайды. Үстінде көне-

леу сұр костюм. Басында қара тақия. Тоңғақ мендей емес, мына сыз ауаға тітіркенбейді. Педжагінің ішінен киген свитері де жоқ. Жалаң көйлек.

Амандықтан соң там-тұм әңгімелестік. Сәбең асығыс екен. Сонда да лебізін естігенге мәре-сәреміз. Жазушыны ортаға алып фотоға түстік.

Суретке түсіп болған соң Сәбең қоршап алған жастарға қарап қолын көтерді.

«– Ал, балақайлар, сау болындар!»

Сөйтті де қасынан бір елі қалмай жүрген маған төс қалтасынан бір парақ бүктеулі ақ қағаз ұсынды. Сірә да, дәптер бетінен жұлып алған болуы керек. Газетшінің әдеті ғой қолына материал тисе, соңғы бетіне үңілетін. Басымды көтеріп Сәбеңе қарап едім, ол кісі менің бет-әлпетімнен «Осы-ақ па?» деген жазу оқып үлгерген болуы керек, қорасан дағы қалған жүзіне қатқылдау ресми рең жүгіртіп, қабағын түйіңкіреп, жарасымды біткен қырбақ мұртын екі саусағымен иегіне қарата сылап өтті де, құлаққа тосаңдау сөз айтты. Сөз болғанда, мәтел.

«– Көңілсізден көтсіз бала туады деген осы!» – деді.

Былай шыға бере, Сәбеңнің жұмбақтап сөйлеген сөзін өзімше қабырғама салып ал талқылайын. Көңілімнің әлдебір саңылауынан: «Советтік сөзге қаламы, Көрмеген әсте мұқалып», – деп жар салған кәдімгі Сәбит Мұқанов бұл жолы неге бұра тартты? Кеңес өкіметінің мүддесін бір мұғдарласа, өзінің «солақай» екенін жасырмайтын, қайта мақтанышпен төс қағып айтатын осы кісі мұғдарлауы тиіс еді ғой. Сонда не, партия саясаты жөніндегі пікіріне жарықшақ кіргені ме? – деген қилы-қилы сауал «сығалайтындай». Ең бастысы, автор берілген тақырыптан тайқып шыққан. Тың өлкесі құрылғанының тарихи маңызы жөнінде тіс жармаған. Небары екі абзацтан тұратын «мақаласына» «Жастар – тыңға!» деп ат қойған да, жаттанды сөздерді тақпақтатып өте шыққан.

«Биыл Қазақстанда Тың өлкесі құрылуға байланысты, жастарға бұрынғыдан да зор міндет жүктеліп отыр. Бұл жүкті жастар абыроймен өтеп шығуына сеніміміз зор», –

деп аяқтапты жазғанын («Қазақ университеті. Казахский университет», 18 сәуір, 1961 жыл).

Ал керек болса... «Көңілсізден...» деген сөздің мәнісі енді түсінікті болды. Хрущевтің Тың өлкесін құрғанын бәре-келді деп құптамағаны үстіне, жақтырмайтын рай көрсете ме, қалай?

Жазушының сырты жылтыр, іші сылдыр «мақаласы» сол күйінде жарияланды. Оған қоса көлемі жазған материалынан екі есе асып түсетін Сәбеңнің күліп түскен фотосуреті орналастырылды. Материал жарияланған соң да жазушының мақаланы беріп жатқандағы жаумаған бұлт тәрізді түнеріңкі жүзі көз алдымнан кетпей қойды. Тегі сұңғыла парасат иесі Хрущевтің арам пиғылын сезіп қойған болуға керек деп өзімше жоримын. Ал, бұған дейінгі Сәбит Кеңес өкіметіне шаң жұқтырмаушы еді ғой. Әлі де солай шығар. Дегенмен, көңіліне бір жарықшақ кірген шүбәсіз. Менің көкірегімде бала кезімнен тоқылған бейнесі дәл мұндай екі ұдай емес-ті.

1939 жылы жаз айында әкемнің інісі Ескендір әскерден аман сау оралды. Мен үшін бұл қуаныш және бір қуанышқа ұласты. Ескендір аға әскери борышын Тәшкент жақта өтеген. Со жақтан екі дәу кенеп қапшыққа сықап толтырған қисапсыз көп кітап алып келді. Үлкендер дастарқан басында сайран құрып маз, мен екі қапшық кітапты аударып, төңкеріп маз. Сөйтіп отырғанда қолыма бір дойпан қалың кітап ілікті. Мұқабасына «Сәбит Мұқанов», «Жұмбақ жалау», «Роман» деген сөздер жазылыпты. Үшінші класс оқушысы тісі батар батпасын ойлай ма, алғашқы бетін ашып қалып едім, бірінен-бірі қызғылықты оқиға ішіне сүңгітім де кеттім. Сол бір сурет әлі көз алдымда. Кеудеме жастық төсеніп, етпетімнен жатырмын. Қасымда шешем әкеп қойған кеспе көже құйған жайпақ тәрелке. Екі көзімді кітаптан алмаймын, әйтеуір қолымдағы қасық аузымды тауып алады. Он жасар ойын баласы бір мезет сақа ойнауға мұрша жоқ. Ауылдағы әңгіме сонау Петербормен жалғасады. Әжем Мекалайдың заманын үнемі мақтап көтермелеп сөйлейтін. Мұндағы Николай Екіншінің сықпыты мүлде бас-

қаша көрінді. Және тірі өзін көргендегі ұсқыны оның Асқар көріп жүрген портретінен әлдеқайда пәс екен.

Он жасар мектеп баласына, әсіресе, Асқардың Петерборда жүріп күнделік жазғаны қатты әсер етті. Көрген-білгенін ықшам сөздермен көз алдына келтіре қояды. Күнделік иесі құдды бұл жақтың адамы емес көрінеді. Батырлар жырымен ауызданған, ауылдың Әпитөк деген кемпірінен талай қисса естіп машықтанған ауыл баласының, әрине, алдында жатқан роман жанры туралы түсінігі шала-пұла. Тек байқайтыны қиссадай емес, романдағылар кәдімгі жер басып жүрген пенделер секілді. Былай шықсаң олармен ұшырасып та қалуың мүмкін. Тегінде оған жазушының әңгімешіл өнері қатты ұнаған болуға керек. Кітапты оқып отырғаныңда әріптер көзден бірте-бірте ғайып болады. Әңгімешінің сенімді, ақжарқын үні үнемі құлағыңца тұрғандай болады. Автор сөзін иланымды саптайтыны сондай, мектеп баласы көп уақыт бойы дұшпандардың көзін аламыз деп, Ботагөз бен Асанның бір төсекте ұйықтайтынын және әрқайсысы өз сүйгендеріне адалдықтарын сақтайтындығын бұл дүниеде сирек кездесетін адамдардың ақ жүрек пәктілігі деп сеніп жүрді...

Сәбеңнің романына тәнті мектеп баласы Алматыға келіп студент атанып, сүйікті жазушысын көргенде қандай әсерленді десеңізші.

Студенттік дәурен. Әр гүлдің шырынынан бал жинайтын арадайын әр кітаптан білмегенінді біліп сусындайтын рахат шақ. Кітап қана емес-ау, мұндағы әр жиналыс – бір мектеп. Жақсы, үлгілі сөз есту үшін жазушылар жиынынан, қай ретте пленумынан сүмендеп қалмаймыз. Қызыл шеке айтыстар делебенді қоздырып, жатақханаға қайтқан соң жақ-жақ болып біз де айтысып таласамыз.

Ең айтысқұмар жазушы – Сәбит Мұқанов. Өзі қып-қызыл белсенді большевик. Алматыдағы бір идеологиялық кеңестің мінберінен сөйлеп тұрғаны әлі көз алдымда. Иә, Сәбең сөйлеп тұр. Үстінде «сталинка» деп аталатын екі төс қалтасының қапқағы бар қоңыр түсті китель. Өңі қашыңқы, ашулы көзінен от ұшқындайды. Сөзін әнеу бір ойран

жылдардың адам жүрегін ұшыратын «жау» деген ызғарлы, пәлелі терминдерін ашық қолданудан бастады. «Жауы» – Мұхтар Әуезов...

«Абай жолын» ауымыздың суы құрып оқыған біздер Әуезовті тек құзар шыңның шоқтығынан ғана көреміз. Сондықтан ба оған қарсы сынап-мінеген айыптауға иланбаймыз. Сәбең сөзін екі ұлы жазушының бақталастығынан туғанға жорыдым. Арақатысындағы қатқан тоң күндердің күнінде жібіп кетер деп үміттендік.

Тапшылдық принцип мәселесінде ұзақ жылдар бойы өз басым Сәбең ұстанымын қолдадым. Қазақтың артта қалуын ағартушы демократтар ашына жазса, сол өгіз аяқ қалпының шет жағасын бала кезімізде өзіміз де көргенбіз. Мұндай сорлылық ахуал үшін кім кінәлі? Сәбең шығармаларындағы бітіспес рухта қатаң сыналатын патриархалдық-рулық қатынастарға, бай-шонжарларға, олардың шашпауын көтереді деп есептелетін ұлтшылдарға мен де өзімше тас-түйін қастанып, кектеніп алғанмын. Сәбең шығармаларын орыс тіліне аударып жүрген жазушы Алексей Брагин бір күні кездейсоқ кездесе қалғанымызда: «Таудағы Сәбит Мукановичтің дачасынан келе жатырмын. Сіздің «Простор» журналында жарияланған «Аққан жұлдыз» романы туралы пікіріңізбен танысыпты. «Нағыз большевик» деп саған разы болып жатыр», – деді.

Солай деген екен деп бізді құбыжық етіп көрсеткісі келетіндерге де қарсымын. Таптық көзқарасты ұстанушылардың арасынан не мәселеге ақиқат, әділдік тұрғысынан қарауға тырысатындар аз болмайтын. Шығыс Қазақстан облыстық газетінде істеп жүрген кезім. Мұхтар Әуезовтің туғанына 60 жыл толуына байланысты редакцияға үлкен мақала келіп түсті. Авторы Сәбит Мұқанов екен. Мақаланы оқып шығып өндіріске даярлау маған тапсырылды. Қаншама мұқановшыл болсам да, Сәбеңді іштей жақсы көрсем де, мақала біздің газетке басылмады. Мақаланы жазу үстінде автор қаламын басараздық жетектеген сияқты көрінді.

XX съезд шешімдері идеология ауа райын әжептәуір өзгертті. Біз де өзгере бастадық. Ондай өзгерістер Сәбит

Мұқановтың өз дүниетанымына да шым-шымдап кіре бастады. Өмірінің соңғы жылдары жазушы «Қазақ қауымы» атты үш томдық еңбек жазуға кірісті. Сонда ол Шортанбайды, Мұратты ақтағандай сыңай танытты. Бірақ «жазғытұры қалмайды қыстың сызы» дегендейін зар-заман туралы қаулы күшінде-тін. Сондықтан кітаптың ол жерлері баспаға жол таппады.. Кітаптың аты «Халық дәстүрі» боп өзгертілді.

Меніңше, Сәбит Мұқанов шығармалары жаңа заман биігінен оқылғанда бұл жазушының өмірге реалистік тұрғыдан қарауға деген ұмтылысы әрдайым ескеріліп отыруға тиісті. Сөз жоқ, Сәбит Мұқанов – социалистік реализмнің қазақ әдебиетіндегі ту ұстаушысы. Социалистік реализм әдісі халықтық, таптық, партиялық принциптерге негізделсе, – мұның бәрі де – Сәбит Мұқанов. Практика жүзінде де, теория жүзінде де. Солай екен деп, біз бұрынғы таптық бітіспес мінезге салынбауымыз керек. Демократия плюрализмді, сөз бостандығын жақтайды. Ол еш жазушыны батпаққа батырмайды. Бәр-бәрінің шығармаларын қандай көзқарас ұстағанына қарамастан жарыққа шығаруға жол ашады.

Социалистік реализм әдебиеті – ұлттық тарихи мұрамыз. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», «Балуан Шолақ», «Адасқандар», «Сұлушаш» романдары, т.б. әр қазақ жүрегіне жол табатын шығармалар. Қазақы менталитетті іздесең, осы туындылардан табасың. Сәбең шығармаларының бас туындыларының өзегін – өзі ортасынан шыққан қазақтың қалың бұқарасы, оның мұң-мұқтажы, қиял, арманы құрайды.

Сәбит Мұқанов шығармаларының аталған ерекшелігі оның қазақынамай мінезінен, жалпақшешейлігінен, кім болсаң да шүйіркелесе, ақтарыла сөйлесе кететін табиғи қарапайымдылығынан бас алатын. Студент кезімізде, бергі сақайған шағымызда Сәбеңмен кездесіп сұхбаттасу біз үшін көптен күткен мейрам-мерекедей болатын.

Алматының Никольский базары қасындағы университеттің Калинин көшесіндегі жатақханасына Сәбең келе

қалды. Кездесу сылтауы – Сәбеңнің елу жылдығы. Ондай рәсімнің шарты – той иесі туралы баяндама я хабарлама жасалады ғой. Бұл жолы оның бірі де болған жоқ. Жиылысты үйіріп әкеткен Сәбеңнің өзі.

Жаздың аптап ыстық күні. Жандырып тұрғаны сондай, пенжак та кие алмайсың. Сәбең де бәріміз секілді жеңін білегіне дейін бүктеп көтеріп қойған шаңқай ақ көйлек киіп келіпті. Жағасының жоғары түймесін ағытып қойған. Галстуксыз. Балуан мол денесін жеңіл ұстайды екен. Бәрімізге таныс қарлығыңқы даусымен әңгімесін бастай берді.

– Осы жұрт елуге келдің, – дейді. Өзі кісінің көңіліне кеп қалады екен қартаю құлағыңа шалынғандай... Әйтпесе тізесі қалтырап, буыны дірілдеп тұрған мен жоқ. Дәп қазір мен өзімді еш жігіттен кем санамаймын. Әй, осы сендердің көзіңе ғой мен шал боп көрінем, ә? Онда қателесесіңдер. Жігіт қалпымда екеніме нанбасаңдар, кәні былай шықшы ең қарулы дегенің деп, – екі білегін сыбанып, орындығынан тұрып, отырған столының алдыңғы жағына шықты. Өзі қарқ боп күледі, біз – одан арман...

Өмірінің соңғы жылдары Сәбит Мұқановтың әдеби-эстетикалық көзқарасы да өзгере бастады. Бұл жөнде айтылуға тиісті әңгіменің бірі – Шәкәрім Құдайбердиев туралы болуға тиіс. Бұрын Сәбең Шәкәрімді Абай маңынан көргісі келмейтін. Жалпы әдебиет тарихына енгізуге қарсы еді. «Әдебиет және искусство» журналының 1947 жылғы 11 санында басылған «Отыз жылдың өрінде» деген мақаладан мынадай жолдарды оқимыз.

«...Революцияға шейінгі қазақ жазба әдебиетінде жалғыз Абайдан басқа, әдебиет мәдениетін толық мағынасындағы еуропалық әдебиеттің дәрежесіне жеткізген Абаймен қатар тұруға жарайтын жазушы қазақта болған жоқ».

Орыс әдебиеттану ғылымы мен сыны Пушкинмен еш ақын, жазушыны шендестірмейді. Әр қаламгер әдебиет қабырғасынан өз кетігін тауып қаланады. Бізге де сен Абай дәрежесіне жеттің, жетпедің деудің қажеті шамалы. Ал, еуропалық әдебиеттің сөз өнері мәдениетіне Абайдан өзге жазушылар жетпеген десе, бұл қорытынды Мағжан

Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиевтер әдебиет санатынан қасақана зорлықпен аласталып тастаған кезде шығарылып отыр.

Өмір бір орында тұрмайды. Уақыт талабына сай өзгеріп, дамып отырады. Кейде бұрын ақ деп жүргенің қара, қара деп жүргенің ақ болып шығады. Сәбеңдей үлкен жазушы ондай заңдылықтан тысқары тұра алмаса керек. Алпысыншы жылдардың орта белінен бері қарай Сәбең Шәкәрім жөнінде ұстаған пікірінен айнып бас тартты. Әрине, ол Шәкәрімнің революция дауылының аумалы-төкпелі кезеңінде алашордашыларды қолдағанын, Алаш Орда үкіметінің атынан Семейде сот құрып билік айтқанын, Қазидеген Алаш сарбазы қызылдардың қолынан қаза табуына байланысы қаралы митингте сөйлегенін, Кеңеске біраз мәселеде қиғаш келгенін, ақыр соңында қызыл милиционердің қолынан қаза тапқанын бір кісідей білетін, неге білмесін. Біле тұра, өзінің большевиктік дүниетанымына сыйғызып, Шәкәрімді ақтау жағына шықты. Бұның растығына М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесінде Сәбеңнің Шәкәрім Құдайбердиевті ақтар уақыт пісті деп сөз сөйлегені көз жеткізеді.

Өз басым ол кеңеске қатысқаным жоқ. Бірақ материалмен таныспын. 1988 жылдың бас шенінде Қазақстан Орталық Комитетінің атына Шәкәрімнің өмірі мен творчестволық қызметі хақында тиісті құжат даярланып жатты. Сәбеңнің қолдауы, Шәкәрім Құдайбердиевті толық ақтау жөніндегі игі іске ақ батасын бергендігі біз үшін моральдық-саяси мықты тірек, арқа сүйеу аргументі болғанын мойындауымыз керек.

Сәбит Мұқановтың бір басына қайшылығы жетерлік. Өзі бар тұрпат-тұрғысымен қазақы Сәбең бір кездерде (1954 жылы) поэзияда «қазағым» деген сөз кезіктірсе, қынабынан қылыш суырып қаһарына мінетін. Өзі мейлінше жақсы көретін, ақындығын жоғары бағалайтын Қасым Аманжоловты бір жолы «Атыңнан айналайын, ата қазақ» дегені үшін жерледі. Немесе Ғали Ормановты «Полковник» деген өлеңі үшін сын астына алды. Ғали ақын:

*Қадалып қабағына қарай бердім,
Тұрғандай тұрпатында қазақ біткен», –*

депті. Сәбеңнің гiкiрiнше, «Советтiк армияның офицерiне бұлайша тар көзбен қарау дұрыс емес». Ал, сол Шәкәрiм тамам жазушының iшiнен Сәбиттi таңдап алып, неге хат жазады? Өйткенi оның тұлғасындағы халықтық қасиеттерiн тани бiлген. Екеуi хат жазысып тұрған. Сәбеңе арнаған соңғы хатын Шәкәрiм қаза табуынан шамасы жетi-сегiз ай бұрын «Саят қорадан» жолдайды. Сәбит Мұқановтың 1930 жылғы 11 желтоқсанда жазған хаты 1931 жылдың ақпанында тапсырылғанын айта келе, Шәкәрiм өз жайынан хабар бередi. Жазу-сызуларының жарияланбай қозғаусыз жатқандығын құлаққағыс етiп шағынады. Сол еңбектерiнiң (роман, әнгiме, аудармалар, философиялық толғаныстар) жариялануына қолұшын беруiн өтiнедi.

Шәкәрiм хатындағы: «Өз ақылым қабыл алмағанды кiм айтса да терiс көрем. Бiрақ қабыл аларлық дәлел айтса бас ұрам... Издегенiм тәмам, адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан ақиқатты айтпай тұра алмаймын. Ерiксiзбiн», – деген ой өте құнарлы ой. Әсiресе тоталитаризм догмаларын жаттап өскен ұрпақ үшiн.

Шәкәрiм хатын «Ардақты, Сәбит бауырым!... Өзiм барып ұғындыруға ...қолда қаражат, баста бостандық қалмай тұр. Қош! Қош! Бақытты болыңыз! – деп аяқтаған. Сөздiң астарын түсiну қиын емес. Шәкәрiм қорқаулардың қамауында қалып, өмiрiне қауiп төнгенiн сездiрген.

Шәкәрiмдi құтқарып алуға нендей әрекет жасалғаны әзiрге мәлiмсiз. Мәлiм нәрсе – Шәкәрiм Құдайбердиевтi ақтау жөнiнде алғаш мәселе көтерiлген алпысыншы жылдары осы хат Сәбеңнiң есiне түсiп iздестiре бастайды. Хаттың архивке түсуi де мүмкiн ғой деген жорамалмен белгiлi библиограф, ғалым Әбдiлхамит Нарымбетовтен көмек сұрайды. Архивтiң ұңғыл-шұңғылын көбiмiзден артық бiлетiн Әбекең, iзденiмпаз атағын ақтап, Шәкәрiм хатын көп күттiрмей тауып бередi. Сәбең бұған балаша қуанып, iнiсiнiң арқасынан қағып, алғысын жаудырған.

Кім біледі, уақыт оза Мағжан істі боп жүргендегі екеу ара жазысқан хаттарының табылғанына да қуанар ма еді, қайтер еді. Мағжан – Сәбеңнің алғашқы мұғалімдерінің бірі. Идеологиялық майданда айқаса жүре, ол Мағжанға қолұшын беруден аянып қалмаған. Қаншама араздасып жүрсе де қуанышта, қайғыда табыса кететін таза қазақилық мінез бар емес пе. Сол мінез байлығы Сәбең тұлғасын ерекше тартымды ететін.

Жетпісінші жылдардың бас кезінде екі жылдай Сәбеңмен жиі ұшырасып тұрдық. Терең шатқалды қақ жарып өтетін асау өзеннің екі жақ бетінде демалыс үйлері, кілең саяжай. Үкімет мүшелеріне жаз айларында берілетін саяжайдың маған тигені Сәбеңнің саяжайымен көршілес екен.

Медеу шатқалын көрген де, көрмеген де арманда. Әсіресе кешқұрым шақ шіркінің тіпті жайнап кетеді. Ақ шаңқан Алатау өзі асқақтағанымен қоймай сенің де көңіліңді әлдебір арман биігіне қалықтатып көтеріп әкетеді. Екі беткейдің екеуінде де нау тартып ашылған, мау тартып түлегі жайқалған өсімдік көз жауын алады. Оған таудың тұнық ауасын, әтір иісті тыныштықты қосыңыз. Осының бәрі мына фәни жалғанның жарығын адам неліктен қимайтынын жаныңның ең бір мұталлақ тылсым түйсіктеріне дейін жеткізіп ұқтырады.

Медеудің дәл сол сылаң сұлу сәтінде қызметтен мойның босаған сен де асыға жетесің. Сонда алдымен көретінім – Сәбең. Арқа сүйері биік қара күрең түстес креслода тақиясыз, аппақ күміс шашы қобыраңқырап, Буддаға ұқсас жалпақ шықшытты беті батар күннің сәулесінде күреңітіп, көзін шарт жұмып отырар еді. Тағы бірде раскладушкада шалқасынан жатқанын көресің. Жәй жатпайды. «Ғалияның қолында-ай бұйда пышақ», – деп тарғыл даусын көтеріп әндетіп қояды.

Үлкен кісінің демалысын бұзбайын деп, ақырын басып қасынан өте берем. Қайдан сезе қоятынын қайдам, «Әй, Шериаздан, кеп қалдың ба? Бері кел!» – деп қол бұлғайды.

Қасына келгенде басқа біреу болса амандықтан соң қаланың жаңалығын сұрар еді. Не болмаса, Сәбеңнің биоғ-

рафы, ғалым, жазушы Темкең, профессор Темірғали Нұр-тазиндей: «ЦК-ларыңда не жаңалық?» – дер еді. Сәбең өйтпейді. Сәлемінді алар алмастан:

– Баяғыда біздің жақта Шойтемір деген кісі болып еді...– деп жаңа бір әңгіменің басын қылтитады.

Не төтесінен сұрақ қояды. Бұл жолы сөйтті.

– Шериаздан, сен қалай ойлайсың? Осы Ғабит бәйбішеден, мен тоқалдан туыппын ба сендер үшін?

Сөздің төркінін түсінген мен аузымды аша беріп едім, «тоқта» дегендей қолын көтерді.

– Білем, білем, – деді жайбарақат, сенің жазығың жоқ.

Мен 1971 жылы Баспа комитетіне төрағалық қызметіне тағайындалдым. Сол жылы жазушы Ғабит Мүсіреповтің бес томдық толық шығармалар жинағы жоспарға енгізілді. Ойымызда соның бірінші томын жазушының жетпіске толған мерейтойына дейін шығарып үлгеріп, тарту ету. Сәбең бұдан хабардар екен. Өлгінде «алаладыңдар мені» деп өкпе артуының жөні бар. Мен Баспа комитеті жүйесіне келгенде Сәбит Мұқановтың таңдамалы жинағының он алты томының алты томы шығып үлгеріпті. Сәбеңнің өкпелейтіні таңдамалыға қайта басылған туынды есепті гонорар толық төленбейді. Ғабеңнің толық жинағы жаңа басылған туынды қатарына жатқызылды. Оның әр баспа табағына, айталық, 400 сомнан қойылса, Сәбең сондай сома қойылғанымен оның 60 пайызын ғана алады. Әр сомның жартысынан астамын жоғалтады...

Менің жазығым жоқ екені рас. Сәбеңмен ақылдаса келе, орыс тілінде он томдығын шығаруды белгілеп, оны толық шығармалар жинағына жатқызуға уәделестік.

«Тоқалдан тудым ба?» – деген сауалға, енді ойлансам, ол көп мағына сыйғызған. Қомақты қаражаттан қағылуы бұған дейінгі көрген теперіштерінің жалғасы ғана. Балалық шағында жоқшылық зардабын шекті. Өзінің еңбек сүйгіштігі, Құдай берген алтын талантының арқасында болдым-толдым деп жүргенінде партбилетінен айырылды. Қараңғы үйге әне әкетеді, міне әкетедімен кешкен үрейлі жылдары ше? Одан бергі уақытта да жүйкесіне тиген жағ-

дайлар аз болған жоқ. Мұқан Төлебаев көшесіндегі екі қабатты особнякті береміз деп тұрған жерінен айнып кетті. Жасы ұлғайған адамға бір атым насыбайдан көңілі қалудың өзі ауыр тиетінін біліп әдейі істеді.

Жазушының жетпіс жылдық мерейтойы Абай атындағы Академиялық опера және балет театрында өткізілді. Әлі есімде. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Мәскеуге Сәбит Мұқановқа Социалистік Еңбек Ері атағын беру жөнінде ұсыныс енгізіпті деген алып қашты әңгімені бәріміз естіп, біліп жүргенбіз. Әдебиетіміз бен мәдениетімізді рухтандыратын сол жақсылықты көріп-білмекке келген жұрттың алып ұшты көңілі мерейтой басталар басталмастан-ақ су сепкендей басылды. Алтын жұлдыздың көзден бұлбұл ұшқанын президиум столына беттеген Сәбеңнің өрт сөндіргендей түрінен сезіп түңілдік. Сәбеңнің соңынан кеудесінде алтын жұлдызы жарқырап түркмен жазушысы Берді Кербабаев еріп келді. Жоғары жақтың жөні жоқ тарыға қалуы бұл кісіні де ренжіткен бе дерсің: қара қоңыр жүзі сұрғылт тартып, қабағын түйіп, әлдене ойға шомып отырды. «Апырай, – деп ойлаймын мен, «бір өзі бір кітапхана жазған», «халық қазынасына, ел мақтанына» (Ғ. Мүсірепов) айналған «жолы кең жазушыға» (М. Әуезов) өз қолымен орнатысқан, жанын салып қызмет еткен өкіметі бір моншағын қимағаны қалай?!»

Жыл сайын жұлдыздан жаңбыр жауғызатын үкіметтің Сәбеңе келгенде сараңсып тарыққаны елеусіз өткен жоқ. Той иесі сөз таба білетін айтыскер адам ғой. Білген кісіге оңай тимейтін сөздер айтты.

– Сәбит Мұқановты бүкіл әлем таниды, – деді ол мерейтой соңындағы дәстүрлі қорытынды сөзінде Бұл жазушыны әлі танып үлгірмегендер болса, өздерінің тантықтығынан көреді де.

Сәбеңнің «көңілсізден...» деп мәтелдеуінің мәнісі көп. Жазушының көңілі құлазығаны сонша, тың игерушілер туралы жаза бастаған романының мақамын келтіре алмай-ақ қойды. Баяғыда «Жұмбақ жалауын» қандай шабытпен жазып еді. Кеудесінде керемет күйлер ойнап тұрушы еді.

Мына романына кіріскенде, әшейінде жүрдек қаламы сүріне береді. Алғашқы нұсқасын журналға басып көріп еді, жұрт көңілінен шықпады. Өзіне жөнді ұнамаған шығарманың жолы болмайтыны рас. «Партийная жизнь Казахстана» журналында, түрлі жиналыстарда жер-жебіріне жетіп сынады. Сәбең сынға жауабын қалжыңға сүйеді. «Жаңа қала салу жеркепеден, времянкадан басталмай ма? – деді. Жеркепеде ұзақ тұра алмайсың. Ақыры романын аяқталмаған күйде архив жәшігіне сүңгітті.

Сөйтіп советтік сөзге дегенде қыры сынып көрмеген Мұқанов, бұл жолы айтты-айтпады, мүдіріңкіреді. Мүйеттелген балдай хал кешкен ол басында бұлқынып байқастады. Амал нешік, одан ештеңе өнетін көрінбеді. Сонсоң қолын бір-ақ сілтеп, бұрыннан өндіріп жазып жүрген тарихи тақырыпқа оралды. Шоқан туралы эпопеясын жалғастыруға отырды.

Әттегене, ойыңа алғаның іске аса бермейтін кезең де кезікпей қоймайды. Сәбеңнің енді денсаулығы сыр бере бастады. Өмірі маңайын баспаған санаторийлерді жағалады. Қуат-күштің қайтуы алдымен тізеңнен сезіледі екен. Таяқ ұстап, сылти басуды шығарды.

Кәдімгі Сәбит Мұқанов сонда да беріскен жоқ.

« – Әй, осы сендер менің сексенге келуіме күмәнданбайсындар ғой?» – деп күлдіретін жарықтық. Тағы бірде:

« – Осы Бальзагың да жұмыр басты пенде емес пе? Ол кітаптан тау үйсе, бізге өйте алмайтындай не бопты?» – деп өзін де, басқа қаламгерлерді де қайрайтын.

Соңғы жылдары уайымын жиілетті. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін», – деп отырғанын өз құлағыммен есіттім.

Өзін бел баласымын деп санайтын Кеңесі не себепті алмайтын сиырдай өгейсінеді? Осы арасын айырмады, айырғысы келмегенге де ұқсайды. Ал, жетем деп берік сенген сексені талай жыл жанын салып ұмтылған коммунизм сеңгірі секілді алыстан мұнартып, көкірегін өкініш, өксікке толтырып, көк жұлдызды армандай бұлтаң қағып жеткізбеді.

14 ақпан, 2000 жыл.

ЕҢБЕК, РУХАНИ СҰЛУЛЫҚ ЖЫРШЫСЫ

Бүгін таңдағы «Литературная газета», өзге де бір алуан Ресей басылымдарында идеологиялық рәуішті бір жаңалық көзіңе шалдықпай қалмайды. Ол – өткен-кеткен замандарға көзқарастың өзгере бастағандығы. Ресей тарихын бөле жармай, біртұтас Отан тарихы деп қарайық, осы ретте кешегі кеңес заманының артынан топырақ шаша бермейік. Орыс-кеңес тарихын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды, бұл да біздің ажыраспас біртұтас тарихымыз. Өзімізді-өзіміз жерлеп кемсітуден тыйылайық. Ғарыш пионері елін сорлы ғып суреттейтін ауыз ендігі қисайып та кеткен шығар деседі.

Ресеймен бір еуразиялық кеңістікті жайлағанымыздан ба, осыған өзектес идеологиялық сарын біздің елімізден де құлаққа шалынады. Үстіміздегі ХХІ ғасыр табалдырығын аттағаннан бергі жерде осынау сарын тіпті күш алып бара жатқандай. Атап айтқанда, ақын, жазушыларымызды байшыл, кедейшіл етіп бөлшектеп тастайтын бір кездегі әдебиет тарихымызды ұлттық тұрғыдан қайта қарап, қаламгерлеріміздің өмірі мен шығармагерлік қызметін саралағанда оларды бір-біріне тап тұрғысынан қарсы қойып ушықтырудан біз де арылып келе жатқан секілдіміз. Рас, қазақ кеңес жазушыларының бірқатарын олардың қызыл белсенділігін беттеріне шіркеу етіп, қатты-қатты ғайбат сын айтушылар да ұшырасады. Ол-ол ма, кейбірінің атын әдебиет тарихынан өшіріп тастаудан, не бірыңғай қарабет етіп көрсетуден тайынғысы жоқ. Бір зиялыларымызды батпақтан суырып шығарып, екіншілерін сол батпаққа қайта батырмақ...

Ғабиден Мұстафиннің бір кейіпкері: «аты томашаға сүрінсе де, өзі етке қақалса да, Советтің кесірі», – дейді.

Меніңше, біздің де өткенге өштеніп бірыңғай қара май жағуға салынушылықтан абай болғанымыз дұрысырақ. Жіберілген қателіктер айтылсын. Жауырды жаба тоқушылыққа жол берілмесін. Оған қандай қарсылық болуы мүмкін? Тек бір ғана нәрсе есте болса. Тарихи қайраткерлердің еңбегін бағалағанда ең әуелі олардың өз уақытының

мүмкін-қадерінше ұлтына қалай қызмет еткені тексерілсе. Ақын, жазушыларға келсек, бұл жампоз, жайсаңдардың еліне, жұртына болсын демейтіні жоқ. Бұл тұстағы басты өлшем көркемдік биік шындық дәрежеде жазылған шығармаларының ел әжетіне қалтқысыз қызмет ететін рух кенішінің қашан да сарқылмайтын қуатында болса керек.

Социалистік реализмнің көрнекті өкілі саналатын, биыл 100 жылдық мерейтойы аталып өтіп жатқан Ғабиден Мұстафиннің қалдырған зор мұрасына әділ баға, бірден бір дұрыс, объективті ғылыми көзқарас енді осы принцип тұрғысынан қалыптасар ма деп ойлаймыз.

Даусыз нәрсе сол, жазушы Ғабиден Мұстафиннің шығармалары – қазақ әдебиетінің «алыптар тобы» жасағындағы Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов туындылары қатарында Қазақстан, қазақ елі үшін ең бағалы, ең қымбатты рухани азық-сусын болған, бола да бермек. Кезінде академик-жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Одақта Александр Фадеевтер тарапынан биік баға алған «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды», «Дауылдан кейін», «Көз көрген» романдары қазақ әдебиетінің тұтас бір өркенді бел-белестерінің тұрпатын, ажарын айқындайтын шығармаларға жатады. Бұл тұжырым кешегі кеңестік бағамдардың жаңғырығы іспеттес көрінсе де шындық аясынан шығандамайды.

Әлбетте, романдары баспадан бірінен соң бірі бұрқырап шығып жатқан бойда оқыған, кеңестік дәуірдің ащы-тұщысын көрген ұрпақтың жүрегінде Ғабекен деген ілтифат айырықша. Өз басым асыл аға туындыларына жиі-жиі зер салып рахаттана парақтап отырамын. Өткен кезең сағыныш сезімін туғызады. Әр қайсысы бір-бір Алатаудай ағаларымыздың еңселі тұлғалары әлі де арқа сүйеріміз, әдебиет ұлылығын жасаған ел ұлылығы.

Ғабиден Мұстафин біз үшін – тірі сөз, жанды проза жазушысы. Мифі, идеалы, мұраты өзгеше қалыптасқан бүгінгі жас ұлан, жас ұрпақ елім, жерім дейтін дәрежеге өсіп жетілер болса, жазушының қазақ халқы тарихи тағдырларымен өзектес мұраларына неге үңілмесін, бұлар да үңілері сөзсіз.

«Ер Шойын» (1929) атты тырнақ алды жинағына кіріспесінде Ғабиден Мұстафин: «Кітапшаның мазмұнын ауылдың жалшы-кедейлері көрсетті», – депті.

Ұлт жайын ол өстіп қалың еңбекші бұқара көзімен көріп, ақ қағазға айнытпай түсірген. Жүрекке жетер сөз тұнығын да ауылдың мөлдір бұлағынан қанып ішкен.

Тырнақалды туындыларының өзінен-ақ бұл қаламгердің қамырықты көңіл күйі анық естіле бастаған. «Қан» әңгімесінде бір барымтаның салдарынан екі бірдей азаматтың сойылға жығылып жанұшырып жатқаны суреттеледі. «Байлардың малы үшін қырқысқан екі жалшыны аяп та, қарғап та келе жаттым., – депті автор қорытындысында.

Таптық көзқарас қой? Иә, солай. Бірақ шындықтың аты – шындық. Әлдебір теріс азу болмаса, бай мен кедей арасы аппақ еді деп өзеурейтін жан табыла қоймас. Бұл жерде баяғы өткен дау-шарға көңіл бөлудің өз сыры бар. Қазақ шаруасының енді-енді ояна бастаған қамырықты санасын, қоңыртөбел тірлігін суреттеп, әлеуметтік-психологиялық биік өреде талдауларға келгенде, Мұстафин қаламы сөз інжу-маржанына деген құмардан шығарып риза ететіні өз алдына. Енді бір сәттерде жазушының қамау терін алған сәйгүліктей ұшыртқан ойларымен қосарланған және бір қосалқы ойлардың жегегінде кетіп бара жатқаныңды бірақ аңғарасың. Ол – кешегі ауыл мен бүгінгі ауылдың арасында әлде не сабақтастық бар ма? – деген пікір.

Француздардың бір мәтелі: «дүние неғұрлым көп өзгерген сайын, бұрынғы ескі қалпын соғұрлым молырақ сақтайды», – дейді екен. («Чем больше все меняется, тем больше остается по-старому»). Айтты, айтпады, бүгінде бай, кедейге жіктелген заман қайта айналып келіп, екі тап арасы тағы да тым алшақтап бара жатқанда енді қалай болар екен? – деген ой сананның бір түкпірінен жалт еткендей болады. Көркем шығарманың өміршеңдігі дейтініміз, міне, осы.

Қазақтың «Елім-ай!» әнін жылап-сықтап шырқамаған кезі бар ма? Ғабиден Мұстафиннің «Көз көрген» мемуарлық романының алғашқы бетін ашып қалғанда мынадай суретке жолығасың.

«Ауыл көшіп жатыр. Әйелдер еңіреп, еркектер түнеріп жүр. Зіл қара түнді жапсарынан сөге таң сызаттап келеді. Таң сәулесін күткен әлем күлімдей бастаса да қам көңілдер сергімеді. Уһілеулер үдей түсті. Үрген иттер мен бақырауық түйелердің шуылына ырдуан арбалардың шикылы қосылып, алты ауыл бірден кең даланы күңіренге қозғалды».

Отаршылар тепкісінен ата-баба қонысымыздан айрылып ауған шағымызды Ғабекен қаламы осылай суреттейді. Күн шыққанда күллі әлем күлімсірейді. Келіспей тұрған тек қазақ қабағы ғана. «Итиіп қара шекпен келіп қонса, Басыңнан құсың ұшып кетер сенің», – деген Мағжан өлеңіндей жүрек қаритын сурет.

Табиғатпен астасқан бұл көш суреті пейзаждың күрделі түрі. Мұстафинде – пейзаждың көкесі. Тамылжыған табиғат пен тарыққан адам көңілі үйлеспеген. Астарында әлем-тапырық ой-сезім. Жерінен қуылған ел-жұртын жаны ашып қан жылаған сезімге қоса-қабат патша отаршыларын айыптаған терең де кекті әлеуметтік ойлар өрілген.

Құдайға шүкір, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, бақыт құсы басымызға қонды дейміз. Дссек те, «Көз көргенді» оқи бастаған бойда тағы да бір сауал көлденеңдеп тұра қалады. Мұстафин романы бейнелейтін ХХ ғасыр басында шөл-шөлейтке қуылған қазақ, міне, ХХІ ғасырдың табалдырығын аттағанда ата-бабалары жайлаған майлы құйқалы жеріне әлі күнге қол арта алмай, негізінен құмдауыт, шөлейттерде қоныстап отыр. Осы жағдайда жер сатыла қалса, тағы да қандай шекпен киген келіп жер-суымызда төстендейді деген сұрақ ой әлемінде сумаң қағады. Нағыз шынайы көркем суреттің уақыт өткен сайын өстіп басқа қырынан оқылатын қасиеті болады.

Мұстафин шығармалары әдебиетіміздің реалистік қайнар көзінен бас алады. Ұстаздық тағылымына да берік. Жазушының қай романында да алтын арқаудай үзілмей желіленіп отыратын бас тақырып – еңбек әлемі, еңбек күйі мен жыры. Осы арнада Мұстафин шабыты сомдаған екі бейнеге тоқталсам ба деймін. Бірі – тарыдан дүниежүзілік рекорд жасаған Шығанақ, бірі қажы Мұстапа тұлғалары.

Әкесі Мұстапа қажы жарықтық Ғабиденінің бала жасынан көкірегіне еңбек ұрығын еккені романның әр тұсынан көрініп қалып отырады. Сүйгембай ұста туралы қажының айтқаны көкірегінде былайша жатталыпты:

«Құмырсқаша қыбырлаудан жалықпайды. Ылғи еңбек үстінде көресің. Мінез, қылығы жат болған соң «Мұжық» атанды. Жұрттың оны «Мұжық» дегені кеміткені, менің өсіргенім. Мұжықтай еңбекшіл болса қазақ қор болмас қазақ», – дейді қажы жеткіншегі Сарбалаға.

Сүйгембай ұста бейнесі кейін қазақ әдебиетінің мақтанышына айналатын Шығанақтай керемет характерге ұласты.

Шығанақ жай ғана бір қара күш еңбек иесі емес. Дихандардың диханы. Оның еңбексүйгіштік қасиетіне «жасампаздық» деген айқындағыш қоса айтылар еді.

Шығанақ тары дәнінің тылсым тілін біледі. Не тілеп тұрғанын агроном Сергейдің қатқан қағидадан жазбайтын оқу-ережелерінен әлдеқайда артық түсінетін жаңашыл дана зердесі ұтымды суреттелген. Ол сонымен бірге сөзі қадірлі, кімге де дегенін істете білетін айдынды адам. Билік басындағылармен, білікті ғалымдармен, жалпы замана заңғарларымен өзін иіндес ұстайтын қарт, табиғатынан сіңген сұңғыла сөзгерлік, ел-жұрттың тілін тауып, соңынан ерте білетін ұйымдастырғыш қасиеттерін – бәрін ел ырысы мен дәулетін жасауға жұмсайды. Шығармада канал қазуға жұмылған ауыл адамдарының жалынды еңбек жарысы қандай әсерлі суреттелген десеңізші. Шығанақтың табандылығын «нағыз самодурға» балайтын Төкен дейтін мерезге қарт диканмен анда-санда айтысып қалатын орыс агрономы Сергей: «Түсінбегенсіз. Терең адам. Бойлау керек», – деп тойтарыс береді. Романның басынан аяғына дейін шырайын енгізіп тұратындар, міне, осы секілді жанды көріністер. Тарыдан өнім алуда әлденеше рет жержүзілік рекорд жасап, адамзат алдына түскен адам дәл осындай толымды тұлға болуы тиіс деген сенім көкірегінде берік орнайды.

«Шығанақ» (1945) романы жеке адамның еңбек өнегесін жырлау жолымен қазақ халқының бойындағы ерен твор-

честволық қуатты паш етсе, «Дауылдан кейін» (1960) жаңа өмірдің апыл-ғұпыл басқан адымдарын, қайшылықтарын нанымды, толымды, шыншыл суреттермен берсе, «Миллионер» (1948), «Қарағанды» (1952) романдары қара қазақ өзін-өзі басқара алмайды, оны не ақсүйек сұлтан, төрелер, не орыс, еврей, армян, басқа ұлт өкілдері ғана басқаруы тиіс деген нешеме ғасыр дәріптелген адасушылықты әшкере-релеп, ел тізгінін жаңа заман талаптарына сай ұстауға талабы да, таланты да жетіп артылатын Жомарт, Мейрам секілді парасатты басшылар типін алға тартты.

Ғабиден Мұстафин қазақ романдарында бұрын қозғалмаған тақырыптарды қолға алғанын, соны өрістерді жайлағанын кезінде өзі де атап өткен. Бұған қоса айтарымыз, жазушы Мұстафин әдебиетіміздің сурет галереясын ойға шомғыш, адымын санап басқыш, жиған-тергенін қорытқыш, көкірегі даңғыл, пәлсапашыл характерлермен байытты. Сондай үздік характерлердің бірі Мұстапа қажы бейнесі.

Бетінде қорасан дағы бар, төртбақ, сарышұбар Мұстапа қажының кей уағыздары бұрын әпенділік сияқты көрінетін. Ал, қазір Мұстапа қажының сол уағыздары өзгеше оқылатынын айтуға керек.

Он жеті жыл жылқы бағып жинаған азын-аулақ малын ешкіммен ақылдаспай сатып жіберіп, жас келіншегі Қадишаны шиеттей екі баласымен қалдырып, отыз екі жасында Мекке қайдасың деп тартып отырады. Пәлсапасы: «Құдай ризықсыз жан жаратқан жоқ, өзі асырайды». Түк басқан беті суық көрінгенімен, мейлінше кішіпейіл, аз сөйлесе де, саз сөйлейтін әділетшіл кісі. Мұхамбетшедей ауыл алпауытының тізесі батып зәбір көргендер қажыға мұңын шағып жүргені. Арызшыларға қажының берер көмегі – Құдайдан медет сұрау. Және ол сұраудың сипаты, пәлсапасы да өзгеше. Махамбетшедей зорлықшы, қиянатшының жазасын бер демейді. «Бишараға нысап, тауық бере гөр», – деп жалбарынады.

Енді осы уағызды «Көз көргеннің» жиырма төртінші әңгімесіндегі бір ұранмен салыстырып көріңіз:

*Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз.
Жарылқаймыз жарлы қалғанды.*

Уағыздың қайсысы адам табиғатына сай екенін тарих шешіп берді. Қиратқан ескі қайта жаңғырды. Жарылқайдың арты жаппай қасапшылыққа ұласты.

Мұстапа қажы болса, уайымы о дүние. Бұ дүние үшін Құдайдан тілейтіні: ел ішінде ынсап, қанағат орнаса...

Мұстапа қажы дәріптеген идея зорлық қылушыны зорлықтама дейтін киелі кітап қағидасына саяды. Өшпенділік, қатыгездік, мейрімсіздік – дерт. Жан ауруы, дейді Ғабиден романы. Қоғам ондай аурулардан күні бүгін де құлан таза айыға қойған жоқ. Сол себепті әдебиетіміз бұл идеяны өрлете түсуде. Жазушы Төлен Әбдіковтың «Парасат майданы» атты жаңа повесі бұған айқын мысал. Бір өзі екі адамға жарылатын, өзімен-өзі айтысқа түсетін повесть кейіпкері «адамгершілік мұратыңды сатудан» асып қабынған рухани сырқат болуы мүмкін бе, – дей келе:

«Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін иттің етінен жек көретін өлермен өзімшілдік, жексұрын мақтаншақтық, жаны ашымас қатыгездік, мейрімсіздік, іштарлық – патология емес пе?»¹ – дейді.

Кімді айтып отыр? Бүгінгі қоғам душар болған бұл рухани сырқатқа, қасіретке не шара?

Таптық қантөгіс қырқысқа кеңірдектеп әбден тойғандаймыз. Құдайым ондайдың бетін әрі қылсын! Ендеше, Мұстапа қажының дұғасын біз де іштей қайталаймыз. «Құдайым, енді мына жаңа қазақ, жаңа орысқа нысап, таупық бере гөр!» – дейміз.

* * *

Арман деген сөз ауызға жиі алынады. Бірақ нені барынша арман ету керектігіне ой көзін сала бермейміз. Ғабиден Мұстафиндей жазушымыз: «Адамшылық деген ұлы сөзді

¹ «Таң-Шолпан» журналы. 2002 жылғы 4-інші кітап, 32-б.

айта бергеннен көрсете берген жақсырақ»¹, – деген және соның үлгі-нұсқасын көркем бейнелері арқылы жарқыратып көрсете білген. Ол адамгершілік, бауырмал ел болуымызды армандады. Сол арман ізгілікке бастаса, өзімізді іштей жуып жаңалайтын күшке айналса, дүниеқоңыз майда-шүйделіктен жирендірсе, уақтатпай ірілетсе, неге сол аға қиял-арманына еліктеп қуат алмасқа. Біз жүрегімізді кісілікке, ізгілікке баулитын барлық қайнарлардан сусындауымыз керек. Ондай шоқ жұлдыз сирек екендігін де ұмытпалық.

Сирек жұлдыздың бірі – Ғабиден Мұстафин. Ол туралы менің досым Ғафу ақын: «Қазақта, әзірінше, Ғабиден бір, Ғабиден шыға бермес әр үйден бір», – деп тегін айтпаған.

Кескін-келбеті орыс өнді, жирен шашты, ақшыл сары, қапсағай денелі, кесек мұрынының танау тұсы етекті, сөзге сараң, не айтса да ойланып айтатын, алда-артын аңдағыш, қақ-соқта жұмысы жоқ, саған болсын деп тұратын мейірбан, шапағатты жүзі, іші сыр-жырға толы ағамыздың еңселі, ерен тұлғасы көз алдымызда барған сайын биіктей түсуде.

29 қыркүйек, 2002 жыл.

АТЫ ДА, ТАЛАНТЫ ДА КЕМЕЛ

– Ұнатқан қызыңды бетінен сүйіп көрдің бе?

– Былай қолынан ұстағаным болмаса, сүйеге ұялатынмын.

Бұл диалог әскери училищені бітіруіне оншақты күн қалғанда емтихан тапсыруларына да пұрсат берілмей майданға аттанып бара жатқан екі қазақ жігітінің арасында болған әңгімеден. Бірінің есімі фамилиясымен аталатын Мейірманов, екіншісі өз атымен аталатын – Мұхамед. Жазушы Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» деген романының (1983) кейіпкерлері.

Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда туған. Соғыс басталған 1941 жылы жайнаған жас он сегізді қаусыруға бет алған-тын.

² *Мұстафин Ф.* Ой әуендері. Алматы: Жазушы, 1978. 288-б.

Менімен бірге орталау мектептің 5-інші класында Мүшән деген бозбала жігіт оқып жүрді. Бойы сырықтай, бұзау ортасында жүрген өгіздей көрінетін. Бұның да жасы Кемелге қарайлас, он сегіз, он тоғыздарда болатын. 1941 жылдың маусым айында оныншы класты бітірген қыз-жігіттермен бірге түні бойы той тойлады да, ертеңіне военкомат повесткасымен соғысқа аттанды. Кемекең романынан жаңағы диалогты оқығанда оның өзі де, жаңағы Мүшән туыс та ғашықтық жұмбағын шешу былай тұрсын, бар жастығын окопта, қан кешіп жүріп өткізді-ау деп ойлайсың. Жас Кемел болса, «жығылсаң нардан жығыл» дейтіндей алабөтен қырғын – Сталинград окобынан бір-ақ шықты. Сондықтан орыс жазушысы Виктор Некрасовтың «В окопах Сталинграда» деген романы сияқты Кемел Тоқаевтың соғыс туралы туындысы окоптан жазған репортаждай оқылады.

«Оңтүстік батыс жақ тұтасқан қызыл тозаң...»¹.

Жас солдаттың Сталинградтың алаулаған қызыл жиегін көрген алғашқы күннен әсері. «Солдат күнделігінен» деген романға арнайы қосымшада суреттелген. Белгісіз солдаттың беймәлім күнделігі соңында 18 октябрь 1942 жыл деп қағазға түсірілген мерзімі көрсетілген. Соған қарағанда бұл күн Кемел Тоқаевтың алғаш майдан шебін көрген мезеті болар деп жорамалдаймыз.

Екі күн өткен соң алыстан қып-қызыл болып тозанданып тұрған көкжиек, тақап келгенде қанды реңінен айырылып, қараңғы түнекке айнала береді. Сталинград! Мұхамед, басқа да бірқатар солдат бұйрық бойынша 0,85 биіктікке бекініс жасауға тапсырма алады. Оққа ұшқандары оққа ұшып, қалғандары биіктікке өлдім-талдым дегенде жетеді. Дөң басында қираған танк тұр. Танк асты кісі бойы қазылған терең ор. Бұрышта бет-аузын қалың тікенек сақал-мұрт басқан, пилоткасын төбесіне жарбита киген біреу отыр. Түрінен кісі шошырлық. Бір жақ көзі орнында бармақтай аппақ жұмыр нәрсе ағараңдайды...» – Қан қатқан кірпігі әрең қимылдайды. Оң қолына гранатаны қысып ұстап алған. Оның жел-

¹ Тоқаев Қ. Солдат соғысқа кетті. Алматы: Жазушы, 1983, 49–50 бб.

ке тұсында, суық окоптың қабырғасында өлген адамның екі аяғы салбырап тұр. Басы, кеудесі шынжыр табанның астына жаншылып қалған. Жаралы солдат кезерген ернін жалап:

– Құдай үшін, бір жұтым су беріңдерші! – деді!¹

Жүрек суырар, әрі қарапайым сурет. «Шошиды» деген сөз болмаса, жан құбылыстарына тереңдемеген. Іштегі бұрқаған сезім әдейі бұқтырылған. «Солдат соғысқа кетті» романы үшін тән қатқыл стиль. Ондай стильден шығарма ұтпаса, ұтылып тұрған жоқ. Кейде дуылдасып отырған адамдар үнсіз қалғанда да бірталай нәрсе айтылып калады ғой. Мынау соның бір түрі. Соғыстың катал шындығын қатаң да қарымды жеткізудің тәсілі.

Тек қанды көйлек досы өлім аузында: мамам байғұс зарығып, мені босқа күтіп, екі көзі төрт болады-ау деп өзінен гөрі анасын қимайтын жерінде роман әңгімешісінің тамағына тастығылып қалғандай қалпын сезінесің. Кемекеңнің досы, отставкадағы полковник, «Тоқаевтың үш сыйлығы..» деген мақала жазған («Қазақ әдебиеті», 23 қазан, 1998 жыл) жазушы Қалмұқан Исабаевтан осы психологиялық көрініс жайында пікір айтуын сұрағанымда былай деп еді: соғыста қатты жарақаттанып әл үстінде жатқан жас солдат үнемі «мама!» – деп шешесін шақырып айқайға басып жатады. Ал, мосқалдаулары тұңғыш баласының атын атап қоштасады...

Сталинград шайқасының аяқталу қуанышы үстінде күнделік иесі түюлі қабағын аздап жазғандай болады. Әйтсе де бастапқы сараң, сығымды стилінен жаңылмайды.

«Үштен-төрттен сап түзеген неміс тұтқындарының ұшықиыры жоқ. Аппақ қар басқан жазық даланың үстінде ирелендеген қара жыландай шұбатылады.

Күн сондай ашық, шуақты жылы боп тұр»².

Сталинград шайқасының жеңіспен аяқталған қуанышын өстіп табиғат құбылысы арқылы шым-шымдап қана жеткізген. Бұл оқиғаның мерзімі күнделікте: 6 ақпан, 1943 жыл деп көрсетілген. Келесі беттері сонау Тула жақтан жазыла бастаған... Тағы да сол қысқа қайырылған қоңыр әңгіме.

¹ Сонда. 62-б.

² Сонда. 152-б.

Мұхтар Әуезов: оқ тілі – шолақ тіл дегенде осындай стильді айтқан болар.

Бірсыпыра соғыс тақырыбына қалам тербеген майдангер, майдангер емес жазушылардан айырмашылығы, Кемел Тоқаев соғыс романтикасына берілмейді. Шығармасындағы адамдар арақатысы жәй кәдуілгі қарабайыр өмірдегідей: жақсылық, жамандықтары аралас-құралас жүреді. Бір минуттық ғұмыры бар ма, жоқ па, онымен санаспайды. Біреуінің атып түсірген самолетін екіншісі иеленіп кеткісі келеді. Ұрыс-керіс, жау тұрсын, бір-біріне қараптан қарап өшігетінін айтсаңшы. Әрине, адамгершілік қасиеттері, жаумен жолбарысша алысатыны, бір-біріне қиын сәттерде көмекке келуде жаңылмайтыны – ол жағы басымырақ. Өйтпесе Жеңіс күні туар ма еді, тумас па еді.

Соғыс уақытының күнгеі де, теріскейі де романда бір-қалыпты басыңқы сарында жазылуы тегін емес. Автор сол кездегі баспасөзге тән даңғазалық, бос шелектей қаңғырлаушылық, қызыл сөзділік, жағымпаз жылмақайлық әуенге қарсылық білдіргендей. Жазу мәнеріне аға газет «СҚ»-дан бастап көптеген баспасөз органдарында қырық жылға жуық істеген журналист қызметі зәредей ықпал етпегеніне қайранмын.

...Кемекеңмен өз басым Баспа комитеті жүйесінде қызмет етіп жүргенде таныстым. Оған дейін сырттай есіміне қанық болатынмын. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі кеңес милициясы мен чекистерге арналған шығармаларға бәйге жариялағанда бірінші бәйгені қатарынан төрт рет алып қайран қалдырған лауреатты ол кезде білмейтін адам кемде-кем еді. Және детектив жанрына шеберленіп алған жазушының «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма» повестерін, кітап сөрелерінде шаң қауып жатпай тез арада өтіп кететіндігінен, баспа орындары пайда табу мақсатында әлденеше рет қайта басып шығарғанын да білетінмін.

Сырттай сыйлап жүретін адамыңмен кездескенде қалай сөйлесіп шүйіркелесетінің белгілі. Оның бер жағында кешегі Ұлы Отан соғысында тарихтың ең ауыр жүгін арқа-

лап, қазақтың абырой-даңқын аспанға шығарған, «Мен – қазақпын» деп кеуденді тік ұстауға жол ашқан жауынгер ұрпақтың өкшесін баса өскен біздер сол ұрпаққа ілтипатты, махаббатты боп өстік...Осы бір орта бойлы, қапсағай денелі, толқынды қою шашын сол жақ самайына құлата қайыратын, үстіндегі киімін бипаздап, қыл жұқтырмай ұстайтын, әрқашан сабыр суы сепкен орнықты адаммен аразмызда жылы шырайлы сыйластық қатынас орнаған.

Есте қалған бірер жәйтке оралайын. Кемекеңнің Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі ведомстволарының бас редакторы кезі. Бір күні маған «вертушкамен» телефон шалды.

– Бірер минутқа кіріп шығатын шаруа бар еді.

– Сізге есігіміз әрқашан ашық.

Келген шаруасы өзінің сөйлесіп бер деген адамымен ақылдасып тынған соң рахметін айтып орнынан көтеріле берді. Сол арада мен сәл аялдай тұрсаңыз қайтеді дегендей белгі бердім.

– Көптен көкейімде жүрген бір сұрағым бар еді. «Атаманның ақыры» деген фильмге байланысты. Шәкен Айманов ағамыз ерледі-ау. Қазақтың детектив киносын Одақтық биікке бір-ақ ырғытты. Ал, бұл керемет қызықты оқиғаның кітап бетіне күні бүгінге дейін ізі түспеген...

Кемекең жайдарлана жауап қатты.

– Түпкі ойыңыз түсінікті. Шытырман тақырыптың халқадары менен сұралатыны қызық...Қытайдың Іле округында тұрған атаман Дутов әскерінің жалғыз-жарым окпен-ақ тарағанынан мен де хабардармын. Жаркент уездік милициясының нәшәндігі Қасымхан Чанышевтің Жетісу облыстық ревкомына жазған хатымен, өзге де материалмен таныспын. Оқиға фильмдегіге ұқсайды да, ұқсамайды да...

Көпті көрген ысқаяқ қаламгер көкейімдегі ой желісін оп-оңай ұстай қойды. Қалайша риза болмассың.

– Кемеке, – дедім мен,өзіңіз білесіз, үш-төрт жылдан соң, бұйырса, Советтік Қазақстанның 60 жылдығын тойлаймыз. Соған даярлық ретінде «шабан үйрек бұрын ұшады» дегендей, жоспар жасау үстіндеміз. Көркем шығарма жоспар дейтінге көндіге бермейтінін түсінемін. Дегенмен,

«нет правила без исключения» деп тегін айтпайды ғой. Жаңағы таныспын деп отырған материалыңыз мереке тақырыбына дөп келеді...

Кемекең біраз үндемей отырды да, басын шайқады. Бірақ онысы, сәтін салғанда, ұсыныстан бас тарту болмай шықты. Кеудесін кере дем алды да:

– Ойланатын мәселе... Бала-шағаның нәпақасын айырып отыратын мекемеміздің ілуде бір қолқасын жерге тастауға болмайтын шығар, – деп күлімсіреп орнынан тұрып қолымды алды.

Уағдалы уақытта қолжазба да қолға тиді. Әлдене өндірістік себептерден аз кідіріс тауып, республика мереке күнінің аяғын іле-шала «Соңғы соққы» деп аталатын, целлофанмен жабылған қызыл мұқабалы кітаптың сүйінші данасы столымның үстінде жатты. Қат-қабат жұмыстардың арасында жаңа роман беттерін парақтаймын. Кей кітапты киносын көргеннен кейін самарқау оқисың ғой. Бұл жолы олай емес. Әу дегеннен-ақ қызықтырып тартып әкеліп барады. Бір жағы кино былай басталып еді, бұл қайтер екен дейсің. Романның бірден қызықтыратыны – тарихи құжаттарды ұтымды пайдаланғанынан ба деймін.

Оқиға жедел қабыл басталады. Қауырт жағдай телеграф стилінде баяндалады. Бірден бар оқиғаның мән-жайына қанығасың. Детектив мініскері кейіпкерлерінің Жаркент пен Верный арасында алмасқан телеграммалары арқылы сол кезде Жетісуда орын алған қиын-қыстау жағдайды алақанға салғандай етіп бейнелеп береді. Атаман Дутов армиясының Жетісу өңіріне қара шегірткедей қаптамақ қауіпі төнген. Бір бандысы шекарадан жасырын өтіп үлгіріп, жергілікті халыққа қанды шеңгелін сала бастаған. Верныйда – бүліншілік. Кеңес өкімет орындары жан ұшырып қарсы әрекетке кіріскен. Сюжет бірден ширығып, оқушы назарын тасқын суға іліккен жаңқадай жұлып ала жөнеледі.

Мен телефон шалып, Кемекеңді творчестволық сәтті табысымен құттықтадым. Жәй шығарып салма, көңіл жықпас сөз болмасын деп, өзімше «Соңғы соққыны» орыс кеңес жазушысы Дмитрий Фурмановтың Жетісу өңіріндегі

дәл осы Азамат соғысы кезеңін суреттейтін атақты «Бүліншілік» романымен және Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры» атты көркем фильмімен салыстырып, қазақ жазушысы туындысының ерекшеліктерін ашуға тырыстым.

Дмитрий Фурманов Жетісу аймағында не болып, не қойып жатқанымен жолшыбай кезіктірген жергілікті адамдардың әңгімесін тыңдау тәсілі арқылы егжей-тегжейлі таныстырады. Қазақ жазушысы бұдан өзгеше детектив жанрының табиғатына сәйкес апыл-ғұпыл ахуалды тұжырымды тілде сипаттап береді. Есесіне «Соңғы соққы» романының композициясы кинофильмге қарағанда әлдеқайда кең пішілгені байқалады.

Шығарма екі бөлімнен тұрады. Бастапқысында дутовшылардың «қыран ұясы» қалай талқандалғаны суреттеледі. Атаман Дутовтың құрмалдыққа шалынған бейкүнә жан болып көрінбеуі үшін, шығармасының идеялық бағытын ширату мақсатында детективтік жанрдың әлеуметтік құлашы кеңейтілген. Банды жергілікті халықты атып, шауып қан қақсатады. Бұл жағдай романда ұлттық тақырыпты қозғауға мүмкіндік туғызған. Автор роман идеологиясын кинода жоқ Ораз Жандосов бейнесі негізінде дамытады.

– Жетісуда қан төгілді, – дейді Ораз Жандосов. 1916 жылдың дүрбелеңінен қанжоса боп босқан халық көп ұзамай атаман Анненков пен генерал Дутовтың ызалы ақ бандаларының қанды қылышына ілікті. Олар үшін адам тағдыры ойыншық болды. Басын шауып тастау, қылышпен кесіп қорлау, жүкті әйелдердің қарнын жарып, ішіндегі баласын найзаның ұшына қадап қою түкке тұрмады. Кейбір ауыл мен қыстақ түгелімен жойылып кетті. Кең дала сасық өлікке толы. Ескі тәртіп қайта орнаса, бұл өңірде қазақ атаулы жойылып кетуі әбден мүмкін...Атамандардың халық алдындағы қылмысы шектен асты, қайткенде бұл қанішерлердің көзін жою керек.

Қазіргі өтпелі шақта Азамат соғысы жайында кітап оқып отырып ақ, қызылдың қайсысының жағына шығатынының айыра алмай дал болатының бар. Бір ғана Мағжан мен Сәкен арасын түсініп зерттеудің өзінің қиындығы қаншама...

Бір көңіл аударарлық нәрсе, заман ауысып кеткеніне қарамастан, Кемел романының әу бастағы көркемдік бағыты еш күмән туғызбайды. 1916 жылы қазақ халқы ұлт-азаттығы туын көтерді. Кемел құбылanamасы – осы шындық. Дутов, ақ гвардияшылар Фурманов романында езілген пролетар жауы. Қазақ жазушысы шығармасында – қазаққа төнген қатер. Автор өзінің қай идеология жағында екенін жасырмайды. Қарсы жақтың көзқарасына да қиянат жасамайды. Оған Садық дейтін байдың мына сөздері куә.

– Басымызға бақ-дәулет қонғаны Алланың әмірімен деп жүрсек, құтымызды жасаған малшы-жалшы секілді құнсызда екен де. Бізге кісілікті танытқан, бай-манап қылған солар көрінеді, солардың арқасында жетіліппіз. Енді сол қарашаның арқасында ел боп отырмыз дейміз де!

Жеке меншік психологиясы дәл түсірілген. Құт-береке жасау адамның өз қолында. Жазушы осы шындықты айтқысы бар.

Мұқабасы көрікті «Соңғы соққы» романы су жаңа күйінде үйдегі кітапханамның сөресінде тұрғанына жиырма шақты жылдың жүзі болып қалған екен Кітаптың бұл данасы Баспа комитетінде оқылған сүйінші дана емес екенін айтуым керек. Менің қолымдағысы – автордың өзі сыйлаған данасы. Маржандай жазуымен мынадай автограф қалдырыпты:

«Осы кітаптың жазылуына себепкер болған қадірлі Шериаздан Рүстемұлына – асыл азаматқа. Автордан. К. Тоқаев (қолы). 25 қаңтар, 1982 ж. Алматы.»

Жазушының маған арнаған жылы сөзін жоғарыда баяндалған әңгіменің рас-өтірігін анықтайтын факт рстінде келтіріп отырмын. Ретін тауып ардақты ағамызға мақтатып ала қояйын деген арзан пиғылдан аулақ екенімді кешірімі мол оқырман түсінер деп сенемін. Сонсоң мына жәйді де ұмытпайық. Кемел Тоқаевтай талант иесінің, ер де өр ұрпақ жазушысының қаламынан туған әр жол енді тіптен қымбат. Мен қазір М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының тапсырысы бойынша 1960–1980 жылдардағы осы заман тақырыбына жазылған жарты жүзден

астам қазақ романдарына шолу іспетті зерттеу жазу үстіндемін. Сонда Кемел Тоқаевтың «Ұясынан безген құс» атты соңғы романын да талдадым. Биыл тірі тұрғанда сексеннің басын қайыратын жазушының ол шығармасын да еске ала кеткен жөн бе деп ойлаймын.

«Ұясынан безген құс» туындысы да шытырман оқиғалы роман жанрында жазылған. Осы жаппай оқылатын жанрдың майын ішкен Кемел Тоқаев енді детектив формасын ар-ұждан, құлық тақырыпты проблема көтеру мақсатына пайдаланған. Әдетте бөгде әңгіме шытырман оқиғалы шығарманың заңына қайшы келіп, шиеленіскен жұмбақ жағдайлардың шешілу қарқынын бәсеңдетеді. Детектив шығарманың шеңбері қылмыстың жасалуы мен әшкереленуі шеңберінен аспауы тиіс. Сонда да Кемел апас-құпас оқиғалары шапшаң алмасып, тартысы қатты бұралған домбыра ішегіндей шертіп тұрған сюжеттен саңылау тауып, ұлы Абайдың: «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесен істің бәр бос» деген ойын дамытатын тақырыптың жаңа бір қырын тауып, үлкен әңгіме қозғайды. Туындының соңына дейін қайталанып отыратын бұл әңгіме жетпісінші–сексенінші жылдар үшін тосын тақырып еді. Ол кезде ұлт мәселесі тек ұлы халықпен достық, интернационализм төңірегінде ғана ұйытылатын. Таптық принцип тіпті ұлттың бүгінгісі тұрсын, кешегі жайын жазғызбайтын. Жаза қалсаң өткенге үңіле береді деп сын қамшысының астына алатын. Ал, мына романда сол ұлт мәселесінің маңызды бір тармағы – ағайын ала болмауы мәселесі өрісті әңгімеге беттеп, детектив құпиясының бетпердесін жыртуға атсалысып, өзінше бір амалға айналып, оқиғаның тұтас арқаулы сюжетін ширата түседі.

Шегебай дейтін сауда қызметшісі колхозшыларды таразыдан жеуі үстіне ішіне пышақ айналмайтын қызғаншақ. Қызғаншақ құрты жегідей жеген қара ниет, ақыры жақын туысқанына өсіп кетеді деп пышақ салуға дейін барады. Сол Шегебай тағы да бір жақын туысының тойын тоз-тозын шығарам деп байбалам салады. Анасы Ләтифаға, әйелі Жаңылға тойға қатыспайсыңдар деп үзілді-кесілді тыйым салмақшы болады. Ләтифа тоқтау айтады:

« – Балам, мынауың білгеннің ісі емес, пейілі шикі, ақылы күйкі пенденің бишаралығы дер ем. Бауырыңды, жақын жұрағатыңды жат тауып, ортаңнан, жұртыңнан алыстап қайда барасың? Кімнен тірек таппақсың? Ұясынан безген құс оңбайды...»¹.

Роман шытырман оқиғасынан бір сәт ауытқымай, көлденең соқпаққа бұра тартпай-ақ осы ойын жеріне жеткізе пісіреді.

Шегебай – күрделі характер. Қомағай, сумақай, сенің атың тоқтай тұрсын, менің атым жүре тұрсын ғана емес. Өзгеден сыбағам артық болсынды еппен істейтін айлакер, алаяк. Айналасын арызбен де, өзге кулық-сұмдық істермен таптап, өшіріп құртуға дайын тұратын «таныс, бейтаныс» ағайынның бірінен. Жаңадан алған әйелін жасытып алмақ ниетте өтірік мас боп, шөлмектесіне не бір былапыт сөз айтқызғанының өзі не тұрады. Ар-ұяттан ада зинақор да. Өзінің бала таппайсың деп тастап кеткен әйеліне тағы да аяғын артпақшы боп жан ұшырады. Шегебайдың ағайын ортасына сыймай саяқ жүргенде тапқаны маскүнем басшысы. Сонымен және кісі өлтіріп түрмеден қашқан Ноян Тайшықбекпен ауыз жаласады. Ақырында қолы қан қылмыскерге айналады.

Қазақ ұямыз – таза, пәк ұя. Содан безсең азғындайсың деген идеяға шегебайлар қылмысын ашып, жазықсыз Қаражанды түрмеден босаттырып, Шегебай мен Нояндардың жымын білдірмейтін жылан жүрістерінің бәрін әшкерелеген милиция қызметкерлері Тайжан мен Майралар да қатысты. Олар бар жұмысын халықтың қалың ортасында жүріп атқарады. Не шаруасын тың тыңдау үшін емес, қазақ ұлтының ар-ұятты мал-жаннан биік қоятын моралына сүйеніп істейді.

Көріп отырғанымыздай, жазушы енді таптық таптауырыннан бойын аулақ салып, ұлтының көкейтесті проблемаларына бұрылған. Ол көтерген мәселелер әлі шешіле қойды

¹ Тоқаев К. Солдат соғысқа кетті. Романдар. Алматы: Жазушы, 1983. 307-б.

деуге келмейді. Демек, маңызын жоғалтқан жоқ. Ел бірлігін, ынтымағын, ұлт ұясын қадірлеп-қастерлеу – тәуелсіз Қазақстан үшін ең абыройлы міндет.

Естияр кезімде жауынгер ұрпақ кеудеме ер Төлеген бейнесінде ұялады. Қаһарман ағаларымызды мақтан тұттым. Есейген шағымда қазақ ұлтын ержүрек ұлт атандырған осы Ұлы Отан соғысы ардагерлері деп басымды идім. Соғыстан аман-есен оралған сарбаздар еңбекте те ерен ерлік көрсетті. Жас ұланды тәрбиелеуге, ел-жұртын рухани көркейтуге қаншама тер төкті. Аспаннан түскен десетін Таурат, Зәбур, Інжіл, Құран кітаптары ықылым заманнан бері адамзат рухани әлемін байытудың сарқылмас қайнар көзі болып қызмет етуде. Қалған кітап қазынасының бәрін Тәңірі қалауымен ғалымдар, жазушылар, өзге де қаламгерлер мен баспагерлер жасаған. Кемел Тоқаев даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы. Рухани асыл қазынамызда оның да мол үлесі бар. Біз сол ер ұрпақ өкілдерінің Отан, ел алдындағы адал, ардақты, жанқияр еңбегін әлі жете бағалай алмай келе жатқан сияқтымыз.

9 наурыз, 2003 жыл

ШЕРХАН ШЕРІ...

Қазақ әдебиетінің Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтерден қалған бір ұлағатты, өзіне тән дәстүрі бар. Ол – қаламгерлік жолда журналистік һәм жазушылық өнерді қатар алып жүру, екі саланың екеуіне де үзбей қатысып, үстемелете, үдете, жарыстыра жазу. Дәл қазіргі кезде қазақ әдебиеті қайраткерлерінің арасынан, меніңше, бұл дәстүрді жалғастырушылар басында айырықша үздік көрінетін бір ғана жазушы бар. Ол – Шерхан Мұртаза.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Шерхан Мұртаза – публицист, редактор» деген тақырыпта диссертация қорғалды. Арнаулы ғылыми алқада бір тарап ойлар баспасөз бен көркемсөзді жарыстыра жазудың жемісіне байланысты пікір алмастыруға ойысты. Қорытындылары бүгін 70 деген жетіп піскен жастағы жазушы Шерханның еңбегін бүгінгі қауым қалай бағалайтынының жаңа айғағындай қабылданды.

– Шерхан Мұртаза, – деді диссертациялық кеңес мүшелері, заманымыздың бетке ұстар атақты суреткері. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Жазушылық жолын негізінен газеттен бастаған Шер-ағаның публицистикалық, редакторлық қызметін зерттеу дегеніміз не деген сөз? Мұның аты – бүгін таңдағы қазақ бұқаралық ақпарат құралдарының жеткен жері, шыққан биігі туралы әңгіме қозғау деген сөз. Шерхан Мұртаза қаламынан туған дүниелер осы заманғы публицистиканың жоғары үлгісіндегі ерекше өтімді, дәлелді, өмір шындығын дөп басатын, алдына қойылған проблемаларды үлкен жауапкершілікпен, терең талдау жолымен көтере білетін, көп кеселді кінәраттарға кінәлілерді бетің бар, жүзің бар демей осып сөгетін, ойға бай, сөзге шешен саралы көсемсөз дәрежесінде танылуда. Бұл жөнінде Шерхан Мұртаза алдына түсетін публицист, ойшыл кемде-кем, тіпті әлі жетіліп өсе қойған жоқ десе де болады.

Бұған қоса осы публицистің қара қылды қақ жарғандай әділдігі де ауызға алынды. Бүгінгі әлде біреулердей ескі жұртта қалып қойған әлаулайды жаңғыртып, жылбысқы жылтырауық әуенге де, сарылған сарыуайымға да берілмейтіндігі, жақсы шындықты да, жаман шындықты да айта білетіндігі хақында талай мысалдар келтірілді.

Көп сөз шығындамай, публицистикалық ұшқыр ой мен астарлы да ажарлы көркем бейне құймасын жасайтын шеберлік үлгілерін Шерханның кез келген мақаласынан тауып алуға болады. Заманымыздың және бір кемел публицисі Камал Смайыловпен «Егемен Қазақстан» газетінде жазысқан хатында: жер қойнауындағы байлық жағынан әлемде бізбен теңесер ел шамалы екен. Ау, сонда «алтын сандық үстінде неге жалаңбұт отырмыз?» – деп, әнеу бір жылдардың келеңсіздігін бір метафора оғымен-ақ жайратып салып, көкірек сарайдағы әлдебір бұлыңғыр сезімге тіл бітіре алмай бітеу кеуде боп жүргенде, көңілімізді бірлеп, айызымызды қандырғанын қалайша ұмытпақсың.

Он жыл тәуелсіз даму барысында жерге тоймайтын жеміт көзді қызартқандай етіп Сары Арқада жаңа астанамыздың ақ қаласын тұрғыздық. Шекара көрпесін айнала қымтап, сонау болашақ ұрпақтардың «жер ашуы – жан ашуы» дауына қалмауына қамқорлық жасадық. Тағы да сол он жыл көлемінде ауылымызды абайсызда арандатып жарға жығып алдық. Осыған исі қазақ қауымы, баршамыз алаңбыз. Алайда Шерханның алаңдауындағы өзгеше бір тарихи торығу сарынына салынғандық, неге екенін, тіптен баурап алады.

– «Сайманы жоқ, майы жоқ... Ауыл қайтып күн көрер?!» – депті ол Камалға жазған соңғы бір хатында.

«Ауыл қайтіп күн көрер?!»

Иә, Шерхан Мұртаза бүгінгінің Асан қайғысынша тебіренеді. Асан қайғы: «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, Құлан қайтіп күн көрер», – деп күллі жаһандық болмысқа жаны ауырады. Ал, бүгінгі күнгі дуалы ауызымыздың бұдан алты ғасыр бұрынғы сөзді түрлентіп тірілтуінде қандай сыр бүгүлі?

Осының алдындағы және бір хатында жеріміз иен қалып бара жатыр деп қамықты...

Шындықшыл адамның тірлігі. Ондай адамның сөзіне бас иземесіне, құптамасына, құптай отыра ойланбасына лажың жоқ. Былтыр жазушы Қалмұқан Исабаймен бірге Баянауыл өңірін араладым. Мал үшін шынылығы сұлымен тайталасатын жоңышқа шөп не орылмай, не жейтін мал болмай белуардан келіп жайқалып тұр. «Обал-ай!» – деп бас шайқаумен болдым. Бұрынғы Жұмат Шанин совхозы мен Жүсіпбек Аймауытов ауылы арасындағы сексен шақырымдай жерде машинамызбен ал адас. Күре жолдардың өзі арлы-берлі қатынамаған соң шөп басып қаптал сүрлеуге айналған. Сұлулығы тіл байлайтын бұл өлкенің де мал-жансыз, қазақтың қоңыр жатаған ауылдарынсыз сәні келмей-ақ тұр. «Баянаулада ән неге шырқалмайды?» деген мақала жазайын деп отырдым да, бұл тақырыпта бұрындар ауыл хақында жазғаным елеусіз қалған соң қолымды бір сілтеп тыйылдым. Оның бер жағында Шерханнан да сөз артылып жатпағаны белгілі.

Иә, бүгінгі ахуалдың күй-жайын Шерханнан естігіміз келіп жүреді. Жазғаны көзімізге түссе бас салып оқуға кірісеміз. О бастан сайлаулы жолы бар. Әлеуметшіл мінезінен жұрт тілегіндегі мәселелер қозғайды. Қысыр әңгімені, артық сөзді жек көреді. Сөйлемі қысқа, тұжырымды. Лебізі қатқыл, кесімді. Қай жазғаны «лауазымы көкке жеткен басшылардың» қытығына тиіп кететінін біледі. Әдейі іс-темегенін ақиқатқа жаны құмар жан болса, түсінер деп ойлайды.

* * *

Дәл осындай шындықшыл, ұлтым, қазағым десе ішкен асын жерге қоятын Шерхан – публицист, жазушы соңғы жылдары ғана қалыптасты дей алмайсыз.

Қайсыбіреулер кеңес кезінде шен-шекпен кигендердің бәрін ұлт мүддесін жадынан шығарып алды деп айыптайды. Бұл кемі – үстірт ойлағандық.

Меніңше, біз өткен тарихымызды сыңаржақ түсіндіріп жүрміз. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің нелер саңлақтары қалайша жойылып кетті? Әдеби асыл қазынамыздың жартысынан астамы неліктен кітапхана ГУЛАГ-ы дейтінде шаң басып жатты? Тоталитаризм не себепті сұрқиялығы, зымияндығы бірінен-бірі өткен қаулылар шығарды? Демократияға бетбұрыс заманының өзінде «қазақ ұлтшылдығы» деген сөз қайдан пайда болды? Осы сауалдарға жауап іздегенде көбінесе ақталуға тырысамыз. Ұлтшыл емес едік деп ант-су ішеміз. Рас, энеу бір лаң жылдарында жала жабу, пәле салу кең етек алды. Бірақ істің басқа қыры да бар екенін тарс естен шығарамыз. «Шөп басы жел болмаса қимылдамайтынын» мойындаудан қашқақтаймыз. Ондай желділік тоталитаризмді түп тамырымен қопаратын дауылға ұласпаса да, әр тұстан ұйтқыған құйынға ауысқанын көрсететін талай фактілер орын алғаны мәлім. Өткенді таразылағанда істің бұл жағы ұмыт қалмауға тиіс.

Ресми идеологияға назырқану, наразылық әсіресе ұлт мәселесінде жиі кезікті. Қызыл империяға «ұлтымды сүйемін!» деген сөздің өзі шаншу боп қадалатын. Мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениет жасаймыз дейтін қағида іс жүзінде ұлттық рухты тұншықтыруға, ұлттық сана-сезімді өшіруге бастайтын. Бұған қарсы әрекет әртүрлі формада бой көрсетті. Илияс Есенберлин шовинизмге қарсы ашуызасын жағымсыз қаһармандарына айтқызып тарқататын («Қатерлі өткел» романы. 1967). Әбділда Тәжібаев көп қырыс ойларын символистік өлең жолдарына сіңіріп жұмбақтайтын. Әбдіжәмил Нұрпейісов «Қан мен тер» роман-трилогиясында (1961–1970) бас кейіпкер Еламан өзі жан алып, жан беріп жүрген революцияның теңдік ұранына сенбестік білдіреді. «...Жер басқан жанның бәрі бірдей болады дейді. Жә, жарайды, адам баласының көкірегінде алалық болмас. Осы жұрттың ішер асы, киер киімі, сөйлер сөзі бірдей-ақ болсын. Бірақ құдай бірдей ғып жаратпаса қайтеді?» – деп күмәнданады.

Шерхан ше?

Шерханның ұлттық сезімі жастайынан оянды, кеңестік тәртіптің көп әділетсіздіктеріне іштей қарсылығы ерте білінді, көкірегіне шер боп байланды. Журналистік қызметінің алғашқы он жылында ғана, 1959–1969 жылдардың аралығында жазылған 100-ден аса заметка, корреспонденция, 5 фельетон, 8 рецензия, 47 очерк, 50-ден астам көркем публицистикалық материалдың бәрі сол кездің жетістіктерін алғауға құрылған десек, қателесеміз. Әрине, өз қатарынан қалмай Шерхан да кезінде мойнына қызыл галстук тақты, пенжегінің жағасына комсомол значегін қадады, Коммунистік партияның шыңдалған мүшесі ретінде «Лениншіл жас» газетінің редакторы, «Жазушы» баспасының, «Жалын» альманағының, «Жұлдыз» журналының Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші секретары, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы қызметтерін атқарды. Сол ағынмен «Егемен Қазақстан» газеті редакциясына, Қазақ радиосы мен теледидар комитетіне төрағалық етті. Соның бәрінде уақытының күнбағары да, сыншысы да болды. Сыншылдығы басым деп бүгінде құлаққа жағымды естілетін қорытындыға бармай-ақ қоялық. Оның есесіне қағаз бетіне не түсірсе де, өзінше бір сара бағыт ұстанғанын айту ләзім. Ішінен қайнап шыққан сөзі халқым, қазағым деп қаланды.

Жүрегіндегі елім, жерім дейтін ішкі қапа, асанқайғысы бірте-бірте көркем кестелі сөзге ауыса бастады. Журналистік және жазушылық екі түрлі мамандық, екіұдай қызмет болса да, иесі бір көзқарастан: ұлттық идея, ұлттық санадан ешқашан айнымаған. Ілкі кесек туындысы, халқы мен қоғамын мойындатып, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атандырған жұп-жұмыр «Қара маржан» (1976) романындағы Ақан қарт бейнесіне көз жүгіртіңіз. Өндірістік роман жанрынан сыналап орын тауып, осы бейне арқылы туған табиғатты аялау, ел мал-жанын көбейту мәселелерін жып-жинақы етіп қоя біліп, оқырман жұртшылықты елең еткізгені әлі есімде.

Жұртым-ау, саған атамекеніңнің қай тұсы да бөтен емес деп шыжалақтайтын Ақан қарт бейнесінің қазақы тақырыбын келіні курд қызы Фатимат тұлғасы байыта түседі.

«Үйге Фатимат кірді. Бір тізерлеп бесікке асылып отыра беріп, іргеге қарап емізді. Бала қомағайланып, мамасын сорып жатып, тынышталды. Бесікте бала емізген ананың бір айтып болмас өз сұлулығы бар. Әйел әдемі ән тыңдағандай нұрланып, тебіреніп, сәби ернінің шолпылынан әдемі ән тыңдағандай еріп, елжіреп отырады...

Өз үйі, өлең төсегінен осындай емшек емген баланың үні естілмеген адамның жан дүниесі мейірленуді, еміренуді жатырқап қалмай ма екен?»

Романның бас кейіпкері инженер Нариман осыдан қорқады. Неге?

Көркем шығарма түпкі идеясын туралап, алқа-салқа ашып бере бермейді. Фатимат бейнесі арқылы жазушы не айтқысы келгенін сын немесе оқырманның өзі іштей ойлап білуге тиіс. Біздіңше, Шерхан публицистикасында әр қырынан талай толғанып көтерген проблемаға қайта айналып соққан. Бір басын екі ете алмай жүрген қазақ тағдырына жұрт назарын тағы да аударса, бұл өмір дегенің өндіріс технологиясын жетілдіру мәселелерін шешумен шектелмейтінін түсінгендіктен туған харекет еді.

Автор өзінің шерлі тақырыбын әсіресе үлкен өрісті, кең тынысты «Қызыл Жебе» атты бес кітаптан тұратын эпикалық роман-хамсада терең де жан-жақты өрістетті. Қалай өрістеткені хақында талай нәрлі пікір айтылды. Бұл жерде оның бәрін қайталаудың қажеті аз. Айтпағымыз басқа.

Осы күні кейбіреулер «қызыл» деген сөзді естісе шоршып түсетінді шығарыпты. Әбділда Тәжібаевтың «Майра» атты пьесасынан большевик кейіпкерді сылып тастаса, туынды бүгінгінің әжетіне жарап кетер еді деген әбестікті де естігенбіз. Меніңше, большевик бейнесіне де кіл таптық көзқараспен қараудан арылуымыз керек. Бізге ел перзенті, қайраткері қай заманда да уақыт, жағдайға қарай ел-жұртына, халқына қызмет ету жолын, айла-амалын таба білуімен қымбат. «Мысықтың қара, сұрылығында не тұр, тышқан ауласа болды емес пе» деген сияқты. Ақ та, қызыл да бола жүріп ұлтының игілігіне еңбек сіңіре алды ма? Міне, мәселе қайда жатыр...

Осы тұрғыдан келгенде «Революцияның Қызыл Жебесі Тұрар Рысқұловқа ескерткіш» делінген роман эпиграфы өз жүйесін табатынына әбден кәмілмін.

Қызыл Жебе!

Шын мәнінде бұл – рәміздік бейне, кең өрістетілген метафора. Романның алғашқы беттерінен біз бұл тура мағынасындағы садақ оғы емес, алдына қыл құйрық салмаған бәйге аты екеніне көз жеткіземіз. Торы ат тартқан садақ жебесіндей құлдырап жұлдызша аққандықтан да Қызыл Жебе атанған. Романның бағын ашып тұрған нақ осы сәйгүлік бейнесі. Қызыл Жебе тұлпардың тағдыры болашақ революционер, коммунист Тұрар Рысқұловтың тағдырының ақыр аяғы немен тынатынын алдын ала меңзеп тұрғандай.

Айуанның сұлтаны Қызыл Жебе жануар Саймасай болыстың қаныпезер қызғаныш отында күйіп кетті. Рысқұлға ұрлатқызып алып, киелі аттың етін жалмаған болыс өз басын да жалмап тынады. Саймасайдың қара жүрегін көздеп атқан мылтық түтінін бұрқ еткізіп шығартқан жылқы киесі қасиетті Қамбар ма дерсің.

Бұл хикаяның идеялық сыры айтты-айтпады алысты мезгейді. Қызыл Жебе тағдырын көр де, Рысқұлұлы Тұрардың тағдырын көр.

«Айуанда да асыл бар. Сол асылды шақырайған Айға қаратып қойып, қорылдатып қол салғанда, текті қан аспанға шапшып, анадай жерде тұрған болыстың бетіне сарт ете қалды. Болыс сескенген. Секем алды. «Осым бекер болды ма? Киелі болып жүрмесе нетті», – деді...

Бұл кезде есін жиған Рысқұл қиғаштап жатып, мына зауалдай сұм жағдайды көріп:

– Ө, болыс, қан шеңгелдеп қалдың ба! Тұра тұр, бұл зілдей салмақты, ауыр қан. Текке кетпес, – деді».

Үлкен әлеуметтік-тарихи мәнді сурет. Революция өзінің Тұрардай Қызыл Жебесінің де қанын өстіп ішті ғой...

«Қызыл Жебе» романының алғашқы екі кітабы 1980 жылы жарық көрді. Бұл Кеңес жүйесінің әлі дүрілдеп тұрған шағы болатын. Енді бір оншақты жылдан соң миллион-

дардың өзенше аққан нақақ қаны оқыстан селдеп, жендет жүйенің астан-кестенін шығарып, айпап-жайпап, қоға құрлы көрмей жапырып кетеді деген кәперімізге кірді ме? Асыл боздақтарымыздың қаны жібермеген тоталитаризм мінген атынан омырыла құлап жер қабатынын Қызыл Жебе тағдырын толғаған жазушының ойына келді ме, келмеді ме, – ол арасы бізге қараңғы. Авторға сұрау салуды жөн көрмедік. Шерханның өзін көтермелей сөйлегенін өз басым естігенім де, көргенім де жоқ. Қалай болғанда да, мен сондай едім, көрегендігім, сәуегейлігім бар еді деп төс қақпайтыны белгілі. Ондай мадаққа біз де бармаймыз. Ал, әдебиет әлемінің сезімталдық қуатына қайран қалып, «Міне, қайда рәміздік бейне күші!» деп, қол соғуға қақылы сияқтымыз.

Шерхан шері қалың. «Ай мен Айша» атты жаңа романының екінші кітабында жапон тұтқындарын көріп қамыққан Барыс ханның хал-ахуалы (фамилиясы – Мұртазаев) бұл трагедиялық жайлардың ұшы-қиыры жоқ екенін аңғартса керек.

«Байқамай қалыппын: қасыма Аргуня апай келіп тұр екен. Сүп-сүйрік сұқ саусағымен иегімді көтеріп көзіме үңіле қарады. Саусағы жып-жылы екен, тұла бойым ду ете қалды.

– Көзің тұнып тұрған мұң ғой, байғұс бала, не ойлап отырсың. Әлде біреуді сағындың ба?

– Иә, апай...

– Кімді?

– Әкемді, апай.

– Әкең қайда?

– Білмеймін, апай».

Мұртаза да отыз жетінің құрбаны, шәйіт кеткен.

Романның «Көк қалпақ» атты новелла іспеттес бөлімінде сын сардары Мұхамеджан Қаратаевпен жолығысып қаламыз. Мұндағы рәміздік деталь – көк қалпақ (көк шляпа). Көк қалпағын кластан орын таппай мұғалім Қаратаев терезе алдына қоя салады. Ол кезде еуропалық шляпа ауыл көзіне қайдан түссін. Сабақты жаңаша өткізе бастаған Мұханның көк шляпасы оның еуропалық дәрежедегі мол

білімін айғақтайтын әлдене нышан іспетті. Бір күні сабақ үстінде Мұхамеджан Қаратаевты үш әріп (КГБ) тағы да ұстап әкетеді. Есіктен аяғы кібіртіктеп шыға бере, класқа қайта бұрылады:

– Мені біреу жамандаса, сенбеңдер, – дейді.

Класс гу ете түседі. Балалардың біреуі Мұртазаевқа оқты көзін қадап, «халық жауы» деген зәрлі сөз шығарады.

Терезе алдында көк қалпақ қалып қойыпты. «Халық жауы» деген қаһар соққан сөзден зәре-құты қалмаса да, шляпаны ала-мала сыртқа жүгіріп шығады. Екі қолы кісендеулі ағаның басына көк қалпағын кигізеді.

Жазушы көк қалпақ деталін бұл жолы да әдемі ойнатып отыр. «Бәрі орын-орнына келеді. Мұны уақыт бұйрығымен істейтін жаңа ұрпақ. Келер ұрпақтардың амандығын тілейік» деген тілдің ұшындағы сөзді көлдетіп жазбай-ақ, көк қалпақ пен оны ағалап ала жүгірген бала образы арқылы сараң тұжырыммен аңғартатын сынайлы.

* * *

Ел өткен жолдың қасірет-қайғысы өлшеусіз. Зорлық-зомбылықтың ұшы-қиырына көз жеткізіп болмайды. Бірақ бұдан өткен өмірдің бәрін түгін қалдырмай қарғыстап, қарамайлау керек деген мағына тумасқа керек.

Әрі-беріден соң тарих сапарында сенің ата-бабаңның да көтеріскен жүгі қалған. Өткенді құсқың келетіндей етіп масқаралаудан абырой таппаймыз. Александр Пушкин: «Уважение к прошлому – вот черта, отличающая образованность от дикости» деп тегіннен-тегін айтпаған. Бұрынғының трагедиялық беттеріне үңілген Шерханнан алатын тағылым, аға ұрпақтардың ерлігіне, еңбегіне немқұрайды қарамайды. Қайта көркем әдебиет құралдарымен алғап, ардақтауға пейілді. «Шекшек шырылдайды» деген әңгімесін оқыдыңыз ба? Тіл жарағының қапысыздығы ма, суретінің нәзіктілігі ме, мазмұнының қарапайымдылығы мен сұлулығы ма, адамгершілік, ақниеттілік мұратының кіршіксіз тазалығы ма, – қай жағынан да әңгіме атаулының төресі.

Майдангер жесірі Хадиша кемпір қыршын кеткен күйеуінің және өзінің жас кезінің суретін бірге қостырып үлкейтіп түсіртіп алады. Шым-шытырық фабуласы болмаса да әңгіме оқыған бойда тартып әкетеді. Ежелгі махаббаттың мөлдір сезімдерінің соншалқы қарапайым сюжет барысында таудан аққан таза бұлақтай сылдырауына құлақ құрышыңды қандырып болмайсың.

Үлкейтілген монтаж фотоны көргенде Хадишаның «даусы жарқын-жарқын өктем шықты».

– Міне үлкейтіп алдым, – деді Хадиша суреттің бетін орамалмен сүртіп мәпелеп. – Төрге іліп қоямын. Құдайға шүкір, біргеміз, әйтеуір.

«Біргеміз» сөзі екі дүркін қайталанады. Тарихымыздың талай қиын-құзар асуларынан елін-жұртын аман алып шығуға қасықтай қаны қалғанша аянбай күрескен, сайысқан ерлер есіңе түсіп, бір сілкінбей қалмайсың. Солардың жасына өз жасыңды қосып, мың жыл екі мың жыл жасағандайсың. Соның бәрі «біргеміздің» сәтімен айтылып қалғанына байланысты.

* * *

Шерхан ел тарихын мақтаныш етсе, біз Шерханның өз өміртарихын, шығармагерлік жолын мақтаныш етуге тиістіміз. Мен мұны әсіресе жастардың құлағына жеткізгім, сіңіргім келеді. Сөзі ісіне сай осындай азаматтарымыз көбейе берсе деп ақ тілеу тілеймін.

Мына төмендегі фактілерге көз жүгіртіп көріңіз. Шерхан Мұртаза 1971–1972 жылдары «Жалын» альманағына басшылық жасады. Осы екі жыл ішінде басылым тиражы бастапқы 24 мың данадан 52 мың данаға бір-ақ ырғыды. Екі еседен астам. «Жұлдыз» журналындағы редакторлығы 1973–1975 жылдардың аралығын қамтиды. Бұл жолғы тираж он бес мыңға өсіп, 1975 жылы 211 мың данаға жеткен. «Жұлдыздың» биылғы, 2002 жылғы таралымымен салыстырып көріңіз. Жұлығынан келмейді. Не бары – 4120 дана. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1980–1989 жылдарында ре-

дакторлық еткен уақытты бұл басылым тиражы 45 мыңнан 86 мың данаға дейін шырқаған¹.

Міне, мұндай басылымдарды *бұқаралық* ақпарат құралдары деп толық мәнінде ауыз толтырып айтуға болады. Шағын тиражды басылымдар кітаптану ғылымының тілінде *топтық* ақпарат құралы саналады. Өйткені ат төбеліндей азшылықтың оқуынан артылмайды.

Шерхан Мұртазаның қазақ баспасөзін замана талабына сай алып баруындағы еңбегінің еш құпия сыры жоқ. Бұл сыр мәнісі – осы асыл азаматымыздың халқына әйгілі ұлтжандылығының сөзінен де, ісінен де ұшқындап тұратындығында, баспасөзіміздегі әлдебір төресымақтар секілді журналистерді, газетке қатысқысы келетін өзге қалам иелерін жүз-руына қарап алаламайтындығында. Қазақ елінің түкпір-түкпіріндегі қалам қайраты жалындап тұратын қыз-жігіттерді төңірегіне топтастырып, тәрбиелеп шыңдаудағы үлкен игілікті істерінде дер едім.

* * *

Шерхан шері...

«Қайғың болар шермен тең» дегенде ұлы Абай алдымен қалың елі қазағы, қайран жұртының мұңын мұңдағаны, зарын зарлағаны хақ. Қаламгер шері халық көкірегіндегі шердің тарқауына қарай тарқамақ. Жоғарыда әңгіме-дүкен құрғанымызда бұл турасында біраз пікір ширатылған да сияқты. Енді айтпағым: мақаланың атын қойғанда «шер» деген сөздің және бір мағынасы көкейімде тұрды. Ол Жуалы топырағында, аруақты Алатау мен Қаратау арасындағы Мыңбұлақ алқабында кіндігі кесілгенде құлағына айқайлап қойылған атына байланысты. Аты қойылғанда қасында тұрғандай айтайын, дәл сол минуттарда «Шер» сөзінің парсы тіліндегі баламасы «арыстан» екені ойда тұрғаны даусыз. Сонда Шерхан парсыдан аударылғанда «арыстан хан» боп шығады. Ел билеушісі тұғырынан көрінер ме де-

¹ Жақсылықбаева Р.С. Автореферат. Алматы, 2002. 15–16-бб.

ген үмітпен ырымшыл қазақтың қойған есімі... Үміт қалай ақталды? Құдайға шүкір, хан тағына отырмаса да, уәзірлік тәжін киді. Үкімет мүшесі болды. Жалпы билік дегенде, халқыңның жүрегіне сөзің жеткеннен артық қандай билік керек? Ал, арыстан мәселесіне келсек, сұрақтың бір сыңар шешімін «Сталинге хат» пьесасындағы мына диалогтан табамыз.

Сталин: Сен дәмеленіп қалма, Қазақстанға қайтпайсың!..

Тұрар: Өмір-бақи қайтпауға пейілмін, Қазақстан аман болса, халқым аман болса, өле-өлгенше ризамын. Халқым, сен аман бол! Құрбаның болуға мен дайын. Ал зор қатенің құрбаны болғандар! Сендер кешіріңдер! Сендердің рухтарыңды қарны тойған күні ұмытып шыға келетіндерден сақтасын тағдыр..

Кейіпкері, аялаған сүйікті қаһарманы – Тұрар алдындағы аждаһа қанша ысқырынып бақса да көжекше бүріспейді. Қайта бұл ысқырыну қайтпас қайсар характерді жани түседі. Айбары арыстаннан кем бе? Жүрегінің түгі бар деп осындайда айтса керек.

Ал, пьеса авторының өзі ше? Ол да шешімі тым қиын жұмбақ емес. Сауалға жауап іздеуші табылса, депутат Шерхан Мұртазаның парламентте ана тілін қызғыштай қорғап, ашына сөйлеп тұрғандағы даусына құлақ түріп көрсін..

* * *

Қайсыбір кісімен жанасып-жұғысуың мәз болмаса да, оны сыртынан қатты сыйлап, азаматтық келбетіне, ақиқатқа адалдығына, талант-талайына сүйсінген көңілден: «Әп, бәрекелді, тусаң ту!» дегізеді. Мен үшін сондай аса қадірлі адамдардың бірі – жазушы Шерхан Мұртаза.

15 қыркүйек, 2002 жыл

ТАУ ТҰЛҒА

Тауман Салықбайұлы Амандосовты, ол кісінің қазақ журналистика ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде әлі атақ-даңқы дүрілдеп аспандамай тұрған кездің өзінде-ақ, студенттік ортасы яки біздер, университет түлектері, Тәке дейтінбіз. Әлде түрінің сұстылығынан ба, өзін салмақты, сабырлы ұстайтындығынан ба, – барша жастар солай атап кеттік.

Енді мына жасымыздың биігінен қарағанда, Тәкеңді Тәкең дегіздіретін алдымен биік кісілік, адамгершілік қасиеттері ме деп ойлаймын.

Тәкең ондаған жылдар бойы Қазақ мемлекеттік университетінің білдей декандарының бірі болды. Жаңадан құрылған Журналистика факультетін үлкен факультеттердің қатарына қосты. Бұл жұмыс айтуға ғана жеңіл. Шын мәнінде, уақыт жегіштігі және жүйке тоздырғыштығы жағынан өте ауыр қызмет. Студенттер мен профессорлық-оқытушылық ұжым мың сан мәселе көтереді. Сол мәселелердің жүйесін таба білу керек. Алдына келген кісімен, шаруасын бітірсең де, бітірмесең де, түсінісіп, ризаласып қоштасуға тиіссің. Оның бер жағында, ректорат, аудан, облыс әкімшілігі, ЦК, өзіңнің азды-көпті шаруаң, бәрі анталап, міндет қойып, шақшадай басыңды шарадай қылады. Тәкең осы ұшы-қиыры жоқ істердің бәрін аспай-саспай, ретін келтіріп, жүйе-жүйесін тауып тындырып отырды. Тәкеңнен үйренер нәрсе көп еді. Талай қарбалас істердің басында жүріп, ғылыми, педагогтық-оқытушылық жұмыстан қол үзбей, бәрін абыройлы атқара жүре, бірге оқыған замандастары – көпшілігімізден бұрын доктор, профессор атанды.

Мұхтар Әуезов секілді замана заңғарлары алдында, ғылыми ортада, министрлік, университет басшылығы көзінде қадірі, беделі қандай еді. Журналистика саласының мүддесі үшін қайда салсаң да, бұзып жарып шығатын. Ресми орындардың алдына мәселе қоюда сөзінің өтпей қалғанын өз басым естіп көрген емен.

Алпысыншы жылдардың басында кітап шығарамыз деп талай мекеменің табалдырығын тоздырдық. Ештеңе өндіре алмай жүргенімізде «Газет жанрлары» атты оқулық жарық көрді. Ұжымдық еңбектің басын қосып шығартқан – Тәкең. Осындай қиын істерді ол кезін тауып мінсіз атқаратын. «Қалауын тапса, қар жанады» деген халық даналығының дұрыстығын Тәкең үлгісінде талай рет көріп жүрдік.

Профессор Тауман Салықбайұлы Амандосовтың қазақ журналистикасы ғылымын қаз тұрғызудағы еңбектерін жоғары бағалаушыларға мен де қосыламын. Біреулер заман өзгерді. Енді бұрынғы профессорларымыздың кітаптары қайта жазылуы керек деседі. Әрине, дұрыс талап. Бірақ бұрынғыны қайта қарау оған қайтып бұрылмау керек деген мағына бермесе керек. Профессор Амандосовтың таудай еңбектері туралы да соны айтамыз. Өйткені ғалымның еңбектеріндегі көп-көп қағидалар әлі де күшінде. Жаңағы аталған кітапта: публицистика жанры шындыққа суарылуы керек. Бұл ой-толғау атаулының негізгі принципі делінген. Шын жағдайды бетің бар, жүзің бар демей тұрасын айтуға керек. Өйтпей, жауырды жаба тоқып, оқыған жұртын нәумез қалдыратын мақаласымақ кімге дәрі дейтін пікірді ол дәрістерінде қайталаудан жалықпайтын. Ғалымның осы іспеттес ойлары, менің пікірімше, бүгінгі азат Қазақстан жағдайында маңызын, құнын жоғалтқан жоқ. Ақиқатын ашық, ақтара, батыл айтатын ақпаратқа әлі де зәруміз.

Тәкең өзі де ақиқатшыл кісі еді. Жаны шындықты сүйетін. Әділетсіздікке қасқайып қарсы тұра білетін. Айтайын дегенін өбектетпей, мәймөңкелетпей, тура бетіңе айтып салатын. Дұрыс нәрсені дұрыс, бұрыс нәрсені бұрыс күйінде ашық айтуда қаймығып көрмеген кісі. Алатаудай айбыны да, шуақты ашық күндей ақжарқындылығы да мол, жомарт жүректі азамат еді. Өз басым осындай ағалардың қасында ондаған жылдар бойы бірге жүріп, талай тағылым алғанымды тағдырымның тамаша сыйы санаймын. Тәкеңнің адамды бағалаудағы өзіне тән критерийлері мені күні бүгінге дейін ойландырады. Ол кісі білім мен моральды бір

туысқан ұғым санайтын. Оқуын жақсы оқыған студентке әрқашан ілтифатпен, зор құрметпен қарайтын да, керісінше, бір кезде үштікпен оқыған шәкіртіне іші жылымайтын. Ол тіпті қызмет дәрежесі өсіп, асып тасып жүрсе де, мұны кездейсоқ жағдайға балайтын, мойындамайтын. Бір қаламгер інісі туралы:

« – Осы жігіт үшке оқыған еді. Қазір романшы атанып жүр. Бір жазған әжік-біжігін оқимын деп жіп жұтқандай қиналған күй кештім. Білмейтін нәрсесіне жармасады. Оқыған сюжеттерді фактілерін өзгертіп қайта көсілтеді. Бәсе, орта-торта оқысаң, жазуың да солай, биіктен табылмайды, – деп отырғанын әлденеше рет есіттім».

Меніңше, филология ғылымдарының докторы, профессор Тауман Амандосовтың бұл пікірінің астарында құнарлы ой бар. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда іс басында кімдер отыруға керек? Тәкең тағылымы айқын: білімді, оқыған тоқығаны мол адамдарды тани біліп, кең жол ашу принципін басшылыққа алсақ, қоғамды жегідей жеген жершілдікке, сыбайлас жемқорлық дейтін жер астынан жік, екі құлағы тік шыққан және бір пәлеге кедергі көбейер ме еді, қайтер еді? Әлбетте, Тауман Салықбайұлының уағыздайтыны – нағыз білімдарлық. Сұранып, не араға біреулерді салып, қайыр тілеп жүріп қойғызған арам бестік емес, университет қабырғасында білім қуып, маңдай теріңмен тапқан адал бестік.

Әркім дос-жаранды жүрегінің қалауына жарай жинайды. Біреу кезінде бір партада отырғанына, біреу бір жерде бірге өскендігіне я қызмет ыңғайына қарай дегендейін. Тәкең жас шағында өзінің қуаныш-сүйінішін, ризық табысы тойларына негізінен бірге оқыған студент жолдастарын, солардың достарын шақыратын. Кейіндер ол компаниясы «колхоз» деп аталып, Тәкең сол колхоздың төралығына сайланды. Бұл бір жағынан әзіл, ойын үшін солай аталған, көңілдес дос, жолдастарын анда-санда жинайтын дастарханы еді. Тәкеңнің ақ бата, тілегімен құрылған осы колхоз нешеме ондаған жылдар бойы өмір сүріп келеді. Енді бақсақ, негізінен Тәкеңнің меймандарынан тұратын бұл «Оп-

тимист» атты колхоздың мүшелері де кезінде орта-торта оқымапты. Тәкеңнің өзі секілді елінің үмітін ақтап, бір кісідей еңбек еткен жандар. Яғни Тәкең дос, жолдас жинауда да өзінің сүйікті приципінен көз жазбағаны байқалады.

Тәкеңнің мінезіндегі және бір ерекшелік, ырымшылдығы болар ма еді. Жоқ, бұл көрінген ілгешектен сақтанып секем алушылық емес-ті. Ол машығын қалай атауға білмей тұрмын. Адал ырымшылдық десем бе? Мәселе былай: Тәкең жарқын, сәулелі сөздерге үйір де, оған кереқар жаман сөздерді ауызға алмауға тырысатын. Көпшілігіңізге мәлім, Тәкең әжептәуір әнші еді ғой. Соғыстан кейінгі жылы студенттік олимпиадаға қатысып, сыйлыққа ол кезде қат, таптыртпайтын шұлық, сабын алып, соны жуғандардың ішінде болғаным есімде. Колхоз жиналысының ең қызған кезінде Тәкең екеуіміз қосылып «Бозжорға» әнін шырқататынбыз. Сол өлеңнің бір шумағының соңғы екі жолы атақты Ғарекеннің, Ғарифолла Құрманғалиевтің айтуында: «Боларын бір сұмдықтың білген едім, Ауылы қалқатайдың алыстапты» деп келеді ғой. Тәкең осы әнді айтқанда оған кәдімгідей редакция жүргізіп орындайтын. Жаңағы екі жол бұрынғысынан мүлде басқа мағынада өзгертілетін. «Боларын бір сұмдықтың» орнына: «Боларын жақсылықтың білген едім, ауылы әй-әй жанның жақындапты» боп орындалатын.

Тәкеңнің жаман сөзден қашқақтайтынын естен шығарып, ағамыздан сөгіс естігенім бар. «Оптимист» колхозының екі сарай ақыны болды. Бірі – Манаш Қозыбаев, екіншісі – мен. Біздің міндетіміз – колхоз төрағасының даңқын асыратын ода жанрын үдету. Бір жиылысымызда аузыма мынадай өлең жолы түсті: «Амандосов дегенде Амандосов, Амандосовпен жүріңдер амандасып». Осы екі жолды оқып тұрып Тәкең жаққа көз тастап едім, жүзі жайнап отыр екен. Енді шумақтың қалған екі жолын оқиын. «Амандосовпен жүрмесең амандасып, Амандосов кетеді жамандасып!» Оқып болып Тәкеңе қарасам, қабағы қарс жабылып, жүзі суып кетіпті. Өзінің демде айтып салғыш шапшаң мінезіне бағып:

« – Мен сенімен қашан жамандасып едім?» – деді.

«Ау, Тәке, ұйқасқа кейде сөздің өзі сұранады ғой. Сыңар езу ат сияқты бұра тартып, өлең аяғына еріксіз конжия қалды. Көңіліңізге алмаңыз! – дедім.

Тәкең қолын бір-ақ сермеді.

Осындай дәлдір өлеңнің кесірінен арамызға кірбең енген жағдайда жүргенде, мен кенет қызметім ауысып, ЦҚ-ның баспасөз, радио және теледидар секторының меңгерушісі болып шыға келейін. Бір күні кабинетіме Тәкең кірді. Қарсы алып амандасып, орындық ұсынып бәйек болып жатырмын. Тәкең қабағы түнерген күйде ернінің ұшымен ғана мені жаңа лауазымыммен құттықтады. Ішімнен: «Апырай, бұ шалдың қабағы әлі қатыңқы, қалай жібітсем екен?» – деп мен отырмын. Жәй бір бос анау-мынау қысыр кеңестің соңын ала бере, Тәкене сұрақ қойдым.

«– Тәке! Сіз бұған дейін жылына неше кітап шығарып келдіңіз?»

Сөздің төркінін түсіне қойған Тәкең кем соқпайын деген болу керек:

«– Мен жылына екі кітап жазып шығарамын, – деді. Әр сөзін нығарлап шегелей айтты. Бірі аударма, екіншісі баспасөздің теориясы мен практикасы хақында.

«– Ендеше, Тәке, былай болсын, – дедім мен мен де әр сөзіме салмақ сала айтып... – Көріп отырсыз, Құдай бергенде, қазір бүкіл республика баспасөзі қолда. Сіз енді жылына екі кітап емес, сегіз кітап жазыңыз! Бәрін шығартып берем! – дедім.

«Беремін» деген сөзге жүзі жылымайтын пенде бола ма? Манадан қабағын салып суық отырған Тәкең, жымың етті. Онысына ыңғайсызданып қалды ма, іле жүзін салмақтандыра қойды.

«– Әй, Елеуенов, сен де қусың-ау! Мен қалайша бір жылда сегіз кітап жазбақпын?» – деді екі қолын жайып.

Екеуміз де күлгіден жарылғалы отыр екенбіз, кабинетті басымызға көтеріп қарқылдап күліп, бір-бірімізбен құшақтасып, қайта амандық саулық сұрасып, шұрқырастық ат қалдық. Сөйтіп, келесі колхоз мәжілістерінде «Бозжорға-

ға» қайта мінгесіп, әнімізді бұрынғыдай шарықтатын болдық... О, дариға, о да бір керемет қайталанбас қызық дәурен екен-ау!

Желтоқсан, 2001 жыл.

ӨМІРГЕ ӨКПЕСІ ЖОҚ АДАМ

Соңғы жылдары ол жазған дүниелерінің соңына Сапар Байжан-Ата деп қол қойып жүрді. «Ов» жалғауын бабасының есімінен шекіп тастады. Бабасы дейтініміз – Байжан Сапкеңнің арғы аталарынан. Байжан – Сақал – Серғазы – Ыдырыс – Ілияс боп келеді. Осылардың нақ ортасындағы Серғазы жас жағынан ұлы Абайға құралпы екенін еске алсақ, Байжан жарықтықты XVIII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген деп мөлшерлейміз.

Байжан мазары күні бүгінге дейін сақталған. Қазіргі Абай ауданының Құндызды деген жерінде тұр. Әнеу бір жылдары Сапкең Байжан бабасының басына барып құран оқытып қайтты. Содан шағын фильм түсірген екен, біздерді, дос-жолдастарын үйіне шақырып алып сол фильмін көрсеткен болатын. Қазақты көре алмайтын қайсыбір шовинист немесе өз ұлтына көңілі тоймайтын әлдебір дәлдір халқымызды өркениеттен ауылын аулақ салған ғып көрсеткісі бар. Сондағы бір дәлелі – қала салмаған, құрылыс өнеріне жоқ дейтін лақап. Қазақ құрылыс өнеріне жоқ болса, мына қорған не деп тұр? Шығыстың бұл өңірінің табиғаты белгілі. Қу медиен даланың қыс баласындағы бер қаратпайтын саршұнақ шытымыр аязы, ұлып ұйтқи соғатын бораны, шыжғыратындай ыстық аптабы, көктем-күзгі күні-түн тынбастан селдететін қара нөсер жауыны әрі-беріден соң тас екеш тастың өзін шыдатпайды. Шыныдай шытынатып бір жарып алса бітті, мүжіп үгітіп жібереді. Ал мына былай қарағанда шикі кірпіштен салынған үш құлақ мазар, міне үш ғасыр бойы селт етпестен міз бақпай тұр. Сонда бұл қазақ құрылысының осыншама берік қалануы-

ның сиқыры неде? Балшығын илегенде жылқы қылын, бие сүтін араластырған деседі. Кім біліпті...

Осындай артында белгі қалған бағзы атасының атына бекемделуінде не сыры барын кезінде Сапкеңнің өзінен сұрамаппыз да. Мың жасайтындай өзара білісуге де құлқымыз жетпей жатады ғой. Дегенмен, себептерін топшылауға болатын сияқты. Аруаққа сыйынып медет тілейтін ниеттен туса керек деп жорамалдаймыз. Сонсоң, Сапкең табиғатында дос-туыс жаранға қамқоршыл еді. Үрім-бұтағын түгендеп жүретіні байқалатын. Өресі айналымға келмейтін, дөртесі қысқаларға жатпайтын.

Бір ғана мысал. Қазақ елінің тұңғыш Президенті халқына ант бергенде элеумет атынан бата берген тоқсан жасаған қарт ақын Шәкір Әбеновты кім білмейді. Міне, сол Шөкең ақсақал сталиндік қапастан оралғанда Алматыдағы Сапардың үйінде қатарынан тоғыз ай қонақтап жатты. Қаланың үпті үйінің салтанатымен санаспайтын, жүріс-тұрысында оғаштығы көп, жағасы жайлауға кетіп, күн жаумай су болып жүретін осы тентек шалдың сынына Сапар да және оның өзі алдын ала қатты ескертіп қойған Күләші де шыдауын шыдап берді. Қабақтарына кірбің алмай күтті. Бұндай қошеметтің арғы жағында бір сыр жатыр еді. Оның мәнісі – түптеп келгенде, Байжан аруағын сыйлауда еді. Өйткені Сапар мен Шәкір ақсақал Тұрлығұл арнасынан тарайтын жылғалар. Тұрлығұл кіндігінен үш ұл туған: Байжан, Бәймен, Нұралы. Осы үш бұтақ күні бүгінге дейін, шүкірлік, өсіп өрбіп келеді. Сапарлар Байжаннан буын алса, Шәкір ұрпағы – Нұралыдан бас алады. Бір кездегі Семейдің әкімі Черновқа бата сұрай келгенінде: «Сенің жазығың жоқ, бірақ кәпірге бата жүрмейді», – деп төтесінен кеткен үргелектеп қорғалақтауды білмейтін жаужүрек шал дана шал еді. Басқа бір ұлықтарға пысқырып қарамайтын ол, ауылына Сапарлар меймандыққа келгенде иіліп төсек, жайылып жастық болып тік тұрып күтеді.

Ол кемді күн дәуренді дос, жолдас, жұрағат туыс ортасында өткізуден бәhre алуды соңғы жылдары тіпті ғадетіне айналдырды ма деп те ойлаймын. Өйткені меймандыққа

шақырғыш шалттығы бәрімізден басым-тын. Алып баратқан дәулеті жоқ болса да, дүйім жұртқа көлдей дастархан жайып, Алматының бүгінгі қисапсыз ресторан-кафелерінің талайынан біздердің көңілімізді демдеп, қызара бөрттіріп шығарып жүрді.

Қайран Сапкеңнің, уа, дүние деген, бұрындар кемістігін айтып тіміскілесек (ондайлық пендешіліктен бәріміз де кенде емеспіз), енді жақсылығын айтып тауыса алмайтынға шықтық. Тіпті «СҚ»-ның редакторы, яки үзеңгісі сегіз қабат кезінде де ол ерің еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай принципін ұстанбапты-ау. Қандай қызмет тізгінін иеленсе де, оның әлдебіреулердей кердеңдеп, талтаңдап қалғанын өз басым көргенім де, естігенім де жоқ. Естігенімбір інімнің айтқаны. Күні кеше өзі жауапты қызметке тартқан, кейін әлгісі аяқ астынан бармақтай бақ бітіп, үстінен қарайтын дәрежеге жеткен бір досымен қалайда тіл қатыспақ боп:

– Пәленшеке, пәленшеке! – деп жалбақтап соңынан қуып келеді дейді. Мансабы қолағаштай досы мойын бұрмай, лауазымды кабинетіне кіріп кетіпті. Мұның бәрін көріп тұрған інісі Сапкең үшін намыстанып: «Не көрінген сізге соншама жарамсақтанып?» – деп кәдуілгідей ренжиді. Сапкең үндемеді. Бірақ кейін інісіне: Сен ана пәленшекевді қонаққа шақыр. Ішінде мен болайын, – депті. Інісі Сапкеңдей ағасының бұл қылығына тағы да қайран қалады.

Жұмбақтың шешуі енді табылғандай. Мен де күндердің күнінде жоқтан өзгеге бола, Сапкеңмен кетісе жаздадым. Сонда Сапкең қоймай жүріп үйіріне қайта қосып алды. Кейіндер түсіндім: мың дос аз, бір жау көп. Кешелер ойнап күліп бірге өткізген жастық думанды күндерді қимайды екен ғой десек те сыйымды.

Өстіп дос-жаранымен кеуде салыстырудан қашқалақтайтын Сапар, өзі бұл мінезін кеңдікке балайтын. Келтелікті жаны сүймейтін. Әйтпесе айтыс-тартысқа, күрес атаулыға ол дәтсіз емес-ті. Зауал бұлты төнген шақтарын да көрдім. Сондайда ол иығы түсіп жасымай, қиындыққа қасқая қарсы тұра білді. Көңілі қамырыққан тар кезеңінің

бір белгісі маған сыйлаған «Архив – айғақ» атты 1988 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан кітабының алғы титул бетіне мынадай жазу боп түсіпті.

«Шекен, Жаңылдық!

Тоқырау кезеңінің теперішін көрген кездегі алданыш есебінде өмірге келген еңбек қой.

Қашан да қалам-қаруымыз қуат бергей деген ізгі достық көңілден

Сапар, Күләш.

Маусым 1988 ж.»

Спортсмен дене шынықтырудан күш алса, творчествоның адамы қаламынан қуат алады.

«Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы әрі Қазақстан Журналистер одағының төрағасының Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Архив Бас басқармасының бастығына құлдилау, әрине, асығын алшысынан түскендікке жатпайды. Сапкең демалыс алып, теперіш көрген жүрегін демдеу мақсатында Ыстықкөлге тартты. Көл айдынында құлаш ұрып жүргенде тұңғыш немере сүйетінін естіді, айнымалы дүние шіркін қайта шырайлана бастады. Төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қалды. Немереге ныспы қоятын – алғаш аты атанған кісі яки өзі. Не деп атаса екен ХХІ ғасырдың Байжановын?

Қазақтың ат қою дәстүрі алакөй-күлекей қызық. Біреу нәресте есімін өз атына не фамилиясына ұйқастырады. Енді біреуі ұрпағының болашақ мансабынан дәметеді. Әскери жоғары шеннің өзін есімге айналдырып ырымдайды. Тағы бірі мәселені саясатқа тірейді. Бағы асып тұрған әлем билеп-төстеушілерінің бірінің есімін бере қояды. Тағы бірі тіл-ауыздан аулақ болсын деп, ертең өскенде бала қысылып ұялады-ау дегенмен ісі жоқ, ойына түскен қисынды таңа салады.

Сапкең немересіне Манас деп ат қойды. Ол туғанда Манас елінде жүргендіктен бе, Манастай елін сүйгіш ержүрек батыр болсын деп тіледі ме, – кім біліпті. Естіп жүр: сарашыдан босанып мына қызметке ауысқанын дұшпандары «архивке» жібердік деп қылжаққа айналдырады дейді.

Мұндайда жүрек керек. Манастың атасы бесігінде тербетіліп жатқан шаңырақ, иншалла, шайқалмауы тиіс.

Сондай арпалыс кешкен кеудеден туған басылым ғой бұл – «Архив-айғақ» кітабы. Қаламынан қандай қуат алғандығы еңбегінің әр бетінен ұшқындап тұрады. Ол – кіл жаңалық ұшқындары. Бірінші бөлімнің өзі қандайлық. Қазақ қоғамдық ғылымына керек тұтас бір саланың желісі қағылған. Атап айтқанда, архивтану ғылымының құрамды бөлігі – мұрағат тарихына қанығасың. Қазақстанда архив қазынасы қалай жасақталды, қандай өсу жолдарынан өтті – бәрін алақанға қондырғандай етіп жүйелеп шыққан.

Кітаптың екінші негізгі бөліміне де «бәрекелді!» айтпасыңа лажың жоқ. Өйткені кілең тың мағлұматтарға жолығасың. Сіздің бұрын халқымыздың сандуғашы Күләш Байсейітованың күнделігіне көзіңіз түсіп көрді ме? Көрмек түгіл, ондай асыл құжаттың бар екенінен де беймәлімсіз ғой. Автор соның бәрін талдап, рет-ретімен әңгімелеп беріп, қымбат бейнеге соны штрихтар қосады.

Айтпақшы, қазақтың жанашыры, «Чапаев», «Бүлік» романдарында ұлтымыздың жаугершілік қасиетін мақтап, мадақтап жазған ақ ниет тілекшіміз революционер жазушы Дмитрий Фурманов туралы материал іздестіріп жүріп бір күні Сапкеңнің республикалық Архив басқармасына соққаным бар-ды. Қызметінен сүргін көрген адамның бет-әлпеті сынық келетін әдеті. Кабинетіне кіріп барсам, өй, ерің-ай, кескінінде ондай кірбіңнің ізі де жоқ. Біз, дос-жолдастары, Сапарды жасаңдау кезінде Сарбала деп атайтынбыз. «Желтая расаң дейтін нәсіліміздің нағыз өкілі осы кісі көрінетін. Сол өңі қоңырқайланып, бетінің ұшындағы қызылы көбейіп, редактор кезіндегі сұсты жүзі жұмсарып, шаршаңқылығы басылғанға ұқсайды. Кере қарыс биік маңдайының әжімдері сәл тереңдей түскені болмаса, өзі тіпті тыңайып қалған тәрізді. Бұрынғысындай ұқыпты, сәнді киініп отыр. Селдір сарғыш шашын құнттап, бипаздап тарап жүретін. Сонысының бәрі бәз-баяғы қалпында. Үлкен дөңгелек көздері күлімдеп, ірі, самаладай тізілген көкшіл-сарғылт түсті тістерін ақ-

ситып, отырған столынан шығып, көріктей кеудесіне құшақтап қысты.

Амандықтан соң столының үстіндегі менің шыққан жерім сыз иісті архив деп тұрған тау-тау папкілерге көзім түсіп, жөнін сұрап едім, маған жымия бір қарап алды да, сайрай жөнелсін. Сайрауының дені кейіндер жаңағы кітабына түскен әңгімелері. Соны жыр ғып айтады. Үсті-үстіне кәперіне келмейтін деректерді тоғытады. Аузыңды ашып, көзіңді жұмып дегендей, ал тыңда...

– Композитор Евгений Брусиловский Қазақстаннан атанарында керемет естелік қалдырып кетіпті. Өзінің жазған сазындай қазақ жүрегіне соншама тәтті, қымбат. Өнеріміздің тарихына ең қызғылықты беттер боп қосылатынына күмәнсізбін. Соны аудару үстіндемін. Әмісе оқырсыздар әлі.

Естігенімнің қайсыбірін айтып тауысайын. Ол үшін «Архив-айғақты» түгел мазмұндап шығуым керек.

– Сапке, байқаймын, шабыт кемесіне мінген екенсің. Іске сәт! – дедім орнымнан тұрып жатып.

Бәйгені ат жаратып шапқан алады. Қаламын «алданыш» еттім дегені әшейін сөз, шын мәнісінде ол, қаламын шабыт кемесі етіп, тағдыр теңізінің бұрқаған дауылынан аман-есен өтті. Өтіп қана қойған жоқ, шаршы топты жарып озып шықты. «Архив-айғақ» кітабы үшін Қазақстан Жазушылар одағының Ахмет Байтұрсынов атты сыйлығының лауреаты¹ атанды.

Журналист ретінде ерте айылы толып кемеліне келген Сапар, бергін публицистикадан асып, көркем әдебиет жанрларына көбірек көз тігіп, бұл адымын сын мен әдебиеттану ғылымына ойысудан бастады. Іле драма, роман-дарға иек артты.

Сын, әдебиеттану саласында ауыз толтырып айтарлық бір еңбегі – «Замандас туралы толғау» («Жазушы», 1973)

¹ «Иегері» деген жер бауырлап жатқан баламаны қолданғым жоқ. Ең жоғары марапат есепті «лауреат» ұғымының мағынасын жеткізбек түгіл, бұл балама маңайламайды да. «Лауреат» ұғымының мәні – лавр веногын киген яки даңққа бөленген деген сөз.

атты кітабы. Осы кітап негізінде жазушы Зейін Шашкиннің прозалық шығармалары туралы кандидаттық диссертация қорғады. Қорғау барысында ресми оппоненттерінің бірі ретінде пікір айтып, рухани өміріміздің ғылыми сын аталатын салиқалы саласында жемісті еңбек ете беріңіз деп ақ жол тілегенім есімде.

Қазір сынды оқымайтынына мәз білгіштер шығыпты. Ондайлардың Сапар Байжанов кітабын социалистік реализм тұрғысынан жазылған еңбек, зиянынан басқа пайдасы жоқ деп еріндерін шүйіруі ғажап емес. Меніңше, мұндай ұшқары, оғаш пікірлер әдебиет мәселелерінің ұштығын шығаруға септігін тигізбейді. Өзгемізді былай қойғанда, Мұхтар Әуезовтей заңғар суреткерлер де социалистік реализм шеңберінде ғылыми мағынасы терең көп-көп мақалалар туғызғаны мәлім. Біз, құдайға шүкір, ол еңбектерді ғылыми айналымнан шығарып тастаған жоқпыз, өйтпегеніміз жоқ. Орны-орнымен пайдаланса, Кеңес дәуіріндегі сыни шығармалардың әлі талайы әдебиеттану әжетіне қызмет ете бермек. Сапар Байжановтың «Замандас туралы толғау» атты кітабы туралы да осыны айтуымыз керек. Кітаптың әу деп бастағандағы мына бір жолдарына көз жүгіртіп көріңізші:

«Ақылды сөзге де, мінезге де ұста, қиыннан қисындырып жіберетін іскер, тапқыр, тіршіліктің қамына келгенде айласы да, амалы да бесаспап, пысық адамдар аз емес өмірде. Тіршіліктің қожалары, қиыншылық дегенді білмейді олар. Дені сау, киімі бүтін, тамағы тоқ – қысқасы, «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ». Жақсы, өнегелі адамның үлгісі осы ма? Былай қарасаң, пәлендей көзге түсер міні жоқ, тіршіліктің жөнін білетін есті, онды адам. Ешкімге жамандығы, зияны жоқ, кінәсіз пенде. Соларға еліктеуіміз керек пе?»¹.

Автор қойған сұрағына «Жоқ» деп кесімді жауабын бірден береді де, неге олай дейтінін дәлелдеуге кіріседі. Ол дәлелдеріне қосылу, қосылмауын шарт емес. Әңгіме мәсе-

¹ Байжанов С. Замандас туралы толғау. Алматы: Жазушы, 1973. 9-б.

ленің қойылысында. Жазушы, сыншы, оқырман деп бөле жармай-ақ, бәрімізге ой салатын проблемаға бастауында.

Бозбала кезімізде ауылдың қара өлеңін көп жаттап өстік. Той-гомалақтарында әндетіп айтып та жүрдік. Содан қалған бір сарқыт жолдар еске түседі.

*Дүние ойлап тұрсаң жалған екен.
Ешкімге жеткізбейтін арман екен.*

Жалған деген сөзді мен бұрын қате ұғады екенмін. Өлең адам өмірінің қамшының сабындай қысқалығына опынады ма деп ойлаушы едім. Енді соған күмәндімін. Ау, бір келген дүниеден бір кетеді. Мұның не жалған, өтірікшілігі бар? «Өлмеймін десең тума» деген Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бірақ сол там-тұм өмірінде дүние – біресе көл, біресе шөл. Осы арасы түсініксіз. Бір уақ көкке самғатады. «Сенен бақытты кісі жоқ» деп әндетеді. Бір уақ көтерілген биігіңнен әлдене себеп тауып тастап кеп жібереді. Гүрс етіп құлап есеңгіреп жатқаныңда: «неткен бақытсыз бейбақсың» деп кеудеңе бір қасқыр кіргізіп ұлытып қояды. Алдамшы, жалған дүние деген сөз аузыңнан парлаған көз жасыңмен бірге ағытылады.

Сапкең қызметі еңістесе де, көңілін еңістетпеді. Қайта өрге өршелене өрледі. Аласармай биіктей түсті. Жазуын үсті-үстіне боратты. «Архив-айғақтан» соң 1995 жылы Абай қорының сыйлығынан үкі таққан «Абай және архив» кітабы жарық көрді. «Кеген–Қарқара» романы, «Ақ маржан», «Қияңқы тағдыр», «Әке», «Оқшау тағдыр», «Сағындым сені, Ләйлөк», т.б. әлденеше повестер мен әңгімелер, «Не дауа?», «Пікір-талас», «Заңғарлар», «Кім әулие», «Зар-запыран» атты пьесалар жазды. Соңғы аталған пьесасы үшін Абайдың 150 жылдығы қарсаңында Мәдениет министрлігі жариялаған бәйгеде жүлделі орынға ие болды.

Бұлардың сыртында тағы да екі кітап дүниеге келді. Сол екеуін де маған сыйлады. Мұқабасын ашып қалсам, автографы осының алдындағы кітабындағыдай жабырқап іштей тынып тұрған жоқ. «Құштарлық қуаты» («Ғылым», 1996)

атты мына кітабында Сапкең үйреншікті сарынына салып сар желеді.

«Қадірлі Шекен, Жаңылдық!

Достығымыз, қызығымыз, ыстық-суығымыз басылмасын.

Ізгі көңілден

Сапар Байжан-Ата.

01.02. 97.»

Кітабының алғашқы беті «Көңілден сыр себеп боп шашылса» деген кіріспе мақаламен ашылады. Қайғы-сарсаңынан қалай құтылғанын ашып жазбаса да, ишаратын жасап, Леонардо да Винчидің бір нақылын эпиграф етіп алады. «Көп еңбектенгенге бақыт өзі кеп бас иеді».

Сапкең кітаптарына ат қойғыш еді. Осынысынан және ар-инабат, құлықтылық, мораль тақырыбына қалам сілтегіштігінен жастар газетінде көп істегендігі байқалатын. «Жастық шақ – жауапты шақ», «Сыр мен сымбат», «Сұңқар көңіл самғайды», «Ұлыма хат», «Бес қиян – бес дәптер» дейтін публицистикалық кітаптары: «бұл басылымдар, жастар, сендерге арналған» деп анадайдан айқайлап тұратын.

Ал, мына кітабына «Құштарлық қуаты» деп ат қояды. «Сила страсти» дегені ме, қалай? Орысша тәржімасы қазақ сөзінің мағынасын дұрыс жеткізсе, бұл шынында да қуаты өлшеусіз сезім. Күштілігі сондай, не бір жойқын характерінді жел бұйдасынан жетелеп әкетіп, дегенін істеткізеді. Сапар Байжановтың жаңағы кітабынан ондай құштарлық сезімдер кезіге ме? Бір ғажабы – дәл аталған кітапта жазылғандары роман немесе драмалық шығармаға жатпаса да, бұл кітапта құштарлық сезімнің не көкесін ұшырата-сың және ондай беттерді бас көтермей оқисың!

Сапкең кітабына дос, жолдастарының албырт жас кездерінде жазған хаттарын енгізіпті. Сол хаттарға көзіңіз түскен бойда-ақ дүниенің әлдебір рахат-мұңды сарайының кілтін бұрап ашқандай әсерлене бересіз. Осы әсерімнің шет жағасын кітап авторына телефон шалып, кезінде білдіргенмін де.

– Сапке! Бір ақын айтыпты дейді ғой: жастық – адам өмірінің шыңы деп. Сол шыңға шығарып тәтті романтикаға бөледің. Рахмет саған! – дегенмін.

Әсіресе кітапта жарияланған екі хат адамды бөлекше толқытады. Хат деймін-ау, алғашқысы тіпті хат та емес. Сүйгеніне арнау, сайып келгенде, махаббат туралы жыр. Жыр болғанда, поэма. Иә, ондай жанрдың проза саласында да жазылатындығы бар анда-санда. Ғабит Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын еске алсақ та жеткілікті. Бірақ поэма дегенің осы секілді хас суреткер қолынан туындаушы еді ғой. Мына «Мақпалым менің!» атты поэманың (Сапар жанрын дастан деп анықтаған) авторы қатардағы әдебиетші, ЖенПИ түлегі. Әуелгі кезде мұғалім, кейін көп жыл кітапханашы болған, мына шығарма жазу-сызуының алды да, арты да. Аты – жөні Биха. Өз өтініші бойынша Сапкең толық атын атамаған. Шығарманың жазылу тарихы былай. Биха ауруханада қатты науқас үстінде жатып, өткен өмір жолын еріксіз еске алады. Өткен өмірі қуанышқа да, қайғыға да толы. Соның бәрі алау-далау жүректен тасқынды сезім болып ағылады. Соның бәрін жиырма алты жыл отасып, дүниеден ерте озған жары бәріміз білетін Нүсіпбеков Кекілбай деген талантты журналист, үлкен жүректі азаматқа шағады. Шағады ғана емес. Қуанышыңды, жарқын сезімінді мұң ғып шақпайсың ғой. Ал, мұнда жарқын сезім басымырақ. Жарқын сезімге болейтін – Кекіл мен Биханың махаббаты.

Махаббат жайында, мақтанып қояйық, оқымағанымыздан оқығанымыз әлдеқайда көп. Солардың бірі – Сапар Байжановтай жазу-сызудың көкжалы «Мақпалым менің!» атты дастанның «соншама табиғи, соншама әсем құйыла қалған» мүсініне тамсанып сүйсінеді. Әттең, осыны қазақ қыздары түгел оқыр ма еді деп тіпті армандайтынын қайтерсің.

Олай арман етуі түсінікті. Меніңше, бұл туындыдан қазақ қызының нағыз ұлттық характері ұшқындайды. Тәрбиелі, қылықты, махаббаты инабатына, инабаты махаббатына суарылған бәз-баяғы қазақ қызымен сағынып көріскендейсіз. Және көңіл көгіндегі не тылсым құбылыс-

тарға тіл бітіре алатын өнер қосып алғанын айтсаңызшы. Биха жазбалары оған мықты дәлел. Жанының бүкпесіз шындығын, иірім, толқындарын тап басып жеткізіп, құлақтан кетпес таңғажайып күй шертеді.

«Біз едәуір таныс болып, менің саған әжептәуір үйренісе бастаған кезім. Кейде жүзіне тура қарап, кейде едәуір ашық әңгімелесіп, кейде тіпті еркелік назбен бұлаңдап, қыз қылығын білдіре бастаған кезім. Сен бәріне де сүйсіне қарайсың, мейірлене қарайсың, бірде-бір ағаттық мінез көрсеткен емессің. Байыпты, салмақты, ересек қалпыңнан жазған емес едің, Кекіл!»

Бір-біріне ынтық жандардың тіл жетпес бақытын, үздіккен ғашықтық сырларын айнытпай, бұлжытпай жеткізетін осы бір қарапайым да қанатты жолдар өз құлағыма сұлу ән, поэмадай естіледі.

Айналайын Биха, естелігіңіз жас Сапар бейнесіне жарық түсіріпті. Қоңыр костюм киіп, тықылдап сөйлеп жүретін сары, дөңгелек жүзді студентті сырттай көргенім болмаса, жыға танымайтынмын. Естелігіңізден түйгенім, ол жастайынан-ақ достарының қас-қабағына қарағыш елгезек, болашақтарын бірге ойласатын қамқор жан екен. Сіз бен Кекіл – өрімдей жас екі ғашық арасында болар болмас, бірақ немен тынары неғайбіл түйткілді асқындырмай баса қойғанын айтсаңызшы. Сіз сол үшін оған өмір бойы разы екеніңізді жазыпсыз. Ақыл тоқтатқан кісінің ісін істеген сол жас жігіттің кескін-келбетін де айна-қатесіз әдемі түсіріпсіз.

«Сапар – кең маңдайлы, дөңгелек жүзді, сүйкімді сары жігіт. Бойы да, бітімі де, көз тастасы да кесек. Нар түйенің жүгін көтеріп жүре беретіндей мығым. Көзқарасы ойлы, ауқымы алымды. Өз-өзіне сенімі берік сияқты. «Өзімдікі – оң» дейтіні де жоқ емес-ау, сірә. Өрепкімейтін өр мінезі болуы да мүмкін. Байқап сөйлейді, байыптап сөйлейді».

Кейіндер дене мүшесі толысып, орта бойлыларға ауысып, шымыр, тұтас, шомбал тұлғаға айналған Сапкеңнің сол мінездерінен өзгеріс тапқандары бар ма? Адамды заман илейтіні де, билейтіні де рас болса, бұл заңдылық ешқайсымызды айналып өткен жоқ. Оған бағындық та, көндіктік

те. Пәле жапқыш, жала жапқыш заманда қытымырлылығынан ықтаған Сапар байқап, байыптап, аяғын санап басытын машығын ұстады, ұстап қана қалған жоқ. Есесіне жөнсіз кеуделеуден тыйылды. Саркәрия шағында (жолдас-тарының соңғы жылдары қойған әзіл аты) «кең болсаң – кем болмайсың» дейтін қағиданы аузына жиі алып жүрді.

Нар жүгін оған өмірдің өзі арқалатты. Сапкең қара сөздің шебері, даңғайыры өзі де кесек, ірі тұлғалар туралы жазуға құштар еді. Соларды қарымды қаламына ілдірмек ниетте, біреулерін – күнделікті өмір ортасынан, екіншілерін – архивтен іздеп тапты. «Өткеннен – мұрағат, өркенге – ұлағат» кітабы («Қазақстан», 1998) сол ізденістерінің же-місі. Жазуға үлгермей қалғандары қаншама. Осы көзі тірісінде шыққан соңғы кітабында аса дарынды тарихшы, республика Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Ермұхан Бекмахановтың Итжеккенде айдауда жүріп әйеліне жазған хаттарын жариялапты. Тегі осы кісі туралы бір көсіліп жазайын деген ойы да болуы керек. Оған итермелеген күш өмірінің пәлсапасы.

«Адамның басы – Алланың добы» деген діни нақылды Сапкең кітабында жиі еске алады. Тағдырға тәбділ жоқ. Соғыс өртінің ішінде «а, құдайлап» жүрген Баубек Бұлқышев: «Қазақ тағдыр айдайды дейді. Сол тағдырдың тоқтысы – біз» депті. Маңдайына жазылған бұйрыққа көнбесеңе амал қайсы. Шарасызсың. Сонда да деймін-ау, Сапар пешенесіне жазылғанға араздық мінез көрсетпесе де, бар әлін жинап, талайын, таланын сынап бақты. Аранын ашқан ажалға ысқырған айдаһардың алдындағы көжектей қалтырауды қаламады. Сол мінезі пәлсапасымен қоса мына кітабындағы мақала, эсселерден байқалады. «Запыран жазбалар» дейтін аудармасы – тағдыры қатты адамдардың бірі, көп жылдар бойы хабар-ошарсыз қараңғы үйлерде айдауда жүрген жазушы, өзін кеңес әдебиетін бастаушылардың санатына қосатын Михаил Ефимович Зуев-Ордынцевтің күнделіктері.

Ал, Ермұхан Бекмаханов ағамызға байланысты қалам тербей қалса, Сапар өз өмірі пәлсапасынан қия баспас еді. Таланыма жазылғанға бойсұндым деп жүні жығылатын

кейіпкерге ұқсамайтын Ерекең. Сондықтан, Сапкең қаламынан кешегі үрей-қорқынышқа толы заманға беріспей күресіп, ақыры дегеніне жеткен қаһарман хақында керемет хикая туғызары сөзсіз еді.

Сондай қасиет Сапардың өзіне де тән еді дегім келеді. Бір шыбын жаны үшін неге алыспасын, алысты ол! Аталған кітаптағы «Нартәуекел» атты жазба-эссені оқып көріңіз. Бұл «Репортаж с петлей на шее» дейтін шығармаға типтес дүние. Екеуінің де кейіпкерлері қыл көпір үстінде. Ажал екеуінің де көзіне көрініп келіп отыр. Бірі – фашист сүлдесінде, екіншісі – рак деген ем-домға көндікпейтін қатерлі ісік түрінде.

Сапар Байжан-Ата – шыншыл қаламгер. Сондықтан мына алқымынан алған ажалмен айқас туралы репортажында ақиқаттан жаза баспайды. Ол да – ет-сүйектен жаралған пенде. Сол пендешіліктерін, бір уақ үрейге берілгенін жасырмай дәл түсіріп отырады. Қалайда дәрігерлер оған ауруын естіртеді. Сол кездегі сұмдық хал-ахуалын бірлі-екілі, бірақ бірегей сөздермен жеткізеді. «Жүрегім су түбіне кетті десем, мұным да аздық болар еді». Одан қатал сөз мәдқапыда таппадым, – дейді.

Сол шыншылдығымен үрейге қарсы тұрған күй-жайын да суреттейді. Сондайда, қайран Сапашым, қайсарлығың, қайрат-жігерің Юлиус Фучиктен кем түспепті-ау... Сол ажал аузындағы репортажыңды енді қайта-қайта оқып, бүгіндері іштен шыққан құлынымнан айырылып, көз жасымды тыя алмай жүрген мен де қуаттанып отырмын, аруағыңнан айналайын, кәрі досым. Сен былай деп бекініпсің.

«Консультацияға онколог-профессорды шақырғанына нақ ішім қылп ете түскен... «Уайым түбі – у, батасың да кетесің». Ары-бері ойлай, қабырғаммен кеңесе келе, күңірене күйзелетіндей дәнеңе жоқ. Аз жасадық деп өкінетіндей емес, бір кісідей-ақ тірлік кешіп, өмір қызығын көріп, бала-шаға, немерелер сүйіп дегендей, ешкімнен олқы ғұмыр кештік дей алмаймыз. Қалған ғұмырда қанша нәсіп бұйыртыса, оны да еңсені биік ұстап татып көрейік. «Еңсенді тік ұста, Сәке!» деп өзімді-өзім қайрауға бекіндім».

«Еңсеңді тік ұста! ...»

Жаның мұрныңның ұшына келген қытымыр кезеңде бұл сөздің тіліне үйірілу-үйірілмеуі екіталай. Ондай сөз бір түссе, Сапкең сынды көзі қанағатшыл, көңілі тәуекелшіл дүрлердің ғана аузына түспек. Және Алла тағала мінезділікті елеп есіркесе, ақ мылтықтың да аузынан алып қалады екен. Бауырына киліккен кінәраттан бұрынырақ инфаркт деген және бір кесапат жүрегін жарақаттап кеткен. Жүрек шыдамай, операция үстінде оянбай да қалуы мүмкін еді. Сәтін салғанда, тәуекел еткені дұрысқа шықты. Алмания дәрігерлері бар өнерін салып, қыл көпірден аман-есен алып шықты. Осы ғажап хабар құлағыма тиісімен, Күләшқа телефон соғып, құтты болсын айттым. Көптен іштен тынып жүрген едім, енді қуаныш үстінде ежелгі эзілге бастым. Әзіл Күлекеңнің Сапарды қызғаныш еткен бір оқиғаға байланысты еді.

Сапкең спортпен бір кісідей айналысты. Бадминтон, биллиард деген ойындарда жолдастары, құрбы-құрдастарының ешқайсысына дес бермейтін.

Күн сайын таңертең ертемен Сапар паркке барып бадминтон ойнайтын. Бұл ойынды жалғыз ойнай алмайсың, қарсылас керек. Паркке серуендеуге орыстың бір жас келіншегі шығып жүреді екен, әлгіні Сапкең ойынға тартады. Бір күні бадминтонның сеткасын құрып, ойынға енді кірісе бергенде, аяқ астынан Күлекең жетіп келіпті. Келе әлгі жас келіншектің қолындағы ракетканы жұлып алыпты:

– Өзім ойнаймын!

Сол оқиғаны еске алып, мен:

– Ау, Күлеке! Сапарың енді, құдай қосса, қасыңа оралады. Тағы да бадминтонына кіріседі. Сонда деймін-ау, сен ғой тағы да энеу күндердегідей, келіншектермен ойнаттырмай қоясың, ә? – деуім мұң-ақ екен, Күлекең іле жауап қатты:

– Кіммен ойнаса да рұқсат, ойнай берсін. Мен үшін аман жүрсе болды! – деді кенет жомарттығы ұстап.

Осыны Сапкең оралып, дастархан жайылған ырду-дырду үстінде айтайын. Сапар орнымен айтылған қалжыңға қатты сүйсінетін, сүйсінетіні сондай, алдымен «oh-ha-

ha-ha» деп бар кеудесімен рахаттана, көзінен жас аққанша ішек-сілесі қатып күліп алатын. Сол күлкісіне салып жарқырап отырды да, маған қарап:

– Моментін тапқанға не жетсін. Әйтпесе басқа уақытта ондай уәде бермек түгіл ... Сәтін келтірдің де, уағдасын жұлып алдың! – деді де, енді Күләшіне қарап жайраңдады.

Тағы бір кездескенімізде әзіл жалғаса берді. Мен Күлекеңе тап бердім: «Қолхат бер, әйтпесе жеме-жемге келгенде берген уәдеңнен тайып кетуің мүмкін», – деймін. Қолхатты өлеңмен жазып, Күлекеңе қол қойдырып, Сапкеңе табыс еттік.

САПКЕМЕ!

Зархат емес, бұл қолхат,

Болса саған тоқал қат.

Ойнай бер, Сапкем, ойнай бер,

Сонда да болман саған жат.

Таба алмассың жаһаннан,

Күләшкәңдей жамағат.

Күләш (қолы).

Жуықта Күлекең осы жазбаны Сапкеңнің қағаздарының арасынан тауып алыпты. «Құнттап тығып қойыпты!» – деді күліп.

Жастың ұлғайғанынан ба, осы күндері тәубәшіл, шүкіршіл болып алдық. Сапкеңнің тағдыры, оны Жаратқан иенің ісі дейік, түпсіз шыңырауға құлап бара жатқанында өмірін екі жылға ұзартса, бұған да тәуба. Сол олжа уақыттарында ол қабырғалы, қалың бір кітап шығарып үлгерді. Тағы да бір кітабын асығыс даярлап жатты. Ол өзі оқыған мектеп түлектері туралы болатын. Не шара, үлгере алмады, қолынан қаламы түсіп кетті... Бұл жолы жамандатқыр науқасы қайта шапқан жауша тиді. Алды-артына қаратпай, екі-үш айдың ішінде арамыздан жұлып әкетті.

Жұлып әкетті дейтініміз, өткен 1999 жылдың 24 қаңтарында ғана ПЕН клуб кафесінде менің лауреаттығым жуылғанда Сапар сау-саламат, жүзінде титтей кірбең жоқ,

көңілді, бейілді жүрді. Сол тойда түсірілген фотосуреттердің біреуінде Сапкең тұр: сол қолында микрофон, оң қолын құлаштай жайып жіберіп, ән шырқап.

Тойға жоғарыда аталған «Өткенге – мұрағат, өркенге – ұлағат» кітабын ала келіпті. Маған тарту етті. Енді кітапқа жазған автографын сөйлетіп көрелік. Құлақ асатынымыз жазылу сарыны.

Замандас, қаламдас дос Шекен!

Аламан бәйгеде алқынбай, маңдайы жарқырай келген марқасқа «Мағжаныңызға» елден бұрын алақайлап, ақжолтай пікір арқалап шыққан дос пиғылды осы кітап екенін ЕСКЕРЕРСІЗ деген ерке назбен ұсындым...

Қанатыңыз талмасын, қаламыңыздың сиясы құрғамасын!

Ізгі көңілмен

Сапар Байжан-Ата.

Қолы.

8 желтоқсан 1999 ж. Алматы «ПЕН клуб».

Арнау сөздің аңыс-аужайын дұрыс аңғардыңыз: Сапкең көңілі жапырақты жаздай мәуелі, мәрт. Айырықша шабыт, құлшыныс үстінде екенін аңғару қиын емес. Әсіресе «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан (28 мамыр 1998 ж.) мақаладағы толғанысы қандай. Мақаланың аты – «Кенен сыр». Академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты роман-эссесі туралы. Зейнекеңнің жаңа туындысы жайында соншама махаббатпен сарқыла жазса, мұнда ол өзі жайында да хабар бергендей. Дәлірек айтқанда, роман-эссенің бас қаһарманының тағдырынан ол өзінің ішкі тебіреніс-сұраныстарына жауап тапқандай.

Қазақ ерекше бір бақытқа бөленгендегі сөзімен «Өлгенім тіріліп, өшкенім жанғандай болды» деген сөздермен білдіреді. Сапар өзі өшіп жанған-тын. Сол жай-күйлерін бейнелейтін тіл іздеген сыңайлы. Кезінде ол жас Қабдоловтың «Өмір ұшқыны» романына рецензия жазды. Болашағына зор үміт артамыз деді. Шеберлігіне тамсанды. «Стиль

ойнақылығы, тіл байлығы, портрет жасаудағы шеберлігі» хақында орнықты, дәлелді пікір қозғады. Ал, мына шығармасының жөні бөлек. Өзінің Зейнолла Қабдолов жөнінде, оның жазушылық үлгілері хақында бұрынғы айтқандарының расталғанын (мақала қысқартылып басылған, түпнұсқаға қарап айтып отырмыз), суреткер шеберлігі шыңдала түскенін атап көрсете келе, бұл роман-эссені оқығанда не себепті айырықша толғанып, тебіренгенін бышайша түсіндіреді. Өйткені «Әуезовтің жан әлеміне, аялы да арманды, көбіне ащы да азапты тірлік түйіткілдеріне күңірене толқи отырып, табынасыз, сүйсінесіз».

Қысқасы, Сапар Байжан-Ата түсінігінде, «Менің Әуезовім» ұғымының мағынасы кең. Атақты автор өз жүрегінің төріндегі сүйікті ұстазы бейнесін, жә болмаса, жазушылық кемеңгерлігін ғана еске алып отырған жоқ. Роман-эссенің толғайтыны – жан азабын кешкен Әуезов. Тіпті олай да емес. Күрескер Әуезов – құзар шың. Шың басын бұлт торламай тұрмайды. Аспаныңның өзіне тіреуіш болып тұрғандай, төбеде көкдауыл алай-дүлей боран-шашынын әкеп ұлиды. Шың мызғымайды, қайта көк дауылдың мұз демін жұтып, содан михнатын, рахатын бірдей табады. Есесіне айналасына, етегіне пәк, кіршіксіз ауасын жайып, кеуденді тазартып, тынысыңды кеңейтеді. Не қиындықта да еңсесін тік ұстай білетін Сапар, сол биікке көз тігіп, өмір, жарық дүние аталатын ұлылықты алғайды. Сапардың бұл талдауын оқып отырғанда оның өз жайынан да сыр тартамыз дейтініміз сондықтан.

Жаманат хабар қашан да тосыннан-тосын келеді. «Айналдырған ауру алмай қоймайды» десек те, Сапар жөніндегі суық хабар да солай жетті. 1999 жылғы мамырдың төртінші жұлдызында бұл күндері өз алдына бір қала болып кеткен Кеңсай зиратына зиялы қауым қазақтың Сапар Байжан-Ата есімді әйгілі перзентін ақырғы жолына шығарып салды. Достарының атынан маған сөз берідді. Қаншама залалды десе де, қатерлі ісік дертінің талай жылдарға созылатыны бар. Сондықтан күрт қазаның тіптен ауыр тигені рас. Сөзімді сол жайдан бастауға тура келді.

Қадірменді зиялы қауым!

Достар!

Көкек айының соңғы отызы күні түс ауа Сапкеңнің көңілін сұрай барғанбыз. Үстіне қарақошқыл қаусырмалы шапан киіп, аяғын ауырлау басып келген бетте, құшақтарымыз айқаса кетті. Өзімен көрісіп тілдескен соң, «сау-мал ішіп, тамаққа қарады» деген үй-іші сөзінен кейін, соған әжептәуір малданып, ұйытқыған жүрек біраз сабыр тапқандай көңіліміз едәуір көтеріліп қайтып едік. Дәл бұлай шұғыл аттанып кетеді, бар-жоғы үш-ақ күн өмірі қалды деген ой қаперімізге кірсе ше. Қайтерсің, не амал жазмышқа, сұм ажалға.

Сапар деген аты аталғанда қасына «сардар» деген анықтауыш сұранып тұрар еді. Бұл ұйқастың, қисынның тілге оралатыны – орны, негізі барлығында. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, мен Алтай қайдасың деп аттандым, ол «Лениншіл жас» газетінің ұсталық дүкенінде қызметін жалғастырды. Шыңдалудың талай мектебінен өтті. Аға газет «Социалистік Қазақстанның» табандатқан он жыл редакторы, соншама уақыт Қазақстан Журналистер одағы төрағасы қызметтерін қандай абыройлы атқарып еді. Иә, оның он жыл бойы қазақ журналистерінің жетекші ролінде жарқырап көрінгенін бүгін «олай емес еді» деп ешкім де айта алмас.

Қайран Сапке! Үлкен лауазымды қызметтерде істеп жүріп, одан кейін де бесаспап қаламыңның жүрдектігін барған сайын үдетіп, роман, пьесалар, зерттеулерді бірінен соң бірін тоғытқан еңбегің, сені жазушы, ғалым да атандырып еді. Соңғы көңіл сұрай барғанымызда сарыуайымға салынып шағынбай, Төрегелді Шарманов екеумізге әдебиет, мәдениет жайында жарты сағаттан аса айтқан кеңестерің, енді бақсақ, сенің елім, жерім деп соққан жүрегіңнің ақырғы естілген лүпілдері екен ғой. Әлдебіреулерге кейідің, осылары «парасаттылыққа, азаматтыққа сия ма?» деген өкпе-назың да қазір құлағымда тұр. Жадымызда және бір сөзің қалды. «Өмірге өкпе жоқ!» – дедің. Ол сөзің тасқа да басылды. «Өткеннен – мұрағат, өркенге – ұлағат» кіта-

быңнан оқыдық. Ол сенің мына айналайын Күләшқа, артыңдағы тұяқтарыңа арнаған өсиетің де болар.

Қалжыңға, әзілге қандай едің. Сәтімен айтылған ойын сөзге рахаттанып, үйді басыңа көтере шын жүректен ақтарыла күлуші ең, Сапашым. Жиын, тойларда әлдебір төрелердей оқтау жұтып отырмай, әніңді де салып, биіңді де билеп, отырған жеріңді сайран, базар етуші ең. Ортамызды ойсыратып кеттің-ау, Сапке!

Артың қайырлы, алдың нұрлы болғай! Қош, бауырым, қимасым!»

* * *

Соңғы үш сөзді тамағымнан бірдеңе буып айта алмадым. Кейін ішімнен айттым. Көңілге медет – сенің «Өмірге өкпем жоқ!» – дегенің.

ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ АҚ БӨКЕНІ

Камал Сейітжанұлы Смайылов туралы «Мені айт!», «Мені айт!» деп қаумалайтын сөздер онымен замандас, тағдырлас болған әрқайсымыздың жүрегімізден аз табылмауға керек. Есептеп отырсам, онымен таныстығымыз, жолдастығымыз бен достығымыз елу жылдай уақытқа созылады екен. Қандай қимас уақыт еді сол кездер! Төрт құбыламыз түгел: Сапар Байжанов, Мұқан Мамажанов, Камалдың өзі, мен, тағы бір екі-үш жігіт, – бәріміз отбасымызбен жиналғанда өзінше бір сауық-сайранды елге ұқсайтынбыз. Кездескен отырыстарда бір-бірімізді түрте сөйлеп, қағып-шалып, қалжың сөздің түбін түсіреміз. Ара-тұра ән шырқалады. Әрқайсымыздың «коронный» әніміз айтылады. Камалдың шырқайтыны «Желбір-Жекен» әні.

*Желбір-Жекен,
Желіп өткен
Жайлауда
Біз бір бөкен-ай, –*

деп қайырмасын аса бір тебіреніспен жеделдете марш ырғағына салып айтқанда, біз де қосыла жөнелетінбіз. Енді бақсам, Камалдың осы өлеңді бойтұмар етіп айтуының ол кездерде аңғарыла қоймаған рәміздік сыры бар сияқты. Ұлытау түлегі оңтүстіктегі жусанды, бетегелі, изенді, шетсіз-шексіз көк мұнар жазирадан дала еркесі бөкендердің самғауын бала кезінен жиі көріп өсті. Өскен шағында өмірмен бір демде жазатын қаламы сол ақ бөкендей жүйткіді. Енді Камалдың нақ өз бейнесі де жұрт көзінде тағы да сол бөкендей, ақ киіктей көлбедеп, бұл ғасыр емес, келесі ғасырдың да назарына ілігетініне кәмілмін. Камалдай кемел қаламгерлердің хаты бүгінгі еліне де, болашаққа да арналған.

Алғыр дарыны, ел өресінде ойлауы немере ағасы Баубек Бұлқышевтей публицистика саңлағына ұқсап тасқындап тұратын. Мақаласын шапшаң жазатын. Дер кезінде қоғам, халқы үшін ділгір, келелі мәселе қозғайтын. «Студент кезінде Баубектің бір туысының үйінде қалдырған су жаңа бәтіңкесін киіп оқыпты. Жалпы сойына, тегіне тартпайтын адам болмайды. Аруақ қонса, сөйтіп қонсын», – деп ойлайтынмын.

Камалды алғашқы көруім 1953 жылдың жазы. Қазақ университетінің төртінші курсында оқып жүрген Камал, Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде практикадан өтті. Практиканың мәнісі – бөлімдердің жұмысына қатысып, мақала, заметка жазу. Бұл, бір жағы, болашақ журналистің қаламын ұштауға, екінші жағы, гонорар тауып, студенттік жұқа қалтаны талғажаулауға сеп. Мен басқаратын бөлімнен насихат мақаласын жазып шықты. Не тақырыпқа арналғаны есімде жоқ. Есімде қалғаны, біржарым «подвалдық» семіз мақала. Мақаласын редакцияны кинамайтындай, қалам тигізбейтіндей етіп еркін жазып шыққанына іштей таңырқадым. Бұл жігіт еліміздің іргелі азаматы болайын деп тұр екен. Талабы таудай, демек келешегінен дәметуге болады деген тоқтамға келгем.

Екеуара газетші мамандығы хақында пікір алыстық. Біреуге оңай, біреуге қиын мамандық. Күнбе күнгі науқан

барысын үйреншікті, жаттанды тіркестерді құрап судыратып жазып, «Мен газетшімін, сондықтан ешнәрсе туралы менің өз пікірім болмайды» (М. Әуезов) деп күнелтуің де, іштей дайындықпен келіп, өмір ағысында құлаштай жүзіп, оқырман жұртшылықты селт еткізетін ойлы, проблемалы мақала тудыруың да мүмкін. Камал соңғысын қалады.

2000 жылы жарық көрген «Жеті қыр, бір сыр» деген кітабында Камал: «Бәріне де үлгердім» деген сөз қалдырыпты.

Бәріне де үлгердім!

Студенттік шағын, Сталиндік стипендия алған кезін есіне түсіріп айтқаны. Бұл сөздер, әйткенмен, тегіннен тегін аузына түспеген тәрізді. Не істеуі керектігін күн бұрын ойлап, ойлағанын іске асырып үлгеру жас Камалдың бүкіл өмірінің ұранына айналған ба дерсің. Қолға алған қай істің де жүйесін таба білетін. Республикамыздың ортан қолдай үш журналына («Білім және еңбек», «Парасат», «Ақиқат») бас редактор болды. Қайсысының жұмысын өскелең өмір талабына сай қайта құрып үлгерді. Үш басылымның үшеуін де қызыға оқылатын баспа құралдарына айналдыра білді.

«Парасат» журналында (бұрынғы «Қазақстан коммунисті») істеп жүргенінде талай тың тақырыптарды қоздатты. Мәскеу баспасөзі болмаса, республикадағы баспасөз орындары өз заманының ұлықтары жөнінде мақала баса бермейтін. Жаңашыл редактор Смайылов бұл дәстүрді бұзып, академик Манаш Қозыбаевқа Хрущев, Брежнев, Шаяхметов, Қонаев туралы очерктер жаздыртқаны мәлім. Тақырыпты, оны ашатын авторды да өз тағайындайтын. Маған «Социалистік реализмнен бас тартамыз ба?» деген мақала жазғызды. Ол кездерде одақтық баспасөзде де тіке қойылмаған проблема еді. Жаңа туындап келе жатқан актуальды проблемалардан қағас қалмас үшін «Парасатқа» жазылуыма тура келді.

Менің байқауымда қазақтың ең бетке ұстар фильмдерінің көпшілігі, атап айтқанда: «Қыз Жібек», «Атаманнаң акыры», «Шоқ пен Шер» т.б. біздің күні бүгінге дейін сүйіп көретін көркем суретті фильмдеріміз, тұңғыш «Қарлығаш-

тың құйрығы неге айыр?» мультфильмі Камал Смайылов «Қазақфильм» киностудиясының директоры болып тұрған кезінде жарық көрді.

...Баспа комитетінде істеп жүрген кезім. Бір күні аппараттың партия ұйымының хатшысы келіп, бізде істейтін бір неміс машинистка әйел ФРГ-ге яки Батыс Германияға кетпекші деген жайсыз хабар айтты. Ол кезде мұндай кетіс сұмдық «ЧП»¹ саналатын. Неміс әйеліне: тұрмысыңыз жаман емес, пәтер кезінде бөлінген, қарт шешеңіз бар, жылы орныңызды суытып қайтесіз дедім. Арызыңызды қайтып алыңыз, – деп жалына-жалпая сөйлестім. Қырсық шалғанда көнер емес. Бірлі-жарымды адамдар ол кезде шет елге амалын тауып сызып кетіп жататын, дәнеңе етпес деп өзімді-өзім жұбатамын. Ақылдаспаққа ЦК-ның баспа жұмысын бақылайтын бөлім меңгерушісі Андрей Павлович Плотниковке телефон шалып едім, ол кісі: бұл «ЧП» нені көрсетеді.? Баспа комитеті аппаратында идеялық тәрбие жұмысының аяқсып кеткенін дәлелдейді деп бірсыпыра жерге апарып тастады. Енді қайтуге керек?

Совминнің бірінші демалыс үйінде бір-екі күнге тынығып жатқанымда Камалдар шығарған бір құжатты (ол кезде документальды дейтін) фильмді көргем. Онда өзі тіленіп Батыс Германияға қоныс аударған, кейін оны жерсінбей қайтқан, не себепті қайтқанын жылап отырып баяндайтын, біздің машинискамен құралпас бір неміс әйелі түсірілген тін. Бастауыш партия ұйымының хатшысын шақырып алып, осы фильмді шет елге кетпекшіге көрсетсеңдер қайтеді дедім. Хатшы: ол кино көрмейді. Баптистка деді. Әйтеуір амалын тауып әлгі фильмді көрсетіп едік, машиниска жұмыстан босану туралы өтінішін табанда қайырып алды. Әйтеуір мен баспа жүйесінен кеткенше, тілеуің бергір, «тарихи отанына» оралуға сұранған жоқ... Ал, Камал Смайылов бұл кезде жоғарылап, Кинематография жөніндегі Мемлекеттік комитеттің председателі болып істейтін. Пәледен машайық қашыпты деген. Бір пәледен құтқардың деп рах-

¹ ЧП – төтенше оқиға.

метімді жаудырдым. «Құрғақ қасық ауызды жыртады» деген соң қуанышымды «жуып беруге» тура келді.

Күндіз-түні салпақтасаң да жұмысы бір таусылмайтын ұзын-шуыт, қым-қуыт саланың бірі – теледидар мен радио. Камал Телевизия мен радио тарату жөніндегі мемлекеттік комитеттің орынбасары, председатели болып істегенде де, ағымдағы қарбалас істерді былай қойғанда, кейінге ізі қалған үлкен игі бастамаларға мұрындық болды. «Айтыс», «Терме» хабарлары, «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» атты 40 сериялы телефильм дүниеге келді. Көгілдір экранда тұңғыш рет «Алатау» атты ұлттық арна тұсауы кесілді. Халық арасында айырықша сүйіспеншілікке бөленген «Тамашаны» бүгін де тамашалап келеміз. Оған тіпті мені де тартты. Кезінде «Мәдениет және тұрмыс» журналында «Ат қоюдың әлегі» атты скетч жарияланып еді. Соны «Тамашада» қойғызды.

1988 жылы әдебиеттегі ақтаңдақтарды жоюға бағытталған қауырт жұмыстар басталғанда мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болып істейтінмін. «Игі істің басына, жақсы келсін қасына» дегендейін» партияның Орталық Комитетінде дәл сол тұста Камал мен Өзбекәлінің қызмет істегені мұндай жақсы болар ма. Екеуінің де «қаны бар» екені сонда көрінді. Шәкәрім, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытовтарды ақтау ісіне білек сыбана атсалысып, біз түсірген материалдарды бюрода талқылауға ыңғайлап, ұлттық қазынамыздың сөзбұйдаға салынбай халқына тез оралуына жол ашты.

Өстіп қай жерде жұмыс атқарсақ та Камалмен жолымыз үнемі түйісіп отырды. Нарық туралы үзбей пікір алысатынбыз. Көбінесе бұл жайында өндірте жазып жүрген Камал сөйлейді. «Солай», деп, «ия» – деп біраз күмілжиді. Содан бір кезде арындаған асаудың шабытына басады. Бұл шабыты да ерекше. Мінезі қандай жұмсақ болса, сөзі де сондай. Жұмсақ тілмен сипай, қамшылай отырып, қайдағы келеңсіз жайттарды тауып жазып, жағанды ұстатады. Қазақстан өзіне керекті азық-түлікті де өндіре алмай, 70 процентін шет

елден тасымалдайды дейді. Миллиардтаған пұт астық сатып өткізетін, ондаған миллион қой баққан Қазақстанның азық-түліктен кіріптарлыққа түскені адам нанғысыз нәрсе, төбе құйқанды шымырлатады. Сенгің келмейді, бірақ Камалдай бедел айтып тұрған соң сенбесіңе амалың жоқ.

Ол, міне, осындай жұртшылық көзінен таса фактілерді, ел дамуына кедергі кесел-кінәраттарды тапқыштығымен көзге түсіп жүрді. Қазақ университетінде аға оқытушы кезімде «Ленишіл жас» газетінің 1960 жылғы 4 желтоқсан күнгі санында жарияланған «Театр киім ілгіштен басталады (қара галстук таққан бейтаныс студентке хат)» деген мақаласын студенттерге үлгі етіп ұсынғаным есімде. Қазақ сөз қорына «кітапқұмар» деген термин бертін, жетпісінші жылдар енді. Ал, «театрал» сөзінің баламасы әлі табыла қойған жоқ. Камал мақаласы «театрал» адам қандай болуы керек екенін сахнада спектакль аяқталар аяқталмас киім ілгішке тұра жүгірген дегбірсіздің қылығын сынау арқылы көрсетіп берді. Бұл мақаланы оқыған бір студенттің артистерді жақсы ойыны үшін құттықтау кәперіме кірмейтін мен де тұра жүгіруші едім, Камал ағаның мақаласын оқыған соң бұл кемшілігімнен сап тыйылдым, бір жастар тырағайлап ойын аяқталмай тұра жүгіргенін көрсем, солар үшін біртүрлі қысылып ұялатынды шығардым дегені барды. Камалдай қыбын тауып жазса, газеттің ұстаздық рөлі неге күшеймесін.

Қыбын табу дегеніңіз де көрінгеннің қолынан келе бермейтін нәрсе. Материалды табуға бір қиналсаң, қорытып жазатын формасын табуға екі қиналасың. Әр мазмұн өзіне сай көйлек кигізуін қалайды. Жөндеп тігілмеген киім адамның ұсқынын қашырып жібереді ғой. Камал журналистік ісмерлікке ерте бауыр басты.«Білім және еңбек» журналының редакторы кезінде журналистер арасында Ресейдің өзінде сирек кездесетін мамандықты – ғылым мен техниканың терең білгір насихаттаушысы міндетін ойдағыдай игеріп әкетті. Меніңше, мақалаларын оқығаныңда білімге, ғылыми жетістіктерге молықтырып серпілтіп тастайтын Камал осы кезден басталады.

Камал оқыған газет, журналдарды біз де оқуға тырысатынбыз. Камалдың артықшылығы, оқығанын жүйе-жүйеге түсіріп жазып қоятын. Керек кезінде тиісті папкеден суырып алатын. Және ұмытшақтықты білмейтін ес, зейіні ерекше еді. Керек кезінде, талай цифрды ойша қардай боратқанда ол бізге шүріппесін бассаң болды, атқылайтын автоматтай көрінетін. Өнеу бір жылдары Үкімет үйінде Халықаралық әйелдер мерекесі 8 наурыз қарсаңында баяндама жасау Кәмекеңе тапсырылды. Ол еш қағазсыз келді де, мемлекет пен қоғам ісінде әйелдердің алатын орны туралы көсілді-ай кеп. Қайдағы жоқ бір цифрларды келтіріп, соның негізінде күтпеген тың қорытындылар жасап, бірер сағат ішінде білмегенімізді білдіріп, артта қалған мәселемізден алға шығарып, байытып тастады. Жұрт алақандары қызарғанша қол соқты.

Камал сөздерінің соншама әсер ететіні, цифрларды ойната білетін. Ол құрғақ ақылды жек көретін, айтқанын жандандырып суреттеуге тырысатын. Бір ғана мысал.

«Ғалымдардың есептеуіне қарағанда, Қазақстанның жер қойнауында 2,7 млн шаршы километр аймақты алып жатқан жеті триллион текшеметр су қоры бар. Бұл – көлемі жағынан Балқаш көлі секілді 65 көлге, Азов секілді 25 теңізге тең келетін су. Егер осыншама мол су қорларын жер бетіне шығаратын, жаятын болса, онда бүкіл Қазақстан территориясын тереңдігі он метрге жететін су тасқыны жапқан болар еді»¹.

Осы нақты суреттен оқушы өзі қорытынды жасайды, аса зәру су проблемасын шешудің проблемаларына қанығады.

Жоғарыдағы цифрлар Камал Смайыловтың «XXI ғасырға саяхат» кітабынан алынды. Бұл кітабын Камал Республика Баспа комитетінің тіке өтінуі, әлеуметтік заказы бойынша жазған еді. Кітапты республика жұртшылығы құптап қарсы алды, жылы лебіздерін білдірді. Академик Евней Букетов: Камал болжауларының ғылыми негізділігін, өрісінің

¹ *Смайылов К.* XXI ғасырға саяхат. Алматы: Қазақстан, 1978. 167-б.

ұлан-ғайыр көлемділігімен оқырманын таңдандырмай, тебі-рентпей қоймайтынын, жастарға бұдан былай да осындай еңбектерді молынан жазу қажеттілігін айырықша атап өткен болатын.

Камалдың республикамыздың табиғат байлығы, экономикасы мен мәдениеті туралы ақпарларды бес саусағындай білетіндігі, білгенін жүйелеп айтып, ғылыми тұрғыдан мықтап негіздейтін қабілеті еліміздің тәуелсіздігі кезінде таптырмайтын ұлттық сарқылмас қазынамызға айналды. Осы жылдары Камалдың публицистикасы, ойтолғақ өнері жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Камалдың жазушы Шерхан Мұртазамен жазысқан хаттары жұртшылығымыздың ерекше алғысына бөленді. Ол хаттары Қазақ ПЕН-клубының Тахауи Ахтанов атындағы халықаралық сыйлығына ие болды. ПЕН-клуб сыйлығы үстіміздегі жылдың мамыр айының бас кезінде тапсырылғаны мәлім. Сыйлық тапсыру салтанатында Камал мен Шерхан туралы құттықтау сөз айту маған жүктелген-тін.

«Қадірлі достар!» – дедім мен, – «Елім, саған айтам, Ел басы, сен де тыңда» деп аталатын бүгінгі үкілі кітаптың ұзын-ырғасымен осы салтанаты жиын рәсіміне қатысушы қауым баршаңыз таныс болуларыңыз керек. Қос қаламгеріміз, қос қыранымыз Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың «Егемен Қазақстан» газеті арқылы екеуара жазысқан 25 хатын ісі қазақ боп оқыдық десек де сыяды. Оқымаса, тек осы материал бойынша газет редакциясына үш мыңнан аса хат түсе ме?! Бұрын-соңды болмаған бұл хат тасқыны көп нәрсені аңғартса керек. Мәселе Шерхан мен Камалдың нарықтан тарыққан жұрттың көкейіндегі күштегей ойлар мен жайлардың бәрін толық ашып айтып бергендігінде ғана емес.

Хат түрінде жазылған бұл публицистика еліміздің ен байлығын қайткенде тез игеріп, халық мұң-мұқтажына жаратамыз деп жар салады. Осы сипат «Егемен Қазақстан» газетінде 1996 жылғы 21 тамызда «Қазақстан XXI ғасыр» атты мақаладан және соған үн қосқан алғашқы екі хаттан-ақ байқалып қалып еді. Қазақстанның кен бай-

лығын бір кісідей-ақ білеміз деп жүрсек, Кәмекең миына компьютер қондырып алғандай, республикамыз дүниежүзінде вольфрам, қорғасын қорынан бірінші орын, әнеу бір асылдан – екінші, тағысын тағы жақұт-жауһарларды тізбектегенде, білгенімізден білмегеніміз көп екен деудің үстіне, ау, осыншама байлық аузымыздан жырылғаны қалай десіп, не қуанарға, не жыларға білмей дал болғанбыз.

Сол екі ұдай сезім буып бара жатқанда, Шерағаңның даусы саңқ етті.

«Камал! Сарыарқа мен Атырау, Алтай мен Қаратау қойнаулары нағыз алтын сандық екен. Соның кілті енді еліміздің қолына еркін тиді», – деп жазыпсың.

Соны енді біліп жүргендей «екен» дегенің неткенің. Ал, сол сандықтың «кілті еліміздің қолына еркін тиді» деп алақайлағаныңа жол болсын! Онда біз сол алтын сандықтың үстінде неге жалаңбұт отырмыз?»

Ғылыми-техникалық білім жанрындағы публицистика мен көркем публицистика өстіп сөз жарыстыра, сайыса келе, зор мағыналы әлеуметтік-саяси проблемаларды қопарған. Осылайша ой толғаудың және бір маңызды ерекшелігі, сынау, байлау пікірлерінің мазмұны да, формасы да жаңа еді. Мазмұны жаңа болатыны, өз білгенінді өзіңе малтағып езіп беретін қаламгердің күні өткендігін көрсететіндігінде. Өйткені экономика мен мәдениеттің бар цифры оркестрдей жарастық тауып ойнап тұрмаса, құр қызыл сөзге ендігі оқырман теріс қарайды. Түрі, пішіні жаңа болатыны да түсінікті. Оқырманның мына баспасөз бостандығы заманында шындықты жалтақтап айта алмайтын үйреншікті бұқпантай әлжуаздыққа қатты суынған. Ендігі көсемсөздің стилі, бағыт-бағдары туралы екеуінің өзара пікір алысуында қызу сөз болатыны сондықтан болса керек.

Бірі ашу шақыратын стильді сынаса, екіншісі қиғаш публицистика қырғи тілді болуы тиіс деп, бойға жұқпас сырғанақ, сипақ стиль ой-толғақ жанрына жараспайтынын білдіреді. Бүгінгі журналистика дәрменді, пәрменді болуы керектігін айтып қана қоймайды. Соның үлгісін өздері көрсетеді. Бетің бар, жүзің бар демей, бүгінгі Қазақстанда өз-

дері байып, жұртын жұтатып отырған талай дәйлердің жағасын жыртады. Ішіп-жеп шет елде қашып-пысып жүрген милиция нәшәндігі мен ел қазынасын несиеге берген боп талан-таражға салып масайрап жүрген Терещенко секілділерді қоғамдық сотқа тартады. Міне, өжет, жүректі публицистика дегеніміз осындай болса керек. ПЕН-клуб алқасы сыйлығын атағанда, бұл ұйымың бүгін таңдағы публицистерге, Хамит ақын айтқандай, қу жанын қуырдақ қып, ел жұртының ар-намысын, түбегейлі мүдделерін қорғайды деген талабы да бар еді.

Осы хатнамада «Қабырғасын қақыратып, бір-біріндеп сөксе де, қабағын шытпас ер керек, мына біздің бұл іске» деген, қазақ поэзиясында саяси-әлеуметтік лириканың негізін салған, биыл 200 жылдық мерейтойы тойланып жатқан жауынгер ақынымыздың жалынды сөздері келтірілген. Өз тарапымыздан біз де Махамбет бабамыздың өлеңінің рухында, мәртебелі лауреаттарымызды еркін сөз саңылағынан ер алмай, тоқым кептірмей, қаламдарыңыздың егеулі найзасын тәуелсіз Қазақстанымыздың игілігіне жұмсай берулеріңізге тілектестігімізді шын бейілмен білдіреміз.

Сұм ажалға не шара, сыйлық алғаннан кейін бірер ай шамасында Камал қаламынан абайсызда ажырады. Өмір жайлауынан ақ бөкендей самғап өте шықты. Қайтерсің, бұйрықтан жүйрік жоқ. Көңілге медет – ұлан-ғайыр ісі. Мемлекет хәм қоғам қайраткері, алымды, жалынды публицист, педагог, профессор ұстаз, еліне ақырғы демі қалғанша еңбек еткен, «Еңбек сіңірген қайраткер» Камал, осы үлкен істердің бәрін абыроймен атқарды, «бәріне де үлгеріп», ел сынына толған Азамат атанды.

Қазақ публицистикасының ақ бөкені өмір жайлауынан өстіп самғап өтті...

7 тамыз, 2003 жыл.

САЙЫПҚЫРАН САҒАТЖАН

Дүние шіркін бір уыс боп тарылып, көңілім құлазып тым жүдеп бара жатса, ұзақ өмір жолында ұшырасқан жарқын тұлғаларды еске алатын әдетім.

...Осы бір шөкім сақал мені көрген бойда қара сұр беті долырып, басы кекжиіп, түнере жөнеледі. Жаңа әзірде бір жиылыс мінберінен сөйлеген сөзімді аяқтаған бетім. Дәлізге шықсам, әлгі шөкім сақал қарасұр менің алдымда сөйлеген шешеннің қолын алып құттықтап тұр екен. Мені көрісімен жайдары өңі әдетінше кабара қалды. Маған қарап, жақтырмай езу тартып, басын шайқады. Сипалақтап әлі де жеңінен ұстап жалбарып тұрған кісісінің сөзімен сөзім бір бағытта-ақ шығып еді, тағы не жазғанымды?

Біреу қыжыртып тұрса, сенің де жүзің жадырап салмайтыны белгілі. Шөжіген сезім былай шыға бере зорға басылды. «Қойшы, соның, сөзі кім, өзі кім? Жүрек байғұсты жөні жоқ қалтыратып дірілдете бермей, жадыратып ұстау керек» деймін өзімді-өзім қайрап. Сөйтіп көңіл жыртығын жөрмеу ниетінде жаным жақсы көретін адамдарды жүрек көзі алдынан тізбектеп өткізе бастаймын. Сонда ғой, аруағыңнан айналайын Сағатжанның қашан жолықтырсаң да қалбалақтап, ілтипатын ірікпей, сөздерін түйдек-түйдегімен ағытып, жарқырап күліп қуана қарсылайтын емен-жарқын бейнесінің кез алдыма тұра қалғаны.

Тағдыр дегенің сол. Әйтпесе жас реті бойынша естелікті ол туралы мен емес, мен туралы ол жазуы керек еді ғой...

Бұл қара торы, өткір көздері көзәйнегінен ұшқындап тұратын, қыр мұрынды, дөңгелек жүзді жігітті алғаш көргенім Баспа комитеті жүйесінде істеп жүрген кезім. Қабылдауыма сұранып келіп, мән-жәйін қысқаша баян етті де, көлемі жиырма беттей бір қағазды қолым ұстатып кетті. Танысуымды өтінді. Іс басындағы адам қағаз біткенді оқуға төселіп алатыны сондай, әрі-беріден соң оған көз жүгіртіп өткеннің өзінде сөлін қағып алғыш келеді. Сол тәсілді қолданбаққа беттеп едім, бірақ қағаздың мазмұны өйткізбеді. Қазіргі «Жас алаш» газеті ол кезде «Лениншіл жас»

аталатын. Сол газет редакциясында бір қиян-кескі айтыс өткен. Қағаз соның хаттамасы екен. Байқаймын, шындық редактордың орынбасары болып істейтін Сағаттың жағында. Пікірлері дәлелді, басқалардан гөрі тереңірек, салмақтырақ.

Бұл жігітпен бұрын сырттай таныс болатынмын. «Қазақ әдебиеті» газетінен бір тартымды әдеби сын мақаласын оқып, соншалық білімділікпен жазылғанына риза болып, мен білмейтін бұл қай автор деп, мақаланың орта беліне жете бере, соңына көз жүгіртсем, «Сағат Әшімбаев» деп қол қойыпты. Есімі ойымда бірден жатталды.

Ол кезде кадрге зәрулік күшті. Оқыған аталатын, қойнында қалпақтай-қалпақтай дипломы барлар көп. Жемешемге келгенде үлкен жауапты қызметтерді атқарып кете беретіндері шамалы. Мына қазіргі нарық жағдайындағы тауарлар сықылды. Бар жердің бәрінде қаптап сіресіп тұрады. Ал, өзіңе керекті бірдеңе іздей қалсаң, табан астында табыла қоймайды. Сарсылып тінтініп әуреге түсіп жүргенің. Әрі басшылық жұмыста біраз істеп қалған, өзі жазғыш, ізденгіш, оңайлықпен таптыртпайтын кадр қолға өзі келіп қонып тұрғанда...Сағатты қолайлы қызмет табылғанша деп уақытша баспалардың біріндегі бос орынға қуана-қуана орналастырды. Біраздан соң ол Бүкілодақтық авторлық право агенттігі (ВААП) Қазақ бөлімшесінің бастығына жоғарылатылды.

Жұмысын бірден үйіріп әкетті. «Жақсыдан – шарапат» деген. Ол уақытта жыл аралатып Мәскеуде халықаралық көрме-жәрменке ұйымдастырылып тұратын. Қазақстан павильонының қақ ортасына ұлтымыздың жатаған дөңгелек үстелін қойып қоямыз. Саудаласуға, контракт жасасуға келген шетелдік қонақтарға кішкентай орындықтар ұсынып, жаңағы дөңгелек үстелдің айналасына алқақотан отырысып, өзімізше келіссөз жүргіземіз. Сондай кездесулерде Сағаттың қаруы тиіп жүрді. Шыққан кітаптарды бес саусағындай білетінінің үстіне (қайда жүріп оқып қоятынын), алғыр айтқыш. «Інісі бардың – тынысы бар» екеніне сонда көзім жетті. Біраз жүкті мойнымнан алып тастап,

жеңілейтіп тастады. Қай шетелдік болсын олардың әдебиетіндегі жұлдыздың бірінің туындысымен салыстыра келе, ұсынғалы отырған қазақ шығармасын бірлі-екілі ұтымды сөзбен сипаттайды. Жанары шырадай жанып, қара доғалы көзілдірігін оң қолының екі саусағымен көтеріңкіреп қойып, күлімсірей отырып, ыздыып менменси келген талай шетелдіктердің шіләпісін шырқ айналдырып жіберетін. Кетерінде әлгілер міндетті түрде Сағатты өз павильондарына шақырар еді.

Өзіміздің қазақ әдебиетін былай қойғанда, әлемдік әдебиет айдынында еркін жүзетінін бұрыннан білетінмін. 1974 жылы шыққан «Сын мұраты» деген кітабын баптап оқып, жас жігіттің білімділігіне әрі сүйсініп, әрі қайран қалғанмын Бұл жанрда қалам сілтеп келе жатқан сақа сыншылардың бірінен кем соқпайды. Сағат осы тырнақалдысы үшін 1976 жылы Жастар сыйлығының лауреаты атанды. Талантына күллі әдеби жұртшылықты «бәрекелді» дегізіп мойындатқан Сағаттың бұл уақытта жиырма-ның тоғызын жия бастаған кезі. Бір жылдың әрі-берісі не десек, отызында орда бұзған деп осындай жігіттерді айтпаушы ма еді. Сын жанры, сыншылар қашанда мақтала бермейді ғой. Ал, мына сайыпқыран...

Қыран деп қазақ шешімі шапшаң, қайсар, жүректі құсты айтады. Бабындағы қыран қасқырдың өзіне де шүйіліп түсе береді. Кітабында Сағат талай қалам көкжалдарын сынап мінейді. Әшейінде шырт ете түсетін кеудемсоқтардың өздері Сағат сынын көтергіш болатын. Өйткені Сағат ешкімнің намысына тимей-ақ шығарма кемшіліктерін орнымен көрсете білетін. Сыны көркем әдебиеттің келе-лі мәселелерін қозғайтын. Шығармада замандас парасаты, интеллектісі қалай көрінеді? Өмір мен көркемдік шындық арақатысы қай дәрежеде? Психологиялық талдау өнерінде қол жеткеніміз, жете алмай жатқан тұстарымыз... Сол проблемаларды қазақ әдебиеті шығармаларын эстетикалық нәзік талдау барысында шешуге тырысатын.

Кітаптағы әдемі, өте-мөте тартымды өрнектелген материалдың бірі – жас сыншының қазақ көркемсөзінің қайта-

ланбас зергері Ғабит Мүсіреповпен өткізген сұхбаты. Оны оқығаныңда Ғабеннің сабырлы қоңыр даусын, дана сөздерін тағы да бір естіп отырғандай әсерленесің. Төрт сағаттай сөйлескен уақыттағы ара-тұра кідірістерде (Ғабен біреулердің телефон соққан қоңырауына жауап бергендегі үзілістер, т.б.) жазушының шығармасын талдап әңгіменің маңызын қоюлатуы, бәрі жараса қордаланып, Ғабеннің зор тұлғасын аша түседі. Келесі 2002 жыл – Ғабит Мүсірепов жылы. Мына эссе қайта басылса, оны әдебиет сүйер қауым тағы да бір рахаттанып сусындап оқитынына өз басым кәмілмін. Жалпы бұл кітаптың қай мақаласы да ықыласпен оқылады. Бүгінгі заман биігінен қарағанда ескіріп қалды дейтіндердің санатына қосылмайды.

«Белгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» атты трилогиясы туған әдебиетіміздің атақ-абыройын биікке көтере түскен, соңғы жылдар көлеміндегі идеялық-эстетикалық табыстарымыздың бірі деуге әбден болады».

Немесе: «...Тәңірберген образы Құнанбай мен Игілік секілді сом бітімді образдардың қатарында тұратындай әлеуметтік тип дәрежесінде шыққан», – деген сияқты пікірлердің қазіргі ырду-дырдуы жетерлік әдеби процесте өз орнын тауып, оң мен солыңды айыруға жәрдемдесері сөзсіз.

Кітапты оқи отырып жас жігіттің ыждағаттылығына сүйсінгемін. «Қан мен тер» романын талдап тексеруді аяқтаған соң ол мақаласын жұлдызшамен бөліп, енді осы туындының желісі бойынша драма театрында қойылған ойынды саралауға көшеді. Оның алдында спектакльді бір емес, әлденеше рет көріп шығады!

«Ыждағаттылығы» деген сөзден шығады. Мен жетпісінші жылдардың орта белінде Баспа комитетіндегі негізгі жұмысымнан қолым қалт еткенде түртініп жазып жүретін аз-мұз еңбектерімді жоғарыдан сұранып, бір кітап етіп жариялағанмын. Бір жағы үзеңгі дос, бір жағы іні Сағатжан сол кітабымның екі данасын сатып алып, біреуін тартпасына тығып қойып, екіншісін шимай-шимай етіп сызып оқып жүр дегенді құлағым шалды. Кітабының оқылғанына іші жылымайтын автор болмайды. Бір күні естігенімнің

анық-танығын білмек ниетпен мән-жәйды Сағаттың өзінен суыртпақтап сұрадым.

– Шәке, сыдыртып шолып шығатын кітап та болады, қайталап ойланып оқитын кітап та болады, – деп екіұшты жауап қатты.

Сол екі арада бір бастығымыз шақыртып әкетіп, әңгіме аяқсыз қалды. Қайтып бұл тақырыпқа оралғанымыз жоқ. Жуықта әрі қарындасым, әрі келінім, Сағаттың жан жары Шәрбан айналайыннан хат алдым. Сондағы сөз сыңайына қарағанда Сағатжанның менің кітабым жайындағы пікірі теріс болмағанға ұқсайды.

«Сын мұраты» кітабының соңғы бетіне «Кітаптың аты мазмұнына сай емес» деген шимайым түсіпті. Бұл да кітапқа риза болғандығымның белгісі еді. Қайсыбіреу әдебиет есігін теуіп ашқандай әсер қалдырады. Енді біреу сол әсемдік әлем табалдырығын имене аттайды. Сағат соңғысын жөн деп тапқан. ...Әйтпесе бұл кітап «Әдебиет мұраты» не «Жазушы мұраты» деп аталуы тиісті еді. Кітапта сын хақында арнайы мақала да жоқ. Басылым әңгімелерін тек көркем әдебиет мәселелері төңірегінде ұйытқан.

Агенттіктен соң Сағат жұмысы қауырт, күндіз-түні істегенде бір сәт баяу таппайтын электронды ақпарат құралдарына басшылық қызметке ауысты. Бірақ отша лаулап тұратын жігерлі азамат сынгерлігін үдетпесе тоқтатқан жоқ. Бірінен соң бірі «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985) атты екі кітабын дүниеге келтірді. Бұл еңбектері де әдеби, ғылыми айналымнан еш түспейтін дүниелер.

Жуықта «Нұрлы әлем» баспасынан «Әлем таныған Әнуар» деген (2000 жыл) кітап жарық көрді. Жинақты құрастырған жазушы Ғаббас Қабышұлы: «Әдебиетіміздің аса білімдар жанашыры, жоқшысы Сағат Әшімбаев еді ғой!.. Жасы елуге жетер-жетпесте оралмасқа аттанып кеткен кемел ойлы сыншымыз кезінде небір ғажап танымды мақалалар жазып, айызымызды қандырып, артына әдеби мол мұра қалдырғаны мәлім. Тартымды еңбектерінің бірі өздеріңізге ұсынылған мына мақаласы» дей келе, Сағаттың

«Азаматтық туын алға ұстап...» деген үлкен зерттеуін ұсыныпты. Мақала «Талантқа тағзым» кітабынан алынған.

Егер бұл зерттеу кезінде докторлық диссертация ретінде қорғауға ұсынылса, мен оған сарапшы боп тағайындалсам, пікірімді «Еңбектің жаңалығы ұлан-асыр, іздеген атағына толық лайық зерттеу» деп қорытар едім. Ғаббас дұрыс айтқан: бұл еңбек «Әнуар Әлімжанов шығармагерлігі хақында қазақ сыншылары жазған мақалалардың ең елеулісі». Оған дәлел – Әнуар творчествосының басты ерекшелігі – терең интеллектуалдығын, көркем-публицистикалық қуатын ғылыми дәлелді етіп ашып беруі. Әнуардың әдебиетімізге қандайлық олжа салғаны қазақ халқы үшін зор мағыналы тарихи тақырыптар тыңын айыруынан айқын көрінер еді. «Отырар, Фараби деген бүгінде халқымызға қастерлі сөздерді санамызға сіңірген» кім дегенде алдымен тілімізге Әнуар Әлімжанов есімі ілікпек. Оның бұл ерек еңбегін «ешкім жоққа шығара алмайды», – деп жазады Сағат.

Мен «Суреткер Әлімжанов – туған әдебиетіміздегі таңдаулы образ, характерлер галереясына жоғары интеллектілі, зейінді де зерделі, сонымен қатар күрескерлік, сыншылдық рухы басым белсенді геройлар әкелген» жазушы деген Сағат тұжырымынан оның өзінің де қимас қымбатты бейнесін көргендей боламын. Сол парасаттылар галереясының жуан ортасында Сағаттың да портреті ұшқындап сәуле шашып тұр. Сағаттың сыни шығармаларын оқымағандар табылатын шығар. Ал, бүгінгі ең күшті бұқаралық ақпарат құралы саналатын теледидардан оның басшысы Сағат Әшімбаевтың «Парыз бен қарыз» атты терең ойлы, өткір передаларын көрмегендер кемде-кем. Соның бір-екеуіне зиялы адамдардың қатарында мені де қатыстырды. Сағаттың жалындаған шабыты бәрімізге әсер етіп, біз де жүргізушімізге ұқсап, өзімізше соны ой өрістеріне шығуға әрекеттеніп баққанымыз есімде.

Сағат әдебиеттен ізгі ойдың ғана емес, ізгі істің де адамын талмай іздеді. Оның өзі де сондай адам болатын.

...Қаракөк бұйрат жағалы, ақ қалпақты Алатауды бетке алып, көше бойлап келе жатыр едім, бір төрелер мінетін

машина, сәл озыңқырап барып тоқтай қалды да, ішінен бір кісі күлімсіреп шығып келе жатты. Көз тоқтатып қарасам Сағатжан. Құшақтасып амандастық.

– Шәке, анда-санда бізге келіп тұрмайсыз ба, пікір алысып былай сөйлесетін...

Бұл Сағаттың Қазақ ССР Телевизия және радиохабар тарату жөніндегі Мемлекеттік комитеттің төрағасы болып тағайындалған кезі. Мұндай дәрежедегілердің қайсыбіреуі «дүние кезек, мен өзгердім, енді сен неге өзгермейсің?» – дегендей шірене қалады ғой. Сағат болса, бұрынғысынша қалбалақтап жатыр.

– Келем десеніз, тікелей телефоным мында, – деп визиткасын берді. Жалпы машина керек болса, кез келген уақытта хабарласыңыз. Сізден аяғанды ит жесін...

Рахметімді айттым. Бірақ уақытын алып мазаламадым. Есесіне Сағатжан жөнінде жақсы ойларым бір үлкен қызметтегі ағамызға байланысты өрбіді. Республика Қаржы министрі Рымбек Байсейітовтың кабинетінде бір мәселеден келісе алмай ренжіп отырғам. Кенет бөлмеге алдында отырған секретары кіріп, пәленшекең сізбен сөйлескісі келеді, деді. Рекең сол сәтте телефон трубкасына жармасып, әлгі адамға сәлем беріп, жарқылдап амандасты. Анау бұйымтайын айтып жатса керек, Рекең басын шұлғып, «Мақұл мақұл!» деп құрақтай ұшты. Енді мен қағытайын:

– Реке! Бір дәумен сөйлескеніңіз көрініп тұр...

Министр толық ауыр денесімен бұрылған бойда күліп, күлгенде кішкентай көзі мүлде жұмылып, демін ауырлау алып сөйледі.

– Бұрынғы министрім. Кезінде көмекшісі болып істегем. Сондықтан маған дәу боп көрінетіні рас. Қызмет дәрежең қаншалықты өзгерсе де, таныс адамдарыммен бұрынғы қалыптасқан қарым-қатынасты бұзбауға, өзгертпеуге тырысамын, – деді.

Рымбек Байсейітов – Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер, көпті көрген аға. Үлкен мемлекеттік қайраткер. Орыннан ұшып тұрып ағат сөйлегеніме кешірім өтіндім. Мына тағлымыңыз әрдайым есте ұстайтын сабақ екен, – дедім.

Ал, Сағатжан Рекеңнің қасында бала еді ғой. Сөйте тұра, ісі көпті көрген жасамыстан еш кем емес...

Әттең, амал бар ма?

Бір сын мақаласын ол былай деп бастапты. «Күмбір-күмбір кісінетіп, күреңді мінер күн қайда». Әйгілі ақтабан жыраудың күрең деп отырғаны адам арманының ақшаңқан баламасы сияқты. Адамда арман таусылған ба?! Бірақ соның ең шоқтықтысы, әр адамның іштей үкілеген арманының да күреңі бар емес пе?!»

Сағат арманының күрең тұлпары, көз жетпес асқары не екенін білмегенмен шамалауға болар. Ол өзі қайталап айта беретін сөзі – елінің алдындағы парыз-қарызын барынша өтеу шығар. Олай болса, Сағатжан, сен соның бәр-бәрін екі жастың біріне келмей-ақ артығымен өтедің. Сендей ел Сағаты тоқтамайды. Арманыңның күреңіне мінген сен де мына Көк байрағын желбіреткен азат Қазақ еліңмен бірге оныншы асуға көтеріліп барасың.

17 қазан, 2001 жыл.

АДАМЗАТ, ЕНДІ СЕН ОЯН...

«Соңғы парызың» – сол, дейді бүгінгі қазақ романы

Осыны қалай түсінсек?

XX ғасырдың басында туған тұңғыш қазақ романы «Бақытсыз Жамал» (1910) деп аталды.

Сол ғасырдың аяғында, XXI ғасырдың қарсаңында жарық көрген қазақ романы «Соңғы парыз» (1999) деген атпен жарияланды. «Жамбыл деген жай атым, халық менің шын атым» демекші, бұл туындының шын аты да – «Бақытсыз Бәкизат»...

Міржақып Дулатов романын «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағымен бір мезгілде баспадан шығарды. Өлеңдер жинағына ақырғы нүктені 1909 жылы қойса да, шығарма тек келесі жылы ғана баспа жүзін көрді. «Оян, қазақты!» еске алып отырған себебіміз, бұл жинақтың идеясы романмен үндес: бұл ахуалға төзе беруге болмайды, қалғып-шұлғуыңды қойып, көзіңді аш, сілкін! – деп жар салуы жағынан тіпті бір десе де сияды. Нағыз роман тартысы жүрек поэзиясы мен тұрмыс сүргіндерінің қайшылығынан, поэзиялық қатынастардың прозалық қатынастармен үйлеспеуінен қозып, шиеленісіп, қабынып барып, нәтижесі трагедиялық қайғы-қасіретке, не болмаса комедиялық қыран күлкіге апарып тынатыны мәлім. Жақаң романы ақын жанды, үлбіреген нәзік сезімді, ақылды қыз махаббатының аяққа тапталуымен, сол кездегі күйкі тұрмыстың, адам еркіндігіне жол бермейтін іріп-шіріген тәртіптерінің сойқан жеңісімен аяқталады. Жамал: «Менің жазығым не еді?» деп сұрау салады. Сұрауы тікелей ел-жұртына, қатал заманына арналды.

Ғасыр басында Жамалдай талай жастардың обалына қалған, кетеуі кеткен тәртіп сол ғасырдың алғашқы ширегінде құрыды. Бесікте жатқан нәрестеге құда түсу, әмеңгерлік, көп әйел алу, тағы да басқа аурулардан қазақ қауымы айығып, бас бостандығының таңы атты. Қазақ шын мәнісінде оянып, өркениетті елдердің қатарында экономи-

ка да ма, мәдени-рухани өмірін көркейтуде ме, айтарлықтай жетістіктерге ие болды. Сөйте отырып, бұл жолы енді ерікті қазақ әйелі тағы да тағдыр тәлкегінің мазағына ұшырап, жапа шегеді. Трагедия бақытсыз Бәкизаттың күйеуі, жастық кезін есептемегенде, қабағы ашылып көрмеген Жәдігердің басында тіптен қою. Жағадан ажыраған сең үстінде алай-түлей жан арпалысына түсіп, ақыры қаза табуы кездейсоқ көрінгенімен, бұл трагедия түбінде терең заңдылық жатыр. Мансаптан бақыт іздеп, жанын, қанын сатып жүрген Өзім жалмұттың да жетіскені шамалы.

Жәдігердің стресс жағдайында, есі кіресілі-шығасылы, өз жанын өзі жеп, ашу-ызаға бағып тұрған жері – Тұщы-бас қолтығы. Артта – Бел-аран, әлгі әзірде жанын қоярға жер таба алмай қаша жөнелген адыра қалғыр қонысы. Одан кейінгі көзге оттай басылатын және бір мекен бар. Ол тарих куәгері – Қаражар. Қаражар басында кешегі орыс байына жалданған қазақ балықшыларының ескі жұрты. Мұнда атақты «Қан мен тер» романының, дүниежүзінің отыздан аса тіліне аударылған, кино түсірілген, спектакль қойылған мақтаулы, үкілі шығарманың кейіпкерлері: Еламан мен Ақбаланың, Кәленнің, Мөңкенің, Достың, Судыр-Ахметтің үйлерінің опырайған орындары жатыр. Содан бері жарты ғасырдан аса уақыт өтіпті. Өзгерістер сырт қарағанда ұшан-теңіз. Десе де, «Соңғы парыз» романының кейіпкерлері, тағдыр тауқыметін, жан азабын ғасыр басында өмір сүрген «Қан мен тер» романының кейіпкерлерінен аз тартып отырған жоқ. Екі туындының екеуінің де ауа райында бой жазып жадырарлықтай, көңіл серпілтерліктей әлде не оқиғалар аз ұшырасады. «Соңғы парыздың» алғашқы беттерінен-ақ, сүйгеніне қосыла алмай алданған Бәкизаттың кірленген көңіл күйі оның әйтеуір тию керек болған соң тие салған күйеуі Жәдігерге ауысып қана қоймайды. Арманын құшамын деген, шын махаббатты Жәдігердің аспанда самғаған көңілі қалыңдығын көрген сайын жер бауырлайды. Сең үстіндегі бастан кешкен қилы-қилы хикаялар кино лентасындай сырғығанда бұл «кадр» алдымен еске оралады. Өзімен «сен» деп екінші жаққа қойып сөйлесетін ол:

«...Бәкизатқа кездескенде ұйқыдан оянғандай, қала ішінің күнделікті құба дүмбіл тіршілігіне оралғандай болатын-сын» деп күйінеді.

Поэзияның проза аяғын құшуын жазушы енді соған сай бояу арқылы жеткізеді. «Жан-жағың – қысқы қапырық ауадан кірлеп шыққан сұп-сұр үйлер. Сұр көше. Сұр асфальт. Сұрғылт жүздер. Ерсі-қарсы жосып жүрген шаң-шаң машиналар. Бақса, Бәкизат та солардан бөлектенгісі келмей, үстіне қайда бір көз тартпайтын сұрғылт бірдеңелерді киіп, туфлидің тұмсығымен жер шұқып, жабыңқы сұрғылт жүзі жүдеп тұрғаны». Бұл сұрқайы тірлік бара-бара ашынуға, ашынудан туатын ащы сөзге ұласады. Роман әуесін торлаған қалың бұлт бір де рет сейілмейді. Бәкизат, Жәдігер тұрсын, айлалы Әзімнің, екіжүзді алаяқтығымен академик дәрежені қалпақпен ұрып алған бұл жоймыттың да шекесі шылқып тұрған жоқ. Ақыр аяғы ол да жолы болмай тырапай асады. Романда өзін бақытты сезінер бір жан жоқ. Неге бұлай? XX ғасырдың басында туған роман: оянба-саң, қазақ, халің мүшкіл десе, сол ғасырдың соңғы жылында шыққан «Соңғы парыз» романы не дейді? Оның кілең бақытсыз, сормандай кейіпкерлері тағы қандай кесепатқа ұшыраған?

* * *

Бақыт демекші, бұның өзі бір жағы эстетикалық категория да. Өмірдің де, әдебиеттің де алтын діңгегі. Бақытқа жеткенің аңсаған арман, мұратыңа жеткенің. Сол поэтикалық қасиетімен ол роман іргетасына қаланады. Өмірге, сұлулыққа жат дүниенің бәрімен айқасқа түседі. Ол айқас – қандай да романның арқауы, тартымды күші. Өткен ғасыр басындағы алғашқы қазақ романы да, бұл жанрдың ғасырдың соңындағы үлгісі де бір арман қазығына байланған. Оны бұл шығармалардың ішкі тақырыбы, поэтикалық рухы десек, аты – біреу, аты – тағы сол бақыт. Белгілі орыс жазушысының сөзін сәл өзгертіпкіреп айтқанда, құс самғап ұшу үшін жаратылса, адам бақыт үшін жаратыл-

ған. Виссарион Белинский анықтаған дәуірлік жаңа эпос та осы жағалауды жағалайды. «Екі ғашық қол ұстасып келеді» дегендей, жүрек пен жүрек арасындағы романды жырлайды. Ол роман қоғам қойнауында тұтанып өрістейтіндіктен, әлеуметтік шындықты, кесек, бел-белесті оқиғаларды, халық тағдырын қоса қабат суреттеп отырады. Міржақып Дулатов романында осы тақырып бас бостандығы аясында, оқиғалы жанр табиғатына сәйкес өріледі. Қазақ дастандарынан кіндігін енді-енді ғана үзген Міржақып романы ішкі жан шерін тарқатуды өлеңге тапсырады. Жамал «көңілдегі қасіретімнің оннан бір бөлігі шықпас па екен деп өз басындағы халіне біразырақ өлең» арнайды.

Әбдіжәмил Нұрпейісов романында бақыт тақырыбы айқайлатып ашық қойылмаған. Керек десеңіз, кейіпкерлері бұл сөзді аузына да алмайды. Әккі, қақсал прозаик романының сюжеттік өзенінде бұл ұғым табан ағыста (подводное течение), жай көзге көрінбей жылып ағады. Романда суреттелетін қуаң тіршіліктің өз сыры бар. Бар арманы поэзияның қапияда ауып кеткен арнасын қайта табу. Бақыт құсы аталатын сол шіркіннің даусын қайта есту. Ол дауыс, туындыгердің өз сөзін пайдалансақ, «сәптіреген сананың» әлде бір тұңғықтарынан талып естілгендей. Бас кейіпкер әуелі құрлықпен жалғасқан мұз үстінде, кейін толқын құдалаған сең үстінде қырауытқан қабақ астынан қарда шұбатылған өз ізіне арбалып қалса, ол ізден басынан бақыт құсы ұшып кеткен мүшкіл халін оқығандықтан. Сәптіреген санадан яки ой ағысы дейтінімізден роман кейіпкерлері өзге де қайғы-қасіретті ғазиз бастарынан өткізіп жатса, бұл жүйеленген сюжет емес-ті. Қатаң логика арнасына түскен ойдан гөрі бір әсерден екінші әсерге ауысып шұбатылған ой-сезім, жүрек жадысы. Алау-далау көкіректің ойлатпауға қоймайтын, ерік бермейтін, көңілден қанша қусаң да шықпайтын бас бермес ұйтқуы, жан далбасы...

Романның шын атына байланысты туатын сұрақтар және осы туындының өз кезегінде алға тартар проблемалары – шиесі оңайшылықпен шешілмейтін түйіндер. Дегенмен, бұл жөнінде ойланбасқа, ойласпасқа және болмайды. XX ғасырдың және оған қоса өлдім-талдым дегенде қол жеткен тәуелсіздігіміздің өң мен түстей ғажайып он жылдығының неғұрлым объективті, неғұрлым әділ қорытындысын шығарысуға атсалысу – ел болып, ұлт болып қолға алынуға тиісті бүгін таңдағы толғақты іс. Оның ойдағыдай шығуынан ісі қазақтың ендігі тағдыры көп байланысты екендігіне шүбә келтіре алмайсың.

Осы тұрғыдан келгенде, «Соңғы парыздың» айтары, ой қозғар қуаты өте-мөте зор. «Аяғы дүниенің ырың-жырың» деген ілкі жолдарынан-ақ роман бұрынғылардың бұл жалғаннан опа таппай бармағын шайнағанда айтатын сөзін қайталаудан басталады. Бұл сөз роман барысында бір емес әлденеше рет қайталанатын. Өлеңнің қайырмасы сияқты осы рефрен сюжет ұйтқысы, әрі бастамасы. Психологиялық талдаудың, шер тарқатудың басы. Оқиғалар тізбегі, нақтылы мазмұн кейіпкер санасының мазмұны, күні кеше басынан өткергені, оқиға барысында көз алдыңнан тізбектеліп өтіп жатқанымен, өткен шақ. Мұны кейіпкердің ішкі сарайынан хабарлану десек, оның ендігі жағдайы, былайғы әрекеті және назарымызда.

Замана толғағы, дәуір проблемасы мен шығарма қаһарманы арасындағы жөні бөлек арналы қатынастарға тоқталмасына болмайды. Ол пісуі жетіп шиыршық атып тұрған проблемалар бізге етене таныстығына қарамастан, роман қаһарманының жанайқайы бізге ерекше әсер ететіндігі сондай, ит талағандай тері бейнесі басқа үрдісте байқала бастайды. Арал теңізінің құруын ау-торына тірі шабақ та ілікпей жұтқа ұшыраған балықшылардың қасіреті деп қана түсінбейсің. Жұт – жеті ағайынды. Отбасындағы берекесіздік Отан басына түспеуіне кім кепіл. Отан басына ғана ма екен? Туған жерін тастап, жау шапқандай ақ табан шұбырындыға ұшыраған халық көз жасы, түз еркесі

тағы аң-киіктердің Арал апатынан жан ұшырып балықшы ауылдардың қора-қопсыларына тығылуы, тұз бораны, тұзы көтерілген судан безген босқын балықтар – бүгінгі Қазақстанның шындығы болса, күні ертең...

Жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісовтың тырнақалды романы «Курляндияда» қайсыбір тұсынан кезінде келекеге ұшыраған, оған жас қаламгердің өзі де қосыла күлген, кейін бұл шығарма «Күткен күн» деген атпен қайта жазылғанда алынып тасталған бір сурет бар. Сурет сорғалап, үзіліп аққан снарядті бейнелейді. Кәдуілгі снаряд қас пен көздің арасында зулап келіп жерге гүрс ете түседі ғой. Ал, романда суреттелген снаряд жерге түсіп болмайды. Солайы солай ғой, бірақ мен өз басым бұл суреттің шығарманың жаңа нұсқасынан алынып тасталғанына наразымын. Ол жайып да сынап жазған да сияқтымын. Менің қимайтыным, сол суретпен бірге үлкен, маңызды тақырыптың роман бетінен өшірілуі еді. Атап айтқанда, Жер және Снаряд тақырыбы. Снаряд түнгі тымық ауаны бұза-жара ұлып ағып келе жатқанда жер екеш жер тітіркене қалтырайды. Снаряд бұрқ етіп жерге түсіп жарылғанда, дүр сілкінген Жер «қоңы ойылып қала берді.»

Мына Аралды айтам. Жер-Ананың қоң етінің ойылып қалған көкесін енді көріп отырған жоқпыз ба?!

Соғыстан бұрын бір жазылған кітаптан оқығаным бар. Аралдың айдын шалқар бетінен көтерілген буды Тянь-Шань мен Гиндкуш құздары тартып алып ақ көрпесін қалыңдатады, кейін сол мұз көрпенің күн сәулесімен сөгілген шарапатын ойдағы қыруар ел көреді, аптап ыстықта жер де, жердің бауырындағы ел де кезерген еріндерін шылайды. Арал буы талай жерлерді нулы, сулы өлкелерге айналдырып отырғаны сондықтан деп.

Утопияға бой алдырған өңшең керауыздар ғылым пікіріне ден қойды ма? Психологиялық роман-монологта, сол монологтарында өзімен-өзі сөйлесетін ішкі диалогтарда қаһармандардың бір-бірімен тікелей пікір сайысы көп кездесе бермейді. Өзімен бақталас Әзіммен Жәдігер трагедияның шырқау биігінде ғана бірлі-екілі сөз жарыстырып қалады.

Әшейінде ішкі пікірі ішінде жүретін, артық сөз шығындауға қысылатын біртоға Жәдігер сайрай жөнеліп, көптен ішқұста пікірін зығырданы қайнап ақтара салады:

– Ата-бабамыздан қалған байлықтың басы – осы теңіз еді. Сені мен біз өзімізден кейінгі ұрпаққа сол байлықтан не қалдырдық? Кешегі біздің бала кезімізде «балығы тайдай тулаған» деп ақындар жырлаған телегей теңіз орнында соңыра тұз бетіне шығып, шаңдақ бұрқырап, топырақ бо-рап жататын сахара шөл ме? Қылтиған көкті күйдіріп жіберетін өрттей аптап аңызак па? Соңыра бізден кейінгі ұрпақ құс ұшса – қанаты күйіп, аң жүгірсе – тұяғы күйетін өрттей ыстықта бір тамшы су таппай кенезесі кеуіп бара жатқанда, сені мен бізге алғыс айта ма? Жоқ! Жоқ, бауырым, тек қарғыс айтады! Лағынет айтады!

Жәдігердің ызалы көзімен қараған біз де енді: «Ау, жамағат, бұл не, үндемес ойынына салынудан саусыздар ма? Ит талаған терідей жырым-жырым болған жердің ауыртпалығын ешқандай жазығы жоқ халыққа ғана жүктеп бейғам отырғандарыңа жол болсын!» десек, бұл ашынған даусымыз осы роман пафосынан туындамақ. Қарап тұрып айқайға басқымыз келетіндей: ау, бір уақ біз жаққа қарап құлағыңды тосармысың, адамзат. Қоң етінен айырылып отырған Қазақ жері, бұл сенің өз проблемаң, өз қотырыңды өзің қасы деп сырт берсең, қателесесің. Сусап, ақыры суы тартылған Арал төрт жарым миллиард тонна тұзын боратқанда төрткүл дүние жұрты қай тесікке тығылмақсың? Жоқ, Арал Қазақстанның, жә болмаса Кіндік Азияның ғана емес, Жер есімді планетаның қоң еті. «Аяғы дүниенің ырың-жырың...» Бұл сөз жеке адамның тағдырына айтылса бір сәрі... Заман ақыр дейтінің сол болмаса нетті...

Өйткені Жердің азып-тозуы Кіндік Азияда ғана байқалып отырған жоқ. Жердің өзін былай қойғанда ауасы ластанды, ауасын былай қойғанда аспаны да шұрқ-шұрқ тесік. Ультра-фиолет сәулелерінен қамсау озонның өзін табиғатты тізе бүктіргіш адамзат дар-дар айырып жатыр. Осындай ой ағысының бой бермейтіні сондай, оған бөгесін күш таба алмайсың. Жәдігердей «ит мінез» емен харак-

тер де лажсыз. Және Нұрпейісов романының бір жаңалығы, бар пәлекетті кешегі әміршіл-әкімшіл жүйенің үстіне үйіп-төге бермейді. Аралдың құруы табиғатты құлпытудың сталиндік жоспарынан басталғаны рас. Қазақстанды атом, сутегі бомбаларын сынау полигонына айналдырған да тоталитарлық жүйе. Оған деген романның ыза-кекті ой ағысы сатиралық уытты тілге ұласып отырады. Сонымен бірге автор мәселенің түп-тамырына үңілуді де ұмытпайды. Жалпы роман жанрына тән кесек эпикалық қасиет осы арада қанатын жая түседі. Терең талдау кең қарымдылыққа кедергі бола алмайтынын бұл романның тәжірибесінен айқын көреміз. Эпикалық терең тыныстылықты шытырман оқиғаларсыз-ақ қамтамасыз етудің бір шарасы – шынында да ақыр заманды төндіргендей бүгінгі ахуалды көне ұрпақ көзімен сынаттып алу. Жазушы бұл мүмкіндікті де еске алған. Аға ұрпақ атынан сөйлейтін тағы да бір өкіл – Жәдігердің анасы адамзатқа төнген қу тажалдың, жеті басты айдаһардың бір басын темір деп біледі.

– Біздің заманымызда кісінің қолымен істейтінді сендер көктемірге істетіп қойдыңдар. Аспандағы құстарың – темір. Жердегі көліктерің – темір. Тұтынған дүние мүліктеріңе дейін темір...Темір құрсандың да...

Басқаша айтқанда, бар пәле – прогресте секілді. Жәдігер бұған қарсы дау айтпайды. Мұның түсінбейтін ешнәрсесі жоқ. Және қазақ әдебиетінде алғаш рет көтеріліп отырған мәселе де емес. Кемеңгер ұлттық ақынымыз Мағжан Жұмабаев бүгінгі тілмен айтқанда, экологиялық сипатты «Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол» деген өлеңдер жазды. Бірінші өлеңінде қаланы даттап, ауылды мақтады. «Қала бір жатқан дәу пері», «Дем алысы от, түтін» деп алады да:

*Сөзі у-шу, ың да жың,
Сасық иіс ауыр тым.
Тұншықтым зой, Құдай-ай!
Кейін қарап нетеміз?
Ауылға қашан жетеміз?
Айдашы атты, Сәрсембай, –*

деп тағатсызданады. Темір жолды сынағанда оның бойымен бірге келетін ел тоздыратын кінәраттарды сын астына алады. «Қымызды жасық су ғой» деп, ендігі жас жеткіншек ащы су қылғытып тұр ма екен, алпыстағы аналық сатарға тігер тұяғы қалмаған соң, «Қызын сатып жүр ме екен» деп уайымдайды. Замандастары, Николай Бухаринге дейін Мағжанды қаншама жерден алып, жерден салса да, шындық кімнің жағында еді? Әрине, Мағжан жағында. Ақын шүйілген ахуал бүгіндер тіптен шектен шығып асқынып бара жатқанын еске алсақ, «Соңғы парыз» романының дабыл ұруын әбден түсінгендейміз. Айтты, айтпады, темір құрсаңған заманда қаншама теңіз, көл, өзен сарқылса, жер азса, ауа бұзылса, «ауылдың әлгі кір сақал шалдары айта беретін ақыр заманның да онша қашық қалмағаны рас болмаса не қылсын?»

Әлбетте, бұл арадағы диалектикаға да қонақ беруіміз керек. Сол Мағжан кезінде «Қала, дала» деген мақала жазып, білімсіз ауыл адамын жарты адам деп жазғанын білеміз. «Жатыр» атты өлеңінде «От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп, Тәңірінің рахметіне қанып жатқан» елдерді ісі алашқа үлгі еткенін де білеміз. Мағжан да, Әбдіжәмил де бұл жерде қайшылыққа ұрынып отырған жоқ. Екеуі де прогрестің пайда, залалын поэтикалық безбенге салып отыр. Ал, осынау ақиқат адамзаттың құлағына түгел шалынып болды ма? Төнген қауіпті ол барынша түсінбеген екен, мұның қалың ұйқыдан қаншалықты айырмасы бар? Ұйқы – жау. Ендеше, күллі адамзат оянуға, табиғатты аздырып тоздыруға байланысты таяу қалғандай ақыр заманға тосқауыл қою үшін көзін кеңірек ашуға керек.

Қазақ романының жаны жылап қобыздай сарнаған мұңлы-зарлы үніне, тулап-қайнап ашынған лепесіне не себепті бүкіл адамзат құлақ түруі тиіс екенін дәлелдеу үшін бұл шығармаға ілігіп үлгірмеген бір сұмдық фактіні айтпасқа болмай тұр. Жуықта, Алматыда өткізілген ғылыми конференцияда, шешендердің бірі: «Арал теңізінің ортасындағы Возрождение деп аталатын аралдың өзбек ағайындар жағы түбекке айналып барады», – деп мәлімдегенде отыр-

ған жұрттың көздері алақандай болып зәресі ұшып кетті. Возрождение күні кеше қызыл империяның биологиялық (бактериялогиялық) қаруды сынаған полигоны ғой. Ол материкпен тұтасқанда, адамзатты жаппай улайтын құрт-құмырсқаның тірі қалғандары жер шары бетіне өріп кетсе, құрыдың, басыңа ақырзаман орнады дегенің сол емес пе? Менің есіме Мағжанның: жолбарыс жортқан сар далада қорсылдаған доңыздар, қыбырлаған қоңыздар қаптап барады деген метафорасы түсті. Бұрынғы рәміздік бейне енді тіке мағынасындағы қоңызға айналғанынан ба, қарағаннан қарап отырып арқам аяқ астынан жыбырлап, иығымды қиқаңдатып бас шайқай бердім.

– Бұл аттанға салатын жәйт Біріккен Ұлттар Ұйымының құлағына жетті ме екен? – деп сұрадым конференцияны ұйымдастырушылардың бірінен.

Есіткенім онан сайын зәремді ұшырды.

– Жуықта мың сан комиссияның бірі тағы да соғып кетті. Жергілікті Арал халқы енді оларды келемештеуге шығыпты. «Комиссияның мүшелері колдарына бір-бір стакан су ұстап келгендей болса, ендігі Арал теңізінің төмендеген кенересі қайта толатын еді», – деп күліседі.

Осыған қарағанда немқұрайды бюрократизм, қағазбастылық, шарасыздық дерті күллі жер шарын жайлап алған сыңайлы.

* * *

Сөз жоқ, қазіргі қазақ әдебиеті айналдырған бір ғасыр ішінде идеялық-көркемдік сапасын болып көрмеген дәрежеде арттырды. Ол енді адамзат ісіне араласып, тәуелсіз даусын ғаламдық ауқымда көтеруде. Аударма ісі жолға қойылса, өскелең қазақ әдебиеті әлемдік әдебиетке қосармықты үлесін мойындатары хақ. Әбдіжәмил Нұрпейісовтың жаңа романы – бұл айтылғанға елеулі дәлел. Өйткені оның өзі елеулі әдебиетке жатады. Қазақ көркемсөзінің бұл табысы осы замандық формасымен де, көркемдік, парасаттылық қуатымен де қымбат. Халықаралық аренада ұялмай ұсынар мүлкіміз.

Ширек ғасыр жасалған еңбектің жанғанын әнеукүнгі бір әзірде Қазақстан Жазушылар одағында өткізілген талқылауға қатысушылар да бірауыздан мойындап атап өтті. Романның қазіргі орыс прозасы жұлдыздарының бірі Анатолий Ким аударған, «Последний долг» деген атпен шыққан нұсқасының мінсіздігі соншалық, кітап авторы «Честь и достоинство таланта» деген халықаралық Әдеби қордың сыйлығын да алып үлгерді. «Соңғы парызға» негізінен жылы қабақ танытқан сын мақалалардың да алды жарық көрді. Негізінен дейтініміз, ішінде көрінеу бұра тартқаны да бар. Әлі күнге дейін «Қан мен тер» трилогиясының шалғайына жармасатындар да табылып қалады. Ондай сындарға да автор немқұрайды қарамайды. Сынағандарға қарсы шоқпар ала жүгігіріп, қарсы мақала жазып жүргенін көргеніміз де, естігеніміз де жоқ. Қайта іліп алар пайдалысы болса, іске жаратуға тырысады. Кейде тіпті сынға құлақ асқанның жөні солай деп, шығармасына шектен тыс қиянат жасайтыны да бар. «Курляндияның» тым күйзеліп, сыптай «Күткен күнге» айналғанын өз басым құптай бермеймін. Өйткені араға ұзақ уақыт салып түзетілген дүниеден шығарма туған кездегі уақыт табы қашып кетеді.

Нақтылы сынның әжетке жарарын есепке ала отырып, автор шығармасын әлі талай жонып мінейтініне өз басым кәмілмін. Тек бұған дейінгі кей сынның жора кемсіту, сайқымазақ мінезін, өзге классикаға жалбарып, өзіміздікін місе тұтпайтын керенау кердендігін құптай қоймаймын. Қайсыбіреулер «Қан мен тер» трилогиясынан Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» романынан ұқсастық іздеп қанша тер төкті. Бір кезде бұған да тиісті тойтарыс берілген болатын. Шынында да, қазақ трилогиясының екі жүз қырық екі кейіпкерінің бір де бірі Шолохов кейіпкерлерінің бейнесін қайталамайды. Тіпті, қазақ туындысындағы орыс ұлты өкілдері – қазақтар Шодыр атап кеткен купец Федоров та, көксау комиссар Дьяков та...

Ендігі сын Нұрпейісовтың бір кітабындағы кейіпкерлерін екінші кітабындағылармен телуге шығыпты. Айталық, Көткеншек Көшен – Судыр Ахметке, Бәкізат – Ақбалаға

өте ұқсас дейді. Бұл характерлер жалпы адами бір типке әбден жатуы мүмкін. Екі әйелдің екеуі де бірінен-бірі өткен сұлу болуы, жар сүйе жолдарының бір ыңғайлас келуі дегендей. Бірақ әр гүлдің исі басқа дейтін сөз де бар емес пе. Сондай-ақ, қазақ әйелдерінің ішіндегі бақытсыз тағдырлары жағынан ұқсастары қаншама. Оларды санап тауысуға он саусағың жете қояр ма екен. Сол сияқты жазған пақырлар да қисықтық, әрі жығыл десе, бері жығылу жағынан ұқсас көрінуі ғажап емес. Солай бола тұра, ондай мүскіндердің бір-біріне ұқсамайтын жақтары да жетерлік.

Суықтықтың ең төменгі шегі – минус екі жүз жетпіс үш градус деседі. Оны ғылым тілінде «нуль по Кельвину» деп атайды. Біздің ғана емес, жалпы әлем әдебиеті тарихында адам бейнесінің Кельвин бойынша нөлі – Судыр Ахмет. Ол бейшара болғанда тіпті бұрау басын сындыруға қабілетсіз. Ел үстінде күн көруден басқа, түк қолынан келмейді. Ал, оның қасында жұрт қатарлы балық аулап күнкөріс қамында әжептәуір еңбектеніп жүретін Көткеншек Көшен адам емес пе. Тек сорлы өзіне не тиімді, не тиімсіз, сол арасын айыра білмейді.

Меніңше, Бәкизат типтес әйелдердің бақытсыздығын біздің не еуропалық емес, не азиялық емес бірі жамау, бірі құрау менталитетімізден іздеуіміз керек. Кешегі кеңес кезінде ескі-құсқы қалдықтарды шенейміз деп тым асыра сілтеп, әйел-еркек теңдігі дегенді теріс түсініп, махаббаты инабатынан, инабаты махаббатынан асып түсетін қазақ әйелінің ұлттық қасиетін дәріптеуден тым алшақтап кеткен сыңайлымыз. Бәкизат тым бетін ашып алған. Төменетек ұрғашылыққа салынып, ұяттан кешкен. Өзімшілдік шелейі қаптаған көзі екі бет Әзімнің қай сүлдесі шын, қай сүлдесі өтірік екенін екі баланың анасы болып жүріп те айыра алмайды. Ондай керең кеуделікті, әйел деген биік атақты ұстай алмай, арын аяққа басқан арсыздықты арамыздан аластауды ойлап, әйел жанының кіршіксіз тазалығы мәселесін «Соңғы парыз» романының бүгінгі көкейтесті ұлттық проблема етіп көтергенін өз басым тек жақсылыққа жоримын. Қай үйдің де алтын дінгегі – әйел Ол дінгек-

тен айырылғанмыз – ел болудан қалғанмыз. Бұл күндері нарық, нарық деп жүріп, маңдайға басқан аяулымызды кешегі соғыста ел намысын бермеген ардагер ақынымыздың атындағы көшеге шығарып, долларға көзін де, өзін де сатқызып қойғанмыз қай бір жетіскенімізден дейсің. Кешегі отызыншы жылдардың жұтында да бүйтіп жұтамаған шығармыз. Қазақ әйелін қадірлеуді білмейтін жұтаңшылықтан арылу жолын шұғыл іздемей жер соғып қалып жүрмейік: соңғы парыздарымыздың бірі сол дейді бүгінгі романымыз.

Көріп отырғанмыздай, «Соңғы парыз» талай-талай ойларға жетелейді. Жалаңаш насихат, құрғақ дидактикадан бойын аулақ ұстай отырып, Әбдіжәмил Нұрпейісов сонымен бірге қазақ әдебиетінің ұлтымыздың жоғын жоқтайтын, мұңын мұңдайтын Абай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов қалдырған үрдісін, дәстүрін, сара жолын ілгері бастыруға, көркем әдебиеттің ұстаздық рөлін күшейтуге бар күш-жігерін, қабілет талантын аянбай сарқа жұмсаған. «Сарқа» дейтінім, өлермендене еңбек етті деген оншама құлаққа жағымды емес сөзді пайдалануға батылым жетпегендіктен. Өзгелерді қайдам, бір шығарманы аттай жиырма төрт, жиырма бес жыл, ширек ғасыр сарылып жазуға, ақ қағазға телміріп, жан алып, жан беріп түсіргенінді мүлде қақ айырып жыртып тастап, не ай өтпей қайта өңдеп, бір емес, он рет қолмен көшіріп ұштап үстіріктеуге дәл өзімнің шыдамым, қажырым жетеді деп айта алмаймын. Ондай үлгі-өнегені былайғы жұмысымда басшылыққа аламын деп және өтірік айтып күнәға батқым жоқ. Ал, іштей еш түйткілсіз кеудеме қызығарлық, сүйсінерлік бір жылы сезімнің ұялағанын жасырмаймын. Сөз өнеріне мұншалықты берілген адамға басыңды иіп, қолыңды жүрегіңе апарып тағзым етуің ғана қалады деп ойладым. Ішінді аралап кеткен тылсым сезімге тіл бітірмекке айналғанда, кенет бала кезіңнен етене ыстық жолдар көңіліңе орала кететіні бар ғой. Жерден алтын тапқандай қуанасың. Бұл жолы да сөйттім. Абайдан қалған сөз бар ма деп алдым да, жаңағы тіл ұшына сұранған өлең жолын сәл өзгертіп, «Әдебиетті сүйсең,

Әбеңше сүй!» дедім, бұл тыным таппайтын табаны сірі суреткердің жаңа романындағы бастан аяқ өзімен-өзі сөйлесіп тәжікелесетін ішкі диалогқа түсіп.

Иә, әдебиет дейтін сұлулық әлемін сүйсең оған жанымен, тәнімен берілген жазушы Әбдіжәмил Кәрімұлы Нұрпейісовтей сүю керек.

* * *

Қазір бір елдің бесіктегі баласы қыңқ етсе, төрткүл дүние құлағын түре қалатын заман туды. Осы күндері бұқаралық ақпарат құралдарының шулатпайтын нәрсесі қалды ма? Ендеше, көркем әдебиеттің өз еліне, туған халқына қаратып айтқан сөзі, күндердің күні күллі адамзат назарына іліксе, оның несі таң?

«Соңғы парыз» романы қазақтың да әлемге, адамзатқа айтар сөзі бар халық боп қалыптасқанын дәлелдейді. Ақылы асып тасығандықтан демесек те, бұл айтпасқа шарасы қалмаған, жүрекжарды, бүкіл болмысынан бусанып туған толғақты сөз. Қайғылы, қасіретті ұлт тағдырының тұмсалығы.

МАЗМҰНЫ

Автордан.....	3
---------------	---

Бірінші бөлім

Кешегі әдебиетке бүгінгі көзқарас	5
---	---

Әдеби портреттер

Ғабит Мүсірепов туралы сөз	64
Ғабит сөзі – бүгін де көсемсөз.....	71
Ғабиден Мұстафин	78
Әбділда Тәжібаев.....	125
Ілияс Есенберлин.....	172
Әбдіжәмил Нұрпейісов	231
Тахауи Ахтанов туралы сөз.....	272
Жігерлі талант	283

Екінші бөлім

XX ғасыр ғибраты

Ғасырмен сырласу	290
Арсының ақыны	306
Мағжан Жұмабаев.....	333
Қазақ саяси лирикасының атасы	370
Алыс та жақын Махамбет	373
Жебелі сөздің желмаялары – Дулат пен Махамбет ...	382

Үшінші бөлім

Эсселер

Сәбеңмен енді сырласар болсақ... ..	387
Еңбек, рухани сұлулық жыршысы	402
Аты да, таланты да Кемел	409
Шерхан шері... ..	420
Тау тұлға	432
Өмірге өкпесі жоқ адам.....	437
Қазақ публицистикасының ақ бөкені	455
Сайыпқыран Сағатжан	465
Адамзат, енді сен оян	473

Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ

КӨП ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

ТОҒЫЗИНШЫ ТОМ

Жауапты редакторы	<i>Темірғали Көпбай</i>
Редакторы	<i>Сәлима Қалқабәева</i>
Көркемдеуші редакторы	<i>Ермек Мейірбекұлы</i>
Корректоры	<i>Жазира Нұрғожина</i>
Беттеуші-дизайнер	<i>Батима Малаева</i>

ISBN 978-9965-22-624-3



Басуға 30.04.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «DS Times». Шартты баспа табағы 25,62

Тапсырыс № Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.